

Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ

АЛАШТЫҢ
АЗАТШЫЛ
ӘДЕБИЕТІ

Монография

Алматы
«Қазақ университеті»
2019

ӘОЖ 821.512.122.0 (035.3)

КБЖ 83.3 (5 Қаз)

Ә 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Ғылыми Кеңесі (№8 хаттама, 29.04.2019) және Редакциялық-баспа кеңесінің
(№5 хаттама, 27.06.2019) шешімімен ұсынылған*

Әбдиманұлы Ә.

Ә 13 Алаштың азатшыл әдебиеті: монография / Ә. Әбдиманұлы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 438 б.

ISBN 978-601-04-4193-4

Бұл еңбекте ХХ ғасыр басындағы әдебиет негізге алына отыра қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идеяның дәстүрлік арналары ежелгі дәуірдегі Орхон Енисей жазба ескерткіштері, хандық дәуірдегі жыраулар поэзиясы, ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы зар заман әдебиеті, Махамбет толғаулары, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы Абай поэзиясын қарастыру арқылы жүйеленсе, оның жаңашыл сипаты ХХ ғасыр басындағы әдеби бағыттардың негізгі көркемдік ұстанымына айналуын көрсету арқылы нақтыланған.

Зерттеуші ұлт-азаттық идеяның қазақ әдебиетіндегі көрінісін дәстүр, тарихи негіз, даму бағыттары, көркемдік мәні мен қызметі, жаңашылдық сипаты тұрғысынан жан-жақты ашқан. Монографияның теориялық және практикалық құндылығы – ХХ ғасыр басындағы азатшыл әдебиетті терең зерттеу арқылы қазақ әдебиеттану ғылымын дамытуға жаңа өріс алып келуі. Ғалымның қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идеяны біртұтас көркемдік жүйеде қарастыруға байланысты жасаған түйінді тұжырымдары қазіргі кезеңдегі ХХ ғасыр бас кезіндегі әдебиетті ғылыми жүйелеудің бағыты бағдарына айналуы тиіс. Зерттеу еңбек әдебиеттанушы ғалымдарға, жалпы ұлт руханиятын қастер тұтар зиялы қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122.0 (035.3)

КБЖ 83.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-04- 4193-4

© Әбдиманұлы Ә., 2019
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2019

Адамзат тарихындағы ғаламат өзгерістер мен сілкіністерге толы болып, әлем халықтарын өркениетке жетелеумен бірге, еркіндікке ұмтылған елді өртке ораған қан төгістерге жол берген XX ғасыр да артта қалды. Өткен ғасыр қазақ халқын тағдырдың тезіне салған түгел дәуір десе де болғандай. Кейде қатқыл, кейде жұмсақ келіп, «бір жаманы мен бір жақсысын» алма-кезек ұсынған ғасыр басында басталған ұлт тәуелсіздігі жолындағы күрестің ғасыр аяғында баянын берді.

Бүгінде қол жеткізген тәуелсіздік биігінен қараған сәтте артта қалған 100 жылдық кезең өзіне айрықша тартып, қоғамдық ой-сананың сан-саласын күн өткен сайын қызықтыра түсуде. Әрине, өткенді тану – болашақтың жаңылмас жолын айқындау. Өйткені кешегі тарих – бүгінгінің сарапшысы. Осыны терең ұғына отырып, өткенді қашанда салиқалы салқынқандылықпен сарапқа салу қажет. Тарихқа ақ жүрек, адал ой, ізгі ниетпен қайырылғанда ғана, шындықтың шыны іспетті нәзік жүзін шытынатып алмай, ақ-қарасын айқындауға болады. Ал ақиқат шыншылдықпен ашылғанда барып, болашаққа басар қадам нық болып, бастаған іс оңға айналмақ.

XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының «оянуы» мен «оятуға» ерекше еңбек еткен қоғамдық ой-сана көшбасшыларының болмысына үңілу – бүгінгі ұрпақтың ең басты парызы. Әсіресе сол тұстағы шығармашылық тұлғаның ұстанған бағыт-бағдарын оның шығармашылығы арқылы айқындау, көп мәселенің мәнін ашады.

Қазақ ұлтының тарихымен бірге дамыған қазақ әдебиеті де сол тарихтың үлкенді-кішілі өзгерістерін әкелуге алдыңғы қатарда атсалысты. Әдебиеттің уақыттан оза шыққан небір жампоздарының шығармашылығы кешегі құрсауы берік жүйенің құрбанына айналып, олардың озық ойлы дүниелері ұзақ уақыт қолға түспей,

жабық күйде қалып келгені белгілі. Өйткені олар отаршылдық дәуірінің шындығын ашып, тәуелсіздікке ұмсындырған ой айтып, азаттықты аңсаған асқақ үнді жыр жазған болатын. Абай айтқан: «Тәуекел мен батыр ой // Өткір тілді найза етіп, // Сайысып-ақ бақты ғой // Неше түрлі айла етіп» [1, 278 б.], – дейтін қоғамды түзейтін, жұртты оятатын сөз құдіреті осы тұста жандана бастаған еді.

Тарих пен әдебиеттің бір-бірімен тығыз байланыстылығы сан айтылып, талай сынға салынғанымен, оған ұлт данышпандарының дана ойлары арқылы байлам жасаса, ол қашанда жаңаша ажарланып, жаңғырып шыға келеді. Ахмет Байтұрсынов өзінің әйгілі «Әдебиеттанымқыш» атты еңбегінде осы бір жайтқа мынадай тұжырым жасайды: «Тарих беретін дерегінің түріне қарай бірнеше түрге бөлінеді. Бүкіл адам баласы дүниеде қандай өмір шеккенін сөйлейтін тарих «Жалпы тарих» деп аталады. Адам мәдениет жүзінде жүрген жолдарын баяндайтын тарих «Мәдениет тарихы» деп аталады. Мәдениеттің түрлі тараулары «Тарих тармақтары» деп аталады. Мәселен, шаруа тарихы, өнер тарихы, дін тарихы, даналық тарихы, ғылым тарихы, әдебиет тарихы, тағысын тағы сондай тарихтар» [2, 216 б.]. Ендеше, «Мәдениет тарихының» бір тармағы әдебиет тарихын қарастыру үшін замана өзгерісін байыптайтын «Жалпы тарихқа» тереңірек үңілген жөн.

XX ғасырдың басы – қазақ халқының тарихында бүкіл қоғамдық даму өзгеріске ұшырап, Ресей патшалығы әдейі тұмшалаған ой-сананың ояну дәуіріне жол ашқан кезең. Ендеше, ұлттық сананың ең өнімді саласы – әдебиеттің, қоғамдық сананың көрсеткіші – баспасөздің бұл кезеңде күрт алға басуы – табиғи заңдылық. Бұл тұста Абайдың нақты жалғасы іспетті Шәкәрім мен дүниеге Абайдан кейін келсе де, еңбегі ерте жарық көрген Мәшһүр Жүсіп шығармашылығы өзінің кемел шағына жетіп, шырқау биігіне көтерілсе, Ахмет, Ғұмар, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Бернияз т.б. тәрізді алыптар әдебиет айдынына шығып, биік көркемдік сипаттағы дүниелерін халық назарына ұсынды.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ ағартушылары мен ақын-жазушылары аңсаған ілім-білімді үйренуге үндеу

XX ғасырдың бас кезінде біршама нәтижесін беріп, алдыңғы қатардағы қазақ азаматтарын елді ояту, азаттыққа қол жеткізу мақсатына жетеледі. Оқыған зиялылар арасынан ел бағытын айқындар сара жолды жаңылмай нұсқап, адастырмас даңғылға алып шығуға ұмтылған жаңа тұлғалар шоғыры таныла бастады. Сол көш бастаушылардың алдыңғы қатарында қазақ акын-жазушылары да болғаны талассыз шындық.

Патшалық Ресейдің отарлық езгісінде қиын да күрделі өмір сүрген қазақ халқының әлеуметтік тұрмысы XX ғасыр басында тіптен қиындап кетті. Ұланғайыр өлкені сүлікше сорған Ресей билеушілері обыр құлқынның қамы үшін бұратана халықтарды билеу тізгінін неғұрлым қыса ұстап, қақпайлап отырудың оңтайлы тәсілдерін жетілдіре түсіп, саяси-әкімшілік қысымды тіптен күшейтті.

Бірақ XIX ғасырдың екінші жартысындағы Абай көздеген «Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ, // Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ» [1, 93 б.] деген ұлы арман өз нәтижесін бермей қойған жоқ. Сондықтан да XX ғасырдың басында алға басудың айқын нәтижелері көзге түсе бастады.

Қоғамдық ой-сана мен әлеуметтік дамудың айнасы баспасөз десек, аталмыш кезеңде оянған сананың ұясына айналған көрнекті басылымдар мәдениет рухын септі. Отаршыл әкімшіліктің «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты» секілді қазақ тілінде шығарған ресми газеттерімен бірге жаңа сипаттағы еркін басылымдар дүниеге келді. «Серке» (1907), «Қазақстан» (1911-1913), «Ешім даласы» (1913), «Қазақ» (1913-1918), «Сарыарқа» (1917-1918), «Алаш» (1916-1917), «Бірлік Туы» (1917-1918) т.б. газеттер, «Айқап» (1911-1915), «Абай» (1918) журналы қазақ ұлтының саяси-әлеуметтік ой-санасына түрткі салып, замананың көкейтесті мәселелерін қозғады. Отарлық саясаттың езгісінде отырған қазақ халқының бостандығы мен азаттығын аңсап, ел-жұртын ғылымы мен білімі өркендеген халықтар санатында көруді қалады. Баспасөздің қоғам дамуындағы орны туралы Ахмет Байтұрсыновтан анық айтқан кемеңгер кем де кем. Ол сонау 1913 жылы былай деп жазған болатын: «Әуелі, газета – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. ... Бүтін дүния жүзіндегі халықтар... газета арқылы ... дүнияда болып жатқан істер, сөйленіп жатқан сөздер – кімге пайдалы, кімге зарарлы

екендігін күні бұрын біліп, пайдалы болса шаттанып, зарарлы болса сақтанып тұрады.

Екінші, газета – жұрттың ылақбасына қызмет ететін нәрсе. ...Жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері... газета арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады.

Үшінші, газета – халыққа білім таратушы. ...Газетадан жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білім молайтып, ... парасаты жетікпекші.

Төртінші, газета – халықтың даушысы. Жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газета арқылы халықтың сөзін сөйлеп, файдасын қорғап, зарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шұқытпасқа тырысады» [3].

Ал баспасөз қызметінің қаншалықты зор болғандығының бір белгісін біз М. Әуезовтің мына бір сөзінен ұғамыз. «Жазба әдебиетте Абайдан соң аты аталатын – «Қазақ газеті». «Қазақ газетінің» мезгілі әдебиетте ұлтшылдық туын көтерген мезгілмен ұқсас» [4, 231 б.], – дейді ұлы жазушы, ғұлама ғалым. Ол сол тұстағы қазақ газеттерінің басты мақсатын тап басып тани алды.

Бұл тұстағы, яғни ХХ ғасырдың бас кезіндегі мәдени-әлеуметтік дамудың бір көрінісін қазақша кітаптардың көптеп шығып, ел арасына кеңінен тарауы аңғартса керек. Қазақ кітаптарының даму тарихына арналған еңбектерде ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ кітаптарының сапалық жағынан да, сандық жағынан да күрт өсуі дәлелді айтылған. Мәселен, зерттеуші Ө. Жиреншин 400 кітап атауын атаса, Ү. Субханбердина мен Д. Сейфуллинаның толықтырылып, 1996 жылы жарық көрген жаңа көрсеткішінде 1807-1917 жылдар аралығында 963 кітап аты аталады [5, 46 б.].

Қазақ зиялыларының ағартушылық және ұлт-азаттық бағыттағы күрескерлік идеяларын өрістете түсуіне 1905-1907 жылғы орыс революциясының да әсері болмай қойған жоқ. Патша әкімшілігінің революциялық дүмпуден кейін шарасыздықтан бұратана халыққа кейбір еркіндіктер беруі себепті (1905 жылғы 17 қазан манифесі) қазақтың алдыңғы қатарлы зиялыларының үгіт-насихаттық, әдеби-шығармашылық қызметтеріне жол ашылып, аз да болса мүмкіндік туды. Бұл, ең алдымен, қазақ даласындағы европалық дәрежедегі білімі бар зиялылардың

сан жағынан алғанда Орта Азияны мекендеген халықтар ішінде біршама жоғары тұрғандығынан еді. Бұл туралы зерттеуші Ғалым Ахмедов XIX ғасырда жоғары оқу орындарын 27 адам бітірсе, XX ғасырдың басынан 17 жылға дейін бітіргені бар-бітірмегені бар 108 адам оқыған деген мәлімет береді [6,122-140 бб.]. Сонда барлығы 135 адам білім алған болып шығады. Ал тарихшы М. Қойгелдиев арнаулы орта білім алып шыққандар 700-ге таяу болған [7, 88 б.] деген дерек келтіреді.

Тарихи шындыққа жүгінер болсақ, мұнан да көп екенін аңғарғанымызбен, қолда толық дерек жоқтықтан әзірше осы шамада білімді жандардың болуының өзі отаршылдық бұғауындағы бұратана халық үшін аздық етпес-ау деген ойға тоқтадық. Және олардың әрқайсысы 10 адамның атқарар істерін жасап кетсе, санынан сапасының жоғары екенін де байқаймыз.

XX ғасырдың басындағы әдебиет қазақ даласындағы әлеуметтік қайшылықтарды ашып, халық өмірін сыншылдықпен, шыншылдықпен суреттеді. Сондай-ақ осы кезеңде қазақ әдебиеті тарихи-әлеуметтік қайшылықтарды көрсетіп қана қоймай, отаршылдыққа қарсы бағытталған күрескерлік идеяларды алға тартты. Әдебиет дамуының бұл ерекшеліктерін, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев т.б. шығармаларынан байқаймыз.

Ежелгі әдебиеттегі ерлік жырлары, жыраулар поэзиясындағы жауынгерлік рух, Махамбеттің азатшыл толғауларындағы күрескерлік дәстүр Ахмет Байтұрсынов бастаған ақын-жазушылар шығармашылығынан жаңаша жалғасын тауып, ерекше көзге шалынады. Олардың шығармалары ресейлік отаршылдыққа, қоғам өміріндегі надандыққа, әлеуметтік теңсіздіктерге қарсы бағытталды.

XX ғасыр бас кезіндегі әдебиет күрделі саяси-әлеуметтік мәселелерді алға шығарды. Себебі бұл кезде қазақ қоғамының алдында өзінің болашағын таңдау күн тәртібінде тұрған еді. Әдебиет осы өзекті мәселені айта білді.

Қазақ әдебиеті өзіне тән дәстүрлік сипатында дамығанымен, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Бернияз Күлеев т.б. оған өзгеше леп қосып, жаңашылдықпен байытты. Өздерінің лирикалық және эпикалық туындыларында халық өмірін тәуелсіздік мұраттармен астастыра суреттеді.

Қоғам дамуындағы алдыңғы қатарлы ой-сана әдеби-шығармашылық еңбектерде көрініс табады десек, жоғарыда аты аталған зиялылардың көпшілігі өздерінің шұрайлы ойларына қаламгерлікті серік етті. Олар әр түрлі аударма шығармалары, төл туындылары, публицистикалық еңбектері арқылы халыққа ой салып, көп сұрақтарға жауапты әдеби шығармалар арқылы берді. Сөйтіп, замана рухына сай дүниелер туғызып, өз ұлтына бағыт-бағдар сілтеді, дамудың даңғыл жолын көрсетуге тырысты. Бұл тұста азаттық ой әдебиеттің басты арқауына айналды. Оқу-ағарту, ғылым мен білімге үндеу, осы бір арнада тоғысты. Ел тәуелсіздігін, ұлт бостандығын аялаған идея әдеби шығармаларда кейде ашық көрініп, кейде меңзей, пернелей беріліп отырды. Жаңа шығармалар бұрынғы жалпы ағартушылықты қаужай бермей, азатшыл идеяны әдебиеттің жаны мен рухына айналдырды. Жылт еткен ойдың астарында жалын атар рух күші жатты. Әсіресе, бұл Ахмет, Міржақып, Мағжан мен солардың соңына ерген жас өркендер шығармашылығының алтын арқауына айналды. Елдік ұраны бірлік ұранымен, алаш ұраны азаттық ұранымен қауышты. Астарлы сөз, бүкпелі ой санаға серпін әкелді, жүрекке сенім ұялатты. Азат күнді асыға күткен әр ұланның асқақ арманына ақын өлеңі нәр берді.

XX ғасыр кезіндегі қазақ әдебиеті 1900-1920 жылдар аралығындағы мерзімді қамтиды. Бұл кезеңдегі әдебиетті кейбір зерттеушілер 25, 30-шы жылдарға дейін созып жүр. Бірақ тарих шындығынан ешкім асып кетпек емес. 1920 жылы 4 қазанда Қазақ АССР-і құрылғаннан кейінгі уақытта Қазақстан жеріндегі бүкіл идеологиялық жүйе басқа бағытқа бет алғаны, әдебиетіміздің көрнекті өкілдерінің көбі, әсіресе, XX ғасыр басындағы әдебиетке елеулі үлес қосып, әдеби бағыты айқындалып, шеберлігі жетілген ақын-жазушылар алға қойған мақсат аластатылып, қабылданбағаны, олардың әдеби шығармашылықпен тиіп-қашып қана айналысқаны белгілі. Ендеше, XX ғасыр бас кезіндегі әдебиетті жиырмасыншы жылмен аяқтап, одан кейінгі әдебиетті кеңестік әдебиет деп тануымыз керек.

XX ғасыр бас кезіндегі жазба әдебиет – XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі дәстүрлерді дамытумен бірге өзіндік өрнегін де тапқан әдебиет. Мұнда, әсіресе, өмір шындығын, замана өзгерісін, әлеуметтік тұрмысты нақты да шынайы бейнелеуге ұмтылу көзге

айқын шалынады. Дегенмен де бұл тұстағы әдебиетте ақын-жазушылардың қоғамдық-әлеуметтік құбылыстарды суреттеудегі, өмір шындығын танудағы, өз мақсат-мүдделерін түсіндірудегі даралығына, әркімнің дарын-талантына, білік-танымына сай әркелкілік те болды. Мұндай әралуандықтың болуы заңды да еді. Ақын-жазушылардың өскен ортасы, шығармашылық мектебі, білім дәрежесіне орай әр түрлі бағыт-бағдарлар, ағымдар дүниеге келіп, олар сол бағыт арқылы қалыптасқан көзқарастарын шығармашылығы арқылы танытуға, халыққа жеткізуге тырысты.

Осы тұрғыдан алғанда, діни-ағартушы, ағартушы-демократтық, ұлт-азатшыл әдебиет өкілдері ХХ ғасырдың, яғни ояну дәуірінің негізгі идеясына айналған халықты «оятуға» әр қырынан келіп, өздері дұрыс деп таныған мақсат тұрғысынан көтергені белгілі. Жаңа ғасыр басындағы қоғамдық-саяси өзгерістер алға тартқан көп мәселелерді шешуде өзіндік бағдар ұстанғанымен, олар қазақтың сол күндегі керек мәселелеріне саналатын оқу-ағартуға шақыруда, әйел тендігін көтеруде, кертартпа мінез-құлықтарды сынауда, оларды түзеуге ұмтылуда бірлік таныта білді. Ал азаттық, тәуелсіздік тәрізді күрделі мәселелерге байланысты ізденістер оларды көркемдік дәрежесі биік деңгейдегі туындылар жасауға ұмтылдырды, соны соқпақтарға жетеледі. Сондықтан да бұл кезеңде әр түрлі пікір қайшылықтары, артық-кем түсіп жатқан тұстардың болғанын жасыра алмаймыз.

Осы уақытқа дейін өткен ғасырдың бас кезіндегі әдебиет тарихы аз сөз болған жоқ. Бүгінгі күнде көптеп жазылып жатқан зерттеулерді былай қойғанда, әдебиеттің осы кезеңіне деген қызығушылық, ізденіске деген талпыныстар ғасыр басында-ақ байқала бастаған еді. Алғашқы кезде жекелеген мақалалар мен мектепке арналған оқулықтарда сөз бола бастаса, бірте-бірте олар кең көлемдегі зерттеу еңбектердің арқауына айналды.

ХХ ғасырдың бас кезіндегі әдебиетке арналған алғашқы оқулық-зерттеу еңбек – Сәбит Мұқановтың «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932) атты кітабы. Автордың өзі атап көрсеткендей зерттеудің басты мақсаты: «Тың жатқан мәселеге із салып, пікір көтеру, сонымен қатар материалды системаға келтіріп, жол ашу» болды. Сондықтан да «тыңнан қозғалған мәселе болғандықтан кей жері кем, кей жері үстірт» бұл еңбек уақыт ырқынан шыға алмай, замана ығына жығыла жазылды. Онда ХХ ғасыр

басындағы қазақ әдебиетінің кейбір ірі өкілдері мен олардың көрнекті шығармаларына таптық идея тұрғысынан назар аударылып, бір жақты қарау басым жатты. Сонымен бірге қазақ әдебиеттану ғылымының балаңдығы және әдеби мұралар мен көркем шығармалардың толық жиналып, жүйеге түспегендігі де аз зиянын тигізбесе керекті. Әйтсе де, алғашқы зерттеу еңбектің тыңға түрен салып, мәселені алғаш болып көтеруі, алғаш рет кең көлемде сөз етуі кейінгі зерттеулердің жазылуына түрткі болғаны даусыз.

Кейінгі жарық көрген еңбектердің ішінен ХХ ғасырдың бас кезіндегі әдебиетті танып білуде Е. Смайыловтың «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1941), Б. Кенжебаевтың «Қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы демократ жазушылары» (1958), «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» (1976), М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты шығарған «Қазақ әдебиетінің тарихы» II том, 2-кітап (1965), «ХХ ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті» (1994), Ы. Дүйсенбаевтың «Сұлтанмахмұт Торайғыров» (1967), Б. Шалабаевтың «Қазақ прозасының тарихы» (1968), Қ. Мұқаметқановтың «Абайдың ақын шәкірттері» (1993-1995) 4 кітаптық топтамасы, С. Қирабаевтың «Спандияр Көбеев» (1958), «Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері» (1995), «Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет» (2000), Т. Кәкішевтің «Сын сапары» (1971), «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (1994), «Мағжан – Сәкен» (1999), Ә. Дербісәлиннің «Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті» (1966), «Дәстүр мен жалғастық» (1976), Т. Әбдірахмановтың «Жаңа ғасыр көгінде» (1969), «Таланттар тағылымы» (1988), Ш. Елеукеновтің «Мағжан» (1995), «Әдебиет және ұлт тағдыры» (2001), Р. Нұрғалидың «Әуезов және алаш» (1997), «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» (2000), А. Еспенбетовтің «Сұлтанмахмұт Торайғыров» (1992), З. Бисенғалиевтың «ХХ ғасыр басындағы қазақ романы» (1997), Б. Мамраевтың «Основные тенденции развития казахской литературы первой четверти ХХ века» (1998), У. Қалижановтың «Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым» (1998), Р. Тұрысбектің «Жүсіпбек», «Жүсіпбек Аймауытұлы және 20 жылдардағы қазақ прозасы», Б. Қанарбаеваның «Жырымен жұртын оятқан» (1998), Б. Әбдіғазизұлының «Шәкәрім шығармашылығының дәстүрлік және көркемдік негіздері» (2000), А.С. Исмакованың «Возвраще-

ние плеяды» (2002), Д. Қамзабекұлының «Алаш және әдебиет» (2002), Д. Ысқақұлының «Әдебиет алыптары» (2004), «Қазақ елі бір ауыз сөзім саған» (2004), М. Тәжімұраттың «Ғұмар Қараш» (2004) тәрізді зерттеулерінің маңызы өте зор.

Жалпы, ХХ ғасыр басындағы әдебиеттің келелі мәселелеріне арналғанымен әр кітаптың жазылуындағы өзіндік мақсат мен мүдде әр қилы. Бір зерттеушілер шоғыры (Ы. Дүйсенбаев, Ш. Елеуқенов, А. Еспенбетов, Б. Әбдіғазизұлы, Д. Ысқақұлы, С. Дәуітов, Р. Тұрысбек, А. Исақова, М. Тәжімұрат т.б.) өз зерттеулеріне сол кезең әдебиетінің жекелеген өкілдерінің өмір жолы мен творчествосын арқау етсе, екінші бір зерттеушілер ХХ ғасырдың басындағы әдебиеттің жалпы даму бағытын айқындау тұрғысынан (Б. Кенжебаев, С. Қирабаев, Ә. Дербісәлин, Р. Нұрғали, Д. Қамзабекұлы т.б.) қарастырды. Зерттеушілердің үшінші тобы белгілі бір жанрдың қалыптасу, даму сипатына зер салды (Б. Шалабаев, Т. Кәкішев, Т. Әбдірахманов, З. Бисенғалиев). Әдеби дәстүр, жаңашылдық мәселелерін сөз етушілер де болды (А. Нұрқатов, К. Бейбітова т.б.).

Кезең әдебиетін зерттеудегі үлкен бір белес ретінде Бейсенбай Кенжебаевтың «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» оқулығын (1976) атауға болады. Еңбек авторы ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіне тән ерекшеліктерді, күрделі-күрделі мәселелерді жинақтап, топтап сөз ете отырып, тұтас бір әдеби кезеңнің өзіндік сыр-сипатын тануға ұмтылған. Оқулықтың ғасыр басындағы әдебиетті тану мен танытудағы көтерер жүгі қомақты. Ғалым-зерттеуші ХХ ғасыр басындағы әдебиетті тұтас бір құбылыс ретінде ала отырып, соның ішінде ағартушы-демократтық бағытқа толығырақ тоқталып, осы бағыттың өзіндік ерекшелігін жан-жақты ашып көрсетті.

Жалпы жоғарыда аталған еңбектердің 90-жылдарға дейінгілерінде уақыт ағымына байланысты «жабулы қазан жабулы» күйінде кетіп, айтылмай қалған, әдейі бұрмаланған жерлер жетерлік. Ол еңбектер қалыптастырған көзқарастар, жалпы алғанда, ХХ ғасыр басындағы әдебиеттің өрісін айқындауға, даму ерекшелігін тануға, тіпті жеке творчестволық тұлғаларға деген пікірлерді белгілі бір қалыпқа салып, шығармашылық болмысын толыққанды түрде ашуға мүмкіндік бермеді.

Бұл туралы көрнекті әдебиеттанушы ғалым Т. Кәкішев: «Жалғыз қазақ халқы ғана емес, Қазан төңкерісінің дүрмегіне ілескендердің қай-қайсы болмасын көпшілікті қызықтырар қиястығы мол идея соңына түскенін қазір ашық айтуға тиістіміз. Бұл идеяда бұрын езіліп, тапталған, қорлық-зорлықты көп көрген еңбекшілерді, кедей-кепшіктерді дүниенің әміршісіне айналдырамыз деген ұранның тартымдылығы күшті болғанын және оны барынша пәрменді насихаттап, білектің күші, найзаның ұшы, мылтықтың оғы, зеңбіректің добымен қалың жұртшылықтың сана-сезіміне зорлап сіңіру процесі нәтижесіз болмады. Көпшіліктің көңіл ауаны ғана емес, бар ынта-тілегі соған ауды, ауғысы келмегенін зорлап аударды. Басқаша түсінік болады дегенге нанбадық, әбден етіміз өліп алған соң, басқаша ойлайтындар кездесе қалса әуелі шамдандық. Содан кейін атып-астық, тескентау айдадық...» [8, 4 б.] – дейді. Осы жүйе бойынша өз ұлтымыздың, өз тарихымыздың өткенін сүзгіден өткізіп, екіге бөлдік. Жұрт қамын ойлаған Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаевтай ұлыларымызды ұлтшылға айналдырып, ел санасынан өшіруге ұмтылды. Солар бастаған, байытқан әдебиетті тарихтың тереңіне тығып тастап, ұлттық әдебиетіміздің тарихын «ақтандаққа» айналдырдық. Олар жасаған мол мұра өздерімен бірге тарих доңғалағының астына тапталып, мәңгі жарық көрместей болды.

Елінің азаттығы жолында күрескен, «ұлым» деп еңіреп өткен ерлер мұрасы буржуазияшыл-ұлтшылдық аталып, тек датталумен келді. Саясатта шаруасы жоқ, Шығыс әдебиетіне еліктеп, соның үлгісінде шығарма жазған саңлақтарымыз ескішіл атанып, ескерусіз қалды. Мәселен, әдеби мұрамыздың ең бір бай саласы – киссашыл ақындар шығармашылығы діншілдік бағыттағы шығармалар деп танылып, надандықты насихаттаған, өткенді аңсаған кертартпа әдебиет өкілдері ретінде бағаланды. Мұсылмандық әлемге, шығыстық дүниеге бой түзеп, үлгі алғандар шығармашылығындағы діни-таным – адами тәрбие, адамгершілік пен адалдыққа жетелеген өнеге екендігі ескерілмеді. Олардың рухани тазаруға үндеген озық ойлары кері кеткен пікірлер ретінде бағаланды. Қазан төңкерісінен кейінгі уақытта діни мән-мағынасы бар әдебиет нұсқаларымен күресу мәселесі қатты қолға алынды.

Осы күрес «нәтижесінде» Ақылбек бин Сабал, Шәді Жәңгіров, Мәулекей Жұмашев, Жүсіпбек Шайхисламов, Мұса молда, Мақыш Қалтаев, Нұржан Наушабаев т.б. ақындар қазақ әдебиетіндегі өзіне лайық орындарын ала алмай келген-ді. Бұл туралы «Шығыс інжу-маржандарының өзімізге лайықтыларын, тұрақтай алатын тақырыпты, сюжетті ол ақындар (қиссашыл – Ө.Ө.) дұрыс таңдады. Әр жерде ауызға алынғаны болмаса, баспа бетін көрмеген біраз шығармалардың мазмұны, идеялық ықпалы ашылмастан жатыр. Бұларды діни уағыз, қиялдан туған дүниелер деп жылы жауып қойып отырған жайымыз бар. Ал, шындығына келсек, «Ләйлі-Мәжнүн», «Мұңлық-Зарлық», «Атымтай Жомарт» секілді махаббат, адамгершілік хақындағы романтикалық дастандар қазақтың кейінгі лирикалық, эпикалық дастандарына мол әсерін тигізді...» [9, 29 б.], – дейді ғалым Өтеген Күмісбаев. Бірақ біз кезінде мұны аңғара алмадық, аңғарғымыз келмеді де. Сондықтан замана ағысы, уақыт барысы бойынша кейінгі кезеңге дейінгі зерттеулерде ХХ ғасырдың басындағы әдебиет тарихы бүкіл болмыс-бітімімен ашылмай, жартыкеш күйде қалып, тек ағартушы-демократтық бағыт өкілдерінің әдебиеті мадақталып, өзге бағыт-ағымдар мансұқталып келгені жасырын жайт емес.

Бірақ «елу жылда – ел жаңа» ғана емес, ой да жаңарары белгілі. Әр кезде бір көтеріліп, бір басылып жүрген Шәкәрім, Мағжан туралы қазақ зиялыларының ой-пікірлері замана өзгерісіне орай өркен жая бастады. Барлығына тарих төреші. Сондықтан да

...Асықпандар, артымызда қазы бар,
Тергеп талай сүйектерің қазылар.
Пайғамбарды сатып отыз тіллә алған
Яһудамен бірге аттарың жазылар... –

деп, Ахаң айтқандай «арттағы қазылар» шындықтың бетін ашып, 1988 жылдан бергі уақытта А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев тәрізді тоталитаризм құрбанына шалынған әдебиетіміздің алыптары туған елімен қайта қауышты. Содан бастап ХХ ғасырдың бас кезіндегі әдебиетке деген жаңаша көзқарас қалыптаса бастады.

Ақталған ақын-жазушыларымыздың өмірі мен шығармашылығы туралы жекелеген мақалалар, еңбектер жазылып,

кейбірінің жекелеген жинақтары да жарық көрді. Бұл ретте Қ. Мұхаметқановтың, Т. Кәкішевтің, Р. Нұрғалидың, С. Қирабаевтың, Ш. Елеуқеновтің, Д. Ысқақұлының, С. Дәуітовтың, Б. Әбдіғазиевтің, Р. Тұрысбектің, А. Исмақованың, Д. Қамзабекұлының, М. Тәжімұраттың еңбектерін айрықша атап өткен ләзім. Бұл ғалымдар сол тұстағы әдеби үдеріске қатысы бар біршама зерттеу еңбектер жариялап үлгерді.

Бұл еңбектердің барлығы да негізінен бұрын зерттелмей келген тұлғалардың әдебиетіміз бен мәдениетімізде алар орнын айқындауға басты назар аударып, көбіне архивтік, өмірбаяндық материалдарға сүйене жазылды. Жалпы, сол тұстағы, әсіресе, төңкеріске дейінгі әдебиеттің бүкіл бағыт-бағдарын, көркемдік ізденістерін айқындайтын зерттеулер әлі де болса жоқтың қасы. Дегенмен кейбір еңбектерде жаңаша ізденіске деген бетбұрыс байқалады. Мәселен, сын жанрының ХХ ғасырдың бас кезіндегі орнын бағалаған (Т. Кәкішев «Қазақ әдебиеті сынының тарихы», 1994), сол кезеңде өмір сүріп, әдебиетке өлшеусіз үлес қосқан ақын-жазушылар шығармашылығын, өмірін жинақтай алып қарастырған (Р. Нұрғали «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры», 2002), әдебиетіміздің тарихындағы «ақтандақ» беттерге назар аударған (С. Қирабаев «Әдебиетіміздің ақтандақ беттері», 1995; Ш. Елеуқенов «Мағжан», 1995) еңбектердің жарық көруі – осының айғағы.

Жалпы осы кезге дейін ХХ ғасырдың басындағы әдебиет жеке шығарма немесе жеке жазушы шығармашылығына өзіндік баға беру тұрғысынан көбірек зерттеліп келгені шындық. Әрине, әдебиеттегі зерттеу жалпыдан жалқыға немесе керісінше жүретін процесс екені де анық. Бірақ әдебиет зерттеу ғылымында осы екінші бөлік кенже қалып жатқан сияқты. Осы олқылықтың орнын толтырудағы жетістік ретінде ХХ ғасыр басындағы әдебиетті түптей қарап, оның басты сипаты ағартушылықтың әдеби құбылыс ретіндегі болмыс-бітімін айқындауға ұмтылған Д. Қамзабекұлының «Алаш және әдебиет» (2002) еңбегін атауға болады.

ХХ ғасыр бас кезіндегі әдебиет жалпы қазақ әдебиеті тарихындағы ең бір жемісті де түрлі ізденістер мен қайшылықтарға толы кезең болып табылады. Сондықтан да қазақ әдебиеті тарихын зерттеудің күрделі проблемалары осы тұсқа жинақталған.

Мұның басты үш себебі бар. Біріншіден, жазба әдебиеттің мейлінше өркен жайған тұсы; екіншіден, әр түрлі әдеби ағымдар мен бағыттардың айқындалған кезеңі; үшіншіден, әдеби жанрлардың әр саласында әдеби-көркемдік ізденістердің белең алған тұсы. Сондықтан да осы 1900-1920 жылдар аралығындағы әдеби-көркем шығармалар мен көрнекті ақын-жазушылардың шығармашылығын жан-жақты қарастыру әдебиетімізде бар дәстүрлердің дамуы мен жаңашылдықтың негіздерін тануға, кейінгі әдебиеттің өркендеуінің түрлі реңктерін айқындауға, бұрынғы-кейінгі әдебиеттің жетістіктерін терең зерделеуге мүмкіндік туғызады.

Сондықтан да біз өз еңбегімізде мынадай мәселелерге басты назар аударып, мақсат-міндеттер қойдық:

- қазақ әдебиеті даму тарихындағы азатшыл идея бейнеленуінің дәстүрлік сипатын айқындау;
- әдебиет даму кезеңдерінде азаттық идеяны жырлаудың жаңашыл үрдістерінің көрініс табуының мәні мен мағынасын ашу;
- XX ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы тарихи-әлеуметтік жағдайды терең ашу арқылы ұлт-азаттық идеяның басты ұстанымға айналу үдерісін байыптау;
- XX ғасыр бас кезіндегі әдебиеттің тарихи қоғамдық-әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланысын қарастыру арқылы әдебиеттің ұлттың ой-санасын оятудағы міндетін анықтау;
- XX ғасыр әдебиетінің алдыңғы әдебиет тарихымен байланысын, дәстүрлі әдебиет үлгісін дамыту мен өзіндік ізденістерден туған жаңашылдықтың белгілерін тану арқылы азатшыл идеяның дәстүрлік бірлігін айқындау;
- XX ғасыр бас кезіндегі әдебиеттегі Абай дәстүрі мен үлгісінің ұлттық рухты жырлауға алып келген арналарын айқындау;
- XX ғасыр бас кезіндегі әдебиеттегі ірі әдеби тұлғалардың романтизм мен реалистік әдіс-тәсілдерді қатар ала жүріп, өз шығармаларында тәуелсіздік идеясын алға ұстауының сырын ашу;
- әдеби бағыттардың ерекшеліктері мен ортақ бірлігін ажырата отырып олардағы азатшыл идеяның ортақ желісін анықтау;

- XX ғасыр бас кезіндегі әдебиеттің өркендеуіне негіз қалаған ұлт-азатшыл бағыттың өзіндік сипатын әдеби-теориялық ұғымдар тұрғысынан нақтылау;
- әрқилы әдебиет өкілдерінің шығармашылық болмысына бойлай отыра ілгершіл әдеби қаламгерлердің өз шығармашылықтары арқылы азатшыл идеяға келу жолын көрсету;
- бұрын қарастырылмай немесе біржақты қарастырылып келген ұлт-азатшыл әдебиет өкілдерінің шығармашылығын бүгінгі көзқарас тұрғысынан әділ бағалау;
- XX ғасыр басындағы әдебиетке азаттық сарын, ұлттық рух алып келген ақын-жазушылар шығармашылығының қазақ әдебиетін өркендетудегі қызметін, өзінен кейінгі әдебиеттің дамуына тигізген игі әсерін тану;
- ұлт-азатшыл әдебиеттің негізін қалаушы А. Байтұрсынов шығармашылығының дәстүрлік негізі мен жаңашылдығының сыр-сипатын көркемдік талдау арқылы айқындау.
- ұлт-азатшыл әдебиеттің көрнекті өкілі М. Жұмабаев шығармашылығындағы азатшыл идеяның биік көркемдік жүйе ретінде көрініс табуының мәні мен маңызын ашу.

XX ғасыр басындағы әдебиет жалпы ағартушылық тенденциясы басым әдебиет екендігі, әрине, шындық. Бірақ ағартушылық ағымның ең бір өркенді бағыты – ұлт азаттығын ту етіп көтерген ұлт-азатшыл бағыт болғандығын әсте естен шығаруға болмайды. Міне, біз өз зерттеуімізде осының сыр-сипатын ашуды мақсат тұттық.

Мұнда белгілі бір тарихи кезеңдегі ұлт-азаттық күрестің саяси-әлеуметтік сипатын, күрескерлік идеяны замана шындығымен астастыра суреттеген көрнекті көркем шығармаларды негізге алдық. Жалпы ұлт-азатшыл ұғымының мән-мағынасын ашуға, азаттық идеясының әдеби шығармада көрініс табуының ізденіс жолдарын, әдіс-тәсілдерін мүмкіндігінше жан-жақты қарастыруға тырыстық. Әдеби көркем шығармалары ұлт тәуелсіздігімен өзектес келген азатшыл әдебиетті қазақ әдебиеті тарихын зерттеуде қалыптасқан әдебиеттану ғылымының бағыт-бағдары негізінде зерделеу мақсатын ұстандық.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ИДЕЯНЫ ЖЫРЛАУДЫҢ ДӘСТҮРЛІК АРНАЛАРЫ

Қазақ қазақ болғалы оның әдебиеті бірге жасасып келе жатқаны белгілі. Сонау ықылым заманнан бергі әдебиеттің халықтың рухын көтерер сөз құдіретінің бір арнасы бірлік, азатшылдық ұғымдарымен астасып жатады. Рух көтерер құдіреті отты жырлар әдебиетіміздің арғы бастауларынан негіз тартады. Олар бүгінде қазақ әдебиеті тарихының түркі тектес халықтармен ортақтығын танытатын арғы негізі болып табылатын ежелгі әдебиет пен қазақ хандығы жеке ту тігіп, өз алдына ел болғалы бергі әдебиеттің барлық кезеңдерінде көрініс тауып отырған. Ел басына қиын-қыстау күн туғанда, тәнге шипа, жанға рух берген сол жырлар екендігі белгілі. Олар өз уақытында жырланып қана қоймай, дәстүр ретінде өзіндік ізін, сара жолын қалдырып отырды. Ежелгіден желісін тартқан сол жырлардан өзінен кейінгі әдебиет үлгі алып, кейінгіге өнеге шашып отырды. XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі азатшыл идеяның көрініс табуын нақты ашу үшін ертедегі әдебиет үлгілеріндегі осыған тән белгі-бедерді жан-жақты саралаған жөн.

1.1. Ежелгі әдебиеттегі азатшыл жыр сарындары

Қазақ әдебиетінің ежелгі деп есептелетін жәдігерлерінің бірі – «Орхон-Енисей» жазба ескерткіштері. Егер осы ескерткіштегі ерлік рухқа толы жыр жолдарын оқи қалсаң, бойыңа ерен қуат пен қайрат еніп, еңсең көтеріліп, жан-дүниенің өр рух төгілтері анық. Ел рухының күші бірлікте екенін ұғындыратын осынау ескерткіштер талай ғасыр өтсе де, халық жадында сақталып, мыңжылдықтар деңгейінде кейінгі жазылған талай жәдігердің өн бойынан орын тауып, орнығып келгені күмәнсіз. Көп ғасырлардан кейінгі азаттыққа ұмтылған өршіл үнді ұранды

жырлардың ұлы сарыны содан бастап тартып жатқаны шындық. Өйткені бүгінгі ұрпақ тілімен сөйлеп кетсе, ол кімді де болса, бей-жай қалдыра алмайды. Қараңыз:

Сонау бастан, о бастан
Жаралғалы қара жер,
Жаралғалы көк аспан,
Естеми мен Бумынның
Адамзаттан бағы асқан.
Төрт бұрышы дүниенің
Соларменен санасқан.
Бүкіл түркі үмітпен
Екеуіне қарасқан.
Қол астына жиылып,
Қол астынан тарасқан.

Олар салған дүбірден
Қаптап жатқан қалың жау
Шыбын жаннан түңілген.
Дырдай болып келгенмен,
Бордай болып үгілген.
Басы барлар иіліп,
Тізесі барлар бүгілген [10].

Ақын Қ. Мырзалиевтің аудармасындағы «Күлтегін» жыры қалай-қалай сөйлейді десеңізші?! «Күлтегін» ескерткішінің ұрпақтан-ұрпаққа ана сүтімен дарып, қанмен тарайтын рухының мәңгілігі осы жолдардан дәл ұғылады.

Сол «Күлтегін» ескерткішіндегі мына жолдар: «Төбеңнен тәңірі баспаса, Астыңнан жер айырылмаса, Түркі халқы, ел-жұртыңды кім қорлайды?» [11, 51 б.] мыңдаған жылдар кейінгі жұртының жанына дәру, қайратына азық болмады деп кім айта алады?! Тасқа жазылып, өткен тарихтың мәңгі өлместей таңбасына айналған осындай рухы биік жыр жолдары кейінгі ұрпаққа қазақша айтқанда «атаның қаны, ананың сүті», ғылым тілімен айтқанда «ген» арқылы берілгені ақиқат.

Осы «Орхон-Енесей» ескерткіштерін әдеби мұра ретінде алғаш қарастырған қазақ ғалымы Мырзатай Жолдасбеков «Мақтау-Мадақ» жыры деп атау берген бұл жырдың

күдірет күші – оның ерліктің ұлы дастаны болуында. Ол жалғасын тауып, жаңғырып отыраы ақиқат. Сан ғасыр бойы ұрпақ көзінен таса болғанымен, гендік жадыда жатталып, керек сәтінде жан тебіренісінің тереңінен қайнап шыққан жырлардың болмысынан талай рет бой көрсетіп, белгі бергеніне еш күмән жоқ. Бұған кезінде қазақтың біртуар данасы М. Әуезов те назар аударған екен. «Егер мұндай ескерткіштер қара тастан ойылып, қашалып тұрып жасалса, сол жырлардың ауызша айтылып, таралған әрі бұдан да толық нұсқалары болмауы мүмкін бе?...» [12, 243 б.] – депті ғұлама ғалым қырғыздың «Манас» жырының шығу тарихына көз жібере отырып. Ендеше Орхон ескерткіштері – қазақ батырлық дастандарының арғы бастауы. Ерлік жырларының дәстүрін қалыптастырған ұлы мұра. Мұны да алғаш байыптаған – М. Әуезов. Осы жырлардың сипатын анықтай келіп, ол төмендегідей ой айтады: «Күлтегін, Тоныкөк немесе Суджа жазуларында қанша адам, қанша ерлік бейнеленген десеңізші?! Оларда әр алуан рулар, тайпалардың кескілескен шайқастарының, соғыс суреттерінің, батырлар ерлігінің, жорықтардың шежіресі бар» [13, 136 б.].

Ғалым М. Жолдасбеков Орхон жырларын ерлік жырына жатқызып, оның басты себебін мынада деп біледі: «Орхон ескерткіштерінің де, қазақ эпостарының да идеясы бір. Ол – өз елін, өз жерін шет басқыншылардан, сыртқы жаулардан қорғау идеясы» [11, 78-79 бб.]. Ал идея негізі – елдік намыс. Осынау намыстан жаралған ұлы идея халық, ұлт атты қоғамдастықтың қиналғанда медет тұтар қуат күші, ол күш оянғанда қарсы тұра алар еш нәрсе жоқ. Ол елді ерлікке бастап, теңдікке, теңдік елдікке жеткізеді.

Осынау жасампаз да жарқын идея қажет кезінде жаңғырып, жаңарып, ұрпағына қайта оралып, дәстүрлік жалғасын тауып, өзекті ойға өз өрнегін салып отырады. Ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан айтқандай: «Тарихи дәуірдің әлеуметтік жосындары, тұрмыстық тілегі, бейбітшілікпен күн кешуді арман етуі – елдің ең ізгі тілегі» [14, 363 б.] болса, ол әр дәуірдің әдебиет туындыларында өзіндік белгілерімен көрініп отырды. Ал бейбіт өмірдің басты нысанасы – азаттық идея. Кешегі қазақ деген ел болып, елдікті сақтауда «ат ауыздығымен су ішіп, ер етігімен су кешкен» заманда, жыраулардың отты жырларының қуатын ашса, жоңғарларға қарсы азаттық күресте ерліктің, батырлықтың асыл

қайрағына айналды. Орыс бодандығы кезеңінде замана басқа салған қайғы-қасіреттің зар-мұңын жырлатып, ел бастаған ерлердің намыс-жігерін жаныды. Сол жырлардың ащы зары көкірек көзін оятып, ұлт бостандығы жолындағы саяси күреске ұмтылдырды. Жаңа заман ақындары жалғастырған ерлік жырының жарқыраған рухын оятты.

Ендеше Орхон ескерткіштерінің азаттық жырының бастау көзі екендігіне еш талас болмауы керек. Бұл туралы өз ойын ежелгі әдебиетті зерттеуші ғалым Н. Келімбетов былай түйіндейді: «Күлтегін», «Тоныкөк» жырлары өзінің идеялық мазмұны, композициялық құрылысы, көркемдік бейнелеуі жағынан қазақтың ерлік пен елдікті жырлаған қаһармандық жырларының алғашқы үлгілері болып табылады» [15, 124 б.]. Әрине, Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріне дейін де, олардан кейін де ерлік жырларының болғандығы рас. Бірақ олар бізге толық күйінде емес, үзінді немесе аңыз әпсана күйінде жеткен. Ал аталмыш «Күлтегін», «Тоныкөк» жырлары бізге бабаларымыз өзіне-өзі соққан мәңгілік ескерткіш арқасында тасқа қашалып, түгел күйінде жетті. Сондықтан біз оны азатшыл рухтың бастауы ретінде қабылдаймыз. Бір сөзбен айтқанда, біз сөз етіп отырған ежелгі ескерткіште «Мұң-зар да, ерлік жыр да, бірлікті береке де – бәрі бар. Бірақ жырдың алтын қазығы, асыл тұтқасы – біреу. Ол – ежелгі дәуір әдебиетінің білгірі, ғалым Алма Қыраубаева түйіндегендей жырдағы «...ой арнасы – елдің тәуелсіздігі, береке-бірлігі» [16, 19 б.]. Міне, өлмес мұра осыған негізделген. Ол кейінгіге осыны мұрат еткен.

Бүкіл түркі халқына ортақ әдебиеттен енші бөлген тұсымыз «Хандық дәуір әдебиеті. М. Мағауин бұл туралы: «Дербес қазақ атымен аталатын әдебиеттің өмір сүруі – XV ғасырдың орта шенінен басталады. Бұған себепкер болған жай – 1456 жылы Шу бойында қазақ хандығының құрылуы...» [17, 6 б.], – дейді. Бұл ерлік жырының, азаттық жырының аса бір жарқырап жанған тұсы еді.

Ел басына Күн туған, алмағайып заманда көкейдегіні айтып, көңіл түкпіріндегіні тербейтін, әрине, ақындар. Олар өз тұсындағы ақиқатты, шымырлаған шындықты айтып, іштегі шерді сыртқа шығарады. Елдің басына бұлт үйірілер сәтті аңдап, елдің береке-бірлігін нығайтудың жолын іздейді, айласын меңзейді, бағытын нұсқайды. Асыл сөз осынысымен құнды. Ескірмейт-

ін ескі сөзі бүгіндері жаңаша байыпталып жатқанымен, кезінде кереғар күйде бағаланып, кейде өз кезінде ол жете ұғынылмай қалар сәттер жеткілікті. Рухани мұраның осынысы өкінішті. Бірақ қанша дегенмен небір ауыр кезеңдерде халық дертіне ем болған қасиетті сөз өнері екендігі тағы күмәнсіз.

Қазақ қазақ болғалы, ел болып ұйысқалы, ұлт болып орныққалы сыртқы жаудың шапқыншылығына, аласапыран замандарды әкелген жаугершілік пен үркіншілікке аз ұшыраған жоқ. «Ата жұрты бұқара, // өз қолында болмаса, // Қанша жақсы болса да, // Қайратты туған ер ғаріп» [17, 25 б.] деп Асан Қайғы, «Қайран да менің Еділім, // Мен салмадым, сен салдың, Қайырлы болсын сіздерге // Менен қалған мынау Еділ жұрт!...» [17, 29 б.] деп Қазтуған жырау, «Ой түбіндегі асыл сөзді шер толқыта шығарған» заман да болды. Ой толғаудың өрісін ашып, көкейге сары уайым ұйытпай, санаға серпіліс әкеліп туған ел, туған жер сағынышын ұран ғып көтерер, ел намысына от жаныр бұл жолдар – ұлт боп ұйысудың қатығына айналған жырлар.

Осы кезеңнің ұлы тұлғасы – Асан Қайғы жырлары, тұтастай алғанда, осыған қызмет етеді. Ол – болашақты болжап, келер күннің алдан шығар кесапатын кейіптей білген данагөй. «Алғашқы рет келешек заманның құбыжығын сезіп, тұспалмен белгі беріп болжал айтқан Асан Қайғы. ... өлең сөзді қауымның қызметіне жаратуға кіріскен тағы да сол» [4, 201 б.], – дейді М. Әуезов дала данасы туралы. Ендеше кейінгі жаңа тарихтың – қазақ тарихының ерлік жырының, елдік жырының бастау көзі – Асан Қайғы жырлары. Оның бай мұрасы бізге, әрине, там-тұмдап ғана жетті. Әйтсе де, соның өзінен Асан Қайғы «қайғысының» сырларын толық сезінуге болатынындай. Ол «қайғы» ғалым-жазушы М. Мағауин айтқандай «...бүгінгі тіршіліктің, ертеңгі болашақтың қамын ойлағандықтан туған қайғы» [18, 34 б.].

Асан толғаулары – туған ел, туған жер, оны қорғау, ел басшысы, ел ері тәрізді, олардың кешегісі, бүгінгісі, ертеңгісі жайлы терең пайымдаулардың жиынтығы. Ол бүгіннің жайын айтады, кешегінің нәтижесін бүгіннен шығарып, ертеңінің сұлбасын болжайды. Бұл – сәуегейлік емес, данагөйлік. Көзбен көргенді ақылмен екшеп, келешектің келбетіне көкірек көзімен үңілу. Сонда не дейді жырау?!

Ай хан, мен айтпасам білмейсің,
Айтқаным көнбейсің.
Шабылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің,
Қымыз ішіп қызарып,
Мастанып қызып терлейсің,
Өзіңнен басқа хан жоқтай,
Елеуреп неге сөйлейсің [17, 60 б.] –

деп қайырылады дана жырау әз-Жәнібек ханға. Сөйтіп, замана сыңайын ханның түйсігіне жеткізуге тырысады. Толғаудың бізге жеткен шағын үзіндісінен ел қамын ойлаған дананың ел иесінің ақылына ақыл қосу, қиыншылықтан шығар жол көрсету ниеті танылады. Дана көрегендігінің куәсіндей ақыл таразысына салмақталған ойлар – мейманасы тасқан Жәнібек ханды сабасына түсірер, сабырға суарылған қас қағидалар.

Ел тарихындағы жыраулар орнын М. Әуезов: «Анығында өсиетші қария толғаушыл жыраудың міндеті өлеңшілік емес, елге басшылық істеп, бас алқа айту болатын. Хан шеше алмаған ауыр түйін, қиын жұмбақ, көмескі келешек болса, барлығына шешу сөзді солар айтатын. ...Ел тіршілігінің барлық ауыр істері осылардың қабылдауымен іске асатын. Қайым тіршілігінде бұлардың саяси салмағы сондайлық зор болғандықтан, аузынан шыққан сөзі олқы болмауға керек. ...Көлденең кісі мін таба алмайтындай, қорғасындай ауыр, оқтай жұмыр, өтімді болуы керек. Сол себепті бұлардың сөзі асыл өлең өлшеуімен шығуы шарт болған. Ел билеген жақсы туралы заманның сыны мен ұғымы сондайлық болғандықтан, әрбір хан өз қасында ақылшы болатын биді таңдағанда, ең алдымен, сөз тапқыш өткір деген суырылған шешеннен, суырылған ақыннан алатын» [4, 196-197 бб.] – деп бағалаған екен. Ендеше XV-VIII ғасырлардағы жыраулардың қай-қайсысы да осы талаптан табыла білген.

Сөйлесе қызыл тілдің шешені,
Ұстаса қашағанның ұзын құрығы,
Қалайылаған қасты орданың сынығы,
Билер отты би соңы,
Би ұлының кенжесі,

Буыршынның бұта шайнар азуы,
Бидайықтың көл шалқыған жалғызы,
Бұлұт болған айды ашқан
Мұнар болған күнді ашқан
Мұсылман мен кәпірдің,
Арасын өтіп, бұзып дінді ашқан
Сүйіншіұлы Қазтуған!!! [17, 50 б.], –

деп ұранды жырдың үлгісін салған Қазтуған да, өзін «Азаулының Аймадет ер Доспамбет ағасы» деп бағалаған Доспамбет жырау да – өткеннен бізге үзгі жеткен ерлік пен азаттықты ұштастырған отты жыр дәстүрінің тарланбоздары. Тәуелсіздікті ту көтерген жыр үлгісі солардан қалған. Олар – еш қаймықпайтын, елінің тағдырын өзімен еншілес көрген жаужүрек жыраулар. Қажет тұсында қол бастап, бейбіт кезеңде сөз бастап, елінің еркіндігін – ер мерейі деп білген ел ағалары, жұрттың қамы жолында шейіт болар өлім де оларды өкіндіре қоймайды. Белгілі әдебиетші ғалым Ж. Тілепов Доспамбеттің жыраулық болмысын былайша тұжырымдайды: «Доспамбет жырау өмірінің өкініші мен шүкіршілігі турасында көп толғаған үлкен философиялық өренің, белгілі бір пікірді тұжырымдап айтар, жаратылысына жалтақтық пен жасқаншақтық жат өр мінезді, өжет ойдың иесі» [19, 79 б.].

Доспамбет жырау өзінің «Айнала бұлақ басы тең» – деп басталатын ұзақ толғауында:

Арғымаққа оқ тиді
Қыл майқанның түбінен,
Аймадетке оқ тиді
Отыз екі омыртқаның буынан
Зырлап аққан қара қан
Тыйылмайды жанның уақ тамырдан,
Сақ етер тиді саныма,
Жара бір қатты, жан тәтті,
Жара аузына қан қатты,
Жарықшылар жоқ па екен,
Жармай білге саларға,
Жағдайсыз жаман қалып барамын
Жанымда бір туғанның жоғынан!... [17, 69-70 бб.] –

дейтін жолдар бар. Мұхтар Мағауин «Жорықшы жырау» деп атаған Доспамбет жырының біз мысалға келтірген соңғы екі жолында өкініш лебі естілгендей. Бірақ толғаудың аяқталар тұсында өршіл жолдар бұл күмәнді ойды жоққа шығарады. Өзінің өмір жолын, ерлік істерін жырлай келіп, жырау қас батырға тән өжет мінезбен өлімге бас тіккендігіне өкінбестігін білдіреді.

Бүгін, соңғы өкінбен,
 Өкінбестей болғанмын,
 Ер Мамайдың алдында
 Шаһид кештім өкінбен!... [17, 71-72 бб.].

Толғаудың соңғы түйінінде ел бірлігін өмірінен артық көрген жыраудың тұғырлы тұжырымы жатыр. Ноғайлы жұртының бірлікке келген тұсын көзбен көрген жорықшы-жырау өзіне одан артық бақыт тілемейді. Толғаудағы өршілдік рухы да осыдан өріс алады.

Ел бірлігі – жырау арманы. Ел тәуелсіздігі – жырау толғауларының алтын арқауы. Ендеше Доспамбет толғауларындағы жырау-жауынгер танымын осы тұрғыдан ұғынған жөн.

Бұл дәстүр XVII ғасыр жыраулары Жиёмбет, Марғасқаларда өзіндік өрнегін жоғалтпай, дәуірлей түсті. Бірақ бізге жеткен жыр жұрнақтарының, олардың толғауларындағы ерлік жырларының азатшыл рухын терең талдап, толыққанды танытуға қол қысқалық етеді.

Ерлік жыры мен азатшыл рухтың белең алып, әдебиеттің басты тақырыбына айналған тұсы – XVIII ғасыр. Жоңғар басқыншылығына қарсы күрестің жыр байрағы осы тұста биікке көтеріліп, асқақтай түседі. «Осы дәуір әдебиетіндегі сырт жауларға қарсы күрес, ерлік сарыны Ақтамберді, Тәттіқара, Үмбетей жыраулардың творчествосынан, ал қазақ даласында болған кейбір өзгерістер негізінен Бұқар жырау творчествосынан өз көрінісін тапты» [20, 66-67 бб.], – дейді М. Мағауин. Қазақ әдебиетіндегі азатшыл ой, азаттық рухтағы жыр-өлеңдерінің арғы бастауларына назар салған тұста XVIII ғасыр әдебиетіндегі М.Мағауин атаған жыраулардың ішінен Ақтамберді мен Бұқар жырау поэзиясы айрықшалана түседі. Ақтамберді өзі батыр, өзі жырау болғандықтан жауға қарсы жорықтарда ер намысын

жаныған жорық жыршысы болса, Бұқар хан кеңесшісі, қара ақылшысы бола жүріп, ел еркіндігін өзек еткен толғауларын ақыл мен даналыққа толтыра алған данагөй жырау. Ерлік пен батырлықтың, ақылгөйлік пен даналықтың бірін-бірі толықтырар осынау қос арнасы – қазақ поэзиясындағы азатшылдықтың кейінгі арынды ағысының бастау бұлағы.

Ақтамберді толғаулары көбіне ерлікті әспеттеп, ел тәуелсіздігін ардақтаған тегеуріні тым қатты, рухы биік отты жыр жолдарынан өрледі. Әсіресе, «Күмбір-күмбір кісінетіп» толғауының екпіні ерекше. Жоңғардан туған жерді азат етер арпалыстың от-жалынында туған, ерлердің ертеңгі жеңіске деген құштарлығын оятар, жеңістен кейінгі бейбіт күндердің берекелі шаттығын көзге елестетер жігерлі жыр, ұранды рухымен сүйсіндіреді.

Майданда дабыл қақтырып,
Ерлердің жолын аштырып,
Атасы басқа қалмақты,
Жұртынан шауып бостырып,
Түйедегі наршасын
Ат артына мінгізіп,
Тегін бір олжа қылар ма екенбіз?!
Кеуде бір жерді жол қылсам,
Шөлең бір жерді көл қылсам,
Құрап жанды көп жиып,
Өз алдына ел қылсам! [17, 112 б.].

Бұл жолдар – ерлікті серік еткен жыраудың, ел тәуелсіздігі жолындағы жан пидалық ұранды көтерудегі түйіні. Азаттық жолында күрестің басты мақсаты – «өз алдына ел болу». Міне, ұлы арман көздеген уақыт осы. Қантөгіс, қырғын, жас кеткен боздақ – осы бір ұлы мақсаттың құрбаны. Жырау сипаттайтын жеңістен кейінгі мамыражай заман суреттері – еркіндікке жеткізер ерлік қайрағы. Ал көңіл көздеген түпкі мақсат – ел қамы.

Тобылғы сапты қамшы алып,
Тұмар мойын ат мініп,
Қоныс та қарар ма екенбіз!
Ел жағалап жайлауда

Жақсылар кеңес құрғанда,
Мұртымыз өрге шаншылып,
Бұрын да сөйлер ме екенбіз [17, 115 б.].

Жырау көрер қуанышты, болар бақытты көшпелі жұрттың қызықты өмір салтынан ала отырып, күнделікті күйбең тіршілікті сағалап кетпейді. Елінің жайын ойлайды. «Кеңес құру», «Қоныс іздеу» – осының нақты көрінісі. «Қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған» жұмақ заманды бейнелеп, тәуелсіз елдің тыныштығын аңсаған ақынды береке-бірліктің құтын қашырмаудың қиындығы қатты толғандырады.

Осындай берген дәулетті,
Көтеріп тұра алар ма екенбіз [17, 114 б.]!

М. Мағауиннің «Күлдір-күлдір кісінетіп» – деп басталатын үш толғауды жеке-жеке толғаулар» – деп [17, 250 б.] қарастыруына да күмәнмен қараймыз. Бұлар – бір толғау үлгісі, әркімнен жазылып алынғанмен, бір нұсқа, бір толғаудың түрлі бөлігі. Бұл – жастықтың арман көңілінен, ел тұтқасы ер тұлғаның рух көтеру үшін шығарған толғауы.

Ел бірлігінің өміршеңдігін тілеген осынау үмітті түйіннің айтары көп, берері мол. Жырау ұлы күрестің баяндылығын тілейді. Келер ұрпаққа соны міндеттейді. Ғалым Х. Сүйіншәлиев Ақтамбердінің осы «Күлдір, күлдір кісінетіп» толғауы туралы: «Одан тұлпар мініп, ту ұстап, ел шегіне қорған боп ерлік атын шығаруды аңсаған батыр адам үні естіліп тұрады» [21, 333 б.], – деп топшылайды. Толғау бұл байыптаудан алыстау. Жыраудың бұл толғауында атағын шығару емес, ел еркіндігіне қол жеткен кездегі істердің мақсаты суреттелген. Ол үшін «жалаулы найза жанға алып, атасы басқа қалмақты бостыру» керек, сонда ғана арман-тілек орындалады.

Ақтамберді толғауларында басты идея – ата жауға қарсы күреске шақыру, ерлікке жігерлендіру. Азаттықты аңсаған азатшыл сарын – жырау поэзиясының басты желісі. Оның азатшыл мұраттағы алғашқы өлеңдерінен-ақ өршіл сарынның от жалынды лебі сезіліп тұрды.

Кәрі ақсайды ақылдан,
Ер ақсайды жақыннан,
Қазір әлсіз болсам да,
Үмітім бар ақырдан.
Жасым жетіп онбеске,
Кірер ме екен кеңеске,
Бұғана қатып, бел бекіп
Ерегескен дұшпанмен
Шығар күн туса күреске [17, 106 б.]!

Ерлікті күреске ұмтылып, батырлық даңқты көксеген жас ұланның арман жыры осылайша өріліп, алысты көздеген жалынды жастық асау арманының айшығына айналады. Ол өз мақсатын алға тартып, ел тірегіне айналар ұл болатын күнді меңзеп отыр. Мұнда мүдде сипаты басым. Ал «Күлдір-күлдір кісіне-тіп» – жыраудың ел атынан толғаған көп тілегінің көрінісі.

Жыраудың ел бірлігін, елдің елдігін толғауы осынау алғашқы жұрт назарын аудартқан сөздерінен-ақ анық аңғарылады.

Он жетіге жас толды,
Көңілім сонда орнықты.
Жауласарға жау емес,

Дауласарға дау емес,
Жақынға қылман зорлықты [17, 106-107 бб.].

Ел қамын жасынан ойлаған батыр жыраудың ел бірлігін басты нысана етуінің айғағы – осы жолдар. Ол ата жаумен өштесуге де, кескілесуге де бар. Бірақ батырлығын әлімжеттілікке айналдыру – ол үшін жат. Ел қорғаны – ер осылай болуы керек-ті. Жау қорлығындағы елге бас болып, жерін жаудан азат ету – жас жырау жырының жұлынды өзегі іспетті.

Дұшпаннан көрген қорлығым
Сары су болды жүрекке,
Он жетіде құрсанып,
Қылыш ілдім білекке,
Жауға қарай аттандым
Жеткіз деп құдай тілекке! [17, 107 б.].

Қалың қазағының, ел-жұртының қамын ойлап, жорыққа аттанған батырдың ел тағдырының қиынды тұстарында айбарлы азаматы, қорлықтағы елінің айбыны болары еш күмәнсіз. Оның сырт тұлғасы ішкі жан дүниесіне сай. Тәні батыр, жаны жырау Ақтамбердінің өзін суреттеген толғауына көз салсаңыз мұны айқын түсінесіз.

Байраққа біткен құрақпын,
Саусағым жерге түсірмен,
Жапанға біткен терекпін.
Еңсемнен жел соқса да теңселмен,
Қарағайға қарсы біткен бұтақпын,
Балталасаң да айырылман,
Сыртым – қылыш, жүзім – болат
Тасқа да салсаң майырылман [17,108 ,7]!

Келісті көркем бейнелеу көз алдымызға еш қиындықтан қайтпайтын, жауды көрсе арсыландай атылар айбынды да айбарлы батырды әкелмей ме?! Ал батырлыққа тұлғамен бірге жүрек те керек. Оның жүрегін жауынан сескендірмес алып күштің қуаты неде?! Ол күштің таусылмас қайнар көзі – Халық. Елден еншісі бөлінбеген ер ғана ерен күшке ие. Ел сенімін арқалаған жан ғана жан алысып, жан берісуге шыдап, қашанда жауынан мысы басым келеді. Ақын, міне, «Балпаң, балпаң кім баспас» толғауында осыны жырлайды. Осы толғаудан жырауды – батыр еткен ішкі әлемнің сырын ұғасың:

Балпаң, балпаң кім баспас,
Басарға балтыр шыдамас,
Батырмын деп кім айтпас,
Барарға жүрек шыдамас,
Жалтара шапсаң жау қашпас,
Жауды аяған бет татпас,
Уа, жігіттер, жандарың
Жаудан аяй көрмеңіз,
Ғазырейіл тура келмей жан алмас [16, 110].

Бұл – өзін-өзі қайраудың ғана емес, ерлікке үндеудің үлгісі. Батырлық пен жаугершіліктің болмысын ашқан мұндай жанды

толғау өте сирек. Ақын ұғымында батыр болмақ ғайыптан емес, елін сүйген ұлы жүректен. Бұл – ақиқаты айқын ұғым. Жыраулық кезеңдегі кейінгі азаттық жырға өнегелік сарын тартқан ұлы толғаулардың бастысы – Ақтамберді толғаулары. Жыраудың кез келген толғауында ел қамын жеген ерен тұлғаның бейнесі «мен мұңдалап» тұрады. Оның толғауларында ел мен ер тұлғасы тұтасып кетіп толыққанды бірлік табады.

Тәттіқара, Үмбетей, Ақтамберді жыраулармен қатарласа жүріп, жыраулық өнердің өрісін кеңітіп, биікке көтерген, XVIII ғасырдағы өзге жыраулардан гөрі ел жадында көбірек сақталып, біршама мол мұра қалдырған Бұқар жырау Қалқаманұлы. XVIII ғасыр – қазақ тарихының «басы – қатты, аяғы – тәтті» келген кезеңі. Басы қалмақ шапқыншылығынан басталып, ел еңсе көтеріп, бас біріктіріп, жеңіске жеткен бірліктің жемісті жылдары. Бұл – қалмақты жеңіп, орысқа ойлана қарап тұрған тұс. Оның арты неге апарып соққаны тарихтан белгілі. Жалпы осы кезеңнің тарихи сипаты туралы М. Әуезов былай дейді: «Қазақ елі қайда барып, қайда тұратыны туралы, басына келе жатқан ықтиярсыздыққа қарсы не шара қолдану туралы ең алғашқы рет қатты толғанып, ойланғаны Абылай тұсында болатын. Сол Абылай тұсында ілгері күннің талай жұмбағын шешу айтылған сияқты болып, саяси бет, негізгі пікір сол кезде белгіленіп, қалыптаса бастаған. Со күнде-ақ, мүмкін болса, патша үкіметіне бағынбай, елдің іргесін өз бетімен бөлек сақтау түбегейлі ниет сияқты нық байланған болатын. Орысқа қараған күнде ел басына құлдық, зорлық, ауыртпалық келетіні ел басшысының барлығына белгілі болатын» [4, 195-196 бб.]. М.Әуезов ойынан ұзақ сілтеме жасауымыздың себебі бар. Ол себеп – келтірген үзіндіде кезең құпиясы алдыға жайып салғандай көрінуі. Ал енді сол уақыттың «Саяси бетін» белгілеген ел басшысының бірі, хан кеңесшісі, қараша жанашыры Бұқар жырау еді. Тағы да М. Әуезовке қайырылсақ, «Бұқардың заманы – ел басына ауыртпалық туған заман. Саяси хал, қазақ елінің басына құлдық ноктасын кигізгелі қабағын түйіп, ауырлап келе жатқан. Сондықтан Бұқардың толғауында екі түрлі күй, сарын бар. Біреуі – әлеумет қамын сөйлеу, екіншісі – сол жайды сөйлегенде мұң-зармен, арманмен сөйлеу. Бұл сарын көрер көзге бола қолдан жасалған сарын емес, сол заманның дерті улатқан ақынның жүрегінен қайнап шыққан шын жалын, шын қайғы» [4, 202-203 бб.].

Бірақ Бұқар жырау «қайғысы» – Асан қайғының болжалды «қайғысы» емес, нақтылықтан туған, шындыққа суарылған «қайғы». Ол Асан қайғыдай желмаямен жерұйықты іздемейді, қиялдан сағым қумайды, бүгінгі тірлікті баянды етуді ойлайды. Бұқар жырау толғауларының болмысы туралы С. Мұқанов кезінде былай деп жазған болатын: «Бұқардың барлық шығармасы сол кездегі халықтың тілегінен туған, ол тілек – қазақ халқының жер бостандығы, ел бостандығы, тәуелсіздігі, тыныштығы, шаттық тұрмысы» [22, 203 б.]. Шындығында, жырау ел мен жердің амандығын амалдаудың жолын іздестіреді. Қалайда ел бірлігін, жер бүтіндігін сақтаудың айла-шарасын табуға тырысады. Айла сан алуан. Ол – ер басын оққа тіккен жорық-соғыс, тіл табысқан келісім-бітім, уақытша тыныштықты сақтау үшін алысқа бет бұрған көші-қон да болуы мүмкін. Бұқар – соның бәрін салмақтап көрген «көне» көз. Сондықтан да оның толғауларына тән басты сарын – ел бірлігі. Сан тарау тақырыпты толғаулар идеясының түйісер тұсы осы. Бұқардың үш қырын – жырау, би, ел басшысы – тұтастырар түйін – болмыс – осы мақсат. Бұқар жырау үшін ел бірлігінен биік мақсат жоқ. Ел тілекшісі жыраудың оның тәңірден тілер тілегінің ең негізгісі – осы.

Ақсары атан еспелі
Ел жайлауға көшкен жұрт,
Ақтың жолын күзетпей,
Жамандықты тұтқан жұрт,
Мамыр асып, бай болып,
Байсал тауып жортқан жұрт,
Ханға тізгін салмады,
Баяғыдай баршындап,
Бірауызды болмады
Қас тұрпайы болған жұрт [23, 84 б.].

Кешегі бірлігі кетіп, азған заман көрінісін Бұқар осылай жырлайды. Оның ойынша, бірауызды болмаған жұрттың береке-бірлігі болмақ емес. Асқан байлық, елдерме қуаныш, есірме мақтаныш кезі келсе – бәрі бір-ақ күндік. «Ел иесіз, жер киесіз болмайды» деген ұлы ұстамды берік ұстанған Бұқар – ханға ақыл салмаған, хан жарлығын тыңдамаған елдің тұрпайы тобырға

айналарын тап басып танып отыр. Сондықтан жұртын сорға итерер сорақылықтан сақтандыруды міндетім деп біледі. Бұқар түсінігінде, хан – ел бірлігінің тұтқасы. Елдің ел болып қалуы бірлікке тікелей қатысты. Ал оның ұйытқысы – астындағы тағының тұғыры берік Хан ғана. Сондықтан да қарт жырау байламында Хан мен ел бірлігі – бір-бірінен ажырамастай, қанаттас жүрер егіз ұғымдар. Ал бұл Бұқар заманындағы екі басты мәселенің бірі еді. Өйткені ол жорық заманы, қалмақпен жан алысып, жан беріскен алапат айқастар заманы болатын. Осы кезең әдебиетін терең зерттеген ғалым, академик Қ. Жұмалиев: «Шынында да, осындай кезеңде Бұхар сықылды әрі ойлы, әрі көпті көрген көне жыраудың бірлік мәселесін көтермеуі мүмкін емес еді, оның ел бірлігі мәселесіне үлкен мән беруі де сондықтан» [24, 43 б.] – деген түйін жасайды.

Бұхар толғауларындағы ерлік рухты, бостандықты жырлау көбіне-көп батырлар ерлігін, халықтың жан қиярлық күресін жырлаудан айқын көрініс табады. Мәселен өзінің Абылайға арнаған бір өлеңінде:

Қалданменен ұрысып,
Жеті күндей сүрісіп,
Сондағы жолдас адамдар:
Қара керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгембай,
Шақшақұлы Жәнібек,
Сіргелі қара Тілеуке,
Қарақалпақ Құлашбек,
Тігіден шыққан Естербек,
Шапырашты Наурызбай,
Құдаменде Жібекбай қасында,
Бақ, дәулеті басында
Секербай мен Шүйбекбай
Таңсық қожа, Мамыт бар,
Қасқарауұлы Молдабай,
Қатардан жақсы қалдырмай,
Айнақұл Бәти ішінде,
Өңкей батыр жиылып,
Абылай салды жарлықты.

Қалдан ханды қашырып,
Шеп салған жерін бұздырып,
Ұрысты қатты қыздырып
Қасымханның шешесін
Хан Абылай алған-ды... [23, 97-98 бб.].

деп, қан майданда қаһармандық танытып, ел мерейін асырған Абылай батырларын жеке-жеке атап, тарихқа таңба басып, хатқа қалдырады. Олардың ерлігін жырлап, елдікті аңсаған биік арман-мақсатын жырға арқау етеді. Азаттық үшін алысқандардың айбынын асырып, қарапайым халық өкілі батырлардың ел тәуелсіздігі жолындағы күресін кейінгіге үлгі етеді.

Бұқар поэзиясының басты арқауы – жаулаушылық, басқыншылық желі емес, ел қорғау. Ол өз өлеңінде ел тыныштығын басты нысана етіп, сол тыныштықты сақтаудың сындарлы сырын, жолын іздестіреді. Өзінің «бірінші тілек тілеңіз» деп басталатын толғауында халық тілейтін тілекті санамалай келе:

Жетінші тілек тілеңіз,
Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келіп,
Сонан сасып тұрмасқа [23, 82 б.], –

деп ең басты тілек ретінде ел тыныштығын көрсетеді. Бұқар жырау өз толғауларында батырлардың ерлігін асқақтата жырлап, ел тұтқасы ханды ардақтай көтеріп, кейінгіге жеткізуге тырысады. Олардың ерлік ісін үлгі етеді, өнеге тұтады. Сонымен бірге жырау олардың ел тілегіне қиыс келер, ел мүдесімен сыйыспайтын іс-әрекетін, теріс шешімдерін үнемі сынап, туралық айтып отырған. Бұндай кезде ол жырау, ел ақылшысы би ғана емес, туралықтан таймайтын, алған беттен қайтпайтын батыл да батыр адам ретінде де көзге түседі. Білек күшімен емес, білік күшімен ханға қасқайып қарсы тұрған жыраудың рух күшінен бас имеске шара жоқ. Оның Абылайға арналған «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда» деп басталатын әйгілі толғауында:

Ай, Абылай, сен он бір жасыңда,
Әшейін-ақ ұл едің.

Он бес жаска келгенде,
Арқада Әбілмәмбет төренің,
Түйесін баққан құл едің.
Абылай атың жоқ еді,
Сабалақ атпен жүр едің.
Оны да көрген жерім бар,
Жаныс Қарабайдың қолында
Түнде туған ұл едің.
Жиырма беске келгенде,
Бақыт берді басыңа,
Тақыт берді астыңа [23, 94 б.], –

деп мейманасы тасқан Хан Абылайдың шыққан тегін еске салып, өзі куәлікке жүріп тәубасына келтіреді. Ел билеген ханның елден асып кете алмайтындығын еске салады. Бұқар данагөйдің айтып отырғаны – Абылайдың осы өзі хан болған елдің арасынан шыққан қарапайым жан екендігі. Өткенді ұмытып, басқа қонған бақытты теппеу қажеттігін еске салуы. Қазақ деген ел болса, оның ханы болары нақ, жоқ болса, оның кім болары бір Аллаға белгілі. Ендеше хан билігінің басты арнасы ел бірлігін сақтау саясатынан тұғыр табуы тиіс. Дана жырау ханға осыны ескертеді.

Ел бірлігі – тәуелсіздік кепілі болса, ел тыныштығы – мамыражай тіршілік тірегі. Сондықтан да Бұқар жырау толғаулары көбіне осы екі жайды жырлауға бағышталған. Ол тіпті ел тыныштығын сақтауда қаһарлы хан Абылайға да, қол бастаған батырларға да қатты айтып, тура сөйлеуден тайсалмайды. Ашуға тоқтау, ақылға жөн сілтеген Бұқар толғаулары сөз астарындағы рух-жігердің қуатымен, салиқалы ой-тебіреністің тереңдігімен діттеген жерден шығып жатады. «Ал тілімді алмасан» деп басталатын толғауындағы Абылайға қарата айтылған мына жолдар – осының жақсы дәлелі:

Жұлдызың туды-ау оңыңнан,
Жан біткен еріп соңыңнан,
Он сан алаш баласын,
Аузыңа құдай қаратып,
Жуасытып тағы өргізіп,
Жұмсап бір тұрсың қолыңнан [23, 92 б.], –

деп Абылайдың атақ-даңқын асыра мақтай келіп, осынша жеткен жетістіктің бәрі халықтың арқасы екенін, ел тілегі – береке-бірлік екендігін қадап айтып, еркіндік пен елдікке найзаның ұшы, білектің күшімен қол жеткізген жұртына жаулық сағынбауын тілейді. Халық қаһарының ұлан күш екенін де еске салады.

Ашуланба, Абылай,
 Ашулансаң, Абылай,
 Көтерермін, көрермін,
 Көтеріп қазға салармын.
 Өкпеңменен қабынба,
 Өтіңменен жарылма,
 Орыспенен соғысып,
 Басына мұнша көтерген
 Жұртыңа жаулық сағынба.
 Күнде меңдей жырлайтын
 Токсан үште қария
 Енді де саған табылмас [23, 92 б.].

Бұқардың осы толғауы жалпы жыраулық мұрасының «темір өзегі» болып табылатын туған ел, туған жер, Отанды қорғау идеясынан желі тартқан.

Ел басшысы мен батырларының басты міндеті – ел қорғау, ел тыныштығын сақтау. Әлсіз елге бас салып, әлді елге күш көрсету ақылдының ісі емес. Бұқар толғауындағы «Орыспенен соғысып, ...жұртыңа жаулық сағынба» деген жолдарын біз кезінде орысқа бодан болу идеясы өз заманының «идеологі» атанған Бұқардан шықты деп, сөйтіп осы тұжырымды қара бұқара тілегіне санап келдік. Орыс сөзі мұнда жалпылық сипатқа ие. Алайда Бұқар толғауындағы жолдарды тура мағынасында емес, жалпы шапқыншылыққа қарсылық толғамы ретінде қабылдауымыз керек. Мәселен, «Абылай ханың қасында» деп басталатын толғауындағы мына жолдар:

Абылай хан қасында
 Бұқарекең жырлайды.
 Жырлағанда не дейді,
 Соғыспа деп жырлайды.

Бұқарекен деген кәрініз,
Соғыссаң кетер сәніңіз,
Бізден бұрын өтіпті,
Әзіреті Әліңіз.
Жаулық жолын сүймеңіз,
Мынау жалған сұм дүние
Өтпей қалмас деменіз [23, 92-93 бб.].

Жоғарыдағы пікірімізге нақты дәлел. Жырау ел қорғау мен шапқыншылықтың, азаттық күрес пен жаулықтың айырымын жақсы сезінеді. Сонымен бірге ол елдік пен татулықтың жыршысы ретінде көрінеді. Осы толғауындағы:

Өлетұғын тай үшін,
Қалатұғын сай үшін,
Қылмаңдар жанжал, ерегес.
Бұл қылықты қоймасаң,
Құдайдың бергеніне тоймасаң,
Көрерсің сонда теперіш [23, 93 б.], –

деген жолдарда ел бірлігінің ақиқаты жатыр.

Бұқар – тек заманаға ой айтып, жыр төккен ақын ғана емес, ол ел ағасы, жөн-жоба көрсетуші. Абылайдың өзіне қарсы қату-қату сөз айтуы осыны да білдіреді. Бұл оны Абылайдың қолшоқпары ретінде көретін кейбір пікірлерді жоққа шығарады. Мәселен, көрнекті әдебиет зерттеушісі Е. Ысмаилов Бұқар ақындығы мен оның өз заманындағы қызметіне жақсы баға бере келіп: «Бұқар – ақын ғана емес, Абылайдың қолшоқпары, бітімшісі, биі. Ол XVIII ғасырдағы қазақ елінің жоңғарға қарсы күресін дұрыс жырлағанмен, ішкі қоғамдық мәселеде Абылайдың жаршысы болды» [25, 42 б.], – деген жаңсақ пікір айтады. Бұқар керісінше, Абылайға пікірін өткізе алатын беделді қайраткер болған. Оның өз уақытындағы қоғамдық орнын С. Сейфуллин нақты таныған. Ол: «Бұхар жырау Абылай ханның заманында ханның бірінші жыршысы – шешен ақылшысы болған» [26, 84 б.], – деп нақты бағасын берген.

Бұқар жырау – ақындығымен бірге сұңғыла саясаткер, көреген қайраткер. Оның өлең-жырларында осы екі қасиет бір-бірімен біте

қайнаса көрініс тапқан. Оның үнемі Абылайдың айбынын асыра жырлауының сыры «қолшоқпарлықта» жатқан жоқ. С. Мұқанов айтқандай, Абылайдың «Ақтабан шұбырындыдан» кейін мемлекеттігінен айрылып, тозған Орта жүз қазақтарының басын қосып, елін, жерін қорғайтын ел құрауында: заманына қарай дипломатиялық саясат қолдана біліп, екі мемлекеттің (Ресей мен Қытай. – Ө.Ө.) арасында өз қарамағындағы елдің тәуелсіздігін сақтай білуінде» [22, 196 б.]. Абылай айлакер болса, Бұқар – көреген. Ол – Ресей мен Қытайдың айлалы саясатын өзгелерден оқ бойы озып көре білген қайраткер. Оларға өздігінен тиісіп, соғысу «қазған көрге доңғалақтап барып түсумен» бірдей. Сондықтан да жырау қос бүйірден қысып тұрған тұяғы тегеурінді «самұрық» пен аузынан жалын шашқан «айдаһардан» сақтандыруға бар күшін сарқа пайдаланды. С. Мұқанов бұл туралы: «өз заманының көреген ақыны Бұқар жырау бұл құрсаудың не құрсау екенін болжайды, қазақ елін отарлау саясатын жүргізер алдында құрылған қақпан екендігін түсінеді» [27, 17 б.], – деп жырау көрегендігіне нақты айғақ айтады.

Бұқар жырау толғауларында шапқыншылық, басқыншылық, зорлықшылдық үнемі сыналып, керісінше ел қорғаудағы ерлік, азаттық жолындағы күрес кереметтей дәріптеліп отырады. Басқыншыларға қарсы аттанған ерлерге арналған жолдауында жырау жауға қарсылық айуандыққа ұласып кетпеуін үнемі ескертіп, адамдық қасиеттерді бәрінен биік қойып отырады.

Жазықсыз елді күйдірме,
Қанішер тартсын жазасын,
Ел шаруасын бүлдірме,
Қайтарар бір азасын,
Хан ордасын талқанда,
Ер екен деп қарасын,
Қатыгез жауды шауып ал,
Ел екен деп санасын [23, 98 б.].

Қарап отырсақ, жырау бағалар батырлық қасиет – ел шабу емес, ел азаттығын қорғау. Жазықтыны ғана жазалау. Ол қазақ батырларын жырға қосқанда да осы мақсат тұрғысынан келеді. Бөгенбай батыр өлімін Абылай ханға естіртуінде, батырдың ел үшін еткен еңбегін баса айтып, соған назар аудартады:

Еңбек қылған ел үшін,
Жауда кеткен кек үшін,
Қазақтың абырой-арына
Сарп қылған бар күшін,
Қайыры болсын халқына,
Сабыр қыл, ойлап келмесін,
Қарияң келіп жырлап тұр
Еңбегі сіңген ер үшін,
Батырың өтті Бөгенбай!.. [23, 100 б.]

Кешегі ел тірлігі сынға түскен тұста Абылай мен Бөгенбай батырға батырып айтып, татулыққа шақырып:

Уа, сен Қанжығалы Бөгенбай,
Тақымы кетпес ұры едің.
Түн қатып және жүр едің,
Қабанбайдан бұрын найзанды
Қай жерде жауға тіредің [23, 92 б.]? –

деп ащы да болса, елдік үшін ашына сөйлеген жырау, Бөгенбайдай арыс дүниеден қайтқанда оның аруағын асқақтатып, абыройын аспандатады. Абылайдың бар жеңісі төрт тірек: «Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек арқылы келгенін Бұхар бірліктің берік камалы» – деп біледі. Жырау батыр қазасы – ел қайғысы екенін жанымен сезініп, жүрегімен түйсінеді. Бөгенбай өлімі жай пенденің өлімі емес, жеке бастың қайғысы емес, ел қайғысын ел қорғаны батырдың елге сіңірген еңбегін жырлау арқылы жеткізуінде үлкен мән бар.

Бөгенбай қазасын Үмбетей жыраудың да естірткені белгілі. Бұлар бір тақырыпқа арналғанмен, айтылар ой реңкі әркелкі. Көрнекті әдебиетші-ғалым Х. Сүйіншәлиев екі естірту туралы былайша ой түйеді: «Бұхар мен Үмбетейдің Бөгенбайды бейнелеулері сырттай қарағанда үндес сияқты. Ал дұрыстап ой сала оқыған адам олардың ұқсастығынан гөрі әрқайсысының өзіне бөлек құдіретті туынды екеніне көздерін жеткізеді» [21, 350 б.]

Бұқар мен Үмбетей толғауларында ұқсастық Бөгенбай батыр өліміне естіртуге арналғандығында ғана. Осы екі толғаулы жырда

атқарар міндет, көздеген мақсат басқа, ой бөлек. Үмбетей Бөгенбай батыр өлімін Абылайға салмақ сала, ханға сіңірген еңбегін алға сала естіртсе, Бұхар керісінше батырдың елге сіңірген еңбегін баса айтуға, жыр жолдарында қайғы мен қасіреттің ауыр салмағын сол арқылы жеңілдетуге тырысады. Сондықтан да естірту Бөгенбайдың ерлікті өнеге еткен өмір жолын өрнектеген, ерлігін паш еткен, ел үшін жан аямаған батырлығын жеріне жеткізе жырлай алған толғаулы жырға айналған.

Жырау үшін ел тұтқасы ханда, ел тірегі батырда, ел иесі биле, сол халықтың құрметіне қызмет етуі тиіс. Оның «Шашырап жатқан хандар көп, шүршіт келем дегенге сөз барды», «Көкшетаудан салдырған», «Кеше қара қалмақ бүлінді», «Ханға жауап айтпасам» т.б. толғаулары басындағы бақ таймауы, екіталай күн туғанда ел киесіне айналған тұлғалардың тура жолды таба білуі жайында жырланады. Бұқар толғауларындағы басты сарын – ел азаттығы мен тәуелсіздігін жырлау. Өйткені ол жаугершілік заманның тірі куәгері. Аумалы-төкпелі заманның құбылысын алдын ала сезіп, ел бағының келері мен кетер жерінің ұрымтал тұсын дәл аңғарар көріпкелдік – Бұқарға тән қасиет. Ел елдігін, мемлекеттік тұтастықты сақтау жолымен, азаттықтан айрылар кесепатты тұстың себеп-салдарын тамыршыдай тап басып танушы да – осы Бұқар.

Бұқар жыраулық дәстүр мен ақындық өнерді бір-біріне жалғастырушы алтын көпір іспетті. Оның өлең-жырларында жыраулық үлгідегі іргелі тақырыпты кеңінен толғанған толғау да, жеке көңілдің ішкі иірімдерін шертер шағын өлең де кездеседі. Жыр табиғатын айқындау да оның адамдық, азаматтық, өнерпаздық тұлғасының сан қырлы қасиеттерді тоғыстырғандығының куәсі. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әдебиетші ғалымдары шығарған «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» атты оқу құралында жырауға мынадай анықтама берілген: «Ең әуелі ақын. Мемлекет қайраткері. Саяси көреген. Шешім, келісім айтушы. Ханның қасында отырған көсем. Мінші, сыншы. Қошеметші. Сырт елдермен бітістіруші. Елші. Қолбасы батыр. Жауынгер. Жаугершілік эпосты туғызушы, жырлап таратушы. Қоғамның үгітшісі, ұйытып айтар абызы. Елдің ақылгөй ағасы. Бітімші биі. Жыраудың сөзі – толғау. Толғағанда дүниенің шартын, жаратылыстың заңдарын түгендеп, тауысады,

өз қоғамының үлкен әлеуметтік құбылыстарын қозғайды, тәлімі мен тәрбиесін термелейді. Өткен тарихтың, өз дәуірінің шежіресін жасаушы, жеткізуші. Сәуегей әулие. Бақсы, емші. Жаугершілік заман перзенті» [28, 203 б.].

Ұзақтау үзінді беруіміздің себебі бар. Осы анықтамада Жырау табиғаты толық ашылған деп білеміз. Ал кезегінде Бұқардың бойында осы қасиеттердің бәрі тұнып тұр. Ол кешеден келе жатқан Асан, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа, Қожаберген, Ақтамберді, Тәттіқара т.б. жыраулардың дәстүрін жалғастырып, заманына лайық жаңаша ой айтып, өз қоғамының қыр-сырын толыққанды ашып, поэзиядағы өзіндік өрнегін қалыптастырды. Жыраулық үлгінің қалыбын алып, мәні мен мағынасын жаңартты. Оның өлең сөзінің өн бойынан ақындық белгісі көрініс тауып, жалпыдан жалқыға бет бұрыс байқалады. Адамның ішкі әлеміне бойлау, толғау-толғаныс сезім мен жан дүниенің астарласуы арқылы сыртқа шықты. Ақындық «мен» лириканың болмысын танытты. Бұқар толғауларында көбіне өзіне қайырылуының басым келуінің себептері осында. Х. Сүйіншәлиевтің: «Бұқар шығармашылығы өзіне дейінгі және кейінгі дәуір ақындарымен туыстасып, жалғасып жатыр. Ол қазақ поэзиясының желісі бір сарынын танытады. Дулат, Шортанбай, Мұрат ақындар да Бұхар шығармашылығымен үндес келетін әрі ақын, әрі жыраулардан саналады» [21, 365 б.] дегенін құптайтын болсақ, аталмыш ақындар Бұқардың ақындық, жалпы жасампаздық дәстүрін жалғастырды деуге толық негіз бар.

Жалпы алғанда, жыраулық дәстүрден негіз тартқан азаттық идея күрескерлік рух ХІХ ғасырдағы қазақ ақындары арқылы ХХ ғасырдың басындағы әдебиетте басты ұстанымға айналды.

1.2. Зар заман әдебиетіндегі азаттық идеясының көрінісі

Арғы қазақ тарихын тарихшылар үлесіне қалдырып, бергі тарихқа ой жіберіп көрсек, кейбір қызықты деректерге тап келеміз. Мәселен, Қазақ хандығы хижраның 870 жылы Қозыбасы деген жерде қазақ ордасын тігіп, ту көтергендігі көзі қарақты жанның бәріне белгілі. Бұл туралы қазақтың тұңғыш тарихшысы Мұхаммед Хайдар Дулати былай деп жазады:

«Әбілқайыр хан Дешті Қыпшаққа өзгедей билігін орнатқан кезде Жошы әулетінен шыққан кейбір тіміскішіл сұлтандар одан келер бір пәленің исін сезіп қалып, оны орнынан тайдырмақ болады. Керейхан, Жәнібек сұлтан сияқты кейбір сұлтандар мен басқалар азғана топпен Әбілқайыр ханнан қашып, Моғолыстанға келді. Сол уақытта Моғолыстан хандығын билеу кезегі Есенбұға ханға жеткен еді. Есенбұға хан оларды қатты құрметтеп, оларға Моғолыстанның бір шетін бөліп берді. Олар осы жерден қауіпсіз жайлы қоныс тапты. Сөйтіп, тыныш өмір сүріп жатты.

Әбілқайыр хан дүние салғаннан кейін өзбектердің ұлысында алауыздық пайда болды. Әркім мүмкіндіктеріне қарай қауіпсіз һәм дұрыс өмір сүру үшін Керейхан мен Жәнібек ханды паналады, олар осылай күшін нығайтты. Басында өстіп елден қашып, олардан бөлініп, жырылып қалып, біраз уақыттарын әрі сергелденде болғандықтан оларды «қазақтар» деп атады. Бұл лақап ат қазақтарға осылай танылды» [29, 305-306 бб.]. Осынау 1456 жылдың әйгілі оқиғасының тарихи маңызын тарихшы Ө. Әбдікәкімұлы: «Халқымыздың тарихындағы кезеңдік құбылыс, мемлекеттік құрылым бастау алған қазақ деп аталатын жаңғырған этностың дүниеге келген мезгілі...» [30, 74 б.] – деп бағалайды. Қалай дегенде де қазақ халқының тек-тарихының бастау көзі осы тұста жатқандығы шындық. Біздің мақсатымыз қазақ тарихының межесін анықтау, ақиқаты мен аңызын айыру емес. Мақсат – Қазақ ордасы құрылды дейтін тұстан бергі тарихтың жалпы сипатына назар аудару. Шартты түрде қарайтын болсақ, осының алғашқы екі жүз жылдығы, яғни Керей ханнан Тәуекел ханға дейінгі кезеңі хандықты нығайту, іргесін кеңейту жолындағы соғыстармен өтсе, келесі жүз жылдығы басқыншыларға қарсы күреспен өтті. Осы кезең тарихының терең білгірі М. Мағауиннің пайымдауынша, алғашқы 200 жылдық «...520 жылдары басталып, ара-тұра үзілістермен 1758 жылға дейін... созылады» [18, 63 б.].

Тәуке, Есім, Жәңгір қазақ хандығын құлатпау жолында ұлы істер атқарды. Қазақ Ордасының келесі жүз жылдығы жеңілісінен жеңісі көп, ата жау жоңғар қалмақтарының басқыншылығына қарсы күресте шыңдалған, Өз Тәукенің тұсында «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» болған тарихи кезең. Өз Тәукенің ел бірлігін ойлаған хан екендігі туралы ел аузында мынадай аңыз сақталған: «Бірде Тәуке хан өзінің айналасындағы

қолбасшыларына тапсырма беріп отырып, әлгілердің тапқырлығын сынамақ болады да, әңгіме барысында былай дейді: «Мен мынаны білсем деймін. Жоңғар шапқыншылығын тоқтатып, олардың ордасын күл-талқан ету үшін қазақ халқына не қажет?»

Біршама ойланған серіктестері әр түрлі пікір айтқан көрінеді. Сонда Тәуке хан:

– Бәрі дұрыс-ақ, тоқ етерін айтатын болсақ қазақ халқына Құдайдың құтты күні және болашақта да ауызбірлік қажет. Ол еліміздің мәңгілік қаруы, күш-қуаты және жеңістеріміздің күре тамыры» деген екен [31, 128 б.]. Бұл аңыз-әңгіме – Тәукенің мемлекеттің нығаюына қажетті басшы нәрсені жете білген сұңғыла саясаткер екенін танытса керек. Бұдан соңғы жүз жылдық - Өз Тәукеден кейін түгел жұртты қаратқан ханы болмай, Ресейге бодан болуға еріксіз бойұсынған, отаршылдық бұғауын мойынға ілген тұс. Бұл кезеңді XVIII ғасырдың екі жартысы деп санасақ, XIX ғасырдың алғашқы ширегінен бастап, осы отаршылдық саясаттың әккі аяласын сезініп, «қылша мойын талша» деп, тұяқ серпи бастадық. 1830-дан 1930-ға дейінгі 100 жылдыққа созылған бұл күрес кеңестік өкіметті мойындап, социалистік тұрмысқа бет бұрумен аяқталды. Осынау өткен тарихқа көз жібергенде, неге екенін қайдам, қазақ тарихының өзгерісі маған әр ғасырдың 30 жылынан басталып, келесі ғасырдың 30 жылында аяқталатын тәрізді көрінеді. Президентіміздің 2030 деп стратегиялық жоспар құруында да белгілі бір құдіретті құпия бар сияқты.

Құпиясы көп, қатпары терең тарихты жайына қойып, төл еншіміз әдебиетке келер болсақ, осынау күресті ғасырлардың бедері туған әдебиеттің бетінде жатыр. Оның кейбір дәстүрлі көрінісін жоғарыда екшеп айттық та. Ендігі әңгіме орыс бодандығы тұсындағы әдебиеттің өзгеше сипаты жайында болмақ.

Академик С. Қирабаев: «Арғы заманда «көшерін жел біліп, қонарын сай біліп» жүрген көшпелі ел сыртқы жаудан қорғасу, ешкімге тәуелді болып қалмау қамы үшін халықты ерлікке, күреске үгіттеген жауынгер жыр тудырса, бергі заманда орыс отаршылығының езгісіне күңіреніп, зар заман поэзиясын тудырды. Бірде Исатай мен Махамбет болып, бірде Кенехан, Қайыр, Сырым болып арпалысып, отаршылдыққа қарсы тұрған халық жеңіліп, опық жеді. Осының бәрі әдебиетте ұлт тағдырының аянышты суретіне айналды» [32,

83 б.], – деп арғы-бергі тарихи кезеңдердегі қазақ әдебиетінің өзіндік сипатын тап басып таниды. Ұлт тағдырының аянышты халін, әсіресе, әлгінде айтқан соңғы жүз жылдықтағы (1830-1930) оқиғаларды әдебиет тасқа басқан маржандай етіп, нақышына келтіре көрсетіп берді. Мұның өзіндік себебі де жоқ емес. Бұл тұста, біріншіден, қазақ ұлты өз тарихындағы ең ұзақ отаршылдық қыспағын көрсе (1730-1930); екіншіден, біртұтас халық екі жақты езгіде (тап тұрғысынан емес) болды. Оның бірі алып Ресей болса, екіншісі – қайқы қылыш жалаңдатқан Орта Азия хандықтары (Қоқанд, Хиуа т.б.), кейінгі жүз жылдық түгелдей Ресей еншісінде кетті.

Ресей бодандығына түскен елдің халін алғаш аңғарып, жұртына ой салмақ ниетте өлеңіне ел өксігін жүк еткен ақындар – Мұхтар Әуезовтің дуалы аузымен «зар заман» ақындары аталып кеткен Дулат, Шортанбай, Мұрат ақындар еді. «Зар заман деген – XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңінің аты. Шортанбайдың өлеңі ілгері, соңғы ірі ақындардың барлық күй, сарынын бір араға тұтастырғандай жиынды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына «Зар заман» ақындары деген ат қойдық. Бұл ақындардың дәуірі жоғарыда айтқан тарихи дәуірді туғызды. Зар заман ақындарының алғашқы буыны Абылай заманынан басталса, арты Абайға келіп тіреледі. Сондықтан қазақтың тарихымен салыстырсақ, зар заман дәуірі толық жүз жылға созылады» [4, 194 б.], – деп бастайды өзінің 1927 жылы шыққан атақты «Әдебиет тарихы» кітабының «Зар заман ақындары» бөлімін М. Әуезов. Мұнда ғұлама ғалым сабақтас дәуірлер әдебиетін тұтас бірлікте алып қарастырып, олардың ара-жігін ашпай, Абайға дейінгі әдебиетті бір жүйеге біріктіреді. Мұның өзіндік себептері де жоқ емес. М. Әуезов «жүз жылдығы» бұл отаршылдықтың қыспағына түскен жүз жылдық еді. Ал бұл кезеңді бүтін күйде бөліп-жармай алудың сол уақыттағы халық қасіретін, оның басына түскен ұлы кесепаттың бар болмысын айқындауға мүмкіндік тудырамы, түгел сипатын бүтін күйінде бағамдауға қол жеткізетіндігі сөзсіз.

Зар заман ағымын жаңа сипатта зерттеп, оның әдебиетіміздегі өзінше құбылыс екендігіне терең зерттеулер арқылы қол жеткізген ғалым Б. Омарұлы бұл ағымның өзіндік ерекшелігін былайша

айқындайды: «Зар заман жырлары – отаршылдықтың талауына түскен ұлт тағдырының тұғырыққа тірелгендігінің белгісі» [33, 8 б.]. Яғни, М. Әуезовше айтқанда, «...орысқа бағынып, ноқтаға бас иіп, асаудың жуасып, алыптың басылған уақыты...» [4, 142 б.] келіп, ертеңгі күнге деген үміт отының сөне бастаған тұсы. Зар заман ақындарының ащы зарының мәні осында. Отар елдің зар мен мұңын жырлап, кешегі еркін күндердің елесін аңсап, болашаққа күмәнмен қараған ақындар сөнуге айналған ел рухының шоғын өткен күндердегі ерліктің өнегесімен үрлеуге ниет етті. Мына тіршіліктің ел болам дейтін жұрттың жолы еместігін, ел алдында таңдау тұрғандығын, екі айырқтың таңдауы ұлттың өз қолында екендігін жеріне жеткізе айтты. Және ол жырлар, ол сөздер далаға кеткен жоқ, көкейге қонды, ойды оятты, елім деген ердің намысын жаныды, күреске бастады. Біз оны осынау тарихи кезеңде қазақ даласындағы болған сан түрлі көтерілістерден көреміз.

Әбілқайыр бастаған кіші жүз рулары Ресей империясының қол астына кіргеннен кейінгі 50 жылдан соң қазақ халқы патшалық Ресейдің шын ниетін нақты сезіне бастады. Тарихи дерек бойынша, «1775 жылы патша өкіметі жергілікті басқаруға өзгерістер енгізіп, Орынбор губерниясы жойылды. Оның орнына шекаралық комиссия құрылды. Орал шекаралық желісі қайта қалпына келтіріліп, нығайтылды. 1773-1775 жылдардағы Е.Пугачев бастаған шаруалар көтерілісін ел жадынан шығару үшін Жайық өзені Орал өзені болып аталады. 1782 жылғы бұйрық бойынша, Еділ-Жайық арасы Нұралы хан мен туыстарының билігіне берілді. Патша өкіметі сұлтандарды өз жоспарларын жүзеге асыруға пайдаланды. Казак әскерлерінің қазақ ауылдарына басқыншылық шабуылдары үдей түсті. 1782-1783 жылғы қуаңшылық елдің патша өкіметінің рұқсат етуіне қарамай, ішкі жаққа өтуіне әкеліп соқты. Осы жағдайлар 1785 жылдың басында бұқараның қарсылық көрсетуіне әкеп соқты» [34, 124-125 бб.]. Бұл – Ресейге қарсы алғашқы бұлқыныс, Сырым Датұлының көтерілісінің басы еді. Ол кейіннен Жоламан мен Саржанның, Исатай мен Махамбеттің, Кенесарының көтерілістерінен жалғасын тапты. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Жанқожаның, Есеттің, Сейіл мен Беркіннің, Досан мен Исаның көтерілістері осылардың алысқа жеткен жаңғырығы болатын. Бұл көтерілістерге шетелдік

ғалымдар қатты назар аударған. Мәселен, қазақ тарихын біршама зерттеген АҚШ-тың Колгейт университетінің профессоры Марта Олкотт: «Қазақ тарихы туралы неғұрлым дәлелді көзқарасты М. Вяткиннің 1941 жылғы зерттеулерінен алуға болады», – дей келе, «Әрбір көтеріліс келесісіне дем беріп отырды, оның бәрі қазақтардың арасындағы орыстарға деген күшті наразылық сезімінен туындады, олар орыстарды өз жерінің шаруашылық жағдайының нашарлауының себепшілері деп білді» [35, 102 б.], – деген қорытынды жасайды.

Осынау көтерілістердің, әсіресе, Кенесары, Исатай, Жанқожа көтерілістерінің аяусыз жаншылып тасталуы, зар-заман ақындары шығармашылығына өзгеше самал беріп, олардың зар-мұңындағы үмітсіздікті күшейте түсті. Мұны Халел Досмұхамедұлы: «Болжалдық әдебиеттегі бұндай үмітсіз зарлы сарын, әсіресе ХІХ ғасырдың екінші жартысында – саяси бостандықтан үміт кесілгенде (Исатайдың, Кенесарының т.б. көтерілістерінің жаншылуы), қазақ жерін отарлау күшейгенде ... күшейе түсті» [35, 22 б.], – деп нақты көрсетеді.

Зар заман әдебиеті – қазақтың арғы-бері тарихындағы жүз жылдық дәуірді қамтитын ерекше ағым. Қазақ әдебиетіндегі бұл ағым туралы кеңестік кезеңде де аз сөз болған жоқ, бірақ ол жабулы күйде қалып, ашық айтылмаған шындық жеріне жете ашылған жоқ. Мұның себебін Х. Сүйіншәлиев: «Оларды (зар заман ақындарын – Ө.Ә.) түгел әдебиет тарихынан шығарып тастағысы келмеген аға буын әдебиетшілер әр саққа жүгіртіп, өз ойларынан «зар заман» әдебиеті дәуірін шығарып та жүрді. Ресми баспа орындары бұл атауды да қабылдамады. Себебі олардың ойынша, қазақ халқын Россия патшалығының отарлауы, жер, суын жаулап алып, қуғынға салуы – прогресс, Россияның келешегі оны ақтады. Сондықтан отаршылдық дәуірі – «зар заман» – деп атау саяси қате түсінік-міс» [37, 4 б.]. Мұның дәлелін біз мына құжаттан көреміз. Отызыншы-қыркыншы жылдардағы ғылыми зерттеудегі жаңашыл ой-пікірлердің түбіне жеткен 1947 жылғы қаулы болып табылады. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің аталмыш жылдың 21 қаңтарында шыққан «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателер туралы» қаулысы талай ғалымдардың маңдайына бес елі сор болып жабысқан еді. Онда:

«Өткендегі әдебиет өкілдері жалпы халық қайраткерлері болды деп көрсетіледі, ал олардың творчествосы тап күресіне байланыстырылмай, онан тыс тексеріледі. Сөйтіп, олардың шығармашылығындағы феодалдық, реакциялық, буржуазиялық-ұлтшылдық сарындар қағажу, бүркеуде қалдырылады (Базар, Мұрат, Шортанбай, Шәңгерей, О. Қарашев, С. Торайғыров және басқа ақындар)» [38], – деп тайға таңба басқандай етіп жазылған болатын. Әдебиетіміздегі ақтандақтарды ашып жүрген көрнекті ғалым Т. Кәкішев бұл туралы: «1950 жылы оқуды бітіріп, «Мектеп» баспасының оқу құралдары редакциясының аға редакторы болдым. Міне, осы кезде С. Мұқанов, Қ. Бекхожин құрастырған хрестоматия, Е. Ысмаилов, Х. Жұмалиев, Ә. Марғұлан т.б. авторлар жазған оқулықтар «астан-кестең» болды. Шортанбай, Мұрат, Дулат, Ғұмар, Шәңгерейлер «Тіл тартпай кеткендердің басы болды. Көкбай, Нұржан, Нармамбет сынды дарындар «сұраусыз кетті» [39,95 б.], – деп ащы шындықты ашып айтады.

Әрине, түгел дәуірді бір ағымның аясында қарау әділетсіздік болар еді. Зар заман жалпы дәуір сипаты, халық бастан кешкен кезеңнің бейнелі атауы, ал әдеби ағым ретінде ол қазақ әдебиетіндегі бір арнаны танытады. Оны ғасырлардан ғасырларға жалғасын тапқан қазақ әдебиетіндегі рухани сілкініс азатшыл сарынның бір сипаты ретінде қарастыру керек. Қазақ әдебиеті зерттеуінде зар заман ағымын жеке тақырып ретінде алғаш зерттеген ғалым Қ. Мәдібай: «Зар заманды әдебиеттің тұтастай дәуірі деп емес... оны тікелей орыс отаршылдығы түрлі саяси актілерді іске асыруды мақсат етіп, ақыры тындырып болған дәуір – отаршылдық дәуір аясындағы әдеби ағым, өзіндік өзгешелік, бөлекшілігі бар бағыт ретінде қарастыру, тіпті сол XIX ғасырдың өзіндегі, XX ғасыр басындағы өзгеше бағыт, сарындармен араластырмау қажет» [40, 16 б.], – деп санайды. Шындығында солай. Бір дәуірде өмір сүргенмен, Дулат пен Махамбет поэзиясының ерекшелігі айқын білініп тұрмай ма?! Дулатта ел қамын ойлаған зар-мұң басы болса, Махамбетте жігер жаныған отты өлең, иілмеген бас, иіні түспеген рух сезіледі.

Әдетте зар заман ақындарын атағанда, Дулат, Шортанбай аттары ауызға алдымен ілінеді, қатарласа жүреді. Тіпті Абайдың әйгілі «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» деп басталатын өлеңінде де «Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау» [1, 76 б.] деп, жұп

жазбастан бірге жүр. Ендеше зар заман ағымын қалыптастыруда осынау қос ақынның қызметі орасан зор деп білуіміз керек. Олар өмір сүрген кезеңге тарихшы көзімен қарасак, «XIX ғасырдың алғашқы жартысы – Қазақстан үшін тарихи кезең, яғни саяси, мемлекеттік еркіндіктен біржола айырылып, отарлық ахуалдың, саяси тәуелсіздіктің дәм-тұзын тату кезеңіне қадам басу уақыты» [41]. Ал ол идеологиялық тұрғыдан бір өзін-өзі билеген еркін елдікті тұғыр еткен, соны көкसेген ұлы арманның көрінісі еді. Ұлт азаттығын аңсаған патриоттық сезімнен туған бұл поэтикалық жүйе ұлт теңдігі туралы тарихи сана қалыптастырған өзіндік өмір-танымды дүниеге келтірді. С. Мұқанов жалпы XIX ғасыр әдебиеті туралы мынадай түйінді тұжырым жасайды: «XIX ғасырдың алғашқы жартысында ұлт бостандығын жырлайтын әдебиет жасады. XIX ғасырдың 50-70 жылдығында «Зар заман» әдебиеті басым болды. XIX ғасырдың 70 жылдарынан бастап просветительдік (мәдениетке үндеуші) әдебиет туды» [27, 52 б.]. Ендеше, «ұлт бостандығын жырлайтын әдебиет» басында өзге емес, Дулат ақын тұрды. Кер заманның кермегін тата бастаған елінің күйін ақындық жүрегінің сезімталдығымен ұғып, оны өлең-жырының өзегіне айналдыра білген Дулат – уақыттың куәгері де, төрешісі де. Ол – көргенінен қорытынды жасап, естігенін ой елегінен өткізе біліп, өлеңге ой түсіріп ғана қоймай, ой салмағына орай оның өрнегін де өзгерте алған ақын. Дулаттағы ой мен өлең тұтастығы – оның қазақ поэзиясын жаңа белеске көтергенінің нақты айғағы. Зар заман атты бағыт Шортанбай өлеңінің атауын алғанмен, оның «атасы» – Дулат.

Кешегі бір заманда,
Қасиетті еді хан-қараң.
Мынау азған заманда
Қарасы – антқор, ханы – арам.
Батыры – көксер, басы аман.
Бәйбіше – тантық, бай – сараң,
Бозбаласы – бошалақ,
Қырсыға туды қыз балаң.
Нары – жалқау, кертабан,
Құсы – күйшіл, ат – шабан
Жырғалаң, жоқ, жобалаң.

Ебі кеткен ел болды,
Енді қайда мен барам [42, 91 б.]?

Бұл – Дулат ақын салған азған заманның айқын суреті мен азғындардың қапысыз берілген бейнелері. Мұның астарында көп нәрсе жатыр. Замананың салтын өзгертіп, түрін бұзған кім?! Түңілген жұртты шошындырған не?! Міне, өлеңдегі толғаулы ойдың жауап іздер нәрселері – осылар. Оның жауабы – бірлікті ұйытқан білікті тұлға жоқтығы, тәуелсіздікті ту көтерген білектің аздығы, әділетті ақ жол еткен бидің кемдігі. Ал осының бәрін туындатқан бас кінәлі – орыс отаршылдығы. Өрісінен мал кеткен, иелігінен жер кеткен, өзінен ерік кеткен ел, меңдуана жегендей меңіреу күйге түсіп, «құлаққа ұрған танадай» сенделіскен күй кешті [40]. Патшалық өкіметтің әккі саясаты оларды, әкімшіліктің бетіне қараған «күнбағысқа» айналдырды. Қу заманның құпиясын ашқан Дулат олардың әрқайсысына сипаттама беріп, дәлме-дәл сипаттайды.

Ұлық қысса ұлықты,
Ұласып мидай быллықты:
Атқамінер ауылда,
Итше ілініп ылықты.
Орыстың көрсе ұлығын,
Қыздан-дағы қылықты.
Ұлық кетсе, қазаққа
Қорқау қасқыр құлықты [42, 74 б.]

Дулат – өлең сөздің құпиясын мейлінше терең игерген ақын, оның сөз ойнату тәсілі айтар ойымен өзектес түсіп жатады. Ақын құрғақ сөз, жылтыр құбылмалыққа құмар емес. Ол өз сөзінің тыңдаушыға мейілінше ұғынымды болуын қалайды, соған сай көркем сөздің мәйегін тереді. Сөз сырының мәніне үңілген ақын-жыраулардың шеберлік өрнектерін зерттеген ғалым С. Негимов: «Ақын-жыраулар шалқыған шабытын, толқынды ойын, гауһардай құбылған тілін ынталы жүрекпен, ояу көңілмен ұғынатын тыңдаушыларды тілейтінін мына бір сөздері арқылы байқауға болады» [43, 44 б.] дей келе, мысал ретінде Дулаттың төмендегі өлең жолдарын келтіреді:

Шешендіктің сәні жоқ,
Сөзіне сүттей ел ұйып.
Қолтығына ел сыйып,
Басына бақыт қонбаса [42, 103 б.].

Иә, Дулат – көмейіне бұлбұл қонған, сөзіне ел ұйыған ақын. Ол әрбір сөзіне мың батпан жүк артып, ортаға салмағына сай ой тастайды. Ал Дулат өлеңінде ой-жыр айналар алтын қазық – ел-жұртының ауыр халін айту.

Хан талауда, қамалда,
Қалды кеме қайрақтап,
Абылай туы жығылды,
Қабырған қазақ сығылды.
Үріккен қойдай біріне,
Бірі келіп жығылды.
Батыстан соқты боран боп,
Шығыстан күткен ызғырық [42, 91 б.].

Ақын қазақ басына төнген қасіреттің бас кінәлісін нақты көрсетеді. Кешегі Абылай заманында шығыспен алысып, бар бәлені сол тұстан күткен ел, батыстың басқа бәле болып жабысарын білген бе еді. Әрине, жоқ! Оған уақыт керек болды. Үміт ақталмады. Патша өкіметінің айлалы саясаты ақыры алып тынды. Ел жағдайы мен жер жағдайы үлкен қауіпке душар болды. Отаршылдық саясат, ең алдымен, ұлттық рухты жаулауды қолға алды. Діннен айыру, тілден айыру, өзіндік салт-дәстүрді аяқ асты ету, елдің ел болып қалуының екіталай күнін туғызды. «Шығыстағы ызғырықтың» «батыстағы боранға» айналуы осы еді. Ақын мұны кеудедегі зар-мұң емес, ыза мен өшпенділікке толы кекті үнмен толғайды, ашына жырлайды. Бұл М. Әуезов сөзімен айтқанда, «Қазақты патша саясаты билеп алған... отаршылдық әрекетін күшейте бастаған, діннен айыра бастаған... Сыртқы өмірдің осы сияқты себептерімен қазақтың атына уайым араласқан, көңілі жабығып, қайғы басқан сөзінен, өлеңінен, әнінен бұрынғы билік, еркелік, еркіндіктің бәрі де арыла бастап, оның орнын арман, заршер, қайғы басқан» [44, 291 б.] уақыттың нақты сипаты. Дулат уақыт тынысын дәл аңғарып, елдің жай-күйін шынайы көрсетеді.

Дулат тек айтушы ғана емес, осы күйге елді жеткізген «ерлерді» сынаушы да. Жай ғана сынаушы емес, олардың түрін түсітеп, ісін бейнелеп, сыртқы кескін-кейпі мен ішкі жан-дүниесін қатар ашып, олардың сұрқия тірлігінің халық жадынан еш өшпестей етіп, бедерлеп, бейнелеп беруші. Оның әрбір елдің тізгінін ұстадым деген биліктегі берекесіздерге берген мінездемесі, әрі өткір сын, әрі өшпестей салынған сурет. Қараңыз, азған заманның биі қандай:

Ұлықтың заңын қуаттап,
Жол салып еді суаттап,
Баладай алдап уатпақ,
Би дегенің би емес,
Ел алдағыш мекері [42, 94 б.].

Бек дегенің:

Шен-шекпенге құмартқан,
Қанталап көзі мұнартқан,
Саудалап елін тиынға,
Құмартып ұлық сиына,
Бек дегенің бек емес,
Хан жалшысы нөкері [42, 94 б.].

Елдің ендігі атқамінерінің сиқы мынау:

Майырдың алса бұйрығын,
Борбайға қысып құйрығын,
Ел пысығы жортады,
Өзі елді қорқытып,
Онан өзі қорқады [42, 110 б.].

Ал ел сенім артқан, ел тұтқасы дейтін, қазақтан шыққан ең үлкен бастық аға Сұлтанның тұрқы мынау:

Қазіргі қазақ ұлығы,
Жаман иттен несі кем.
Жемтік көрсе, қан көрсе,

Айрылар мүлде есінен.
 Сендер атқа мінген соң,
 Тандыр болып суалды,
 Шалқар көлдей несібем [42, 67 б.].

Мұның бәрін Дулат кекесін, сықақ етіп емес, шындықтың қанын шығарып жаны ашына да, әлгілердің қылығынан шошына да жырлайды. Себебі ел сенім арқалар ер тұлға езге айналған заманда ертеңгі күнге деген сенім жоғалып, еркіндікке жетер кезеңде көзден бұлбұл ұшады. Дулаттың кейінге қарайлап, ертеңге аландауының да бір сыры осы тұлға жайлы топшылауында, оған көңілі толмауында жатыр. Кешегі хан тұқымының бүгінге жаутаң қаққан сұлтан күйге қалай түскендігінің себеп-салдарын өзгеден емес, дәл соның өзінен көреді:

Қарағысыз ел мен жұрт,
 Төрелік түскен дағыңа,
 Ие болмай айырылдың
 Атаңның алтын тағына,
 Қара толқын жау толды
 Шығыс, Батыс жағыңа,
 Тұлпарлардан туған тұқым ең,
 Ере алмадың жабыға.
 Етегін ашып кім күлмес,
 Азғындаған шағыңа [42, 68-69 бб.].

Міне, осылардың сұлбасынан шошыған Дулат ертеңнен түңіліп, зар шегеді. Арты келмес, алды түнек заманның тығырықтан шығар жолын таппайды. Күңіреніс сыры санасы барға осыны ұғындырады.

Азған елдің адамы,
 Апшыған сұмдар қадамы.
 Жүйрікпін деп шабады,
 Момынға жапса жаланы
 Құлық-сұмдық табады;
 Арқасы елдің жауыр боп,
 Жеңіл жүгі ауыр боп,
 Төрт аяқтан ақсауы-ай... [42, 64 б.]

Жай осылай болғанда, үміт оты сөнбегенде қайтпек. Дулат тіптен, түңіліске беріліп, келмеске кеткен үмітке үкім де шығарып қояды.

Енді қазақ ел болмас,
Күні өтіп, айы асқан.
Дәрігері дарын болса да,
Ауруға ем қонбас,
Мүйіздескен сиырдай
Байласаң бас жіп жетер ме?! [42, 73-74 бб.]

Осында екінші бір мәселе қоса айтылған. Ол соңғы жолда жатыр. Бұл – ел бірлігі мәселесі. «Мүйіздескен сиыр», «жетпейтін бас жіп» осыны меңзейді. Тұлға мен ел бірлігі – Дулаттың зар мен мұңы, көңілдегі күдігі.

Бұзауы өлген сиырдай
Сауын иіп Дулат жүр,
Місе қылып тұлыпты [42, 74 б.], –

деп, зар заман ақыны атанған Дулатты алдағы күнге жетелер нендей күш? Ненің қамы? Ол – отаншылдық рух. Дулат ел күйін айтып, елін еңіреткендерді сынағанмен, солардың болмысынан шошынғанмен, Отанынан, туған жерінен, өскен елінен безінбейді. Оған қуат беріп, қызуы шоқтай өлең шығарып, толғандыратын да соның жайы.

Атам қонған кең далам!
Мені сендей қызғанар
Бауырыңда өскен қай балаң!
Көл қорыған қызғыштай
Сен десе салам байбалам...
Өксігінді ойласам,
Ұйқы беріп, қайғы алам...
Қилы-қилы заман-ды,
Заманға сай адамды
Салғастырып қарасам,
Су мүйіз болған танадай
Шыр көбелек айналам [42, 81 б.].

Иә, туған жер тағдыры – Дулат жырының алтын арқауы. Ғалым Б. Дүйсенбаевтың тұжырымынша, «...ақынның осы шығармасындағы (Ата қоныс Арқадан. – Ө.Ө.) негізгі сарын қалған толғауларының көпшілігінде қайталанып, кейде толықтырылып, кейде күшейтіліп отырады» [45, 38 б.]. Осы өлеңдегі ерекше бір өзгеше сипатты зерттеуші А. Шәріп өте жақсы аңғарып, жете байыптай білген: «...тағы бір назар аударатын жанрлық жаңалық – туған жер туралы туындының әдеттегіше қоштасу немесе еске алу түрінде емес, қоныспен түгелдей сырласуға құрылған арнау үлгісінде шығарылғандығы» [46, 49 б.].

Ақын осынау туған жермен сырласуындағы өкініш пен қайғының құрсауында қалып қоймай үміт отын жаға алған. Ол иесі азғанмен киесі кетпеген туған жердің келісті көркем суретін жасап, жүрекке түрлі ой салады.

Ақжайлау мен Сандықтас,
Атамның қонған қонысы.
Түн асса, тұтам түгі өскен,
Басылмайтын сонысы.
Аққан бұлақ сай-салаң,
Шытырман тоғай айналаң,
Жаның жайлау кең алаң...

Ой, Сандықтас, Сандықтас,
Атамның қонған жайлауы,
Қайнардай суы қайнауы,
Шалғынға жонын көмілтіп,
Құлынды қазық байлауы [42, 81 б.].

Замана жайын толғаған Дулат қаншама күңіренгенмен ол туған жерінің тағдырына күрсіне отырып, күдікпен қарай алмайды. Мұндағы оның қарайлайтыны – «Адал бекзат, туысым» дейтін өзі сенім артатын замандасы мен «жетімдіктің белінен асып өтер» жас өскін. Дулат сеніміне қуат беретін де – солар. Әрине, Дулат келешектің кемел шағына жетер жолды дәл нұсқап бере алмайды. Бірақ сол сүрлеудің сұлбасын шырақ жағып іздер жандарды көре біледі. Дулаттың өзін де осы қатарға қосуға болады. Өйткені ол да – сол шырақшылардың

бірі. Оның біз Дулаттың ақындық пен ақындық міндетті түсін-уінен пайымдаймыз. Ақын ащы сынның да, өлеңдегі ойдың да мәнін өзі ашады, міндетін өзі түсіндіреді:

Қайырсыз сараң малдың да,
Еріншек есер жарлық да,
Халыққа емес сыйымды.
Парақор баспақ биіңді,
Ел бүлдіргіш бегіңді,
Әперіп сөзбен кегіңді,
Улы тілмен уаттым.
Сана құйып ойыңа,
Қуат беріп бойыңа,
Аққан жасыл сел болған,
Етегі толып көл болған,
Беріш болып шері байланған,
Ұйқы беріп, қайғы алған,
Қайғылыны уаттым [42, 62-63 бб.].

Ал мақсаты не?! Бұған жауапты ақын өзі береді. Оның кейінгі шәкірті Абай сынды «мақсұты алыс». Мақсат – елін алға жетелеу, алғы күннен жоқ іздету.

Сусағанды сулатып,
Шаршағанды қуантып,
Кезегенді тура атып,
Жырыммен елді жетелеп,
Мүніс жерден төтелеп,
Атылайын ақпандай [42, 63-64 бб.].

Дулат ақын артық мақтанның, жалпы өнер қонған жанға тән өрікпеген көңілдің адамы емес. Ол – өзінен жоқ іздеген жоқшы жан. Өзіне-өзінің көңілі толмау, кім-кімнен де табыла қалар мінез емес. Ол – Дулат сынды, Абай сынды дара туған даналардың ғана қолынан келер нас мәрттік. Кемшілікті өзгеден емес, алдымен өзінен көру, «Біреудің басындағы шоқты емес, өз басында отты» байқау, кез келгенге қона кетер «бақ» емес. Дулат ел жағдайы мен халық қасіретіне өзгені кінәлай бермей, өзін де кінәлінің бірі се-

зінеді. Жеріне жеткізе айта алмай, «замана илеуінде» кеткендей сезінеді кейде ол өзін. Өзінің міндетін дұрыс атқара алмағандай, күдік кеулейді кеудесін. «Сөзім бар да, көзім жоқ» деп өзіне өзі қайтарылып ап ақын:

Күнәм жойқын, тәубәм аз,
Тіршіліктен не таптым.
Дүние – жемтік, мен – төбет,
Соны бақпай, не бақтым.
Ырылдасып әркіммен,
Не қапқыздым, не қаптым [42, 105 б.], –

деп өзіне өзінің көңілі толмай, ел кәдесіне жарадым ба деген күдікті ойдың қылаң берер тұстары ақын мақсатының зор, міндетінің ауыр екендігін айқындаса керек. Дулат ақындығындағы шыншылдықтың куәсі осы ма деп қалғандайсың. Ғалым Х. Сүйіншәлиевтің: «Дулат – өзі жасаған заманға, отаршыл зорлығына, ол қауымға қызмет еткен әкімдерге, аға сұлтандық билікке түбегейлі қарсы шыққан халықтың тәуелсіздігін көкसेген әрі күрескер, әрі реалист ақын» [21, 327 б.] деген тұжырымын осы тұрғыдан қабылдағанмыз жөн.

Дулаттағы күрескерлік үннің айбынды шығар тұсы – ел намысын жану. Ақын оның екі жолын таңдаған. Оның бірі – елдің өткенін еске түсіріп, кеше қандай мен бүгін қандайды салғастыра көрсету. Екіншісі – жас ұланның жігерін қайрау, елін сүйген, ел азаттығын арманының зарына айналдырар азаматқа тән қасиеттерді бойына сіңіру. Тағылым мен тәлімге табындыру.

Дулат – ескіден қалған сөзді жаңғыртуда өзгеше бір шабытқа ие дүлдүл ақын. Ондай толғаулардағы ой мен сөз иықтасып, қатар ойнап, жымдасып кетеді.

Ақсақ Темір көреген,
Азуын айға білеген,
Дұшпанын саздай таптаған,
Досын майдай сақтаған,
Алтын дінгек секілді
Патша өткен Тұранда [42, 98 б.].

Дулат сонымен қатар, елдің иек тірер азаматына жұртының мият тұтарлық тұлғасына айналған өз замандасын да тап басып танып, оның ел алдындағы абыройын арттырып, алдын кеңге салдырып отырады. Мұнда да төгілген жыр, ақпа өлеңге жолығамыз. Ондай толғауларда Дулат өлеңі ерекше бедерлі шығып, бейнелі сөздер құйылып түсіп жатады. Ол «жібек жіп – сөзден» сұлу өрнек тоқып, «кесте жыр» төгеді. «Сүлейменге» өлеңінде осы үрдіс айшықты көрініс тапқан.

Аруактың артқы саркыны,
Адал бекзат, туысым,
Айбарыңды байқасам,
Алтын зерлі түгімсің.
Ауыл-аймақ, көршіге
Алтынның айшық туысың...
Қас дұшпанға қарасаң,
Қан шықпас тастай түтінсің,
Ел қамын жеген ер болса,
Сабазым сендей күйінсін.
Сырға берік сырбазым
Ашуын таппас қиынсың.
Бірақ жалған қайтейін,
Мезгілсіз келіп дүниеге,
Аптапқа түскен басың бар,
Жау айбынар досың жоқ,
Жар-жапсарда қасың бар
Жылайсың да шыдайсың [42, 179 б.].

Ақын сомдаған Сүлеймен бейнесінен біз ел қамын жеген ерге деген сенімді көреміз. Және осы өлең – Б. Омарұлының «...қазақ ақындарының ішінде жазба әдебиетінің аса көркем үлгісінің негізін қалаған жырау бар. Ол – Дулат Бабатайұлы» [47, 44 б.] деген тұжырымының нақты дәлелі.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Дулаттағы ата-баба жерін, Отанды қорғау тақырыбының ашылар тұсы – жас ұрпаққа үміт артар тәлімдік-тағылымдық сарындар. Оның ұғымында келешектегі кеңшілік пен еркіндік бүгінгі қабырғасы қатпаған жас баланың тәрбиесі мен тәліміне тығыз байланысты. Ақын ер-

теңді бүгінгіден күтеді. Сондықтан да біраз өлеңін жас өскінге арнайды. Намысты қамшылар, рухты аруақтандырап құдіретті жолда соларға арналған өлең еншісінде.

Ту ұстап, тұлпар жаратпай,
Алдынан топ таратпай,
Елді аузына қаратпай,
Жай отындай оқ таппай,
Анадан тудым дегенмен,
Бастамаса ел, ұлан ба? [41, 98 б.].

Ұрпаққа қойылар міндетті ақын осылай түсіндіреді. Ел ұланының міндеті – ел теңдігін ойлау, елін жаудан қорғау. Одан өзгесі күйкі тірліктің – күйбең тіршілігі. Азаматтың азамат болмағы ел қамын ойлаудан өріс алуы тиіс. Дулат ақын ұсынар тағылым дәйегі – осы. Әсіресе бұл оның «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңнен айқын танылады. Бұл өлең – Дулаттың үміт отының маздап жанар шамшырағы.

О, Ақтан жас, Ақтан жас!
Сен де жетер ме екенсің?
Жетімдіктің бөлінен
Асып өтер ме екенсің? [41, 76 б.] –

деп сұрай арнаумен басталған толғау:

Жетімдіктен өтерсің,
Шаң бермей әлі кетерсің,
Қажыма, Ақтан, қажыма
Жетерсің, әлі жетерсің [41, 77 б.], –

деген нық сенім, үлкен үмітпен аяқталады. Бұдан нені байқаймыз деген ойға қалсақ, ақын үмітінің тірегі кейінгі ұрпақ екендігіне көз жеткіземіз. Ақын өзі теңдес ел азаматтарының айтқан ақыл, шерткен зарының нәтиже береріне сенімі мол. Ақын жас ұланға:

Бадана көз, тоғыз тор,
Сауыт киер ме екенсің?

Білтеліні тұтатып,
Түтінін үзбей оқ атып,
Жау қашырар ма екенсің?
Тұлпар атты жаратып,
Бежін ерді ерлетіп,
Жорыққа жортып терлетіп,
Сырты қырлы, жүзі алмас,
Салған дағы жоғалмас
Сапы асынар ма екенсің [42, 77 б.] ? –

деп, қайырыла отырып, оның ертеңгі ержеткен тұсындағы елім деген ер болған кезінің бейнелі суретін жасап отырғандай әсер қалдырады. Бүгінгі жетімдіктің бұғауында жүрген жас пен отаршылдық құсауындағы халық символдық тұрғыдан жымдасып, ертеңгі нұрлы күндердің елесі кірігіп кеткендей. Ақынның Ақтан жасты қайрауы да осыны меңзегендей. Ақтан бүгінгі:

О, Барақ, Барақ жас,
Жегенге тең, ішсең мас.
Жақсы болса ұлығы
Өз елін жаудай таламас [42, 67 б.] –

дейтін бейнесі пернелей берген Барақ емес, оған деген ақын ықыласы айрықша, Ақтан – бостандықтың бүгінгі үміт шырағы, болашықтағы алауға айналар алып жалыны. Дулат символизмнің мәні – осында.

Ақтан
Төсекте жатып керіліп,
Түзге отырса ерініп,
Аяғын бұған қойға ұсып,
Мойнын ұсынып беріліп,
Қол созбайды азатқа [42, 112 б.], –

деп сипатталатын «төртінші біреу» емес, ол – ақынның сенім күші. Дулат жас буыннан тілер басты тілегі – «азатқа қол созған ұлан» бола білуі. Азатқа қол соғу еркіндік жолындағы күресті

мензеп тұр емес пе?! Бейнелі образдың ар жағында үлкен күрестің белгісі қол бұлғап тұр.

Дулат ақындығының өзгеден оқ бойы озық тұруының басты көрінісі – оның өзіне дейінгі және өзі тұстас ақындардың ішінде отаршылдықты бірінші болып барлық болмыс-сипатымен ашып көрсетуінде. Сонымен бірге оған деген қарсылық үнін алғашқы болып айта алуында. Ол бүтін қазақтың қамын түгел ойлай ой айтқан ақын. Сондықтан да кеңестік идеологияның белең алып тұрған кезеңнің өзінде Дулаттың жоқшысына айнала білген тілші-ғалым Қ. Өмірәлиевтің «Дулаттар – отаршылдық езгіге түскен халықтың ұлттық ар-ұжданы» [48, 26 б.] дегеніне келіспеуге болмайды. Жоғарыдағы біз талдаған Дулат өлеңдері оның шығармашылығы туралы айтқан Қ. Мәдібайдың мына тұжырымын жоққа шығармайды: «...орыс отаршылдығы бар ойранын салып жатқан уақытты көзбен көрген Дулат – сол дәуір туғызған зар заман әдебиетінің аса көрнекті өкілі» [40, 115 б.].

Дулатты отаршылдық дәуірдегі қазақ жұртының тағдыр-талайының шындығын алғаш ашқан ақын ретінде бағалауымыз керек. Ал шындық қашанда бағалауға, бағалау алға ұмтылуға жетелері хақ. Қорыта айтқанда, Дулат – ұлттық сананы оятуға ұмтылған, елдікті жырлап, бірлікті толғаған, ерлікті айтып, отаршылдықты сынаған, өз ұғынғанын ұлт санасына ұйытуға ұмтылған ұлттық рухтың ұлы жыршысы. Ол – бостандық келер күнді шығар күндей аңсаған, азаттықтың бозала таңының боз даласына нұр құяр сәтіне сеніммен қараған, тәуелсіздік сарының тұңғыш ақыны.

Дулатты «Зар заман» ақындары қатарына бір зерттеуші қосса, бір зерттеуші қоспай, Шортанбайдан бастап Әбубәкір, Нарманбеттерге жалғастырып әкетеді. Дулаттың зар заманның «төл перзенті» екендігі еш даусыз. Оның ізін баса шыққан Шортанбай, Мұрат т.б. бұл сарынды жырлаудың биік те берік дінгегіне айналды.

Тарихшы М. Қойгелдиев: «XIX ғасырдың алғашқы жартысы – Қазақстан үшін тарихи кезең, яғни саяси, мемлекеттік еркіндіктен біржола айырылып, отарлық, ахуалдық, саяси тәуелсіздіктің дәм-тұзын тату кезеңіне қадам басу уақыты. Егер бұл мезгілді шартты түрде өтпелі кезең ретінде алсақ, саяси дербестіктен орталық тәуелсіздікке өтудің өзіне лайық, рухани болмысы болатындығы мәлім. Дулат, Шортанбай, Мұрат туындылары-

ның ортақ өзегі – тарихи жеңіліске ұшыраған ұлттық көңіл-күйдің күйзелісті жағдайын терең де дәл ұғынуға меңзей отырып, сапалы, азаттыққа бастайтын жаңа рухани серпіліске жол аршу еді» [49] – деп бұл ақындар тобын азаттыққа бастайтын күрес жырының алғашқы бастаулары ретінде қарайды. Шындығында, зардың астарында жатқан замана шындығы мен зар мен мұңның қуат-күшін ұғар құлақ, кемел ой керек.

Осы Шортанбайдың Дулаттан өрісі сәл басқашалау. Жалпы зар заман ақындарының қай-қайсысы да – ортақ сарын, ортақ идея беріктілігімен, өзіндік бет-бедері айқын танылар ақындар. Қ. Мәдібай айтпақшы: «Әдебиеттегі зар заман ағымын теориялық тұрғыдан саралап, орнықтыру, бар ерекшелік, сипатын жеткізіп айту осы дәуір әдебиетінің әр өкілін жан-жақты ашып, айғақтағанда ғана толымды сөз болмақ. Ол әдебиет – әр жырау, әр ақынның өз әлемі, өз соқпағы, өз жарқылы, өз сәулесі түскен әдебиет» [40, 53 б.]. Ал енді Шортанбай осы «зар заман» сарынына қандай дүниетаныммен келген дегенде, ең алдымен, ауызға ілінері – діни таным. Міне, Шортанбайды өзгелерден ерекшелендіретін де, негізінде шығармашылығының аластатылуына күйдіргі шала болып жабысқан да осы – діншілдік. Қазақ әдебиетіндегі «Зар заман» кезеңін зерттеушілердің бірі З. Пертаева Дулат шығармашылығын қарастырған еңбегінде: «Аталған кезең әдебиетіндегі келесі бір шындық – ата-баба кәсібінен айырылып, дініміз бен дәстүріміздің бұзылуы» [50, 52 б.], – деп зар заман әдебиетіне арқау болған тақырыптардың бірін нақтылап кетеді.

Шортанбай өлеңдер жинағының басталуының өзі біздің осы жоғарыдағы ойымызды қуаттай түседі.

Зар заман, зар заман,
Зарлап өткен бір заман.
Сөздің басы – бисміллә,
Біз айталық, сіз тыңда [51, 10 б.].

Бұл – 1993 жылы алғаш жарық көрген жеке жинағының басталуы. Шортанбай ақынның өзінің өскен ортасы, алған білімі, тіпті тек тұрғыдан қожа болуы – оның діни танымының – басты белгісіне айналған. Оның бүтіндей бір әдеби ағымның атауына айналған «Зар заман» толғауының басталуы әлгіндей болса, ақын

бұл мәселеге үнемі қайырылып, терең еніп, кеңінен қамтып айтуға тырысады. Шортанбай бағамдауынша, «зар заманның» белгісі қайсы десек, оны мына өлеңнен табамыз:

Мына заман қай заман?
 Азулыға бар заман,
 Азусызға тар заман.
 Тарлығының белгісі:
 Жақсы – жаннан түңілген,
 Жаман – малдан түңілген,
 Мұның өзі – зар заман
 Зарлығының белгісі:
 Бір-бірлерін күндеген
 Жай-жайына жүрмеген,
 Мұның өзі – тар заман.
 Тарлығының белгісі:
 Мұсылманнан қал кетті
 Тәңірім болғай деместен.
 Анты жұқпас бойына,
 Әр ие түсер ойына,
 Жалмауыз болды үлкенің
 Қазақ, сенің сорыңа [52, 26-27 бб.].

Шортанбай түсінігіндегі зар заманның ең зор қасіреті қазақ ұлтының тар қыспаққа алуының белгісі – мұсылмандық дінінің қысымға алынуы.

Қазақты христиандандыруды көздеген Ресей империясы бұл жолда талай зорлық-зомбылыққа барған-ды. «Христін дініне кіргізу – патша өкіметінің отаршылдық саясатының ең өктем саяси әдістерінің бірі» [53, 117 б.], – деп жазады тарихшы Н. Никольский. Шындығында, дін орыс отаршылдық саясатының басты бағыттарының бірі екендігіне еш дау жоқ. Олар қазақтарды көшпелі халық болған соң діншіл емес, сондықтан оларды шоқындыру аса қиынға түспейді деп есептеді. Бұл бағытта екпінді түрдегі жұмысты орыс миссионерлері жүргізді. «Жабайы қырғыздар (қазақтар – Ө.Ә.) арасына православиялықты орнықтыруда миссионерлік қызметтер үлкен қадам болып табылады. Біздің жүз жыл уақыт жібергенімізді олар небәрі 15-20 жылдың ішін-

ді атқарып тастады» [54, 5 б.] – деп жазды орыс діндарлары өз есеп-анықтамаларында. Орыс отаршылдарының қазақ даласында мұсылмандыққа қарсы өте қатты күрестер жүргізуінің әр түрлі себептері бар. Бірақ соның бастысы – қазақ жерінің кеңдігі мен халық санының көптігі. Мәселен, XIX ғасырдың аяғында Россиядағы мұсылмандар саны 25 миллионға жетсе, соның ішінде сан жағынан қазақтар бірінші орын алатын. А. Арисовтың дерегі бойынша қазақтар – 3236394, өзбектер – 2097240, тәжіктер – 1428000 адам болған [55, 169-170 бб.]. Мол жерді пайдалану мен көп халықты құлдыққа айналдырудың ең тиімді жолы оның сенімінен айырып, санасын уландыру еді. Бұл жолда Ресей әкімшілігі мен орыс діндарлары еш аянып қалған жоқ. Өз кезегінде ол қазақтар арасында қатты қарсылыққа ұшырады. Бірте-бірте мұсылман діні қазақ халқының Ресей отаршылдығына қарсы бағытталған ұлт-азаттық күресінің өсуімен ел бірлігінің идеялық тірегіне айналды.

Ресей империясының діни саясатындағы астарлы әрекеттерін алғаш байқап, қатерін сезініп, халықты дін тазалығына үндеген ақын Шортанбай Қанайұлы. Ата-бабасы мұсылман дінінің бесігі атанған қасиетті Түркістаннан шыққан, арғы тегі – арабтық қожа Шортанбай, ата тәрбиесі мен тәлімінің негізінде діни ілім-білімнен ерте сусындады. Небір терең оймен даналық таным жинақталған діни кітаптардағы сөз өнері арқылы діннің жан дүниені ұйытқан қасиетін бойына сіңіріп өскен ақынның дін-ислам күдіретін жырлауға құлшыныс танытпауы мүмкін емес. Кейіннен ата-баба жұртындағы Шаяндағы медреседен білім алып, Бұхардан оқыған Шортанбайдың діни ілімі өз заманында аса зорға саналған. Ақын білімінің ауқымы жөнінде М. Әуезов: «Қазақ әдебиетінде дін сарынын алғаш бастайтын осы Шортанбай болса, бұл өзі мұсылманшылықты исламнан алған адам болады» [56], – десе, Х. Сүйіншәлиев мұны нақтылай түсіп: «Иссауи мұриттері «Ахмет Иүгнаки, Сүлеймен Бақырғани еңбектеріне кезігіп, сөз мөлдірлігіне сусындар еді. Асылы кейінірек (ер жете келе) болса да Шортанбайдың аталмыш адамдар шығармаларына қанық болғаны – талассыз шындық» [21, 555 б.], – деп жазады.

Өскен ортасы Арқа жерінде Жамантай, Құсбек, Құнанбай, Жанғұтты сияқты ел жақсыларының жанына ерте еріп, аққараның, бар-жоқтың, елдік пен ездіктің нарқын ажыратып, өмі-

ріне өзек, жанына серік еткен құлшылықтың сырын өлеңнің өрнегіне түсіріп, оны замана құбылысымен астыра ой айтуға талап қылады. Дінді – қорған, өлеңді қару ету – осы мақсаттан туғанды. Шортанбай ақындығының табиғатын дәл анықтаған ғалым Т.Кәкішев: «Шортанбай – ...зар заманның зор да адуынды ақыны, гөй-гөйді мейілінше шегіне жеткізе, шындық деңгейінде айтып, зарлап кеткен қоғам қараткері, ірі идеолог. Онда діндарлық та бар, отаршылдыққа қарсылық та бар» [57, 127 б.] – деп біледі.

Шортанбайдағы замананың шындығын айтудың тіні – дін. Ол уақыттың шошындырар түрі мен кезеңнің өзгерісті кейпіндегі кесірлі де кесапатты қиындықтарының барлығын дінге қатысы арқылы салғастырады. Соның шеңбер-шегімен бағдарлайды. Адам, қоғам, орта – түгел діни көзқарас тұрғысынан өлшемге алынады.

Замананың түрінен шошынған Шортанбай, «зар заман» толғауында өзі қорқатын бірнеше нәрсені атап айтады. Соның ең бастысы – діннен безген адамның азғындығы.

Таңда махшар күн туса,
Таразыны аударар.
Жаһанам деген дозақта.
Шайтан болар жолдасы,
Құбыласын білмей құл,
Сонда тартар жазасын.
Кешірмейді құдайым
Бес намаздың қазасын.
Құрт-құмырсқа жиылып,
Сонда алады мазасын.
Жаһанамның белгісі –
Жалғанға болар Расың.
Мұқып қылмай құдайым
Ол залымның тәубасын.
Сақта құдай солардан,
Сол себептен қорқамын! [52, 26 б.]

Осы қорку оны адами қасиеттің асыл тірегі – дін қорғаушысына алып келген. Шортанбай танымындағы бүкіл жамандық атаулының қордасы дінсіздіктен шыққан. Надандық пен арамдық,

жауыздық пен қатігездік, дүниеқоңыздық пен сарандық, залымдық пен қулықты тудыратын да, оның мына дүниеде орнығуына орын сайлайтын да, адам жанының рух тазалығының алтын кілті – діннің көкірекке қонақтамауында жатыр. Жан тазалығы алдымен қарапайым халыққа емес, Алла жолында жүрміз деп өзін-өзі алдағандардың иманына қажет.

Бұл асылық асқан заманда
Қожа, молда көбейіп,
Отырар төрде шөмейіп,
Сәлдесін үлкен орасып,
Жауған қардай борасып.
Жамандары ішінде
Жан-жағына қарасып,
Үлкен молда десін деп,
Мәселеге таласып.
... Тәжі алғансып қолына,
Тұмар тағып мойнына,
Бойын жуып пәктемей,
Нәпсісін тиып тектемей,
Намаз оқыр дәретсіз.
Ендігінің молдасы
Залымның боп жолдасы,
Мені молда десін деп
Құдайды алдар әдепсіз [52, 77-78 бб.].

Шортанбай тірлігі мен тілеуінен шошынған қожа-молданың сиқы осы. Бұлар дін түзер емес, дін бұзардың нағыз өзі еді. Осыны сезген Шортанбай ақын енді іс-қимыл болмаса, кеш болатынын анық сезген-ді. Сол үшін ол замананың анықтамасын айғақтап, келер қауіптің түсін меңзеуге тырысты. Артта қалған жарық күннің арайын әспеттеп, келешекке келер түнектің түр-сипатын бейнеледі. Екі дүниенің, кеше мен келешектің ортасы, өткеннің ізі, болашақтың басы бүгіннің талайлы тағдырын таныды. Міне, Шортанбай жырларының өткірлігінің мәні осында. Ол – алдымен адамның ішін тазартпай, замананың сыртын жөндеудің мүмкін еместігін толық түйсінген ақын. Жан жарығы – Иман екендігіне өзін ғана емес, өзгені де сендіргісі келген ақынның замана зары-

ның басы етіп дінді алуының сыры осында. Ғалым Б. Омарұлы «зар заман» поэзиясының үш бастау бұлағы бар деп біледі. Оның «Біріншісі – ежелгі дәуір әдебиетінен бері жалғасып келе жатқан заманаға наразылық мотиві, екіншісі – Асан Қайғыдан бастау алатын болжал өлеңдер, үшіншісі – халықтың таным-түсінігіне негізделген ақырзамандық сарын» [33, 110 б.]. Ал енді Шортанбай және басқа ақындар ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында осылардан өріс тапқан «зар заман» ағымын дүние келтірді. Мұның басты себебін Б. Омаров отаршылдық кезеңінің орнығуынан деп біледі. Дегенмен осы ағым ішіндегі ақындардың өзіндік бет-бағытын жоққа шығара алмаймыз.

Әлгі үш бастаудың Шортанбай шығармашылығындағы тұтқасы – дін. Ол өткенге қайырылып, кешегі заманды аңсаса да, бүгінгі іс-тірліктің берекесіздігіне налыса да, болашақты болжалдап, үміт үзе де діни танымның табиғатынан шығарып айтады. Бірақ бір ескере кетер жайт, «тұйықтан шығудың жолы қайсы деген сұраққа, ақынның беретін жауабы – ескілік» [24, 170 б.] – деген жалпылама айып, шынын айтқанда, дәлелсіз бос сөз. Шортанбай толғауларын саралаған кезде сөз арасында ғана:

Бұрынғы, шіркін заманның
Иісі де келмес мұрынға.
Биттей нәрсе қалсайшы
Бұрынғы заңнан ырымға [52, 62 б.] –

деген сияқты ескі кезеңді еске ала кету болмаса, ақынның ескілікке оралу, ескі заман заңдылықтарын бүгінге орайластыру тәрізді мақсаты көзге шалынбайды. Ол тек өткенді бүгіннің теріс көрінер жайттарымен салыстырулар үшін ғана пайдаланады. Шортанбайда өткенді аңсау жоқ, бүгіннен шошыну бар.

Кеңестік кездегі Шортанбай шығармашылығына назар салып, ақтау үшін пайдаланған лажсыз тұжырымдар мен қисындар: «Ескі дәуір мен жаңа дәуірді салыстырғанда, жаңа дәуірдің алдыңғыдан анағұрлым прогрестік жақтарын ақын мүлде көрмейді де, қоғамның ескі феодалдық дәуір құрылысын ұсынады. Сол ескі көзқарастың шеңберінде қалып қоюшылық, болашағы үмітсіздікке айналған таптың өкілі, идеологі болушылық оны дінге, діншілдікке әкеліп тіреді. Өз дәуірінен ештеңе таба алмай, оны тү-

зетуге еш мүмкіншілік таппай, болашағына сене алмаған ақын, ақырында дінге беріледі. Кертартпа ислам дінін өзінің ескішіл феодалдық көзқарасын іске асыруда күшті құралдардың бірі етпек болды. Бұл – Шортанбай ғана емес, сол кездегі осы бағытта болған діншіл ақындардың бәріне тән әдіс» [24, 170 б.]. Академик Қ. Жұмалиевтен ұзақ әрі бір сөз қалдырмастан дәйек сөз келтіруіміздің себебі, осында айтылған ой-үзік кеңестік кезеңдегі, тіпті бүгінгі кейбір еңбектердегі шортанбайтанудың тірегіне айналды. Бұл – түбірімен қате пікір. Шортанбай ескілікті қайта әкелу үшін дінге барған жоқ. Ол бүгінді жөндеу мен болашақтағы таңдауды дұрыс болжалдау үшін, алдағының адастырмас жолы – Алланың ақ жолы екендігін айту, құлаққа құю, жүрекке сіңіру үшін дінді өз ұстанымына тұғыр етті. Шортанбай айта беретін ескі дәуірдің бүгінгіден артықшылығы – еркіндік дәуірі болуы. Ол сол үшін де Шортанбайға мысал, жүрегіне жылы. Ақын өткенге ой жібергенде ондағы еркіндікті аңсайды. Сондықтан да ол: «Азаматтар, жігіттер, // Айғыр айтып сойсаң да, // Әуелгі заман келмейді», – деп аһ ұрады. Сондықтан ол өз дәуірінің сыншысына айналды. Пәни жалғанның жалғандық мәнін ашуға ұмтылды. Шортанбайдың ақындық ерекшелігі осыдан келіп шығады.

Шортанбай – өзі өмір сүрген заманның сыртынан бақыламай, ішіне ене алған ақын. Ол тек өткен жақсы, бүгін жаман, ертең одан да сорақы деп салыстыра сыдыртып шыға келмейді. Заман өзгерісінің терең иірімдеріне бойлап, тән мен жанның тайталас жүрер құбылысын ашуға ұмтылады. Тән қалауы жан қалауы еместікті мейлінше терең көрсетуге тырысады.

Қаратауда халық едім,
Қожа емес едім, сарт едім.
Көк есекті мінуші ем,
Масақ теріп жүруші ем,
Арқаға шығып, нан жедім,
Нан жеген соң дәннедім,
Қазақтың жүйрігін мінсем деп,
Сұлу болса сүйсем деп,
Күннен күнге сәннендім,
Әркімнен алдым байлауды.
Қиямет күн болғанда

Қандай жерде мекенім
 Мен ғаріптің сайлаулы
 Қолтықтаған сұңқар ем,
 Қанатым да сынды ұша алмай,
 Қиядан қуға түсе алмай.
 Нәпсім, қарар таптың ба,
 Дүниеге тоймайтын
 Бір шыны шай іше алмай,
 Жалғаннан дәмім таусылды...
 Жарылқа, құдай, артымды!
 Хаққа тәубә қыла алмай,
 Қу нәпсімді жия алмай,
 Кәмірһе қалдым жасымды [52, 50-51 бб.].

Бұл – Шортанбайдың өз жайы, өз өкініші. Өмірден өтер сәтінде пендешілік ғұмырдың шындығын ашуы. Дін жолындағы тақуаның тән қызығына жан тілеуін көп айырбастағанын адами тұрғыдан мойындауы. Өзіндегі пенделікті мойындау – ұлы ақындардың бәріне тән. Жоғарыда Дулаттан мысал келтірсек, Абай да: «Бойдағы мінді санасам // Тау тасынан кем емес» [1, 309 б.] – деп, күніренген жоқ па? Шортанбайда Алла алдындағы күнәһарлық деп түсіну басым.

Енді Шортанбайдың өзгелерге өсиеті қандай:

Адамның жалған дүниесі,
 Дүние – жолдас қимасы.
 Дүние жолдас демендер,
 Көп болар оның күнәсі
 Өлгеніңше тою жоқ.
 Жалғанның арты жақын деп,
 Жегенін қазақ қою жоқ
 Ақырет қамын қамдандар,
 Дүниенің боғы үшін.
 Сірә, тіпті азбаңдар ! [52, 52 б.]

Міне, Шортанбайдың өзіне де өзгелерге де деген адам болу үлгісіндегі талабы осылай болып келеді. Ол – Алланы сүю, бүгінгі алдамшы қызықты қуалап, тән сұранысын қанағаттандырам

деп, асыл адам белгісі – иманды жоғалтып алмау. «Ащы-тоқты болсаң да // Иманың сақта ұятты» [52, 32 б.]. Абайдағы «Бақи қоймас, фәнидің мінін көрмей» [1, 225 б.] дейтін танымның түп негізгі осы Шортанбайдан бастау алады.

Алдаушы жалған дүниенің
Алдайтұғын пұлы бар.
Аяқты теріс баспаңыз,
Жаманнан басың жырып ал!
... Күнәкәр болма жігіттер,
Алланың жазған хаты бар,
Кәләм-шәріп Құранда –
Мың бір есім аты бар.
Бұл сөзімді ұғады
Иман нұрлы заты бар [52, 34-35 бб.]

Зар заманның ірі өкілі Шортанбай шығармаларын саралай келе, ондағы азатшыл ойға май құятын азаттық күрес сипаты қандай дегенге саяры хақ. Оның жалпы көрінісін жоғарыда айттық. Ал нақтыға келер болсақ, оның мысалы мынау:

Мұсылманды бұл күнде
Орыс кәпір жеңіп тұр.
Ай сайын келіп санатып,
Елін жаудан қорып тұр [52, 36 б.].

Ел басына төнген қасірет – тек кәпірліктен емес, ел ерінен жырылғандықта. Шортанбай бір елдің екінші бір елді езуі мен қорлауы тек діни айырмашылықтан емес, ұлттық болмысынан, еркіндікке ерік бермеуден деп ұғады. Сондықтан Шортанбай өз діндесі – Қоқаннан да қорқады. Оның қазақ қамын ойламасына ақын толық сенімді.

Кеткенде қайда барасың,
Алдыңызда Қоқан бар,
Орыстан тым-ақ жаман жау.
Қазаққа атар таң бар ма,
Бұдан өзге аң бар ма?

Қом туған сылты қазақты
 Қамарға бірме-бір шағып тұр,
 Руданға қағаз салып тұр
 Асылық асқан заман да [52, 30-31 бб.]!

Осы мүшкіл халді жетік түсінген Шортанбайды ойлантатын үш нәрсе. Оның біріншісі – еркіндіктен айырылған отар елдің хал-жағдайы. Екіншісі – осы күйдің болашаққа не қалдырмақ жайы. Үшіншісі – үміт отын қалай жағуға болады. Шортанбай замана сипатын қорқынышты көрсетіп, келешектен күдер үздіре сөйлеуіне қарасақ, сыры ашылар бір құпия бар. Ол – шошындыру емес, қайраудан туған үміт. Егер біз Шортанбайды «әдебиетіміздің тарихындағы бір дербес мектептің көшбасшысы» [58] дейтін болақ, онда оны ақынның қайрауы келіскен, жігерді жаныған өлеңдерге бастау салғандығынан іздестіруіміз керек.

Шортанбай поэзиясындағы болжалдық сарынды дүниеден түңілу, өмірден безіну емес, ұлттың ертеңін ойлаған азаматтық парыз деп бағалаған орынды. Шортанбайдағы сарын дүниенің бітетіндігіне негізделген ақырзамандық тұжырымға емес, тіршілік дамуы Құдайдың құдіретті жемісі деген пайымды тірек тұтады. Философтар арқылы Шортанбай шығармашылығына қатысты қолданыста жүрген «фатализм», «эхастологизм» терминдерін көркемдік санадағы болашаққа деген қарым-қатынастың көріністері десек, онда ақын поэзиясынан келешектен түңілуді емес, тағдыр тізгіні Алла қолында, жақсылықты да, жамандықты да сол бере алады деген сенімді танимыз. Онда нұрлы болашақ негізі – жалғыз Алланы мойындауда жатыр деген ұғым басым. Өмірдің өзгермелігі – Аллаға деген сенімді жоғалтуға жол сала алмайды. Ал Аллаға сену – үміт отының мәңгілік сөнбейтінінің белгісі. Ал сенімсіздік пен күмән барар жері «машқар күндегі тозақ». Шортанбай қайта-қайта ауызға алар ақырзаман – алда күткен ар соты.

Атамыз – Адам пайғамбар
 Топырақтан жаралды.
 Мұсылман, кәпір – халық боп,
 Сол адамнан таралды.
 Бір-біріне беріскен

Дәм мен тұзың халал-ды,
Ұрлық пенен қорлықтан,
Өтірік, ғайбат, зорлықтан
Бойынды тартып тек жүрсен,
Көрмессің деген залалды.
Белгісі деген бейіштің –
Жазғы салқын самалды.
Тәркі деген тамықтың –
Қысқы суық амал-ды [52, 37-38 бб.].

Шортанбай поэзиясындағы соңғы күн, қиямет-қайымның нұсқар тұсы, көріп отырғанымыздай, анау айтқан қорқынышты емес. Және де ол – дүниенің төңкеріліп түсуі емес, адамның тіршілікте жасаған күнәсіне орай алар жазасы. Ол күннен қорқудың қажеті жоқ. Дайындалу керек. Өткен іске өкінбестей, келешекке ар тазалығын таяныш етпек керек. Бұл жеке бастың емес, бүкіл халық тағдыры талқыға түскен тұстағы жол нұсқаған амалы.

Құдай деген момынның
Ауыздан кетпес тобасы.
Иманы бардың белгісі –
Тілінен тамар шырасы.
Мағлұл-дүр құдаға
Пенденің қылған күнәсі
Уа, Алла тағалам, құдай біледі,
Осылай шығар расы [52, 39 б.].

Алладан медет тілемей, кер кеткен заманға іліккен кездегі күйіміз қалай? Замананың түрі қалай? Басымызға түскен зор кесапаттың ауаны қалай? Мұны Шортанбайдан артық көрсете алған ақын жоқ. Шортанбай – уақыттың сыншысы ғана емес, шебер суретшісі де.

Арқада дәурен кеткен соң,
Қуғындап орыс жеткен соң,
Тіпті амал жоқ, қазақтар,
Енді сенің сорыңа
Орыс – бүркіт, біз – түлкі,

Аламын деп талпынды.
 Орыстан қорлық көрген соң,
 Отырып билер алқынды.
 ... Қанар кәпір халықты
 Көп жасады неліктен?
 Көтерілді керемет
 Кәламдағы алыптан,
 Тәубасы қабыл бір жан жоқ
 Қазақ деген халықтан [52, 27-28 бб.].

«Орыс – бүркіттің» тырнағына ілінген «түлкі» халықтың тәубасы қабыл еместігі – Шортанбайдың жанын ауыртар ең үлкен қасірет. Мұның себебі неде, індеттің жайылар тұсы қайсысы? Бұған Шортанбай жауабы мынау:

Қайыр кетіп байлардан,
 Бұзауға ақша беріп тұр.
 Пәлен теңге торпақ боп,
 Тиынға тиын болып тұр.
 Залым туған сұмырайлар
 Осылайша жеңіп тұр.
 Шолақ иттей діңкілдеп,
 Бір-біріне жетем деп,
 Аласұрып өліп тұр.

Бұл заманның адамы
 Ұстасады көре алмай,
 Аз болса бөліп бере алмай.
 Шындық кетті қазақтан
 Ант сөзіне сене алмай.

Бірге туған қарындас,
 Отырады үйінде
 Бірін-бірі көре алмай
 Қас болып тұр жақының
 Су сықылды ағады
 Жаманға айтқан ақылық [52, 36-37 бб.].

Замана өзгерткен ел пиғылы осындай болғанда, сол енді бастаймын деп жүргендер қалай? Олардың пиғылының толы шынайы шындығы қалай ашылған? Шортанбай сынына ұшыраған олардың сұрқы, тіпті адам шошырлық.

Байлар ұрлық қылады
Малы көзіне көрінбей
Билер жейді параны
Сақтап қойған сүріндей
Заманның түрі бұзылды,
Текеметтің түріндей.
Ойлағаны жамандық
Жарадан аққан іріндей.
Ақсақалдан әл кетті
Алмады оның кеңесін
Старшын қойған болыпты,
Қайда пысықсынған немесін [52, 25-26 бб.].

Немесе:

Қария қалды ақылдан,
Қастық шықты жақыннан,
Ендігі күнің кем болар,
Ит кәпірге жақындап,
Билік кетті басыңнан.
Тәубе қылмай қапы өттің
Әуелгі бұрын жасыңнан.

Елубасы, онбасы,
Ол – сайтанның жолдасы,
Ендігі байға мал бітсе,
Ит кәпірдің олжасы.
Шайдан басқа асы жоқ,
Жақыннан басқа қасы жоқ
Ендігінің мырзасы [52, 58 б.].

Ақын ұғымында халықты азғырып, қоғамды тоздырған, жоғары ұлыққа жалтақтаған, құлқының қамы, бір шыбын жаны

үшін өмір сүретін жоғарғы – азғындар. Бұлар – елдің өнегелі салтын, ел басқару дәстүрін өзгенің заңының құрбандығына шалып, отаршылдық отына май құйып, соның жарығына жылынғандар. Мұны көре-көре тұрып, Шортанбай қалай күңіренбесін.

Кетейін десе, алдың бар,
Тұрайын десе, кәпір бар, –
Қайсы бірлік айтатын,
Қазақтың ұлы қамалды.
Қамалмай енді неғып тұр,
Тәубасынан қазақ жаңылды.
Тұс-тұсынан жау шығып,
Дұшпанға жаман табынды [52, 29 б.]

Немесе алдағы күнге күмәнмен қарап:

Аяқты қия басу жоқ,
Орыстың салған жолы бар,
Емін-еркін заман жоқ,
Ендігі жүрген жігіттің
Маңдайында сору бар [52, 34 б.], –

деп, зарламасқа жайы бар ма?! Шортанбайды сансыратқан күй өзегін қалай күйретпесін. Ол мұның бәрі патша орнатқан отаршылдық заң-зәкүннен нәр алған кесір кесапат деп біледі. Құлдық қамыты, тәуелсіздіктен айырылуы ұлттың өзіндік қасиетін жоюға алып келеді. Жалпы ел мінез-құлқы өзгерді. Ақын осының нақты көрінісі ретінде ел жақсысы табынған патша қойған билеушілердің кескін-келбетін былайша береді:

Заманың енді өткен соң
Адам қайтіп қуансын:
Жандарал болды ұлығың
Майыр болды сыйынғаның.

...Кәпірді көрдің піріңдей,
Тілмәшті көрдің жеңгендей,

Абақты тұр қасыңда
Қазылған қара көріндей [52, 35 б.]!

Шортанбай тұсындағы заманның сұрқы да, сиқы да – осы. Енді осыдан құтылар жол бар ма? Шортанбай осыған жауап іздей алған ба? Бұрынғы зерттеулердің көбінде, Шортанбай алғы өмірден үміт күтпейді, кейінгіге көп қайырылады, үмітсіздікке ұрынды деген біржақты пікірлер белең алып келгені белгілі. Тіпті басқаны былай қойғанда М. Әуезовтің өзі: «Енді осындай заманның ішінде өмір сүрген зарлы ақынның өмірден үміті бар ма? Үміті жоқ. Жалғыз жұбаныш – бүгінгі заманның бәрі осы күнгі ісінің жалғасын ақыретте табады деп сенеді» [4, 215 б.], – деп жазған болатын. Кейінгілер де осы ізбен кетті. Біздіңше, Шортанбай – үміт оты сөнбеген ақын. Ол алғы күнді болжағанда мына заман осылай тұра берсе, қазақ іс-әрекет етпесе:

Сауысқан, ала қарға – құстың құлы,
Басталар ақырзаман жылқы жылы.
Шақырып кәпір соқты сұрап алдың,
Түзетіп ала алмассың сірә, мұны.
Отызыншы, отыз бірінші жылдары,
Елдің ері еренде,
Жалғыз-ақ қара қалары,
Ұялмастан бұл кәпір
Оған да салық салады.
Айналдырып бір күні
Малдың еркін алады.
Сол уақыттың кезінде,
Ұмытпаса тәубанды,
Түтін салар соқпаққа
Түзу жолдан қиылсаң,
Жолығарсың күрзі менен тоқпаққа [52, 70-71бб.], –

деп, «ұзын арқан, кең тұсау» «пейілдің» оңға ұрса, солды тосқан, бүрсең қаққан мінездің жеткізер жерін көрсетеді. Қамсыздық отарлық қамыт кигізген заман мен ұлт ретінде жойылар заманның арасы бір-ақ адым екендігін ескертеді.

«Зар заманның айбынды ақыны Шортанбай құр жылау, құрғақ ойбайдың» ақыны емес, ол – ел жігерін жанушы өршіл шабыт

иесі. Ол – тағдыры талқыға түскен халықты қасіретті қайратпен көтеріп шығуына тілекші ақын.

Қайран да халқым, қайтейін,
Кейісті көп тартарсың,
Көппен көрген селебе,
Селебені елеме [52, 71 б.]

Немесе:

Сақтасын жалғыз қайғыдан
Көппен көрген селебе [52, 65 б.].

Шортанбай тар заманды сипаттау арқылы замана алға тартқан қиындықты шегіне жеткізе айтып, соның әкелер зардабын ел санасына сіңіруге тырысты. Сонан соң барып, өз халінің күйін бағамдау арқылы бар азаматтардың ойын оятып, ұмтылдыруға үміт артты. Ұлт рухын көтерер мысалды ел тарихынан тапты, соларды алға тартты. «Жау айбынар ерді» жоқтайды:

Көз көрген қазақ батыры,
Алысқа кеткен дағбыры.
Хан Кенедей ер қайда,
Шейіт боп кеткен тағдыры!?

...

Наурызбай төре ер еді,
Өн бойы өнер сері еді,
Кәпірмен сансыз шайқас сап,
Дәл ортада айқасып,
Бекерге өлем демеді.
Күркіреп солар тұрғанда
Қазақты жау жеңбеді.
Хан Кене кетті арадан,
Орысқа қазақ қараған.
Шұбыртпалы Ағыбай,
Тобықтыдан Құнанбай,
Бәйсейіт пен Жанғұтты
Дүйсенбай мен Қоңыр жүр
Тілеп жәрдем Алладан [52, 69-70 бб.].

Халық тағдыры екіталай күйге енді, «Еділді алды, елді алды,
// Есілді алды, жерді алды, // Енді алмаған не қалды» деген
Шортанбай енді бұдан ары шыдас берудің жөні жоқтыққа мең-
зейді. «Жер таянбай тұра алмас // Жетекшіден айрылса», – деп
айнала жұртына күдікпен қарағанмен, «Жалғыз құдай болмаса, //
Енді үміт жоқ өзгеден», – деп, ол Алладан медет тілейді. Тілегін
Құдай береріне сенеді. Өйткені:

Бұл құсаға ел қайтып шыдасын,
Шабынан шошқа түрткен соң [52, 30 б.].

Сенім бар ақында. Ақын ел үмітін арқалар азаматтар аз емес-
тігіне иек артады. Соған көңіл тоқтатады. Олар: тобықтыда
Құнанбай, Шорманұлы Мұса, қуандықта Қоңыр, Жаңғұтты т.б.

Міне, осы аңғардан біз Шортанбай жырынан отты рухты,
берік байламды, замана салған зауалға қарсы әрекетке үндеуді
табамыз.

Түсі сары, көзі көк
Дінсіз келіп билейді,
Түбінде содан табасың [52, 73 б.], –

деп дұшпанның түр-түсін анықтап берген ақын, оған көрсетер
қарсылықтың да жөн-жобасын нұсқайды.

Алмай тұрып солдатқа,
Ықтияр кетпей жалды атқа,
Жүйрігің мен жорғанды
Өзің де мініп жебеле.
Қатын-бала қамы үшін
Қарсы шап та, мылтық құш,
Құр жабырқап жүдеме.
Ноқталы басқа бір өлім,
Өлмей пенде жүре ме [52, 71 б.].

Осынау өлең жолдары – Шортанбай поэзиясы жайлы
көзқарастың көп нәрсенің байыбына жете бармай, оның
шығармашылығына деген атүсті қараудан қалыптасқандығына

нақты дәлел. Діншілдікті бетперде қып, Шортанбайдағы отты ойды аластап, оны кертартпа ақын етіп шығарғандық. Тереңдей қарап, тірнектей жисақ, ұлттық азаттық жырдың бастау көзі осы Шортанбай толғауларында тұнып тұр. Әрине, ой ағысы діни танымнан арын алары даусыз. Бірақ осы діни уағыз насихаттың өзі азаттықтың атар таңына, тәуелсіздіктің ту тігеріне деген сенімді бекіту мақсатына жұмсалса, терістік бола ма?! М. Әуезовтің Шортанбай поэзиясы туралы: «Зар заман ақындарының ішінде қауым тіршілігін, әлеуметтік қайғысын дін бояуымен бояп айтқан – осы Шортанбай» [4, 215 б.] деген түйінінің астарында кезінде айта алмаған осы бір сыр жатқанына біз кешіл. Ойға ерік беріліп, «ақтаңдақтың» тереңін ақтара бастаған сәтте, көрнекті әдебиетші ғалым Х. Сүйіншәлиев: «Ақынның бойындағы басым күш – түңілу емес, жігерлілік, үмітсіздік емес, батыл күреске үндеу...» [21, 567 б.] – деп ашық айтты. Кеш, әрине! Бірақ «ештен кеш жақсы» деген халық даналығын медеу тұтпасқа амал қане?!

XIX ғасыр әдебиетінде діни тақырыпты бар мәселенің басы етіп, түбінен тартып, түгел бітім етіп жырлаған ақын – Шортанбай Қанайұлы. Жалпы қазақ әдебиетіндегі діни ағымның қалыптаса бастауында Шортанбай тұр. Кейінгі діни-ағартушы бағыттың XX ғасырдың бас кезінде белгілі биікке көтерілуі – осы Шортанбай шығармашылығының жемісі. «Зар заманның орта буынындағы бар жаңашылдық – діншілдік сарыны» [4, 212 б.] болса, сол жаңалық иесі – Шортанбай. Ол «дін бояуымен бояп» сөз айтып, азатшыл ойға дем бере алды, сол арқылы қазақ поэзиясындағы өз міндетін толық атқарады деп білеміз.

Зерттеушілердің дерегі бойынша, «ақынның 3000 жолдай өлең-толғауы бар» [40, 77 б.] екен. Соның бәрі ұлт тәуелсіздігін аңсаған сарынның қызуымен қуаттанған десек, артық айтқандық емес. Дін – Шортанбай шығармашылығының ұлттың өзіндік болмысын танытудың айнымас бөлшегі.

Дүниеге құр келіп, бекер кетпей, айтарын айтып кеткен Шортанбайдың:

Сөзіміз бітті, мен болдым,
Енді шықпас әңгіме.
Бәйіт айтып, баян қып,
Жанастырдым әрнеге.

Мәселе кітап шығардым,
Кейінгі қалған пендеге.
Бес ауыз сөз айттым деп,
Мақтандың, тілім, сен неге?
Қой, көмейім, тәубе қыл,
Асылық қылма иеге!
Жасың жетті алпысқа,
Жеті ғалам астында.
Даусың кетті алысқа,
Өзіңнен өрнек жайылды
Жақынға, туған, қалысқа.
Юзнасы (тілеуі) зар көрген
Өзімнен қалсын балаға.
Кетпесе сөзім далаға.
Жоғалтпаса сөзімді
Мен риза Аллаға.
Бұл бәйітті шығарған
Біз бейшара ғаріп Шортанбай.
Есте болар әр топта, –
Мұны білген (қоймас) ойламай [52, 47 б.].

Соңғы тілегі осындай ақын туралы қалай үмітсіздікті жырлады, дүниенің ақырын жырлады, ескілікті аңсады деген шешім жасауға болады. Жоқ, Шортанбай – келешектен несібе күткен, елінің ертеңіне сенген, сол тезірек келуіне сәл болса да, сөз нәрімен үлес қосқан, рухтың үмітін жаға алған ақын. Ол – діни-ағартушылық бағыттың өзіндік мектебінің басында тұрған дара дарын.

Зар заман ақындарының шығармашылығына кеңінен тоқталуымыздың басты себебі – азаттық, тәуелсіздік идеяларының әдебиеттің ең бір толымды арнасына айналуының негізін қалыптастырған творчестволық тұлғалар болуына байланысты. Олар дәстүр етіп қалыптастырған әдебиет өрнегі кейіннен іргелі бағыттың біріне айналды. Әдеби мектеп болды.

XIX ғасырдың бірінші жартысында қанатын кеңге жайған зар заман әдебиеті XX ғасырдың басында жалғасын тапты, жаңа өріммен өрісін кеңейтіп, жаңарды. Ендеше бұл әдебиеттегі азатшыл ойдың астарын кеңірек аша түскен ләзім. Әрине, зар заманның

бүкіл ақынын бір бөлімде түгел қарап шығу мүмкін емес. Біз сондықтан да олардың негізгісіне тоқталып, солар арқылы бүкіл бір ағымның тәуелсіздікті ту еткен жыр дестесіне көз салмақпыз.

Жоғарыда зар заманның айтулы өкілдері ретінде Дулат, Шортанбай, Мұрат сынды үш ақынды атаған едік. Бұлардың ағымы ортақ болғанмен, ағыны бөлек, әрқайсысының өзіне тән ой айту, сөз саптау мәнері мен машығы бар. Айтарына арқау етер тақырып реңкінде де өзгешелік байқалады. Сондықтан да оларды жеке-жеке қарастыруы жөн санадық. Ендігі сөз Мұрат шығармашылығы туралы болмақ.

М. Әуезов зар заман ағымына кімдер кіреді деген сұрақ қойып, оған «Бізше бұл ағымға ХІХ ғасырда болған ақындардың бәрі кіреді. Бұл ғасырда қазақ ақындары екі алуан болған. Біреуі – есі кірген ойлы ақындар, нағыз зар заманның өз ақындары, екіншісі – елдің қызық-сауығын саят қылған айтыс ақындары» [4, 207-208 бб.] – деп, жауап береді. Ал енді «есі кірген ойлы ақының» ірісінің бірі, бізше, Мұрат Мөңкеұлы.

Мұраттың алғашқы зерттеушілерінің бірі – Халел Досмұхаметұлы. Алаш арысы, атақты ғалым ақын туралы мәлімет бері келе, «Мұраттың заманы – бостандық үшін шегескен ердің бәрі жер тіреген заман» [59, 94 б.] – деп өмір сүрген заман сипатын нақты айғақтайды. Дулат пен Шортанбай Арқада жүріп, орыстың өңмендеген отаршыл пиғылынан шошып, ел оятуға қам етсе, Мұрат екінші қиырдан – батыстан «алқалаған» топқа түсіп, сор замандағы орыс озбырлығын ортаға салады. Дулат орыс отаршылдығына тән сипатты түгел танып, түп тамырын қазса, Шортанбай дін жарығын шырақ етіп, қам көңілге сәуле еткісі келеді. Ал Мұрат ел-жұртының алтын бесігі туған жерден айырылған зар-күйіктің запыранын сыртқа шығарып, отаншылдық рухты алға ұстайды. Мұрат ақында Дулаттағы ел мінін табу, Шортанбайдағы дінді алға ұстану жоққа тән. Ол өлеңінің өзегіне арқау еткен тақырып айшығы – туған жер. Мұраттың мұңы мен зары – туған жерді қасық қаны қалғанша қорғап өткен ата-баба айбынын жоқтау, жоқтау арқылы кек қайтару. Осы тұста Мұрат шығармашылығын толыққанды зерттеген Б. Омаровтың мына бір пікірі ойға қонымды, жүрекке дөп келеді. Ол: «Зар заман ақындарының әрқайсысының қоғамдағы өзгерістерді пайымдауы әр басқа. Сондай-ақ Мұраттың да қалыптасқан өзіндік көзқарасы,

жеке пікірі бар» [60, 103 б], – деген тұжырым жасайды. Біздіңше, ол пікір көбіне туған жерге деген жанашырлық жайдан келіп қорытылады.

Мұрат ақын тұсында қазақ жері мәселесінің ушығып-ақ тұрған кезі-тін. Орыс отаршылары қазақ жеріне сұғына еніп, ішкі жақтың көбіне бекініс салып, қазақ жерін түгел жаулап алған тұс еді. Ресей қазақ жерін мемлекеттік меншік ретінде қарай бастады. Бұрынғы уставтар, ережелер түрлі заң актілерінде қазақ жерінің мемлекеттік меншіктігі туралы сөз қозғалмаса, 1868 жылғы 21 қазанда шыққан «Басқару туралы уақытша Ережеден» бастап қазақ жерлері мемлекеттік деп таныла бастады. Және ол 1968 жылы нақты ашық айтылған [61, 424 б.].

Ресейдегі XIX ғасырдың 60-жылдарындағы шаруалар басыбайлылығы жойылуынан кейін Ресейдің тыс аймақтарындағы жерлерді олардың өз бетінше басып алулары белең ала бастады. Алғашқы өз бетінше көшіп келіп жер алушылар Ақмола облысының Көкшетау уезіндегі Саумалкөл көлінің маңайынан жер алған Тобыл, Пермнің шаруалары болды [61, 446 б.]. Сонымен бірге осы кезде қазақ жеріндегі Ресей әскери күштерінің іс-әрекеттері күшейе түсті. Тіпті өзге Ресейдің отар жеріне қарағанда, дала өлкесін басқару жүйесі тікелей соғыс министрлігінің иелігіне берілді [61, 438 б.]. Қазақстанның батысын «бақылау» – қадағалау үшін құрылған Орынбор әскери округі 1865 жылдан өз жұмысын екпіндете бастап, Торғай, Ырғыз, Ойыл, Ақтөбе бекіністерін тырп еткізбей ұстаса, 1880 жылы ол жойылып, Торғай, Орал облыстары Қазан әскери округына беріліп, ол 1917 жылға дейін сол қалпын сақтады. Мұның бәрі Мұрат ақын тұсында қазақ даласының қандай қыспаққа түскендігін нақты айғақтайды. Осы бір ұлт тағдырының кермеге ілінген қиын кезеңінде бір-бірінен айырылмастай бірлікке айналған екі мәселе тоғысып жатты. Ол ел тағдыры мен жер тағдыры еді. Ен жайлаған жерінің етегі тарыла бастаған қазақ енді елдігінен айрылудың аз-ақ алдында тұр еді. Мұрат ақынды да замандастарының санасын ел мен жердің қасиетін қастерлеуге үгіттеуге ұмтылдырған да сонау тығырыққа тірелген жайдың қасіреті еді. Өйткені қазақ мүддесі ең әуелі жермен тығыз байланысты. Сонау Асан қайғы абыздан бергі уақытта айтар ойдың өзегіне айналған жер, Мұрат заманында жан күңіренісі мен жүрек шеріне айналды.

Асан атадай жерұйықты іздей жөнелер заман әдірә қалғалы қашан. Енді тек зар мен шердің уытын жүрекке жайып, сілкінер сәттің толғағына қол жеткізу ғана қалған-ды. Күңіреніс қозғалысқа ұласса, ақын арманының орындалғаны. Міне, жердің Мұрат шығармашылығы мен ақындық ұстанымының тұғырнамасына айналуының сыры осында жатыр.

Бізге жеткен Мұрат ақын мұрасының дені – айтыс өлеңдері. Олардың өзі толық емес, үзіп-жұлған жұқанасы ғана. Бірақ осынау айтыс өлеңдерінің өзінен-ақ Мұраттың ел қамын жеп, жұрт жайын ойлаған ақын екендігін аңғару аса қиын емес.

Ұлы Жамбыл мирас қылған «Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт, Ел бірлігін сақтаған татулықты айт» [62, 85 б.] дәстүрі Мұрат ақында да үнемі «мен мұңдалап» тұрады. Мәселен, ол Тыныштықпен айтысында:

Құрттың-ау білмей айтып амалымды-ай,
Халқымның шүкір етем аманын-ай.
Халық болып өз еркімен көшетұғын
Қазақ-ау күнің бар ма баяғыдай? [63, 49 б.], –

деген сияқты еркіндікті аңсаған өзекті ойын айтыс шумақтарына кіріктіріп жіберіп отырады. Айтыс өлеңдері арқылы ол шынайы ақындық өнер мектебінен дәріс алған. Сөйтіп, кейінгі кең алқымды, кемел ағынды толғауларға барар баспалдақтар дайындығынан өткен. Ғалым Ы. Дүйсенбаев Мұрат ақынның кеңестік кезеңде жөнді ауызға ілінбей жүруінің екі түрлі себебі бар деп жобалайды. «Оның біреуі – патша үкіметінің қазақ даласындағы отарлау саясатын күшейе түсуіне байланысты Мұрат ақынның кейбір шығармаларында орыс атаулыға қарсы сарынның белгілі орын алуы. Екіншісі – ақынның кесек шығармаларының дені Едігенің ұрпақтарына арналуы» [45, 66 б.].

Басты себеп, осының біріншісі екендігіне ешкімнің таласы болмаса керек-ті. Елін, жерін сүйген ақынның жерін тоздырған, елін аздырған орыс дегенде қаны қарайып қалатыны белгілі жайт. Ол – тегіннен-тегін емес, шындықты нәрсе.

Жоғарыда біз айтқан жер мәселесінің Мұрат шығармашылығының басты арқауы екендігін кезінде М. Әуезов те жігі аңғарып, алғашқы боп ой айтқан. «Мұрат – зар заман ақындарының ішін-

де патша саясатының бір тарауына көп көңіл бөлген ақын. Ол тарауы қазақтың жері алынуы болатын. Сондықтан бұл ақын көп жырында қоныс пен өрістің жоқшысы болады» [4, 215 б.], – дейді Мұхаң бұл жайында. Біз де Мұраттағы азаттық сарынын осы төңіректен сараптамақпыз.

Ы. Дүйсенбаев Мұрат шығармашылығын үшке бөліп қарайды: «Біріншісі – ақынның бізге келіп жеткен азды-көпті өлең-толғаулары; екіншісі – «Үш қиян» «Сарыарқа», «Қарасай Қази» толғау поэмалары; үшіншісі – «айтыстары» [45, 68 б.].

XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының алдына қойған ұлы мақсаттардың бірі жер мәселесі болса, сол жердің зарын осы Мұраттан терең жырлаған ақын жоқ. Ы. Дүйсенбаев атаған «Үш қиян», «Сарыарқа» поэмалары осынау жер қайғысын ел қайғысына айналдыра жырлаған толғамды да толғаулы дүниелер.

Әрине, жоғарыда атап өткендей, бізге жеткен Мұрат туындыларының бір парасы ғана. Сонда да болса оның өлеңдерінен азаттықты аңсаған, ел мұң-мұқтажы сезіліп-ақ тұрады. Мысалы, шағын ғана «Әттең бір қапы дүние-ай» термесінде бүгінде орыс жайлаған жерлердің баяғыда кімдердікі болғандығын түгендей келіп:

Бұрынғы өткен заманда,
Ел қорғаны барында,
Белгілі екен ерлерге
Жаудың келер шамасы.
Қоныстың бәрін жоғалтқан
Ноғайлы, қазақ надан жұрт
Бірлігінің кемісі.
Ақыр түпке келгенде,
Бәрін де алды түп-түгел
Көкала шекпен жез түйме
Аузы түкті орысы [63, 110 б.] –

деп, туған жердің жаттың қолжаулығына айналғандығына өкініш білдіреді. Мұнда ақын екі нәрсеге назар аударған. Біріншісі, жердің тарихи мұрагері кімдікі екендігі алғашқы бөлікте нақтыланса, соңғысында, сол жерден бірлік жоқтан айрылғандықты ызалы кекпен айту бар. Ақын ойының тоқ етер түйіні «бірлігінің кемі-

сі» – жұрт надандығының белгісі. Бірлікті ел, тірлікті жұрт болса қонысты жоғалту болмас еді дегенді ұғымға сіңіру, бүгінгіні бірлікке шақыру. «Бірлік басы – береке екенін» санаға құю.

Мұрат шығармашылығын алғаш рет елге танытушы Халел Досмұхамедов: «Мұраттың өлеңдерінде патша үкіметінің қазаққа жұмсаған саясаты анық байқалады. Үкіметтің жақсы жерлерді тартып алғаны, ел қамын жегендердің қуылғаны, өлтірілгені анық айтылады» [59, 94 б.] – деген екен. Мұны Мұрат творчествосының табиғатын тап басып тану деп білеміз. Жалпы Мұрат шығармашылығы жай ғана «мың ойбайдың» бірі емес, отаршылдық сұрқын әшкерелеуі басым ойбай. Бұл бағыттағы оның зор шығармалары: «Үш қиян» мен «Сарыарқа». Бұлар – ішкі бірлігін бұзбастай жымдасқан, жырланар тақырыбы, айтар ойы ортақ дүниелер. Мұнда «малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп малға қарап, жан баққан халықтың, табиғаттан келген апатпен бірге, отаршылдық тұралатқан аянышты халінің ащы шындығы жырланады. Отаршылдық кесепаты – «Үш қиянның» өзегі болса, жұт – «Сарыарқаның» басты арқауы.

«Үш қиянның» шығу тарихын Халел Досмұхамедұлы былайша баяндайды: «Бұл өлең жаңа низам жүріп, ел «штатқа» келіп, енді оязнай, болыс, ауылнайлар билей бастаған заманның түріне айтылған. Айтылуы 1873 жылдың шамасында болған» [36, 106 б.].

«Үш қиян» – ел тарихы, жер тарихы, сол жердің Мұрат заманындағы мұрагері – қазақ деген халықтың талқыға түскен тағдыры туралы толғау-дастан. Мұрат шығармашылығын зар заманның өзге ақындарымен салыстыра отырып, оның Шортанбайлардан айырмашылығын С. Мұқанов: «Шортанбай – өзінің барлық шығармаларына теманы өзі жасаған дәуірден тапқан, өз дәуірі мен бұрынғы дәуірге де, соңғы дәуірге де құлашын созбаған, ақындық дарынын заманның жағдайына ғана арнаған ақын, ал Мұрат – өз заманының мұңын мұңдаумен қатар, елінің арғы тарихына үңіліп, өз заманының ғана емес, өткен тарихтың хал-жағдайын да жырлаған ақын» [27, 154 б.], – деп біледі. Шындығы солай. Мұрат – бүгіннің белгісін кешегіден тауып, өткеннің сабағын бүгінмен салғастырып, ел тарихын, жер тарихын тереңінен тартып айта білген ақын. Ел аузындағы аңыз, ескі шежіре, жыр-дастандарда айтылған өз жұртына қатысты

қандай да бір дерек көзі Мұрат назарынан тыс қалған емес. Ескіні аруақ шақырар, рух түлетер күш деп біледі ақын. Сондықтан да оны жаңғыртып отыру ләзім. Оның «Үш қиянынан» ежелгінің ел рухын көтерер өрелі жырының сарыны белгі береді. «Үш қиян» ә дегеннен-ақ, күдігі көп болжалды ойдан басталады. Ескі тарихты жырлау ақынға сол үшін қажет. «Еділ-Жайық – екі су, Бұл қазақтың жері еді» деп бастаған ақын, күдіктің өзін алға тартады. Бұл жерді мекендеген елдің бір кездегі жіберген қателігінің бүгін де қайталануы мүмкін екендігін еске салады:

Еділ-Жайық – екі су
Бұл қазақтың жері еді-ау...
Хан төркіні деген тау
Тәмам батыр жиналып
Кеңес құрған төбе еді.
Солдатқа беріп баласын,
Мойнына кірес салдырған
Бұрынғы өткен заманда
Шерқұтты деген ел еді.
Бұл қонысқа отырсаң
Бұлай болып тұрғанда
Жылдан-жылға жақындап,
Сол бізге таман келеді [63, 129 б.].

Өйткені замана ауыспалы. Ел тірлігі, бірлігі оңбаған кезде басқа талай күн туған. Міне, Мұрат меңзеуінде соның қайталанбауын тілеу бар. Еділ-Жайық жеті жұрт кеткен, яғни жеті рет ауысып бірінің орнына бірі келген жер. Жәңгір хан туралы зерттеу жазған Мереке Құлкенов пен ақын Рахымжан Отарбаев бұл жеті жұртты былайша көрсетеді: «Кәрі құлақ шежіре мен тарихи жылнамаларға арқа сүйей сөйлесек, біздің жыл санауымызға дейінгі VIII-III ғасырлар аралығында бұл жерді иран тілдес скиф-сарматтар мен аландар қоныстаныпты. Кейінгі кезек былай өрбісе керек. Угро-фин тайпасы мен венгрлер, біздің дәуіріміздің IV-XV ғасырларында түркі тілдес гундар мен аварлар, хазар, пойнек пен қыпшақтар, XII-XV ғасырларда моңғол хандары орда тікті. Олардың өкшесін баса кеп, ноғай мырзалары мен Қазақ хандары қанат жайды. X-XVII ғасырда түркімен, қарақалпақ,

башқұрт халқы жайлады. Осы аталған халықтың бір бөлігін Кубаньға, екінші жартысын Арал теңізі маңына ығыстырып, XVII ғасырдың 30-жылдары қалмақтар кеп орнықты. Қытайдан қашып, бас сауғалаған бұл шұбырынды Бұхар мен Самар даласын қоныстанған жетінші жұрт болатын» [64, 170 б.]. Әрине, жазушы мен ақынның шалқымалы ойларының мәйегін алып сараптасақ, мұнда да бір шындық бар. Осы авторлардың айтуы бойынша, 1801 жылы Бөкей сұлтан орыс патшасы Павел рұқсатымен, қалмақтан қалған осы жұртта Бөкей ортасының іргесін қалайды. Тарих сабағы санадан кетпеске керек. Мұрат ақынның айтпағы – осы.

Адыра қалғыр, үш қиян.
Қайырсыз екен.
Қайырсыз неге десеңіз.
Үшеуінің ара бойынан
Жеті жұрт кетіп жол салған.
Біздер де солай болармыз,
Артық па едік олардан?! [63, 130 б.]

Ақын елге ескертпе жасап, мына жердің тарихында талай аумалы-төкпелі кезеңнің болғанын, оның әлі де қайталану мүмкіндігі бар екенін еске салады. Оның «үш қиян» тарихына шолу жасаудағы мақсаты – осы. Содан шығарып бүгінгі қауіптің бағытын бағдарлайды.

Еділді тартып алғаны –
Етекке қолды салғаны.
Жайықты тартып алғаны –
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны –
Ойдағысы болғаны.
Маңғыстаудың үш түбек
Оны дағы алғаны.
Үргеніш пен Бұхарға
Арбасын сүйреп барғаны,
Қоныстың бар ма қалғаны? [63, 143-194 бб.].

Мұрат зарының шындығы осыдан келіп шығады. Ол – қазақ деген халыққа басар жер, барар тау қалмай бара жатқандығы. Жермен бірге замана тарылуда. Ақын енді осының мәнісін тануға ұмтылады. Жерді тарылтқан, елді аздырған – отаршылдықтың басқа салған нәубеті. Осыған кім кінәлі?! Кейінгі М. Дулатов алға тартқан «бұл жайға қалай кірдік?» деген сұрақтың жауабы қалай болмақ. Бұған айыпты заман ба, адам ба?.. Мұрат шешімінше, адам.

Бәйіт еттім бұл сөзді
Қайғы шегіп заманнан.
Заман азып не қылсын
Ай орнынан туады,

Күн орнынан шығады,
Бұның бәрі адамнан [63, 144 б.].

Мұрат поэзиясындағы Шортанбай, Дулаттардағы жалпылықтан жалқылыққа ауысу бар екенін, оның кінәратті заманнан емес, адамнан көруі нақтылыққа жақын екенін алғаш аңғарған – тағы да М. Әуезов. Ғұлама бұл туралы мынадай қорытынды жасайды: «Бұ да (Мұрат. – Ө.Ә.) азған заманның белгісін айта келіп, заман неден бұзылғанына шешу айтады. Шешуі Шортанбайша табиғат бұзылғандықтан, дін жағынан емес. Табиғат бұрынғы қалпында, заманды бұзған - қазақтың өз қауымы» [4, 216 б.].

Міне, осы арадан Мұрат жасампаздығының өзіндік жұмбағы шешіле бастайды. Мұратты толғандырған «неге?» деген сұрақтың жауабы белгі бере бастайды. Ол енді замана адамының жанына үңіледі, оның сыртын ғана емес, ішін де ашады.

Адамның азған белгісі –
Екі кісі дауласса,
Тату бол деп айтпайды.
... Қайыр кетіп қазаннан,
Қуат кетіп азғаннан,
Мұсылманның баласы
Қашуды қойды арамнан.
Шапағат, қайыр қалмады
Жақын жуық жараннан [63, 144 б.].

Мұрат түсінігіндегі азған адамның белгісі осындай. Мұндағы бірліктің кенеуі кетуі, имандылықтың жоқтығы ауызға алынады. Адамның бір-біріне жаулық көзқарасы оның ішкі әлеміндегі өзгеріске тығыз байланысты. Мұрат пайымында өз кезеңіндегі адамдардың жан дүниесін жеке бастың, өзіндік қажеттілігі жаулап алған. Жұрт қамын ойлау екінің бірінде жоқ, жеке-ліктің жемтігіне айналған қуыс кеуделік ғана бар. Ал ол жаннан өз жай-күйін ұғынып, еркіндіктің етегінен ұстау емес, қу тіршілік ыңыршағын айналдырған күнкөріс қамы басты мәселеге айналған. Мұратты шошытатын да, шошынары да – осы. Ал мақсат – елге ес алдыру, ой салу. Қажет болса, кек пен ызадан тұтанған от жалынның шоғын үрлеу.

Мұраттың ең бір қиналар тұсы – қарапайым халықты жөнге салар, алға бастар, көшбасшы тұлға жоқтығы. Адамы азған заманның бір белгісін ақын осыдан да таниды. Бүгінгі ел сөзін сөйлейді деген азаматтың Мұрат сипаттауындағы сиқы мынау:

Киім кесе, жеңі жоқ,
Етегі бар да, белі жоқ,
Бармақ сыяр жері жоқ.
Қатпа болған түйедей,
Киенкі болған биедей
Ел биледі бір сымпыс
Екі бұты тарылған [63, 144-145 бб.].

«Атқа мінген жігітте // Қалмады нәрсе қарардай» деп қараған. Орыстың өнегесіне елтіп қалған мына сиықты жаннан ел аманатын ақтауды күтудің өзі күнә емес пе?! Азуы алты қарыс отаршыл елдің тісінде кетіп қалмаудың қамын жасау бұлардың қолынан келе қоюы неғайбыл. Сондықтан да ақын:

Дұшпан – тағы, біз – түлкі,
Қашсаң ерікке қоймайды,
Үйге кірсек суырып,
Бір бәлеге жолықтық
Құлғанадай қадалған [63, 145 б.] –

деп, айлалы да әккі жаудың замананы меңгерген залымдығына

қарсы келер айла таппай қиналады. «Бір пәледен мың пәле // Туып кетті балалап» деп қайран жоқтығына күйінеді. Ақын қаупінің ең зоры – ертеңгі ұрпақ қамы. Бүгінгінің белгісі ертеңге тат болып қала ма деп сескенеді. «Заманы мұндай сұм болған заманының адамына» бүгінгі емес, ертеңгінің болжалын жеткізгісі келеді. Және ағаң – ертеңнің елесіне айқын да анық жорамал жасап, айнадағыдай айнытпастай көрсетеді.

Мен қауіп еткеннен айтамын:
Ақ борықтай иілген
Кейінгі туған баланың
Ұстай ма деп білегін,
Шая ма деп жүрегін.
Шашын, мұртын қойдырып,
Ащы суға тойдырып
Бұза ма деп реңін [63, 147 б.].

Сөйтіп, өзі көкірек көзімен болжай алған заманның сүреңінен қатты шошынады. Ақынның «Үш қиян» атты іргелі толғауындағы айтпағы не, түйіні қандай десек, ол – елдің мұң-зарын ащы да болса орайы келер шындықпен көрсете отырып, отаршылдық қамытын киген елінің рухын көтеру. Ескідегі елдігін, кешегі ерлігін жырлап, бүгінгі күй – кетпес күйе, өшпес дақ емес екендігін еске салу. Сөз құдіретінің санаға сілкініс, ойға өзгеріс әкелер қуаты арқылы жүректегі сезімді, көңілдегі кекті қозғау. Мұрат ақынның «Үш қияны» бізге аяқталмай қалған туынды сияқты көрінеді. Сондықтан ақын жырының тұжырымды тиянағын нақтылау қиындау. Айтар ойдың аңғары отаршылдық сыр-сипатына ойысқан. «Адыра қалғыр, заманның, // Мен жаратпаймын сүреңін...» деген тұста шорт үзіледі. «Үш қиян» ұзақты жыр-дастанның бізге жеткен үзік-сілемі секілді.

Мұраттың жер тағдырын ел тағдырымен ұштастыра жырлап, ел намысын жаныған жалын жыры – «Сарыарқа» толғауы. Бұл тоғаудың шығу тарихын Х. Досмұхамедұлы қазақтың тойбастар салтымен байланыстырады. 1880 жылдары нағашы жұрты Адай ішінде жүрген Мұрат жалғыздығын бетіне басқан елге туған жерге деген сағынышын жеткізіп, осы «Сарыарқаны» шығарады [36, 119 б.]. Батыс өңірінің тарихы мен өнерінің білгірлерінің бірі Бе-

рік Қорқытов Мұрат өлеңдері жинағындағы «Сарыарқа» толғауының түсініктемесінде бұны басқаша түсіндіреді. Оның дерегінше, ол тойбастау үшін айтылмаған. Адай елінің үлкен жиынында қаңғырып келген деген қаңқуды естіп, «іштей тынып, ширығып жүрген Мұрат осы «Сарыарқасын» жырлайды» [62, 158 б.]. Сөйтіп, ел жақсылары алдында туған жерін жырлау арқылы халық басындағы зар-мұңды жеткізеді. Ал бұл «Сарыарқаның» жер атауы мағынасында бар ма дегенде ғалым А. Шәріптің осыған түрлі пікірлерді салғастыра келіп: «Ол – Жем, Сағыз, Елек, Қобда, Ойыл т.б. ірілі-уақты өзендер айқұш-ұйқыш тамырлана ағып жатқан қазіргі Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан облыстарының бірқатар бөлігін қамтитын аймақ» [46, 56 б.] – деген қорытындысына келісуге болады. Толғаудың шыққан жеріне орай айтылған ғалым Қ. Мәдібайдың: «Сарыарқа толғауының атауындағы Арқа сөзі – Атырау жағын білдіреді. Маңғыстаулықтар Атырау жақты Арқа дейді екен» [40, 145 б.], – деген дерегіне де құлақ қоймасқа болмайды. Қай «Сарыарқа» болмасын оның астарында туған жерді еркін жайлаған кезеңнің сағынышы жатыр. Ендеше «Сарыарқа» еркіндік аңсаған елдің түп мақсатының символдық көрінісі десе болғандай.

«Сарыарқа» толғауында да «Үш қияндағы» жеті жұрт көшкен қайырысз мекеннің сарыны бар. Бірақ арғы тарих көп сөз болмай, алыстағы өткеннен, бергі жақындағы бастан кешкен қасіретті жырлау басым келеді. Жеті жұрт көшкен қоныстың ақыры қазаққа қайыр болмай, орысқа бұйырғаны ақынның іштегі ызасын сыртқа шығарады. Ақын жырында жер мен Ер тағдыры егіз өрімде өріледі.

Әуелі жеңіп орыс Еділді алды,
Сарытау, Аштарханның жерін де алды...
Тәмамы су мен нуды орыс ұстап,
Қазақтың содан жұтап шашылғаны.
Қуалап Исатайды өлтірген соң,
Заманның сонан бері тарылғаны.
Онды алды – үш Оймауыт, тоғыз Торғай
Кең қоныс мұсылманға қалынбады.
Үш қиян – жеті жұртты тоздырған жер
Жер үшін қайғы жоқ тарылмалы.

Шекшекей, Құтым қашып, Әбенді ұстап,
Ерлерге ерегіскен не қылмады?!
Ерлігі бір қазақтың, Махамбеттей
Оны да аңсыз жерде жазымдады [63, 199 б.].

Ақынның «Сарыарқаны» шығарған сәттегі ішкі қыжылы «Бұл сөзді бәйіт еттім мұңданғаннан, // Заманға тура билік тыңдалмаған» деген жолдардан айқын аңғарылады. Оның жер тағдырын кешегі өткен ер Исатай мен от ауызды, орақ тілді Махамбет тағдырымен байланыстыра беруі ел қамы деп еңіреп өткен ерлердің аруағын еске алу емес. Исатай, Махамбет өлімі – алынбаған кектің, жазылмас жараның белгісі. Намысты ел соны қуарға керек. Елді тұлғасынан айырып, енді тоз-тозын шығаруға айналған отаршыл елден енді күтер ештеңе жоқ. Енді жол – тек қарсылықты бас көтеру. Тұлпар мініп, ту алып, айқасқа шығу.

«Сарыарқада» ақын «жеті кетуді» қайта-қайта еске алады.

Бұл жерден дін мұсылман жеті кетті,
Біреуі екі келіп, екі кетті...
Жылады кетерінде шайқыларым,
Қайғының сонда білдім айтыларын.
Қонысты жұрттан қалған менікі деп
Бұл күнде ие болған қайсыларың [63, 203 б.]?!

Мұрат айтар ойдың аңғары қайда ауғанын осы жолдар білдіреді. «Сарыарқаға» мұсылман жеті кетіп, алты оралған екен. Ендеше үміт үзілмеуіне мүмкіндік бар емес пе? Дүние аумалы-төкпелі, ту ұстар ер табылса, жерге ие табыларында күмән жоқ. Ақын меңзеуі осыған саяды.

Мұрат күйзелісін әкелген зор кесапат басы – ел егесінің жоқтығы деп біледі. Ер мен елдің бірлік тұтқасы – ел егесі хан. Хандықтың жойылуы, елдіктің жойылуының басы еді. Ақын осыны баса айтып, нақтылай түседі. Орыс отаршылдары өзінің әккі саясатын әуелі хандықты жоюдан бастады, хандық жойылса, елдік жойыларын, елдік жойылса, жерге иелік тарыларын жақсы білген олар зымиян саясатты осылай жүзеге асырды. Бұл туралы Мұрат ақын:

Әуелі әлім менен табынды алды,
 Тоздырып ақсүйектің тағын да алды.
 Әленді Күсеп пенен Сібірге айдап,
 Бұл жұрттың қара түгіл ханын да алды.
 Қазақтың хан-шегесі, жер-мұрасы,
 Тағынан хан тайған соң, бақыры қалды [62, 198 б.].

Абылайдан кейін қазақта хандықтың бағы тайғандығы шындық. Ел бірлігінің тұтқасы хандықты жоймай, отарлау саясатының жүзеге асуы оңай болмайтындығын білген Ресей әкімшілігі хандықтан құтылудың жолын үнемі іздестірумен болған-ды. 1781 жылы Абылай дүниеден өткеннен кейін оның үлкен баласы Уәли хан сайланса, Ресей империясы 1915 жылы оның бедел-билігін әлсірету мақсатында орта жүзде екінші хан етіп Бөкей сұлтанды тағайындайды. Алайда 1817 жылы Бөкей, 1819 жылы Уәли қайтыс болған соң, Орта жүзде хан бекітілмейді [65, 161 б.]. Бұдан соң қазақ даласын басқару түрлі әкімшілік өзгерістерге ұшырады.

Мұраттың тілге тиек етіп отырғаны – осы жайт. Ел иесі иеліктен кеткен соң, жер киесінің кетері анық. Еділ-Жайық арасын еркін жайлаған қазақ жұрты, ендігі заманның не боларын білмей дел-сал күйді кешкен тұс еді бұл.

Кейбір зерттеулерде Мұрат ақын ұсынған жол басқа жерге қоныс аудару, Асан қайғы іспетті «Жерұйық» іздеу деп біледі. Халел Досмұхамедұлынан бастау алатын бұл ойды Х. Сүйіншәлиев, Б. Омаров сынды ғалымдар құптап, қолдайды. Әрқайсысының кезек-кезегімен келетін тұжырымдары мынадай: «Мұраттың ұлы сарыны – құтсыз қонысты тастау керек» [36, 104 б.], «Еділ мен Жайық өлкесінің қазақ үшін кеңшілік қоныс болмайтынын» айтып, көшуді уағыздады» [21, 623 б.]. «Мұраттың «Үш қияны» да, «Сарыарқасы» да құтсыз қонысты тастау идеясына негізделген» [33, 114 б.] Осы зар заман ақындары ішінде күрескерлік рухы биік, өкініші мен наласы мол болғанымен, елдік идеясы айқыны Мұрат ақын «Үш қиян» мен «Сарыарқада» жеті жұрт көшкен жұрт тарихын қайта-қайта ауызға алғанда, өткеннің қатесін қайталамауды еске салады.

Ақын дүниетанымындағы ерекшелік, ол – ерлікті күрестің жоқшысы. Мұрат кетуді емес, күресті аңсайды. Жеңіліске ұшырағанмен, елі мен жер үшін талай батыр қан төккен, азаттық

үшін арпалысып өткен атамекенді тастап кетейін дегендік қандай ақылға сыймақ? Әрине, бұл қоныстың қайырсыздығы мен құтсыздығына егілу бар, бірақ еңкею жоқ. Адамзат баласына тән туып-өскен жерді құрмет тұту дәстүрін Мұрат таным-түсінігі жоққа шығармайды. Ол жерден ығыстырылған ел қасіретін жырлай отырып, оған деген өзінің сүйіспеншілігін, қимастық сезімін қатар өріп отырады.

Онда жер тағдыры толғандырған перзенттік парыз сарыны, кіндік қаны тамған қасиетті жерді басқыншы жаудан қорғау идеясы басым. «Үш қиянда»:

Ердің соны Исатай
Ерліктің туын тіккен жер,
Жауды басқа тепкен жер.
Махамбетін ертіп ап
Жәңгірге шеп құрған жер.

...

Атамыз қазақ баласы
Қонып мекен еткен жер.

...

Аузы түкті кәпірдің,
Басы шоқты қалмақтың
Қанын судай төккен жер.

...

Енді қайтып келер ме
Бастан өткен сол күндер.

Немесе «Сарыарқадағы»:

Баласы мұсылманның нашарланды
Keң қоныс қайдан іздеп таптырады.
Жылады кетерінде шайкыларым,
Қайғының сонда білдім айтыларын.
Қонысты жұртта қалған менікі деп
Бұл күнде ие болған қайсыларың?!

деген жолдар біздің жоғарыдағы пікірімізді қуаттайды.

Жалпы, Мұрат ақын поэзиясы – XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиеттегі азаттық идеяны өзекжарды ащы

зармен жырлап, көкірекке тұнған шер мен лықсыған ызаны қайратты кекке айналдырған аруақты жыр. Оның туындылары тарихи шындығымен, саяси мәнімен бірге көркемдік сапасымен де шоқтықтанып, ерекшеленіп тұрады. Ел тағдыры, жер тағдырының қасіретті кезеңін жырлау арқылы оянар санаға ой салып, кекті жүректің қыжылына шоқ тастады. Мұрат жырлары – құрғақ ойбайдың белгісі емес, езілген елдің көз жасынан құрыш болып құйылған кектің жыры. Ел-жер деген Мұрат сарыны ХХ ғасыр басындағы саяси қозғалыстың тарих сахнасына шығуына, қазақ зиялыларының ынтымақты тірлікке, бас қосқан бірлікке келуіне игі әсері болғанын жоққа шығара алмаймыз. Ең бастысы, Мұрат поэзиясының еркіндікті азатшыл дәстүрі ХХ ғасыр поэзиясында жаңаша жаңғырып, жаңашыл ойға азық болғаны шындық.

Жалпы алғанда, ХІХ ғасырдың бас кезіндегі отаршылдық қысымы байқала бастаған тұста туған зар заман поэзиясындағы әлеуметтік, азатшылдық сарындар қазақ әдебиетіндегі жаңа көркемдік бағыттардың, әлеуметтік лирика мен азаматтық поэзияның дамуындағы көркемдік-тарихи алғышарттар болып табылады.

1.3. Махамбет поэзиясы – азатшыл жырдың алтын тұғыры

Зар заман ақындарының зарлы жырының арасынан жарк етіп жалын шашып, өршіл рухтың өр жырын тудырған тұлға – Махамбет Өтемісұлы. Бұл күндегі қайраған кектің, ашынған арнамыстың, басқыншыға бас ұрмаған ерліктің белгісі боп қалған Махамбет поэзиясының азаттық сарындағы жыр көшіндегі орны ерекше. Академик Зейнолла Қабдолов: «Махамбет! Бұл есім – өмірдегі қасіреттің синониміне, өнердегі қасиеттің символына айналған аса аяулы әрі аруақты ат. Көзі ашық, көкірегі ояу қазақтың бір де бірі бұл есімге бейтарап қарай алмайды» [66, 126 б.], – десе, жалпы Махамбет атты әлемнің бар болмысын танып айтқандық деп бағалауымыз керек.

Махамбет поэзиясының өнер символына айналар қасиеті оның толғауларындағы от-жалынды рухта жатыр. Өр толғауы қазақ деген халықтың күресшіл рухының құрыштай мұқалмас бе-

ріктігін танытып, атойлап тұрған асқақ жыр – бүкіл бір дәуірдің ыза-кегін бойына жинап айбат шегіп тұрғандай.

Алдыңғы кезекте қарастырылған Дулатпен жас құрдас, Шортанбаймен замандас, Мұратпен ғасырлас болғанымен, Махамбет бұрын-соңды зерттеулерде олардан бөлектеніп қарастырылып келеді. Мұның өзіндік себептері бар екені анық. Дулат, Шортанбай, Мұрат – бір-біріне жалғасып жатқан, замананың кейпін ащы зар, зор өкініш, қасіретті мұңмен өрнектеп ашқан ақындар. Олардың поэзиясында негізінен халықтың басына төнген нәубет айтылып, оның себеп-салдары ашылып, болашағы болжанып, келешек көрінісі көбіне – көп ел шошынар замана өзгерістерімен белгіленіп жатты. Бұл да тағдыры тығырыққа тірелген ел-жұрттың намысын оятып, еркіндігі мен азаттығы үшін күреске шақырудың бір амалы-тын. Көкірек толы күңіреністің табиғаты тағдыр басқа салғанға көніп, торығуға емес, талқыға салған замананың қыспағына қарсы шығуға ұмтылдыруды алға тұтқан болатын. Ал Махамбет поэзиясы жоғарыдағы зар-заман ақындарының арманына айналған азаттыққа жеткізер мұратты дәл айқындап, өз жырларында күресшіл рухтың алауын жақты. Ақын поэзиясы – қазақ әдебиетінің сан ғасырлық дамуының басты қозғаушы күшіне айналған, желісі үзілмес жалғасын тауып келе жатқан, бірде бәсеңсіп, бірде айбынданып үдей түскен азаттық идеясының XIX ғасырдағы алтын тұғыры. Махамбет қазақ поэзиясына алып келген өрлік пен ерлік астасқан ұлттық рух күдіреті өзіне дейінгі де, өзінен кейінгі әдебиетте де ерекшеленіп, өркештеніп тұрады.

Біздің мақсат Махамбет Өтемісұлының шығармашылық ғымырнамасын, ұлт азаттығы үшін алысқан күрес жолын, батырлық тұлғасы мен қиын тағдырының тарихи шындығын қарастыру емес. Бізді қызықтырары – ақын поэзиясындағы азаттық идеяның өрісі мен көрініс табуы.

Алайда Махамбет жырларын оның «Ереуіл атқа ер салған», «Егеулі найза қолға алған» күреспен өткен тағдырынан бөліп қарауға болмайды. Бұл жағдайда алдыңғы толқын махамбеттанушыларды ауызға алмай кету арға сын болар еді.

Алғашқы махамбеттанушы Халел Досмұхамедұлы Махамбет заманының жалпы сипаты туралы: «Он сегізінші хәм он тоғызыншы ғасырдағы патша үкіметінің саясаты қазақты әбден көндіріп алу болды, қазақтың еткен амалы орыстан құтылу болды. Өткен

жүз жарым жылдардағы Кіші жүздің тарихы қанмен жазылғандай деп айтса болады» [59, 29 б.], – депті. Дәл берілген анықтама.

Бұл тарихты халықты отаршылық қыспағына алған Ресей империясының қанқұйлы саясаты мен сол саясаттың сойыл соғары болған қазақ хан-сұлтандарына қарсы көтерілістер тарихы десе де боларлық. Кіші жүз жерінде өткен осынау қантөгісті оқиғалар тізбегін Х. Досмұхамедұлы өзінің «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат» атты еңбегінде былайша тізбектеп көрсетеді:

«1785-1800-інші жылдардағы Байұлы Сырым батырдың көтерілісі. Сырым Нұралы ханды тақтан түсіріп қуды, Есім ханды өлтірді, патша өкіметімен жауласты, Сырым ақырында жеңілді.

Екінші, 1830-1845-інші жылдардағы байұлы беріш руынан шыққан Тайманұлы Исатай мен Өтемісұлы Махамбеттің көтерілісі.

Үшінші, 1850-1860-ыншы жылдардағы әлімұлы шекті руынан шыққан Нұрмағамбетұлы Жанғожа мен Көтібарұлы Есеттің көтерілісі. Есет сұлтан прабитіл болған Арыстан ханды өлтірді. Есеттің інісі Бекет ұсталды.

Төртінші, 1869-1870 жылдардағы Орал, Торғай қазақтарының жаңа шыққан дала низамына көнбейміз деп жасаған көтерілісі. Бұл көтерілісті «ауа» деп атапты» [59, 34 б.].

Кіші жүз жерінде өткен осынау көтерілістердің ішінде ел есінде жақсы сақталғаны – Исатай мен Махамбет көтерілісі. Мұның басты себебі – ел жадында жатталып қалған көтеріліс басшыларының бірі Махамбет батырдың жорық жырлары дер едік. Осы көтерілістің рухтандырушысы Махамбет өзінің жалынды жырлары арқылы ел ісі деп бас тіккен ерлер жорығын жырлап қана қоймай, жұрт басынан өткен қиын-қыстау күндердің шежіре тарихын жыр жолдарының өзегі ете білген. Сөйтіп, Махамбет азаттық күрестің ұраншысы ғана емес, тарихшысына да айналған. Көтеріліс тарихын зерттеушілер түрлі құжаттағы дерек көздерімен қатар, Махамбеттің өлеңдерінің өн бойынан өзіне керегін тауып отыруының себебі осында.

Әдебиеттің тарихилығын терең зерттеген ғалым Ж. Тілепов: «Махамбеттің біраз толғауларының мазмұнына қарап, олардың қай жыл, қай айларда шығарылғанын айқындауға болады. Мұндағы біздің тірек етер уәжіміз – шаруалар кө-

терілісінің бүкіл рухын, тағылымды ізін қиналмай табуға болатындығы ғана емес, сол ұлы оқиғалардың мезгілі мен мекен жағынан олардың өзінен кейінгі оқиғалардан үзіле көрсетілетіндігі» [19, 178 б.], – деп Махамбет толғауларының тарихилық табиғатын айқындап өтеді.

Әрине, Махамбет – кең құлашты ақын. Оның өлең-толғауларын тек бір ғана көтерілістің айналасына арқандап қоюға болмайды. Дегенмен көтеріліске қатысты әр оқиға, оның бел ортасында жүрген әрбір азамат, қарама-қарсы жақтың белді-белді адамдары Махамбет назарынан тыс қалмай, түгелге жуық шығармашылығынан көрініс табады десек, артық айтқандық болмас. Ендеше Махамбет шығармашылығы – осы көтерілістің жыр шежіресі. Исатай екеуі бастаған жорықтың ел жадында айқынырақ сақталуында осындай сыр бар.

Ендігі бір махамбеттануға қатысты ізденісте сөзіне құлақ қояр жан академик Қ. Жұмалиев десек, ғұлама ғалым Махамбеттің көтеріліс жыршысы екендігін былайша нақтылаған: «Бұл көтерілісті өз кезінде де, кейін де жырлаған ақындар аз болған жоқ. Бірақ көтерілістің шын мәнінде айнасы болған және оның халықтық сипатын дәл көрсетіп, алдына қойған тілек-мақсаты не, кім үшін, не үшін күресті – осылардың бәрін де тамаша түрде айқын суреттей алған ақын – Махамбет. Оның ұрпағына қалдырып кеткен өлең-жырлары – халықтың зор қозғалысының нақтылы сәулесі...» [67, 302 б.].

Шынында да, Исатай-Махамбет көтерілісі – қазақ тарихында ерекше сипатқа ие болған орасан зор тарихи оқиға. Бұл Ресейге қосылғалы бергі халық жүрегінде қоздап жатқан еркіндікке ұмтылыстың, қарсылықты күш ретінде лау етіп жанып, алаулаған жалынға айналған кезі. Иіле, иіле жерге жеткен басты енді көтермесе, қылыш кесердің кері еді бұл. Бұл кезеңнің саяси бағдары туралы М. Әуезов: «Абылай заманында негізделген саяси бағыт Сырым, Исатай, Кенесары тұсында іс жүзіне шығып, қалың ел өмірін асты-үстіне келтірді. Сол заманның пікір жолындағы басшысы, табалдырығы Абылай заманы болатұғын. Соңғы заман адамы ой суатын, саяси бағытын артқы дәуірден алды» [4, 207 б.] деген нақты тұжырым жасайды. Сөйтіп, Абылай тұсындағы Бұқардан дәстүр тартқан кейінгі зар-заманның басы Махамбет деп біледі.

Махамбетті зар заман ақындары қатарына қосқанмен, М. Әуезов оның жырындағы отты жалын мен өршіл рухтың өзгеше сипатта екендігін тап тани алды дейміз. Ғалымның төменгі сөздері осы ойымыздың дәлелі бола алады: «Жырау өсиет пен билік соңындағы адам болса, Махамбет – солардың үлгісімен жаңа заманда, тар заманда шыққандықтан, үгіт пен істің соңына түскен адам. Сондықтан қалың елді артынан ертіп жүріп, үкіметке қара қайратпен қарсылық етеді. Көтеріліс жасайды. Соғысады. Сөз сөйлесе, жалпы қазақтың қанын қыздырып, желіктіріп, осы жолға ертпек болады. Өлеңіне қарасақ, өздері істеген істің алғашқы кезінде Махамбет, осы пішінімен айқын көрінеді» [4, 209 б.]. Осы үзіндіде Махамбеттің азаматтық, ақындық тұлғасы толық та бірегей ашылған. Іс және сөз бірлігінің болмысы айқындалған. Махамбеттің ісін сөзі, сөзін ісі жалғап, жаңғыртып, олар бүтіндікке айналған. Махамбет ел тұтқасы хан қасында жүрген жырау, билік басындағы би де емес. Ол – ұлт азаттығы жолында қоңыраулы найза қолға алып, толғаулы жырмен толғанып атқа қонған, батырлығы мен ақындығы қанаттасқан қайраткер тұлға. Жиырмасыншы ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлы айтқан:

Үндемей өлсек,
Сүйекпен көмсек,
Кейінгілер демес пе?!
Лақ құрлы бақырмай,
Өлген екен апырым-ай [2, 42 б.]! –

түсінігінің бастау арнасы. Шегіне жеткен ел қайғысы, әрекетті істен басқаны шеткерген тұс осы. Отаршылдық саясат тығырыққа тіреп, «ұзын арқан, кең тұсауға» жол қалмаған жағдайдың жалғыз өткелі – қолға қару алу болатын. Махамбет, міне, осы қару ұстауға жарардың жанына өз өлеңімен дәру беріп, қазақ жұртының қамын ойлаған қайратты ерлерін ұлы күреске бастай алды. Күдер үзіп күңіренген елдің үмігін оятты. Ертеңгінің баянын өткеннен емес, бүгіннен іздеп табуға, болашақтағы бостандықтың іргетасын өз қолымен қалауға шақырды. Махамбет өлең-толғауларының мәңгілік құнын жоймас мән-мағынасының маңыздылығы да, ішкі иірімдерінің ширық атқан қуаты да – осында.

«Махамбет, ең алдымен, халқын, Отанын сүйген патриот ақын. Оның өлеңі – елін тереңнен сүюдің айқын үлгісі. Санасы оянып, ойы өсе бастаған күннен бастап-ақ ақын халық көпшілігін езіп отырған хан, сұлтан, би-төрелерге қарсы шықты. Найзасына асыл сөз, өткір тілін қоса жұмсады. Көпшілікті езушілерге қарсы қарулы күреске шақырды» [67, 307 б.], – депті Махамбеттің ақындығы туралы Қ. Жұмалиев. Сөз орамында кеңестік кезеңдегі саясаттың салқыны жатқанымен, ақындық ерекшелікті тап басып таныған. Қалай дегенде де, Махамбет поэзиясын арғы жыраулардан да, бергі зар заман ақындарынан ерекшелеп тұрған, біздіңше, нақтылық пен шыншылдық. Оның толғауларында өткенді қаузау, болашақты болжау да жоқ. Ақын өмірдің реальді шындығынан алынған шыншыл оқиғалардан ой өріп немесе шындықты оқиғаға қатысты сезім күйін, көңіл толқынысын білдіреді. Тіпті болмағанда, нәтижесі айқын іске шақырып, соған жетер жолды көрсетіп, ерлікті күреске ұран шақырады.

Әрине, ақын толғаулары үнемі ұраншыл жыр дестесі емес, онда күдігі мол күмәндік, жүрекке жүк салған мұнайыс пен күйзеліс те, бір сөзбен айтқанда, элегиялық сарындар кездесіп отырады. Бірақ мұнда да қамығу, торығу – бәрі де нақты істен нәтиже шықпағандыққа өкінудің шындығы еді. Бірақ Махамбеттің қандай да бір толғауында болмасын, мою мен мойын ұсыну жоқ. Оның өлеңдері қандай жағдайға қатысты айтылғанына қарамастан, ішкі тегеуріннен ертеңге деген сенім білініп, қажырлы қайрат сезіліп тұрады. Міне, Махамбет поэзиясының бар қасиеті – осында. Ол – ерліктің, сол ерліктен қуаттанған елдіктің жыршысы. Өйткені «ойлары мен іс-әрекетіндегі дәйектілік және батылдық – күрескер ақынға тән сипаттар» [64, 217 б.].

Махамбет – өзгелерден гөрі халыққа біртабан жақын ақын. Ол барлығын сырттай бақылаушы, кешегі естігенін, бүгінгі көргенін ғана жырлап, өзінің ой-түйгендерінен ертеңгі болады-мысты болжаушы емес, халықпен бірге жүрген, не көрсе де бірге көрген, көргеннен көңіл тұшынар жыр тудырған жампоз ақын. Профессор Ханғали Сүйіншәлиев: «Ол халық үшін бар өмірін сарп еткен, ел үшін туған ер ақын. Ол – ақындық мақсатын ел мүддесімен ұштастыра білген азамат ақын» [21, 488 б.], – деп Махамбеттің нағыз халықтың ақыны екенін нақты айқындайды.

Махамбет поэзиясында діндекті үш тақырып бар десек, кателеспейміз. Олар: ел мен жер тағдыры, елі мен жерін қорғаған ер тағдыры. Осы үштаған тақырыпты жырлау арқылы ақын отаршылдық тақсиретін тартқан елдің жай-күйін зарлай айтқан зар заман ақындарынан өзгеше сарынды әкеліп, ұлттық езгіге қарсылықты жырлаған күрескерлік поэзияны тудырды. Ұлт-азатшыл рух жырының негізін қалады. Сөйтіп, ол өзінің отты жырлары арқылы халықтың мұңының жоқтаушысы ғана болып қоймай, оның ерлікті рухын асқақтатты. Махамбет халықтың өзі куәгер болған өмір кезеңін жырлау арқылы тұтас ұлттың ой-сезімін, биік рухты болмысын, оның тіршілік-тынысының сипатын толық аша алды. Ендеше оның шығармаларындағы басты тұлға – халық, сонан соң сол халықты күреске бастаушы ұлы істердің ұйтқысы – елім деп еңіреген ерлер. Міне, осы екі бейне – Махамбет поэзиясының орталық діндегі. Халық Махамбет толғауларында хан-сұлтандар сатқындығынан отаршылдық қасиретін тартқан, сонда да өзінің тәуелсіздікке деген сенімін жоғалтпаған қаһармандық рух иесі ретінде көрінеді. Ол – ұлы күш, Халық қаһарына шыдас берер нәрсе жоқ. Сондықтан да Махамбет өздері бастаған ұлы істегі сенері халық екенін, оның қайсар күресі түбі жеңіске жеткізерін сеніммен айтып отырады. Мәселен, «Атадан туған ардақты ер» өлеңіндегі:

Атадан туған ардақты ер,
 Жауды көрсе жапырар
 Үдей соққан дауылдай.
 Жамандарға қарасақ,
 Малың көрер жанындай.
 Жүйрік аттың белгісі
 Тұрады құйрық жалында-ай
 Айтып-айтпай немене,
 Халық қозғалса,
 Тұра алмайды хан тағында-ай [68, 38 б.]!

Өлең жолдары – осының көрінісі.

Халықтың құдірет-күшіне деген мұндай сенім ақынның ұлтына деген өлшеусіз сүйіспеншілігі мен құрметінен жаралған. Махамбет жеңісті, үмітті күндерде ғана емес, басына ауыр күн-

дер туғанда да халқын естен шығарған емес, үнемі оған қайырылып отырады. Мәселен, ол «Өкініш» атты өлеңінде кешегі Орақ-Мамай заманын аңсай отырып, елінің қиын күндерге тап болғанына жаны күйзеле:

Олардай болып жүруге
Біздерге қуат толарма-ай!
Қазақтан бір құнт кетті деп,
Біздерге нәубет жетті деп,
Бұзылды көңлім жыларға-ай [68, 35 б.],

деп назаланады. Ел қасіретін жанымен ұғып, оны қалайда жеңілдетуге, қалайда септігін тигізуге деген іштей дайындық танылады. «Жыларға бұзылған көңілдің» шын сыры осында болса керек-ті.

Махамбет халықты үнемі рухтандырып, жасық ойға бой алдырмауға, қам көңілдікке салынбауға үндеп, жауға қарсы күресте босаңсымауға шақырып отырады. Оның өлеңдеріндегі мұң астарында мұқалмас жігер, қайғы астарында қайралған кек жатады.

Тағы бір жаудан жеңіліс тауып, жат жұртқа кетуге мәжбүр болған сәтінде де оның қоштасу өлеңінен жеке бастың емес, елдің қамын ойлаған күй айқын байқалады.

Досты болып жүргендер
Жау болып келді көріне.
Беліне садақ байланып,
Бір келмеді-ау деңіме!
Қайырыла алмай барамын
Қайран да қалған еліме [68, 26 б.].

Халық – жалғыз Махамбет емес, оның тілектес жолдастарының қадір тұтар қастерлісі. Ақынның Исатайдың атынан айтылатын «Жабығу» өлеңінде оның мақсат-мүддесі нақты көрсетіліп, ел қамын жер ер екендігін танытатын ізгі ойы білінеді.

Күн жадына қарасам,
Жеддінің оны – құралай.
Аспаннан борап қар жауып,

Аштырмайды көзімді,
 Қактырмайды кірпікті,
 Соғады боран сабалай.
 Халық үшін қан төгем деп,
 Қараны ханға теңеп берем деп,
 Ол мақсатқа жете алмай,
 Дегенімді ете алмай,
 Қор болдық-ау, Махамбет, шырақ-ай [68, 48 б.]!

Ел туралы тілек бір, ой ортақтық белгісі осы емес пе?! «Қараны ханға теңеп берем» деп, халық үшін қан төккен ерлердің мақсаты айқын, міндеті зор» соған жете алмай қиналғанымен, олар құбылмалы күн райының шуақ шашар сәтінің келеріне деген сенімді жоғалтпайды. Осы ой «Әй, Махамбет, жолдасым» толғауында да өзінің берік байламын тапқан. Өзінен кеткен қателікке өкініш білдіре отырып, Исатай әуелі халықты аузына алып, жұрт үшін істегеніне еш өкінбейтіндігін білдіріп, ұлт бостандығын, ел бақытын бәрінен жоғары қойып отырады.

Қатын-бала мал бағып,
 Үйде отырсам да өлем деп,
 Қорлықта жүрген халқыма
 Бостандық алып берем деп,
 Қырық бір жасқа келгенде,
 Ауыр әскер қол ертіп,
 Жасқұсқа барып кіргенде [68, 52 б.]

Исатай ел жоғын жоқтаған жорықтың басында болса, алданған батырдың сан соқтырған ханға кеткен кегіне өкініші «Ақырында еш болды-ау, Ел үшін еткен еңбегім» деумен аяқталады. Бірақ бұл – еткен іске өкініш емес, нәтижесін көре алмағандықтың өкініші. Ол келер істің нәтижесін Махамбеттей жолдасына, Жақиядай ұлына аманат етеді. Махамбет толғауының:

Осы жақта мен өліп,
 Артымда тірі сен қалсаң,
 Жасөспірім Жақияны
 Жолдасым саған тапсырдым [68, 54 б.]

деп аяқталуында осындай үстеме мағына бар. Алғы күннен күдер үзбеген, өзі бастаған істің жалғасын аманат етуінде «Әрайнадағы» «Ел шетіне жау келсе, Азамат ердің баласы намысына шыдай ма?» [68, 71 б.] деген намысты жанудың астары көзге шалынады. Ол ата жолын қуар ұл туарына сенеді.

Махамбет толғауларындағы халық, ел-жұрт ұғымының жеке бас тағдырынан жоғары қойылуы ақын көздеген ұлы мақсаттардың ауқымдылығын танытса керек. Оның қиындыққа кезіксе де, ұшпаққа шықса да халықпен бірге болуды көздеген азаматтық ар-намыстан өркен жайып жатқандығы анық. «Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас» нақылы ер Махамбеттің алға ұстанған ұстанымы. «Адасқан жұртқа» жолбасшы болу – жұрт теңдігін сұрар ұлдың бағыт алған бағдаршамы. Ақын халық тілегін биікке көтере отыра, өзі өмір сүрген дәуірдегі күрескерлік қайратын танытқан елдің болмыс-бітімін жан-жақты ашады. Махамбет жырларынан жеңісіне масайрап, жеңілісті күндерде қажыр-жігері мұқалмай, ертеңіне үмітті тілекпен қарап, өткеннен өнеге алып, сайын далада азаттықтың ақ туын желбіретер күннің келерінен күдер үзбей, еркіндікке ұмтылған халықтың рухын танимыз, арманын әлдилеген ұлттың жан дүниесін жүрекпен сезініп, жанымызбен ұғамыз. Махамбет поэзиясындағы халық бейнесі осылай жасалады. Ол – азаттық алауын мәңгілікке жаққан ұлт болып көрінеді.

Ақын жырларында халықпен қатарласа жырланар тақырып – жер тағдыры. «Кіндік кесіп, кір жуған», түгінен «жанының садағасы – малы» нәр терген туған жер – қазақ үшін киелі түсінік. Ата-баба қанын төге қорғап, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан атамекенді басқыншыдан азат ету, еркін жайлар құтмекен деген сенім мен сезімді орнықтыру – туған жерін сүйе алған ердің ғана межелер мақсаты. Махамбет – осындай ер ғана емес, сол мақсатты жұрт көңіліне қондыра білген ақын да. Оның туған жер туралы ұғымы, әрине, алдымен «Еділ-Жайық», «Нарын құмы», «Бекетай құмы» сияқты төсінде ойнап, төскейінде өскен жер-су аттарымен астасып жатады. Олар – Махамбет үшін еркіндіктің символы. Бұл туралы көрнекті тілші ғалым, академик Рабиға Сыздықова: «Оның (Махамбеттің. – Ө.Ә.): «Еділдің бойы ен тоғай, ел қондырсам деп едім. Жайықтың бойы көк шалғын, күзерміз де жайлармыз» деген өлең жолдарында айтпақ идея-

сы – Еділ мен Жайық өзендерінің бойына ел қондырып, оны жаз жайлап, күз күзеу емес, нақты осы әрекеттер емес, басқа, яғни туған жерде емін-еркін өмір сүру» идеясы» [69, 90 б.], – деп нақты айқындайды.

Туған ел кімге болса да ыстық қой. Жекелік меншік емес, жалпылық ұғымы тұрғысынан алғанда, қазақ деген халық үшін туған жер – дала атауымен тұтасып кеткен. Көбіне ел мен жерге сағынышты «Даланы сағындым» деген бір ауыз сөзге сыйдырып жатамыз. Сондықтан да Дала туған жерге сағыныштың символы іспетті. Туған жер тақырыбы қай ақынның болмасын шығармашылығынан орын алып, ерекше жырланады. Әдебиетші Т. Шапаев бұл туралы мынадай әдемі бір ой айтқан: «Поэзиямыз үшін тақырып жөнінен бөліп-жарып, жіктеп-жіліктеуге келе бермейтін тұтас ұғым: туған жер» [70, 135 б.].

Махамбеттегі «туған жердің» сыры бөлек. Ол – еркіндік символы. Еркіндікке деген ұмтылыстың ұлы қозғаушы күші.

Әдіре қалған Нарынның
Теңіз деген суы бар.
Жағасында жағалай біткен
Қамыс деген нуы бар.
Еңіреген ердің қолында
Жібектен желбіретіп ұстар туы бар.
Хан ұлымен алыстық,
Қарсы тұрып шабыстық –
Бізге біткен бес еркектің буы бар [68, 78 б.].

Осындағы «Әдіре қалғанда» ақынның бар сағынышының қуаты жатыр. Кешегі қанды соғыстан кейін Жайықтың бергі бетіне кетіп, арғы жақты аңсап жүрген кезде туған бұл өлеңде туған жерге деген сағынышпен қатар, сол үшін шайқасқан күндердің бойға күш құятын елесі де бар. «Бес еркектің буын» бойға бітірген ата қоныс, кең жайлаудың құдіреті. Және де сол күндердің сағынышы қайта атқа қонғызып, желбіретіп ту алдырарына, жауға қарсы шабар күнге жеткізеріне күмән келтірмейді. Өйткені туған жердің Махамбет суреттейтін сұлу көрінісі, ақын үшін табылмас жерұйық екенінің дәлеліндей.

Біздің анау Нарында
Бір төбелер бар еді –
Айналасы ат шаптырса жеткісіз,
Қиқулай ұшқан қырғауыл,
Күніне құлан да басып өткісіз,
Күндіз келген қонағы
Кешке үйге кеткісіз.
Қойды мыңға толтырған
Сол Нарынның құмдары,
Түйені жүзге толтырған
Көкпекті шайыр шымдары.
Аш-арығым тойған жер,
Жылаған бала қойған жер.
Шортаны қара бақадай,
Бақасы сары атандай,
Балдырғаны білектей,
Баттауығы жүректей,
Қымыздығы күректей,
Сонасы қоңыр үйректей –
Ондай қоныс маған жоқ
Құдайым қылды – амал жоқ [68, 79 б.].

Ақынның туған жерді суреттеуінде ежелгі жыраулар үлгісі орын алғанмен, сарғайған сағыныштың белгісі айрықша сезіледі. Ақын теңеулеріндегі әсірелеудің сол сағыныштың әсері екендігі даусыз, әйтсе де жауда қалған жерді осындай ерекше екпінмен суреттемесе, сағыныштың күреске ұмтылдырар құдіреті сезілмес те еді. Сағыныш пен өкініш, намыс пен жігер тұтаса келіп, бұл өлеңді азатшыл рухтың өршіл үніне айналдырған.

Ата жұртты азат етер сенімді серік еткен ақынның туған жерге деген сағынышы сол сенімді дәйектей түседі. «Құдай қылған» бұл іс оңала қалса, бергі бет пен арғы бетті тең көтерер күн туса, жаудан кек алар күннің алыс еместігі сезіледі. Батырлығы мен ақындығына қатар сын болған туған елден кету – қорлығы оның ақындық аршынын ашып, өкінішінің орнын толтырады. Аһ ұрған жүректің жалыны өзегінен өлең болып атқылап, кек қылышын одан әрі қайрай түседі.

Абайламай айрылдым
Ар жақтағы елімнен –
Анау Нарын деген жерімнен.
Тірі кетті демеймін –
Кем болмады өлімнен.
Теңім үлгі алмады
Аузымдағы желімнен.
Істеген ісім кетті далаға
Қашан өтіп шығам деп,
Қайғырамын мен-дағы
Жайықтан арғы жағаға.
Басқа қысым түскен соң
Қайырылмастай күн болды
Қатын менен балаға,
Ата менен анаға.
Барсаң, сәлем айта бар
Қара орман малым садаға [68, 80 б.]!

Ақын өзінің туған жерден айырылуын өлімнен кем көрмейді. Бір кезде жіберілген қателікке Махамбет өкінгенмен, оған кешіріммен қарайды. Сөйтіп, кезегі келер, Жайықтан өтер күнді аңсайды. Тағдыры тәлкекке түскен ел мен жат қолында қалған жер үшін күресте «қара орман малым садаға» деп бәрін тәрік етеді. Туған жерге деген сағынышты арқау еткен кекті жыр оның батырлық қаһарына қайрат беріп, өшпенділік қызуын арттыра түседі. Бұдан біз жайлы қоныс, жақсы жер тілегі болған халқына қайтарып беру – көтерілісшілердің ең басты мақсаттарының бірі болғанын байқаймыз.

Махамбет өлендеріндегі ел мен жер тағдыры – елді бір тудың астына бірігуге шақырған, азаттыққа үндеген азатшыл рухтың түп қазығы. Оның толғаулары – артына ерген жұрт санасына ерлікті, елдікті, туған жерге деген сүйіспеншілікті ұялатуға мейлінше зор қызмет еткен рухани мұра.

Махамбет поэзиясы ұлттық әдебиетімізге аса зор мән-мағына үстеп, оны қоғамдық-әлеуметтік мазмұнмен, азаматтық сарынмен байытты. Ол әдебиеттегі тұтас дәуірдің бастауын салып, азатшыл рухтағы күрескер поэзияның негізін қалауына жол ашты. Махамбет толғаулары ұлттық поэзиямызға азаматтық әуен

мен азаттық үн біте қайнасқан өзгеше сарын әкеліп, оның кейінгі поэзияда өрістеуіне жол ашты.

Әдебиет зерттеушісі Ә. Дербісәлин Махамбет толғаулары туралы: «Махамбет поэзияда өзіне дейін өмір сүріп келген толғау жанрын қолдаған. Бірақ Махамбеттің толғаулары бұрынғы толғауларға тек атымен ғана ұқсас, затымен мүлде бөлек. Махамбет толғау табиғатын түбірімен өзгертіп, тыңнан түлетті, толғаудың ұйқасы мен ырғағын ғана қалдырып, оған садақтың саркез оғындай өжет те өткір сипат берді. Сондықтан ақынның әрбір толғауы жауына тура арнап атылған ажал оғындай әсерлі де қаһарлы» [71,59 б.], – деп тебірене жазған екен. Шындығында, Махамбет толғауға жаңаша әр беріп, оған күресшіл рух сипатын дарытты. Бұны біз әсіресе оның нақты ерлік пен батырлықты жырлаған, ер тұлғасын сомдаған толғауларынан айқынырақ байқаймыз.

Адамға Алла дарытқан асыл қасиеттердің қуат көзі – ерлік пен батырлық десек, бүкіл болмысы ел үшін еткен ерлікті жырлаудан өзек тартқан Махамбет толғаулары – осының шынайы көрінісі. Ақын ерлік пен ер ұғымын бір-бірінен жік ажыратпастай жымдастырып жіберіп, қос ұғымның тұтастығына қол жеткізген. Ерлік езден емес, ерден шығатынын нағыз батыр, хас азаматтың бейнесін сомдау арқылы бере алған. Бұған дәлел – Махамбет жырларындағы Исатай батыр бейнесі. Көркем образға айналған Исатайдың тарихи тұлғасы. 1830-1838 жылдар аралығындағы Жәңгір хан мен Ресей отаршылдығына қарсы күрестегі ол атқарған ұланғайыр істер туралы тарихшылар аз жазған жоқ. Дегенмен Исатай жайлы алғаш жазып және оның тарихи ролін нақты көрсете алған – Халел Досмұхамедұлы. «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат» еңбегінде ғалым Исатайдың батырлық қасиеттерін былайша термелеп көрсеткен: «Халықтың алдындағы сөздерге қарағанда Исатайдың өз басының көпті ертетін қасиеттері болған.

Жау да жанын аямады. Жауласса қолдың алдында, қашса артында болды. Көптің арығын айтамын деп айып тартты. Халықты аяп, қан төкпеймін деп, орданы қамағанда алданып қалды. Жайықтан өтер кезде орысты өзі қамап тұрып, күшін, жолдастарын аман-есен өткізіп, болған соң ғана өтті. Жортуылда өзі жүрді. Жолдастарын жауға тастамаймын деп барып өлді» [58,

54 б.]. Исатай жалаң батыр ғана емес, ол – ел бастаған көсем, сөз бастаған шешен де. Тағы да көне көздерден алғашқы боп мәлімет алған Халел Досмұхамедұлының деректеріне сүйенелік: «Қиын уақытта елге басшы болған адам көпті ұйымдастыра білу керек. Бөкейліктегі елдің Исатайға тегіс ергені Исатайдың көпті құрастыра білгендігіне ыспат.

Жаңғыз өзі қашып барып, бүкіл әлімді, адайды біріктіргені, түрікпенді, Қиуаны разылап, көңілін тауып, өзіне тілектес қылғаны, Қайыпалды, Науша секілді бұрынғы қашқындарды қасына жинап, өзіне жолдас қылғаны – Исатайдың көпті ұйымдастыруға шебер екенін көрсетеді» [59, 55 б.].

Халел Досмұхамедұлы көрсеткен Исатайдың батырлық көсемдік қасиеттері Махамбет толғауларында толыққанды жырланған. Ер мен ерлікті жырлағанда Махамбет толғауларында екі бейне көзге айрықша шалынады. Ол – Исатай мен ақынның өз бейнесі. Махамбеттің жиырмаға тарта толғауында Исатайдың аты аталып, он шақтысында тікелей аты аталмаса да рухы сезіліп, айбыны білініп тұрады. Ал енді «Исатай деген ағам бар», «Кел, кетелік», «Әй, Махамбет, жолдасым», «Соғыс», «Мінкен ер», «Тарланым», «Мұнар күн», «Тайманның ұлы Исатай», «Есіл ер» толғауларында Исатай тұлғасы әр қырынан көрініп, толықтай ашылады. Махамбеттің образ сомдау шеберлігінің қазақ әдебиеті тарихындағы тың құбылыс екендігін академик Қ. Жұмалиев ерекше атап өткен: «XIX ғасырдың бірінші жарымын қамтитын әдебиет тарихында адам образын, батырдың образын жасауда өзіне шейінгі халық әдебиетінің табыстарын меңгеруші де, олардың кемшілігін қайталамай, шын мәніндегі реалистік образ жасаушы бірінші ақын да Махамбет болды» [67, 331 б.].

Махамбет өз өлеңдерінде Исатайдың образын жан-жақты толыққанды бере алған. Бізше, мұның басты себебі – ел азаттығына басын тіккен ерлер көтерілісінің жеңісі мен жеңілісі, қуанышты күндері мен қайғы-мұңға бой алдырған кезеңінің де тікелей Исатай тұлғасымен тығыз байланыстылығында. Өйткені ол ақылы елден асқан көтеріліс басшысы, қан майданның ортасында жүретін батыр, жеке бас мүддесінен ел мақсатын жоғары қоя алған, азаттық күресте мақсаткерлік пен қайсарлық таныта алған көреген көсем. Азаттық идеяның тұғыры осы тұлға болғандықтан да, азатшыл ой Исатайдан өріс тауып жатады.

Махамбеттің Исатайдай батыр бейнесін сомдайтын, оған деген өзінің достықтан туған шынайы сезімінің белгісін танытатын – «Исатай деген ағам бар», «Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай», «Соғыс», «Мінкен ер», «Тайманның ұлы Исатай», «Тарланым», «Есіл ер» т.б. толғаулары. Бұл жырларда ердің ерге тән ерлік істерін, кісілік келбетін көрсетуге деген ұмтылыспен бірге, батырға тән аңғалдық көрінісін, мүлт кеткен жерлеріне деген өкініштің өткінші сезімі, көңілге кірбің салған өксікті сәттердің естен кетпес елесі бой көрсетіп, елінің азаттығын аңсаған қаһармандық тұлғаның тұтас бейнесі толыққанды ашылады. Ақынның «Исатай деген ағам бар» деп басталатын толғауында жоғарыда біз атаған екі ұдай сезім түгелдей көрініс тапқан:

Исатай деген ағам бар,
Ақ кіреуке жағам бар.
Хан ұлымен қас болып,
Қара ұлымен дос болып ... [68, 50 б.] –

деп бастап, Исатайдай елдің елдігін, бірлігін қалаған, елі ханға балаған азаматқа өзінің адал достық көңілін білдіре жырласа, одан әрі өкініштің өзек өртер сәттік сезімі шарпып өткендей әсер береді:

Хан үстіне барғанда,
Шабайық ханды дегенде,
Шапқандай ханды амал бар,
Амал барда хан шаппай,
Тәңірім қылды, не амал бар?! [68, 50 б.]

Өткеннің өкініші белгі беретін осы өлеңде ақын сәттік сезім жетегінде кетпей, қол бастаған, ел жақтаған ағаның ханға қарсы шыққан ерлігін мақтан етеді:

Төрт-бес жылдай алысып,
Мына тұрған Иса-екем
Ханның бір тауын қайтарған.
Ат туар ма шұбардай,
Ер туар ма бұлардай?

Дулығалы бас кесіп,
 Дұшпанының қанына
 Ақ алмасын суармай?! [68, 50 б.]

Толғау жырда ақынның қашанда шындықты жырлайтын қасиеті айқын танылады. Бұл мазмұнына қарағанда, Махамбет-Исатайдың алғашқы бас көтеруі жеңіліс тауып, бергі бетке өтіп, қол жиып, сол елдің игі жақсыларымен жүздесіп жүрген кезде шыққанға ұқсайды. Исатайдай ерді елге таныстыру мақсатында туған өлең болуға керек. Ердің ерлігін айта отырып, одан кеткен кемшілікті де жасырмайды шыншыл ақын. Сонымен бірге бір шаттық, бір өкініші қатар жүретіні ел азаттығы үшін көтерілістің салмағы азаматқа сын екендігін де меңзеп отыр. Себебі оларға ерген ерлер бар қиындыққа дайын болуы керек. Өйтпесе ұлы іске бет түзеп, жорыққа шыққан ерлердің:

Ат үстінде күн көрмей,
 Ашаршылық шөл көрмей,
 Арып-ашып жол көрмей,
 Өзегі талып ет жемей,
 Ер төсектен безінбей,
 Ұлы түске ұрынбай,
 Түн қатып жүріп, түс қашпай,
 Тебінгі теріс тағынбай,
 Темір қазық жастанбай,
 Қу толағай бастанбай [68, 49 б.], –

«ісі бігер ме?!» Бұл – жай ғана қайраттандыру емес, елдің елдігін қамдаған, азаттық жолын таңдаған азаматқа тән ортақ бейне. Осындай қиындықтарға шыдас берген жан ғана Исатай мен Махамбеттей ерлерге серік бола алғандай. Өйткені олардың мақсаты ірі, міндеті үлкен.

Исатайдай ер мен Махамбеттей ақынның айқын мақсаты «Баймағамбет сұлтанға айтқан сөз» дейтін толғауда нақты көрініс тапқан.

Еділдің бойы ен тоғай –
 Ел қондырсам деп едім.

Жағалай жатқан сол елге
Мал толтырсам деп едім.
Еңсесі биік ақ орда –
Еріксіз кірсем деп едім.
Керегесін кескілеп
Отын етсем деп едім.
Туырлығын тескілеп
Тоқым етсем деп едім.
Хан баласы ақ сүйек –
Ежелден табан аңдысқан.
Ата дұшпан сен едің,
Ата жауың мен едім.
Ежелгі дұшпан ел болмас,
Етектен кесіп жең болмас [68, 102-103 бб.]!

Ұлт азаттығын аңсаған ақынның елін сатып, шен алған опасыз хан мен сұлтанға ашу-ызасы – олардың бақ-дәулетіне қызғаныштан емес, елін сатқан опасыздығына деген кектің уыты. Отаршылдармен әмпей-жәмпей болып, қара қазағын жаудан жаман талаған оларға деген ақын өшпенділігі ерен. Егер аңдап қарасақ, бұл алғашқы басқы жоспар іспетті. Келесі басқысы – күш жинап, отаршылдарға қарсы күреске түгел халықты жұмылдыру. Ханға қарсы көтеріліс арқылы қалың елді отаршылдыққа қарсы күреске ояту. Олар біріншісі баянды болса, екіншісінің отаршыл жүйенің жұлынын үзеріне сенімді еді. Ал бұл істе ақын арқа тұтар тұлға – Исатай батыр.

Махамбет толғауларында Исатай батырлық пен көсемдік бойына туа біткен жан ретінде танылады. Әсіресе бұл «Тарланым» атты толғауда нақты шешімін тапқан. Ақын Исатай бейнесін небір жан тербер тенеулер мен әсем эпитет, әдемі метафоралармен айқындай түседі. Ақын қол бастаған батырдың сыртқы айбатын, батырлық тұлғасын сипаттап ғана қоймай, оның адами болмысын, асыл қасиеттерін ішкі әлемі арқылы ашып, сындарлы мінез, нұрлы ақыл, қажымас қайрат иесі екенін көрсете алған.

Кермиғым, кербезім,
Керіскідей шандозым!
Құлындай ащы дауыстым!

Құлжадай айбар мүйіздім!
Қырмызыдай ажарлым,
Хиуадай базарлым,
Теңіздей терең ақылдым.
Тебіренбес ауыр мінездім [68, 60 б.].

Теңеу мен метафора айқұшақ табысқан осы жолдарда Исатайдың елден ерек адами қасиеттері мен көшелі көсемді келбеті танылса, келесі жолдардан:

Садағына сары жебе салдырған
Садағының кіресін
Сары алтынға малдырған,
Тереңнен көзін ойдырған,
Сұр жебелі оғына
Тауықтың жүнін қойдырған!
Маңдайын сары сусар бөрік басқан,
Жауырынына күшіген жүнді оқ шанышқан
Айғайда белдік байланған
Астана жұртын айналған!
Атына тұрман болсам деп,
Жұртына құрбан болсам деп,
Адырнасын ала өгіздей мөңіреткен,
Атқан оғы Еділ-Жайық тең өткен [68, 60 б.]!

Батыр тұлғасын танып, батырлық болмысты көреміз.
Махамбет тіпті Исатайдың кескін-келбетін де дәл береді:

Еңселігі екі елі,
Егіз қоян шекелі,
Жараған теке мүшелі,
Жауырыны жазық, мойны ұзын,
Оқ тартарға қолы ұзын
Арыстан еді-ау Исатай!
Бұл фәнидің жүзінде
Арыстан одан кім өткен [68, 60-61 бб.].

Бұл – көсемдікке жаралған жанның кескіні. Тұлғасына келбеті келіскен, мінезі мен ақылы, білегі мен білігі, ерлігі мен өрлігі

қатар келіп, бір-біріне кірігіп, бірін-бірі толықтырған айбынды күрескердің тұтас тұлғасы толыққанды танылады. Елді ерлікке бастар, отаршылдық тұманын ашар ердің сойы осындай болмақты. Махамбет бейнелеген Исатай оның ел сенімін ақтарына еш күмән келтірместей. Ел соңынан ерер ер осындай болары анық.

Академик Қажым Жұмалиев: «Исатайға арналған өлеңдердің ішінде айрықша көңіл аудараралық бір өлең – «Әй, Махамбет жолдасым!» [67, 338 б.] дейді. Шындығында, бұл өлең – Исатай мен Махамбет сынды арда азаматтардың адами қарым-қатынасының, мақсат-бірлігінің, елге деген тілегінің ортақтығын танытатын шыншыл жыр. Мұнда Исатайдай ел басшысының толымды тұлғасы сомдалады. Хан ордасын қоршаған сәттегі он күн пұрсат беру-бермеу туралы таластағы Исатай беделінің зорлығын мына жолдардан көреміз:

Арыстындай ақырған,
Айбатыма шыдамай,
Хан баласы жылады-ай!
«Жанымды қи» деп сұрады-ай!
Ақ көңіл, аңқау жүрекпенен
Беремін деп, мен тұрдым.
Көк бедеуді бауырлап,
Шабамын деп, сен тұрдың.
Исатай басшы білсін деп,
Ауыр әскер қол тұрды [68, 53 б.].

Ханға қарсы ашық айкасқа көтерілген елдің, сын сағатта өз басшысының сөзіне тоқтауы оның аса үлкен беделінің белгісі болса керек. Және де бекерден-бекер қан төгуді жөн көрмеген Исатайдың бұл шешімі – батыр көрегендігінің, өз жұртына жаулық сағынбаған жан тазалығының белгісі. Әрине, бұл кесімнің кейінгі өкініші жер құшардай ауыр болды. Дегенмен де, Исатай тоқтаған шешім оның ел алдындағы абыройын аспандатпаса, төмендеткен жоқ. Бұл – оның жауына қажетті жерде қатыгез, керекті жерінде кешірімшіл, адалдықтың ақ жолынан таймаған турашыл қолбасшы екендігінің айғағы. Өлеңдегі осы шешуші сәт туралы академик Қажым Жұмалиев: «Ақын Исатайдың жүрегінің тазалығына, ел мүддесін шын қорғаушының бірі екен-

дігіне шәк келтірмесе де, керекті кезде батырдың батыл қимылдамағанын ілік етіп, орданы шабу жолындағы көп еңбек, зор істің нәтижесіз қалып, аяғы өздерін апатқа ұшыратқандығын меңзейді» [67, 339 б.], – деп Махамбет Исатайға кінә артатындай және оны Исатайдың өзіне айтқызып отыр деген сипаттағы ой айтады. Кейінгі көп зерттеулерде осы сарындас жұлгемен тарта береді [72, 321 б.]. Біздіңше, «Әй, Махамбет жолдасым!» толғауында өкініш табы болғанымен, табалау жоқ. Керісінше, онда Исатай сияқты кемел жанның кемеңгерлік бейнесі сомдалған. «Он күндік пұрсат» қолбасшы қателігі емес, оның ширыққан нәрсенің шешімін бейбіт келісім жолы арқылы шешпекке ұмтылған ақылмандығының белгісі. Ал осы бейбіт жолды жан қысылған сәтте сатқындық садақасы еткен Жәңгірдей «айыр құйрық шаянның» аярлығы – кешірілмес күнәнің ауыры. Күмән мен күнә осы тұстан табылуы тиіс. Бүгінде Жәңгірді қанша дана, данышпан етіп көрсетуге тырысқанымызбен, оның осы бір қылығы хан ақылының қарадан аспағандығын, ойлағаны ел қамы емес, үркердей топтың жайы, үрім-бұтағының қамы болғандығын танытады. Ол – елдің емес, елге билік жүргізудің қамын қамдап, құлқынын тескен билік үшін өзінен биіктің алдында құрдай жорғалар құлдық психологияның құлы. Исатайдың ел үшін еңбегін еш еткен осындай мінездер еді. Сондықтан да ақын:

Атаңа нәлет хан ұлы-ай!
Тілегін сұрап алғасын,
Ойлағаны болғасын
Патшаға хабар салдырып,
Патшадан солдат алдырып,
Құрсағымнан шалдырып,
Ақырында еш болды-ау
Ел үшін еткен еңбегім [68, 53 б.],

деп, батыр өкінішінің запыранын хан басына төктіреді.

Махамбет танымындағы Исатай – батырлығымен, ақылдылығымен қатар, қандай ауыр іске де мойымас, жай нәрсеге жаны жаси бермес беріктігімен белгі берер тұлға. Осы өлеңдегі мына жолдар:

Өкінгенмен не пайда,
Құдайым басқа салғасын.
Мезгілі уақыт болғанда,
Опасыз мынау жалғанда
Ажал қарсы келгенде.
Қараңғы көрге кіргенде,
Қасында тұрар жан бар ма?
Осының бәрін ойласаң,
Өткенге бекер өкініп,
Құр жылаудан сән бар ма [68, 52 б.]?

осының айғағы.

Исатай – қызба қызулықтың емес, сабыр мен салиқалықтың адамы. Ол – өткен іске өкінуден гөрі ой елегінен өткізіп, ақыл таразысында салмақтауды тақ тұтатын жан. Өткеннің өкініші – оны ширықтыра түсіп, еселі жігер беріп, жан қайратына қуат құяр қажырлылықтың қайнары. Ендеше «Әй, Махамбет, жолдасым!» өлеңі – Махамбеттің Исатайды «Исатай» арқылы танытуға талпыныс жасаған және көздеген мақсатқа оңтайлы тәсіл таба алған сәтті туындысы. Өлеңнің құрылымдық формасы да, ондағы суреткерлік әдіс-тәсіл де – Махамбет ақынның шығармашылық ізденісінің айқын табысы.

Лирикалық қаһарманның жан дүниесін ашу, оның психологиялық жай-күйінің толқынысын кейіпкер тебіренісі арқылы жеткізу ақынның шеберлік қырын танытады. Сыртқы баяндау мен суреттеуден гөрі, лирикалық қаһарманның ішкі монологі – жан құбылысының шындығын танудағы өте сенімді тәсілдің бірі. Мұндай тәсілді Қытайдағы қазақ әдебиетші ғалымы Мұхтар Абылқакұлы «Сезімдік толғау» деп атап, оның мүмкіндіктері туралы былай дейді: «Сезімдік толғауда ой мен сезім іштей қабысып, органикалық бір тұлғаға айналады. Оған тартымды күш-қуат дарытатын терең де ордалы оймен суарылған, қызуы мол жалынды сезім. Адамның жан дүниесін, көңіл-күйін тікелей сезімдік толғауға тән ерекше сыршылдықпен жеткізіп берудің ұтымдылығы өмір құбылыстарын, табиғат дүниесін айрықша сергек сезімдалдықпен қабылдаудан, сезім-әсер байлығынан туады. Идеялық мазмұн деген нәрсе көбінесе сезімнен, сезімді бейнелеуден шеттей алмайды» [73, 222 б.]. «Әй, Махамбет

жолдасымда» осы бар. Ақын Исатай болып егіліп, Исатай болып төгіліп, өз қаһарманының жан дүниесін кейіпкер толғанысы арқылы ашады. Біз бұл толғаудан батыр Исатайдың ет пен сүйектен жаралған адами бейнесін танимыз.

Махамбеттің Исатай туралы толғау-жырлары кейінгі көтерілістер тұсындағы ел мен ерлер рухын көтеруге бағытталған. Ондағы Исатай бейнесі – ер мен жер үшін күрестегі қаһармандық үлгісі. Сондықтан да Махамбет толғауларында негізінен батырдың рухы елес беріп отырады. Ақынды күрес күндеріндегі Исатай емес, оның бүгінге қуат берер рухы қатты қызықтырады. Батырға арналған ақын өлеңдерінің көпшілігі ол мерт болғаннан кейін жазылуының басты бір себебі де осында. Өйткені оның кешегі ерлігі – бүгінгінің айбыны, өзі өлгенмен де, рухы бүгінгі көтерілісшілер жебеушісі. Міне, Махамбетке Исатай бейнесі сол үшін де қажетті. Ол сондықтан да оны асқақатата жырлайды. Бір кезде қолбасшы қаза тапқан күнді «Мұнар күнге» балап:

Мұнар да мұнар, мұнар күн,
Бұлттан шыққан шұбар күн,
Буыршын мұзға тайған күн.
Бура атанға шөккен күн,
Бұлықсып жүрген ерлерден
Бұрынғы бақыт тайған күн...
Бұлаңдай ерді кескен күн.
Буулы теңді шешкен күн,
Сандық толы сары алтын
Сапырып судай шашқан күн –
Түс қыла көр, құдайым,
Біздей тақ мейманасы тасқанға
Біздің ер Исатай өлген күн! [68, 58 б.] –

деп күңіренген Махамбет ертеңнің қамын ойлаған сәтте, «Исатай басшы» бейнесін күрестің шамшырағына айналдырады. Бұл көтерілістің кейінгі басшысы Махамбет серіктеріне жауынгерлік рух беріп, олардың психологиялық сезімдік қабылдауларына мейлінше әсер етіп, алға қойған мақсатқа жетуге айрықша жігер берді.

Махамбет толғауларындағы ер бейнесі дегенде, ақынның өз бейнесі де назардан тыс қалмауы тиіс. Исатай Махамбет толғауларында аруақты рух символы болса, ақынның өз бейнесі намысты жанып, күреске үндеген ерліктің тамыр тартар үлгісі-тін. Ақын өз өлеңдерінде өзінің халық кегін жоқтаушы айбынды азамат ретінде айшықты образын жасап кеткен.

Ақынның «Мен тауда ойнаған қарт марал», «Пыр-пырлай ұшқан қасқалдақ», «Мен едім», «Махамбеттің Жәңгір ханға айтқаны», «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі», «Менің атым – Махамбет», «Белгілі туған ер едім», «Еңселігім екі елі» т.б. өлеңдерінде Махамбеттің ақындық мінезі, батырлық болмысы, азаматтық келбеті көркем сөздің қуаты арқылы кереметтей ашылады.

Өлең-толғаулардағы лирикалық қаһарман – Махамбет бейнесі, ең алдымен, ел мұратын арқалаған асқарлы мақсатымен айқындалып отырады. Осы өлең-жырлардың ақынның өзіне қатыстысында елдің еркіндігі мен болашақ ұрпақ қамы үшін күрескен көсемдік тұлғаның толымды бейнесі сомдалады.

Еділдің бойы ен тоғай –
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге
Мал толтырсам деп едім [68, 102 б.].

«Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны» атты толғаудан алынған осынау шумақтың алдыңғы екі тармағы мен соңғы екі тармағында бірін-бірі толықтыра түскен егіз ой қанаттаса қатар келіп тұр. Алғашқысы – ел анасы Еділдің бойында еркін елдің қоныстануы, турасынан айтар болсақ, тәуелсіз ел болу. Соңғысы – тәуелсіз елдің қуатты мемлекетке айналуы. Бұлар – ақынның бақуатты өмірден баз кешіп, ел азаттығына бас тіккен күреске шығудағы айнымас мақсаты. Азаттық жолындағы күрестегі көшбасшы ретіндегі азаматтық мұрат-мүддесі.

Бұл тұрғыдан алғанда, өз өлеңдерінде Махамбеттің нағыз жұрт қамын ойлаған ұлт перзенті, елдік туын көкке көтерген халық батыры ретіндегі бейнесі жасалған. Ақын – рулық кектесудің, хан мен қара арасындағы тартыстың емес, отаршылдыққа қарсы күрестің қаһарманы.

Еділ үшін егестік,
 Тептер үшін тебістік.
 Жайық үшін жандастық,
 Қиғаш үшін қырылдык.
 Теңдікті, малды бермедік,
 Теңдіксіз малға көнбедік [68, 62 б.], –

деген жолдарда жан берісіп, жан алысқан ұлы шайқастарда отаршылыққа қарсы арыстанша алысқан тарихи тұлға көркем әдеби образға айналады. Тәуелсіздік, ел бостандығы атты ұлы мақсатқа ғұмырын арнаған Махамбет өз толғауларында атап көрсеткендей:

Сүйегім тұтам қалғанша,
 Тартынбай сөйлер асылмын [68, 101 б.], –

дейтін өр де биік, асқақ та айбынды тарихи тұлға, әдеби қаһарман.

Махамбет толғаулары мен өлеңдеріндегі айтылар ой, сөз болар жай әркерлік болғанымен, олар бір мақсатқа жұмылдырылады. Ақын поэзиясының басты ұстанымы – күресті жырлау және күрескерлік бейнені сомдау. Ол әсіресе ақынның өзіне қарата айтылған сөздері мен өзіне арналған өлеңдерінен айқын көрініс табады. Тікелей өзі жайлы толғаулардан ақындық «Менің» бүкіл болмысы көрініс табады. Ол болмыс – Махамбеттің күрескерлік әлемі. Осы арқылы батыр ақынның күрескерлік тұлғасы, ерлік ісі, туған жерге құрметі, ел тәуелсіздігін ардақтаған асыл азаматтығы асқақтата жырланып, ата жауға ыза-кегі бейнелі көрініс тауып, ол отты сөз, жалынды ұранға айналады. Өйткені Махамбеттің ақындығы да, батырлығы да «ойдан». Бұл ақынның «Айғайласып жауға ти» өлеңінде нақты айтылған.

Ақ киіктің орғытып,
 Жүгірмегі майдан-ды.
 Батыр болмақ ойдан-ды.
 Айғайласып жауға ти!
 Тәңірім білер, жігіттер,
 Ажалымыз қайдан-ды [68, 37]!

Махамбеттей тұлғаны ойлантқан да, толғантқан да – ел қамы, жер жайы. Түйіп айтар болсақ, түпкі мақсаты – тәуелсіздік. Ой мұраты – «Хан ұлына қас болу, қара ұлына бас болу». Ол осы мақсатқа қол бастаған қас батыр, соңынан ерген жұртына сөз тастаған бас ақын. Сөйтіп, ісімен батырлықты танытса, сөзімен ақындықты танытқан қос бірліктен Махамбет «мені» айқындалады.

Махамбет ақындығының ерекшелігі туралы М. Әуезов: «Бүкіл XIX ғасыр әдебиетінде қимыл мен күрес жырын Махамбеттей жырлаған өзгеше ақын болған емес» [74, 32 б.], – деген қорытынды жасапты. Бұдан түйеріміз – қазақ әдебиетіндегі азаттық идеяны ең өрісті жырлаған Махамбет ақын екендігі. Ол тәуелсіздік, азаттық күресті қимылда, іс жүзінде көрсетсе, өнерде оны ұлы идеяға айналдыра білді. Елдің арман-тілегінің алтын тұғыры осы идея екенін таныта алды. Қазақ поэзиясының тілін терең зерттеген тілші ғалым Құлмат Өмірәлиев: «...қазақ поэзиясында өлең тілінің халықтық мүдде тұрғысынан идеялық құрал қызметінде жұмсалуды, саяси бояу алуы Махамбеттен басталады» [48, 182 б.], – деген тұжырым жасауы ақын поэзиясындағы азатшыл идеяның айқын көрініс табуынан болса керек. Өйткені Махамбет – ақындық өнерін ел азаттығына бағыштаған ақын. Өлеңдегі ойды азаттық жолындағы күреске тели алған ақын. Ол бұл жалған дүниенің мәні мен мағынасы күресті өмір деп біледі. Мақсат айқын, міндет анық. Теңдіксіз, тәуелсіздіксіз өмірдің ақын үшін мәні бос. Сондықтан да Махамбет «мені» қашанда ойшыл, дана. Өйткені ол өмір туралы өз көзқарасын қалыптастыра алған ақын. Оның:

Ат – жігіттің майданы.
Қылыш – жанның дәрмені,
Өлім – хақтың пәрмені.
Атақты ермен бірге өлсе,
Жігіттің болмас арманы.
Өте шыққан қызыл гүл –
Бұл дүниенің жалғаны [68, 20 б.], –

деген өлең жолдары қарапайым сөздер арқылы «ұлтым» деген әрбір жанды ел қамы үшін басын тігер, ерлікке ұмтылар ұлы сезім-

ге жетелейді. Ел азаттығы жолында ерлікпен өлген өлім, тепкіде өткен тірі өлексе өмірден мың есе артық. Ақын философиясының тереңдігі де осында. Өмір – өлім ұғымдарының жұп жазбас карама-қарсылық бірлігін қатар ала отырып, тіршілік заңы – осы карама-қайшылықтың күресінен туындайтынын ақын көркемдік ойға азық етеді. Түпкі нәтижесі – ұстанған мақсаттың ел тілегімен ортақтығы. Аз сөзге мол мағына артып, ой қисынын дәл жеткізе білу асқан шеберлікті танытса керек. Халық үшін жанын қиған жан өлімге өкінбек емес. Өйткені ел үшін ұлы күресті бастаған ер бар. Қол бастаған батыр бар. Оның бағыты оң. Жүрісі дұрыс. Ісі жақсы. Ендеше ол – осынау басталған сең-қозғалыстың иесі. Соған сенген, жауапкершілігін түсінген жан ғана осы іске бас байлаған ерлерге еруге тиіс. Оның сәттілігіне де, сәтсіздігіне де көну керек. Берік байлам, нық шешім нәтижеге қатысты болмақ емес. Ендеше ол өкініш тудырмақ емес. Өкініш, күйзеліс – бір күндік. Үміт – мәңгілік. Махамбеттер ісінің нәтижесі – ертеңінің үміті. Махамбет бейнесін біз үзілмес үміттің мәңгілік алауы ретінде қабылдаймыз. Ақынның өрелі де ойлы өрт сөздері жетеге жетсе, кімді болса да тебірентері кәдік. Бірақ ақын қасіреті соны ұғар құлақтың аздығы емес пе? Бұл жайды ол өзінің «Ай астында бір көл бар» деп басталатын өлеңінде тап басып, танып айтқан:

...Қарада да қара бар –

Хан ұлы басып өткісіз.

Алланың бір күні бар –

Бір жарым ай жеткісіз.

Мұндас ерлер болмаса,

Менің айтқан сөздерім

Құлқына жаман жеткісіз [68, 28 б.].

Ақын өкінішінің өксігі осында жатса керек. Исатай қазасынан кейін басын тауға да, тасқа да ұрған ақынның соңынан жұрт ермеуі, осы құлықсыздықтың кесірі еді. Сондықтан да Махамбет қайшылықты күндерді бастан өткерді. Қиналды. Қайғы жұтты. Құсалықпен күні өтті. Бірақ сынбады. Ол өмір – күрестің жеңісімен қатар жеңілісі де бірге жүрерін жанымен сезінді. Өзіндегі күш-жігерді қайрай алды.

Тағыдай таңдап су ішкен,
Тарпаңдай тізесін бүгіп от жеген
Тағы сынды ер едік,
Тағы да келдік тар жерге.
Тандансам тағы болар ма
Тәңірім салған бұл іске?!
Ата-енені сөктіріп,
Ат басына соқтырып,
Нәлет десем болмас па
Осынау біздің жүріске [68, 45 б.]! –

деп кейде көңілге қайғы алдырса да,

... Ел шетіне жау келсе,
Азамат ердің баласы
Намысына шыдай ма?
Жаттан көмек сұрай ма?
Арғымақ жалсыз,
Ер малсыз,
Алланың не берері болжаусыз,
Жолдастарым, мұнайма [68, 71 б.]! –

деп өзгелерді қайрайды, қанаттандыра біледі. Ол ешқашан ертеңнен үміт үзген емес.

Жайықтың бойы көк шалғын –
Күзерміз де жайлармыз.
Күлісті сынды күренді
Күдірейтіп күнде байлармыз.
Құдай істі оңдаса,
Ісім жөнге келгенде,
Қаумалаған көп дұшпан
Әлі де болса, қойдай қылып айдармыз,
Жолдастарым, мұнайма [68, 73 б.]!

Махамбет – өзінің әдеби бейнесін, өзіндік «менін» нақтылай беріп кеткен ақын екенін біраз сөз қылдық. Жалпы, ақынның бүкіл болмыс-бітімін айқын да дәл суреттеген өлең – «Мен едім». Өлеңнің өн бойынан батырлық мінез, ақындық өре, елдік тұлға,

көсемдік бітім түгелдей көрініс тапқан. «Махамбет кім?» деген нақты сұраққа осында нақты жауап та берілген.

Боз ағаштан биік едім –
 Бұлтқа жетпей шарт сынбан.
 Ел құтқарар ер едім.
 Жандаспай ақыры бір тынбан.
 Томағалы сұңқар мен едім –
 Толғамалы найзамен
 Толықсып жауға шапқанда,
 Бір озғанмын жұртымнан
 Ер дұшпаны көп болар,
 Қатын дұшпан, жігіттер,
 Не демес дейсің сыртымнан [68, 93 б.]?!

Міне, бұл – өзін «ел құтқарар ер» деп білген, ешкімге бас имей өткен Махамбеттің толыққанды бейнесі. Өзінің дүниеге не үшін келіп, не үшін кететінін күні ілгері сезген жанның шын сөзі. Махамбет «мені» осы тұста жарқырай ашылады. Алла оны «ел құтқарар ер» қылып жаратқан. Жаратқан артқан міндетті ол ақтап өтті.

Қазақ әдебиетінің көрнекті зерттеушісі Ханғали Сүйіншіәлиев: «Ақынның бітім тұлға-тұрпаты, ісі, сөзі – бәрі ерліктің мәңгі символы боларлық» [21, 500 б.], – десе, сол ұлық тұлғаны толыққанды сомдап кеткен ақынның өзі.

Сонымен қорытындылай келе айтарымыз, Махамбет поэзиясы – XIX ғасыр әдебиетінде ерекше тұрған, азаттық идея жалынды жыры қазақ әдебиетінің кейінгі ұрпақтарының жыр жолдарына құнарлы негіз болды. С. Ақатаев: «Турашылдық пен бұқарашылдық, әрине, өрелі өнерге тән салауат. Бірақ ол ақын біткеннің барлығына жарасты мінез деу қате. Мұны поэзияда үлкен саяси-әлеуметтік концепцияға айналдырған Қазтуған бастаған қазақ жырауларының тобы. Ал Махамбет осы поэтикалық концепцияны ұлт-азаттық күрестің қаруына айналдырды» [75, 126 б.] деген ой түйеді. Махамбет ол концепцияны қаруға ғана айналдырған жоқ, ол оны кейінгі ұрпақ поэзиясының алтын арқауына айналдырды. Азаттық жырдың мәңгі үзілмес желісін тартты. Бүгінгі ұрпағына бабалардың

азаттығы үшін алысқан күрес жорығының дабылындай болып естілетін Махамбет толғаулары қашанда жалғасын таба бермек. Зейнолла Қабдолов сөзімен айтқанда: «Махамбеттің әр сөзі құйылған құрыш, қорытылған қорғасын» [76, 255 б.].

Түйіндей айтқанда, Махамбет поэзиясы таптық күрестің емес, ел билеген ездердің иелері – орыс отаршылдарына қарсы көтерілген жалпы ұлттық күрестің рухын биіктеткен азаттық поэзиясының жарық нұры сөнбес «Темірқазығы»

Бірінші бөлімді қорытындылай келе айтарымыз, мұнда ұлт-азаттық идеяның ежелгі әдебиет жәдігерлеріндегі жырлану үлгілерінің дәстүрлік негіздері «Орхон-Енисей» ескерткіштеріндегі сарындар, жыраулар поэзиясында күрескерлік рухтың ұлт-азаттық идеяның сапалы көрінісіне айлану үдерістері сарапталды. Зар заман әдеби ағымындағы заман құбылысынан отаршылдық езгіні ерте сезінген болжалдық сарындардың пайда болуының ел санасын, күрескерлік рухты оятудағы көркемдік қызметі айқындалды. Олар әдебиеттегі азаттық идеяны жырлаудың бастау көзі ретінде қаралды. XIX ғасырдағы Махамбет толғаулары әдебиеттегі ұлт-азаттық идея жырлануының айқын үлгісі ретінде бағаланып, дәстүрлік негіз, көркемдік сипат тұрғысынан жан-жақты талданып, сарапталды.

XX ҒАСЫР БАС КЕЗІНДЕГІ ТАРИХИ- ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІҢ ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ОЯТУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Әдебиеттің жалпы даму үрдісін қарастыру, ең алдымен, сол әдебиет оятқан ұлттық сананың болмысын бағдарлауды шарт тұтады. Ол үшін сол тұстағы тарихи-әлеуметтік жағдайларға назар сала кеткен орынды. Әдебиетші-ғалым Ж. Дәдебаевтың төмендегі тұжырымдамасы бұл ойымызды нақтылай түседі: «Тарих адамзат қоғамының жүріп өткен жолы ғана емес, ол таптар мен топтар күресінің тарихы болып табылады. Ал қоғам арнасындағы күрестің қандай болса да идеялық күреспен сабақтас. Осыдан келіп қоғам тарихы дегеніміздің өзі идеялар күресінің тарихы болып шығады» [77, 10 б.].

XX ғасыр – қазақ қоғамының өркениетке ұмтылысын нақты танытатын ұлы кезең. Әрине оның қиындығы да, қасіреті де мол болды. Ғасыр басындағы даму мен тоқыраудың сырын тану үшін, оның тарихи болмысына бойлау қажет.

2.1. Қазақ зиялыларының ұлт санасын ояту жолындағы бағыт-бағдары мен күрес жолы

Өткен ғасырдың басындағы қазақ қоғамы өзінің құрылымы жағынан феодалдық-патриархалдық даму ықпалында болып келді. Капиталистік қатынастардың кейбір элементтері ішінара байқалып, көрініс тапқанмен (сауда-саттық, ұсақ қолөнер т.б.), қалыптасқан қоғамдық қатынастардың іргесі сәгіле қоймаған-ды. Патшалық Ресейдің езгісінде қиын да күрделі өмір сүрген қазақ халқының қоғамдық дамуының басты белгісі халық шаруашылығының табыс көзіндегі өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының арақатынасынан айқын байқалады. Мәсе-

лен, мал шаруашылығы табыстың 60 процентін құраса, егіс 30 процентін, ал өнеркәсіп бар болғаны 10 процентін құрады [78, 11 б.].

XIX ғасырдың екінші жартысында, яғни 1863-1865 жылдар аралығында Черняевтың әскері Әулиеата, Шымкент, Ташкент қалаларын алуымен Ресейдің қазақ жерін өзіне қаратуы аяқталды. Бұл болашақ көп нүктелерді туындатар, қазақ елін, қазақ жерін толық түрде орыс колониясына айналдыруға қойылған соңғы нүкте еді. Сөйтіп, бүкіл Сібірді бауырына басып, бір тұяғы Кавказды, екіншісі қазақ жері мен Орта Азияны бүрген Ресейдің екі басты самұрық бейнесіндегі империясы жаңа ғасырдың басында 17,4 млн шаршы км жері, 33,2 млн халқы бар колонияға ие болса, Азия халықтары Орыс империясы халқының 19,6 процентін құрап, жер көлемінің 76,3 процентін алып жатты [79, 6 б.].

Қазақ жеріне еркіндей енген Ресей патшалығы «мысық табандаған» тірлікті қойып, саяси-әкімшілік қысымды бұрынғыдан да күшейте түсті. Қазақ өмірінің барлық қоғамдық-әлеуметтік саласына тізе батыру мен басқа ұрудың салқыны тимей қойған жоқ. Патшалық өкімет қазақ жерінің саяси-әлеуметтік, экономикалық дамуына тек отарлық саясат көзқарасы тұрғысынан қарап, қазақ елінің халық, ұлт ретіндегі өзіндік даму жолдарын айқындауына, салт-дәстүрінің сақталуына, ұлттық табиғи эволюцияда өркендеуіне мүмкіндік бермеді. Мұның өзі патша үкіметінің Қазақстанның мол байлығын тек шикізаттық қор ретінде пайдалану арқылы халықты қараңғылық қапасында ұстап, прогресті дамуға қол жеткізбестен этнос ретінде жойылуын көздеген сұмдық саясат болатын.

Отаршылдықтың қыл бұрауы қасірет жайған қазақ ұлтының өміріндегі қиыншылықтарға XX ғасырдың басында кесе-көлденең шыққан ел азаматтарын, халқының қамын жеген ардақты ұлдарын қатты ойландырған үш мәселе еді. Бұл үш мәселе түпкілікті шешілмей, қазақ халқының қараңғылық пен надандық уысынан құтылмасы айқын-ды. Олардың бағыт-бағдары сол тұстағы өмірдің өзіндік шындықтарынан туындады. Бұл туралы тарихшы Т. Төлебаев: «Ол кезеңдегі қазақ зиялылары қазақ жерінде ...капиталистік қатынастардың дамуымен қалыптасқан күрделі модернизациялық құбылыс барысында өз халқының жаңа

жағдайға бейімделу мүмкіндіктері мен тиімді жолдарын іздестіруге ұмтылды, жеке топтық немесе таптық емес, жалпы ұлттық мүддені жоғары қойды, отарлық жағдайдағы халқының құлдық дәрежеде қалуын емес, басқалардан кейін қалмауын, экономикалық, тіпті саяси және рухани еркіндігіне қол жеткізу тәсілдерін ойластырды» [80, 13 б.], – деп көрсетеді.

Осы тұрғыдан алғанда әлгі басты үш мәселенің алғашқысы және Қазақстандағы ең бір қиыны жер мәселесі болатын. Өйткені жаңа ғасырдың басында Ресейден қазақ жеріне шаруаларды қоныстандыру үдей түскен еді. Патша әкімдерінің әккі саясаты екі нәрсені көздеген болатын. Біріншіден, Орталық Ресейдегі ауыл шаруашылығындағы қиыншылықтан шығуға жол табу, екіншіден, қазақ жеріндегі үстемдік саясатын жүргізуде сенімді күшке ие болу. Бұл саясат патша үкіметінің үмітін ақтады да. Бұған аталмыш кезеңде европалық Россияны 4-4,5 млн крестьяндардың тастап кетуі, Сібір, Орта Азия жерлеріне барлығы 3957058 адамның қоныс аударуы [79, 12 б.] дәлел. Және бұл қоныстану XX ғасырдың басында жыл артқан сайын өте жоғары қарқынмен өсіп отырды. Мәселен 1896-1905 жылдары Ақмола, Торғай, Орал, Семей облыстарына 294296 жан қоныс аударса, 1906-1910 жылдар аралығында 770000 жан қоныс аударған [80, 34 б.]. Қоныс аударушылар қорына бөлінген жерлер неғұрлым шұрайлы, егістікке ыңғайлы болып келсе, жергілікті халық керісінше қуаң далаға, сортаңды жерге, таулы аймаққа ығыстырылды. Мұның өзі мал бағумен айналысқан халықтың жағдайының күрт құлдырауына әкеліп соғып, түгелдей бір ұлттың жойылып кету қаупін туғызды. Себебі «...Киргизское хозяйство извлекает почти 3/4 (73,76 процента) своего дохода от скотоводства, которое доставляет крестьянскому хозяйству менее 1/4 (23,69 процента) его общих доходов» [81, с.2], – деген Ә. Бөкейханов пікірін еске алсақ, әрі осы негізгі табыс көзінің, яғни мал басының жыл сайын кеми түсуі жоғарғы күдікті жоққа шығармайды.

Мәселен, XIX ғасырдың 70-ші жылдарының аяғы мен 1902 жылдар аралығындағы 20 жылдай уақыт ішінде бір отбасына тиесілі мал басы Жетісу облысының Верный уезінде 806,8 пайызға (13,2 бастан 7,3 басқа) кеміп кеткен [82, 31 б.]. Жалпы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде, дәлірек айтқанда 1893 жылдан 1905 жылға дейінгі 12 жылдың ішінде қазақ халқының

4 млн десятинадан артығырақ жері тартып алынды [83, 418 б.]. Бұл озбырлық тонау патша самодержавиесі жағынан үлкен жұдырықтық, өктемдік, әскери-феодалдық қанаудың әлімжеттілік принципі негізінде жүргізілді [84, 29 б.].

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ өміріндегі екінші бір күрделі мәселе оқу-ағарту ісі болды. «Болғанмен оқу анық, мақсат танық» деп Сұлтанмахмұт айтпақшы, XX ғасыр басында қазақта оқу аз болған жоқ. Бұған мұсылмандық мектептер туралы мына деректері куә: Жетісу мен Сырдария облыстарында 1913 мектеп болса, онда 22422 оқушы оқыған, ал осындағы 56 медреседе 1330 шәкірт дәріс алған [85, 29 б.]. Дегенмен қазақ даласында жалпы білім беретін негізінен күштеп енгізілген орыс-қазақ мектептері болды. Мұндай алғашқы бастауыш орыс-қазақ мектебі 1841 жылы Жәңгірхан ордасында ашылды. Екінші мектеп Орынбор шекаралық комиссиясының жанынан 1850 жылы жұмыс істей бастады. Ол негізінен отарлық аппараттың төменгі орындарына кеңсе хатшылары мен тілмаштар даярлау мақсатын ұстанды. Алғашқы 30 баланың бірі ретінде онда қазақтың тұңғыш ағартушысы Ыбырай Алтынсарин оқыды. Ал үшінші осындай мектеп Омбы қаласында Сібір қазақтары облыстық басқармасының жанынан 1865 жылы ашылды. Оған жиырмаға жуық оқушы қабылданды [65, 344 б.]. Осылайша бірте-бірте мектеп ашу ісі белең ала бастады. Бірақ бұл негізінен орыстық ықпалды күшейте түсуге бағытталған оқу жүйесі болатын.

Орыс-қазақ мектептерінің көздеген басты мақсаты жалпы қазақ балаларының ой-санасын, таным-түйсігін жетілдіруге, оларды білімділік пен біліктілікке ұмтылдыру емес, өз кеңселеріне қажетті төменгі дәрежелі қызметкерлер даярлау және ел арасында солардың тәлім-тәртібі арқылы орыстандыру саясатының нарқын арттыру еді. Өйткені бұған дейін, Ә. Бөкейхановтың пікірінше, 1905 жылдың 17 қазанындағы манифеске шейін әр түрлі әкімшілік орындарында тілмаштық міндетті қазақ тілін білмейтін, қазақ жазуын түсінбейтін орыс азаматтары атқарды [81, 34 б.]. Сондықтан да олардың орнын неғұрлым қазақ тілмаштарымен ауыстырып, солардың қолымен от көсеуді мақсат еткен патша чиновниктері әлгідей оқу орындарын көптеп ашуға тырысты. Бұқара халықтың тіл білмеуі, орыс чиновниктерінің түсіне алмауы тілмаштардың қолына үлкен ерік берді. Сондықтан

орысша оқу білім алудың емес, «төре» атанудың, мал табудың таусылмас кеніне айналды. Бұл туралы тарихшы С. Аспандияров: «Знание русского языка становится средством эксплуатации... Начиная с канцелярии генерал-губернатора и кончая писарем у волостного управителя, эти группы посредников-переводчиков укреплялись и возрастали по мере дальнейшего проникновения царизма в степь» [84, 152 б.], – деп тап басып айтқан-ды. Мұндай «ағартушылықтың» қазақ халқына берер пайдасы жокқа тән екендігі айдан анық еді. Оның мәні 1870 жылдың 26 мартында шыққан «О мерах к образованию инородцев» деген оқу тәртібінде былай деп анық айтылған: «...Конечной целью образования всех инородцев, живущих в пределах нашего Отечества, бесспорно, должно быть обрусение и слияние их с русской народностью» [86]. Мұндай «қамқорлыққа» патша әкімшілігі ғана емес, «халық ағартуда» отаршылдық орыстандыру саясатының ірі қайраткері, миссионер Н.И. Ильминский (1842-1891) сияқты «оқымыстылар» да үлкен еңбек сіңірді.

Бұл жерде Ильминскийдің мына бір пікірі көп нәрсеге жөн сілтеп, бұлаң құйрық «пірадардың» құпиясын ашады. «Главное внимание должно быть обращено на то, чтобы эти молодые люди получали такое воспитание, чтобы они не чуждались от своих соплеменников и охотно возвращались бы в степь и там распространяли бы полученные в школе сведения. Поэтому бесполезно давать этим молодым людям слишком высокое воспитание. Привлекать киргиз в наши средние учебные заведения даже вредно» [84, с. 142]. Бұл – алысты көздеген «алғыр» саясаттың дегеніне жетеріне сенімі мол адамның сөзі. Айталы тәсіл осылай өрістей берсе, жемісінің де мол болары шындық еді. Орыс әкімшілігі мұнымен ғана шектелмей, қазақ балаларының қазақша оқып, тіл сындыруына мүлде қарсы болды. Олар қазақ даласында мұсылман мектептерінің ашылуына мүмкіндік бермеу үшін көптеген айла-шарғылар жасап-ақ бақты. Соның бір көрінісі – жоғарыдан жергілікті орталық басқармалар мен оқу ісінің бастықтарына мұсылман мектептеріне қатаң бақылау жасау жөнінде нұсқаулар мен ережелер жіберіп отыруы. Нұсқау бойынша балаларын қазақша мдресе-мектепте оқытқысы келетін қазақтар оқу ісі бастықтарынан арнайы рұқсат куәлік алуға тиіс болған, әр куәлік үшін 50 тиын алым төлеген. Ал балаларын үздіксіз өз бетінше

оқытқандарға бірінші жолы 10 сом, екінші жолы 30 сом айып салынған. Бұл тәртіпті үшінші рет бұзған адамдар 5 тәуліктен 15 тәулікке дейін қамауға алынып, одан әрі балаларын мұсылман мектептерінде оқытуына тыйым салатын болған [65, 347 б.]. Бұдан шығар қорытынды: патша өкіметі мен оның «түземдіктерді» оқу-ағарту ісі жөніндегі негізгі идеологтерінің жанын сала ізденуінің нәтижесінде орыс-қазақ мектептері бұратана халықтардың христиандық уағызды тезірек қабылдау ошағына айналды. Орыстандырудың ең бір тиімді әдісі ретінде сауат ашуды орыс алфавитімен бастауда да үлкен мән жатыр. Мақсат – ата дәстүрді, әдет-ғұрыпты бала жастан ұмыттырып, араб әрпімен жазылған ұлттық мұрадан қол үздіру. Отарлық дәуірді жете зерттеп жүрген ғалым М. Мырзахметов: «...қазақ даласында патша билігінің үшінші кезеңі деп саналатын «жаңа низам» ережесін ендіру алдында Ресей империясы ... бұрынғы уақытша ислам дінін тарату саясатынан бас тартып, 1862 жылдан бастап ресми түрде қазақ халқын шоқындыру, сол арқылы біртіндеп орыстандыру саясатын ашық жүргізе бастады» [87, 3 б.], – деп, патша үкіметі саясатының бет пердесін сыпырады.

С. Аспандияров Ильминскийдің миссионерлік саясатының арыдан ойлайтын сұрқиялық құпиясын былай ашады: «Он предлагал открывать побольше учительских семинарий, где ученики из инородцев должны были воспитаться в духе незыблیمых начал самодержавия и православия с тем, чтобы в будущем самим явиться воспитателями своего народа на этих началах. ... Казахские дети вербовались в учительские семинарии, а в Ташкенте при учительской семинарии был открыт интернат для казахских детей. Во главе этой семинарии стоял известный ученик Ильминского, миссионер Остроумов» [84, с. 202].

Жалпы патшалық өкімет ағарту саласында екі бірдей бағыт ұстанғанын аңғару қиын емес. Біріншіден, ол жаппай сауаттылыққа қарсы, сондықтан да мұсылмандық бастауыш мектептердің кең өріс алмауын қатты қадағалаған. Екіншіден, жергілікті әкімшілік орындарына көмекші кеңсе қызметкерлерін даярлау үшін орыс-қазақ мектептерін ашып, онда орыс тілін, арифметиканың төрт амалын, орыс алфавитті қазақ тілін оқытуға мәжбүр болған. Бірақ мақсат айқын, бағыт нақты. Қалай болғанда да академик Бартольдтің тұжырымымен айтқанда:

«Как бы не сообщить туземцам слишком много сведений на их языке и не содействовать этим упрочению местной литературы и местных культурных особенностей, в ущерб обрусению» [88, 130 б.].

Қажетті қызметкерлер мөлшері түгенделе бастаған соң, патшалық өкімет бірте-бірте орыс-қазақ мектептеріндегі жергілікті халық балаларының санын кеміте бастағанын байқаймыз. Басты себебі – қазақ балаларының мектеп көргендерінің біразы орыстандыру саясатының құрығына ілінбей, білімін ары қарай жалғастырып, жоғарғы мектептерді бітіре бастады. Мысық тілеулі миссионерлер қалағандай іс жүргізуші, тілмаш, орыс оқуын дәріптеуші қана болып қоймай, юрист, дәрігер сияқты мамандықтарды игеріп, халқының керегіне жарар ғылым жолына түсе бастауы Ресейлік әкімшілікті шошындырмай тұра алмаса керек.

XX ғасырдың басына қарай қазақ балаларының орыс-қазақ мектептеріндегі саны күрт төмендеп кеткен еді. Бұл туралы академик Бартольд Түркістаннан мынадай деректер келтіреді: «...число воспитанников-туземцев правительственных школах с годами иногда не увеличивалось, а уменьшалось. В Ташкентских гимназиях мужской и женской, это число достигло высшего предела: к январю 1883 г. – 20 мальчиков из 286 (7 процента) и 10 девочек из 333 (3 процента), января 1896 г. ...было всего 10 мальчиков из 327 (3 процента) и 8 девочек из 377 (2 процента) по сведениям 1909 г. Воспитанников-мусульман было около 2 процентов в мужской гимназии и около 1 процента в женской» [88, 126 б.].

Көріп отырғанымыздай, оқу-ағарту ісінде XX ғасырдың бас кезінде қазақ ұлты екі түрлі қыспаққа ілініп тұрды. Бірі – ұлттық мектептің мәні жойылуы (мұның өзі жаппай сауаттылықты шектеді), екіншісі – қалың бұқараның сауат ашуына жоғарғы төлем жол бермеуі. Ал сауатсыздық – халықтың ой-санасын тұмшалаған тор. Өз халін ұғынып, күңгірт тірліктен бостандықтың боз ала таңына ұмтылу үшін білімнің кәусар бұлағы қажет еді.

Аталмыш кезеңдегі ой толғантқан үшінші мәселе және ең басты мәселе қазақ еліндегі адамдық құқық, ұлттық мүддені табанға таптаған патшалық өкімет отаршылдығының шынжыр бұғауы – басқару системасы еді.

XX ғасырдың бас кезінде Ресей патшалығының ішкі отары ретіндегі Қазақстанда самодержавиелік империяның билеп-төстеуі нақты күшіне ене бастады. Жаңа ғасырды қазақ халқы сан жағынан 5 миллионға жетеміз деген үмітпен аттады. Нақтылай айтсақ, 4696600-ге жетіп, өз жеріндегі халықтың 51 %-ын құрады [81, 20-21 бб.]. Бірақ қазақ жері бір әкімшілік орталыққа бағынған территориялық тұтастыққа ие бола алмады. Ә дегеннен-ақ бас біріктірмеу саясатын берік ұстанған патша өкіметінің әкімшілігі «бөліп ал да, билей бер» тәсілін қолданып, қашанда да уыста ұстау жағын орайластырып отырды.

Өзінің қазақ жерін бөлшектей билеу саясатын дамыта отырып, патша әкімшілігі 1886 жылы 2 маусымда «Түркістан өлкесін басқару туралы ереже», 1891 жылы 25 наурызда «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ереже» қабылдады.

Түркістан өлкесінің құрамына Ферғана, Самарқанд және Сырдария облыстары кірді. Сырдария облысы қазақ жерін қамтыған 5 уезден – Қазалы, Перовск, Шымкент, Әулиеата, Ташкент уездерінен құралды. 1891 жылғы «Ереже» бойынша Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарының орнына орталығы Омбы болған бір Дала генерал-губернаторлығы құрылды. Оның құрамына Ақмола, Семей, Орал, Торғай, Жетісу облыстары кірді. Жетісу облысы 1897 жылы қайтадан Түркістан генерал-губернаторлығының қарауына берілді. Осы ережелердегі әкімшілік, басқару жүйесі, сот құрылысы Қазан төңкерісіне дейін сақталды және ол қазақ өміріндегі бүкіл саяси-әлеуметтік және экономикалық мәселелерді бағыттайтын негізгі заң жобасы ретінде пайдаланылды. Қазақ даласындағы отаршыл өкіметтің ең жоғарғы өкілі генерал-губернатор болып табылды. Оның өкілеттілігінің құдіретін салыстырмалы түрде тарихшы Ғ. Сапарғалиев былайша көрсетеді: «Он не только осуществлял высший надзор над причиненными ему областями, но и являлся как бы «законодательным органом», принимавшим в случае необходимости правовые акты и развитие Степного положения. Таким исключительным правом генерал-губернаторы внутренних губерний не наделялись» [89, с. 11].

Ал бүкіл далалық билікті уезд бастықтары өз қолында ұстады. Яғни өз жерінде қазақ халқының еркі өзінде болмады. Бүкіл бір

халықтың тағдыры талай қанқұйлы генералдар мен шала сауатты офицерлердің қолжаулығына айналды. Түркістан дала генерал-губернаторлығында бүкіл әскер генерал-губернатордың қарауында, ал облыстағы әскерлер губернатордың қарауында болды. Әскер ұстауда екі мақсат көзделді. Бір жағынан шекараларды нығайту, екінші жағынан отарлық Қазақстанда әскери-саяси үстемділікті таныту. Басты-басты стратегиялық нүктелерде біршама күштерді жинақтай отырып, отаршыл-әкімшілік оларды үнемі жоғары жауынгерлік дайындықта ұстады және жергілікті халықтың көңіл-күйін қатты қадағалап отырды. Бұл үшін әрбір отбасын қаруландырды. Мәселен, 1891 жылы «Түркістан қоныстандырушыларын қаруландыру туралы заң» қабылданды. «Осының нәтижесінде ХХ ғасырдың бас кезінде әрбір отбасында дерлік винтовкадан болды» [90, 38 б.].

Сөйтіп, жаңа ғасыр табалдырығын қазақ халқы жерінен айрылып, шаруашылығы күйзеліп, білім нәріне қанбай, санасы сансырап, елдігінен айрылып, мемлекеттік қалпын жоғалтып, дауыл алдындағы тымырсықтай түнеріп аттады.

ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы өткенді аңдып, алдын болжаған зиялы азаматтарды, жалпы «халқым, ұлтым» деген адамды ойландырған басты ой арнасы осы жоғарыдағы үш мәселеден бастау алады. Өйткені, жер – ата-қоныс – ғасырлар бойы сыртқы жаудан қорғауда сан ұрпақтың қаны тамған бүкіл тіршіліктің тірегі, одан айрылу ел ретінде тарихтың сахнасынан кетумен тең еді. Оқу ұлттық сананың ояну негізі болса, одан ана тілі арқылы нәр алмау, халық ретіндегі сан ғасырлық салт-сананың жиынтық болмысынан айрылу, сөйтіп, ұлттық алтын тамырдан қол үзіп, оянудың жолын қараңғы түнекке апарып тіреп қоюмен пара-пар. Ал патшалық отаршылдықтың саяси билігі салдарынан бірліктен айрылған, өзін-өзі билеуден қалған ел ұлы дамудың өркениетті жолынан ығысып, құлдықтың құрдымына қарай құлдылаған болатын. Міне, осынау жойылудың, осынау құрбандықтың үш үлкен мәселесі қазақ Азаматтарын бірігуге, күш біріктіруге, сөйтіп, саяси күрес жолына шығуға жұмылдырды. Бұл алдымен, Ресейдегі демократиялық қозғалыстар нәтижесінде Россия қоғамындағы замана ағымына сәйкес пайда бола бастаған, Россияны дамудың өзгедей бір жолына салуға үм-

тылған түрлі партиялар мен топтардың өнегесінен үйренуден қалыптасқан-ды.

Сөйтіп, Ресейдегі жаңашыл рухтағы саяси бағыттан қуат алған қазақ зиялы қауымының алға қойған басты мақсаты жоғарыда атап өткен патшалық Россияның отаршылдық саясатын айқындайтын үш мәселе төңірегінде түйінделді.

XX ғасырдың есігін ашып, еркін кірген бұл өзгерісшіл рух 1905 жылы өзінің алғашқы шама-шарқын бір байқатып тастады. Сол тұста қазақ зиялылары да ел аманатын арқалап, осынау өздерін толғандырған үш мәселені алға ұстап, күресшіл жолға бет алды. Мұның бір белгісі – 1905 жылғы қазақ оқығандарының патшаға жіберген Қарқаралы талабы (петиция), қазақтың алдыңғы қатарлы азаматтарының алғаш бас біріктіруі. Бұл – толғағы жеткен мәселелерді көтерген саяси күреске шығудың басы, оған үлкен серпін берген бірлікті де тірлікті әрекет еді.

1905 жылғы Ресейде тұтанған оттың шарпуы шет аймақтағы қоздана бастаған қоламтаның лап етуіне дем берді. Әрине, қазақ даласындағы қозғалыс дүмпуін тек 1905-07 жылғы революцияға байланыстырып қою біржақтылық танытары сөзсіз. Бұрынғы тарихи және әдеби зерттеулерде дәл осындай баға беріліп те келді. Біздіңше, 1905-1907 жылдардағы қазақ даласындағы ірілі-уақты іс-қимылдардың негізі әріде жатыр. Ол қазақ зиялыларының көкейінде пісіп, көкірегін жарып шыққан ұзақ толғаныстың нәтижесі секілді.

Қазақ зиялыларының алғашқы топтасуы жалпы Россияда қалыптаса бастаған әр түрлі саяси партиялардың патшалық басқару жүйесіне қарсы күрес жолындағы бағдарламаларымен танысу әсерінен және өз халқын отарлық бұғауынан құтқарудың жолы тек саяси күресте жатыр деп тануынан еді. Қазақ зиялыларының алғашқы баспа жүзін көрген бағдарламалы ой-пікірлер жиынтығы – жоғарыда аталып өткен Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 1500 адамның қолы қойылып, Петербургке жіберілген әйгілі Қарқаралы талабы. «Бүкіл елдік наразылықтың қазақ қоғамына бұдан бұрын тән емес петиция түрінде көрінуіне түрткі болған тұңғыш россиялық революция да, ал оны жазған азаттық қозғалыстың басына келген жаңа әлеуметтік күш ұлттық интеллигенция өкілдері еді» [91].

Алғаш рет 1905 жылдың 4 қазанында «Сын Отечества» басылымының 173 санында жарық көрген бұл петиция қазақ халқының саяси-әлеуметтік өміріндегі үлкен уақиға болды. Қазақ халқының ұлттық санасының оянуына тегеурінді серпін берген бұл талап-тілек туралы М. Әуезов: «1905 жылы Қарқаралыда Ахаң мен басқа біраз оқығандар бас қосып, кіндік өкіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жіберген. Ол петицияда аталған үлкен сөздер бірінші, жер мәселесі, ...екінші, қазақ жұртына земство беруді сұраған, ... үшінші, қазақ жұртын муфтиге қаратуды сұраған. ... Ол күндегі қазақ баласының дертті мәселесі осылар болғандықтан, Ахандар бастаған іске қыр қазағының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан, көпшіліктің оянуына себепші болған» [92], – деп жазды.

Қазақ зиялыларының осы бір кезеңдегі іргелі ісін көрнекті саяси қайраткер Т. Рысқұлов былайша бағалады: «Революция 1905 года дает большой толчек оживлению мысли среди восточных народностей, в том числе и среди казахов. В связи с манифестом 1905 года устраивается среди казахов митинги и пишутся петиции на тему о религии и земле... Среди казахского населения и казахской интеллигенции еще не было политических партии, а отдельные группы общественных деятелей в той или иной степени примыкали и сочувствовали некоторым политическим партиям, существовавшим тогда в России» [93, 150 б.].

Жоғарыдағы пікірлердің ортақтығы – қазақ зиялыларының тұңғыш бас қосқан Қоянды жәрмеңкесі қазақ халқының саяси өміріндегі алғашқы күреске шығудың жоспарлы келісімін бекіткен жиын болғандығының дәлелі. Шет елдегі қазақ тарихын зерттеуші ғалымдар бұл жиынды қазақ зиялыларының өзіндік партия құрған алғашқы астыртын (подпольный) съезі деп бағалайды. Мәселен, түркиялық қазақ тарихшысы Хасен Оралтайдың 1973 жылы жарық көрген «Алаш» – Түркістан түркілерінің ұлт-азаттық ұраны деген еңбегінде коммунистік идеологияның ықпалынан тыс, тарихи деректер мен орынды ой-пікірлер молынан кездеседі. Қазақ тарихының аталмыш кезеңіне қатысты тарихшы мынадай мәліметтер келтіреді: «...қазақ түріктері зиялыларының бір тобы 1905 жылы жасырын түрде саяси партия ұйымдастырды. ...1905 жылы ұйымдастырылған жасырын «Алаш» партиясы өз қызметін

1917 жылдың көктеміне дейін жасырын түрде жалғастырып келді. Партия қызметі жасырын жүргізілгендіктен, Алаш партиясының тарихқа белгілі тұңғыш (құрылтай) съезі 1905 жылы маусым айында 14500 қазақ түркісінің қатысуымен Қарқаралыда өткізілді. Бірақ ресми түрде Алаш партиясының съезі болып есептелінбейді. Солай болғанмен де, 1905 жылғы съезд Алаш партиясының съезі екендігіне күмән жоқ. Өйткені 1905 жылы съезд ұйымдастырушылар, оны басқарушылар және онда шығып сөйлегендердің бәрі Алаш партиясының мүшесі еді. Бұл съезге Алаш партиясының лидері Әлихан Бөкейханұлының өзі қатысты» [94].

Жасырын съездердің болғандығын Әлихан Бөкейханов та жоққа шығармайды [81, 54 б.]. Әрине, Қарқаралы съезін Алаш партиясын ұйымдастыру съезі деп қарау артығырақ болар. Дегенмен бұл съездің кең ауқымды, қазақ өмірінің сан қырлы мәселелерін қамтыған, оларды шешудегі ізденісте ізі қалған тарихи оқиға екендігі даусыз. Бүгінгі зерттеулерде көбіне «жиын», «бас қосу» деп айдар тағылғанымен, оның қарапайым жиыннан гөрі жоғары дәрежедегі саяси іс-әрекет екендігін мына төменгі пікірден-ақ тануға болады. «Большинство съездов (Каркаралинский, Уральский и др.) представляли из себя именно «почетных» людей и интеллигенции. На них принимались петиции, просьбы, обращения к правительству. Особенно много места уделялось колоннизационной политике...» [84, 224-225 бб.].

Ал ондағы қабылданған петицияның бағдарламалық (программа) мәнін, Алаш қозғалысына қара күйені аямай-ақ жаққан зерттеушілердің өздері де мойындайды: «Эта петиция носила программный общеказахский характер и фактически закладывала политические основы алашского движения» [95, 17 б.]. Бұл петицияның тарихи маңызын бүгінгі қазақ тарихшылары «...құжат авторларының сапалы жаңа даму сатысына аяқ басқан қазақ азаттық қозғалысының ең негізгі талап-тілектерін тұңғыш рет тұжырымдап, қалыпқа салып, патшалық билік алдына қойып, сол арқылы қазақ елінің өз еркіндігі үшін күрес жолына түскендігін білдіруінде» [7, 98 б.], – деп бағалайды.

Жалпы петиция 11 тармақтан тұрса, онда қамтылған талап-тілектерді үлкен үш топқа бөлуге болады: 1) оқу-ағартудың жолға қойылуы; 2) қазақтың өз жеріне өзінің меншігі деп табылуын талап ету; 3) қазақ елін басқару жөніндегі «Далалық Ереженің»

бүгінгі қазақ өміріне сай қайта өзгеруін талап ету. Саяси сауаттылықпен жазылған бұл петиция патшалық Россияның отаршылдық саясатының бар болмысын, әдіс-айласын, қат-қабат қырларын мейлінше терең ашуға ұмтылған алғашқы айбынды үн еді. Ол Россияның әкімшілік аппаратын шошындырмай тұра алмады.

Петицияда қазақ қоғамының негізгі ұлттық мүддесі есебінде мынадай талаптар қойылды: діни сенімдерді атқаруда, оқу-ағарту жүйесін ұйымдастыруда жергілікті халықтың еркіне қайшы келетін шектеулерді жою, ауылдарда сабақ орыс тілімен бірге қазақ тілінде де жүргізілетін мектептер ашу, қазақ халқының мұң-мұқтажын талқылауға қажет құрал – цензурасыз газет шығаруға және баспахана ашуға рұқсат беру, жаппай қоныстану қарқынының күшейіп, құнарлы жерлердің қоныстанушыларға өтуіне байланысты қазақтар отырған жерді олардың заңды меншігі екенін мойындау, мемлекеттік аппаратта, сот орындарында іс-қағаздарын қазақ тілінде де жүргізу, олардың жұмысында қос тілділікті жолға қою т.с.с.

Көріп отырғанымыздай, петицияда «қазақ баласының дертті» мәселесінің бірі ретінде қазақ тілінде газет шығару мен баспа ісіне рұқсат беру талап етілді.

«...Қазақ халқының ағымдағы қажеттіліктерін айқындау үшін қазақ тілінде газет шығару керек, ол үшін цензурасыз газет шығарудың және баспахана ашудың ешкімнің келісімінсіз шешетін тәртібін орнату талап етіледі...» [96] деген сөздер патша әкімшілігінің шенеуніктеріне жаға қоймағаны бесенеден белгілі.

Петиция талаптары орындалмады, реакция күшейіп, петиция авторы деген кісілер қуғындалды.

1905 жылдың аяғына қарай, кейбір деректерде кадеттердің бүкілроссиялық I съезінен дәл бір жарым айдан соң, яғни 1905 жылдың қараша айының аяқ кезінде Оралда Дала өлкесінің 5 облысының өкілдері бас қосқан съезд өткізілді [7, 105 б.].

Съезд ұйымдастырушылар қазақ зиялыларының алдыңғы қатарлы өкілдері Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ж. Сейдалин, М. Тынышбаев, С. Сырттанов, Б. Қаратаевтар еді. Съезд Қырғыз (қазақ) конституциялық демократиялық партиясын құрды.

Қазақ зиялылары неліктен өздеріне кадет партиясын үлгі етіп алды деген сұраққа осы партияның құрылтай съезінде қабылданған «Азаматтардың негізгі құқы» және «Мем-

лекеттік құрылым» атты екі бөлімнен, 9 пункттен тұратын программасындағы: «Все российские граждане, без различия пола, вероисповедования и национальности, равны перед законом. Всякие сословные различия и всякие органичения личных и имущественных прав поляков, евреев и всех без исключения других отдельных групп населения должны быть отменены», – деген сөздердің қазақ зиялыларының жүрегіне жақын, ойына дөп келгенін жауап етіп тартар едік.

Кадет партиясы 1905-1907 жылдардағы ең беделі күшті партиялардың бірі болғандығын еске алсақ, қазақ даласын ашықтан-ашық отарлауға білек түрініп кіріскен патшалық жүйемен күрес жүргізу үшін қазақты тапқа жіктеу емес, әуелі басын біріктіру қажеттігін түйсінген қазақ зиялыларының кемеңгерлігіне таң қаласың. Өйткені олар отарлаушы саясаттың мәнін терең түсінген еді. Философ, саясаттанушы А. Айталы отаршылдық зобалаңның ең бастылары «халықтың, демократияға сүйенген елдің ыдырауы, жікшілденуі, қалыптасқан әлеуметтік, топтық дәстүр қағидалардың ығыстырылуы, ұлттық психологияда жаңадан жағымсыз белгілердің пайда болуы» [97, 29 б.], – деп біледі.

Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұвтар бастаған қазақ зиялылары орыс буржуазияшыл-демократтық партияларын үлгі етіп алып, қазақ халқының тұтастығы мен дербестігін ұлттық автономия арқылы сақтап қалуға тырысса, Б. Қаратаев, М. Сералин, Ж. Сейдалиндер бүкіл түркі халықтарының бірігуін жақтап, татар буржуазиясымен бірлік құруға ұмтылды, татар буржуазиялық партияларынан үлгі алды.

Бұл екі топ отырықшылдандыру, оқу-ағарту жұмысының сипаты, дінге көзқарас тұрғысынан да түрлі қайшылықтарға келіп отырды.

XX ғасыр басында саяси күреске шыққан қазақ зиялылары әлеуметтік құрамы жағынан біркелкі емес-тін. Онда төменгі және орта деңгейдегі топтардың өкілдерімен қатар ірі аксүйек тұқымдары да болды. Алғашқы кезде жалпыұлттық ұрандар жетегінде бұлар біртұтас күш ретінде күреске шықты. Қазақ зиялыларын біріктірген отаршылдыққа деген өшпенділік болатын. Сондықтан да «Алашская интеллигенция по всей природе была плотъ от плоти, кровь от крови байства» [95, 13 б.] деген қарадүрсіндеу тұжырымның терістігінде күмән жоқ.

Бағыт айкындылығын, мақсат бірлігін ұғынысқан қазақ оқығандары бас біріктірген соң, өз ой-пікірлерін халыққа жеткізер басылым болуын қалау табиғи нәрсе еді. Сондықтан да олар 1905 жылғы патша әкімшілігі жібiген жылымық кезеңдi баспа iсiне еркiндiк алуға пайдаланып қалуға ұмтылды. Сондай бiр дерек «Семипалатинский листок» газетiнiң 1906 жылғы 5 шiлдедегi санында кездеседi. Онда былай деп жазылған едi: «17 қазан қарсаңында және кейiн де Бөкейханов қырғыз тiлiнде газет шығармақ болып қырға кеттi, ол қазақ халқы үшiн алдағы болар сайлау мен қойылар iстер жайлы өзiнiң жерлестерiмен ақылдаспақ».

Қазақ зиялылары алғашқы саяси күреске де баспасөз арқылы осы 1905 жылдары шыға бастады. Олар ұлттық басылымдары жоқ болғандықтан, алдымен «Ульфат», «Пiкiр», «Уақыт», «Шора» т.б. татар журналдарында, «Смена», «Омич», «Голос степи» т.б. орыс газеттерiнде көрiне бастады. 1906 жылы кадет партиясының съезiне қатысуға Петербургке келген қазақ оқығандары осындағы қазақ зиялыларымен келiсе отырып, қазақ баспасөз орталығын ашуға ұйғарды.

Сөйтiп, 1907 жылы наурыздың 28 күнi Мемлекеттiк Думаның депутаты, мұсылмандар партиясы жетекшiлерiнiң бiрi Шаһмардан Қошығұловтың қолдауымен, Әбдiрашид Ибрагимовтың басқаруымен «Серке» атты қазақтың төл демократиялық газетiнiң алғашқы саны жарыққа шықты. Бұл газеттiң шығарылуына А. Байтұрсыновтың үзеңгiлес iнiсi Мiржақып Дулатов барынша атсалысып, өзiнiң «Жастарға» өлеңiн, «Бiздiң мақсатымыз» мақаласын жариялады. «Серкенiң» 2-саны жарық көрмей жатып жабылып қалды. Оның басты себебi «Бiздiң мақсатымыз» атты мақала деп есептейдi зерттеушiлер. Бар болғаны бiр-ақ саны жарыққа шыққанымен, «Серке» қазақтың бейресми, саяси бағыттағы демократиялық баспасөзiнiң тұңғыш бастау көзi ретiнде тарихтан өз орнын алды.

Дәл осы тұста (наурыз, 1907) Троицк қаласында «Қырғыз газетi» шықты. Оны бастырушылар Ж. Андреев, И. Иманбаев, шығарушысы Х. Шумов-Сосновский болды. Бұл да бiр санынан кейiн шығарылуын тоқтатты. Бұдан соң оқыған қазақ жастары «Дала» газетiн (Томскiде) шығаруға әрекеттендi. Бiрақ, қазақ зиялыларының алғашқы әрекеттерiнiң көбi сәтсiздiкке ұрынып отырды. Мұ-

ның өзі патша әкімшілігінің жалпы бұратана халықтар мәдениеті, олардың өркендеуі деген мәселеге тек отаршылықтың озбыр саясаты тұрғысынан қарағандығының дәлелі болса керек. Себебі бұл кезде жалғыз қазақ халқы емес, Россияға бағынышты өзге де мұсылман елдері де осы тұрғыдан зардап шегуде болатын. Бұған нақты дәлелдерді өзге ұлттар баспасөзі тарихын зерттеген еңбектерден кездестіруге болады. Мәселен, татар тілінде газет шығару мәселесін татар зиялылары 1808 жылдан бастап патша әкімшілігі алдына қойып келе жатқанымен, алғашқы татар тіліндегі газет 1905 жылғы революцияның тұсында ғана жарық көрді [98, 56 б.].

Жалпы ұлт аймақтарының баспасөз ісінің дамуына тек әкімшілік орындары ғана емес, орыс зиялыларының миссионерлік идеяны көздеушілері де қарсылық көрсетіп келді. Мысалы, «Дала уалаяты» газеті «Акмолинские ведомости» газетіне қосымша ретінде алғаш қазақ тілінде жарық көргенде, миссионер Н.И. Ильминский оған ашық қарсылық білдірген. Оның қасиетті синод обер-прокурор К.П. Победоносцевқа (1827-1907) жазған хатында (16 желтоқсан, 1889) ол қарсылығын былай дәлелдейді: «Об особом «Прибавлении» к «Акмолинским ведомостям» я давно писал Г.А. Колпаковскому, что эту газету надо ограничить официальную лишь частью, а неофициальную часть лучше бы прекратить, ибо при не умелых и необразованных переводах (в доказательство чего я привел ясные примеры), требующих бдительного наблюдения и опытного руководства, рискованно отваживаться на помещение трудных научных и политических статей... Если нынешний степной генерал-губернатор более чем его предшественник удосужится следить за киргизской газетой, он быть может, благоустроит ее направление или ограничит ее содержание» [99, 322-323 бб.].

Алғашында қазақ зиялылары өз көзқарастарын өздерінің ұлттық басылымдары жоқ болғандықтан, алдымен «Үлфәт», «Пікір», «Уақыт», «Шора» т.б. татар журналдарында, «Смена», «Омич», «Голос степи» тәрізді орыс газеттерінде білдіре бастады. Одан кейін ой-пікір айту «Айқап» бетіне көшті.

1911 жылдың 11 қаңтарында талай қиындықтар мен кедергілерді жеңе отырып, «Айқап» журналының жарық көруіне қол жеткізілді. Ал «Айқаптың» шығуы – қазақ ұлты үшін XX ғасырдың бас кезінде болған үлкен тарихи оқиға.

Ол қазақтың тұңғыш қоғамдық-саяси және әдеби журналы болды. «Айқап» – өзінің сипаты жөнінен жалпы демократиялық болғанымен, іс жүзінде Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің, Абай Құнанбаевтың ағартушылық идеялары негізінде дамып келе жатқан қазақтың қоғамдық ой-пікірінің, әдебиетінің, публицистикасының прогресшілдік және демократиялық дәстүрін жалғастырған, ілгері дамытқан журнал болды» [100, 86 б.].

«Айқап» журналын ұйымдастырушы және редакторы демократ-жазушы Мұхаметжан Сералин өз төңірегіне түрікшілдікті жақтаған қазақ зиялыларының үлкен тобын – Бақытжан Қаратаев, Жанша Сейдалин т.б. топтастырды.

Ұлттық интеллигенцияның бұл тобы (түрікшілдер) бүкіл түркі халқының бір тудың астына жиналуын, қазақты отырықшыландыруды жақтап, түркілік бірлікті дәріптеді. Татар үлгісіндегі мектептерді көбейтуді ұсынды. И. Гаспринскийді ұстаз тұтты.

Олардың көзқарастары мен шығармашылығына, саяси мәндегі ой-пікірлеріне ХХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында қазақ жеріне тарай бастаған түркілік, исламдық ағымдар зор ықпал етті. Мұнда әсіресе «жәдитшілдер» ықпалы зор болды. Ресейде «...өздерін «жәдиттер» деп атаған тарихта осы атаумен қалған жаңа идеологиялық һәм мәдени-ағартушылық бағыттағы қозғалыс әрекет етті» [90, 43 б.].

Осы күнге дейін біржақты бұрмаланып, дұрыс байыптау берілмей келген ХХ ғасыр басындағы бұл ағым отарлық езгіде діні, тілі, рухани қазынасы іске алғысыз етілген түркі тектес халықтарды азаттық жолындағы күресте бір тудың астына жинау идеясын уағыздаған еді.

Отырықшыландыру мәселесіне келгенде де «айқаптықтардың» өзіндік көзқарасы мен ойлары болды. «Айқаптықтар» отырықшылдықты өркениет тірегі деп білді. Жер-жерде отырықшылдың үлгі мекендерін жасап, жұртты соған тартуға әрекеттенді, үлгі шашпақ болды. Мәселен, Мұхаметжан Сералиннің Қостанай уезінің Шұбар болысында, Б. Қаратаевтың Орал облысында ұйымдастырған елді мекендері. Әрине, бұл іс-әрекет пен пікірлердің прогрестік ойдан туғандығына күмән жоқ, дегенмен қазақ шаруашылығының байырғыдан келе жатқан бағытын аз уақытта өзге арнаға бұрып жіберу өзін-өзі ақтамайтындығы анық болатын.

Жер мәселесі А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов бастаған топты да (батысшылар) қатты ойландырды. Алғашында өз пікірлерін «Айқап» бетінде білдіріп отырған бұл топ өкілдері енді өз басылымдарын ашуға ұмтылды.

Қазақ халқының қоғамдық өмірінде, даму тарихында ерекше орын алған «Қазақ» газеті 1913 жылдың 2 ақпанында Орынбор қаласында «Каримов, Хусайыновтар баспасынан» шықты. Бұл газеттің маңындағы топ отырықшылдыққа қарсы тұрды.

Россия империясының 1909 жылғы 9 маусымда жариялаған столыпиндік заңы бойынша жер алуда екі түрлі норма болды. Отырықшы норма әрбір жан басына 15 десятинадан, көшпелі норма ер адам басына 15 десятинадан. Бұл қазақ халқын тонау заңы болып табылады. Сондықтан «Қазақ» газеті көшпелі нормамен жер алу қазақтың дәстүрлі шаруашылығын сақтап қалудың және дамытудың бірден-бір жолы деп түсінді. Өйткені отырықшылдықпен жер алу, жер өңдеу кәсібін жете меңгермеген қазақтар үшін пайдасыз еді.

Сөйтіп, «Қазақ» газеті жарық көргеннен кейін қазақ зиялыларының арасы ашылып, екіге жіктеле бастаған екі үлкен идеялық-саяси арнаға айналды. Бұл туралы тарихшы С. Аспандияров: «Казахская интеллигенция разбилась на две основные группы. Одна часть, группировавшаяся вокруг журнала «Айқап» стояла на пантюроксистской позиции блока с татарской буржуазией, за объединение всех тюрок. Она выдвигала требования оседания казахского населения и стояла за развитие татарских новометодных школ.

Другая группировалась вокруг газеты «Казах», начавшей выходить в 1913 г. (Букейханов, Байтұрсынов, Дулатов и др.). Эта часть требовала развития казахского языка, считая что «блок с татарами» приведет к ассимиляцию. Эта группа была и против оседания, полагая, что резкое изменение казахского хозяйственного быта отразится крайне вредно и болезненно на казахском хозяйстве» [84, 67 б.],– деп жазды. Патшалық Ресейдің отарлық саясатына қарсы ашық түрде ұлт-азаттық саяси күреске шығуды қолдаған, халқының азаттығы мен бостандығы жолында белсенді де батыл күрес жүргізген қазақ зиялыларының басым бөлігі «Қазақ» (1913-1918) газетінің маңына топтасты.

XX ғасыр басындағы әдебиеттің жаңа зерттеушілерінің бірі Д.Қамзабекұлы қайраткерлік пен қаламгерлікті қатар ұштастырған қазақ зиялылары туралы: «...осы кезеңде әдеби-рухани күш пен саяси қайраткерліктің біртұтасқанын байқауға болады. Мұндай процесс әлем тарихына ортақ екенін ұмытпағанымыз жөн. Ендеше тұтастары мен замандастары «Абайдан кейінгі әдебиеттің ұйытқысы һәм жаңа кезеңнің басы» ретінде таныған Ахмет Байтұрсынұлының ұлт-азаттық күрестің жуан ортасында жүруі, лирик ақын Мағжан Жұмабайұлының 1917 жылы Мәскеуде өткен Мұсылмандар съезіне қатынасуы және өзге де өз шағының саяси шараларынан қалмауы, тағы басқа нақты тарихи фактылар аталған әдебиет уақытын миләттік қозғалыстан тыс қарастырудың біржақты болатынын аңғартады» [101, 131 б.], – деген қорытынды жасайды. Бізге аталмыш кезеңнің әдебиетін жан-жақты зерттеген ғалымның пікірі орынды көрінеді.

Батысшылдар тобының мақсаттары «Қазақ газетінің 4-санындағы бас мақалада айқын жазылған: «Істің мәні жалғыз-ақ тамақ асырап, күн көруде қалмас, өз бетімен күн көре алмаса, өзге жұрттың есігінде жүріп, малайлықта тамақ асырап, қазақ тіршілігін өтер ғой... Өз алдына дербес ұлт болып, Еділден Ертіске, Оралдан Ауғанға шейін тұтас тұрған халық едік. Арамызға әр жұрт кіріскенде солармен қатар атымыз жоғалмай қазақ ұлты болып тұра аламыз ба? Осы – бізді төсекте дөңбекшітіп ұйқымызды бөлетін нәрсе»... Осы жолдарда «түрікшілдік» пен «исламшылдықтың» иісі сезілмейді.

Саяси тартыстарда көбіне «Қазақ» жағының туралықта болғандығы «Қазақ», Ахмет жайлы заманның ушығып тұрған кезінде шыққан зерттеулерде сипай айтылып кетеді. Сәбит Мұқановтың 1932 жылы шыққан кітабында «Қазақ» «Айқап» шала пісірген нәрселерді дұрыс пісірді, көмескі пікірлерді айқындады, сонымен қатар, «Қазақпен» қазақтың тілі туды, таза қазақ тілінде шыққан баспасөз «Қазақ» газеті ғана болды... көпшіліктің пікір көші «Айқаптан» «Қазаққа» ауды» [102, 52 б.], – деуі қиын кезеңде ащы шындықты айтуы болатын.

«Айқап» пен «Қазақ» топтарының арасындағы айтыстың басталуын көрсететін «Қазақ» газетінде мынадай бір дерек бар. М. Дулатов 1914 жылғы «Қазақта» (№56) жарияланған «Айқап туралы» деген мақаласында: «Қазақ» та, «Айқап» та өз бетімен

келе жатқан кезде сәтсіз күні басталған басқосу мәселесі шыға келді», – деп көрсетеді. Екі басылымның кейінгі көптеген айтыс-тартыстарына соқпақ салған бұл басқосу арнайы сөз етуді қажетсінеді. 1913 жылы қазақ зиялыларының «Айқап» төңірегіндегілері көптен жиналған қазақ өміріне қатысты түйткіл мәселелерді шешіп алу үшін «басқосу» (съезд) өткізу туралы ұсыныс жасайды.

Бұл қазақ зиялыларының бас біріктіруіне жасалған алғашқы қадам еді. Бірақ аяқсыз қалып, нәтижесіз бітті. Кінәліні заманадан іздеуіміз қажет. Мұндай пікірді «Айқаптың» редакторы М. Сералин 1913 жылғы 4-5-сандарында алғашқылардың бірі болып көтерген еді. Онан соң 10-санында Райымжан Марсеков, 16-санында Барлыбек Сырттанов, 13-санында Жүбекен Тілеубердиновтер көтеріп алып кетті. Бұл мәселеде съезд өткізудің қажеттігін дәлелдеген пікірлерімен көзге түскендердің бірі – заң қызметкері, жоғары білімді заңгер Жанша Сейдалин еді.

Бірақ реакция жылдарындағы мұндай әрекеттерге «Қазақ» өте сақтықпен қарады. Өйткені 1910 жылы министр Столыпиннің «бұратаналардың» барлық мәдени-ағарту қоғамдарына тыйым салатын нұсқауы таратылған болатын. Ендеше ашық түрде съезд шақыруға үндеу басқа әрекеттерге кері әсерін тигізуі мүмкін еді. «Қазақ» редакциясы төңірегіндегілер съезд турасындағы ой-пікірлерін А. Байтұрсыновтың «Бас қосу турасында» атты мақаласы (1913, №18) арқылы білдірді. Бұл мақаласында Ахмет Байтұрсынов бас қосуға келісуге болмайтынын ашық айтып, бірнеше дәлелдер арқылы сақтандырады. Онда: «...Хүкіметтің сенбестік көңілін байқап тұрып, «бас қосалық деп едік» деп, әуелі рұқсат сұрап алуымыз қиын. Екінші, тыныш отырып, тыңғылықты жұмыс істеп, аман елге қайтуы екіталай. ...Өзі үркіп тұрған жұртты үркітуге ықтималы бар кезде бас қостырамыз деп, әлдеқалай бола қалса, онан соң ондай жұмыстан бездіріп алып жүрмейік. Нақ осы кез басқосу қанша керек болғанымен, басқосуға қолайлы кез емес», – деп, басқосуға әкімшіліктің рұқсат берместігін, сонау «Қарқаралы істеріндегідей» қудалауға себеп іздеп отырған жандармерияның съезд мәселесін өңін айналдырып, басқа жаққа бұрып кетуі мүмкін екендігін ескертеді. Сондықтан да ол күрестің жасырын жолын, құпиялы түрін іске асыруға шақырады. «...Басқосуға бұл күнде қолайсыз шақ, оны

басқа кезге қарата тұру керек. Қазақтың керегін өзге жолмен сөйлей тұралық, бұрынғыдай емес, қазақта қазірінде бір журнал, бір газет бар, сыйғанынша солар арқылы кеңеселік, сыймағанын хатпен сөйлесуге болады. Съезде сөйлесіп, кеңескенмен, түбі барып істеушілерге тіреледі. Ісімізді іздеу іздеушілер, жоғымызды істеушілер көбейсе, ойлаған пікір, көздеген мақсат жан бітіп тірелмекші».

Бұл уақытта біраз саяси күрескерлік тәжірибе жинақталып, патша әкімдерінің айла-әдісін аңдап, түрмесін танып қалған Ахаң олардың әрбір басқан қадамы аян еді. Ахаң күдігі расқа айналды. Мәселен, съезге дайындық ісін бақылауға алған Орынбор жандармериясының құжаттары ұйымдастырушылар мен жетекші қазақ зиялыларының басына қара бұлт үйіріле бастағанын айқындайды.

Орынбор жандармериясының бастығы генерал-майор Бабичтің 1913 жылы 2 шілдедегі бір мәлімдемесінде осы съезд жайында алғаш деректер кездеседі. Олар өзінің Урал уезіндегі көмекшісіне құпия мәлімдеме жолдағанда: «По имеющимся во вверенному мне управлению сведениям, среди киргиз всех областей которые они заселяют, идет пропаганда общекиргизского съезда. Инициатором этого съезда является проживающий в г. Троицке присяженный Джанша Сейдалин. ...Из принимающих участие в съезде: некто Раймжан Марсеков и юрист Бахытжан Каратаев, проживающий в Уральской области. Эти два лица послали приглашение Барлыбеку Сырттанову, другие лица неизвестны. ...Сообщая об изложенном, предлагаю проверить эти сведения, а также выяснить Джанша Сейдалина и др. лиц, от последующем мне донести» [103, 7 б.], – деп нұсқау берген еді.

Жоғарыда Ахмет мақаласына байланысты «Айқап» журналының 1913 жылғы 13-14-15-сандарында Жанша Сейдалиннің хаты жарияланады. Онда ол Ахмет және «Қазақ» тобының съезд шақыруға қарсылығы қара бастың қамын ойлау деп бағалап, «Съезд бола қалса бетегеден биік, жусаннан аласа болады, патшаның жұртқа әйгілі 1906 жылғы 4 наурыздағы указы бойынша жұмыс жүргізеді. Осы указ бойынша съезд шақырып, өздерінің мектеп, клуб, пансион, түрлі серіктік ашу, жерге орналасу, қала бөлу сияқты істерін жүзеге асырып жатқан елдер бар», – деп қалай да съезді өткізу керек екендігін айтты.

Осыған жауап хатында А. Байтұрсынов: «Съезд турасында айырым сөз қыр баласы Бөкейханов һәм менен шығып тұрған көрінеді. Басқалардың бәрі жануға түскен пышақтай желеңдеп тұрған көрінеді. ...Шеттеп жүрген біз болсақ, қосылдық, енді алалық жоқ. Жалғыз-ақ айтатын сөз мынау: құр аты съезд болмай, сиез сияқты болсын; қазақ съезд жасады деген соң, съезде сөйлескен сөзімізге хүкімет құлағын сала ма, салмай ма (ол былай тұрсын), қазақ съезінде не сөйленді екен деп хүкіметтен басқалардың құлақ салатыны болар. Съезде де балгер сөзі сияқты дәлелсіз құр мынау былай, анау алай десек, мұның дәлелі қандай демей ме? Сондықтан ...съезге алып келіп салатын дәлелді докладтары даяр деп ұғамыз», – деп өздерін ортақ істен шет ұстамайтындарын ескертті («Қазақ», 1913, №30).

Съезд туралы айтыс кейін «Қазақ» газетінің бетінде өрістеді. Бұған Жанша Сейдалиннің «Қазақтың» 24-34-сандарында осы съезд жайлы мәселе көтеруіне байланысты еді. Жанша хаты басыларда алғысөз жазған Ахмет олар жарияланып біткен соң, «Бір қазақтың баласы» атты лақап есіммен мақала жазып жауап қайтарады. «Бас қосу турасынан» («Қазақ», 1913, №42) атты бұл мақалада ол Жаншаның сегіз түрлі қателігіне ой жіберіп, әрқайсысының себебін ашып, орнықты жауап береді. Осының бесінші жауабында былай делінген: «Қазақ» газетасы мен «Айқап» журналын Жақанша мырза «шалажансар» деп екі мезгіл айтыпты... Жақанша өзі сол газета мен журналға жазып тұрады және ол екеуін қорлап сөз айтады. Жақанша мырзаға ол екеуі жақпаса, неге жазады. Жақсы газет, жақсы журнал неге ашпайды». Ахаң газетті қорғап, жеке адамдардың пікірі үшін жалпы газетті ғайбаттауға болмайтынын ескертеді. Осы мақаласында ол әсіресе Ә. Бөкейхановтың күрескерлік еңбегін жоғары бағалайды. Ж. Сейдалиннің пікірлері әркелкілік танытып отырған Әлихан мен Бақытжан Қаратаев екеуін съезге шақырып, қайсы дұрыс, қайсы бұрыс екенін тергемекші болуы қазақ зиялыларының жігін ажыратпаса, біріктірмейтіндігіне назар аударады. Және де ол Әлиханды негізсіз кінәлауды бекершілік деп есептейді. Сөйтіп, халық үшін күресте жүрген азамат туралы ойын былай бекітеді: «1904 жылдардан бұрын қазақ арасында сөздер басталмай тұрған уақытта Жақанша мырза әлі неш нәрсе көрмей, һәм білмей жүрген уақытта Ғалихан сол замандарда не сөйлеп, не істеп жүрге-

нін білесіздер ме? 1905-1906 жылдарда Ғалихан, Жақып Ақбаев һәм өзгелер қазаққа бола бейнет тартып жүргенде, онан кейін өзге жерге дәмі аударылғанда Жақанша мырза неғып һәм қайда жүргені бізге белгілі, енді бүгін келіп «арбаны тегіс тартайық», күш қосып тартайық» (№28) дейді. Ол қандай арба, кім арбаның қасында жүрген, кім арбаның бесінші дөңгелегі болып жүрген, кім төрт дөңгелектің арасына таяқ салып жүрген – бәрін білеміз».

Ахметтің бұл пікірі осынау қазақ өміріне өзгеше бір саяси күрес лебін әкеліп, жарық жолға бастаған үш тұлғаның ажырамас бірлігінің белгісіндей, бұл бірліктің беріктігі туралы кейінгі зерттеушілер де айрықша назар аударған еді. Мәселен, Ғаббас Тоғжанов өзінің әйгілі Аханды қаралайтын еңбегінде бұл бірлікті қайта-қайта еске алып отырып мынандай қорытынды жасайды: «Бөкейханов, Байтұрсынов және Дулатов – үштігі революцияға дейін де, кейін де қашан да бірге болды. Не саясат жөнінен, не ұйымдық мәселе жөнінен ешқашан бөлінген емес, қашанда бір жүріп, бір көзқарас ұстанды» [104, 19 б.].

Съезд туралы таластың қорытындысын өмірдің өзі шығарды. Ол уақыты келмеген, пісуі жетпеген шала дайындық екендігін мезгіл көрсетті. «Қазақ» тобының уақыт тынысын дәл аңғарған саясатшылар екендігін бұл талас нәтижесі тағы бір танытқандай. Бұны осы съезд мәселесін алғаш көтергендердің бірі Райымжан Мәрсеков те мойындаған еді: «Айқап» «басқосу» деп сөз бастады. Оған қарсы «Қазақ» өз ойын айтты, пайдалы емес демеді. Әлі мезгіл емес қой, сөзімізді жиылыс қылмай, басқаша сөйлесек қайтеді деп сақтық жасады. ...Білген кісіге сөз аяқталған секілді. Ахмет мырза: «Басқосудың ашылатын рұқсаты болса біз дайын дейді, одан артық не керек» («Қазақ», 1914, №45).

Ахметтің алғашқы қамдану сәтінде айтқан: «Өзгелер басқосуымызға сенімсіз көзбен қарайтын болса, оларға көмекші өзімізден де табылып қалар. Адал кәсіппен күн көре алмайтын я арам жемесе басы ауыратын иттер қай жерде де болса табылады. Айтпағанды айтты деп, етпегенді етті деп оттайтын хайуандар әсіресе біздің қазақта көп. ...1907 жылғы Надиров жиған кеңесте де, онан соң Қарқаралы істерінде иттік қылған қазақтар болмады ма?» деген сезігі расқа айналды.

Бұған дәлел – Жетісу облысының Верный қалалық іздестіру пунктінің меңгерушісі ротмистр Астраханцев дегеннің Орынбор

губерниясының жандарм басқармасына түсірген ақпары (донесениесі). Ротмистр съезде мынандай үш мәселенің қаралатынын айтады: 1) земельный (отчуждение киргизских земель от переселенцев); 2) о назначении депутатов от киргиз Государственную Думу; 3) об утверждении муфтиатов в областях, где население чувствует потребность в муфтиях» [103, 8 б].

Сонымен қатар, бұл съезді ұйымдастырушылардың, дайындық жүргізушілердің әрқайсысы туралы жеке ақпар жиналып, олардың әрбір қадамын аңдып, әрқайсысы туралы бірнеше донесение берілді. Түркістан және Жоғарғы Орал уездері бойынша Орынбор губерниялық жандарм басқармасы бастығының көмекшісі ротмистр Кучиннің съезге дайындық туралы ақпарында бұл туралы анық айтылған. Онда генерал Бабиц жіберген тізім бойынша ұйымдастырушылар деп шамалаған адамдар туралы мәліметтер де бар.

«...Из числа упомянутых в списке лиц мне известны: 1) (По списку №2) врач Троицкой горбольницы Аубакир Бирмухамедов-Алдияров, по агентурным сведениям сочувствующий съезду и вероятно, тайно принимающий участие в разработке вопроса по киргизскому съезду из-за национальных принципов. 2) (По списку № 6) – киргиз Тургайской области и уезда Мир-Якуб Дулатов. Упомянутый в предписаниях вашей от 8 апреля 1912 г. № 1275 и 7 октября того же года за № 1831 «б» о донесении моем от 28 марта 1912 г. за №286. 3) (№ 14 список) – киргиз Тургайской Кустанайского уезда Чубарской волости Мухамеджан Сералин упомянут в донесении от 4 июня 1912 г. за № 429. 4) (№ 15 список) – присяженный поверенный при Троицком окружном суде Джанша Аль-Мухамед Султан Сейдалин проживает в Троицке, о нем донесено мною 7 августа 1913 г. за № 445. Остальные лица, упомянутые в списке, выяснить не представлялось возможности, в виду не проживания их в г. Троицке дальнейший розыск производится» [103, 13 б.].

Осынау құжаттардан қазақ съезінің орыс әкімшілігін қаншалықты «қызықтырғанын» байқаймыз. Өйткені 1905-1907 жылдан кейін қазақ даласында әрбір қимыл-әрекетте ашкөздене түскен жандармерия мен полиция ісі қазақ даласында өз жұмысын күшейте түсті. «...В Казахстане накануне и в годы революции была создана широкая сеть политического надзора для веде-

ния и следствия по политическим «преступлениям». ...Полиция широко практиковала негласный полицейский надзор не только над отдельными политическими лицами, но и над всем казахским народом. ...Для подготовки массовой репрессии на случай открытого выступления против царизма...» [89, 27-29-30 бб.].

Қазақ зиялыларының екі тобы көптеген мәселелерде өзіндік көзқарас ұстанғанын, сол арқылы өздерінің күрес жолдарын айқын танытатынын байқаймыз. Ол осы жалпықазақ съезіне шақыру кезінде айқынырақ көрінеді.

Ескере кетер бір жайт – съезд шақыру-шақырмау мәселесі қазақ зиялыларын ажыратарлық сипат алғаны өкінішті-ақ. Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов айтқандарының көбі сол кезең үшін дұрыс дей тұрғанмен, белгілі іс-әрекет жасау, ақылдасу мәселелерін газет-журнал арқылы ғана жүргізейік, пісіп-жетілгенін тосайық дегенінде өз басынан өткен қиындықты ескерту жағы басымдау жатқанын аңғармасқа да болмайды. Өйткені осы бір ақылдасу жайын «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 12 сәуіріндегі №10 санында «Қазақ жайы» атты бас мақалада алғаш қозғаған А. Байтұрсынов болатын. Онда өкіметтен құр сұраудан ештеңе өнбейді дей келе, «өнбейтін істі қойып, өзге жолын қарастырып, ақылдасуымыз тиіс емес пе?» – деп жазған-ды. Кейін пікір өзгертуінің себебі – «Айқап» төңірегіндегілердің еш дайындықсыз дуылдатып алып кетуі болса керек. Қалай дегенде де қазақ зиялылары съезд шақыру мәселесінде ауызбірлік таныта алмады.

Жоғарыда қазақ даласында 1905 жылғы орыс-буржуазиялық революциясынан кейін еріксіз жарияланған патша манифесінің негізінде берілген кейбір жеңілдіктерге орай қазақ зиялылары азатшылдық саяси күреске белсенді түрде кірісіп, отаршылық бұғауын күш біріктіріп үзуге ұмтылғанын, ұлт-азаттық күрестің саяси күрес әдісін қалап алғанын, бірақ шыққан тек, өскен орта, тәрбие-тәлімнің, білім деңгейінің әрқелкілігінен ХХ ғасыр басындағы қазақ ұлтының алдында тұрған үш басты мәселеге (оқу-ағарту, саяси күрес, жер) байланысты қазақ зиялылары арасында көзқарас алшақтықтары пайда болып, екіге жарылғанын атап өттік.

Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде болып жатқан мұндай ірі-ірі оқиғалар мен саяси өзгерістер әдебиетімізде де көрініс таппай қала алмады. Бұл туралы академик З. Ахметов: «ХХ ғасыр

басындағы әдебиеттің өзіндік ерекшелігін қоғам дамуының тарихы мен революция алдындағы әлеуметтік оқиғалармен тығыз байланыста қарастырғанда ғана жете түсіне аламыз» [105, 24 б.], – деген тұжырым жасады. Қазақ зиялыларының «батысшылдар» мен «түрікшілдер» деп екі топқа жіктелуі өз кезегінде әдебиетімізде де идеялық көзқарастардың көрініс табуына әкелді. Сөйтіп, 1905 жылдан кейін қазақ әдебиетінде идеялық тұрғыдан ұлт-азатшыл, М. Әуезовше айтқанда «елшілдік» (А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев т.б.), ағартушы-демократтық (М. Сералин, С. Дөнентаев, С. Торайғыров т.б.), бағыттар белең алды. Бұрыннан әдебиетімізде бар діни-ағартушылық бағытты (М.Ж. Көпеев, М. Қалтаев, Ш. Жәңгіров) қосқанда осы кезеңдегі әдебиетімізде үш бағыт өркен жайды. Міне, сондықтан да қашанда, қандай уақытта болмасын әдебиеттің дамуын, ондағы сан алуан процестерді қоғамдық-саяси, тарихи-әлеуметтік жағдайлардан тыс қарай алмаймыз.

Оның үстіне, сөз етіп отырған тарихи кезеңде қазақ санаткерлері ағартушылық қызметтерімен бірге көркем әдебиетті де мейлінше қатар алып жүруге тырысқаны бесенеден белгілі. Олардың сан-салалы істердің басын біріктіріп, бірдей атқарып жүруі ерекше дарындылығымен қатар, замана ыңғайына бейімделе білгенін де танытады.

Ендеше XX ғасырдың басындағы зиялыларымыздың қоғамдық-саяси пікірлері әдебиетімізде пайда болған әр түрлі бағыттарда көрініс табу негізінде олардың шығармаларының тақырып, идеясына белгілі дәрежеде әсер еткені айқын. Олардың жеке шығармаларынан көрініс тапқан идеялық-көркемдік ізденістер белгілі бір әдеби бағыттарды қалыптастырғаны шындық.

Россия империясының отаршылдық езгісін көрсе де, еңкеймеген қазақ халқы үнемі күресумен келгені тарихтан мәлім. Кенесары-Наурызбай, Исатай-Махамбет бастаған бостандық жолындағы жан қиярлық іргелі күрестерді былай қойғанда, өзімізге біршама жақын кешегі 1916 жылдың оқиғалары ұлтымыздың еркіндік сүйгіш болмысының айғағындай. Бірақ осынау ерлік пен батырлықтың шежіресі іспетті айтулы тарихи оқиғаның бар шындығы әлі күнге дейін айқындалмай келеді. Кезінде кеңестік идеологияның «сара жолының» нәтижесінде оны тек таптық көзқарас тұрғысынан бағалап келдік. Сонымен бірге елді қырып

алмау жағын қарастырып, ұлт-азаттық күреске неғұрлым саяси сипат бергісі келген қазақ зиялыларының іс-әрекетін де бір жақты бағаладық. Тіпті кейде сатқындық ретінде қараладық.

Бүгінгі тарихтың ақ-қарасы айқындалып жатқан тұста бұрынғы көп ойларға өзіндік баға беру, қилы заманның қисынды шындығын ашу қажет екендігі бесенеден белгілі. Соның ең бастысы «...ұлт-азаттық қозғалысы большевизмнің аясында дамыды деп келген тарихшы қауымның пікірі жаңсақ екендігін бүгін ашып та айтар кез келгендігі» [106, 4 б.]. Өйткені Ресей империясына қарсы 400 жыл күресіп келген қазақ халқы барлық көтерілісті өзі-ақ ұйымдастырып келген жоқ па?.. Рас, соңғы көтерілістің бүкілхалықтық көтеріліске ұласуына Россияның ішіндегі саяси-әлеуметтік оқиғалар біршама әсер еткенін жоққа шығара алмаймыз.

Патшалық Россияның отарлық бұғауындағы қазақ халқының өміріне бірінші дүниежүзілік соғыс біраз өзгешеліктер әкелді. Соғыс ауыртпалығы патша әкімшілігінің отаршылдық қылбұрауын бұрынғыдан да қыса түсуіне әсер етті. Оның бір көрінісі қазақ жерін тартып алу бұрынғыдан да күшейе түсті. Бұл туралы кезінде патша әміршілдері де жазған еді. Мәселен генерал-губернатор Куропаткин күнделігіне: «Особенно для меня необъяснима отдача в 1913, 1914, 1915 гг. одного миллиона 800 тыс. десятин в Семиреченской области под скотоводство различным лицам... Боюсь, что это будет хуже знаменитых «башкирских земель». Мы самый не знали куда клоним» [95, 25 б.], – деп, 1916 жылы сезіктене жазыпты.

Осы ауыртпалықтарға қосымша ел арасына тараған қазақтан солдат алады екен деген сөз, алып қашпа әңгіме үрей туғызып, елді шошындыра бастады. Сондықтан да бұл жағдайға, бірінші дүниежүзілік соғыс барысына қазақ зиялылары қатты назар аударды. Оның шығу жағдайы, соғысушы елдер жайы, соғыс барысы сол тұстағы қазақ басылымдары «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті беттерінде үнемі жазылып, елге бар жағдай хабарланып отырды.

Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі патша өкіметінің сол жылғы 25 маусым күнгі қазақ, қырғыз, өзбек, тәжік, түрікмен сияқты бұрын әскери қызметке алынбаған бұратана халықтардың 19 бен 31 жас арасындағы азаматтарын

майданның қара жұмысына алу туралы жарлығына байланысты туған еді. Қазақ зиялылары патша жарлығына бірден қарсы шықты. Патшаның қазақтан солдат алуы анық бола бастағанда, қазақ оқығандары қырға шығып, ел арасында саяси түсіндіру жұмысын жүргізе бастады. Бұл тұста Міржақып Дулатов «Қазақ» газетінде «Гос Дума һәм солдаттың мәселесі» деген мақала жазды. Онда қазақтан солдат алудың бар мәселесін нақты шешу үшін Дума ашылуына қарай Петроградқа Самарадан Ә. Бөкейханов, Орынбордан А. Байтұрсынов, Ақтөбеден Н. Бегимбетов жүріп кеткендігін, олар қазақ даласының әр тұсынан жиылған пікір-тілекпен аттанғанын жазды. 1. Қазақтан соғыс үстінде солдат алынбауы. 2. Солдат алудан бұрын метрика түзеу. 3. Лажсыз алынатын болғанда жаяу солдат болмай, атты әскер болуы. 4. Қазақ пен орыс жер-су һәм правода тең болуы.

Осы кезеңнің шындығы жайлы тағы бір деректі Мұхамеджан Тынышбаевтың 1916 жылғы қыркүйек айында Черняев уезінің 4-учаскесінің мировой судьясына куә ретінде берген жауабынан табамыз: «...3 февраля 1916 г. выехали в Петроград бывший член I-й Государственный Думы А. Букейханов, редактор «Казах» А. Байтұрсынов, и киргиз Н. Бегимбетов. Побыв в Петрограде у разных лиц, в том числе и у военного министра генерала Поливанова, дипломаты вернулись и сообщили на страницах «Казах» что вопрос о привлечении киргиз пока отложен... тем не менее вопрос о том, какая служба для киргиз лучше – кавалерия или пехота – рассматривался до июня месяца...» [107, 21-22 бб.].

Қазақ үшін әскердің қай түрі оңтайлы екендігі туралы нақты жауапты, қазақ зиялыларының көсемі Әлихан Бөкейхановтан табамыз. Ол өзінің осы «Қазақта» жарияланған «Петербург хаты» (1916, №172) атты мақаласында былай деп жазады: «Әскерлердің түрлерінен қазақ үшін қолайлысы – казак. Солдаттардың жүрісі – жаяу, тұрысы казармада. Кавелеристің жүрісі – атты, тұрысы – үйде (тек соғысқа барарда ғана үйін тастайды).

...Қазақ жаяуында қол-аяғы байлаулы сияқты, жүрісі сөлекет, ебі жоғалады, қаруынан айырылады. Ал ат мінсе, көңілі өсіп, қолы ұзарып, күші көбейіп, ебі молайып, көзі де алыстан көріп, қару-қайраты екі есе артады...»

Иә, қазақ зиялыларының алдыңғы қатарлы бөлігі қазақтан солдат аларына анық көзі жеткен соң, жігіттерді баруға үгітте-

ді. Сондықтан да кейінгі зерттеулердегі «Қазақ буржуазияшыл ұлтшылдары... халықты патшаның указын орындауға, патша ағзамның алдында құрдай жорғалап, қазақтарды шақыру пунктіне келуге үндеді» [100, 51 б.] – деген пікірлерді оқып, әрі-сәрі ойға қаласың. Осы сөздердің шындық болғаны ма?.. Жоқ! Өйткені қазақ зиялыларының Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов бастаған тобының саяси көрегендікпен болжаған ойы тым әріде жатыр еді. Қазақ жігіттерінің соғысқа алынбай тұрмасына көздері жеткен олар атпал азаматтардың өзгелермен терезесі тең, ерлерше соғысуы үшін ата-бабасынан сан ғасырлық тәжірибе болып қалыптасқан өздеріне таныс атты әскерге алынып, еркіндікте болуын қалады. Елдің ер-азаматтарды бермейміз деп босқа қырғынға ұшырамауын тіледі, шоқпардың зеңбіректің көмейіне тығын болмасын сезді олар. Сондықтан да ел-жұртты ақылға шақырып, арандап қалмауын ойластырды.

Қазақ зиялыларының тек сөзбен ғана емес, іспен де біршама іс-әрекет жасап жатқандығын, олардың біршама жетістіктерге қол жеткізгенін патша әкімдерінің кеңселеріндегі құжаттар мен іс-қағаздары дәлелдей түседі. Мәселен, Торғай соғыс губернаторының жоғарғы бас қолбасшы штабына 1916 жылғы 25 февралінде берген хабарында: «Врач Аубакир Бекмухаметович Алдияров и сотрудник газеты Мир-Якуб Дулатов обратились ко мне с просьбой о выдаче им удостоверении в том, что они по приглашению заведующего инородческом отделом Земского городского союза отправляются в город Минск для поступления на службу названный отдел, причем представили мне телеграмму, подписанную начальником названного отдела Букейхановым на имя Дулатова с приглашением на службу инородческий отдел. Выдав 25 февраля с.г. за №291 и 292 просимые удостоверение Дулатову и Алдиярову, считаю долгом сообщить штабу...» [107, 25 б.], – деп жазады.

Сырға сараң бұл құжат астарында үлкен бір мән жатыр. Алдыңғы қатарлы қазақ зиялылары 1916 жылдың басында-ақ әскерге алынар қазақ жігіттеріне көмектесу, жәрдемдесу жолдарын қарастырды. Сөйтіп, майдан шебіне жақын жерлердегі земство бөлімдерінде қызмет істеуге сұранып, қара жұмысқа алынған жігіттерге жан-жақты көмек көрсету мүмкіндігіне ие болуды көздеген.

Қазақ зиялыларының көшбасшысы Ә. Бөкейханов 1916 жылдың күзінде кадеттер билеп тұрған Бүкілроссиялық Земство одағынан Батыс майданға майдан ставкасы жанындағы «Одақ» бұратана бөлімінің меңгерушісі қызметіне жіберіледі [108, 29 б.].

Қазақ зиялыларының өз ұлтының қамын ойлаудан туған игі іс-әрекеттерінің көбі аяқсыз қалып отырды. Патша өкіметі ешбір өтінішті, тіпті дұрыс ниетті өтініш болса да қабылдамады. Патшаның «бұратана» халық өкілдерін әскери міндет өтеуге» алу туралы жарлығы 1916 жылдың 25 маусым күні жарияланды. Мемлекеттік Дума тиісті заң жобасын қабылдады.

Бұл жарлықтың қазақ халқына қалай әсер еткені туралы Міржақып Дулатов «Еңбекші қазақ» газетінде жариялаған естелігінде былай деп еске алады.

«1916 жылғы маусым жарлығы шыққан кезде Орынборда едім... Ахмет Байтұрсынов сол жаз Торғай уезіндегі санақ жұмысына кетіп, «Қазақ» газетін мен басқарып тұрдым. Бір күні төбеден жайдың оғы түскендей болды. Июнь жарлығы сарт ете қалды... Қазақ даласы күңіренді» [109, 12 б.].

Осы тұста «Солдат, соғыс!» дегеннен шошып, сендей сапырылысқан қалың елге септігі тиер деген үмітпен, «Қазақ» газетінде А. Байтұрсыновтың бас мақаласы жарияланды. 8 шілдеде жарық көрген бұл мақала отқа ұмтылған көзсіз көбелектей елді тыныштандырып, сабырға шақырған алғашқы әрекет еді. Ахаң бұл мақаласында маусым жарлығының қазақты қара жұмысқа алу жөнінде екенін, өздері жүргізген көп жұмыстың нәтижесіз болғанын, еңбектің ақталмағанын меңзей отыра, үрейлі елді арандап қалудан сақтандырған алғашқы мақала болатын. Мақала соңында автор әлі де үміт үзбеуге емеурін білдіреді, қай әскерге баруды халықтың өзі шешеді, ол туралы біздің пікіріміз белгілі деген ой тастайды. Ал қазақ зиялыларының үміт артқаны алдағы Торғай, Орал, Ақмола, Семей, Жетісу облыстарының Орынборда өтетұғын мәжілісі еді. Торғай облысының губернаторы рұқсат еткен бұл мәжіліс 1916 жылдың 7 тамызда өткізілді [107, 20 б.]. Осынау қасіретті ел ауыртпалығын сәл де болса жеңілдеткісі келген қазақ зиялыларының іс-әрекеттері өз нәтижесін бермеді. Ә. Бөкейхановтың төрелік етуімен өткен бұл мәжіліс патша өкіметінің алдына нақты-нақты 17 талап қойды. Кеңестегі қаулының нәтижесінде қол жеткізген жетістіктің бірі 19 бен 43 жастың

аралығындағы ер-азаматтарды (бұл – қазақ еркек кіндіктілерінің 18 пайызы) сыпырып әкетуді көздеген әскери шақыруды 19 бен 31 жастың арасына түсіру деп білеміз.

Мәжілісте қабылданған 18 пункттен тұратын талап-тілектердің негізгілері мыналар: «1) солтүстік уезіндегі қазақ жігіттерін келер жаңа жыл – бірінші ғинуарына шейін, оңтүстік уездер халқын 1917 жылғы 15 наурызға дейін алмай кешіктірсе екен; 2) ең әуелі 19 бен 31 арасындағы жастардың үштен бірі ғана алынса екен. Алғанда 19 жастан бастап алуға тиіс, бұл жастағылардың көбі үйленбегендер болады... 4) бір үйдегі шаруа басқаратын, алынатын бір жігіт қалса екен (егер сол үйдің басқа еркектері 17-де, яки 50-ден асқан болса)... 7) әр ауылда бір молдадан қалдырылсын, ...мұғалім қалдырылғанда алдымен қолында шаһадаттанамасы (куәлігі. – Ө.Ө.) барлар қалсын... 9) шаһар медреселерінде оқып жүрген шәкірттер қалсын... Алынған жігіттер отыз кісіден қостас болсын. Әр қосқа бір переводчик һәм он қосқа бір молда сайлансын; 14) ауырған жігіттер жаралылармен тең дәрежеде дәрігерлік көмек көрсін... 17)...орынды себептер бойынша, керектігіне қарай, қазақ жігіттері демалыс алатын болсын» [110]. Бірақ бұл талап-тілекке жоғарғы жақ 25 августа «Отказать, отсрочка представлена только до 15 сентября» [89, 191 б.], – деп жауап берді.

Ел қамын терең ойлаған арыстардың бұл қызметі – құрғақ айқай, бос ұраннан гөрі салқынқандылық танытқан, барлығын елеп-екшеп, әбден толғанып барып шешкен шешімнің жемісі. Әмірі қатты патша ағзамның ақыры алмай қоймасын білген олар қалайда қазақ жігіттерінің өзгелермен тең азаматтық құқын сақтап қалуға тырысып бақты. Жоғарыдағы тілек-талаптардың қай-қайсысы да «сатқындық» немесе «отқа итермелегендік» емес, керісінше, олардың бұл мәселені сауатты да салауатты түрде, заңдылық жолымен шешуге ұмтылғанын көрсетеді. Зиялылар қалайда халықты жаппай қырылудан сақтап қалуға ұмтылды. Сыныққа сылтау іздеп отырған патша жазалаушы отрядтарының қылышынан аман алып қалуды ойлады.

Көп ұзамай, терең ойламай «отқа май құйғандардың» кесірінен ел ішін тынышсыздана бастаған тұста Ахмет, Әлихан, Міржақыптар тағы да халқына қайырылып, екі бірдей үндеу жариялады. Оның бірі – «Алаш азаматына», екіншісі – «Қазақ

халқына» деп аталады. Бұл екі үндеудің айтар ойы мынаған саяды: «...Ойламаған жерден жұрт басына мұндай іс, мұндай ауыртпалық түсті, мұны қалай қыламыз... Біздің жұртқа айтарымыз мынау, бұған көнбеске болмайды... Көнбейміз дегеннің сүйенгені жан тәттілік болса, салыстырып көрелік: көнгенде жұртқа қандай ауырлық бар, көнбегенде қандай ауырлық бар. Бірі – барса, шаруаға кемшілік келіп, алынған жігіттер аз қазаға, бейнетке ұшырағаны, екіншісі – бармаймын десе, қарсылық қылса, елге келетін зор бүліншілік».

Шындығында, бұл бір «тоқсан толғап», «жеті өлшеп, бір кескен», уақыт шындығынан туындаған пікір екенін, қазақ даласының көп жерінде қолдау тапқан, жалпы қазақ зиялыларының ортақ тілегі екенін байқаймыз. Мәселен, Семей уезінде жеті болыстың ақсақалдары мен ел жақсыларының кеңесі болып, ол Тұрағұл Құнанбаевтың төрағалығымен өтсе, Жетісу өлкесінде М. Тынышбаев елді сабыр сақтауға шақырып, үндеу телеграммалар жөнелтті. Батыста Бақытжан Қаратаев пен Жанша Сейдаллин Гос. Думаның төрағасына хат жолдап, әскерге шақырудың 1917 жылдың мамыр айына дейін шегерілуін талап етіп жатты [84, 241 б.].

Бұл ой-пікірлерді қазақ зиялыларының екінші бір тобының (түрікшілдік) басында тұрған, бұрынғы «Айқап» журналының бас редакторы Мұхаметжан Сералин де қолдап, қазақ жігіттерінің қара жұмысқа баруын дұрыс деп тапқанын «Айқап» журналы жайлы зерттеулерден кездестіреміз [111, 130 б.].

Дегенмен елдің ашу-ызасы сыртқа шықпай тұра алмады. Бұқара халық майдан жұмысына адам бермейміз деп сөз байласты, жарлыққа, патша өкіметіне, қазақтың би-болыстары мен паракор атқамінерлеріне қарсы көтеріліс жасады.

Бұл көтеріліс Қазақстанның барлық жерлерінде де болды. Әсіресе Қостанай-Торғай жағында, Орталық Қазақстанда, Жетісу облысында өте күшті қозғалыстарға ұласты. Көтеріліске қазақ халқы тегіс қатысты десе болғандай. Осыдан ол жалпы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісіне айналды. Себеп осы ұлт-азаттық көтеріліс барысында қазақ тұтас көтеріліп, 50-ге жуық хан сайлады. Бірақ көтеріліс стихиялы түрде, әр жерде, әр кезде шықты, тізе қосқан бірлік көрініс таппады. Әуелі алдына төңкерісшіл тілектер қоймады. Тек майдан жұмысына адам бермейміз,

өлсек бәріміз бірге өлеміз, өз жерімізде өлеміз деген жалпылама ұрандар жетегінде кетті.

Көтерілісшілердің бар істегендері – тізім, книгаларды өртеді; кейбір болыстарды өлтірді; бірқатар байлардың малын, почтаны талады; бірді-екілі телеграф сымдарын үзді; қаланы қоршады; сарбаз құрды; қару-жарақ жасады. Жалпы алғанда, көтерілісшілер шабуылға шықпады, тек әзірлену, қорғанумен ғана болды. Сондықтан да көтеріліс тез жеңілді. Тек Қостанай-Торғай жағындағы Аманкелді Иманов басқарған көтеріліс қана жалғасын тауып, партизандық күрес әдісіне көшті.

Халық көтерілісін басуға жіберілген Ресей жазалаушыларының іс-әрекеті тарихи жан түршігерлік жағдайларды алға тартады. Қазақ зиялыларының күткен қаупі расқа айналды, әр жерден бас көтерген көтерілісшілер аяусыз басып жаншылды. Ел басы ауған жаққа босып кеткендей күн туды. Екінші «Ақтабан шұбырынды» қайта оралғандай болды. Патша әкімшілігінің көктен күткені жерден табылды. Олар халықтың тоз-тозын шығару үшін ештеңеден тартынған жоқ. Сөйтіп, өздерінің қанды жорықтарының ұлы дайындығын (генеральная репетиция) жасай бастады. Жетісу губернаторы Фольбаум: «Бүлікті тез басу үшін әскерлер қозғалысқа қатысқан бір облыс елдің әлденеше жүз адамын қырып тастап, үлгі көрсеткені дұрыс болады» [112, 12 б.], – деп жазды, уезд әкімшілігіне берген бұйрығында шімірікпестен.

Сол күндердің куәгері С. Сейфуллин қазақ басына төнген қасірет көрінісін: «Солдат кез болған ел туғалы көрмеген жәбірін көрді. Атылған адам,.. қып-қызыл дүре. Жәбір-зорлық көрген қыз-қатын, жылаған бала. Асты-үстіне келген ел... қысқасы, қырға қара пәле келгендей болды» [113, 45 б.] деп суреттеді.

Ал Тұрар Рысқұлов Аманкелді көтерілісі туралы жаза келе мынандай жан түршігерлік мәліметтер келтіреді: «Последнее, самое серьезное столкновение отряда с главными силами повстанцев разыгралась в 90 км от Тургая. В ауле, где она произошло, было убито 300 женщин, детей, стариков. Во время отступления основной массы повстанцев вниз по реке Тургай, русские отряды обстреливая отступавших по льду с обеих берегов, нанесли им решительное поражения. Убитых казахов насчитывалось до 4000...

В общей сложности нападению восставших казахов и киргизов Семиреченской области подверглось 94 селения. Сожжено и разрушено 1373 домов; убито 1905 чел., ранено 684, взяты в плен и без вести пропало 1105... Потери воинских частей исчислялись в 171 чел. в том числе было убито 3 офицера и 53 солдата» [93, 240-241 бб.].

Осынау қазақ даласын қанға бүктірген зұлматқа шет елдерге ауа көшкен босқындарды, кішігірім көтерілістер кезіндегі «қантөгісті», жазалаушы отрядтың қазақ ауылдарына «еріккеннен істеген ермегін» қоссаң, қазақ зиялылары алдын ала болжаған нәубеттің сұлбасы көрініп-ақ қалады.

Әрине, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің бостандық сүйгіш рухқа от бергенін жоққа шығара алмаймыз. Ол – ұлы ерлік пен халықтың жан аямас күресінің айғағы. Қазақ зиялылары мол шығынға жол бермеу мақсатында көтерілісті қолдамағанмен, қаһарлы 1916 жылы өз жұртымен бірге болды, ел тілегінің, халық сөзінің жақтаушысы бола білді. Қазақ жұртының адастырмас бір бағдаршамы болуға тырысты. Ұлт-азаттық көтерілістің рухы 1917 жылғы ақпан, қазан төңкерістеріне келіп ұласты.

Патшаны құлатқан ақпан төңкерісін қуана қарсы алған ұран үндес сөздерді 1917 жылдың 9 наурызында көреміз: «Киіз туырлықты қазақтың оң жағынан ай, сол жағынан күн туды, жақсылық қуаныш тек қана орыстікі емес, Отаны Россия болған жұрттың бәріне тегіс жақсылық, бәріне тегіс қуаныш», – деп жазып, Бостандық күні туды деп жар салады қазақ зиялылары «Қазақ» газетінде (1917, №221).

Буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңісін қазақ зиялылары үлкен қуанышпен қарсы алды. «Қазақ» басқармасы өз қуанышын газет арқылы жариялауға ұмтылды. Бұл «Зор өзгеріс» атты мақалада көрініс тапты. Онда: «Бұрын Россияның өгей ұлындай болып жүрген бұратаналар енді теңеледі. Ескі үкіметтің неше түрлі қиянатын, зорлық, қорлығын басынан кешірген біздің қазақ сияқты жұрттарға мұнан қуанышты оқиға өңі түгіл түсіне енбейді» [114], – деп айқын жазылған. Мақала соңында қол қойылмағанмен Ахмет Байтұрсынов қол таңбасы анық сезіледі. Бұл революция езілген халықты Россияның өзге озық халықтарымен теңгерді, енді артта қалу әр халықтың өзіне сын деген ойды өзек еткен Ахаң мақаласы. Мұның өзі оның жалғыз қазақ интел-

лигенциясы емес, бүкіл халықтың күткен күні, бостандықтың арай таңы деп тануы болатын. Сонау 1905 жылдан бері жүргізіліп келе жатқан азаттық жолындағы күрес саяси бостандыққа бағытталған болса, сол бостандыққа қол жетуін басқаша қабылдау мүмкін емес еді.

Қазақ зиялылары елдегі бүгінгі жағдайды бағдарлауы үшін және жоғарғы учредительное собраниеге таңдаулы адамдарды сайлау үшін жер-жерде облыстық съезд өткізуге үндеді. Торғай облысының съезі 2-8 сәуір арасында Орынбор қаласында өтті. А.Байтұрсыновтың төрағалығымен өткен бұл съезд қазақ өміріне қатысты мәселелерді күн тәртібіндегі 13 пунктке бөліп қарады. Оның негізгілері: азаматтық комитеттер құру, жалпықазақтық съезін шақыру үшін ұйымдастыру бюросын құру (Әлихан Бөкейханов бастаған 8 адамнан тұрады). «Қазақ» газетінің шығуын жиілету туралы шешім қабылданды.

Сонымен қатар бұл съезд жалпықазақ съезін өткізуге және жалпы мұсылман қауымына ортақ мәселелерді шешуге байланысты 1-8 мамырда Москвада өтетін жалпымұсылман съезіне делегаттар сайлады.

Осы бір кезеңде «Қазақ» газеті елеулі қызмет атқарғанын көреміз. Газет өзінің 1917 жылдың 24 маусым күні жарияланған бас мақаласында: «Россияда осы күнде түрлі саяси партиялар бар. Олардың көздеген мақсаттары программасында жазылған. Оны білетін адамдарға мағлұмат: қай партияның болса да программасы түп-түгел қазақ мақсаттарына үйлеспейді. Сондықтан біздің қазақ мақсаттарына түгел көздейтін өз алдына партия жасамайынша болмайды», – деп, алғаш рет жеке партия туралы сөз қозғайды.

Бұл мәселе жалпықазақтық тұңғыш съезде күн тәртібіне қойылып сөз болды. Съезд 21-28 шілдеде Орынборда өткізілді. Съезге Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарынан және Бөкей ордасынан делегаттар келген.

Съездің мерзімінен бұрын басталу себебін қазақ зиялылары: «Учредительное собрание 17 сентябрьде болады, депутаттардың тізімін бір ай бұрын – 17 августан қалдырмай тапсыру керек. Сондықтан жалпықазақ съезінің 20 июльден кейінге қалдыру мүмкін емес», – деп түсіндірді.

Съезде 14 мәселе қаралып, Қазақ өлкесіне қатысты көп мәселелерді тікелей өз бетінше шешуге ұмтылыс байқалды. Мұны күн

тәртібінде қаралған мәселелер-ақ айқындап тұр: 1. Мемлекет билеу туралы... 2. Қазақ облыстарына автономия. 3. Жер мәселесі. 4. Халық милициясы. 5. Земство. 6. Оқу мәселесі. 7. Сот мәселесі. 8. Дін мәселесі. 9. Әйел мәселесі. 10. Учредительное собрание сайлауына даярлану һәм қазақ облыстарынан депутаттар. 11. Бүкілроссия мұсылмандарының кеңесі (Шура-и-ислам). 12. Қазақ саяси партиясы. 13. Жетісу облыстарының уақиғасы. 14. Киев шаһарында болатын Бүкіл Россия Федералистерінің съезіне һәм Петроградта болатын оқу комиссиясына қазақтан өкіл жіберу.

Съезд басты-басты мынандай қаулы қабылдады: «Русия «демократическая парламентарная республика» болсын, Қазақ облыстары қонысына, ұлт жігіне қарай облыстық автономия алуға тиіс. Қазақ халқы өзінің еншілі жеріне орнығып болғанша, Қазақ жері ешкімге берілмесін, осы күнгі дайымы ғаскер орнына халық милициясы құрылсын» [115].

Съезде жоғарыда атап өткендей, нақты түрде саяси партия құру туралы сөз болды. Күн тәртібінің 12 пункті бойынша қаралған партия туралы мынандай шешімге келді. «Жеке қазақ партиясын құру қажет деп табылсын, партия жобасын және программасын қорғау Шура-и-исламға сайланған делегаттарға тапсырылсын. Орнықты партия программасын жасағанша, I-ші жалпықазақ съезінің қаулысы учредительное собраниеге сайланған қазақ депутаттарына міндет болып есептелінетін болсын».

Қазақ зиялыларының өзіндік партия құруға бет бұруы, табан астында өзгере қалу тәсілі емес. Біріншіден, партия құру бұрыннан сөз болып, кадет үлгісіндегі партия құруға талап қылып, белгісіз себептермен оны жасырын ұстап, кейін жіктеліп, арасы алшақтанған қазақ зиялылары 1916 жылдан бастап, қайта тұтастыққа, бірлікке келе бастаған-ды. Ендеше бұл бірлікті бекіте түсу үшін бір партия қажет болды. Екіншіден, бұл кезде февраль революциясы әкелген бостандық лебі әсерінен көп жерде ұлттық партиялар өз істерін жандандыра бастаған еді.

«Қазақ» газеті өзінің бесінші тамыздағы санында I-ші жалпықазақ съезінің қаулысында көрсетілген партия жобасын жасау туралы міндеттеменің орындалмай жатқандығы туралы Жанша Досмұхамбетовтің хатын жариялады. Осыған байланысты газет жалпықазақ съезінің қаулысына сүйене отырып: «Партиямыздың аты Алаш болсын... Газетамыздың баспахана қызмет-

керлерінің ереуіліне байланысты кешігіп шығуынан, барлық облыстарға телеграмма жіберілді...» – деп алғаш партияның атын атады.

Міне, партияның «Алаш» аталу себебі – ұзақ жылдар жасырын түрде өмір сүрген партия өз атын «Алаш» атты ата-баба ұранымен жарыққа шығаруында еді. «Қазақ» газетінің 21 қарашадағы санында «Алаш» партиясы программасының жобасы жарияланды. Жоба жасаушылар ретінде қол қойғандар: Ғалихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдос Ғұмаров, Есенғали Тұрмағамбетов, Ғабдулхамит Жүндібаев, Ғазымбек Бермұханов. Программа 10 пункттен тұрады. 1. Мемлекет қалпы. 2. Жергілікті бостандық. 3. Негізгі құқық. 4 Дін ісі. 5. Билік һәм сот. 6. Ел қорғау. 7. Салық. 8. Жұмысшылар. 9. Ғылым-білім үйрету. 10. Жер мәселесі.

Программада «Алаш» партиясы мемлекеттің ендігі құрылысы жөнінде нақты көзқарасын білдіреді: «Россия Демократический Федеративный республика болу. Демократия мағынасы – мемлекетті жұрт билеу; Федерация мағынасы – құрдас мемлекетке бірлесуі. Федеративный республика һәр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады, һәр қайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді.

Хүкіметтің басында учредительное собрание мен Гос Дума қалауынша кесімді жылға сайланатын президент болу... Депутаттар тегіс, тең, төте һәм құпия сайлаумен болады. Сайлау хақында: қан, дін, еркек, әйел, талғаусыз болу. Законды жалғыз Гос Дума шығару...».

Оқу ағарту ісінде «Алаш» партиясы «Оқу ордаларының есігі кімге болса да ашық һәм ақысыз болу, жұртқа жалпы оқу жайлы, бастауыш мектептерде ана тілінде оқу, қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашу; оқу жолын өз алдына автономия түрінде бөлу, хүкімет оқу ісіне кіріспеу...».

Енді «Алаш» партиясының «Жер мәселесіне» нақты ұсыныстары: «Учредительное собрание негізгі закон жасағанша, жер мәселесі алдымен жергілікті жұртқа берілсін деу... Бұрын алынған жерлердің мүжық отырмағандары қазаққа қайтарылсын. ...Жерді қазаққа үй басына бәленбай, ауыл аймақ, туысқан табына меншіктеп алу... жер заңында жер сату деген болмау...» [116].

Біздің «Алаш» партиясы программасынан осы үш пунктті бөлектеп алуымыздың басты себебі – «Қазақ» тобындағылардың ХХ

ғасырдың бас кезінде өз алдына қойған мақсатының «Алаштың» да басты мақсатына айналғанын көрсету. Олардың мемлекеттік бірлік – ұлттық бостандық, жердің мемлекеттілігі – жергілікті халық иелігі, оқу ағарту ісі – ұлттық мектеп тәрізді өзекті мәселелерді бір-бірімен байланыста ала отырып, шешуге ұмтылуы – қазақ елінің ұлттық мақсат-мүддесін көздеуден туған тура жолды ұсыныстар екені даусыз. Осы үш мәселені алға қоя отырып, олар, ең алдымен, бүкіл халықтық бостандыққа саяси жолмен қол жеткізуге ұмтылды. Өз уақытының үрдісінен көз жіберсек, 30-жылдары, кейінде «Алашқа» берілген таптық көзқарасы айқын болмады немесе үстем тапты қолдады деген жадағай бағалауларда негіз жоқтығы айқын болса керек. Бұған дәлелді программалардан да табамыз: «Алаш» партиясы ғаділдікке жақ, нашарларға жолдас, жәбірлерге жау болады».

«Қазақ» төңірегіндегі қазақ зиялылары осы бір қазақ тарихындағы өліара тұста тек партия ісімен болмай, қазақ мәдениетінің көтерілуіне де еңбек етті. Әсіресе, оның баспасөзді дамытудағы еңбегін жоққа шығаруға болмайды. «Қазақ» бағытын ұстанған бірнеше газет-журналдардың шығуына жолбасшы болды.

Семейде «Сарыарқа», Ташкентте «Алаш» газеті, соңынан «Бірлік туы», Бөкейлікте, Астраханьда «Ұран» газеті, Ақмолада «Тіршілік» газеті. «...Бұл газеттер «Тіршіліктен» басқасының бәрі бір бетте болды. Бәрі Орынбордағы «Қазақ» газетінің ықпалымен жүрді. ...Бәрінің орталық туы «Қазақ» газеті болды» [113, 60 б.], – деп жазды, ол тұстағы «Қазақтың» ықпал-беделі туралы Сәкен Сейфуллин.

Яғни 1917 жылдың аласапыранында қазақ зиялылары бүкіл саяси ой-жүйенің ағымын жолға салып, бар қазаққа көшелік көрсетіп отырғанын аңғару қиын емес.

Қазақ халқы, сөйтіп, қазақ зиялыларының бастауымен көш түзей бастаған тұста, 1917 жылдың 25 қазаны келіп жетті. Дүние қайта өзгерді. Өзге аз халықтар Россиядағы үлкен екі толқынның арасында қалды. Осы аласапыранда елдігін, жұрттығын сақтау қамымен жер-жерде республикалар автономия жариялай бастады. Осы тұстахалықеркіндігін сақтап қалуды көздеген «Алаш» өкілдері автономия жариялау, осы мәселені кеңінен ақылдасып шешу үшін, II-ші жалпықазақ съезін шақырды. Съезд Орынборда декабрь айының 5-13 аралығында өтті. Оның қаулысында съезд тұ-

сындағы саяси ахуал былайша бағаланды: «Октябрь айында уақытша хүкіметтің түскенін, Русия мемлекетінде халыққа сенімді һәм беделді хүкіметтің жоқтығынан халық арасы бұзылып... бассыздық күшейіп, бүкіл мемлекет бүліншілікке ұшырап, күннен-күнге халықтың күйі нашарлауын һәм сол бүлікшілік біздің қырғыз-қазақтың басына келуі ықтимал...» [117].

II бүкілодақтық съезге 81 адам қатысты, 10 мәселе қаралды. «Алаш» автономиясын және бүкілқазақстандық халық советі «Алашорда» үкіметін құру туралы мәселе қаралды. Осыған орай Х. Ғаббасұлының жасаған баяндамасы талқыланды. Қазақ халқы үшін мықты үкімет ұйымдастыру жөнінде 10 пункттен тұратын қаулы қабылданды. Съезде Алаш автономиясы Бөкей ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстарын, Ферғана, Самарқан облыстары мен Әмудария аймағын, Закаспий облысының қазақтар мекендеген уездерін, Алтай губерниясының қазақтар мекендеген облыстарын біріктіретінін жария етті. Съездің қарар-шешімдерінде Алаш автономиясындағы бүкіл атқарушы үкіметті дер кезінде қолға алу үшін «Уақытша халық кеңесі», яғни Алаштың ордасы «Алашорда» құрылғанын мәлімдеді. Алашорданың халық кеңесі 25 адамнан тұрды. Үкіметтегі 10 орын қазақ автономиясын мекендейтін орыстар және басқа ұлт өкілдеріне тиісті екендігі съезд шешімдерінде баса атап көрсетілді. Алашорда төрағасы болып Ә. Бөкейханов, құрамына М. Дулатұлы, Е. Омарұлы, М. Шоқайұлы, Х. Ғаббасұлы, М. Тынышбайұлы т.б. кірді. Оқу комиссиясына: Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Елдес Омарұлы, Биәхмет Сәрсенұлы, Телжан Шонанұлы сайланды. Съезде қарауға қойылған мәселелер: 1. Сібір-Түркістан автономиясы. 2. Қырғыз-қазақ автономиясы. 3. Милиция туралы. 4. Ұлткеңесі. 5. Оқумәселесі. 6. Ұлтқазынасы. 7. Муфтилік мәселесі. 8. Народный суд. 9. Аульное управление. 10. Азық-түлік мәселесі.

Съезде Ә. Бөкейханов Сібір, Түркістан және Оңтүстік Шығыс Одағының автономиясы туралы баяндама жасады. Жалпықазақтық декабрь съезінің қаулысы «Қазақ» газетінің 23 желтоқсандағы санында жарияланды. Бұл қаулыда автономия туралы: «Қазақ-қырғыз» автономиясы «Алаш» деп аталсын. ... Қазақ-қырғыз арасында тұрған аз халықтардың хұқықтары тең-

геріледі. Алаш автономиясына кірген ұлттардың бәрі бүкіл мекемелерде санына қарай орын алады. Алаш автономиясының қол астында жерсіз халықтар болса, оларға ұлт һәм мәдени автономия беріледі... Алаш облыстарын қазіргі бүлікшіліктен қорғау мақсатымен уақытша ұлт кеңесін құру...» – деп көрсетті.

Автономия туралы қаулының 1917 жылдың аяғындағы саяси ахуалдың күрт өзгеруіне байланысты болғанын және оның уақыттың талабына сай туындаған шара екенін көреміз. Бұл мәселенің өте тартысты жағдайда өткені автономияны бірден жариялау қажет пе, әлде кейінірек Түркістанды қосып барып жариялау керек пе деген мәселеде делегаттардың екі жарылуынан байқаймыз. Онда автономияны бірден жариялауды Халел, Жанша, Ғұмар бастаған 33 адам жақтап дауыс берсе, Әлихан, Ахмет бастаған 42 адам қарсы дауыс беріп, Мұстафа бастаған 3 адам қалыс қалды. Съездегі осы жағдай «Алаш» партиясының әлі де болса «жігі ажырамастай» бірлігі жоқ екенін байқатады.

Алайда осынау аласапыран кезде «Алаш-Орда» өкіметі ұзақ өмір сүре алмады. 1918 жылдың 22 қазан (4 қараша) күні Бүкіл-россиялық уақытша үкімет «Алаш-Орда үкіметі өзінің өмір сүруін тоқтатты деп саналсын» [103, 113 б.] деген қаулы қабылдады.

Уақытша өкіметтің, одан кейінгі Сібірлік өкіметтің ешқайсысының да қазақ үшін бүйрегі бұрмасын білген алаштықтар неде болса «Нар тәуекел» деп, белең алған кеңес үкіметімен келісім жүргізуге әрекеттене бастады. Соның нәтижесінде А. Байтұрсынов бастаған «шығыс алашордалықтар» тобы Совет өкіметі жағына шықты. Мұның басты себебі Ахаң бастаған осы топтың жетекшілері өз жерінде ақтар мен қызылдар арасындағы қан төгістен жазықсыз қазақ ұлтының жапа шекпеуін ойлаған еді. 1919 жылдың наурыз айында Шалқар стансасында советтік комиссар Әліби Жангелдинмен кездескеннен кейін Ахмет Байтұрсынов Москваға барды және онда ұлт істері жөніндегі Халық Комиссариатының қазақ бөліміне енгізілді [118,191 б.]. А. Байтұрсынов бастаған «алашордалықтардың» бұл саяси акциясына кеңес кезінде жүргізілген зерттеулерде берілген солақай бағалардың бірінде былай делінген: «Тургайская группа «алашординцев», возглавлявшаяся Байтурсиновым в своей борьбе против социалистической революции прибегали к вероломству: «алашординцы» заявили «о признании» ими советской

власти и начали переговоры в советским командованием» [119, 33 б.].

Ал бұл оқиға туралы осы бір аумалы-төкпелі кезеңнің куәгері Ө. Жангелдин РСФСР Орталық Атқару Комитетінің Уақытша Комиссиясының мүшесі Н.А. Кобзевке басқаша жазады: «Әлгінде ғана бұрынғы контрреволюционерлер тобы уәкілдерімен тікелей байланыспен сөйлестім. Олар - қырғыз-қазақ интеллигенциясының әр облыстан келген 50 адамы... Совет өкіметін мойындау және қару-жарақтарды тапсыру үшін Торғайға жиналып отыр. Олардың арасында көпшілік ұйғарымына мойынұсынбай, түземдіктерден құралған полкты соңынан ертіп кетпекші болған қазақ офицерлері де болды... Ақмола, Семей, Жетісу, Орал облыстарының өкілдері де бар. Олармен өзімнің кездесуім орынды деп білемін. Енді қырғыз (қазақ) өлкесі жұмысшылар мен шаруалар туының астында бас қосты деп анық айтуға болады» [120].

1919 жылдың 2 сәуірінде Әлихан Бөкейханов, Халел Ғаббасов, Әлихан Ермековтер төте сым арқылы Ленинмен, Сталинмен сөйлеседі. Бұдан соң «батыс алашорда» тобының Кеңес үкіметі жағына өтуі қарастырыла бастайды. «Алаш Орда» өкіметі мен Алаш партиясы, жалпы қазақ зиялыларының арасында Ахмет Байтұрсыновтың беделінің зор екенін, өте сыйлы қайраткер екенін білетін Әскери-Революциялық Комитет Жанша Досмұхамбетов тобымен келіссөз жүргізуді А. Байтұрсынов пен М. Тунғаншинге тапсырады [103, 142 б.]. Осы тұста қазақ халқының совет өкіметі қол астына бірігуіне А. Байтұрсыновтың өзіндік көзқарастары болғанын анық байқаймыз.

Мәселен, 1919 жылдың 27 қазанында Түркістан майданы әскери революциялық Советі, Ерекше Түркістан комиссиясы және Бірінші Армияның әскери кеңесінің қатысуымен өткен Әскери-Революциялық комитеттің мәжілісінде Қырғыз (Қазақ) халқының бірігуі мен олардың Совет үкіметі жағына шығуы жайлы мәселе қаралады. Осы мәжілісте қазақ халқының Совет жағына шығуына байланысты А. Байтұрсынов бірнеше талаптар қояды. Көрнекті революционерлер Элиава, Куйбышев, Зиновьев, Рудзутак т.б. қатысқан бұл келіссөзде Байтұрсынов талаптары төмендегідей еді. Бұл талаптарды біз мәжілісхат бойынша беріп отырмыз: «Тов. Байтурсынов предложил 1. Проявить самостоятельное

действие Киргизского ревкома так, чтобы киргизы ясно видели, что советская власть дала киргизскому народу действительное автономное самоуправление, а не фиктивное. 2. Объявить всем киргизам, в том числе тургайским и Уральским группам алаш-ординцев, борющимся против Советской власти на стороне белых, амнистию на случай перехода их на сторону Советской власти, и 3. Принять меры к тому, чтобы Советская власть на местах проявляла самое благоразумное, обеспечивающее доверие народа тем самым способствовала к переходу на сторону Советской власти тех которые находятся на стороне белых и относятся к советской власти с недоверием» [103, 142 б.].

А. Байтұрсыновтың осы орынды талаптары мен табанды күресінің нәтижесі ВЦИК қаулысының қабылдануына әсер етті. Ал 1919 жылдың 31 қазанындағы қаулысы бойынша Қазақ даласын басқару жөніндегі Әскери-Революциялық Комитет оларға Совет жағына шыққаннан соң амнистия жариялау туралы шешім қабылдады: «Поручить президиуму обратиться в Туркфронт с просьбой объявить амнистию всем киргизам, в том числе Уральским и Тургайским группам алашординцев...» [103, 143 б.].

Жалпы, осынау қиын заман кезеңінде Қазақ зиялыларының ұстанған бағыты елдің демократиялық жолмен дамуы еді. Сондықтан да олардың көпшілігінің көзқарасы кеңес үкіметінің көзқарасымен сәйкес келмеді. Әрине, қазақ зиялылары негізін құрайтын Алаш партиясының кеңестік үкіметті мойындамауын бір кездегі кінәлау – біржақтылық танытатын жалаң пікір екендігі бүгінде дәлелденді.

Алаш партиясы мен Кеңес үкіметі арасындағы қатынасқа екі жақты көзқарас тұрғысынан келу керек. Егер Алаш партиясының негізі тым әріде, 1905 жылдарда жатыр деп есептейтін болсақ, большевиктер партиясымен теориялық пікірлерінде алшақтық бар екенін көреміз. Ал бұл идеядан тәжірибеге ауысқан сәтте большевиктер саясаты алаштықтарды шошындырмай тұра алмады. Себебі кеңестік өкімет Алашқа топтасқан қазақ зиялыларының ең негізгі мақсатының тамырына балта шапты. Саяси күш ретінде пайда болған күннен бастап, ел тұтастығына, ұлт азаттығы жолындағы күресте бірлікке ұмтылған қазақ зиялыларына большевиктік идеологияның таптық жіктеуі арқылы бір халықты екіге бөліп, таптық күреске ұластыруы, сөйтіп, бостандық, азаттық кү-

ресіне енді бірігіп келе жатқан халыққа үлкен бүліншілік әкелуі, кері әсер етті.

Біздің бұл ойымызды 1918 жылы жазған А. Байтұрсыновтың мына бір сөздері бекіте түседі: «Біз тізгінімізді өзіміз алып, өз ұлтшылдығын өзі сақтайтын жұрт болу үміті үстінде тұрмыз. ...Келген дәуірдің амал-ісін танып, қадірін біліп қайталанбай қалап, соңынан өкініп жүрмелік. Өткен дәуір, өткен өмір сияқты бір келген күйінде қайта айналып келмейді. Осы жағын естен шығармай тез іске кірісу керек...» [121]. «Асығу керек» атты бұл мақала сол тұстың шындығын, «Алаш» ойын дәл береді. Олар бұл ойдан ешқашан да ажыраған емес. Кейін қолдан келер қайран жоқ болған соң, лажсыз көп нәрсеге қайта қарап, «қателіктерін» мойындады. Оларды мұндай қадам жасауға мәжбүр еткен де ел қамы, ел тыныштығы, ел бақыты болатын. Бірақ жұртының көрер зобалаңы алда тұрғанын кеш білді.

Қазақ зиялылары 1916 жылдың қасіреті соққанда ел қамын көздеп, 5 млн халықтың мылтықтың оғы мен зеңбіректің добынан қырылып кетпесі үшін ереуілдеген ер азаматты ақылға, тыныштыққа шақырып, дабыл қақты. 1917 жылдың қара бұлт арасынан жалт еткен бостандық сәулесін сезінісімен, олар сол бір бостандық әлеміне өз халқын бастай жөнеліп, елінің елдігін, қазақ ұлтының ұлттығын сақтап, өзгелермен терезесі тең болуы жолында азаттықты ту көтеріп, күреске шықты. Сол тұста бірлікке келген қазақ зиялылары қай уақытта, қай кезеңде болмасын туралық жолдан таймауға, әл-қадірінше замана ауанына қарай, ұйтқи соққан саяси дауылдың бағытын аңғарып ғана қоймай, оның зұлматты жойқын күшін де, оң өзгерістерге бастайтын лебін де неғұрлым дәл бағдарлауға тырысты. Сол арқылы халқына мүмкіндігінше аз қасірет, көп жақсылық әкелуге тырысты. Өздері халыққа пайдасыз, теріс деп түсінген саяси бағытты үнемі шеттетіп отырды. 1917 жылдың октябріндегі төңкерісті мойындамай, оған қарсы шығуы да сондықтан еді. Табиғи қажеттілігі жоқтығы қоғамдық даму процесінің шындығынан туындайтын бұл төңкерісті тек қазақ зиялылары ғана емес, қоғамдық қатынастың белгілі бір даму дәрежесіндегі қазақ халқы да қабылдамаған-ды.

«Ақ пен қызыл» айқасқан аумалы-төкпелі заман өтіп, артта қалған тарихи кезеңге байыпты ой жіберіп, талдайтын кез туған бір сәтте А. Байтұрсынов қабылдай алмаудың себеп-салдарына

үніліп, сырын ашады. 1919 жылы «Жизнь национальностей» газетінде жарияланған «Қырғыздар және революция» атты мақаласында тарихи объективтік себептерді де және қазақ зиялыларының көзқарасына қатысты субъективті себептерді де келтіріп, тарихи әлеуметтік шындықты ашады. Сондықтан да сол мақаладан біз ұзағырақ үзінді келтіргенді жөн көріп отырмыз.

«Насколько понятна была киргизам февральская революция, настолько же не понятней показалась им октябрьская (социальная) революция.

С какой радостью встретили они первую революцию, с таким же ужасом пришлось им встретить вторую. Такое отношение киргизов к той и другой революции весьма естественно и понятно тем, кто знаком с киргизским народом. Первая революция была правильно понята и с радостью встречена киргизами, потому что во-первых, она освободила от гнева и насилия царского правительства и, во вторых, подкрепила у них надежду осуществит свою заветную мечту управляться самостоятельно.

Но, что вторая революция показалась киргизам непонятной, объясняется просто: у киргиз нет ни капитализма, ни классовой дифференциации; даже собственность у них не так резко разграничено как у других народов. Многие предметы потребления считаются у них общественным достоянием. Наводила же на киргизов ужас октябрьской революции своими внешними проявлениями. Как происходило большевитское движение в центральной части России, - киргизам было неизвестно. На окраинах же оно сопровождалось по всюду насилиями и грабежом, злоупотреблениями и своеобразной диктаторской властью. Говоря короче, движение на окраинах представляло (собою не революцию), как обычно она понимается, а полнейшую анархию» [122 б.].

Қазақ зиялыларының көшбасшысы, ұлттың рухани көсемі А. Байтұрсынов тарихи кезеңдегі саяси жағдайды, оған деген халықтың көзқарасын тайға таңба басқандай нақты да дәл көрсете білді. Осы тарауда сөз болған қазақ зиялыларының тарихи қызметі де, олар ұстанған өзгеше жол, өзіндік бағытта Ахметтің жоғарғы пікірлерінің дәлеліндей.

XX ғасырдың басындағы ұлтының азаттығы мен тәуелсіздігі жолындағы қазақ зиялыларының жанқиярлық күресі – ел мүддесін шынайы көрегендіктен туған көздегендіктен туған еді.

Әрине, бес саусақ бірдей емесі секілді түрлі көзқарас қайшылықтары болды. Бірақ ұлт қамын ойлаудан оған деген өзіндік ой-түсінік тұрғысына қараудан туған мұндай қарама-қайшылықтар ұлы мақсатқа келгенде көбіне бірлікке жетелеп отырды. Оған 1905, 1916, 1917 жылдардың тарихи оқиғалары куә. Иә, замана деген алып диірмен, ол кейде апай-топай етіп езіп-жаншып жіберуі мүмкін. Тарихи құбылыстың сондай сәттерінде қазақ зиялылары бірлік таныта алмаса, оған кінәлі – уақыт. Ал ақ-қарасын айыратын кейінгі ұрпақ. Осы тұста көрнекті тарихшы ғалым Кеңес Нүрпейісовтің Алаш қозғалысына қатысқан қазақтың көрнекті қайраткерлеріне тарихшы көзімен берген мінездемесіне тоқтала кеткен орынды. Ғалым олардың ерекшелігін төмендегіше көрсетеді: «Алаштың көрнекті жетекшілерінің қайраткерлік іс-әрекеттері қоғамдық өмірдің әр саласында олардың әрқайсысына тән ерекшеліктерімен сақталып қалды. Мәселен, Әлихан Бөкейхановтың саясаткерлігі, саясат жүргізудегі «батысшылдығы» ерекше көзге түсті. Ахмет Байтұрсыновқа ең әуелі ағартушылық-ғылымдық пен саяси қимылда байсалдылық және ұстамдылық тән болды. Халел Досмұхамедов пен Мұхамеджан Тынышбаевтардың қоғамдық қайраткерлігінен ғалымдық, зерттеушілік қасиеттері басым жатты. Ал Міржақып Дулатов пен Жақып Ақпаев, ең алдымен, қоғамдық қайраткерлер ретінде нақтылы іс-әрекеттердің адамдары еді. Олар халықты оятудың және ұлттық санасын жебеп, жігерлендірудің аса көрнекті шеберлері болды» [118, 215 б.]. Бұл ХХ ғасыр басында ұлт азаттығы жолында күресіп ғана қоймай, азатшыл күрестің бағыт-бағдарын қалыптастырған қайраткерлерге берілген нақты да әділ баға деп білеміз.

ХХ ғасырдың басындағы осынау жылдарда қазақ халқы қаншама тарихи оқиғаларды, өзгерістер мен толқуларды басынан өткерді. Замана дауылы алып Ресейдің өзін қаңбақша дөңгелеткен де, қазақ халқына, әрине, оңай болмады. Осынау арпалысты жылдарда, кеңестік дәуірдің алғашқы тұсында әдебиет керемет дамыды десек, өтірік айтқандық болар еді. Осы бір үзік кезең әлденені күткен, әліптің артын бағып, іштен тынған кезең еді. Әрине, творчество адамы қандай кезең болса да жазбай отыра алмайды, бірақ жеке жазу бар да, оны ел тану бар, шығармашылық ізденіс бар да, бір арнада тоғысу бар. Міне, осыларға мүмкін-

дік болмады. Ал бұл кезеңдегі жеке шығармашылықтар туралы жеке авторларға тоқталған кезде айтамыз.

Жалпы, жоғарыда сөз болған үш бағыт тұрғысынан келгенде, тоқыраудың болғаны рас. Әсіресе 1917-18 жылдары. Өйткені кенес өкіметі орнай сала, «дін апиын» деген ұранды жалау қылып көтерді. Мұндай жағдайда діни-ағартушылар шығарма жазбақ түгілі басымен қайғы болып кетті. Ағартушы-демократтар өзгерістерге орай айтыс-тартысқа еніп кетіп, саясаттың шырмауына ілінсе, ұлт-азатшылдар 17-18 жылдары ат үстінде, күрес жолында жүрді. «Аттың жалында, түйенің қомында» туған шығармалардың бір қайнауы ішінде болары анық. Көбі кейіннен қайта өңдеуден өтіп ұсынылды.

Ал 20-жылдан бастап белең ала бастаған әдебиет екі идеологияның талқысына түсті. Айтыс-тартысқа ұласты. Ұлт-азатшылдар көбі қазақ Қазақстанда қалмай Түркістан кетті. Одан да байыз таппады. 20-30 жылдардағы бұрынғы мен «жаңа» көзқарастар айқасы – жеке кезең ретінде алынып қаралатын, өзге арнаның әңгімесі.

2.2. Ұлт-азаттық идеяның XX ғасыр бас кезіндегі әдеби бағыттардың басты ұстанымына айналу сипаты

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде түрлі бағыттардың болғаны белгілі. Біздің зерттеуімізге арқау болып отырған тақырыпты толыққанды ашуға сол кезеңдегі қазақ әдебиетіндегі ағым-бағыттардың табиғатын танып, оларға тән басты айырмашылықтарды анықтау аса маңызды.

Көркем шығармаларда қолданылатын шығармашылық әдіс-тәсілдермен тығыз байланысып жатқан осы бір мәселеге қатысты XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде қандай ағымдар мен бағыттар болғанына, оны сол тұстағы және кейінгі әдеби ой-пікір қалай танып білгеніне назар аудармасқа болмайды. Себебі ол белгілі дәуірдегі ақын-жазушылардың ізденістерін, көркемдік биіктерге жетуге деген ұмтылысын айқындайтын нақты құбылыс болып табылады.

Жалпы әдебиеттегі ағым-бағыттар туралы қилы көзқарастар кездеседі. Бұл жөніндегі талас-тартыс әлі де болса бір келісімге келе қойған жоқ. Мәселен, «Әдебиет» энциклопедиясының сөз-

дігінде бұл екі ұғымға мынадай анықтама беріледі: «Направление и течение литературные понятия обозначающие совокупность фундаментальных, духовно-содержательных и эстетических принципов, характерных для творчества многих писателей, ряда группировок и школ, а также обусловленные этими важнейшими принципами совпадения и соответствия программно-творческих установок, тематики, жанров и стиля» [123, 232 б.].

Академик З. Қабдолов «Сөз өнері» монографиясында әдеби ағымды әдеби стильмен салыстырып, түсінік береді: «Байқап қарасақ, стиль – бір жазушыға тән творчестволық ерекшелік болса, ағым – бірнеше жазушыға тән творчестволық бірлік; стиль әр жазушының дара қасиеті болса, ағым – әр алуан жазушының ортақ сипаты; стиль жалқыға тән ұғым болса, ағым – жалпыға тән таным; стиль әр жазушының әдеби беті болса, ағым әр жазушының әдеби бағыты» [124, 335 б.]. Ғұлама ғалымның осы пікірінде ғылыми тұжырымдалған шындық бар. Бізге де керегі осы ұғым «әр жазушының әдеби бағыты». «Ағым», «бағыт» әдебиет теориясына қатысты еңбектерде түрліше құбылып, әркілі ұғындырылып келеді. Ағымды бірде әдеби әдіске апарып телісе, бірде бағыттың бір бөлшегі іспетті қарастырады. Енді бірде екеуі – «бағыт» пен «ағым» тектес ұғымдар ретінде танылады. Оның аражігін ажыратып жату біздің мақсатымызға кірмейді. Сондықтан да біз ХХ ғасыр бас кезіндегі әдебиет өкілдерін идеялық ұстанымы, өмірдің өзекті мәселесін көркемдік шындық арқылы көрсете білуі, қоғамдық-әлеуметтік көзқарасы тұрғысынан үш бағытқа бөлдік. Осы «бағыт» ұғымы олардың ерекшелігін дәл айқындайтын секілді. Себебі ХХ ғасыр бас кезінде қазақ жазушыларында әдеби мектеп (литературная школа) қалыптаса қойған жоқ. Ал әдеби топтардың (литературная группа) болғаны анық. Олар көбіне идеялық көзқарас тұрғысынан бірігіп, нақты бағыт ұстанды.

Әрине, біз бөлген бұл әдеби бағыттардың арасын кесіп-пішіп, бөлшектеп тастауға әсте болмайды. Жалпы бір дәуірде өмір сүріп, белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік жағдайды басынан өткеріп отырған ақын-жазушылар шығармашылығында ұқсастық басым келеді. Бірақ сол қоғамды танып-білуде, оған өзгеріс әкелуге деген ұмтылыстарында, осыларды арқау еткен шығармаларында көздеген ой-идеясын жеткізудегі, тақырыпты ашудағы өзіндік бағыты айқын. Белгілі бір бағыттың эстетикалық танымы ерек-

шеленіп-ақ тұрады. Ал ұқсастық көбіне көркемдік әдіске тән болып келеді. Өйткені «Көркемдік әдіс – белгілі бір дәуірде көптеген жазушылардың шығармаларында қолданылатын өмір шындығын суреттеу ерекшелігі соны айқындайтын негізгі принциптер» [125,185 б.]. Бұл – академик Зәки Ахметовтің пікірі. Ал енді осынау әдебиет теориясының білгірінің пікірінен тамыр тартып, соған сүйенсек, «бағыт», ең алдымен, тақырып таңдау, белгілі жанрлық түрлерді қолдану, адам бейнесін суреттеуден айқын танылады. Біздіңше, бұл – бағыт табиғатын тануға берілген нақты баға.

Ендеше «жазушы әдеби бағытының» тікелей идеялық-көркемдік жақындық пен бағдарламалық-эстетикалық бірліктен көрініс табатын әдеби әдістерден үлкен айырмашылығы бар екендігі айқын. Жалпы европалық үлгіден алынған «әдеби бағыт» терминінің өзге де халықтардың өскелең әдебиетінде жалғасын тауып жатуы, өзіндік ерекшеліктерімен айықтала түсуі, оған ұлттық болмыс тұрғысынан қарауды қажет етеді. Көп жағдайда «әдеби бағыттардың» ұлттық-тарихи ерекшеліктерінің басымдылығы соншалық, оны жоғарыда аталғандай жалпы европалық үлгідегі өлшемге сыйғыза қою мүмкін емес. Мұның себебі «Әдеби энциклопедиялық сөздікте» былай түсіндіріледі: «...национально-историческое своеобразие направления в отдельных странах порой столь значительно, что отношение их к единому типу оказывается проблематичным, а типологическая общность национальных разновидностей классицизма, сентиментализма, романтизма и т.д. – весьма относительный и условный. Это характерное в особенности для стран, которые со значительным запозданием стали на общеевропейский путь или же восприняли европейскую культуру извне. Их отличает особый «неклассический» «ускоренный» тип литературного развития с характерным для него «сжатием», стягиванием основных ступеней и стадий и, с другой стороны, распространением одной стадии на несколько: преобладание гибридных, смешанных форм» [123, 167 б.].

Осы түсініктің жазба әдебиеті кенже дамыған қазақ халқына да қатысы бар. Көркем шығармалардың XX ғасырдың басында көптеп басылуы, Қазан, Ташкент, Уфа, Петербург қалаларында әдеби мұра үлгілерінің жариялануы және қазақ тілінде саяси-

әдеби газет журналдардың шыға бастауы, мерзімді баспасөздің өркендеуі қазақ әдебиетінің өркен жаюына, сондай-ақ түрлі әдеби топтардың пайда болуына сол арқылы әр түрлі әдеби бағыттардың қалыптасуы мен айқындалуына алып келді. Ағым мен бағыттың арақатынасы, олардың ерекшелігі мен бірлігі туралы түсініктің сан түрлі екендігіне мына пікір де дәлел. «Литературное направление возникает тогда, когда группа писателей той или иной страны и эпохи объединяется на основе какой-то определенной программы и создает свои произведения, ориентируясь на ее положения. Это способствует большей творческой организованности и законченности их произведения» [126, 99 б.], – деп, әдебиет теоретигі Г.Н. Пospelов «әдеби бағыттың» пайда болу жолын өзінше түсіндіреді.

Қазақстанның Ресейге қосылу нәтижесінде екі мәдениеттің алыс-берісінен қазақ даласының рухани өмірінде Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев сынды ағартушылар дүниеге келді. Қазақ қоғамының дамуы процесі талап етіп отырған ең негізгі, көкейтесті мәселелерді қазақ ағартушылары дәл түсініп, бүкіл күш-жігерін өркениеттілік дамуға жұмсады.

XX ғасыр қазақ даласына да жаңа дәуірдің жаршысы болып келді. Абай дәстүрін дамытып, жалғастырған ізбасар ақындар Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Мағжандар тарих сахнасына шықты. Осы кездегі Ресейдегі саяси-әлеуметтік өзгерістердің қазақ жеріне жаңғырып жетуі қоғамдық-әлеуметтік ойдың өрісін кеңейтті. Жоғарыдағы ақын-жазушылар бастаған қазақ ақын-жазушылары ұлттық сана-сезімді оятар бағыт-бағдар іздеді. Оны әрқайсысы өзінше тапты, өз пікірлестерін бір бағытқа түзеді.

XX ғасырдың басы – қазақ халқының тарихындағы ұлы өзгерістер мен үлкен асулар кезеңі. Ол айбынды да айлалы саяси күрес, ащы ыза мен кекке толы көтерілістер дәуірі болды. Дәл осы тұста қазақ арасында оқу-ағарту жұмыстары өркен жайып, қазақ зиялылары алдыңғы қатарға шыға бастады. Қазақ тілінде кітап бастыру, газет-журнал шығару жолға қойылды. Халықтың сана-сезімі оянып, руханияттың басты қайнар көзіне айналды.

Қазақ жазба әдебиетінің өткен ғасыр басындағы әдеби ағым-бағыттары турасындағы көзқарастарды қарастырғанда, бүгінгімен салыстырғанда олардың айтылған мерзімдеріне көңіл бөлу

аса қажет. Өзімізге белгілі, «кемелденген социализм» дәуірінде жазылған әдеби зерттеулерде ғасыр басындағы шындықтар бұрмаланып келді.

Біз осы уақытқа дейін пайдаланып келген әдеби зерттеулерде XX ғасыр басындағы қазақ ақын-жазушыларын идеялық әдеби ағым-бағыттарына қарай мынадай топтарға бөлді: 1) ағартушы ақын-жазушылар; 2) ағартушы демократ ақын-жазушылар; 3) буржуазияшыл-ұлтшыл ақын-жазушылар.

Тарихымыздың, оның ішінде әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері аршылғалы XX ғасыр басындағы әдеби ағым-бағыттар айқындалып, сол ағым-бағыттардың көшбасшысы болған ақын-жазушылардың шығармашылықтары кең түрде зерттеліне бастады.

Абай негізін қалаған жазба әдебиеттің ең бір шырқау биікке көтерілген тұсы – XX ғасырдың бас кезі. Бұл тұста қазақ әдебиетіне бірі кеш, бірі ерте қос арнадан нәр алған, батыс пен шығысты тел емген, Абай туын биікке көтерген Шәкәрім, Мәшһүр-Жүсіп, Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Мағжан сынды әдебиет алыптары келді. Бірінің қанатын кеңге жайып, алыс-жақынды биіктен шала бастаған, екіншілерінің әдебиет биігіне енді қанат қаға бастаған тұсы – осы. Оларды біріктіретін де, ерекшелендіретін де бір ғана ұлы күш – ұлтын ояту атты ұлы арман. Осы асқаралы мақсатқа жету жолындағы сан тарау соқпақты әрқайсысы өз ой-өрісі межесінен таңдады, таңдағанын нақты сара жол деп таныды.

Осынау сара жолды таңдауда сан қилы кереғар пікірлер туындап, арыстарымызды сан қиырға салған адасулар да болды. Ендеше бұл кезеңнің әдебиеті – қоғамдық ой-санадан туындаған карама-қайшылықты көзқарастар жемісі.

XX ғасыр бас кезіндегі әдебиеттің үш бағыты бар екендігі талайдан айтылып келе жатқан жайт. Атауын мың құбылтып, айдар тағудан жаңылмағанымызбен, әйтеуір сол үшеудің төңірегінен табылып жатамыз. Үш бағыттың алғашқысын «діни-ағартушы ағым» деп атаған еңбек те жарық көрді (У. Қалижанұлы «Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым»). Мұны ағым емес, бағыт деп танитынымызды, оған не себеп екенін біз жоғарыда айттық. Екінші ағартушы-демократтық бағытты бұрыннан солай атап келеміз, түпкілікті дәлелденген нәрсе. Үшінші бағыт туралы әр-

килы көзқарастар бар. Біз бұл бағытты ұлт-азатшыл бағыт деп атағанды жөн деп таптық.

Жалпы, ХХ ғасыр бас кезіндегі әдебиетке тән басты ерекшелік – ұлт қамы қай бағыт ақын-жазушысының шығармашылығы болмасын ортақ тақырып ретінде көрініс табуы. Олар өз ұлтының өзге өркениетті елдердің қатарынан көрінуін аңсап, ел тілегінен шығып, әдебиеттің ұлттық рухын шырқау биікке көтерді. Қазақ халқының алдында тұрған асқаралы мақсаттарды әрқайсысы әл-қадырынша ой-өрісінің жеткен қырынан тани отырып, негізгі мәселе ретінде қоя білді.

Осы ірі тұлғалардың шығармашылығы арқылы жазба әдебиетіміз өркендеп, сан-салалы тақырыптарды қамтып тарамдала түсті. Қалыптасқан әлеуметтік-қоғамдық жағдайлар жазба әдебиетті бұрын-соңды болмаған деңгейге көтеріп, оның ой-сана оянуының басты құралына айналуына ықпал етті. Ол жағдайлар – атап айтсақ, біріншіден, оқу-ағарту жұмысының бұрынғы кезеңдерге қарағанда біршама жақсы дамуы. Әдебиет үшін ең керегі оқырман қауым болса, ХХ ғасыр басында мектептер көптеп ашылып, әдебиет сүйер қауым көбейді. Екіншіден, ХХ ғасыр басында әдебиеттің құлашын кеңге жайып, өркендеуіне қазақ баспасөзінің дамуының ең басты қозғаушы күш болғанын атап өтуіміз керек. «Айқап», «Қазақ», «Қазақстан», «Ешім даласы» сияқты баспасөз беттерінде әдебиетіміздің ірілі-ұсақты өкілдері өз шығармаларын жариялап отырды. Бұл басылымдар өз кезегінде жаңа шығармаларға сын айтып, бағыт-бағдар берді. Әдебиетіміздің өркен жайып, жандана түсуіне, қоғамдық ой-пікірді өрістетудің маңызды құралына айналуына осындай объективті себептер әсер етті.

Ұлт зиялыларының отаршылдыққа қарсы күресте елдің басын біріктіріп, саяси-күреске ояту іс-әрекетіндегі көздеген мақсаттары әдебиетте айқын көрініс тауып отырды.

Жалпы ХХ ғасыр басындағы әдебиетке тән тағы бір ерекшелік – әлеуметтік-саяси мәселелерді көп көтергендігі. Отаршылдық талқысы езіп-жаншып, жері талан-таражға түскен, халқының тоз-тозы шыққан, бірліктен кетіп, берекесінен айрылған елінің қара түнектегі жағдайы қай бағыт ақын-жазушыларының шығармашылығында болмасын ортақ тақырып ретінде көрініс тапты. Мәселен, діни-ағартушы Мәшһүр-Жүсіп Көпеев:

Байланып қорыққандықтан жүрді тілім,
Қазағым, қайран жұртым, халқым елім.
Мұжық кеп, қара шекпен крестьян,
Жерінді қылмады ма тілім-тілім [127, 61 б.], –

деп, қазақ жағдайына жүрегі қарс айырылса, ағартушы-демократ Сұлтанмахмұт Торайғыров:

Сұмдар салған жүректе
Аз ба біздің жарамыз?
Тепкісінде басқаның,
Қор боп жүдеп барамыз [128, 47 б.], –

деп, ұлтының қасіретті жағдайының ең негізгісін нақты атай отыра, елін серпілтер ой-идеяны өзіндік өршіл үнмен көтереді. Бұл құбылысты Абайша терең сезіне жырлаған ұлт-азатшыл бағыттағы Ахмет Байтұрсынов:

Қазағым, елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзіңді, оянып [129, 30 б.], –

деп, халықтың мүшкіл халіне себеп болған басты жағдайлардың түп-тамырын даналықпен көре біліп, ұлт санасын «ояту» идеясын алға тартады.

Міне, осы тұрғыдан алғанда, XX ғасыр басындағы әдебиеттің басты белгісі – ең алдымен, азаттыққа ұмтылу, соған «ояту» әдебиеті болғандығында деп тануымыз керек.

Бірақ «оятудың» жолын әрбір өнер иесі өз көзқарасы арқылы айқындады. Мәселен, бірі (ағартушы-демократтар) оны тек ағартушылықта, әлеуметтік теңсіздікті жоюда, екіншісі (ұлт-азатшылдар) ұлт болып азаттыққа, теңдікке, бостандыққа ұмтылуда, соған қол жеткізуде деп білсе, үшіншілері (діни-ағартушылар) адамгершілік тәрбиесінің негізі діни-рухани бостандыққа насихаттауда деп ұқты. Сондықтан да Сұлтанмахмұт:

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып, күн болам!
Қараңғылықтың кегіне
Күн болмағанда, кім болам?

Мұздаған елдің жүрегін
Жылытуға мен кірермін [128, 221 б.], –

деп, өз поэзиясының, өмірінің мақсаты ағартушылық екенін, қараңғылықпен айқас екенін асқақ романтикалық үнмен жеткізді.

Мен жазған кеңес,
Мақтаныш емес,
Ат шығармақ ақындық.
Ер батқанда жорғалық,
Молда жоқта молдалық [129, 49 б.], –

деп, Ахаң өзін ақын еткен басты себеп ақындықты елінің азаттығы жолындағы саналы күресте басты қаруы ретінде жұмсауға бекінген ниеттен екендігін нақты да айқын білдіреді. Халқының бостандығы үшін өзінің бүкіл ғұмырын арнаған ақын қашанда азаматтық міндетті жоғары қояды. Азатшыл ақындар өлеңдеріндегі:

Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты,
Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,
Қазағым, енді жату жарамас-ты [130, 19 б.], –

деген азатшыл, тәуелсіздікшіл сарындар олардың бүкіл шығармашылығына негізгі желі болып тартылды. Бұл бағыттағылар өздері жазған өлең, поэма, роман, повестерінде осы азатшыл идеяны алға ұстады.

Діни бағыттағы ақын-жазушылар да орыстың езгісінде езіліп, діні мен имандылығынан айрылып, «ұйқышыл» халде күн кешкен қазақты оятуға үн қосты. Бұлар негізгі идея ретінде діни ағартуды ұсынды. Қазақ өміріндегі кесір-кесапатты дінге көзқарас салқындығынан, дінді уағыздаушы шала молдалардың надандығынан

деп білді. Бүкіл Россия мұсылмандарының бірлігінен ғана қазақ ұлтына жарық күн туады деп сенді. Мәселен, Мәшһүр-Жүсіп:

Тауып ал, тұман түспей тұстасыңды,
Жолдас бол, сынап ал қостасыңды.
Баласы дін – мұсылман ұрандасып,
Қосыл кісі санына қос басыңды [127, 60 б.]

Немесе:

Болып тұр мұсылманға Қазан басшы,
Сен де соған жейтұғын асыңды асшы,
Дін исламның бір болып ынтымағы,
Патшаның қол астында бір жарасшы [127, 63 б.], –

деп, Ресейдің басқа мұсылман халқымен бірігіп, дін үшін, жер үшін күреске шығуға, ынтымақшы болуға үндеді.

Дінімізді кемітіп қорламасын,
Көзімізді бақырайтып ұрламасын.
Баламызды билетсін өзімізге,
Оқытсын деп орысша зорламасын [127, 65 б.], –

деген батыл талаптар да қоя білді.

XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиетінде исламшылдық идеясын көтерген діни тақырып үлкен орын алды. Оның басты себебі – XX ғасырдағы Ресейдің отарлау саясаты крестьяндарды қазақ жеріне молынан қоныстандыру, сол арқылы билеп-төстеудің қуатын арттыру, рухани тонау, шоқындыру шараларын жандандыра жүргізумен сабақтастырыла іске асырылды.

Міне, осындай белгілі бағыттағы іс-әрекеттер күшейе түскенде, Россиядағы өзге мұсылман жұртындағыдай қазақ даласында да «мұсылмандық қозғалысы» өріс алды. Бұл әсіресе діни-ағартушы бағыттағы ақын-жазушылар шығармашылығына ерекше әсер етті. Олардың осы тұстағы өлеңдерінде ой еркіндігі өзгеше тыныс ашқандай. Замана туралы толғаныстар діни ағымдағы өзекті оймен өріліп отырады. Нұржан Наушабаев өлеңдеріндегі:

Көгертпес жауғанменен тасқа жаңбыр,
 Алланың бергеніне еткін шүкір,
 Қалыптан асып, қылма күпірлікті
 Жігіттің һауасына болып мағрұр [131, 27 б.].

Немесе:

Нұр хикмат көңілде болса кәміл,
 Кешсең де қауіп болмас дариясын Ніл.
 Бей-мағына сөз сөйлеп аһ ұрғанмен,
 Жан-тәнде, тән – саламат, ынсапқа кір [131, 25 б.], –

деген ұғымды ойлар рухани тазаруға, адамдық асыл қасиеттермен табысуға үндеумен ғана шектелмей, ақынның өзіндік көзқарасын да танытады.

Діни-ағартушылардың адамдық жақсы қасиеттерді қалыптастыруды тікелей дінмен байланыстыру өзге бағыттардан көзқарас алшақтығының нақты белгісі.

«Халықты ояту» идеясын діни бағыттағы ақын-жазушылар адамгершілікпен, имандылықпен, діни іліммен астастыра отырып, Абай салған сыншыл реализм жолына түсіп, XX ғасыр бас кезіндегі әдебиетте өзіндік деңгейде із қалдырды. Олар тек діни уағыз аясында қалып қоймай, қоғамдық өмірдегі, тұрмыс-тіршіліктегі келеңсіз жайларды сынай да білді. Діни имандылық, ізгілік идеялары тұрғысынан өз тұсындағы әлеуметтік теңсіздік көріністерін шама-шарқынша көрсетіп отырды.

Қазақ халқын, әсіресе жастарды оқу-білімге, өнер-ғылымға шақыру XX ғасырдың басындағы барлық бағытқа тән десек те, бұл саладағы ағартушы-демократтардың еңбегін ерекше айтуымыз керек. «Қараңғы қазақ көгінде күн» болуды армандаған Сұлтанмахмұт:

Бар қиынды тек қана ғылым жеңбек,
 Оқыса, басқа елдердей қатарға еңбек.
 Білімге ел боп аңсап құмарланса,
 Жетілмек аз-ақ жылда жоғары өрлеп [128, 42 б.], –

деп, өзінің өршіл үнімен оқу-ағартуды жырына арқау етеді. Қазақ

жастарының ел арасындағы арзымас іспен күні өтіп, «екі ауылдың арасында тентіреп жүргені» жандарына қатты батқан ақын-жазушылар, ағартушылық ұранды барынша көтерді.

Ағартушы-демократтар ұлтының орыс отаршылдарының езгісінде тапталып жатуының себебін, ең алдымен, білім-ғылым жоқтығынан деп білді. Сондықтан Абай өсиет еткен «Мақсатым тіл ұзартып, өнер шашпақты» берік ұстанды. Ал өнер-білімге, оқуға үндеу XX ғасыр басындағы әдебиеттегі өрлеу мен ізденістің нәтижесінде дүниеге келіп, бар жанрға басты тақырып ретінде желі болып тартылды. Мәселен, сол тұста кең етек жая бастаған проза жанрындағы «Жас ғұмырым яки жастық ғафлаты» (1907), «Садық әпенді» (1911), «Оқуға махаббат» (1914) т.б. ұсақ әңгімелерден «Қыз көрелік» (1912) тәрізді ұзақ әңгімелерге дейін осы надандық кесір-кесепатын ашып, оқу мен ғылымға үндеді. Кейде негізгі тақырып басқа болса да, білімді мен білімсізді салыстыра көрсету дәстүрі басым болды. Қазақтың алғашқы драмалық шығармаларының бірі «Надандық құрбанының» негізгі тақырыбы әйел теңсіздігі болса да, көбіне надандықты, білімсіздікті көрсету, оған сауаттылықты қарсы қою идеясы өзек етілген.

XX ғасырдың басында әйел теңдігі мәселесі қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздіктің нақты көрінісі ретінде көзге айқын шалынады. Оны шешу бір қадам болса да алға басқандық болып табылар еді. Сондықтан да ағартушы-демократтар бұл мәселені өз шығармашылықтарының алтын арқауы етті.

Қазақ қызының қайғылы халі, аянышты жағдайы қазақ ақын-жазушыларының қаламынан шыққан барлық туындыларына өзекті мәселе, негізгі желі болып тартылды десек, қателеспейміз.

XIX ғасырда дана Абайдың жас сұлуы «Етімді шал сипаған құрт жесін деп», жартастан терең суға құлап мерт болса, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт кейіпкерлері де әйел теңсіздігін тудырып отырған ескілікті салт-сананың қысымына шыдай алмай, кейде қарсыласып, кейде бұйығы күйде өмірден өтеді.

Айыпсыз ата-ананың сіз баласы,
Түбінде тамам жұрттың сіз анасы.
Үзді ғой кәрі шандыр тілегінді,
Басқаның хан болғанда қыз баласы.

Қазады бес жасыңнан атаң орды,
Қарайды малы көпке оңды-солды.
Таз болсын, тазша болсын кеттің жылап,
Жігерсіз мұнша неден болдың сорлы [128, 61 б.], –

деп, Сұлтанмахмұт тұрпайы салттың қасіретіне душар болған қазақ қызының жігерсіздігіне қынжылады. Өлең астарында қазақ қызының жігерсіздігін жек көруден гөрі аяушылық басым. Әділетсіздікке жаны қас ақын қазақ қыздарын өз бақыты мен еркіндігі үшін күресуге шақырады. Мұратқа тек күрес арқылы жетуге болатындығына сендіруге тырысады.

Милеттің түзелуі сіздермен,
Бұзып шық, солмай жылап, қалың торды.
Ыңғайымен ұялғансып кете барсаң,
Өзіңе өз обалың сонда болды.

Атаңның сіз көнбеңіз алдауына,
Сүйгенсіп, қарағым деп арбауына.
Қор қылды, оқытпады, надан қылды,
Ол аз деп шалға сатты, жалмауына [128, 61 б.].

Сұлтанмахмұт алға тартқан ой арнасы ағартушы-демократ ақын-жазушылардың бәріне тән десек, артық айтқандық емес. Бұл көзқарас тіптен сол кездегі барлық ақын-жазушыларға ортақ. Ағартушы-демократтар да, ұлт-азатшылдар да, діни-ағартушы бағыттағылар да ұлтымыздың ертеңі анаға байланысты екенін терең ұғынып, қыздарды шалға сату ұрпақ өркениетіне кесір екенін көрсетуге әрқайсысы шама-шарқынша, өз ұғым-таным биігінен келді. Тәрбиелі, оқыған анадан өнегелі ұрпақтың өнетінін, надан, сауатсыз анадан тәрбиесіз ұрпақ туатынын санаткерлеріміз ұдайы тілге тиек етіп отырды.

Сонымен XX ғасырдың басында әйел теңдігі кезек күттірмей, тез шешуді қажет ететін басты мәселеге айналды. Бұл сияқты үлкен тақырыпты дәуір тілегіне лайық суреттеу жолында шағын өлең формасы тарлық жасай бастады. Өмірдің, әдебиеттің алдында тұрған түбегейлі проблемаларды замана талабына сай бейнелеу үшін кесек те күрделі шығармалар жасау қажеттігі

туды. Міне, осы қажеттілік Мұхаметжанның «Гүлкашымасын», Міржақыптың «Бақытсыз Жамалын», Шәкәрімнің «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамырын» туғызды.

Сонымен, XIX ғасырда Абай қазақ қыздарының аяулы бейнесін өзінің лирикалық шығармаларында жасаса, XX ғасырдың бас кезінде қазақ қызы көркем шығарманың белсенді кейіпкері ретінде көрініп, заман сырын танытуда, жұртшылықты әділеттілікке, адамгершілікке шақыруда үлкен қызмет атқарды.

Әдебиет тарихын, ондағы кезеңдерді сөз еткенде көркемдік әдіс мәселесін айтпай кетуге болмайды. Ең алдымен, көркемдік әдіс ұғымының басын ашып алу керек.

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы әдебиет теориясының білгірі, академик З. Қабдолов бұл туралы: «Стиль, ағым қайталанбайтын құбылыстар болса, әдіс қайталанып отыратын құбылыс; стиль мен ағым құбылмалы нәрселер болса, әдіс – тұрақты нәрсе...» [124, 343 б.] деген тұжырым жасайды. Ендеше шығармашылық әдіс – өмір-болмысты өзіне ғана тән ерекшелікпен емес, қалыптасқан жүйе, сала бойынша бейнелеу, өмір шындығынан көркемдік өнерге тән көркемдік шындық жасау әдісі.

Әдебиет теориясының тағы бір білгірі, академик З. Ахметовтің пікіріне жүгінсек, ол: «...Жазушының өмірде нақты болған, яки болатын жайларды, өмір құбылыстарын тірек етуі немесе өмірдің өзі қандай болуы қажет деген өз ой-түсінігіне сүйенуі... Көркем әдебиет пен өнердің бүкіл даму тарихында әр дәуірде әр түрлі нақтылы сипат алып, үнемі бой көрсетіп келе жатқан негізгі екі көркемдік әдіс – романтизм мен реализм деуге болады» [125, 186 б.] деп, анықтама береді. Академик З. Қабдолов осы екі әдістің бірі романтизмді «ерекше жағдайда ерекше характер жасау жолы» ретінде түсіндірсе, реализмді «детальдар шындығымен» қоса «типтік жағдайда, типтік характер жасау» жолы ретінде түсіндіреді.

Әрине, әдістердің өзіне ғана тән ерекшеліктері мен қолданыс-тәсілдері жетерлік. Бірінде алдыңғы қатарға кейіпкерлердің биік рухын, асқақ арманын биіктете көрсету шықса, екіншісінде нақтылық – өмірдегі қарапайымдылық пен шындықтың астасып келуі, осыдан кейін көркемдік шындықтың тууы негізге алынады. Қалай болғанда да бұл екі әдіс жазушының, ақынның өмірді өзінше көріп, өзінше түйіндеуінен мұрат табары анық.

Алайда, академик З. Ахметовтің пайымдауынша, екі әдісті «бір-біріне түгелдей қарама-қайшы нәрсе» деп қарауға болмайды, «оның бірі бар жерде, екіншісі жалғаса жүреді». Олар үнемі бір-бірімен жалғасып жатады. Бір творчестволық тұлғаның шығармаларынан романтизмнің де, реализмнің де іздерін тануға әбден болады. Түрлі әдеби ағым-бағыттар «қалайда осы екі әдістің біреуін тірек етеді». ХХ ғасыр басындағы әдеби бағыттардан да осындай бірлікті таба аламыз.

Жаңа ғасыр басындағы әдебиетте осы екі әдіс қабаттаса, қанаттаса көрініс тапты. Бір қатар ақын-жазушылар өткен баба ерліктерін асқақ рухпен жырлап, болашақ күнге қиялшыл сезіммен қараса, екінші бір топ өз дәуіріндегі өмір шындығын нақты сипаттап, өткір сынай білді. Ш. Құдайбердиев, С. Торайғыров, М. Жұмабаев, М. Дулатов т.б. шығармалары бұған нақты дәлел бола алады. Махамбет, Шәңгерей шығармашылығынан айқын көрінген романтизм рухында Мағжан өзінің сыршыл да сұлу жырларын туғызып, әсем де асқақ ойларының ажарын ашты. Қазақ әдебиеті тарихындағы «ақтандақтар ақиқатын» ашқан профессор Т. Кәкішев «Әр дарынның тарихта өз орны бар» деген мақаласында: «М. Жұмабаев қазақ әдебиетінде романтикалық арнаның негізін қалаушы деп тауып, өзіндік мектебін жасағанын именбей айтуымыз керек. Мағжанның ақындық мектебін айтқанда, Бернияз Күлеев, Ғұбайдұлла Балақадыровты алғашқы «шәкірттері» қатарына қосып, «окта-текте дәріс тыңдағандар» ішінде І. Жансүгіров, Қ. Аманжолов, Ө. Тәжібаев қана емес, осы күнгі «сырттан оқыған» көп ақындардың біразын» [132, 208 б.] жатқызуға болады деп түйіндейді.

Романтизм Шәкәрім, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Ахмет шығармашылықтарынан да көрініс тапты. Романтизм әдісінде жазылған деп Шәкәрім поэмаларын, Міржақып, Ахметтің, Сұлтанмахмұттың азаматтық лирикаларын атай аламыз. Ахаңның:

Я, құдайым! Аққа жақ!
Өзіңе аян, мен нақақ.
Аққа деген жолымның,
Абыройын ашпай, жап...
Мені ұстатып, айдатып,

Зығырданды қайнатып,
Масайрасып, маз болып,
Қуанғанды өзің тап! [129, 32-33 б.], –

деген жолдары, немесе Мағжанның:

Ерте күнде отты күннен Гун туған,
Отты гуннен от боп ойнап мен туғам.
Жүзімді де, қысық қара көзімді,
Туа сала жалынменен мен жуғам [133, 52 б.], –

деген шумағы бар отты өлеңі – XX ғасырдың бас кезіндегі романтизмнің басты көріністерінің бірі. Мұны Сұлтанмахмұт, Шәкәрім, Бернияз т.б. шығармашылықтарынан байқауға болады.

Қандай бір әдебиетте болмасын, романтизмнің жалпылық ортақ қасиеттері көрініс табуымен бірге, әр елдің тарихи-ұлттық дамуына орай өзіндік қалыптасу ерекшеліктері болатынын естен шығарып алған тұстарымыз болғанын жоққа шығара алмаймыз. Қазақ әдебиетіндегі романтизмнің пайда болуы жалпыұлттық қалыптасудың тарихи негізінен нәр алады. Ол – елдікті, ұлттық тұтастықты сақтау жолындағы күрес пен отаршылдық езгіге қарсы күрес идеясының тікелей жемісі. XX ғасыр басындағы ақын-жазушылар жеке тұлға бостандығын көрсету арқылы, халық бостандығын жырлады. Осы жолда жеке трагизм арқылы ел қайғысын, ел басындағы қасіретті көрсетті. Мұны біз екіге бөліп, романтизмді революцияшыл, өршіл және реакцияшыл, кертартпашыл тауып, біріншісін ақтап, екіншісін қараладық. Қалай болғанда да романтикалық шығармалардың басты міндеті – ескілікті жырласа да, бір кезде еркін ел болып, Ертіс пен Еділдің, Орал мен Алтайдың аралығын ен жайлаған замандарын еске салып, ұлтының рухын көтеру.

Романтик-жазушы өз алдына тарихи шындықты немесе өмір шындығын дәлме-дәл суреттеуді басты міндет етіп қоймайды. Ол үшін, ең бастысы – тарихқа, өмірге деген өз көзқарасын таныту. Өзі жасаған өмірдің көркем образдары арқылы өз идеялын, өзі қабылдамаған ортаның болмысын жеткізу. Сондықтан да мұндай шығармаларда ақын-жазушылар өзі өмір сүрген қоғамындағы қалыптасқан қатынастарды сынап, сол қатынастарды өзгерту-

ге ұмтылған кейіпкерлер іс-әрекеті шығарманың бүкіл жүйесін құрап, олардың ерекше тұлғасына тәнті етеді.

Автордың өмір шындығына, айнала қоршаған ортаға өзіндік қатынасын білдіретін мұндай кейіпкерлер ерекше өткір сезімдерімен, өзі өмір сүрген қоғамдық-әлеуметтік заңдылықтарға өзгелердей мойынұсына қоймайтын жігер-қайратымен ерекшеленеді. Олар айналасындағылардан үнемі жоғары тұрады. М. Сералиннің «Топ жарғанындағы» Адай жігіт, Шәкәрімнің «Еңлік-Кебегіндегі» Еңлік, Міржақыптың «Бақытсыз Жамалындағы» Жамал, Мағжанның «Батыр Баянындағы» Баян – міне, осындай кейіпкерлер. Олар көбіне жалғыз күреседі. Жалғыздық мәселесі ірі жанрлар емес, майда жанрларда да көрініс тауып, автордың ішкі жан-дүниесімен қабысып жатады. Әрине, ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде романтизм түгелдей бір әдеби бағыт ретінде бой көрсеткен жоқ, ол жеке ақын-жазушылардың жеке шығармаларында, тіпті жеке образдар бойынан бейнелі бедер тапты десек, жаңылыспаймыз.

«Әдеби әдіс – қатып қалған қасаң (догмалық) қағидалар қосындысы емес, уақыттың көркемдік концепциясы», – дей келіп, академик З. Қабдолов сыншыл реализм өмірдің даму заңдылықтарына орай дәуір тынысына байланысты туатын құбылыс екенін айтады.

XIX ғасырдағы жаңа өзгерістер жұқтырған жат қылықтарды, ескіліктің өмір көшіне ілесе алмаған кейбір құбылыстарды сынаудан бастау алған қазақ әдебиетіндегі сыншыл реализм сипаты Абай шығармашылығы арқылы биік көркемдік әдіс ретінде қалыптасты. Бұл әдістің басты ерекшелігі – адам характерінің әлеуметтік жағдайларымен тығыз байланыста ашылуы. Мұнда әлеуметтік өмірді талдау адам жан дүниесіне тереңдеп бойлау арқылы жүзеге асырылады. Бұл тұрғыдан алғанда, романтизм мен сыншыл реализм арасындағы байланыс барлығы айқын. Яғни сыншыл реализмнің пайда болуының негізі романтизм арқылы жүзеге асты. Жеке адам тұлғасының ішкі болмысына ену, оны өмірмен тығыз байланыста көрсетуге итермеледі.

XX ғасыр басындағы әлеуметтік өзгерістерге байланысты жаңа сатыға көтерілген қазақ жазба әдебиеті өмірдің қатқабатына терең бойлап, қоғамдық әлеуметтік қайшылықтарды

ашуға ұмтылды. Россиядағы саяси хал-ахуал, қазақ зиялыларының саяси көзқарастарының қалыптасуы сыншыл реалистік әдістің әдебиетте жетекші әдіске айналуына әсер етіп қана қоймай, осы саладағы әдеби дамуға негіз қалады.

Сөйтіп, сыншыл реализм XX ғасыр бас кезіндегі әдебиеттің көрнекті өкілдері Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Мұхамеджан, Сұлтанмахмұт, Мағжан т.б. дарынды өкілдерінің өнерпаздық-шығармашылық қызметіндегі басты көркемдік әдіс болды. Олардың барлығы да қазақ елінің дертті мәселелерін тілге тиек етіп, қоғамдық өмірдің көлеңкелі тұстарын ашып көрсетті.

XX ғасыр басындағы сыншыл реализм оқу-тоқусыз, мал соңынан ерген қазақ жастарының, елге тұлға бола алмай, ел тұлғаларын көре алмай, жез түйме мен шенге мәз болып, елін сатқан болыстарының, батыстың ұлттық болмысқа тән емес ерсі қасиеттерін бойына жұқтырғанына мәз болған оқыған-зиялыларының санқырлы образдарын жасады. Кесепатты, кесірлі, жағымсыз мінез-құлықтарды аямай сынады. Ащы да болса, шындықты айтты.

Сыншыл реализм әдісінде «Гүлкәшима», «Қалың мал», «Кім жазықты?» сынды шығармалар жазылды. Тек тың жанрлар ғана емес, төл жанр іспетті өлең-жырларда да жоғары дәрежедегі дүниелер туды. «Осы тілек пен талаптарға орай XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің жаңа, тың сипаттары пайда болғанын көреміз» [134, 22 б.]. Шағын жанрдағы реализм көбіне саяси, азаматтық лирикада көрінді. Бұл әсіресе Шәкәрімнің, Ахметтің, Міржақыптың қазақты «ояту» идеясы тұрғысынан жазылған өлеңдерінен айқын көрініс тапты. Жері тәркіленіп, санасын қараңғылық орап, отаршылдық торына шырмалған қазақ тағдыры бұрмасыз шындықпен жырланды:

Ахаң:

Қалтылдақ қайық мініп, еспесі жоқ,
Теңізде жүрміз қалқып, кешпесі жоқ.
Жел сокса, құйын қуса, жылжи беру,
Болғандай табан тіреу еш нәрсе жоқ [129, 21 б.].

Міржақып:

Ем таба алмай дертіңе мен ертеден,
Сол бір қайғың өзгермеді өртеген.
Тырп етпейсің бас көтеріп көрпеден [130, 56 б.] ...

деп, қазақтың сол тұстағы тұрмысын шыншылдықпен суреттеді.

Сұлтанмахмұт қаламынан көбіне әлеуметтік теңсіздік зардаптарын ащы айта білген шығармалар туса, Шәкәрім адамдық болмыстың сан-қырлы құпиясын аршып, адамдық белгісін әркімнің өз бойынан табуына үндеген тәрбиелік мәнді, өткір сынды шығармалар жасады. Мұны «Ашу мен ынсап», «Анық пен танық», «Сәнқойлар», «Ызақорлар», «Мақтау мен сөгіс», «Талап пен ақыл», «Бай мен қонақ», «Еріншек», «Қалжыңшыл қылжақпас», «Құмарлық» т.б. өлеңдерінің тақырыптары-ақ танытып тұр.

Мен қайғы жедім ғой.
Қапы өтті дедім ғой,
Қазағым, қам ойлан.
Сен де адам едің ғой [135, б.].

Бұл жолдар – бүкіл Шәкәрім шығармашылығына тән тұтас желіні танытатын ой-толғамдар.

XX ғасырдың басында саяси-әлеуметтік тақырыптарға кеңінен барып, әлеуметтік мәселелер туралы азаматтық сарындар толғантқан ақынның бірі – Нарманбет Орманбетов. Ақын шығармашылығының басты тақырыптары ағартушылық, азаматтық, ел тәуелсіздігі, саяси күрескерлік.

Ақынның ғылым, білімге, ағартушылыққа үндеген өлеңдері өте көп. Мұндай тақырыптағы өлеңдерінде («Ғылым туралы», «Ақыл бір алтынға ұқсас доп-домалақ» т.б.) оқу-білімнің, ғылымның білімділік пен ақылдылықтың адам өміріндегі орнын өте жоғары қояды. Нарманбеттің өмірдің түрлі құбылыстарын саралай отырып, өзінің ішкі толғаныстарын арқау еткен сан алуан өлеңдері («Қасіретті деген бір тау бар», «Көпті көрген көнемін» т.б.) бар. Ақын өлеңдерінде көбіне өмірдің нақты шын-

дығын көркем бейнелеуге және оны философиялық ой-тұжырымдармен түйіндеуге ұмтылады («Балалық күй», «Шал қайғысы», т.б.). Нарманбет поэзиясының басты жетістіктерінің бірі – онда отаршылдыққа қарсы үн көтерген азатшылдық сарынның көрініс табуы. Ол орыс отаршылдығының кесір-кесапатын терең ұғып, еркіндік жырын жырлаған ақын. Отаршылдық тұмшалаған сананың оянуын тілеп, «Оян, қазақ!» деп алғашқы ұран көтергендердің бірі – осы Нарманбет ақын. 1900 жылғы Дума сайлауы тұсындағы еркіндікте «Талап етер күн туды, Кел, ұйқыдан тұрайық» («Сахараға қарасақ») деп, ол алғаш боп сөз бастады.

Азатшылдық тұрғысынан келгенде, Нарманбеттің мақсаты айқын, бағыты анық. Ол – азаттыққа қол жеткізу. Кей-кейде ақынның бұған күмәнмен қарайтын тұстары да бар. Ондайда қайғы-мұңға беріліп, зар-заман ақындарының сүрлеуіне түсіп кетеді. М. Әуезовтің Нарманбетті зар заман ақындарының өкіліне санауы осыған байланысты болса керек. «Өтті-ау дәурен, Аңдып сырт, кетті-ау көңіл тына алмай» деген өлең жолдары осының куәсі. Бірақ бұл сарын Нарманбетте өте аз кездеседі. Ол – мұң-зардың емес, күрескерліктің ақыны. Өйткені ақын ел басындағы қасіретке кім кінәлі екенін тап басып тани біледі. «Айырылып қалдық қоныстан, Бекініп низам шықпай тұр, әлі бізге орыстан («Аждаһаның аузында») деген өлең жолдарында Нарманбет отаршылдық тұтқасы кімнің қолында екенін ашық та анық айтқан.

Нарманбет – шығармашылық болмысы терең, өнерпаздық өрісі кең ақын. Алуан түрлі тақырыптар ішінде ақынның жанынан жақыны – азатшылдық, күрес тақырыбы. Жалпы, ұлт-азаттық идеяны жырлаудың бастау көзінде осы Нарманбет сынды ақындар тұрғаны анық.

Осынау кезеңде ел санасын оятар ой айтқан ақын – Ғұмар Қарашев. Ол өз поэзиясында қазақ елінің мүшкіл халін қаз қалпында суреттеп бере алды.

Ақынның өлеңдерінде қазақ қоғамының күн тәртібінде тұрған көкейкесті мәселелері – әлеуметтік, отаршылдық саясаттың арам пиғылдары мен зымияндық іс-әрекеттері, жер мен ел мәселелері терең философиялық мағынамен көтеріледі. Отарлық саясаттың кері әсерінен дамымай мешеу қалған қазақ халқының мүшкіл халін поэзия тілімен көркем суреттейді:

Жеткен емей немене:
Мынау қазақ деген жұрт
Кең далаға жайылып,
Аңғырт өскен ел едік,
Кезінде елмен тең едік.
Күні бүгін болғанда
Ол қоныстан айрылып,
Қанатымыз қайрылып,
Қажып тұрған ел едік [136, 79 б.].

Ғұмар Қарашев ХХ ғасырдың басында қазақ халқының пайдалануынан отарлық қорына 45 млн десятина жерді күшпен тартып алғанын, елді үркітіп-қорқытып құмды, тұзды жерлерге мекен етуге мәжбүр еткенін ашына жазды.

Негізінде Ғұмар Қарашев қазақ қоғамына дерт болып енген ұлттық езгі мен теңсіздіктің кең канат жаюын, өз ұлтының саяси биліктен және жерден айырылуымен тікелей байланыстырып қарайды. Қазақ халқының жерге деген меншік құқығының жоғалтуын оны ұлттық езгінің тепкісіне тастап, теңсіздікті заңдастырған әлеуметтік-саяси көріністерге өзінің әділ бағасын беріп, жан даусымен өз пікірін білдіреді. Бұл ілгерідегі Мұраттан келе жатқан тақырып сарындастығын танытады. Ақын «уақытша ереже» атты құқықтық құжаттың негізінде қазақ жерін талан-таражға салған патша өкіметінің аграрлық саясатын былай деп көрсетеді:

Борап жатқан бір топырақ
Ірге жаяр жері жоқ.
Сол топырақтың ішінде
Үйін тіреп қояды.
Алақандай қатқыл жер тапса,
Өңшең жыртық қараша үй
Сол араға толады.
Шағаладай шаңырақ боз үйлер
Бетегелі бұйра, ну жерлер
Бәрі кетті қазақтан
Не дерге мұны болады [136, 45 б.].

Ғұмар Қарашевтың бұл сарындағы көзқарасы, XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтармен бірлікте екенін анық байқаймыз.

Қазақ қайраткері, қазақ қоғамының озық ойлы өкілдерінің бірі ретінде қазақ сахарасына енгізілген әкімшілік басқару жүйесін өз тарапынан қатаң сынға алады. Оның пікірінше, қазақ халқының даму сатысын, шаруашылық жағдайлары мен әдет-ғұрпын мүлдем ескермей қабылданған заң жүйесі, қазақ халқына одан бетер отарлық басқарудың күшеюіне әкеп соқтырды, ішкі шиеленістерді ушықтыра түсті. Соның тікелей салдарынан, қазақ жерінде саяси билік жүргізілуі Ресей империясының мүддесіне қызмет етті. Ал ол мүдденің ең басты мақсаты – «бөліп ал да билей бер» саясаты еді. Ғұмар Қарашев қазақ халқының орыс отарына айналуының салдарынан, құқықтық тәуелсіздіктің қазақ даласына кең етек жайып, адам құқығының аяққа тапталуын, бассыздықтың жайылуының ең сорақы көрінісі ретінде бағалайды.

Ақын «Аға тұлпар» жинағында Ресейдің қазақ халқының арасына іріткі салған сайлау институтын, орыстың «бөліп ал да, билей бер» саясатын түсінбей, партияшылдыққа бөлініп, атақ-дәреже, билік жүргізу, пара алу, лауазым үшін халқын сатқан болыстарды қатаң сынға алады. Ақын бұл ойын «Заман жайынан» деген өлеңінде былайша көрсетеді:

Заманның азған шағында
Мұндай да мұндай хал болды.
Ел ағасы паң болды.
Адалдық, ақтық білмейді,
Ары, діні мал болды.
Елге намыс келтірді,
Ерді шағып өлтірді,
Алым пара ақы үшін
Жетім-жесір жылатып,
Аз ғана күндік бақ үшін
Халқын сатып құл етті [136, 79 б.].

Ғұмар Қарашев өз халқының осындай ауыр күйде отырғанын көрсе де көрмегендей тоғышарлық күй кешіп жүрген басшыларына күйінеді. Ақын өз ыза кегін төмендегі жолдармен көрсетеді:

Ел ішінде осы күн
 Алымнан басқа ақы жоқ,
 Жұрт жайында қамы жоқ,
 Сыңартың бұқа пішімді
 Әкімге қалған күн құрысын.
 Ғәріптерді олжалап,
 Өсім алып мал жиған,
 Осы күні қалтылдақ
 Байларға қалған күн құрысын [136, 110 б.].

Ақын бұл өлеңінде бір кезде халқы сеніп, үміт артып қойған басшылардың бүгінде ел қамынан гөрі өз қарын қамын көбірек ойлап жүргеніне қынжылады. Сол себепті байлықтың буымен адамдық, ардан безген басшыларды аямай сынаиды. Ақын осы өлеңдері арқылы елдегі азаматтардың намысын оятуға тырысады. Сондай-ақ елдің түзелуі тұлғаға байланысты екенін былайша айтады:

Су басынан тұнады
 Өрт алдынан сөнеді.
 Басшылардың жүрегін
 Адалдыққа асық ет [136, 84 б.].

Ғұмар Қарашев қазақ халқының қараңғылық шырмауынан отаршылдық құлдықта жаншылып отырған ауыр күйін бірнеше өлеңдеріне арқау еткен. Ақын бір жағынан қазақ жастарын оқуға, білімге талапты іскерлікке, өнімді еңбекке, кәсіпке шақырса, екінші жағынан халықтың тарихындағы ерлік дәстүрді жырлап, Сырым сияқты батырлардың ерлігін үлгі етіп ұсынады:

«..... Ойдағыға жете алмай
 Ешбір лаж ете алмай.
 Екі көзден жас парлап,
 Налып тұрған кезіміз,
 Бізге дағы күн туып,
 Жігерленіп бел буып,
 Ашылар ма екен көзіміз.
 Кейінгі қалған қозымыз
 Жарық көрсе игі еді.

Жойылмаса игі еді,
Артта қалған ізіміз»[136, 84 б.], –

деп халықтың бостандық жөніндегі арманын жырлай отырып Ғұмар жастарды халқын сүюге, халықпен мақсаты айнымас бір болуға шақырады. Осы мақсатпен ақын өз ойын «Жаңа шыққан жастары» деген өлеңінде ашық білдіреді». Ел мен ер бір туыс, бірінен-бірі айырылмауға тиіс. Егер ажырасып қалса, ер де, ел де бақытсыз», – деп өзіндік пікір айтады:

Бақ дәреже тап болса,
Ел не керек деменіз
Халық деген қауымың,
Қаны бірге бауырың,
Бір туып, бір кететін
Жаны бірге денеңіз.
Жаны бірге денеңді
Сүйенер күндер туғанда,
Сүйеу беріп, деменіз [136, 84 б.].

Тіл сауырлы бітік жердің қадір-қасиетін біліп, қадірлеп, оған қожа боп, иелік қылу қажеттігін де патриот ақын естен шығармайды. Жер-ананың төсін еміп, тел өскен ерлер, оны ата-анасындай қорғауға тиіс деп біледі.

Мәдениет пен өнер, әділдік өріс алмаған жерде дүлей қара күштің ғана үстемдік ететіні мәлім. Революцияға дейінгі қазақ даласында жағдай дәл осындай болды. Арын, адамдығын, байлығын сатып билікке таласпаған, сүйтіп бүкіл елге әмірін жүргізуді көздемеген бірде-бір ауқатты қазақ болған жоқ десек, асыра айтқандық болмайды.

Ақын қоғамдық залалдықтың барлығын надандықтан көреді, ол надандықтың өзін ынтымақсыз жалқаулықтың салдары деп таниды. Сондай-ақ Ғұмар Қарашев жер-судың тарылып бара жатқанын осы білімсіз отырғанымыздың нәтижесі дейді. Егер өнерлі білімді халық болсақ мұндай күйге душар болмас едік дегенді айтқысы келеді. Осындай ауыр жағдайдан құтылудың бір амалын халықтың ұлттық санасын, намысын біліммен көтеріп, ғылымды терең меңгерумен байланыстырады.

Ел өсер, халық құралар ұл мен қыздан,
 Оқытсаң үлес алар ғалымдықтан.
 Оқытпай ұлын, қызың бос қалдырсаң
 Болуы халықтың надан сол себептен [136, 22 б], –

деп ақын халқына білім мен өнердің қадірін түсіндіреді. Сондай-ақ, ақын өлеңдерінде ата-бабадан келе жатқан жалқаулықты тастап, түгел ердің жолдасы болып, ғылым, өнер жолына түсіп, бөтен жұрт үлес алып жатқан дүниеден бізге де үлесімізді алу керек деген ойға меңзейді. «Басқа бірсыпыра ақындардың шығармаларымен салыстыра қарағанда Мұштак ғылым-білімді насихаттау тақырыбына ерекше байсамдылықпен, ақылдылықпен келді», – деп жазады Әнуар Дербисалин «Қазақтың октябрь алдындағы демократиялық әдебиеті» деген еңбегінде. Мысалы:

Баланы жастан үйрету, жақсы үйрету,
 Әркімнің өз басына міндет шырақ.
 Өзіңе міндет істі ада қылмай
 Тәңіріні жазғыруың жолсызырақ [136, 68б.], –

дейді ақын бір өлеңінде. Шумақтың ішкі мазмұнына тереңірек үңілсек, ақын аса бір маңызды мәселені көтеріп отыр. Автордың айтып отырғаны балаңды жасынан бастап оқыт, ол сенің парызың, сол парызды өтей алмағаныңды кейін басқаға жаппа, тәңір солай жазды деумен құтыла алмайсың деген пікір. Ғұмар Қарашев тағы бір өлеңінде:

Ер болсын, әйел болсын білім білсін,
 Жолды бұл заманында алар білген
 Қай елдің ұлы-қызы болса надан
 Сол елдің ырысы қайтып, бағы тозған [136,70 б.] , –

деп жазды. Оның өнер, білім тақырыбына жазған көп өлеңдерінде байқалатын ортақ бір көрініс ақын ұл мен қызға бірдей білім беру мәселесін көтереді, мұнсыз мәдениетті елдердің қатарына теңелудің мүмкін еместігін көрсетеді.

Ғұмар өз халқының отаршылдық езгі мен ұлттық каналушылыққа қарсы бас көтере алмай жатқанының себебі – білімсіз

отырғанымыздан деп біледі. Сөйтіп, халқын жаппай білімді болуға шақырады: Ақын «Заманның адамы» дейтін өлеңінде:

Тіршілік керек жігіттер,
Түспей тұрып шойынға
Қылдан еспе бұғалық.
Мойынға түссе қыл арқан,
Пайда бермес сол күнде,
Қырық рет шықсаң дұғалық,
Дұғалығы бұл жолдың
Ғылым болса керекті [136, 87 б.], –

деп ақын үлкен мәні бар ой қозғайды. Ғұмар адамның адамдық қасиеті, адамдық мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі тәңірдің қолында емес, адамның өзінде. Адам аң да болуға, адам да болуға жарайды. Жаратылыстың жасырын сырына неғұрлым сұғынымпаз болса, адамның тіршілігі соғұрлым көркейді. Ал жаратылыстың сырынан қашып, өз басымен, өз денесімен әуре болса, онда адамның тұрмысы кері кетеді. Бұл жерде ақынның айтайын деген ойы анық көрініп тұр. Өнер-білім арқылы болашақта өркениетті елдер санатына қосылуға болатынын айта келіп, ақын халқын өнер-білімге шақырады. Білімсіздіктің пайдасыз, халыққа залалды жағын өлеңдеріне негіз етіп, халықтық ой-санасына қозғау салады. Ақын ойын мына жолдармен толықтырады:

Қай елдің ұлы-қызы болса надан,
Сол елдің ырысы қайтып, бағы сөнген.
Надандық қайыры жоқ ол бір кесір,
Еш халық оңа алмайды оған ерген.
Бұл сөзге мойын қояр, бойын ұсынар,
Ақтарып тарихтың жүзін көрген [136, 70 б.].

Ғұмар Қарашевтың бұл өлеңі Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңдеріне ұқсас айтылып, өзіндік ой-толғамдарымен толықтырып, өлең құрылысын өзіндік қолтаңбасымен өрнектеуі емес пе? Ғұмар Қарашевтың қалам тартқан қай жанрын алсақ та, мейлі ол пәлсафалық ой-толғамдары болсын, көркем прозасы немесе

өлеңдері болсын, барлығында да өзін жәй ғана замана жаршысы ретінде ғана көрсетіп қоймай, ондағы келеңсіз құбылыстарды ашып бейнелеу арқылы оқырманды одан жерітіп, шығар жолды нұсқаумен ерекшеленеді. Оның бір бағыттаған бағдары ұлттың азаттыққа жету жолы еді. Ол оны өз өлеңдерінде жүзеге асыра алды.

Жалпы, XX ғасырдың басындағы түрлі әдеби бағыт өкілдері Абай негізін қалаған сыншыл реализмді одан әрі дамытып, тың табыстарға жетті. Ұлы ақынның қазақ қоғамындағы келеңсіз жайттарды сынай отырып жасаған өлмес образдарын өз заманында пайда болған тың бейнелермен толықтырды.

Әдеби шығармалар романтизм және сыншыл реализм әдісінде жазылып, «оянуды» арқау еткен оқу-ағарту, әйел теңсіздігі, надандық сияқты қазақ қоғамының дертті мәселелерін тақырып етіп алумен қатар, азаттық, күресшілдік сияқты үлкен идеяларды қозғады, әлемдік әдебиет жеткен биік өрені бағдарлады.

XX ғасыр басындағы қазақ ақын-жазушылары жазба әдебиеттің дамып, әлемдік әдебиеттер қатарына қосылуына, жаңа жанрлардың игеріліп, мазмұн мен пішіннің бір-біріне сай бірлікте болуы жолында еңбек етті. Көрнекті шығармашылық тұлғалар көркемдік деңгейі жоғары туындылар тудырып, олар кейінгі асқар биіктерге жол ашқан шығармалар болды.

2.3. Ағартушы ақындар поэзиясындағы отаршылдыққа қарсы күрес идеясының көрініс табуы

XX ғасыр басындағы әдебиетте отаршылдыққа қарсы күрес идеясын өз шығармашылығына арқау етіп, ұлт азаттығын өлең жырларының негізгі тақырыбы ете білген ақындардың алғашқы легі бұл, әрине, діни-ағартушы ақындар. Бұл бағыттағы ақын-жазушылар негізінен діни білім алып, шығыстық өркениетті мұрат тұтқандықтан замана сыры, қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерге сол көзқарас тұрғысынан қарайды. Бұлардың шығармашылығында ел қамын ойлаған тынышсыздану, халықты қайтсем түзу жолға салам деген қиналыс бары рас, бірақ бұл халден арылар нақты жолды олар түптеп көрсете алмады. Өз заманына қарай ілгерішіл ой-пікірлері мол болғанымен, кейбірі көбіне біржақтылыққа бой ұрып, жалаң түрдегі діншілдікті насихаттау жолымен кетті.

Діни-ағартушы бағытта шығармашылық мүмкіндіктері әр түрлі ақындар еңбек етті. Бірақ шығармасының мазмұны, түрі әрқилы, идеялық көзқарастары сан алуан, шеберлік деңгейі түрліше болғанымен, бұл бағыттағы ақындарға тән бірнеше басты белгілер бар. Бірінші белгісі, бұлар – діни мектептерде оқып мұсылманша білім алған ақын-жазушылар. Олардың орыс оқуымен, орыс жазушыларының шығармаларымен атүсті ғана таныстығы болды. Екіншіден, бұлар – шығыс әдебиетін, оның түрлі әдеби мектептерін жетік біліп, озық үлгілі дәстүрін, көркемдік тәсілдерін өз бойына үйір етіп, өз шығармаларын сол деңгейде жазуға талпынғандар. Үшіншіден, бұлар қаршадайынан діни тақырыптағы шығармаларды, ертегі-аңыздарды, қисса-дастандарды жаттап, ондағы кейіпкерлерге еліктеп, сондағы өсиет-өнегеге тұшынып өскендер. Кейін құрғақ еліктеуден, мағынасыз жаттаудан құтылып, діни ілім-білімге бой ұрып, іздегендерін дін жолынан тапқандар. Төртіншіден, бұлардың көпшілігі ірі медреселерде білім алып, Ташкент, Бұқара, Қазан, Стамбул сияқты діни орталықтарда болып, ислами әдебиеттің классикалық үлгілерімен танысып, діни ілімнің қыр-сырын жетік меңгергендер болуы.

Олар – діни ағарту тұрғысынан ұлттық поэзиямыздың өресін биікке көтеріп, әдебиет тарихында өзіне ғана тән ақындық қолтаңбасын қалдырған өнерпаздар. Осы аталмыш ақындар шығармашылығында алғашқы азаттық идеялары бой көрсете бастады.

Солардың бірі – осы діни-ағартушы бағыттың көрнекті өкілі – Мақыш Қалтаев. Ол өз шығармаларында жалпыадамзаттық имандылыққа көбірек үндейді. Дінді адам жанының рухани тазаруы ретінде ұсынады. 1907 жылдан бастап шығармашылықпен айналысып, 1907-1913 жылдар арасында сегіз кітап шығарған. М. Қалтаев XX ғасырдың басында ең көп кітап жазған ақынның бірі болып табылады.

М. Қалтаевтың «Қалтайұлының қазақ ахуалынан бәхас еткен манзұмасы» (1907), «Қазақтың айнасы» (1910), «Біраз ғибрат сөз» (1910), «Насихат қазахия» (1911), «Бар оқиға» (1912), «Тура жол» (1912) атты жинақтарының тақырыптары ортақ, бір сөзбен айтқанда, қазақ жайы. Татар ақындары З. Кәрими мен Ғ. Рашидиден аударған «Айна», «Сақ-сұқ» өлеңдер жинағы бар. Бұл аудармаларда ақынның өзіндік қолтаңбасы айқын сезіліп тұрады.

Діни көзқарас жетегінде бола тұра, Мақыш – өз кезінде замана шындығын дұрыс пайымдай білген ақын. Оның жинақтарына енген өлеңдерінен («Аплотондай адамдар кедей болып» т.б.) қазақ қоғамына төнген қасіретті жете сезінгенін байқаймыз. Ақын сондықтан да дүние, тіршілікке өз көзқарасын білдіріп, өлеңдерінде дінитаным арқылы ой қорытуға ұмтылады. М. Қалтаев өлеңдерінде ұлттық мүдде жоғары қойылып, Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілік ерекше шабытпен жырланады.

Жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде саналуан өнерпаз тұлға еңбек етіп, әрқайсысы өз дарынының биігінен әдебиетімізге шама-шарқынша үлес қосқаны белгілі. Олардың ішінде оза шапқан жүйрігі де, кейіндеу қалған шабаны да кездеседі. Бірақ кеңестік кезеңде дүлдүліміз қарабайырға, қойторымыз жүйрікке айналып шыға келгені жалған емес. Өйткені замана талабы сондай болды. «Ақты ақ, қараны қара» деп айта алмадық. Жалтақтық «жан серігімізге» айналды. Әдебиет әлемінің жұлдыздары Ахмет, Міржақып, Мағжан саясаттың құрбаны болса, Мақыш, Мәшһүр Жүсіптер идеология сойылын соққан солақай сыннан көз ашпады. Соңғылары ұстанған наным-сенімдерінің, содан нәр алған өзіндік танымдарының құрбанына айналды. «Екінің бірі – ақын, екі өлең жазған ірі ақын» демекші, екі өлең жазып, бір кітап шығарғанды «бұлбұл» танып, алты кітап шығарған Мақыш Қалтаевты «ала қарға» атандырдық. Жазығы не десек, жазығы дінді уағыздап, діни танымды негізге алып ой айтуы.

1959 жылы Алматыда өткен қазақ әдебиеті тарихының мәселелеріне арналған ғылыми-теориялық конференция қаулысынан кейін М. Қалтаев шығармашылығы ХХ ғасыр басындағы әдебиет тарихын зерттеуші ғалымдардың назарына іліге бастады. Мақыш Қалтаевтың шығармашылығы енді-енді ғана күрделі ғылыми-зерттеулерге арқау болып келеді.

Жалпы, шығармашылығы туралы алғаш сөз қозғаған әдебиетші ғалым Бейсенбай Кенжебаев. Ол «Әдебиет және искусство» журналында жарияланған «Мақыш Қалтаев» атты мақаласында: «Мақыш – молда ақын. Оның дүние тануы, көзқарасы – діни. Мәселені талдау, түсіндіру әдісі шариатша, мысалдары, дәлелдері көбіне шариаттан, діни кітаптардан алынып отырады» [137], - дейді.

Мақыш Қалтаевтың шығармашылығының басым бөлігі – поэзия. Мақыш – замана-дәуірдің құпиясына үңіліп, құбылмалы дүниенің болмысын тануға ұмтылған, соны өз поэзиясына арқау ете білген ақын. Ол сан тарау тақырыпқа барып, олардан өзара байланыс тауып, бір желіге біріккен бірлік іздей білген ойлы ақын. Жырларын оқымай жатып, мансұқ еткен сонау бір тұста кейбіреуге Мақыштың көр-жерді өлең етіп, жоқтан бар жасаған ақындай боп көрінгені рас, бірақ үңіле қарап, зерделей оқысаңыз, Мақыш поэзиясы әсте олай емес. Ол – ілімі мен білімін өзі көтерген тақырыпқа арқау ете отырып, айтарын тереңнен тартып айтқан шығармашылық тұлға. Ақын шығармашылығында шығыс поэзиясына тән өмір мен өлім, кәрілік пен жастық, жақсылық пен жамандық, достық пен қастық, білім мен надандық туралы мәңгілік егіз, салыстырмалы тақырыптар бой көтерген. Ол бұл мәселелердің бәрін де дін жөнімен сөз етіп, діни ұғым тұрғысынан түсіндіреді. Бір сөзбен айтқанда, қарапайым да ойлы діни насихат айтады. Сондықтан да біз Мақыш Қалтаевты Б. Кенжебаев дәл танып, тауып айтқандай, «діни ақын» [138 54 б.] деп білеміз. Оның өлеңдеріне арқау болған бар тақырыптың түйісер тұсы – дін. Мақыш барлық нәрсеге өзі жеткен биіктен, яғни діни ілім биігінен қарайды. Сол арқылы түйсінеді, сол арқылы түсіндіргісі келеді. Мәселен, «Қалтайұлының қазақ ахуалын бәйіт еткен манзұмасы» (1909) дейтін алғашқы кітабының өзінен-ақ бұл анық көзге түседі. Ақынның қоғам, дүние, ғылым, өнерге деген көзқарасында өзіндік ой-тұжырымы бар:

Мал-жанымнан қылмаймыз дінге пайда,
Хан сегіз ұжымақ бізге қайда!
Дін жолына малменен ихсан қылса,
Себеп болып дін миллат кетер алға [139 18 б.].

Мақыш ең басты мәселе ретінде діни ұстанымды алып, ағартушылық көзқарастарын сол арқылы білдіруге, қазақ арасындағы мәселелердің шешімін дін жолымен табуға ұмтылады. «Ұлттың, мемлекеттің өркендеуіне тек шариаттың ақ жолын ұстану, дін қағидаларын құрметтеу арқылы жетеміз» деген ойды айтады.

Нағыз ақындар өзі өмір сүрген заманына көп жағдайда көңілі толмай, оның мінін ашып, келеңсіз жайттарын сынап отырған.

Бұл жағдай Мақышқа да жат емес. Өйткені ол – өз заманының перзенті. Сондықтан өзі байқап, көріп отырған қоғамдық ортаның кері кеткен тірлігін оның сынамауы мүмкін емес еді. Екіжүзділікті «иманына» серік еткен ишан, хазірет, қожа-молданың оның қаламының қырына ілігуі, сөйтіп, ащы сынның астында қалуы осыған байланысты.

Ол хазірет дін сатқан ел аралап,
Дұғасын алмағандар болар харап.
Дұғасын алмағанды тозаққа атып,
Алғанға ұжмақ берер анық қалап.
Көзін жұмып, таспигын тарсылдатып [139 27 б.].

Ақын өлеңдері арқылы діни уағыз айта отырып, дүние-тіршіліктен алшақ кетпей, бақилық шындықтан, фәнилік шындықтың болмысын ашады. Аллаһты адамға қуат берер рухани күш деп біліп, тіршілік тірегі – іс-әрекет, ізденіс деп түсінеді. Діни-философиялық түйіндері көбіне қарапайым қазақи ұғыммен астарлас болып келеді.

М. Қалтаев шығармашылығына тән басты ерекшелік адамдық. Адамгершілік қасиеттерді ардақтап, жалпыға ортақ ілгерішіл ойды қолдайтыны. Мақыш – өмірден түйгендерін, оқыған-білген нәрселерін қарапайым қазақи тілмен жеткізіп, оны ұйқас ырғаққа түсіріп, көркем жазуға бейім ақын. М. Қалтаев поэзиясының идеялық маңызды мазмұн байлығы көбіне уақыт тынысын тап басып замана құбылысын дәл танып, өз өлеңдеріне күрделі ойларды арқау еткен пікірлер қозғайтындығымен құнды.

Жалпы алғанда, М. Қалтаев – өз дәуіріндегі күрделі мәселелерді қозғап, халықты оятуға күш салып, өнер-ғылымды насихаттап, ағартушылық әдебиетке елеулі үлес қосқан ақын.

Әр заманның өзіне лайық, өзгеден ойы озық, өресі биік дара тұлғаларының болғаны тарихтан белгілі. Міне, өзі өмір сүрген кезеңдегі теңсіздікке, әділетсіздікке қарсы ақындық үн көтеріп, өзіндік көркем туындыларына өзек еткен сондай ақындардың бірі – Нұржан Наушабайұлы. Нұржан – заманында ит жүгіртіп, құс салған, жүйрік баптап бәйгеге қосқан айтулы сері әрі бағы барда күреске түсіп балуан атанған, термелетіп жыр төккен, сөйте жүріп, әуейіленіп кетпей, салиқалы ой айтқан көшелі ақын.

Міне, бір бойына осындай алуан өнерді тоғыстырған, өз заманының өнерпазы Нұржан Наушабайұлы шығармашылығын алғаш зерттеп, ғылыми пікір айтқан С. Мұқанов, Е. Ысмайылов, Б. Кенжебаевтар болса, Ә. Дербісалин, Ш. Сәтбаева, Ш. Жармұхамедов, Б. Әзібаева сынды ғалымдар оны кеңейтті.

Б. Кенжебаев Нұржанның әдеби мұрасын басқа да ағартушы ақындармен салыстыра келіп: «Нұржанның бір өзгешелігі – ол өлеңдерінің көбін бұрынғы араб, парсы, шағатай ақындарының үлгі-стилінде жазады. Парсы, ескі кітаби сөздерді, діни арабша сөздерді көп қолданады», – деп, оның бір ерекшелігін осы тұрғыдан айқындай түседі [140, 53 б.].

Ал енді сан қырлы саңлақ таланттың өзіндік ерекшелігі өз заманындағы әр түрлі бағыттардағы ақындардан нендей қасиетімен дараланады, кімдермен қосыла сараланады дейтін болсақ, бұл оның дүниеге көзқарасы, өмір-танымы арқылы айқындалады. Ең алдымен, Нұржан Наушабайұлы – діни-ағартушы ақын. Ол – діни мектепте оқыған, дінге деген өзіндік танымы бар, бұл тақырыпты шығармашылығының негізгі өзегіне айналдырған ақын. Яғни Нұржан – діни ілімді көп оқыған ғұлама адам. Кезінде мұсылманша да, орысша да білім алғанымен, діни бағытты берік ұстанған. Ол дін арқылы бүкіл саяси өмірге араласып, саяси көзқарас қалыптастырып, дін арқылы ұлт теңдігіне ұмтылды, білімді уағыздады. Ақын білім мен адамгершілік қасиет дінді сүю арқылы келеді деп ұғынып, соны бүкіл жырына арқау еткен.

Ақынның көзі тірісінде үш кітабы жарық көрген. Оның алғашқысы – «Манзұмат қазақия (1903), екінші кітабы «Сапарғали мен Нұржанның жұмбақ айтысы» (1903), үшіншісі – «Алаш» жинағы (1910).

Ақынның ұзақ жылдар тек әдеби шолуларда ғана аты аталып келуінің басты себебі діншіл ақын деген атақ тағылып, кеңестік идеологияға жат ақын ретінде бағалануы еді. Бүгінде тәуелсіз ел ретінде өткенімізге ойлы көз салып, құлақпен ғана ұғып қоймай, жүректен өткізіп, көкірекпен көріп тұрған шақта көп нәрсеге басқаша қарай бастадық. Нұржанның мұрасын халыққа танытуда 1997 жылы бұрынғы «Алаш» атымен қайта шыққан ақынның толыққанды жинағының орны ерекше. Құрастырып, алғы сөзін жазған – Ақылбек Шаяхмет. Жинақтың да, құрастырушы еңбегінің де құндылығы – алғаш рет ақын мұрасының қазіргі жазу үл-

гісіне түсіріліп, оқырманды оның шығармаларымен толығырақ таныстырсам деген талпынысында. Әр кезеңдегі Нұржан ақын жайлы айтылған әдебиетші ғалымдардың, қаламдас, қоныстас адамдардың ой-пікірлерінен үзінділер беріліп, қысқаша алғы сөз жазылған бұл жинақ Нұржан Наушабаевтың мол мұрасынан мағлұмат бере алады.

Кезінде Нұржан ақынға әлеуметтік мәселелерді жырлауға бағыт, кеңес берген Ыбырай Алтынсарин екен. Ұлы ұстаздың ақыл-кеңестерін тыңдап, өзінің бағытын анықтап алған Нұржан ақын, кейіннен Ы. Алтынсаринге деген ризашылық сезімін білдіріп, оған өлең де арнайды:

Жұртыңнан екі жая Тіне, Қармыс,
 Әр ерлер өз тұсында алған алғыс.
 Бүркіттей ұя салған Римстанда,
 Талпынтып балапанын ұшты бір құс.
 Зәһарды балдан тәтті қылатұғын,
 Халыққа қамқор ондай ер болмады тұс [131, 74 б.], –

деп, ақын Ыбырайдың күллі қазақ баласының оқып, білім алуына тигізген әсерін дәлелдей түседі. Ұлы ағартушымен арадағы достық оның тіршілік мәнін терең түсінуіне негіз болады. Ол енді өмір, қоғам, адам деген ұғымдарға өзгеше қарай бастайды.

Ақын өз заманының көкейкесті мәселелеріне белсене араласып, насихат өлеңдер жазып, әлеуметтік жағдайды сөз етіп, өзінше түсіндірмек болған. Сондықтан Нұржанның өмір сүрген ортадан түйген білік-танымын жүйелей кету оның шығармашылық болмысын ашуға үлкен септігін тигізері сөзсіз. Ақынның өмір жолының шамшырағы – өнер-білім. Ол оны өз өмірінің мәні деп түсінген. Сол себепті де өмір бойы ізденіс үстінде болған ақын әр өлеңінде өнер-білімнің пайдалы екендігін үнемі айтып отырады. Оны толғандыратын екінші бір мәселе – замана жайы. Ол дүние азған заманда әділдік, ізгілік жолы қиын болатынын анық айтады. Сонымен бірге ескідегі «еркін», «тыныш» заманды қайтып оралмайтын арман етіп аңсап, өзі арқа сүйейтін тіректі ізгілік пен адамдық қасиетіне үндейтін дүниеден табады. Осыдан келіп Нұржан шығармаларында өткенге қайта-қайта жыр арнау, сұқтану, соны егіле жоқтау басымырақ.

Нұржан – шығармаларының әлеуметтік сипаты, көркемдік стилі жағынан алғанда, сыншыл-реалист ақын. Ол таза шығармашылыққа көшкен кездегі алғашқы өлеңдерінде өз заманына мұндана көз тастап, отаршылдық зардабын айқын аңғарған. Сондықтан да заман тозады, қоныс тарылады, ел билеген атқамінерлердің ниеті бұзылады деген сияқты уайым-қайғыға беріледі. Қазақтың шұрайлы жерінен айрылып, күштіден қысым көргенін, халықтың тіршілігі ауырлап, күн-көрісі қиындап кеткенін жырлайды. Ақынның жаны осындай тығырыққа тірелген жағдайдан шығар жол таппай қиналып, кімнен демеу күтерін білмей дал болады.

Күштінің әлсізді тырп еткізбей ұстап отырғанын, қоғамның құрсауы екенін меңзейді. Заманның теңсіздігі, жаппай етек алған әділетсіздік, әр адам өз орнын таппай, біреудің асып-тасып, байлыққа мастанып жүргенін баяндай келе, «заман-ай» деп егіледі.

Арзан менен қымбаттың,
Бағасының бір болып,
Қатар жүрген заман-ай!
Қыран құстай қыр аспай,
Қарға кіріп қатарға,
Қуды ілген заман-ай!
Тұлпар кірмей дүбірге
Мәстек шауып бәйге алып,
Озып жүрген заман-ай!
Жүн жібекке теңеліп
Асыл барқыт, берендер
Тозып жүрген заман-ай! [131, 65 б.].

Нұржан тақырыбы жағынан сан алуан өлеңдерінің негізгі айтар ойының бірі – адам, дәлірек айтқанда, оның адамдық қадір-қасиетіне байланысты. Ол адам бойындағы орнықты мінез, ар, намыс, әділдік сияқты қасиеттерді дәріптейді. Ал бірде жақсы мен жаманды қатар алып суреттей отырып, дидактикалық тағлымдарды алға тартады. Нұржанның адамдық, әділдік жайындағы өлеңдері өзі өмір сүрген кезі мен әлеуметтік қоғам ортасындағы шындықты нанымды бейнелеген. Қоғамдағы шын-

дықты жырлай отырып, уақыт ағымына үлес қосады. Ақын шығармаларын оқи отырып, оның болмысын танимыз, өзі өмір сүрген қоғамдағы алар орнын көреміз. Себебі, «Ақынның өз тұлға бейнесі оны тебіrentкен ой сезімдерінен, айтылып, баяндалып отырған өмірдегі алуан түрлі жағдайға, қоғамдық мәселелерге, адамның әр түрлі іс-әрекетіне оның қатынасынан, берген бағасынан айқындала түсіп, жан-жақты толық көрініс табады» [25, 74 б.] деген тұжырым бұл ойымызды бекіте түседі.

Қалай дегенде де, Нұржан шығармашылығының басты желісі – діни тақырып. Ақын өлеңдерінің өзегі, айтар ойы осыған келіп саяды, көтерілген көптеген өзекті мәселелерден дін, ислам тақырыбы оқ бойы озық тұрады. Нұржан – дінге, жалпы дүниеге, өнер мен өлімнің арақатынасына диалектикалық тұрғыдан қараған ақын. Ислами білімі жетік болғанмен, ақын дінге соқыр сеніммен, ессіз фанатизммен берілмейді. Дінге қатысты өлеңдерінде «Құран-Кәрімнің» маңызын, қадір-қасиетін толық түсіндірген ақын мұсылманның парыз-уәжіптеріне де талдау жасайды әрі ол мұсылманның қырық парызын жеке-жеке талдап, көлемді «Қырық парыздың баяны» деген өлең жазады. Профессор Қ.Жұмалиев Нұржан шығармаларындағы ислам мәселелерін сөз ете келіп: «Нұржан Наушабаев бұл мәселені Әубәкірден гөрі тереңдетіп, «қырық парыздың» әрқайсысына жеке тоқтап, оның мәні мен тұтыну жолдарын өлеңмен үгіттеді» [141, 33 б.], – деген бағалы пікір айтады. Ақын «қырық парыздың» мақсатын талдай келіп:

Әуелі иман, ораза, намаз, зекет,
 Сен бұған, бір Аллаһтан сол берекет.
 Әуелі иман жаратқан тәңірі бір,
 Болды кітап Пайғамбарым иман қыл деп.
 Он екі парыз осы білсем пәндә
 Ықыласың, көңілің болсын онда.
 Үшеуі ғұсұлда, төртеуі таһаратта,
 Және де төрт парыз таямумда [131, 97 б.], –

деп бастаған діни тақырыпты одан әрі өрбітеді, қай парыз қалай орындалады, ғұсұл деген не, таһарат деген не екенін түсіндіреді.

Ақын шығармашылығындағы ислам – ерекше әрі өзгеше дүние. Ол діннің барлық ізгі мұраттарын талдап, өзінің зерде сүзгісінен өткізіп, жалпы азаматтық құндылықтарды уағыздайды.

Нұржан шығармаларындағы діни көзқарас жайында профессор Б. Кенжебаев: «Нұржан өлеңдерінің біразы ислам дінінің мән-жайы, парыз-қарызы, заң-шариаты туралы. О дүние, бұ дүние діндәр адамдардың мінез-құлқы және жақсылық пен жамандық жайында. Ақын бір сөзінде: «нұскалап дүние, ақірет бәрін айттым», – дейді. Әрі діни фанатизм түрінде ғана айтпай, оны діни ізгілік, жалпы адамгершілік, ағартушылық тұрғыдан түсіндіреді» [138, 53 б.], – деген өте орынды пікір айтып, тұжырымы жасайды.

Ол діннің ғылыми мәні мен мәңгілік мұраттарды ұғындыратын дәнін аршып, екшеп пайдаланады. Тақуалық пен діншілдікті құр дәріптемей, қайта дін мұраттарын ескілікке, діни дүмшелікке, тіпті қоғамдық әділетсіздікке қарсы руханият құндылығы ретінде пайдаланады.

Нұржанның діншілдігінің тағы бір себебі ғасыр басындағы қазақты шоқындыруға, христиан дінін таратуға бағытталған саясатқа қарсылығында жатқан секілді. Санасы сергек, ойы озық жан қашанда төніп келе жатқан қатерді елден ерекше сезіп, алдын алары белгілі.

Сонда да хақ жолынан адаспадық,
Бәйт пен алуан түрлі жол ашпадық.
Пайғамбар – хақ, Жаратқан Аллаһ бір деп,
Бөтен дін ұстанғанға жанаспадық [131, 42 б.].

Ақын жер бетінде Исламнан басқа діннің түрі көп екенін, бірақ өзге дінге бой ұрмайтынын, берік ұстанған бағытынан таймайтынын айтады.

Тұтастай алғанда, Н. Наушабаев мұрасы өз заманынан озық ойлармен, бүгінгі күнмен өзектес ой-армандарды жырлай білгендігімен бағалы.

Ақынның жетістігі сол заманның өзінде-ақ мәңгі өлмес құнды тақырыптарды дәл тауып, жырлай алғандығында. Сондықтан оның шығармалары халық жүрегіне сыналап кіріп, салмақты орын алған. Өлеңдеріне тақырып қоймай, бірінші назым, екінші

назым деп атаған. Замана құбылысын жалпылама сипаттамай, өлеңдерін нақтылыққа бейімдей білген. Оның жеке мінез-құлықты, жағымсыз адами пендешілікті сынау тақырыптарындағы және эзіл-сықақ өлеңдерінде қазақ әдебиетінің бай дәстүрі, ауыз әдебиеті үлгілерінің сипаты басымдау келеді. Нұржан «Назымдары» – дарынды ақынның өзіндік ізденістері. Шығармашылығының өн бойына діндарлық арқау болған ақын көбіне «заман азды» деген ойды өзек етіп, соның мән-мағынасын ұғынуға ұмтылады. Кейде өмір шындығына терең бойлай алмай қалатын сәттері де кездеседі. Мәселен, «Манзұмат қазақия» атты кітабында қазақтың шығу тегі туралы ел аузындағы аңыздарды кейінгі діни шежіремен өзектес алып, қайшылыққа ұрынады. Н. Наушабаев шығармаларында өз дәуіріне сай жетістіктер де, кемшіліктер де бар. Олардың ара салмағын алдағы уақыт айқындайды.

Қорыта келгенде, шығармаларында адамды білімділікке, игі іс-әрекетке, адал болуға, ұлтқа қызмет етуге үндейтін әрі мұның бәрін діни таным тұрғысынан тұжырымдайтын Нұржан Наушабайұлы – қазақ әдебиетінде алар орны, шығар биігі бар ерекше ақын.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев – көп жасап, талай тарихи оқиғалардың куәгері болған, көргеніне қарай түйгені мол, өз уақытының озық ойлы азаматы. Ол – заманының білімпазы ретінде дін мен өнерді қатар ала жүріп, бірінен елге адами үлгі-өнеге шашса, екіншісінен ұлтының рухын көтеріп, болашаққа деген сенімін арттырған өлең өнерінде өзіндік өрнегін сала білген өз дәуірінің көрнекті ақыны.

Ақынның көзі тірісінде үш кітабы жарық көрген. Оның үшеуі де 1907 жылы бірінің артынан бірі қатарласа шығып, елінің көз қуанышына ғана айналып қоймай, көкірек көзін ашып, санасына сәуле түсірді.

Мәшһүр «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты кітабында (1907) замана шындығын суреттеп, көкейкесті мәселелерді көтере білді. Қайбір мәселе болмасын ел өмірін жете түсінетін ақын ретінде ілгерішіл ой айтып, қоғамдық өмірді әлеуметтік шындық тұрғысынан көрсете алды. Сол тұстағы саяси ахуалды дәл аңғарғандықтан, өлеңдеріндегі ой орамдары қазақтың алдыңғы қатарлы зиялыларының ой-пікірлерімен ұштасып жатады. «Қазақ жүр-

тының осы күнгі әңгімесі», «Ақ қағаз, қалам, сия келет бізге», «Ырыссыз жоқ нәрсеге ерінеді» т.б. өлеңдеріндегі тарихи оқиғаларға, өнердің адам өміріндегі алар орнына деген нақтылы ой-тұжырымдарының мол болуы, оның ақындық қабілет-дарынының ерекшелігін айқындай түседі.

«Хал-ахуал» (1907) жинағында замана сипаты бірқыдыру кең суреттелінеді. Ел ішіндегі жағдайды айта отырып, келеңсіз қылықтарды ащы сынайды. Бұл кітабында ақын отаршылдықпен ере келген кесірлі құбылыстарды да аша білді. Өз тұсындағы өмір шындығын шынайы көрсету мақсатында жағымсыз образдар бейнесін сол ортадан ойып алып жасады. Өлеңдерінде ел-жұртты аямай сорып отырған билер мен әкімдер, озбыр байлардың келімсіз кейпін естен кетпестей шебер бедерледі.

«Сарыарқаның кімдікі екендігі» (1907) жинағындағы өлеңдерінде ұлт мүддесін көбірек көтеріп, көбірек қолдайды. Халықты оянуға, өнерге, оқып жетілуге, мәдениетті ел болуға шақырды. Түркі тектес халықтардың бірлігін жақтады.

Мәшһүр Жүсіп шығармашылығындағы азатшыл ойдың өрісі туралы ақын шығармашылығын жете зерттеген ғалым Сәрсембі Дәуітов: «Ақынның осы кітаптарын қадағалап оқыған адам оның сол кездегі Россияның хал-жағдайымен белгілі бір дәрежеде таныс екеніне көзі жетеді. Оның бұл өлеңдерінде 1905 жылғы халық көтерілісінің әсері көрініп тұр... Осы кітаптардың ішінде патшаның отаршылдық саясатына қарсы айтылған пікір де кездеседі. Мәшһүр Жүсіп Россиямен қосылудың прогрессивті жақтарымен бірге қиындығы да аз болған жоқ деп айтыпты. Егер біз осы үш жинақта жырланған дүниелерді түйіп айтар болсақ, халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тірлігін, іс-әрекетін суреттеп берумен де құнды дер едік» – деп түйеді [142, 16 б.]. Мәшһүр ақындығын қарастырғанда біз осы пікірді негізге алдық.

Өйткені «Сарыарқа кімдікі?» толғауында ата-бабаның қасиетті мекені, елге ырзық, малына құт, қазақтың кең сахарасының ортасынан ойып орын алған киелі Сарыарқаны патша отаршылдары озбырлықпен тартып алғанын ащы шындықпен әшкерелеп, халықтың ауыр хал-қасіретін тебірене жыр еткен.

Айрылды біздің қазақ Есілінен,
Өзінің болған емес кесірінен.

Жер мүлкі шаруаның қызықты ең-ау,
Қойнында құшақтаған жесірінен [127, 123 б.].

Осы өлеңдегі ақынның айтпағы «Ұйқыңнан оян! Елдігіңді ұмытпа!». Елдің еңсесін басып, езгіге салып, үкілі арман-мұратының күлін көкке ұшырған отаршыл патша өкіметінің әккі саясатын Мәшһүр Жүсіп осы «Сарыарқа кімдікі?» өлеңінде жалтақсыз, ашықтан-ашық айтады. Әрине, бұл сияқты өткір тілді адамның патша өкіметіне ұнамайтыны белгілі.

Мәшһүр Жүсіп өлеңдеріндегі тақырыптық ізденістерге келсек, мұнда қоғамдық-әлеуметтік өмір тудырған замананың зәру мәселелері көрініс тапты. Соның ең негізгілері: дін жайы, халықтың тұрмыс жағдайы, ұлт, жер мәселесі, білім, ғылым, еркіндік, азатшылдық, патшалық саясаттың қилы құйтұрқы әрекеттерін сынау, жалпыадамзаттық ой-толғамдар.

Ақын ел еңсесін басқан қараңғылықтың себебін білім жоқтықтан деп біледі. Отаршылдардың зардабын, олардың зорлығының қатты бататындығы да содан деп түйеді. «Алтыбақан алауыздықтың» түп төркіні надандықта жатқандығын терең сезінеді. Надандықтың тұманын түретін нұрлы сәуле білім екенін ақын аңғарып қана қоймай, соны ұлтының үмітіне айналдыруға тырысып, білімді насихаттауға бар күшін салады. Сондықтан да ақын «Үш рет сөз» атты өлеңінде:

Қылады әркім мазақ ғылымы жоқтан
Надандар адасуда білімі жоқтан [127, 62 б.],–

дей келіп, оның отаршылдықтың құрсай түсуіне тиімді болып тұрғанын ашына айтады:

Шаруаның берекесі кірмейді екен,
Мекен-жай қоныс қылар орны жоқтан.
Іргеңнен атақоныс мұра шықты,
Тарылтып аймағыңды крестьян [127, 63 б.].

Мұнда қазақ жерінің талан-таражға түсіп, күйі қашқан қысылтаяң сәті ешбір бүкпесіз берілген. Еркіндігінен еріксіз айырылған ел іргесінің бүліншілікке ұшырауына түрткі болған кім

деген сұрақтың туары шындық. Ақынның бағамдауынша, оған негізгі қозғаушы күш болып отырған «өз тамағы тойған соң, қисық жаққа бұза шыққан» төрелер, «ат айғырды қан сорпа қылып, қырып-жойып жүрген» ғәділетсіз хәкімдер.

Құрметті ел билеген хакімдер де,
Жыландай зәрін төгіп, сорып жатқан.
Бас салып мұңлы-зарлы кем-кетікті
Бүркіттей тырнағымен бүріп жатқан [127, 52 б.].

Ақын бейнелеуіндегі хакімдер бейнесі ап-айқын. Момын халқын сорып жатқан улы жылан, тырнағымен бүріп жатқан бүркіт тектес хакімдер жауыздықтың нақты образына айналған озбырлық пен азғындықтың бір тұтасқан жиынтығындай. Нақ табылған, тап келген теңеу деп осындайды айтса керек.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев – негізінен діни-ағартушы ақын. Шығармашылығындағы басты желі діни таным төңірегінен өрбіп жатады. Өйтсе де ақын өлеңдерінде «дін» ұғымы қандай мақсатпен үйлесім тапты? Шығармашылығына дінді тұғыр еткен кез келген ақын, сөзсіз оның танымдық, тәрбиелік негізін арқау етеді. Мәшһүр Жүсіп поэзиясындағы діни таным оның әрбір айтар ойына, толғамына тірек қызметін атқарады. Мәшһүр мұрасын зерттеушілердің бірі Ертай Мәшһүр Жүсіп шөбересі ақын өлеңдеріндегі дін тақырыбы жайлы «Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің дін тақырыбына көп жазғанын зерделегенде, алдымен, оның себебіне біраз үнілу керек. Мәшһүр Жүсіп алғашқы өлеңдерін жазып, әдебиетке араласа бастаған шағы XIX ғасырдың соңғы ширегіне дөп келеді. Бұл патшалық Ресейдің қазақ елін отарлауы белең алған кез еді. Жердің ең шұрайлысын келімсектерге беру арқылы тек экономикалық емес, рухани қыспақ та дендеп ене бастады. Мұндай жағдайда дінге насихаттау, халықты Аллаға құлшылық етуге, дін жолына шындап кірісуге үгіттеу дінді ғана емес тілді, жалпыұлттық болмыс-бітімді сақтаудың ең пәрменді құралы болғанын аңғару қиын емес» («Ислам әлемі». 1997, №3) деген түйінді ой айтады.

«Дін» деген ұғымның тек қана жақсылықпен жанасатыны және адамды ізгілікке, бөлінбейтін бірлікке, бүтіндікке, адалдыққа тәрбиелейтіні белгілі. Әр халықтың дүниетанымдық

ерекшелігі, таным-түсінігіне орай ол белгілі деңгейде ұлттық санаға да әсерін тигізбей қоймайды. Мәшһүр Жүсіп өз поэзиясына дінді тұғыр етіп, сол арқылы ағартушылық-азатшылдық ойын білдіре отырып, бірлікке, білімге, ғылымға үндеп, адамгершілікті насихаттау арқылы қоғамдық маңызы бар ой айтқан. Осы тұрғыдан келгенде, ақын шығармашылығындағы дін – рухани-мәдени өмірді өркендетуге үндеудегі басты бағыт-бағдар. Ақын бірде:

Асқынды боп жара-жауырларым,
Тіпті жоқ жазулы істі ауырларым.
Бірлік қыл, басыңды қос, пайданды ойла,
Қазағым, қайран халқым бауырларым [127, 36 б.], –

деп жырласа, енді бірде «Қазақ жұртының осы күнгі әңгімесі» атты ұзақ өлеңінде былай дейді:

Құдайдың шын нансаңдар бірлігіне,
Ерлердің күш қосыңдар ерлігіне.
Сарт демей, ноғай демей, қазақ демей,
Тілек қыл дін мұсылман бірлігіне [127, 120 б.].

Екеуіндегі де айтар ой, көтерілген идея біреу – бірлік, ынтымақ. Алғашқысында жеке ұлттың қазақ ұлтының бірігуін ұран етіп көтерсе, келесі өлеңінде мұсылман қауымына жататын түркі тектес халықтардың өзара бірлігін аңсайды. Алғашқысындағы ұлттық бірлік болса, кейінгісіндегі мұсылмандық бірлік. Бірлік тұтқасы – дін. Ой осы ұғымның айналасында шыр айналып жүреді. Бұл – жай үндеу емес, тікелей қимылға шақыру. Өлең жолдарының мәні осында. Дін – ұлы күш. Оған деген сенімнің күшіне ақын шынайы сенеді, сенімнің жеңетініне және сенеді. Сенім қимылға әкеледі, қимыл азаттыққа жеткізеді. Ақынның бұған еш күмәні жоқ. Осы өлеңіндегі келесі шумақтар – соның куәсі. «Бірлігі мұсылманның – ынтымағы» деген ұран іспеттес ой тастап алып, ақын мынадай тілек тілейді:

Екінші ие болсаң дін мен жерге,
Тұрса да қай орында кіммен бірге.

Құтылып таршылықтан кеңіп тыныс,
Ісіміз басса екен деп біздің өрге [127, 110 б.].

Мұнда, әу бастан, ел үшін, ұлт үшін киелі боп келген негізгі ұғым жер мен дін бөлінбестей бірлікте алынған. Неге десеңіз, ақын үшін бірі – жан азығы да, бірі – тән азығы. Бірі – тіршілік тірегі, бірі – рух тірегі. Ендеше екеуін бөліп-жаруға бола ма?! Ақын ел ішінде қанат жайып бара жатқан миссионерлік әрекеттер нәтижесінде туған халқының діннен айрылу қаупінен қорқады. «Дін» ұғымын ақын халықтың рухани болмысымен, білік-танымымен сабақтас алып қарайды. Кез келген халықтың ұлт ретінде жойылуының белгісі – сол елдің рухани-танымдық санасының ең жоғарғы мәдени тіректеріне саналатын тіл, дін, ділден алыстауы. Ендеше патшалық Ресей империясы өз үстемдігінің арқасында орыстандыру саясатын ашық түрде де, құпия түрде де жүргізіп жатқан тұста ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени-рухани дүниетанымнан бүтіндей айрылудан артық қасірет бар ма?! Ал ел-жұрттың ол тұста айрықша рухани күйзеліс кезеңін бастан кешіргені еш талассыз шындық.

Соны ақындық көкірек көзімен көріп, терең сезініп, айқын аңғарған Мәшһүр Жүсіптің өз поэзиясына әлгіндей өзекті мәселелерді желі етуі заңды құбылыс. Және ақынның оны ешбір ауыспалы мағынасыз, ашық, бүкпесіз жеткізуі айтар ойдың мәнін арттыра түседі. Алыс күнді көздеген ақынның болашаққа тілегі мынау:

Дін көркейіп көзге бір көрінсе де.
Шариғаттың тізгіні қолымызға,
Бостандық боп қағусыз берілсе де.
Шариғат низамменен қатарласып,
Бірдей боп келсе екен теңбе-теңге [127, 97 б.].

Осындағы «дін», «шариғат», «бостандық», «низам» деген ұғымдар өлеңнің идеялық мақсатын айқындап тұр. Ақын ұлттық заңның негіздері шариғат қағидаларынан алынуын қалайды. Бұл оның орыс «заңдарының» ұлттық жүйеге сай келмейтінін көрсете отырып, сан ғасырлық қалыптасқан жүйесі бар қазақ ұлтының билік заңдары мен шариғат заңдылықтарын бірлікте жүзеге

асыруды қалаған игі тілегін, соған деген ұмтылысын байқатады. Ақын қазақ жастарын зорлап орысша оқытуға қатты алаңдаушылық білдіреді. Туған тілді шетке теуіп, еріксіз орыс тілді меңгертуді талап еткендерге қасқайып қарсы тұрады. Бүкіл өлең бойынан біз Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің елі үшін елжіреген жүрек үлпілін сезінеміз. Халқымен бірге күңіренген ақын жанының терең қайғысын түйсінеміз. Елін бостандық күнге жеткізуді аңсаған Мәшһүрдің азаматтық тұлғасын танимыз. Елге деген ерекше сүйіспеншіліктің нышанын Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің кез келген өлеңінен табуға болады.

Мәшһүр Жүсіптің ел жайына, ұлт мәселесіне арналған өлеңдері азатшылық, бостандық, тәуелсіздік тәрізді еркіндікке көшбасшы ұғымдарды алға шығарады. Ол еркіндік пен әділдік үстемдік құрған елді аңсап қана қоймай, сол еркіндік пен тәуелсіздікке жеткізер әділетті жолбасшы да іздейді. Өлеңінде солардың өз көкейіндегі, өз ойындағы бейнесін сомдайды. Ондай тұлғаларға тән асыл қасиеттерді атап-атап айтады. Бұл туралы «Қазақ жұртының осы күнгі әңгімесінде» былайша жырлайды:

Дін үшін жан кешетін ерлер болсын,
 Қызбайтын көрінсе де жерік асы.
 Алдында алтын жатса алмайтұғын,
 Жан-жағын қу болмасын жалмайтұғын.
 ...Алланың ақ жолымен жүретұғын,
 Ерік Аллада екенін білетұғын.
 Қызылшыл, жемтікшілді жібермендер,
 Ит сықылды жетекке еретұғын [127, 57 б.].

Бүгінгі күннің талабына қарасақ та, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің сол кездегі айтқаны бұл күнге де ең бір қажетті сөз болып жеткенін байқаймыз. Жолбасшыға қатысты кешегі тілек те, бүгінгі талап та бір деңгейден шығып тұр. Көкірегінде имандылық сәулесі бар жанның жол бастаушы болуы – бодандық бұғауындағы халыққа биік арман. Осы орайдан келсек, Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларына негіз болған тақырыптардың бірі әлеуметтік-қоғамдық өмірді қамтитын азаматтық тақырып екенін аңғарамыз.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев – XX ғасыр басындағы азатшылдық ойды алғаш қозғағандардың бірі әрі бірегейінен саналады. Алғашында патшалық саясаттың құпия қитұрқыларын аңдай алмай, оған сеніммен қарап, үміт артқанымен, кейін патша манифесінен де, әр түрлі реформалар астарынан да халықтың жайын жақсартарлық түйін таппай күдер үзіп, оларға өзгеше қарай бастайды. Жан-жағын байыппен аңдап, өзге елден өнеге алып, ел бірлігін нығайтуға, жұртын тікелей азаттық алу жолына үндейді. «Оян, жұртым!» деп, жар салады. Мәшһүр Жүсіп Көпеев «Қара өлеңінде»:

Жатқандай тәтті ұйқыда қазақ халқы,
 Айрылмай жақсы менен жаман паркы.
 Баласы дін мұсылман ояныңдар,
 Көрінер өз пайдасы жұрттың нарқы.
 Әркімнің өз пайдасы ойлағаны,
 Тереңге түсіп жатыр байлағаны.
 Бостандық деген сөзді жоқ қылам деп,
 Аш бөрі бізді жеуден тоймағаны.
 ...Бас қамын, жан пайдасын ойлаңыздар
 Жақсы емес түсе берсең қармағына [127, 197 б.], –

деп, қазақты түгелдей бағындырмақ боп қыспаққа алып, жан-жағынан зорлық көрсетіп, көшпелі халықты адамдық құқынан айырып, жер суын еріксіз алып, қалаған жерге «омақаны орнатып, қазық қағып» жатқан отаршылдықтың қиянатын көрсетеді. Жалғыз қазақ ұлты ғана емес, бүкіл түркі жұртының бірлігіне шақырып, ынтымақпен қарсылық көрсетуді насихаттайды. Мұның бәрі елін сүйген алып жүректі азаматтың алда күтіп тұрған «қауіптен» жұртын құтқарудың жолын нұсқауы еді. Бодандықтың бұғауын киген елінің езілгеніне күйзеліп, азаттықты аңсап, бостандықтың жолын іздеп алас ұруы еді ақынның. Ол өз ойын ешбір бүкпесіз, құпиясыз ашық айтады. Отаршылдықтың бұғауын жұлып тастауға анық та айқын түрде шақырады.

Шынын айтсақ, бұл қазақ поэзиясындағы отаршылдыққа қарсы айтылған алғашқы «тасқа басылған» жан айқай еді. «Сарыарқаның кімдікі екені» кітабына енген «Қазақ жұртының осы күнгі әңгімесі» атты өлеңі – осы ойдың дәлелі. Онда үміт те

бар, Ресей патшасының өз еркімен еркіндік бермесіне күдік те бар. Ақын:

Биылғы үмітті едік өткен күзден,
Октябрь он жетінші деген сөзден [127, 60 б.], –

дей келе, ойын былай қорытындылайды:

Жан-жақтан ұшпа бұлт көтерілді,
Қызғанып күннің көзін мұңлы бізден.
Келді деп басыңа от қорқытады,
Іліп ап бес-алты ауыз айтқан сөзден [127, 161 б.].

Мұнда ақын 17 қазан манифесі, онан соңғы Дума сайлауы және сайлаудан кейінгі қудалау мәселесін айқын да ашық айтып отыр. Оны әдемі суреттермен жүрегінде мәңгі қалардай етіп көркем жеткізеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің азаматтық лирикасының негізгі желісі – рухани оянуға шақыру. Оның саяси-әлеуметтік тақырыпты арқау еткен ұзақ өлеңі – жоғарыда сөз қылған «Қазақ жұртының осы күнгі әңгімесі». Бұл өлеңге қайта-қайта оралуымыздың себебі Мәшһүр шығармасының тамыр соғысы осы өлеңнен танылады. Мұнда ақын отаршылдық езгінің бедерлі суретін беріп, рухани оянудың серпіліске, серпілістің сілкініске жеткізерін сездіреді. Бұл ойлар қоғамдық өмірдің жаңа бетбұрысына шақырған белсенді насихатпен ұштасып жатады. Жалпы ақынның осы тектес өлеңдерінің көбіндегі ой-таным ұлт-азатшылдық идеямен үндес келіп отырады.

Қараңыз бұлбұлдардың сайрасына,
Бұлақтай тастан аққан қайнасына.
Бас та азат, орын да азат, порым да азат,
Еркімен жүрсе әркім пайдасына...

Халық қылып атандырды бізді қазақ,
Еркелі көп жұрт емес, өзі де аз-ақ.
Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,
Барасың көрінгенге болып мазак [127, 63 б.].

«Қазақтың жұртының осы күнгі әңгімесі» өлеңінен алынған бұл үзіндіден ақынның азаттықты аңсаған үмітті тілегі мен отаршылдықтың басты себебін айқындаған көзқарасын танимыз. Еркіндік идеясын насихаттайтын төмендегі екі шумақ ұзақ өлеңнің тақырыптық негізін айқындап, айтар ойдың түйінін береді.

Бар құдай бізге жарық таңынды атыр,
Болар ек, атса таңың біз де батыр.
Қазаққа құлақ пен көз болған ерлер,
Тұтқында білесіз бе, неге жатыр...

Жолыңнан сыбағалы құры қалма,
Жақсыны аты естілген естен салма.
Жұртыңның қамы үшін қайрат қылып,
Айдалып, атылсаң да арман бар ма [127, 57 б.]?!

Осында жоғарыда біз айтқан Мәшһүрдің азатшылдық ойларының өзегіне айналған тамырлас тақырыптар тоғысын тапқан.

Қазір «Оян, казак» деп алғаш үн көтергендер Ақаң, Жақаң деп жүргенімізбен, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің кітабы шыққан тұста олар саяси-әлеуметтік өмірге енді ғана белсене араласып келе жатқан-ды. Олардың алғашқы кітаптары 1909 жылы шыққанын еске алсақ, оған әлі екі жыл бар болатын. Мәшһүр кітабы – азатшыл ойды алғаш оятқан кітап. Сондықтан да ол патша жандармдарының қудалауына ұшырап, қуын-сүргін көрді. Мәшһүрден соң барып патша жандармдары Әлихан, Ахмет, Міржақып сынды арыстарымызды түрмеге жауып, жер аударып, туған жұртынан алыстай бастады. Ендеше Мәшһүр Жүсіп қазақ поэзиясына азатшыл сарынды алғаш алып келген ақын деуге толық хақымыз бар. Сонау әрідегі (XIX ғасырдың бірінші жартысы) Дулат, Шортанбай, Мұрат поэзиясындағы «замана зары», өкініш пен мұңға толы ел басына түскен қасіретті жырлау сарынын азатшылдыққа алғаш ұштастырғандардың бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Мәшһүр поэзиясымен бірге қазақ поэзиясына күрескер рух келді, ұмытыла бастаған ұлттық намыс келді. Дулат, Шортанбайлар отаршылдық торынан құтылар жолды таба алмай зар илесе, Мәшһүр оның жолы Ресейдегі мұсылман дүниесінің, түркі дүниесінің бірлігінде деп білді.

Мәшһүр Жүсіптің әдеби мұрасы кезінде идеялық қайшылығы бар деп саналып, саралауға келгенде, талас тудырмай қойған жоқ. Алайда М. Әуезовтің төмендегідей тұжырымды сөзі сол тұста орын алған әр түрлі кереғар ой-пікірлерге жөн сілтеген түзу сөз болды: «Мәшһүрдің ұзақ өміріндегі шығармашылық жолының да талай-талай кезеңдері болған. Соны ескеру қажет еді. Ол кейде патшалықты жақтаса, кейде халықтық сарынға да жақындаған. 1905 жылғы патшаның манифесінен үміт етіп сөйлеген кезі де бар. Бұл тарихтың заңды жайлары, мұндай кезеңдерді мінеудің қажеті жоқ» [143, 107 б.].

Мұны Мәшһүр Жүсіпті түгелдей актаудан гөрі, ғұлама суреткердің заман салқынының әсерін ескере отырып, ақын жанын терең түсінуі деген жөн. Қалай дегенде де әр ақын – өз заманының түлегі. Оған өзі өмір сүрген дәуір лебі жанасып өтпеуі мүмкін емес. Өз заманының озық ойлы азаматы – Мәшһүр Жүсіп шығармалары халықты білім-ғылымға, ағартушылыққа, еркіндік аңсаған азатшылдық рухқа шақырды. Өз оқырманының жүрегіне ақын ретінде адамшылық дәнін екті.

Мәшһүр шығармашылығының тақырыптық, идеялық бағытын бағдарлағанда түйер ой мынау: Мәшһүр Жүсіп Көпеев – діни-ағартушы ақын. Бірақ ақынның діни-ағартушылық идеясы мен азатшылдық идеясы бір-бірімен тығыз байланысты. Олар бірін-бірі алға жетелеп, бүкіл шығармашылығының өн бойына желі боп таратылып жатады.

Мәшһүр Жүсіптің әрбір өзекті ойының түбірінен діни сананың топшылауын танимыз. Дін арқылы ол асыл мұратты биік мақсаттарға шақырады. Оның азатшылдық ұранын арқалаған арманды асқақ үні де діни танымымен тығыз байланыста өрістейді.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев қаламынан туған өлең-жырлар өзі өмір сүрген қоғамының қыр-сырын ашып берумен бірге, езілген халықтың жасыған жүрегін жұбатып, рухын көтерді. Елінің жайына күйзелген Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің мұңлы сырға толы өлеңдері қазақ ұлтының езгідегі халіне шын жаны ашыған көңілден туған. Нақтылай айтсақ, ақын өлеңдері асқақ патриотизмге толы. Осындай ерекше отансүйгіштік екпінді жырларында ақын өз замандастарына да, кейінгі өскін – жастарға да өнегелі сөз айта білді.

Өзімен замандас, бағыттас ақындар арасынан өлеңдеріне азатшылдықты арқау етіп, алғаш ел-жұртына бостандық жайын бүкпесіз айта білген де Мәшһүр болатын.

XX ғасыр бас кезіндегі қазақ ақын-жазушыларының бүкіл шығармашылығы Абай атты ұлы арнадан бастау алады. Сондықтан XX ғасыр басындағы әдебиетті сөз еткенде, Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Мағжан сынды ұлы тұлғалар поэзиядағы Абай салған дәстүрдің сан қырын ашып, жаңашылдықпен жалғастырғанын атап өту ләзім. Онсыз сол кездегі поэзияның даму барысын, көтерілген биігін аша алмаймыз.

«Абай – қазақтың жаңа реалистік жазбаша поэзиясының, әдебиетінің негізін салды. Абайдың ақындық дарыны аса қуатты және сан қырлы. Ол – керемет суреткер ақын және сыршыл лириканың сирек кездесетін шебері. Сонымен бірге біз Абайды ойшыл ақын дейміз. Мұны алдымен ақынның өмір құбылыстарын терең толғау жағы басым келетін өлеңдеріне қатысты айтсақ, сонымен қатар өмір, адам тағдыры, дүние, заман ағымы жайлы пікірлері, дүниетанымы көбірек көрінетін өлеңдеріне қатысты, яғни ойшыл-философ ақын деген мағынада айтамыз» – деп, З. Ахметов ұлы дарынға үлкен баға береді де: «Ақын тұлғасы қаншалықты ірі болса, ықпалы соншалықты зор болатыны, айналасына түсетін жарығы да мол болатыны анық» [125, 35 б.], – деген тұжырым жасайды.

Абай өзінен кейінгі ақындардың барлығына «жарығын түсірді» десек, өсіріп айтқанымыз емес. Өйткені «Абай – қазақтағы суретті, сұлу сөздің атасы, терең сырлы, кең мағыналы кестелі өлеңнің атасы. Қазақ өлеңіне өрнек берген, түрін көбейтіп, қалыбын молайтқан – Абай. Ол қазақтың ішінен оқушы тапқан» [4, 197 б.]. Ұлы Мұхтар Әуезовтің бұл ойларынан артық Абай болмысын тап басып тану қиын. Абай дәстүрін жалғастырушылар оның осы «оқушылары» еді. Олар – XX ғасыр бас кезіндегі қазақ поэзиясын әлемдік деңгейге көтерген Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Мағжан сынды біртуар дарындар еді. Бұлардың бәрі өз кезегінде Абай ұлылығын тануға ұмтылып, ақындығын бағалауға тырысқан болатын. Осы орайда Абай ақындығын бағалаудағы олардың ұлы ақынға берген атаулары да әрі қызық, әрі ой саларлық. Ең жақын шәкірті Шәкәрім «Ұлы ұстаз» тұтса, Ахмет «Қазақтың бас ақыны» деп

біледі, Мағжан үшін «Ақындар хакімі» болса, Сұлтанмахмұт «Ақындар пайғамбары» көреді.

Абай ұлылығын тани біліп, ақындығына табынған осынау «оқушылар» ұлы ақын дәстүрінің әр қырын, әр бағытын өз шығармашылық мүмкіндігіне, ұстанған мақсатына орай дамытып, жаңғыртып әкетті.

Шәкәрім Абайдың қоғам туралы толғамын, адам болмысын танудағы ізденісін, адамның адам болып қалу жолындағы имандылықты, ар-ұяты, адамгершілікті уағыздау өнегесін, білім мен өнер шашпақ үлгісін, теңіздей терең ойшылдығын ұлы ұстаз дәстүрін сақтай отырып, жаңаша жаңғыртып, жасампаздықпен дамытты.

Ахмет бас ақынға қоғамның ең көкейкесті мәселелерін қозғаған ой-толғаныс, отарлық уысындағы ұлттың қамын ойлаған тұстан үндесіп, азаматтық ұстанымнан туындаған азаттық сарынды алға тартуымен жаңаша жол тапты.

Міржақып өлең өнерінің Абай таныған құдіретін мойындау арқылы оны ұлттың санасын азаттық күреске оятудың күшті құралы деп біліп, өз поэзиясына азатшылдықты арқау етуі негізінде Абаймен іштей үндесіп, өлең өлкесіне өзіндік өршіл рух септі.

Мағжан «ақынның ақыны» ретінде «Хакім Абайдың» сыр мен сезімге толы көңіл күй лирикасын, адамның ішкі болмысына терең бойлаған сыршылдығын, жан тебіrentкен сезімнің терең иірімдерін жүрекке дөп жеткізер сезімшілдігін, жансызға жан бітірер суреткерлігін шебер игеріп, оны «европалық әшекеймен» үлбіретіп, өзіндік үлгі тауып, өзгеше өріспен ұштастырды.

Сұлтанмахмұт әлеуметтік өмірдегі теңсіздік көрінісін шыншылдықпен суреттей біліп, қоғамдық қайшылықтың негізін «көкірек көзімен» көріп, нақты танып-біліп, ащы шындықты ақындар пайғамбары санаған Абайша айта алып, шыншылдықпен сыршылдықтың өрісін кеңейтті.

Қарап отырсақ, ХХ ғасыр басындағы ақын-жазушылар Абай ақындығынан үлгі өнеге ала отырып, ұлы тұлғаның сан қырлы, мол сырлы поэзиясының жандарына жақын, рухына үйлес, өз ой-пікірімен үндес келер тұсын үйіріп әкетіп, жаңғырта да жаңаша дамытқанын байқаймыз.

Жалпы Абайдың ақындық дәстүрін дамытушылар туралы 30-жылдардан бергі кезеңде әр түрлі сипатта болса да сөз болып келеді. М. Әуезовтің, С. Мұқановтың, Е. Ысмайловтың, Ы. Дүйсенбаевтың, А. Нұрқатовтың, Қ. Мұхаметхановтың, Ә. Жиреншиннің, З. Ахметовтің, З. Қабдоловтың, Т. Кәкішевтің, Р. Нұрғалиевтың, Ж. Ысмағұловтың, Б. Әбдіғазиевтің, К. Бейбітованың әр кезде шыққан зерттеу еңбектері осының айғағы. Осынау әдебиеттанудың алыптары мен әдебиет ғылымында аздықөпті еңбек етіп жүрген ғалымдардың барлығы да Абай творчествосының XX ғасыр басындағы әдебиет өкілдеріне тигізген игі әсері жайлы нақты мысалдар келтіріп, тұжырымды ойларын айтқан.

Абай дәстүрін шеберлікпен үйреніп, батыс пен шығыс классикалық әдебиетінен сусындаған Ахмет, Шәкәрім, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Міржақып сынды сөз өнерінің шеберлері XX ғасырдың басында ұлттық поэзиямыздың әлемдік деңгейге көтеріліп, қоғамның шындығын шынайы ашып, оны эстетикалық қуатпен бейнелеудің көркемдік үлгісіне айналуы жолында аянбай еңбек етті.

XX ғасырдың басында көзі ашық, көңілі ояу қазақ азаматтарын ойландырған барлық мәселе – поэзияда айқын көрініс тауып отырды. Азаттықтың, тәуелсіздіктің биік идеясымен қатар қазақтың өз ішіндегі өзекті проблемалары: партиягершілік, әйел теңдігі, надандық, қара халықтың жағдайы – поэзияның өзекті тақырыбына айналды. Қандай бағыт өкілі болмасын қазақтың мұңын мұндап, жоғын жоқтады. Сондықтан олардың шығармалары сарындас, желілес болып отырды.

XX ғасырда қазақ поэзиясын әлемдік деңгейге көтерген біртуар ақындар дүниеге келіп, олардың әрқайсысы соны үнімен, тынысымен қазақ поэзиясы айдынында емін-еркін жүзді.

Поэзиясы аз да болса саздығымен, қазақ өлеңінің төл табиғатынан туған тазалығымен, бір естігенде-ақ көңілге қона кетіп, ойға ұялай қалатын әрі бейнелі, әрі мағыналы сөз үлгісімен ерекшеленетін Ахмет Байтұрсынов жеке басының, әлеуметтік топтың немесе белгілі бір таптың мүддесі емес, ел мұңы, ел шері, ел зары, ел кегін жырлаған Міржақып Дулатов, заманымыздың атақты жазушысы Мұхтар Әуезов айтқандай «жарқыраған әшекейімен, Европалығымен» тамсандырған жыры сұлу, сезімі сыршыл Мағжан, терең танымдық өлеңдерімен, асқақ романтикалық

эпикасымен толғандырған Шәкәрім, қазақ ой-санасының аспанына жарық «күн» сәулесінің нұрын шашуды, өлең өнерінің «толған айы» болуды аңсап, ұлтының ұлы мұратын алға асыруға ұмтылып, поэзия көгінде жарық жұлдыздай жарқырап өткен Сұлтанмахмұт қазақ әдебиетінің «алтын кезеңінде» өмір сүріп, туған әдебиетімізге қайталанбас туындылар сыйлады.

Жаңа ғасыр басындағы қоғамдық-әлеуметтік дамуға сай қоғамдық ой-сана мен озық идея саналуан өзгеріске ұшырап, жаңа өрлеуге бет алды. Бұл әдебиетке де өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Жаңа ғасыр өрінде дүниеге келген түрлі бағыттардың ішінде ағартушы-демократтық бағыттың орны ерекше.

Ағартушы-демократтық бағыттың құрамында қаралатын ақын-жазушылар ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты. Олар қазақ әдебиетін шын мәніндегі өнери жазба әдебиет деңгейіне көтеріп, өмір, дәуір сырын шынайы сипаттап, терең ашуға ұмтылды.

Бұл бағыттағы ақын-жазушылар өз шығармаларында ағартушылыққа үндей отырып, қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктерді де көре білді. Сөйтіп, демократиялық ой-пікірлерді алға шығарды. Қоғамдағы қайшылықтарды құрғақ сынап қоймай, әрқайсысы әл-қадірінше оның кесір-кесапатын жоюдың өзіндік жолдарын ұсынды. Қоғамдық-әлеуметтік өмірді, замана сипатын, дәуір шындығын кең көлемде суреттеуге ұмтылудың нәтижесінде қазақ әдебиетінің жанрлық тұрғыдан баюына өлшеусіз еңбек сіңірді.

Бұл бағыттағы ақын-жазушылар қазақ арасындағы ілгерішіл қоғамға жат ескілік қалдығын, теңсіздікті, отаршылдық саясатты аяусыз сынады. Халықты оянуға, мәдени шаруашылық жақтан жетілуге, еңбекке, оқуға, алдыңғы қатарлы елдер мәдениетінен үйренуге, отырықшылдыққа, қала салуға үндеді. Әлеуметтік теңсіздіктің басты көрінісі ретінде әйел теңсіздігін алып, өздерінің негізгі шығармаларына осы тақырыпты арқау етті.

Ағартушы-демократтық бағыттағы ақын-жазушылар шығармашылығы шын мәніндегі сыншыл реалистік дәрежеге көтеріліп, дүние құбылысын кең, терең негізде ашты. Бұл бағыттың өкілдеріне таза әдеби-шығармашылықпен айналысып, кәсіптік деңгейдегі жазушылық шеберлікке көтерілген Ш. Құдайбердиев, С. Торайғыров, М. Сералин, С. Дөнентаев сынды ақын-жазу-

шылармен бірге шығармашылығы ағартушылық-ұстаздық қызметтерімен тығыз байланыста өрістеген С. Көбеев, Б. Өтетілеуов, Т. Жомартбаев сынды тікелей ағартушылық тақырыпта қалам тербеген ақын-жазушылар да жатады.

Шәкәрім шығармашылығы – қазақ әдебиетінде Абайдан кейінгі ірі құбылыс. Ол – Абайдың жақын інісі болумен бірге, тікелей Абай мектебінен өткен нағыз шәкірті.

Ұзақ жылдар бойы солақай саясат кесірінен ескерусіз қалып, әдебиет тарихына енбеді. Шәкәрім – әдебиеттің көптеген жанрларында туындылар жасаған қаламгер. Шығармашылығының басты тақырыптары сол кездегі қазақ қоғамының бар саласын қамтыған. Ол әсіресе Абай үлгісін шашуда елеулі еңбек етті. Сондықтан Абай дәстүріндегі көркемдігі жоғары, мазмұн, түр жағынан сонылығы басым, үлкен қоғамдық-әлеуметтік мәні бар лирикалар туғызды. Абай ұстанған ағартушылық, гуманистік көзқарасты қатты қолдады.

Шәкәрім халқының санасын тұмшалаған отаршылдық қасіретін ашып көрсететін, елім деген жүрек бұлқынысын танытатын өлеңдерді де көптеп жазды. Оларда азаматтық сарын басым болып келеді. «Қазағым», «Қазақ», «Тағы сорлы қазақ», «Партия адамдары», «Бостандық туы жарқырап», «Бостандық таңы атты» өлеңдерінде ой тереңдігі арқылы замана шындығын ашудағы ізденістері байқалады. Шәкәрім лирикасын шартты түрде көңіл-күй және ой-толғаныстар деп екі салаға бөлуге болады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихында Абайдан кейінгі ұлы ақынымыз – Шәкәрім. М. Әуезов өзінің 1934 жылы жариялаған «Абай ақындығының айналасы» деген мақаласында: «Біз Абайдың дәл өз тұсында, өз дәуірінде еңбек еткен бірнеше ақын туралы ғана қысқаша айтып өтеміз. Мұндай ақын – төртеу. Оның екеуі - Ақылбай, Мағауия. Абайдың өз балалары. Қалған екеуі – Көкбай, Шәкәрім. Осы төрт ақын Абайдың нағыз толық мағынадағы шәкірттері» [143, 244 б.], – деп жазды.

1990 жылдарға дейін Шәкәрімнің шығармашылығы күрделі ғылыми-зерттеу еңбекке арқау болған емес. Тек кейінгі жылдары ғана қолға алынған жұмыстың нәтижесінде бірқатар ғылыми еңбектер жарық көрді. Бұл іске Қ. Мұхамедханов, Ш. Сәтбаева,

М. Мағауин, Р. Нұрғалиев, М. Базарбаев, Х. Сүйіншәлиев, Б. Әбдіғазиев т.б. ғалымдар атсалысып, біраз іс тындырды.

Ақын – заманның төл перзенті, ұлтының рухынан нәр алған жан. Сондықтан да қай ақын болмасын оның поэзиясында өзі ғұмыр кешкен кезеңнің сыр-сипаты дәуір алға тартқан өзекті мәселелер көрініс табады. Бұл қағиданың нақты айғақтарын қазақ ұлтының ұлы ақыны Шәкәрім Құдайбердиевтің шығармашылығынан да көреміз. «Шәкәрім – ең алдымен, ойшыл ақын. Қазақ поэзиясындағы толғаныстан нәр алған ой-танымды биік деңгейге көтерген Шәкәрім екені шындық» [144].

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап күрт алға басқан ағартушылық ой-сананың өрістеуі Абай арқылы қазақ поэзиясына азаматтық ой-толғанысты әкелген болатын. Шәкәрім де ұлы ұстаз ұстанған осы бағытты дамытты. Азаматтық поэзияға тән биік асқақтық, өмір құбылысына терең үңілген таным-толғам Шәкәрім өлеңдерінің басты идеялық тұғырына айналды. Ақынның шынайы азаматтық болмысын, ақындық сенім көзін айқындайтын басты тақырыптар – қоршаған орта, табиғат әлемі, тартысты қоғам, қоғамдағы адам, оның болмысындағы қадір-қасиет, адамгершілік қағидалары және мінез-құлық, тәрбие негізі. Шәкәрім үшін нағыз адам деген атқа лайық жандар – ең биік идеал. «Ескіден қалған сөз теріп» өлеңінде осы нақты көрініс тапқан:

Жүрегі таза адамдар,
Зұлымдықтан амандар,
Қиянатсыз надандар
Әулиеден кем емес [135, 52 б.].

Сондықтан да жалпы адамзатқа тән асыл қасиеттер: адалдық пен әділдік, білімділік пен еңбекқорлық, парасаттылық пен зиялылық мәселелерін жырлауға келгенде Шәкәрімге жетер ақын жоқ. Осынау ізгі қасиеттердің маңызын ашып, және оған терең мән бере отырып, ақын айналасындағы адамдар бойындағы қасиетсіздікке жирене қарайды. Өмірден көргені мен одан түйгенін өлең арқылы оқырман мен тыңдарманға ақтарып салады. «Насихат» өлеңінде ақын:

Адалдық жолы болар заман бар ма,
Жем болдық шын жексұрын надандарға.
Адастың деп отырмын айғай салып,
Бар тапқаным сол болды, амал бар ма... [135, 162 б.]-

деп күйінеді. Ол надандық торлаған қазақ даласына адалдық келіп, әділет жолбасшы болар күнді армандайды. Бұл арадағы ақын арманы ащы өксікке толы, үнінде зарлылық басым. Ол осынау надандықтың түп тамыры адамдардың бойындағы сауатсыздық пен қараңғылықта, жалқаулық пен бойкүйездікте жатқанын жақсы біледі. Шәкәрімнің сыршыл поэзия арқылы адамдық болмысты тануға ұмтылған азаматтық ірі мақсатының бірі – ұлтының бойына бәле болып жабысқан осы бір жағымсыз қасиеттерден арылту. «Үйретуден жалықпау» қағидасын ұстанған Абайды дана ұстаз таныған Шәкәрім ұлы ақын ұсынған адамды адамдыққа тәрбиелеу атты жанды идеяны одан әрі дамытты. Данышпан Абай:

Болмашы кекшіл,
Болсайшы көпшіл.
Жан аямай кәсіп қыл [135, 39 б.]! –

деп нақыл айтса, Шәкәрім де ұлтқа қызмет етуді адам баласының ең басты міндеті, қасиетті парызы санайды.

Адамдық борышың,
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай,
Ар сақта, оны біл [135, 47 б.].

Мұнда ол өзінің өмірлік тәжірибесін алға тартады. Шәкәрім өлеңдеріндегі азаматтық тұлғаның болмысын айыратын көрсеткіш те осыған тығыз байланысты. Яғни ұлт алдындағы борыш ұғымы алдыңғы қатарға шығып, азаматтың халқына сіңірген еңбегіне қарай бағалануы. Ал өмірде адам болып қалу үшін, адамгершілікті жоғалтпау үшін не қажет?! Адамның адам болып қалуы – әлемдегі сөз өнерін қадір тұтқан бұрынғы-соңғы бар суреткерді толғандырған киелі мәселе. Замананың заңғар жазушысы Шыңғыс Айтматов бұл сұрақты XX ғасыр биігінен адамзат

алдына қоя білді. «Қашан адам қалады адам болып?! Соғыста да сол сұрау, бейбіт күнде де сол сұрау!» деген ұлы толғаныс адам өнер атты ұлы үрдісті жанына арқау еткелі бері «күн тәртібінен» бір түскен емес. Бұл сұрақ қазақтың ұлы ақындары Абай мен Шәкәрімді де өмірді сөзбен өрнектеген суреткер ретінде толғандырмай қоймасы хаһ. «Адам деген даңқым бар, Адам қылмас халқым бар» күңіренген Абай ұйықтаған ойды түртпек ниетпен адамның адам болып қалуын көздеп, талай даналықты алға жайып салды. Ұлы ақынның адам болып қалу үшін ұсынған бес қағидасын:

Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс көнсеңіз [1, 19 б.].

Шәкәрім «Талап пен ақыл» өлеңінде сегізге жеткізеді:

Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан,
Анық төмен болмай ма хайуаннан.
Ынсап, рахым, ар, ұят табылмаса,
Өлген артық дүниені былғағаннан [135, 112 б.].

Шәкәрім өлеңді, ақындық өнерді «даналық бесігі», «ақылдың кені» санайды. Арманы «қазақты өрге сүйреп өлу» болған ақын өрге сүйреудің ең озық құралы – өлең, оның «ар түзейтін» ұлы қасиеті деп біледі. Ал сол өлеңді жаратушыны, яғни ақынды туған халқымен тұтасып кеткен ұлы тұлға таниды.

Шәкәрім Абайдағы өнер-ғылымға үндеудің арнасын отаршылдықтың езгісіндегі ұлтының бостандығы жолындағы күреске бұруға ұмтылып, ол жолдағы ел мен ер бірлігінің атқарар міндетін айқындауды шығармашылығының негізгі өзегіне айналдырады. Жаңа ізденістерге бет бұрады. Осы бетбұрыстан кейінгі өз шығармаларына азаттық ойды арқау еткен Ахмет, Міржақыптарға ой салған алғашқы идеялардың көрінісі бой көрсетеді. Әрине, Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім шығармалары тікелей азатшылдық кү-

ресті меңзегенмен, осы ойдың өміршең болуына, өзінен кейінгілердің шығармашылығынан мол орын алуына септігі аз болған жоқ. Азаттық ойдың, ұлт-азаттық идеяның орнығуына үлкен әсер етті. «Қош» атты өлеңінде:

Мен қайғы жедім ғой,
Қапы өтті дедім ғой.
Қазағым, қам ойлан,
Сен де адам едің ғой [135, 227 б.], –

дейді Шәкәрім. Бұдан біз ел-жұрт қамын ойлаған тұлғаның халқына қайырылуын көреміз. Мұнда үмітсіздіктен гөрі сенім басым. Туған халқының бойындағы ұлы күштің бұлқынысына сенеді ақын, сол сеніміне үмітті серік етеді. Тұлғаның толығына, елінің оянарына ақын үлкен сеніммен қарайды.

Шәкәрімнің азаматтық лирикаларындағы бір арна – өскен орта – қазақ қоғамы. Шәкәрім өзі өмір сүрген дәуірдің кертартпа кесір-кесапатын көре білді. Оның қаншалықты зиянды екенін сезіне де білді. Өз ортасынан озып туған тұлға ретінде әлгі кесапаттан құтылудың емін іздеді. Сол ой ақын жанын жегідей жеп, жүрегіннің тереңінен шыққан кемел ойларын шығармашылық толғанысқа айналдырды. Ақын жүрегін, ең алдымен, ел пысықтары, залым билеушілер, атқа мінерлер шошындырды. Оларға тән мінез-құлық ақынға өте таныс болатын. Сондықтан да ақын «Партия қуған өңкей қырт» өлеңінде оларды:

Партия қуған өңкей қырт,
Жазылмайтын ол қылқұрт.
Мен тартам ел қайғысын,
Әкімі – залым, биі – әңгірт [135, 93 б.], –

деп дәл сипаттайды.

Шәкәрім шығармашылығының дені – өлеңмен жазылған дүниелер. Өйткені Шәкәрім – ең алдымен, ақын. Ақын болғанда, алдыңғыны дамытқан, кейінгіге үлгі болған ақын. Әдебиеттегі жаңашылдық пен дәстүр ұғымдарының нақты белгісін осы Шәкәрім шығармашылығынан көреміз. Дәстүр дегеніміз М. Әуезовтің сөзімен айтқанда: «...мағынасына характер де, түр де, оқу мен

өсу де, дами түсіп өзгеру де, мазмұн мен сыртқы сипат, көрік-күй мәселесі – бәрі де кіретін нәрсе» [56, 117 б.].

Бұл тұрғыдан келгенде, Шәкәрімнің Абайдың інісі ғана емес, дарынды шәкірті екендігін, ұлы ақын дәстүрін өзіне тән өрнегімен әрлеп алға апарушы екендігін алғаш айтып, ғылыми тұжырым берген Мұхтар Әуезов болды. Шынында, Абай мен Шәкәрім арасындағы шығармашылық байланыс аса терең. Ол – құрғақ еліктеушілік емес, бірін-бірі толықтырған өнери тамырластық.

Шәкәрім ұстанған сыншылдықтың басты міндеті – өмір шындығын нақты көрсете отырып, салмақты әлеуметтік ой айту, өмір құбылыстарын, заман мен қоғам шындығын шынайы бейнелеу арқылы оқырман мен тыңдарман ойын ояту болса керек.

Шәкәрім – айналасындағы болып жатқан қоғамдық-әлеуметтік өзгерістер мен жаңғыруларға үнемі үн қосып өзгелерге жөн сілтеп, жол басшы болған кісі. Ол ақын ретінде де, қазақ қоғамының белгілі қайраткері ретінде де өмір көшінің алдында жүріп, замана желінің қайда соғарын тап басып танып отырған. Керек кезінде қазақ жұртшылығын бұйығы тұрмыс-тіршіліктен оятуға ұмтылған ақын, ұлы өзгерістер тұсында өзгеше түлеп шыға келеді. Сөйтіп, «Бостандық таңы атты», «Бостандық туы жарқырап» деген топтама өлеңдер тобын жазады. Онда ақын алдыңғы өмірден үлкен үміт күтеді.

Бостандық таңы атты, қазағым, көріңдер,
Арға ие басшының соңынан еріндер,
Таң артынан хақихат күн шығады,
Еріншек, жалқаулық әдеттен безіндер [135, 307 б.].

Өлеңнің өн бойынан ақынның болашаққа деген сенімі есіп тұр. Бірақ ол – құрғақ қиял емес, шынайы сенім. Осы тұста Шәкәрім поэзиясына тән азаматтық сарын тағы алға шығады. Тағы да тұлға мен халық бейнесі сабақтаса өріледі. Халық сонда ғана бостандыққа қол жеткізеді, егер «арға ие басшыны» таба білсе. Ақынның лирикалық кейіпкері болашақ өмірді сол «арға ие басшылармен» тығыз байланыстырады.

Шәкәрім шығармашылығында таза ағартушылық тақырыптың да орны ерекше. Шәкәрім жай оқуға шақырушы емес, Шәкәрім үшін оқу-білім – ғылым жолы. Оның бұл ойлары «Сен ғы-

лымға», «Сынатарсың өзінді», «Ғылымсыз адам – хайуан» т.б. өлеңдерінде анық та нақты көрініс тапқан. Ол – әйтеуір оқудың жоқшысы емес, сол оқу апарар танымның жолбасшысы.

Ғылымсыз адам – айуан,
Не қылсаң да ғылым біл.
Ғылымға да керек жан,
Ақылсыз болса ғылым тұл [135, 79 б.].

Шәкәрімнің ғылымға үндеудегі мақсаты тым алыста. Ол – алдыңғы толқын қалыптастырған ағартушылық бағытты одан да әрі жетілдірмек ниетте жүрген «жаңа жолдың басшысы». «Оқу – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» деген қағиданы ұстанған, білім шырағының таным шамшырағына айналуын аңсаған ұлы ағартушы.

Үш-ақ түрлі өмір бар: бәрі де мас,
Бір рәуішті болады шал менен жас.
Ең керекті дегенің – органшы өмір,
Түгел қолың жетпейтін бір жанталас.

Қапы өткізбе сол кездің бір сағатын,
Өкінішті қалмайды кетсе ағатың.
Күні-түні дей көрме, ғылым ізде,
Қалсын десең артыңда адам атың [135, 261 б.], –

дейді Шәкәрім. «Үш-ақ түрлі өмір бар»... Осы бір жолдарда адам өмірінің бүкіл болмысы айқындалып тұр. Ақын өмірдің органшысын көрсету, соған негізгі ойдың салмағын сала меңзеуі арқылы, адамды ізденіске, білімге талпындырады. Осынау екі шумақ арқылы түйінделген тұжырымда, ақынның ағартушылық ой-идеясының тұтқасы жатыр. Ол – ізденіс, ол – еңбек.

Шәкәрімді ақын ретінде де, дана ойшыл ретінде де толғантқан, тұңғиық ойдың тереңіне тартқан тылсым сырдың бірі – «өмір» ұғымы. Ол ақынның «Дүние мен өмір», «Өмір», «Тумақ, өлмек – тағдырдың шын қазасы», «Өмір сырын көздесең», «Анадан алғаш туғанымда», «Үш-ақ түрлі өмір бар...» өлеңдерінің тақырыбына арқау болған. Қашанда болмасын, қай заманда болмасын

ақындар адам ғұмырына өз өресі жеткен биіктен ой жіберуге тырысып-ақ баққан. Ежелгі жыраулар жыраулық толғам мен ақындық айқындықты ұштастырған. Бұқар толғауларынан мұны айқын байқаймыз. Шәкәрім де бұдан тыс қала алмайды. Дүниеге келу мен кетудің мәні неде?.. Өмір соңы өкініштен тұра ма?.. Өкінбестей айла бар ма?.. Міне, Шәкәрімді толғандырған осы сұрақтар. Адам баласының дүниеге келуінің өзінен Шәкәрім оның өмір жолының бар мәнін ашып береді.

Анадан алғаш туғанымда,
Жыладым неге дыбыстап [135, 58 б.]? –

деп басталатын өлеңінде ақын адам өмірінің мың құбылған астарлы сырына үңіледі. Сәбилік түйсік пен есейген сезімнің тоғысынан өмір атты ұлы ұғымның мәнін ашуға ұмтылады. Өлгі сұрақтың жауабы қандай болмақ? Жауабы мынау:

«Мұқтаждық өмір жолы бұл» – деп,
Мұңайтып ақыл жылатқан.
«Жас өмір қызық оны біл» деп,
Алдамшы үміт уатқан [135, 59 б.].

Ақын ойынша өмір қиындығын жеңер жалғыз күш – алғы күннен жақсылық күтер үміт. Үміт алға жетелейді. Бірақ үмітке «серік» қажет, ол – «серік» – «өмір өлімге тұсалғанға» шейінгі аралықтағы қажет қасиеттер.

Еңбекке шыда, ебін тап та,
«Сабырдың түбі – сары алтын».
Өзімшіл болма, көпті ардақта,
Адамның бәрі өз халқың.

Ынсап пен мейірім, әділетті,
Жаныңдай көріп, жан сақта.
Ол жолда өлсек, неміз кетті
Мақсатқа жетпей қалсақ та [135, 60 б.].

Ұлы Абай өмір туралы:

Жас картаймақ, жоқ тұмақ, туған өлмек,
Тағдыр жоқ, өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек [1, 47 б.], –

деп толғанса, Шәкәрімнің де өмір туралы тұжырымы осылай өріледі. Бірақ Шәкәрім танымының бір сыры – ол өмірдің алдамшы екенін біле тұра, оны өкінбестей өткізудің нақты мысалдарын алға тартуында.

Тұмақ, өлмек-тағдырдың шын қазасы,
Ортасы – өмір, жоқтық ғой екі басы.
Сағымдай екі жоқтың арасында,
Тіршілік деп аталар біраз жасы [135, 45 б.].

Иә, өмірге келдің, кеттің, белгі бар ма?! Белгі қалуы мүмкін бе? Сағым дүние сағым күйінде қала бермек пе... Өкініш! Ал осы сағым дүниені сағынышты өмірге айналдыруға бола ма? Болады. Ол үшін Шәкәрім жеті нәрсені бұлжытпай орындауды ұсынады.

Өмірдің өкінбейтін бар айласы,
Ол айла – қиянатсыз ой тазасы.
Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек,
Таза жүрек, тату дос – сол жарасы [135, 54 б.].

«Қош жұртым!» атты өлең – аты айтып тұрғандай, Шәкәрімнің өмірінің соңына қарай жазылып, ақын шеберлігінің кемеліне жеткен кезінде дүниеге келген туынды. Өмірден көргені көп, түйгені мол ақынның өткенге ой жіберіп, келешекпен сырласуы десе болғандай бұл өлеңді. Мұнда лирикалық кейіпкер өз өмірін қорытындылайды. Терең тебіреністен туған өлеңде ойшылдық басым.

Қалған қараңғыда елім,
Ойлап толғаумен
Сынатұғын белім.

Бұл алтын таңның атқан нұрынан
Тұр есе алмай елім.

Шәкәрім – нағыз лирик ақын. Оның лирикасы сыршыл сезімге толы. Өлеңдері көркемдік бояуы қанық, жүректің қылын шертетін нәзіктікке бай болып келеді. Абай өлеңдерінен табылатын суреткерлікке тән белгілер Шәкәрімнің лирикасынан да бой көрсетіп отырады. Өйткені Шәкәрім – Абай дәстүрін, оның сөз өнеріндегі үлгі-өрнегін жаңашылдықпен байытып, дәстүр мен жаңашылдық бірлігінен жаңа жол, соны соқпақ тапқан ақын.

«Әкесінің баласы – адамның дұшпаны. Адамның баласы – бауырың» деген Абай қағидасын Шәкәрім – бүкіл өмір бойы берік ұстап өткен адам. Ақын:

Адамның маған бәрі бір,
Не мұсылман, не кәпір.
Тамам адам бір бауыр,
Бөлінбесе өлген соң.
Мен ұлтшыл емеспін,
Жақыным мынау демеспін,
Ашылсын анық көмескім,
Айтайын кезі келген соң [135, 62 б.], –

дейді.

«Шәкәрімнің лирикасындағы адамгершілік идеяларды иығымен көтеретін негізгі тұлға – ақын. Шәкәрім ұғымынша ақын қашанда өз дәуірінің ең ауыр жүгін көтеруге тиіс» [145, 78 б.], – дейді шәкәрімтанушы ғалым Б. Әбдіғазиев.

Поэзиядағы азаматтық ұстанымы айқын танылатын ақынның бірі – Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сұлтанмахмұт көптеген лирикалық өлеңдерінде лирикалық кейіпкер атынан сыр шертіп, өлеңдегі сезімділікті өзгеше бір күйге бөлеп тастайды. Мұндай өлеңдерінде айтылар ой, нақтылықтан гөрі, жалпылыққа ауысып, барлық оқырманға ортақ сезімдей қабылданып, оқушыға ерекше әсер етеді. Бұл – лирикалық тәсілдің бір түрі. Осы тұрғыдан қарағанда ақын өлеңдерінің мән-мағынасы оқырман ұғымына, сезіміне сай келіп, жүрегімен табысып, жанына жақын болып жатады.

Ақын «Алты аяқ» деп аталатын лирикалық өлеңінде өмір үшін арпалысқан, өмір тұңғығындағы небір қиындықтар мен қиыншылықтарды жеңіп, жарқын болашаққа ұмтылған лирикалық қаһарманның бейнесін сомдайды.

Суық өткен, шаршаған,
Бола ма адам, болмай ма?
Соққы жеген қаншадан,
Дауысы яки қонбай ма [128,111 б.]?

Қиыншылық, қиындық теңіз бейнесінде сипатталып, ақыры адам жеңіп шығады. Мұнда күрескерлік рух басым.

Сұлтанмахмұт ақын ретінде қоғамдық өмірдің алуан түрлі сұрықсыз жақтары мен ұнамды-ұнамсыз кейіпкерлердің іс-әрекеттерін, характерін, мінез-құлқын, ішкі жан дүниесін ашық, айқын әсерлі көрсетуде асқан шеберлік танытады. Суреткер адамның әр түрлі қасиеттерін, сыр-сипатын бейнелі сөз үлгілерімен бере отырып, жаратылыс көріністерін, табиғат құбылыстарын да жанды бейне қалпында суреттейді.

Ақынның азаматтық позициясы оның өлеңдеріндегі халықтың еркіндік, бостандық жолындағы мүддесін, күресін бейнелеуден көрініс табады. Ақын, әсіресе, кейбір озбыр жандардың арам пиғылын, сұрықсыз бейнесін кескіндеуге өте шебер. Әлеуметтік теңсіздік, езілгендердің азапты тіршілігі солардың іс-әрекетіне, артта қалған қоғамның келеңсіз жағдайына байланысты жырланады.

Сары жез сатып алды малын шашып,
Сол үшін мақтанады мықын басып.
Ел дейтін адам басшы әзір сирек,
Көпшілігі табансыз, қорқақ, күйрек [128, 31 б.].

Бұл – реалистік дәлдікпен берілген шыншыл суреттеулерде ақын өз ұлтының ішінен шыққан, халқын шенге сатқан, өз құлқынан басқаны ойламайтын тоғышарлар бейнесін көрсетеді. Абайдың «Болыс болдым, мінекей» деп келетін өлеңі еріксіз еске түседі. Бірақ уақыт озады, замана өзгереді. Осыған орай қазақ

ішіндегі өзіншіл озбырлар жан ұшырып, түсін де, амал-айласын да өзгертіп нағыз әкім болып алады. Ол – «Оқыған басшы».

Қазаққа басшымыз дер шляпалар,
Очки сап, портфель ұстап жүрген жандар.
Істеген он тиындық еңбегі жоқ,
Бос мылжың, даурықпада қанша мән бар [128, 63 б.]?

«Бір адамға» – Сұлтанмахмұттың әлеуметтік сарыны басым, өткір де шымыр өлеңдерінің бірі. Мұнда ақынның сыншыл реализм әдісін жете меңгергендігі айқын көрініс тапқан. Сұлтанмахмұттың суреткерлік шеберлігі сонда, ол осы шағын өлеңіне үлкен әлеуметтік жүк артып, кереметтей сурет жасап, түйін түйген. Үлкен шығармаға жүк болар ойды шағын көлемге сыйғызып, шеберліктің шыңына шыққан.

Ол рас, аталарың шенге алыпты,
Арзан қып, қымбат емес, кемге алыпты.
Апыр-ай, қалай бұлдаған сатқандарын,
Оқа, түйме, сылдырлақ теңге алыпты (128, 95 б.).

Бұл жерде өмірдің өзгерісін түсінуден қалған, заманның дамуынан хабарсыз, патша берген жылтырауық түйме мен оқалы шекпенді бағып отырғанына мәз, санасыз жанның бос кеуделік сыйқы көрінеді.

Ақын өлеңнің алдыңғы бөлігінде шалдың жинаулы қазына-малдарын суреттей келіп, өзінің ол жөніндегі ойын кейінге сақтайды. Шал: «көріңіздер, жасқанба» дегенде ғана ақын өзінің көзқарасын ақтарып салады.

Дедім мен: «Құтты болсын шекпеніңіз,
Артқыға қандай егін еккеніңіз?
Жусақ та денемізден кетер емес,
Сондағы тұқым шашып сепкеніңіз » [128, 95 б.]

Өңменіңнен өтер өткір мысқыл, бірақ оны түсінер жан қайда. Ақын бұл өлеңде замананың көкейкесті мәселесі – әлеуметтік теңсіздікті басты нысана ете отырып, төмендегіше ой түйеді:

Кесені қолыма алып қарай бердім,
Шінде нақақ көзден жас бар ма деп [128, 95 б.].

Ақынның осы түйінінде айтар ойдың бар жиынтығы жинақталған. Көз алдымызда ақын салған керемет сурет, бейнелі образ мәңгілік өшпестей қалып қояды. Күміс кесе түбінде езілген ұлттың мөлдіреген көз жасы тұнып қалғандай.

«С. Торайғыров өз туындыларында, өмірдің із түспеген тұнық өлкелеріне шүйігеді, бұрын қазақ тарихында ешкімнің санасында тербелмеген соны да ірі мәселелерді көтереді, оларды жанды образға бөлеп, оқушы миллиондар қызығарлық, елігерлік, жаңа әлемнің жан тебіренер жайлы да тамашалығын жанымен сезініп, ләззат табарлық көркемдікте суреттейді» [146, 152 б.], – дейді зерттеуші-ғалым Т. Нұртазин.

Сұлтанмахмұт шығармашылығының соңғы кезеңі (1917-1920 жылдар) әсіресе, өршіл де рухты жырларға толы. Оның ақын ретіндегі азаматтық ұстанымы осы кезде нақтылана түседі. Бұл – ақын ақындық өнердің бар қырын меңгеріп, нағыз суреткер ретінде қалыптасқан кезең. Ұлы далаға бостандықтың келгенін паш еткен революциясын ақын қуанышпен қарсы алады. Бұл тұста ақын өзінің шалқар шабытына мініп, ұлтының теңдігін жоқтап, азаттықты жақтап, халқының көңіліне қонар салиқалы ой тастап, жалынды жырларымен шашу шашты. Ақпан революциясынан кейін іле-шала «Алаш ұраны» дүниеге келді. Бұл оның ұлтжандылығын, ұлтының езгіге қарсы көтерілуіне шын тілектестігін білдіретін өршіл лепті, рухы биік, отты жыры болатын.

Алаш туы астында,
Біз – алаштың баласы.
Күніміз туып көгерді,
Сарыарқаның даласы,
Құрт аурудай жайлаған,
Құртпаққа бізді ойлаған,
Қанымызға тоймаған,
Қолымызды байлаған,
Ерімізді айдаған,
Жерімізді шимайлаған,
Өшті залым қарасы.
Жасасын, алаш жасасын [128, 122 б.]!

Ақын патшаның тақтан құлауын шын қуанып қарсы алды. Енді бостандық келетініне имандай сенді. Бірақ ақын бостандық, теңдік, азаттықтың оңай келмесін сезінеді. Сондықтан да енді тек күреске ұмтылу керектігін, соның жолына бар күш-қайрат пен ерік-жігерді жұмылдыру қажеттігін айтып, елді ұлы шайқасқа шақырады. Күрес жолында жүрген ел азаматтарының жүрегіне сенім ұялатады.

Алаш туы астында,
 Күн сөнгенше сөнбейміз.
 Енді ешкімнің алашты,
 Қорлығына бермейміз!
 Адамдықтың жолына,
 Бастаған ерлер соңында,
 Басқаға көңіл бөлмейміз,
 Қандай шайтан келсе де,
 Алдауына көнбейміз.
 Өлер жерден кеттік біз!
 Жасайды алаш, өлмейміз!
 Жасасын алаш, жасасын [128, 123б.]!

Сөйтіп ақын ұлтының ар-ұжданына айналар ақындық бағытты тауып, «Қазақ үшін шам қылған жүрек майын» Ахмет, Әлихан сынды көшбасшылардың соңынан еріп, солар салған ақ жолды дұрыс деп біліп, білекке-білек, тілекке-тілек қосады.

Әрине, замана өзгеріп, дүниенің астан-кестені шығып жатқан тұста ақын көңіл-күйінің үнемі бір қалыпта қалуы мүмкін емес. Талай заңғарды адастырып, ойын оңға, санасын санға бөлген уақыт үрдісі жүрегі сезімтал, көңілі күдікшіл ақынды сарсаңға салғаны белгілі.

Ақынның сол аумалы-төкпелі заман тұсындағы көңіл-күйін білдіретін өлеңнің бірі – «Жас жүрек».

Жас жүрек қайда сенің ыстық қаның,
 Тап мұндай мұздауыңның айтшы мәнін [128, 118 б.], –

деп, ақынның өз жүрегіне сұрақ қоюынан басталатын өлең

«Бұ күнде адасудан көз ашпадым,
Не нәрсені көздесем тап баспадым,
Дүниеден басқа рақат тілемеймін,
Кеш, арым, мен білместің адасқанын!» [128, 1196.], –

деген «жүректің» өксікті өкініш жауабымен аяқталады. Көп зерттеушілер бұл өлеңді ақынның «Алашордашыларға» еріп алданғанын мойындауы деп біледі. Біздіңше өлең мағынасы бұған мүлде келмейді. Мұны ең алдымен сезімшіл ақынның көңіл мұңы, соны жырлау арқылы жан-дүниесіндегі екі ұдай ойдан құтылуды көздеген ақынның бір сәттік сілкінісі деп бағалауымыз керек. Ақын өзі «Өткірсің наркескеннің алмасындай» деп бағалаған Ахметтердің жолынан шошынбайды, «Тәтті үміттің қиялы сәуле берген» бостандық нұрына қол жетпей қалуына өкінеді. Азаттық, бостандық үшін күресте «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарар» бірліктің, бар күш-жігерді біріктіретін басшылықтың, тіпті қала берді азаттық үшін жанын қияр қайсарлықтың барлық жанның бойынан бірдей табыла бермегеніне күйінеді ақын. Аңсаған азаттықтың «тәтті қиял» күйінде қалуына ақын өзін де кінәлі санайды. Сол үшін ол адамдық арынан кешірім сұрайды.

Осыдан кейін, үміті ақталмаған ақын өзіне «Неге жасаймын?» деген сұрақ қояды. Мұндағы түйінделген ой – ақынның енді өмір сүру керек пе, жоқ па деген тура сұраққа жауап іздеуі. Ақын өзі де, жұрты да аңсаған «бостандық туы жарқырап», жақсы күннің келеріне деген сенімі азайғанын көреміз.

Сусыз, шетсіз шөлдерден,
Тұманды, түпсіз көлдерден,
Адамдық көші өткенше!..
...Іштен өсіп адамдық,
Сырттан түлеп жамандық,
Тазарып әбден кеткенше:
Талай шаштар ағарар,
Талай тәнді жер алар,
Талай буын қуарар,
Талай өмір суалар.

Жасамаймын: «Еңбектің,
Жемісін көзбен көрем» деп,
Жасаймын: «Бір қолғабыс
Кейінгіге берем» деп [128, 123-124 бб.].

Иә, ақын өз ұлтының азаттыққа жетер күнінің алыс екенін сезінеді. Оның талай ұрпақтың толассыз күресінің, ұлт қамын жеген ұлылардың азапты өмірінің нәтижесінде келерін жанымен түйсінген ақын, аз ғана өмірінде соның сәл де болса жақындауына «қолғабыс» тигізуді мақсат тұтады. Бұл – халқының азаттығын аңсаған ақынның азаматтық ұстаным айқындығының көрінісі.

Ақын 1917 жылғы ақпан революциясын қолдап қуануын кейін адасқандық деп санады, ал қазан революциясын бостандық таңы деп бағалады деуіміз кейінгі коммунистік идеологияның санамызға сіңірген көп қисындарынан туындаған жасанды долбар.

Бұған бір ғана дәлел келтірейік. Ақын ақпан революциясын жаңбырға теңеп, «Сарыарқаның жаңбыры» деп өлең жазса, қазан революциясынан кейінгі уақытты «Дауылдағы әбігер» деп атайды. «Жаңбыр» – құт-береке, жер нәрі, жаңғыру, жаңару, өсіп-өнудің символы. Ол табиғаттың ажарын ашып, дүр сілкінуге, жайнап, түлеуіне себепші. Табиғаттың осынау құбылысына балау арқылы ақын ақпан революциясы әкелген ұлы өзгерістің шапағатын көрсетуге ұмтылған.

Бұл мысалдың мәнісін ұға алсаң сен,
Келген заман – бостандық жаңбырмен тең...
Жаңбырдан соң көгерген Сарыарқадай;
Бостандықтың күшімен көгерсін ел [128, 120 б.].!

Ақынның айтар ойы анық, жасаған образы бейнелі, сенімді нық. Осы нық сенімді бұзған не? Көңілге күдік ұялатқан қандай жағдай? Ол – әрине, «Дауыл»! Қиратушы, талқандаушы дүлей күштің символы.

Желге ұшқан жүндей болып барлық елдер,
Адал, арам, ішінде кемеңгерлер,

Дауылдан бұрын өртеп елдің үйін,
Енді «тігем» деп жүрме арамтерлер [128, 138 б.]?

Дауыл ештеңені талғап, талдап жатпай, жолындағының бәрін қиратып, ұшырып әкетті. Ол жүріп өткен жерде өмірдің қайта жандануы ұзақ мерзімді талап етеді.

Оған дейін бірталай күндер өтер,
Талайдың қыршын жанын алып кетер [128, 139 б.].

Бір мезгіл ақын:

Дауылдың түбі қайда, айдаған кім?
Халық үшін жауға қылыш қайраған кім?
Қанды балақ қорқауды күшпен жеңіп,
Адамзаттың дұшпанын жайлаған кім [128, 138 б]? –

деген өткір сұрақтар қойып, оның жауабын таба алмайды. Сондықтан да басқа арнаға ауытқып, «Шаруалы, мәдениетті ел гүлденер...» Демендер, «Бұл сандырақ келмей кетер» деген қияли ойды қау жап, болашақтан үміт күтеді, сабырға шақырады.

Сұлтанмахмұт өз поэзиясына негізгі өзек етіп халықтың бостандық сүйгіш ұлы мұратын алды. Оның ақын ретінде қалыптасуына әсер еткен жағдай өз кезеңіндегі халықтың әлеуметтік өмірі, ұлтының бостандық жолындағы күресі болса, үйренген мектебі, алған тәлімі ұлы Абайдың озық үлгідегі әдеби дәстүрі болды. Сұлтанмахмұт шығармашылығы – ұлтымыздың санасын ояту мен ұлтжандылығын танытудағы өзгеше өріс.

Сұлтанмахмұттың ұлтжандылыққа ұмтылдырып, бостандық сүйгіштікке баулитын ерекше әсерлі өлең-жырларынан, коммунистік идеологияның белсенділері қатты сескеніп, ұлы ақын мұрасының жанды, пәрменді ықпалынан қауіптенді.

Ел үшін жан береміз,
Жау қайратын көреміз.
Сүйген жарым теңдікті
Кімге тегін береміз?
Біз де ұлттың ұлымыз.
Жолында құрбан құлымыз.

Осынау азатшылдыққа, күреске шақырған шұғылалы шындықты ойды жазғаны үшін кезінде оны «буржуазияшыл ұлтшыл» деп ғайбаттап, азаматтық тұлғасын тұқыртпақ та болдық. Бірақ Сұлтанмахмұт қашанда да ақын ретінде де, ұлтжанды санаткер ретінде де ұлттық ой-сана көшбасшысының бірі болып қала бермек.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары жаңа заман лебін сезіне біліп, өздерінің бүкіл іс-әрекеттерінде де, шығармашылық ізденістерінде де оны неғұрлым айқын танытуға ұмтылды. Бұған біз қазақ зиялыларының (олардың көбі ақын-жазушы) күрескерлік жолын саралай отырып, шығармашылық ізденістерін әралуан қырынан қарастыра отырып көз жеткіздік.

Осы кезеңдегі қазақтың елшілдікті ту көтерген ақын-жазушыларының қызметін ғалым Д. Қамзабекұлы былайша көрсетеді: «Милләтшіл кезеңде қаламгерлер ұлтты оятуға барын салды. Олар Өзін ұлттың жай бір мүшесі емес, оның жанды тетігі, қозғаушысы ретінде сезінді. Бұл жауапкершіліктен туған сезім еді. Өнерге ұмтылу..., ұлт болып ұйысу... дінді, ғылымды өрітету, жастарды ел мүдесіне орайлас тәрбиелеу, оқу мен білімді халық қажетіне жарату һәм дамыту – осының бәрін жүзеге асыру милләтшілдердің алдына қойған мақсаты болатын. Осыған алаш зиялылары өз жөнімен келді. Уақыт пен тарих олардан осыны талап етті» [101, 163-164 бб.]. Шындығында да солай. Әсіресе, әдебиеттегі қай бағыт өкілдері болмасын ел үшін ортақ мүддені көздеп, сол жолда өзінің бар мүмкіндігін пайдалануға тырысты. Ал ұлт санасын оятуда шығармашылық қызметтің атқарар міндеті аса зор екендігі белгілі. Біз осыған баса назар аудардық. Нәтижесінде шығармашылық мүмкіндік, дүниетанымдық көзқарастың әркелкілігіне қарамай, олар ел санасын оятуда, азатшыл ойды алға шығаруда бірлікте қимылдағанына көз жеткіздік. Ұлт-азаттық идеяны өз шығармашылықтарының желісі үзілмес алтын арқауына айналдырғанын бағамдадық.

ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ИДЕЯНЫҢ ҰЛТ-АЗАТШЫЛ ӘДЕБИЕТТЕГІ ЖАҢАШЫЛ СИПАТЫ

Ұлт-азатшыл бағыттағы ақын-жазушылар шығармашылығының басты міндеті ұлт-азаттығының тірегі ұлттық сананы ояту болды. Олар өз шығармашылығында отаршылдыққа қарсы ашықтан-ашық пікір айтып, азатшыл күрес идеясын өркениетті елдердегі саяси күрес тәсілімен ұштастыруды мақсат тұтты. Ағартушылық, өнер-білім барлығы, ең алдымен, ұлт-азаттығы үшін қызмет етуі керек деген берік байламдағы ой-идеяны насихаттады. «Мақсаты тіл ұзартып, өнер шашпақ» болған Абайдың ағартушылық бағыттағы ой-толғамдарын жаңа арна – азаттықпен ұштастырды. Тапшылдық, жікшілдік мүдделерді көздемей, ұлт тұтастығын сақтауға ұмтылды. «Елім», «жерім» деген ұрандарды ұлттық сананы ояту жолындағы негізгі ұстындарға айналдыруды көздеді. Яғни бұл бағыттағы ақын-жазушылар шығармашылығында «елшілдік» (М. Әуезов) сипат басым болды.

Бұл бағыттың қалыптасуына ХХ ғасырдың басында жаңа әлеуметтік саяси күш – ұлтжанды зиялы топтың пайда болуы жан-жақты әсер етті. Олардың көбі шығармашылықпен айналысқандықтан да, өз шығармаларында бостандық, теңдік, азаттық идеяларын ту етіп көтерді. Ал өздерінің саяси көзқарастарында елдің жігін ажыратпай, біртұтас етіп біріктіруді көздеді. Сондықтан ең басты мәселе ретінде саяси тәуелсіздікті нысана етіп қоя білді. Ұлттың жан-жақты дамуы, өркендеуі ұлттық салт-дәстүрлерді сақтай отырып, өзге өркениетті елдерден үйренер еркіндік салтымен жетілуде деп білді. Оқу-ағартуды, өнер-білімді ел тәуелсіздігі жолындағы саяси күреске пайдалануға әрекеттенді. Әдеби шығармаларында ұлттық сананы оятуды, күрескерлік рухты көтеруді басты мақсат тұтты. Сондықтан да олардың шығармаларындағы көркемдік әдіс-тәсілдер азатшыл

оймен ұштасып жатты. Ұлт-азаттық әдебиет бағытының өкілдері қандай да бір әдеби шығарма болмасын, оған ұлттық мұрат тұрғысынан талап қойды. Сөйтіп, қазақ әдебиетіндегі өзінен бұрынғы Дулат, Шортанбай, Мұрат, Махамбет дәстүрлерін жаңа арнада дамытты. Халықты саналы іс-әрекетке үндей отырып, таптық қайшылықты емес, ұлттық бірлікті жырлап, ұлт тұтастығын сақтауды көздеді. Бұл бағыттың ірі өкілдері Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев шығармашылығында Россия империясы отаршылдық езгісінің бүкіл сипаты толыққанды ашылды.

3.1. Ахмет Байтұрсынов – XX ғасыр әдебиетіндегі ұлт-азатшыл бағыттың көшбасшысы

XX ғасырдың бас кезіндегі саяси-әлеуметтік қозғалыс күрт дамып, кеңге қанат жая бастауының басты себебі, қоғамдық өмірдің өрінде жаңа тұлғалар көзге түсіп, ұлттық сананы жаңа өріске бағыттауға ұмтылуында еді. Солардың ішіндегі ең көрнектісі ұлттың ұлы ұстазына, рухани көсеміне айналған ұлы тұлға Ахмет Байтұрсынов болатын. Ол XX ғасыр басындағы қазақ сөз өнеріндегі ұлттың ұлы рухынан нәр алған жаңа сарын – ұлт-азатшылдық бағыттың негізін қалап, азаттықтың ақ жолын ұсынды. Оның осынау күрес жолындағы ел санасын серпілтер, жұрт жүрегін оятар ең әсерлі қаруы – әрбір қазақ оқырманының жанына жылу болып енген жалынды жырлары мен өткір де ойлы мақалалары. Ахмет Байтұрсынов – шығармашылық еңбектің қай саласында болмасын мол мұра қалдырып, қоғамдық өмірдегі, ұлттық тарихымыздағы өз орнын айқындап кеткен тұғырлы тұлға. Ол – тілші ғалым, ағартушы ұстаз, тәржімадан төл туынды тудырған аудармашы, көшелі сөздің көшін бастаған көсемсөзші, өлеңіне азатшыл ойды арқау еткен ақын, елінің ескіден қалған сөзін терген ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, сөз өнерінің қисынын тауып, қиюын ойған әдебиеттанушы ғалым.

Міржақып Дулатовтың жазуынша, ол «XX ғ.б. Қарқаралыда тұрған кезінде революциялық қозғалысқа қатыса бастайды. Алғашқы кезде астыртын қимылдап, ал 1905 жылғы 17 қазанда жарияланған манифестен кейін қалың қазақтың көрнекті қайраткерінің біріне айналады» [147, 26 б.]. Патша

отаршылдығына қарсы күрестегі белсенді іс-әрекетіне байланысты А. Байтұрсынов 1909 жылы шілденің бірі күні Т. Шыңғысов дегеннің ұстатуымен тұтқындалып, Семей түрмесінде бір жыл отырып, екі жылға дейін қазақ облыстарының шекарасында тұрмауға шешім шығарылғандықтан, 1910 жылдың 9 наурызынан 1917 жылдың аласапыранына дейін Орынборда тұрады. 1913 жылдың 2 ақпанында Орынборда «Қазақ» газетін шығарады. Газет 1918 жылдың 16 қыркүйегіне дейін шығып тұрады. Ахаңның бұл тұсқа дейінгі өмірбаяны замандасы Міржақып Дулатовтың «Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынов» атты мақаласында (орысша жазылған) жақсы айтылған.

Ахмет Байтұрсынов Бас жазушы, Бас редакторы болған «Қазақ» атты тұңғыш биресми газеттің патша әкімшілігінің көңілінен шыға бермегендігі, қазақтың мұңын мұндап, жоғын жоқтаған сара жолы, өзіндік көзқарасы бар, саяси беті айқындалған басылым болғаны белгілі. «Қазақ» газетінің ел арасындағы беделін оның сол замандағы ең үлкен 8 мыңнан астам данамен шығуының өзі-ақ айқындап тұрса керек. Ол туралы біз алғашқы бөлімде біршама айттық.

Ахмет Байтұрсынов шығармашылығының сүбелі салаларының бірі – поэзия. Бұл – негізінен замана талабы, уақыт сұрамынан туындаған, дәуір жүгін арқалаған шығармашылық ізденіс жемісі. Жалпы қазақ әдебиеті ХХ ғасырдың бас кезеңіне дейінгі аралықта жазба әдебиетте қара сөзбен бірді-екілі дүниелер ғана болмаса, негізінен поэтикалық туындылар арқылы көрінеді. Бұған негіз өлеңнің оқырман мен тыңдарман жүрегіне жылы ұялар қасиеті, ойдың ұшқырлығы мен жинақылығы болса керек. Ел азаттығы жолындағы күрескер, білімге, «жарық күнге» үндеуші Ахмет Байтұрсынов өзінің алғашқы жүрекжарды туындыларында осынау тәсілді тандап алуы – уақыт үніне сай болуды көздеуден туған шара. Бірақ көңіл аударар, назар салар, зерттеушілік құлықты қажетсінер бір мәселе – Ахаңның басқалардан өзгереді өзіндік жол табуы. Бұл – оның тұңғыш жинағының түгелдей аудармалардан тұруы. Орыстың атақты мысалшысы И.А. Крылов творчасына зер сала үңілген ақын, оның көптеген шығармаларынан өзінің ділгір қажеттілігін тауып, «Қырық мысал» деген атпен аудармаларын 1909 жылы Петерборда

бастырып шығарды. Бірақ Ахаң Крылов мысалдарына әрдайым айналып соғып отырған. 1911 жылы Орынборда шыққан «Маса» өлеңдер жинағына Крыловтан аударған үш мысалының енуі – бұған дәлел.

В.Г. Белинский Крылов мысалдарын көркемдік қуаты мен саяси-идеялық салмағына қарай басты-басты үш топқа бөледі. Бірінші топтағы мысалдарда оқиғаны баяндап қана шығып, ақыл айтумен шектеліп отырады. Бұл ретте ол ақын-моралист ретінде көрінеді. Яғни Хемницер, Дмитриев салған дәстүрден ұзай қоймайды. Екінші топтағы мысалдарда – ақыл айтуды поэзия жеңе бастайды. Ал үшінші топтағы мысалдар – нағыз сатиралық, поэзиялық шығармалар [148, 716-718 бб.].

А. Байтұрсынов Белинский шартты түрде жіктеген осы үш топтан да мысалдар аударған. Бірінші топтан – он, екінші топтан – жиырма бір, үшінші топтан жеті мысал аударған. Оның бұлай етуіне себеп те жоқ емес. Ахметтің сол кезде алдына қойған екі мақсаты болды. Біріншісі – әлі де болса қараңғылықтың қалың ұйқысында мүлгіген өз халқына ой тастап, білімге ұмтылдыру, артта қалу себебін ашып, оның басты кесепаттарын көрсету. Сондықтан ол қазақтың ұғымына, тыныс-тіршілігіне сай, көркемдігі басым, ғибраты мол мысал үлгілерін таңдады. Сол арқылы тек жаттанды ақыл, құрғақ үндеумен емес, ой-сананы оятар, жұғымды да өтімді, үлгілі өлең жолдарымен әсер етуді көздеді. Сөйтіп, мысал мәтіннің толық сақталуына емес, оның өлеңдік қуатына, поэтикалық әсерлігіне басты назар аударды.

Ахмет Байтұрсыновтың алдына қойған екінші мақсаты – халықты қоғамдық-әлеуметтік көкейкесті мәселелерді танып-білуге үндей отырып, азаттықтың ақ жолын аңғарту, бостандыққа ұмтылуға жөн сілтеу. «Қырық мысалдағы» бұл астарлы мағынаны кезінде өз замандастары да жіті аңғарған. «Қырық мысал» қалың қазақ жұртының алғаш естіген төңкеріс рухының сөзі еді [92], – дейді М. Әуезов. Осы тұрғыдан алғанда, Ахметтің Крыловтың екінші және үшінші топтағы, қоғамдық-саяси сипаттағы мәселелерді көтерген мысалдарына айрықша мән бергенін байқау қиын емес.

«Қырық мысалдағы» шығармаларды тақырыбы жағынан үлкен екі топқа бөлуге болады. Олардың бір тобы оқу-білімге, адамдық-азаматтық қасиеттерге үндеу, еңбекқорлыққа тәрбиелеу,

елді ынтымақ-бірлікке шақыруға негізделсе, келесі тобы елдің елдігін сақтау, езгіде қалған елді азаттыққа, бостандық жолында күресуге үндеу болып келеді.

Ел бостандығын аңсаған, оған қол жеткізудің жолын іздеген Ахмет үшін Крылов мысалдарын аудару таптырмас тәсіл еді. Отаршылдық саясаттың озбырлығын сезе тұра, патшалық әкімдердің қанаушылық қаныпезерлігін көре тұра үндемей қалуды жөн көрмей, өзегіне запыран болып жиналған ащы шындықты қалайда сыртқа шығаруға тырысқан Ахаң Крыловтан өзі екшеген «40 мысалға» жүгінді.

Абай аудармаларын жан-жақты терең қарастырған М. Әуезов ақын аудармасының ерекшелігі туралы былайша ой түйеді: «Алдыңғы ақын сезіміне, әңгімесіне, ой толғауына сүйене отырып, өз ішінен де соған үндес қоғамдық сыр шығарып, қосыла күңіреніп, қатар шабыттанып кетеді. Сондықтан бұл алуандас ақындықты құр аударма деп қарамай, Пушкин, Лермонтов, Байрон сарынымен жазылған шығармалар деп тану керек» [149, 56 б.]. Міне, осы бір пікір Ахмет шығармашылығын қарастырғанда негізге алынуға тиіс. Ахмет Крыловты аударуды мақсат тұтпай, ондағы тақырыпты, ой-өзекті ғана алып өзінше еркін жырлауға, қазақ өміріне тығыз байланыстыра отырып, ой айтуға ұмтылған. Ол әсіресе қазақ өміріне қатысты ділгір де дертті мәселелерге келгенде өзіндік бағыт ұстанып, негізгі желіні дамыта отырып, жаңғыртып, өз уақытына сай мысалдың өткірлігін арттыра түсуді мақсат еткенін аңғару қиын емес.

Осы тұрғыдан алғанда, «Қырық мысал» жинағындағы аудармалардың «Аққу, Шортан, һәм Шаян» мысалымен ашылуы Ахмет үшін белгілі бір мақсаткерлікті танытардай. Ол осы мысал арқылы сол кездегі қазақ өміріндегі ең бір келеңсіз жайды – бас бірліктің жоқ екендігін аса бір дертті мәселе ретінде көтерген.

«Бас-басына хан болған», «Ортақ өгізден оңаша бұзауды артық көріп» аз ғана елінің басын қоспай, бытыратып жүрген ел басшыларының кесірінен қазақтың мүшкіл халге түскен өміріне назаланады ақын. Крыловта негізгі ой моральдық түйін арқылы мысалдың алғашқы бөлігінде беріледі:

Когда в товарищах согласья нет
На лад их дело не пойдет

И выйдет из него не дело – только мука [150, 176 б.].

Крылов мысалының жолдастық, достыққа, келісіммен іс істеуге үндейтін қарапайым өсиеттік қасиеттері осы жолдардан-ақ көзге ұрып тұр. Ал Ахаңда күнделікті тұрмыста кездесер қарапайым істегі келісім емес, саяси астарлы мәні бар ұлы бірлікке үндеу сарыны айқын сезіледі. Ахмет Байтұрсынов Крылов мысалындағы тоғыз жолдық негізгі бөліміндегі ойды сегіз жолдық алғашқы екі шумаққа сыйғызып, өз жанынан бір шумақ қосқан және де ой салмағы осы жолдарда жатыр:

Оншама ол жүк артық ауыр емес,
Құр сыртынан пәлен деу тәуір емес.
Жүк бірақ әлі күнге орнында тұр,
Бірыңғай тартпаған соң бәрі тегіс [129, 6 б.].

Крылов жүктің қозғалмауын олардың іс-қимылын көрсетумен ғана білдірсе, Ахмет «бірыңғай тартпаған соң бәрі тегіс» деп қадай айтып, себеп-салдарына оқырманның назарын аударуға күш салады. Содан соң барып бұдан шығар қорытынды – моральды соңғы шумақта оқырманға өзіндік көзқарасын айқындап отырып жеткізеді:

Жігіттер мұнан ғибрат алмай болмас,
Әуелі бірлік керек болсаң жолдас.
Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас [129, 7 б.], –

деп, елді тұтастыққа, ынтымақ туының астына шақырады. Осы соңғы шумақтан басты идея айқындала түседі.

«Қырық мысалдың» үлкен тобы адамдардың бойындағы көре алмаушылық, іштарлық, күншілдік туралы мәселелерге арналған. Бұларды зер сала отырып оқығанда, өз халқын осынау жаман қасиеттерден арылтуды арман етіп, мақсат тұтқан азаматтың жан толғанысын, үздіксіз ұмтылысын айқын сезінеміз. Мұндай мысалдарға «Жүргіншілер мен иттер», «Маймыл», «Үлес», «Ағаш», «Өгіз бен Бақа», т.б. жатады. «Жүргіншілер мен иттер» мысалында күншілердің сөзіне, іс-әрекеттеріне бола кібірткітпей, ілгері басуды уағыздайды. Ахаң бұл мысалды сол

түпнұсқадан ауытқытпай аударған. Мысалдағы оқиға мазмұны түгелдей сақталып, ғибратты тұжырымы да Крыловпен ұштасып жатады.

Ахмет қазақ өміріне қатысты ділгір де дертті мәселелерге келгенде, өзіндік ой ұстанып, негізгі сюжеттік желіні дамытып немесе жаңғыртып, өз заманына сай мысалдың өткірлігін арттыра түсуді мақсат ететінін аңғару қиын емес. Ал жеке адамдар арасындағы әр түрлі жағдайларға, адам бойындағы жаман әдеттерді көрсетіп, одан арылуға уағыздауда ұлы мысалшы салған аңғардан ауытқымайды. Өйткені ол жаман әдеттер адамның ұлтына, қоғамдық қатынастарға тәуелді емес. Адамзат баласының кейбірінің бойында бар ортақ дерттер.

«Екі бөшкеде» ірі әлеуметтік зор шындық бар. Мұнда атқа қонып айқайлап, ұрандап жүрген ел ағаларының көпшілігі бос кеуде екенін, құрғақ ұраншылдық терең ақыл-ой, кемерлі білімсіз жарға соғарын меңзейді ақын. Көсемсініп күрпілдегенге назар аударып, үндемей іс бітіргенді «ілтипат етіп ешкім аңғармауы» аңқау елге арамза молдалықты танытып тұрған жоқ па?! Ахмет осы мысал арқылы халықтың өз даналығын өзіне қайыра береді. Сондықтан да сөз соңында:

Байқамас оны ешкім жақындаспай,
Істес боп, ой санасын, ақылдаспай,
Бөшкеде не зат барын білеміз бе,
Қақпағын я бір жерін тесіп ашпай [129, 19 б.], –

деп түйін түйеді.

Ахмет Байтұрсыновтың Крыловтан аударған мысалдарының ішінде «Ала қойлар» мысалының көтерер жүгі ерекше. Ахаң бұл мысалында жадағай зорлық-зомбылықты ғана емес, отаршылдық саясаттың бет-пердесін сыпырып, зұлым сұмдығын ашқан.

Крыловтың 1822 жылы жазған «Пестрые овцы» мысалы Петербург университетінің маңдай алды профессорларының қуылуына байланысты туған [151, 42 б.]. Ұлы мысалшының көзі тірісінде цензура басуға рұқсат етпегені де белгілі. А. Байтұрсынов Крыловтағы берілген сюжетті еркін аударма тәсілімен аударып, оған тыңнан жолдар қосып, өз мақсатына сай мағына береді. Крыловтың 38 жолдық мысалын 64 жолға жеткі-

зіп аударған Ахаң сөз көбейту, жол көбейтуді мақсат еткендіктен емес, өзінің айтар ойын оқырманның тереңірек ұғынуына жол ашу үшін барған.

«Ала қойларда» Ахаң ақ патшаның құлқын құмар саясатын ашып, отар елдерді қандай айлалы тәсілмен қанап отырғандығын суреттейді. Онда Арыстан (орыстың ақ патшасы), Аю мен Түлкі (жақын кеңесшілері), Ала қойлар (бұратана халық) кейпінде суреттеледі. «Әділ» патша «Ала қойларды» көргенде көңілі бұзылып, көзі қарауытып кететінін айтып, олардан құтылудың жолын «кеңесшілерімен» ақылдасады. Ол:

Жазықсыз қан төкті деп айтпастай ғып,
Әр түрлі бұған керек амал таппақ, –

деп аярланады. Сонда «күшке мықты, ойға олақ» Аю:

Бәрін де ала қойдың қырсаң, таксыр,
Тұқымын не бар құртып, жоймайтұғын [129, 27 б.]?! –

деп, жауыздық ойын қарадүрсін жеткізеді. Оның бұл ойын Арыстан құп ала қоймайды. «Ала қойларды» аяп отырған жоқ, әрине, өзінің зымиян саясатын ың-шыңсыз жүзеге асырып, «жаманатқа» қалмай, қамқоршы ретінде танылуды көздеп отыр. Сонда саясатқа шебер сұм Түлкі сұмдық ақыл айтады. Ол қойларды шөбі шүйгін жайылымға жіберіп, қасқырға бақтыруды ұсынады. Зұлымдығы белгілі қойшы-Қасқыр қойларды бағып жүріп, көздерін жойсын, жеп тауыссын. «Табылған ақылды» Арыстан тез қабыл алады. Қойларды Қасқыр бағып ондырар ма?! Ақыры «Қасқыр баққан қойдан ала түгіл, ағы да аз қалады». Бірақ қойлардың құрып бара жатқанын ешкім Арыстаннан көрмейді.

Мысалдың түйінінде Ахаң өсиет айтып, пікір білдіріп жатпайды. Ақынның ойы, сюжеттің іштей шириығуы мен кейіпкерлердің мінез-құлқынан, өзіне тән іс-әрекетінен, диалогтерінен танылады.

Бұл сөзге дегенім жоқ жылар-күлер,
Адам аз алдын болжап, анық білер.
Көкжалдар қойшы болса, кім біледі,

Береке ала қойға кірсе, кірер [129, 28 б.], - деп мысқылды да салмақты ой тастайды. Сол кездегі цензураның «көргіштігі мен сезгіштігін» жақсы білетін ақын бұдан түйер негізгі ойды оқырманның өзіне тастап, аң бейнесіндегі зұлымдарды танып алуды елдің ақыл-таразысына салады. Ахметті Крылов сюжетінің ең бір қатты қызықтырғаны да, назарын аударғаны да «Ала қойлар» тағдыры еді.

Крылов творчествосын зерттеушілер осы мысалдағы Арыстан бейнесін Александр I, Түлкі мен Аю бейнесін оны қоршаған Сарай қызметкерлері деп таниды. Ала қойларды Академиядан қуылған орыс ғалымдары деп біледі. А. Байтұрсынов Ала қойларды басқа контексте, патша тепкісін көрген бұратана, оның ішінде қазақ халқы деп түсіндіруге талаптанған.

Осындай саяси мәнге ие, өткір жазылған мысалдардың бірі – «Қасқыр мен Қозы». Крылов мысалы ә дегеннен моральдан басталады, оның түйіні: «У сильного всегда бессильный виноват». Ахаң оқиғаға бірден тікелей кірісіп кетіп, өсиет-түйінді соңынан береді. Осы түйінді екі шумақтың алғашқысында Крылов айтқан ойды беріп, екіншісінде өз жанынан сөз қосып, зорлықшылды анықтай түседі. Мәселен, бірінші шумақта:

Орманға Қасқыр кетті Қозыны алып,
Белгілі етер ісі алып барып,
Осындай жазықсызды жазғыратын
Әр жерде күштілерде бар ғой калып [129, 33 б.], –

деп бір түйіп алып, екіншісінде:

Қасқырдың зорлық болды еткен ісі,
Ойлаймын – оны мақтар шықпас кісі.
Нашарды талай адам талап жеп жүр,
Бөріден артық дейміз оның несі [129, 36 б.] –

деп ойын нақтылай түседі.

Аударманы теориялық-практикалық тұрғыдан жете зерттеп жүрген Ж. Ысмағұлов Ахаңның Крыловтан аударуда екі принципті ұстағанын айта келе, екінші принципті былай деп көрсетеді: «Бұл шығармаларды (мысалдарды – Ө.Ә.) Ахаң түп-түгел

қазақ ортасына алып келеді де, ғибраттық тұжырымдарын түп-тура қазақ қауымының шындығына бейімдеп, айтар үкімін өз тарапынан айтады. Кейде тіпті түпнұсқадағы оқиғаны өз ойына тиек етіп қана алады. Сондықтан мұндай еңбекті аударма деуден гөрі ұқсас сюжетке құралған төл туынды деп айтуға болар еді».

Міне, осы принципке негізделген аударманың бірі – осы «Қасқыр мен Қозы». Мысалдың өн бойынан қазақ салт-тұрмысының, қазақи ойлау жүйесінің, жан-жануар туралы аңыз, ертегі, әңгімелердің табиғаты есіп тұрады.

Бұлаққа су ішуге келген Қозыны Қасқыр ұстап алып, кінә тағып, сол кінәсі үшін жеп қоймақ болады. Қозы өзінің кінәсіздігін қанша дәлелдесе де, Қасқыр оны көтеріп алып жөнеледі. Түпнұсқадағы 36 жолдық мысал Ахметте 68 жолдық төл туындыға айналған. А. Байтұрсыновтың бұл мысалдағы өзіндік өрнегі мысалдың басталуы мен аяқталуындағы әр түрлі өзгешеліктерінен айқын байқалады.

Ягненок в жаркий день зашел к ручью напиться
И надобно ж беде случиться,
Что около тех мест голодный рыскал Волк
Ягненка видит он, на добычу стремится [150, 57 б.].

Ахмет мұны былай береді:

Бұлаққа су ішуге келді Қозы,
Жанында серігі жоқ жалғыз өзі,
«Бөрі жоқ, десең шығар, бөрік астынан»,
Пәле мен қаза алыс па келсе кезі.
Қаңғырып тамақ іздеп бір аш бөрі
Қозыға жетіп келді жайнап көзі.
Жемекке кінә қойып сол арада,
Жала ғып, міне, қасқыр айтқан сөзі [129, 30 б.]...

Ахмет мысалындағы «Бөрі жоқ, десең шығар бөрік астынан» деген жол осы кіріспе шумаққа ерекше өң беріп, мысалдың таза ұлттық тынысын аңғартқандай. Крылов мысалының басындағы «У сильного всегда бессильный виноват» деген қағидасынан кейін Қасқырдың Қозыға кінә тағуы сенімсіздеу көрінеді. Ол ай-

шайға қарамай жеп қоюы тиіс еді. Яғни Крыловтың мысалдың басында айтқан тұжырымы мен оның сюжеттік дамуы – Қасқырдың Қозыға кінә тағып барып жеуінің арасында сәл де болса қарама-қайшылық бар. Осыны сезе білген Ахмет ғибратты кейінге қалдырып, оқиғадағы тартысты, яғни Қасқыр мен Қозы айтысын суреттеп кетеді. Озбыр мен кінәсіздің айтысында Қозы женеді. Қасқырдың әрбір кінә қоюына, Қозының қайтарған жауаптарынан кейін оқушы Қозының құтылуына тілектес болып отырады. Сондықтан да, мысал оқуға жеңіл, ә дегенде-ақ өзіне тартып әкетеді. Қойылған барлық кінәдан Қозы ақталып шыққан соң, Қасқыр тағы бір «бұлтартпас» кінә тағады:

Алыпсың жаман әдет қарсыласып,
Сенімен тұрамын ба мен мылжындасып,
Айтайын, білгің келсе, қозым саған,
Кінәң сол – жегім кеп тұр қарным ашып [129, 31 б.].

Крыловта оқиғаның қалай аяқталары ә дегенде-ақ белгілі болса, Ахмет оқиға дамуына өзіндік әдіс қолданып, мысал кілтін соңына дейін сақтайды. Айналып келгенде, Қасқырдың кінә тағуы арыдан ойлаған аярлық болып шығады. Бұған дейін өзінің адалдығына сеніп, әділет күтіп тұрған Қозы өзінің «басты кінәсін» білгенде ғана шарасыздығынан тағдырына мойын ұсынады:

Шошиды Қозы байқұс құлқын танып,
Құтылар білгенменен онан нағып?!

Ахмет мысалынан патшалық Ресейдің өктем озбырлығын айна-қатесіз тануға болады. Отаршылдық құрсауындағы халықтың «басты кінәсі» де Қозы тағдырына ұқсас, бұратана халық, әлсіз ел болуында. «Қасқыр мен Қозы» мысалында ақын осыны меңзеп, отаршылардан ешқандай әділет жолын күтпеуді ғибрат етеді.

Ендеше «Мысалдап жазу, ойды тұспалдап айту, идеяны аллегориялық формада беру ашық сынаудан қорыққандық емес, ол – айтар ойды өткір әсерлі етіп жеткізіп берудің тиімді әдісі» [152, 169 б.] екендігіне дау болмаса керек. Ахмет мысалдың осы бір қасиетін терең түйсінген.

Жоғарыда сөз болған мысалдардағы ортақ ой, терең мағына өзінің туған халқының аянышты күйіне жаны ашыған ақын осынау дертті мәселенің негізгі күнәһарын танытуға, сол арқылы халқын оятып, саналандыруға талпынған. Отарлық бұғауды үзбей, даму, өрлеу, өсу мүмкін емес.

Осы тұста мына бір мәселеге назар аударма кеткен орынды. Ахметтің Крыловты аударған басқа ақындардан айырмашылығы неде?.. Қазақ ақын-жазушылары шама-шарқынша Крыловты аударып, ұлы мысалшыны қазақ тілінде сөйлетуге тырысқан. Оның ішінде, Абай – 12, С. Көбеев – 37, Б. Өтетілеуов 12 мысал аударған. Көріп отырғанымыздай, Крылов мұрасын барынша мол аударуға ден қойған А. Байтұрсынов. «Қырық мысалдағы» 38 мысал, кейінгі «Маса» жинағына енген үш мысал, барлығы – 41 мысал аударған. Ахаң мысалының ерекшелігін таныту үшін оның өзіне дейінгі аудармашылар тәжірибесімен салыстыра қараудың ұтары бар. Ахмет пен Абай аудармаларын салыстыра қараған сәтте, біраз мысалдарды екеуінің де аударғанын байқаймыз. Абай аудармаларын А. Байтұрсынов білді ме екен деген сұраққа жауапты біз Ахаңның өзінен табамыз. 1913 жылғы «Қазақ» газетінің үш санында (39-41) жарияланған Абай туралы «Қазақтың Бас ақыны» атты мақаласында ол «1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті», – деп жазады. А. Байтұрсынов Крылов мысалдарын негізінен 1901-1904 жылдары аударғандығын еске алсақ, онда Ахметтің Абай аудармаларымен таныс болғандығына күмәнданбасақ керек. Ахмет қалам сілтеген «Өгіз бен Бақа», «Қарға мен Түлкі», «Жарлы бай», «Ала қойлар», «Сорлы болған мұжық», «Бұлбұл мен Есек», «Емен мен шілік» нұсқасы Абай аудармаларында да бар. Бұлардың ішінде «Түлкі мен Қарға», «Есек пен Бұлбұлды» М. Әуезов нағыз Абай аудармалары деп санайды [149, 166 б.]

Әуезов нақты Абай аудармасы деп таныған, Крыловтың «Қарға мен түлкі» мысалының Абай аударған нұсқасын Ахмет аудармасымен салыстырып қарасақ, екі тәржіманың арасында айырма барлығына көз жетеді. Мысалдың түпнұсқасында мораль шығарманың басында айтылып, одан кейін болған оқиға баяндалады. Абай да сол алғашқы жүйені сақтаған. Крыловта айтылатын төрт жол моральды:

Уж сколько раз твердили миру
Что лесьть гнусна, вредна; но только все не впрок,
и в сердце льстец всегда отыщет уголок [150, 49 б.].

Абай алты жолмен, жеті буынды өлеңмен мысалдың басында береді:

Жұрт біледі, күледі
Сұркия тілдің жаманын.
Қошеметшілердің амалын,
Сонда да олар қайда жоқ?
Ептеп айтса ересің,
Артынан өкінсең де пайда жоқ [153, 101 б.].

Ал Ахмет нұсқасында алдымен оқиға суреттеледі де, түйін соңында айтылады. Түлкінің аярлықпен астасып жатқан мақтауын Ахаң әсерлей түсуге ұмтылған. Марапатпен Қарғаның есін алған Түлкі:

Сені іздеп келіп тұрмын алыс жерден,
Сұлу деп мақтаған соң әркім көрген.
«Халық айтса, қалт айтпайды» деген рас,
Арман жоқ жанда сені көріп өлген [129, 41 б.]! –

деп үздігеді. Ал бұл пікір түпнұсқада да, Абайдың аудармасында да жоқ. Абайды жетік білген Ахмет, өз уақытын үндестіре, жаңаша аударудың қажеттілігін жете түсініп аударған. Түлкідей залым-әкімдер алдауына түскен момын, аңқау халқының ауыр халін Крылов өлеңдерінің сюжетін пайдалана отырып жеткізеді. Сөйтіп, мысалды неғұрлым оқырманына таныс, қазақ тұрмысына, қазақ психологиясына жақын ете түсуге тырысқан. Біз жоғарыда келтірген «артық» шумақтар сол ниеттен пайда болған. Қазақта, шындығында, «атақты адамдарды» алыстан іздеп келу – қалыптасқан жайт.

Абай өз мысалының түпнұсқаға неғұрлым жақын болғанын қаласа, Ахмет Абай аудармасымен таныс болғандықтан, Крыловтағы түпнұсқадан да, Абай аудармасынан да алшақтыққа бет бұрған. Әрине, біздің Крылов мысалдарын түпнұсқаға балауы-

мыздың өзі оның өзіне дейінгі мысал нұсқаларына еш ұқсатпай жазып шыққандығында. Сонау Эзоптан басталатын бұл сюжетке Федр да, Лафонтен де, Крыловқа дейінгі орыс ақындары В. Тредьяковский, А. Сумароков, М. Херасковтар да қалам сілтеген.

Крыловтың бұл мысалының өзіне дейінгі орыс ақындарының шығармаларынан басты ерекшелігі – поэтикалық көркемділігі. Крыловтың нұсқасында Қарғаның аяудан гөрі оның надандығына, аңқаулығына келемеж басым. Абайда түпнұсқадағы ой-мазмұн толық сақталған. Ахмет Байтұрсыновтағы ұлағат-ой өзге бір сарынға бой ұрып, түпнұсқадағы моральға жақындамайды:

Жұрт едік, аңқау өскен қазақ болып,
Далада кең сахара көшіп-қонып,
Алдаған залымдардың тіліне еріп,
Жүрмесек жарар еді мазак болып [129, 42 б.].

А.С. Выготский Крыловтың осы мысалы туралы В. Кеневичтен алынған мынандай бір дерек келтіреді. Крылов осындағы Түлкіні граф Хвостовпен арақатынасына қатысты өз бейнесі етіп жасаған. Әдетте Крылов Хвостовқа өз мысалдарын оқыған соң, оның мақтауын алып, сосын графтан қарызға ақша сұрап алады екен [154, 155 б.]. Крыловтағы әдемі сөйлейтін, келемежшіл қу Түлкінің сүйкімдірек шығуының бір ұшығы осында жатса керек. Ал Ахмет Крылов ұсынған желіге өзге мән-мағына, кең мазмұн беріп, жаңаша ой айтады.

Аханды тартқан Крылов ұсынған қарғаның аңқаулығын келемеждеу емес, сол қарғаның аянышты халі. Аңқау халықты сүлікше сорған түлкі-шенеуніктер сұрқиялығы. Сондықтан да Ахаңның түлкісі – қу ғана емес, аңқаудың аузындағысын тартып жеуден тайынбайтын залым.

Крылов пен Абайдағыдан гөрі Ахмет түлкінің залымдығын, сипатын айқындай түсуге күш салады. Мәселен, Крылов ә дегенде-ақ «На ту беду Лиса близеконько бежала» деп жылы тартса, Абай «Бір қу түлкі сорына, жақын жерде жүр еді» деп береді, ал Ахмет оны бірден «Ағашты Түлкі залым аралар ма?» деп, залымдығына назар аударады. Яғни осы бір Белинский «ғибратшылдық

пен ақындық шарпысып жататын» топқа енгізген мысал Ахаң өңдеуінде өткір сатираға айналып, әлеуметтік жүк көтерген.

Ал Ахмет болса, елді ағартушылыққа шақырып, қазақ оқырмандарына ой салу мақсатын көздей отырып, мысалдарда неғұрлым саяси-әлеуметтік мән-мазмұн беруге тырысты. Сондықтан да Крылов мысалдарындағы өмірден алынған, шымырлаған шындық, ой мен идея, Ахаңның қиялын тербеп, ойына ой қосып, аудармадан туған төл туындысында заманалық, уақыт мінбесінен айтылған өткір де өміршең ойларын жыр жолдарына түсіруге жетеледі.

А. Байтұрсынов Крылов мысалдарының Белинский бөлген үш тобына да назар аударса, Абай үшінші топтан мысал аудармаған [155, 214 б.]. Ол, көбіне, екінші топтағы мысалдарды аударған. Яғни Абай орыс халқының Крылов заманындағы саяси-әлеуметтік ерекшеліктерінен туған сатиралық мысалдарды көп алмайды. Абайды Крылов шығармаларындағы поэтикалық көркемдігі жоғары мысалдар қызықтырған. Абайдан соңғы қазақ ақындарының көпшілігі осы дәстүрді берік ұстанған. Мәселен, Бекет Өтетілеуов те осы екінші топтағы мысалдарды көбірек аударған. Бірінші топқа кіретін мысалдардан алты, үшінші топқа кіретін мысалдардан бір («Мұжықтар мен өзен» – «Крестьяне и река») мысал аударған [156, 93 б.].

«Қырық мысалдағы» тәржімаланған шығармалардың отыз сегізі Крыловтан алынған, ал екеуі («Ат пен есек», «Екі шыбын») Дмитриев пен Хемницерден алынған. Өзі таңдаған қырық мысалды тұтас бір шығарма тәрізді жүйеге құра отырып, Ахаң «Аққу Шортан һәм Шаянды» кітапты ашар кілт, ал соңғы мысал «Малшы мен масаны» айтар ойдың түйіні ретінде берген.

«Малшы мен Маса» – Ахаңның ең өзекті ойын беретін, Ахаң мысалдарының төл туындылық қасиетін айқын танытатын асыл дүние. Ақынды осы мысалды жазуға итермелеген қазақ тұрмысын, оның қайғы-қасіретін шынайы көрсетер образдардың бедерлі бейнесі. Крыловта оқиға көлемі тоғыз жол, Ахаңда он сегіз жол. Әңгіме жолдарының айырмашылығында емес, ортақ сюжеттегі айтылар ойдың, берер ғибраттың әр алуандығында. Крылов мысалында малшы көлеңкеде ұйықтап жатқанда, жылан шағуға жақындайды, сол кезде маса малшыны шағып оятады. Оянған малшы масаны тұрмастай етіп қағып түсіріп, жыланды сонан соң

аңғарып, оны да өлтіреді. Бұл оқиғадан қорытындыны Крылов былай береді:

Таких примеров есть немало:
Коль слабый сильному, хоть движимый добром.
Открыть глаза правду покусится,
Того и жди, что же с ним случится,
что с Комаром [150, 68 б.].

Аханда:

Мысалы қазақ малшы ұйықтап жатқан,
Жыланды пәле делік аңдып-баққан.
Пәленің түрін көрген мен – сарымаса,
Халықты оянсын деп сөзбен шаққан [129, 87 б.].

Қос мысалшының соңғы ой-тұжырымдарынан аңғарылатындай оқиға бір, ой алшақ, мақсат өзге. Сюжеттегі оқиға желісінде де көптеген айырмашылық бар. Салыстырып көрелік. Крыловта:

Пастух под тенью спал, надеялся на псов,
Примется то, змея из-под кустов,
Ползет к нему, вон высунувши жало [150, 67 б.].

Байтұрсыновта:

Бір малшы көлеңкеге келіп жатып,
Қасқырдан иттеріне сеніп жатып,
Үстінде көк шалғынның самал жерде,
Тырайып қалды сабаз ұйықтап қатып.
Келеді қара жылан шағайын деп,
Қапысын ұйықтағанда табайын деп [129, 86 б.]...

Қарап отырсақ, Крыловта оқиға дамуы қарапайым, бір сарынды. Ахмет Крыловтың қара сөз тектес, әңгімелеу стиліндегі жолдарын әсерлі өлең жолдарына түсіре отырып, көркемдігін арттырған. «Тілге жеңіл» өлең жолдары кейіпкер характерін молынан

ашып, ерекшеліктерін айқындай түседі. «Тырайып қалды сабаз ұйықтап қатып» деген жолдарда малшының қаннен-қаперсіз, бейқам күйінің әдемі суреті жасалған. Осылай ойнақы басталған өлең жолдары келесі сәтте адамның жүрегін дір еткізеді. «Келеді қара жылан шағайын деп, қапысын ұйықтағанда табайын деп». Ақын оқиғадағы іс-әрекет дамуын бірте-бірте ширатпай, кілт өзгертіп жіберіп және үдете, үстемелей дамытады. Крыловтағы көп жыланның бірі ретінде алына салған жылан «Қара жылан» болып заһар шашса, «қапысын ұйықтағанда табайын деген» зымыстан ойы оны одан әрі зәрлендіре түседі. Ахаңның оқиғаны күрт өрбітіп, көркемдік суретті қоюландыра түсуінің себебі түсінікті. Ұйқыдан мәңгілік оянбауын діттеген, соны жүзеге асыруды көздеген қатерлі жаудың қаскөй әрекеті мен залым ойын халқына жеткізу. Масаны ұрып түсірген соң, оқиға Ахаң мысалында өзгеше бір қисынға бет бұруы осыдан. Сөзіміз дәлелді болу үшін тағы да мысалдарға жүгінейік:

Крылов:

Проснувшись, Пастух змей убил;
Но прежде Комара спроснья так хватил,
Что бедного его как не бывало [150, 68 б.].

Байтұрсынов:

Ұйқысын малшы оңды ашпай тұрып,
Өлтірді шағып тұрған Масаны ұрып.
Көтеріп жерден басын біраздан соң,
Қарады жан-жағына мойнын бұрып.
Жыланды көрген шақта малшы өкінді,
Достығын сары масаның сонда ұғып [129, 87 б.].

Крылов мысалы Малшыға Жыланды өлтіртсе, Байтұрсынов оқиғаны Малшының өкінішімен аяқтайды. Мұның себебі, Ахмет назары бейқам ұйықтап жатқан Малшыны қатерден құтқарған Сары маса тағдырына түскен. Ол жебеушісін танымай, достықты қастық көрген ұйқыдағы малшы наданның ісіне налыса, жөн сілтеп, қатерді көрсеткен әлсіз болса да адал достың аянышты халіне қабырғасы қайысады. Сондықтан да:

Сөзімнің сөкпеңіздер шолақтығын,
 Демендер сөз жазуға олақтығын.
 Жыланды Малшы көріп болғаннан соң,
 Келмеді бір-біріне жолатқызғым [129, 87 б.], –

деп доғарады.

Ақын Сары маса мен Малшы оқиғасынан өз заманының шыншыл суретін танып, «Пәленің түрін көрген мен – Сары маса, халықты оянсын деп сөзбен шаққан», – деп түйеді.

«Қырық мысалда» жазған Сары маса туралы хикая ақынның кейінгі кітабының атын алып, оның тынымсыз тірлігі сол кітаптағы бүкіл идеяның алтын тамырына айналды.

Ахмет туындыларын төл дүниеміз ретінде тануымызға толық хақымыз бар. Өйткені олардың мазмұны Крыловтікі болғанымен, ой сонылығы, баяндау әдісі, құрылысы, табиғаты тыңнан табылған төл шығармадай етіп жазылған. Осы тұста ежелгі орыс әдебиетін зерттеуші-академик Д. Лихачевтың өзге жұрттан ауысқан аударма жәдігерлерді орыс мәдениетінің ірге ажырамас бір бөлшегі ретінде қарастыруын еске ала кеткен орынды. Ол былай деп жазады: «Так называемая переводная литература была органическая частью национальных литератур; и она не имела четких границ, отделяющих ее от литератур оригинальной. Переводчики и писцы по большей части были соавторами и со-редакторами текста» [157, 44 б.].

Крылов мысалдары түпнұсқада поэзиялық шығарма емес. Ол жайында М. Әуезов былай дейді: «Орыс әдебиетінде мысал (басня) өлең (стих) емес. Ол – өзі бөлекше жанр. Оның жол өлшеулері өлеңге тән өзгешеліктей болып, шумаққа да бөлінбейді. Әр кезде сөйлеп айтатын ауызша әңгіме, халықтық әңгіменің нақышты, ырғақты, қара сөзіне бейім келеді. Қысқа қайырылған, өте мазмұнды жауаптасу, қағысулар оқиғалы желіге құрылады». [155, 216 б.].

Осы ерекшеліктерді орыс зерттеушілері де атап өтеді: «Басня рассматривалась Крыловым как жанр, произносимый, «разговорный» и обращенный к слушателю, к широкой и разнообразной аудитории, П. Вяземский писал о том, что Дмитриев пишет басни свои, Крылов их рассказывает» [158, 30 б.].

Ал Крыловты аударған қазақ аудармашыларының бәрі, оның ішінде А. Байтұрсынов та, оның осы ерекшелігін сақтамаған. Қазақша аударғанда орыс әдебиетінің өзіндік ерекшелігі бар жанры қазақша бөлекше сипат алып шыға келеді, тіпті баяндау, жеткізу формасының өзі өзгеріске ұшыраған.

Крылов жайында пікір толғаған сыншы Белинский оның мысалдарын ешқандай да шет жұрт тіліне аудару мүмкін емес, оларды тек қайта жасауға болады деп білген [148, 714 б.].

Демек, Эзоп, Федр, Бабрий, Лафонтен, соның ішінде Крылов мысалдары аударылғанда сол халықтың төл туындысына айналып кетіп отырады. Осы тұста Белинскийдің Крылов туралы тағы да бір пікірін келтіре кетейік: «Ол өзінің кейбір мысалдарының мазмұнын Лафонтеннен алғанымен, оны аудармашы деуге болмайды, өйткені оның таза орыстық табиғаты барлығын орыстық түрге қайта өңдеп, орыстық рухтан өткізген» [159, 151 б.], – дейді. Ендеше Белинскийдің осы пікірі Крылов мысалдарын аударған Ахметке де қатысты айтылғандай. Ахмет мысалдарды қазақ халқының даналыққа толы ой-сана сүзгісінен өткізіп, өзіне дейінгі әдебиет үлгілерінің бай дәстүрінің ең ыңғайлы, ең өтімді формасымен жырлаған. Сондықтан да, Ахмет – ақын Крылов мысалдарын қазақтың төрт жолдан тұратын он бір буынды қара өлеңімен қайта жазып шығарған. Бұл – бірінші және ең басты ерекшелігі. Яғни Крыловтық әңгімелеу, диалогтік құрылымға поэзиялық әр беріп, образға жан бітірген.

Екіншіден, Байтұрсынов өз аудармаларында Крылов ұсынған композицияларды сақтай бермейді. Бұл, әсіресе, мысалдың басталуы мен аяқталуынан айқын көзге шалынады. Сондықтан да Ахмет мысалдарында жалпы ой жетекке алынып, сақталынғанымен, сипаттау, баяндау тәсілі өзгеше. Оған нақты дәлел – «Кісі мен Аю» мысалы. Жол сандары да қарайлас, Крыловта – 61, Ахметте – 68. Оқиғаның дамуы да, шарықтауы, шешімі, аяқталуы – бәрі ұқсас. Бірақ Байтұрсынов мысалының басты екі айырмашылығы бар. Алдымен, мысал мазмұнын қазақ құлағына сіңісті ертегі тектес уақиға етіп жеткізеді.

Бір адам айдалада елден жырақ,
Жеке-тақ, жапан түзде қылды тұрақ.

Жаяулық, жалаңаштық жақсы емес қой,
Жалғыздық олардан да қиынырақ.

Көк шалғын, ағаш, бұтақ – бәрі жақсы
Болмайды нақ адамдай серік бірақ
Сөйлесіп іштің шерін тарқата алмай,
Жеке-тақ қапаланды жалғызсырап [129, 58 б.].

Егер Ахмет Крыловтан аудардым демесе, еш қазақ жатырқамастан өз дүниесіндей қабылдары хақ.

Екінші айырмашылық оқиғаны Крыловша өрбіткенімен, сөзден сурет сала отырып, ажарландыра түседі. Крыловта «человек» болса, Аханда «жеке-тақ». Ә дегенде бұл жай айтыла салған атау болып көрінгенімен, аюдың адамға қарап сөйлеуінде ерекше роль атқарып, аңқау аюдың досына деген жылылық, мейірімнің шуағы осы сөзге оранып жатқандай.

Сонда оған Аю айтты: «Жеке-тақжан!
Айтайын мен бір ақыл, құлағыңды сал!
Күзетіп жан жолатпай мен тұрайын
Сен ұйықтап, біразырақ тынығып ал [129, 59 б.]!»

«Жеке-тақжан!» бірауыз сөз бүкіл мысалдың өн бойынан Аюдың досына деген жылылық мейірімін төгіп тұр. Міне, осылайша, аю жанындай жақсы көрген досын шыбыннан қорғамақ боп, таспен ұрып өлтіргенде, оның надандығына қайран қаласың. Шығарманың өне бойынан қазақы сөз оралымдар, қалыптасқан тіркестердің молынан көрініс табуы мысалдың поэзиялық ажарын әрлендіре түскен.

Крыловпен замандас Жуковскийдің «Переводчик в прозе есть раб; переводчик в стихах – соперник» [160, 75 б.], – деген пікірі осындай озық сипаттағы аудармаларға бағытталса керек.

Крылов мысалдарында көбіне қорытынды мораль жеке бөлініп айтылмайды. Ахмет әрбір мысалдың соңынан үнемі өзіндік ой-пікірін тұжырымдап, ғибрат айтып отырады. Осы құбылысқа ойлана қарасақ, Ахмет мысалдарының екі бөлімнен тұратындығын байқаймыз. Біріншісінде оқиға бағдары, кейіпкер әрекеті баяндалса, екіншісінде қорытынды түйін, мораль беріледі.

Сондықтан да әрбір мысалға ақындық қатынас, шығарушының мақсаты айқындала түседі. Мұның өзі Ахмет мысалдарының бірін-бірі толықтырар, бір-бірімен сабақтас екі бөліктен тұрар толыққанды дүние екендігін танытса керек. Атақты Лафонтен де осыны жақтаған. Оның «Тело есть басня, Душа – мораль» [151, 75 б.], – деп кесіп пікір айтуы бұған куә.

Крылов мысалдарының Ахмет аудармасын төл туындымыз деуге үшінші негіз – олар қазақ өміріне бейімделіп, сахара тіршілігіне үйлестірілуінде. Қазақ тұрмысына сай емес образдар мен есімдер халқымызға тән бейнелермен ауыстырылған. Бұған дәлел өте көп.

Ал «Қасқыр мен Мысық» мысалында адам аты қазақшаланып қана қоймай, сол адамдардың характерін ашатындай, адамдық қасиеттерін айқындайтындай етіп алынған.

Крыловтың «Волк и Кот» мысалында аңшылар қуып келе жатқан қасқыр деревняға кіріп, қайда тығыларын білмей, мысықтан ақыл сұрап, жақсы бір адамның үйін нұсқап жіберуін өтінеді. Сонда мысық:

«Проси скорей Степана:

Мужик предобрый он», - Кот Васька говорит.
«То так; да у него я ободрал барана», -
«Ну, попытайся ж у Демьяна» –
«Боюсь, что на меня и он сердит:
Я у него унес козленка»
«Беги ж, вон там живет Трофим»,
«К Трофиму? Нет, боюсь и встретиться с ним:
Он на меня с весны грозится за ягненка!»
«Ну плохо ж! Но авось тебя укроет Клим?»,
«Ох, Вася, у него зарезал я теленка!» [150, 76 б.].

Осылайша, бұл деревняда ешкімге береке таптырмаған Қасқырға Мысық ешкім жасыра алмайтынын айтады. Қорытынды мораль мысық аузымен былай беріледі:

«И правы, – сам себя вини:
Что ты посеял, то и жни».

Крыловтың 30 жолдық мысалын Ахмет 46 жолға өсіріп, еркін аударды. Және мысық пен қасқыр диалогін жалпақ тілді қазақша сөз қағысу желісінде кеңінен толғап, көсіле баяндайды. Сөйтіп, мысалдың қазақылық табиғатын байыта түседі. Енді Ахаң мысалына кезек берелік:

«Мысықжан, бұл жердегі жұрттар қандай?..
 Айта гөр қайырымды ер бар болса,
 Тасалап мені жаудан құтқарғандай».
 «Бара ғой, – Мысық айтты Қоянкөзге,
 Жігіт кем ер көңілді онан өзге!
 Адамды анау-мынау тоқтатарлық,
 Өзінің ебі де бар сөйлер сөзге».
 «Оны қой, – Қасқыр айтты, – ол жасырмас,
 Жеп едім бір ту қойын өткен күзде».

«Барып көр олай болса, Құрамысқа
 Адам жоқ жасыруға онан ұста,
 Шамасы өзі асқан жақсы жігіт,
 Жалғыз-ақ тоны келте, қолы қысқа».
 «Мысықжан, оны да қой, өзгесін айт,
 Жеп едім бір лағын былтыр қыста».
 «Иесі анау үйдің Көпберген бай,
 Жақсылық, жамандықты көп көрген бай,
 Қонақжай, өзі асқан дәулетті адам,
 Жатсаң да ауырламас бірнеше ай».
 «Баруға, қасқыр айтты, – жүрексінем,
 Оның да қозыларын жеп ем талай».
 Білмеймін сілтерімді енді қайда!
 Барып көр Қисықбасқа анау сайда!
 Болғанмен, басы қисық, өнері көп,
 Әр түрлі табылады онан хайла!
 «Мысықжан, оны да айтып, әуре болма,
 Жеп едім бір бұзауын өткен айда» [129, 69 б.].

Мұншама ұзақ үзінді келтіргендегі мақсатымыз – Ахаң мысалының өзіндік ұлттық бояуын таныту. А. Байтұрсынов мұнда тек кісі аттарын ғана өзгертіп қана қоймай, оған үлкен мән-мағына беріп, Қасқырдың бүкіл болмысын ашады. Қорқауға

жақсы да, жаман да, жалғыз атты кедей де, мыңды айдаған бай да бір, ақ-қарасын айырмай залагерлік көрсеткен Қасқырға айтылар үкім де еш күмән туғызбайды.

А. Байтұрсыновтың «Қырық мысалы» түгелімен қазақ тілінің көрігінен өткізілген. Аз сөзбен көп мағына білдіретін ұтымдылығы да Ахаң мысалынан бой көрсетіп, із тастап отырады. Ақын халқының тілдік қорындағы бай ұлттық өрнек, көркемдік айшықтарды өлең оралымдарына түсіріп, ұлттық санаға сай түйіндер, тұжырым-қорытындылар жасап отырған.

Байтұрсынов мысалдарындағы өлең жолдары «бөтен сөзбен былғанбаған». Онда араб, парсы, татар тілдерімен шұбарлау мүлде кездеспейді. Ахаңның жол-жөнекей атқарған ең ұлы мақсаты – ана тілінің абыройын арттырып, мерейін биікке асқақтату. Сондықтан да қай мысалды алмасаңыз да, онда халықтық тілдің, ұлттық поэзияның бейнелі бедері, халық даналығының мәйегі – мақал-мәтелдер, қанатты сөздер айтар ойдың, көркем суреттің, қажетті детальдің ажарын аша түседі.

Аударма әдебиетті төл әдебиеттің туындысы, оған қосылған үлес деп қарайтын болсақ, Ахаң сіңірген еңбек – өз алдына бір асқарлы шың. А.С. Пушкин: «бірде-бір француз Лафонтеннен ешкімді жоғары қоюға жүрегі дауаламайды, бірақ, меніңше, біз Крыловты одан да жоғары қоя аламыз. Бұл екеуі өз елінің мәңгілік сүйіктісі болып қалады. ...Лафонтен мен Крылов – екі халықтың рухының өкілдері» [161, 20 б.], – деп, ұлы мысалшылардың қызметін жоғары бағалаған еді. Ахмет Байтұрсынов тәржімадан төл туынды тудырған мысалдарында қазақ өмірінің, оның тұрмыс-тіршілігінің шындығын, мінез-құлқының бар болмысын жарқырата ашып, қазақы мысал жасады. Мысалдағы пернелеу арқылы отандастарына азатшыл ой тастады. Ендеше біз де оны ешкімнен кем тұта алмаймыз.

Ахмет өз жанынан бірде-бір мысал шығармады. Бірақ мысал сюжеті – негізінен бар халыққа ортақ алтын қазына. Әлем мысалшылары ежелгі грек мысалшысы Эзоптан бастап бүгінгі мысалшыларға дейін бір-бірімен тақырып алмасып отырған. Крылов өз мысалдарының 33-ін аударма деп мойындаса, 28-інің сюжетін француз мысалшысы Лафонтеннен алған екен [162, 36 б.]. Ал Лафонтен – өз жанынан мысал шығармаған, өзіне дейінгі мысалшылардың сюжетін алып, өзгеше жазған ақын. Орыстың

атақты ақыны Жуковский бұл туралы «Лафонтен, который не выдумал ни одной собственной басни, почитается, невзирая на то, поэтом оригинальным. Причина ясна: Лафонтен, заимствуя у других вымыслы, ни у кого не заимствовал ни той прелести слога, ни тех чувств, ни мыслей, ни тех истинно стихотворных картин, ни того характера простоты, которыми украсил и так сказать, обратил в свою собственность заимствованное» [160, 75 б.], – деп түйіп айтып, Лафонтеннің ақындық табиғатын тап басқан.

Осы бір орынды пікірді негізге ала отырып, бізде Ахметтің мысалшы ретіндегі ерекшелігінің ең басты қасиеті төл туынды жасай білгендігінде демекпіз. Ахаң Крылов мысалындағы сюжеттік желіні өз уақытына үйлестіріп, қазақ халқының тағдырындағы ділгір мәселені көтеруге пайдаланып, Р. Нұрғалидің пікірінше, «негізгі түпнұсқаға орайластырып, көркем ойға ой қосып, суретке сурет қосып, пікірді ұштап» [163, 15 б.] таза қазақи төл туынды жасаған.

Өз ұлтының енжарлығы мен жалқаулығы, өнер-білім іздеп сілкінбеуімен күрескен А. Байтұрсынов ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде ұлт-азатшыл бағытты бастаған төл поэзиясында аударма арқылы насихаттаған ойларын айқындай түсіп, өршіл де төңкерісшіл сарындағы жалынды жырлар туғызады. Сөйтіп, қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыттың бастауы іспетті «Маса» жинағы 1911 жылы дүниеге келді. Ол – Ахметтің ақындығын кеңінен паш етіп, өз тұсындағы қазақ ақындарының алдыңғы қатарына шығарған туынды.

Ахмет Байтұрсынов поэзиясы азатшылдық рухымен дараланады. Ол ақын ретінде қазақ поэзиясына күресшілдік сарын әкеліп, азаттық жырдың озық үлгісін шашты. Оның өлеңдерінің ұлт-азатшыл рухы мәңгілік жоғалмас ақындық үлгі болып қала бермек.

Ахмет өлеңді тікелей шығармашылықпен айналысқысы келіп, не болмаса ақындық атқа ие болу үшін жазбаған. «Сегіз қырлы, бір сырлы» Ахметтей тұлғаның қадір-қасиетін, сыр-сипатын айқындай түсетін оның ақындық өнері – замана шындығынан, өмір талабынан туған құбылыс. Мұны ол ашық айтқан:

Мен жазған кеңес,
Мақтаныш емес,

Ат шығармақ ақындық,
Молда жоқта, молдалық,
Ер батканда, жорғалық [164, 21 б.].

Осыдан көрінетіндей ақын туа біткен табиғи талантын өзінің алдына қойған мақсаты – саяси күрес пен ағартушылық қызметіне ұштастыра білген. Сөйтіп, оның өлеңдері, ең алдымен, күрес құралы ретінде халқының бостандығы жолындағы үн-жарияға айналған. Ахмет поэзиясының осы қасиетін бұрынғы, кейінгі зерттеушілер тап басып тани білген.

1911 жылы Орынборда басылып шыққан «Маса» жинағындағы өзгеше сарынды, азатшыл рухты қазақ әдебиетін зерттеушілер 20-жылдарда-ақ таныған-ды. Сол тұстағы әдеби айналымдағы Ахмет творчествосы туралы пікірлердің жиынтығы Әмина Мәметованың «Көркем әдебиет туралы» мақаласында берілген. Әмина Ахаң творчествосын орыстың революционер-демократы Чернышевский творчествосымен қатар қойып: «Ахаңды мақтайын деуден аулақпын. Бірақ тарихтан тиісті орнын берейік дегім келеді. Ахаң әдебиетімізге жұмыс етпеді ме? Қолынан келгенінше заманына қарай жалтыраған түймесін жұлып тастап, құл болған, теңдіксіз болған, жұрт екен деп есепке алынбаған қазақ жұртына заманына қарай көре білгенше, түсінгенше жөн сілтемеді ме?» [165, 64 б.], – деген орынды ой айтады.

Өз өлеңдерінде А. Байтұрсынов өнер-білімнің шынайы күдіретіне табынуға, олардың қадір-қасиетін атақ пен шен, мансап пен байлық көзіне айналдырмауға үндеп, Абай тағылымын әрі қарай жалғастырады. Абай дәстүрін жол тұтқан Ахмет өз өлеңдерінде надандық пен кемшілікті көріп қана қоймай, ащы шындықты сыртқа шығарып, сынап та алады. Қараңғылықтың құшағында мүлгіген халыққа: «Аш көзіңді оянып» деп қозғау салып, ұран көтереді. Қазақты басқан надандық пен білімсіздіктің түндігін түру үшін:

Адамдықтың диқаншысы қырға шықтым;
Көгі жоқ, көгалы жоқ – қорға шықтым.
Тұқымын адалдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көтеруге құл халықтың [164, 26 б.], –

деп, өмірлік мұратын білдіреді.

А. Байтұрсынов өлеңдеріндегі ағартушылық сипаттың өзіне дейінгі ақындардан өзгелеу бір астарлы сыры бар. Ақын өнер, білімді «таза күйінде» уағыздап қоймайды. Ол оны халықтың санасын оятып, өзгенің езгісіндегі тұрмысының себеп-салдарына көз салдырар бостандыққа ұмтылудың нұрлы сәулесі деп санайды. Бостандық ұғымы бұрынғы поэзияда басты ой нысанасы болып көрінбесе, Ахмет өлеңдерінде ол негізгі тақырып, өлеңге өзек болар ойдың «темірқазығы» іспеттес. Абай, Ыбырай туған халқының тағдырына күйзеліп, озық кеткен өзге халықтармен иық тірестіруді, «тіл ұстартып, өнер шашпақтан» іздесе, Ахмет оны бостандық үшін күреспен байланыстырады. Оның өзіне дейінгі саңлақ ақындардан бір қадам ілгері басқандығы да, поэзиясының салмақтылығы мен күдіреті де осында. Ахаңның «Досыма хат», «Жиған-терген», «Анама хат», «Жауға түскен жан сөзі», «Жауап хаттан» т.б. өлеңдерінің тегеурінді қуаты осы бір ұқтырар ой аңғарында жатыр.

1923 жылы А. Байтұрсыновтың елу жылдық мерей тойына арналған мақаласында қазақ әдебиетінің классигі М. Әуезов: «...Ахаңның майданға алғаш жыры шығып, әдебиет, саясат жолында жол бастаған күндері бәріміздің есімізде... Ахаңның бұрынғы айтқан сөзін қазақ даласы әлі ұмытқан жоқ. Өлеңдегі белгілі сарын әлі ескірген жоқ. Әлі күнге қазақ даласының күшті санасы болып, арқаның қоңыр желімен бірге есіп, шалқып жатыр» [92], – деп, оның поэзиясындағы азатшылдық идеяны ту көтерген өлең жолдарының тот баспас асылдығын танытқан еді.

«Маса» жинағына енген өлеңдерден, әсіресе, кейінгі басылымдарына енген өлеңдерінен төңкерісшіл рух, 1905-1907 жылдардағы саяси толқулар мен рухани сілкіністерден қанаттанған тасқын күштің серпілісі ұшқын шашады. Ақын өлеңдеріндегі төңкерісшілдік сарын өлең жолдарындағы ішкі тегеурінде ширыққан шымыр ойлар арқылы білінеді:

Байкасақ, жезде,
 Бауыздар кезде,
 Үн шығу бар емес пе?
 Үндемей өлсек,
 Сүйекпен көмсек,
 Кейінгілер демес пе?!

Лақ құрлы бақырмай,
Өлген екен, апырым-ай [164, 75 б.]!

Ахмет Байтұрсынов қазақ әдебиетінде азатшылдық дәстүрді бастаушылардың бірі еді. Қай әдебиеттің тарихында болмасын ағартушылар, ағартушы-демократтар, ұлт-азатшылдар кезеңі және олардың ірі-ірі өкілдері болған. Бұл сипат қазақ әдебиеті тарихына да тән болса, онда ұлт-азатшылдық кезең Ахметтен басталары анық. Ендеше Сәкен Сейфуллиннің тарихи шындықты тап басып айтқан пікірі, яғни «қорлыққа шыдап, күйікке күйіп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жақтаған патша заманында жалғыз Ахмет еді» [166] дегені көп нәрсені аңғартып, түнекте жанған шамшырақтай тарих тереңіне жетелейді.

Ақынның азаматтық поэзиясынан оның өмірлік өзгерістерге белсенді қатынасы көрініс беріп, қоғамдық қайраткерлігін айқындай түседі. Поэзияның саяси-әлеуметтік мәнін арттыра түсуге, жетілдіре түсуге тырысуы – содан. Әсіресе «Қа... қаласына», «Жұртыма», «Ақын ініме», «Жауап хаттан» тәрізді өлеңдері оның қоғамдық қайраткерлік бағдарламасын мейлінше аша түседі. Оларда жеке басқа қатысты күйініш-сүйініштен, қасірет-қайғыдан көрі халық қамын жеген азаматтық поэзиясының халықтық сипаты басым жатады.

Саяси күрес жолындағы бағыты саралана түскен тұста Ахаң «Анама хат» деген өлеңін шығарады. 1909 жылы жазылған «Анама хат» – ақынның жүрек түкпірін жарып шыққан, жан дүниесін терең ашатын сыршылдыққа толы, сезімге бай өлең. Ол ана алдында өзінің жан сырын, ата ұлынан халық ұлына көтерілуді көздеген мақсатын жайып салады.

Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп,
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам...
Адамнан туып, адам ісін етпей,
Ұялмай не бетіммен көрге барам [164, 16 б.]?!

Ақын ұстанған бағытынан айнымайтындығын, адамдық арды аттап кете алмайтынын, мақсатқа жету жолында өмірдің күйкі тірлігі түкке тұрмайтынын өршіл леппен жеткізеді:

Тайпалған талай жорға, талай тұлпар,
Тағдырдың кез болып тұр кермесіне.
Солардан жаным-тәнім ардақты емес,
Орынсыз күйзелейін мен несіне [164, 17 б.]?!

«Жауап хаттан» атты өлеңінде елдің бетке ұстар азаматтарын бірлікке шақырып, күреске үндеген Ахмет мұраты – бостандықты, азаттықты аңсаған әлемнің алдыңғы қатарлы прогресшіл үнімен ұштасып жатады. Мұнда Ахаң:

Мен бұқтым – жаттым,
Сен бұқтың – жаттың.
Кім істемек қызмет?!
Ауызбен айтып,
Істерге қайтып.
Жоламасақ не міндет [164, 17 б.]? –

деп, халқының көкейкесті арманын жырлауда ештеңеден тайсалмайтындығын, ақ жол нұсқаудан шаршамайтынын айтады. «Ахмет – азаматтығы жоғары тұлға. Сондықтан да оның жазуға қоятын талабында да азаматтық ар мәселесі алғашқы кезекте жүреді» [101, 230 б.], – дейді Д. Қамзабекұлы. Азаматтық ар – оның күрес жолының айқындауышы!

Осы тұрғыдан алғанда, ақынның күрескерлі, қайраткерлік қасиетін нақты танытатын «Н.Қ. ханымға» арнау өлеңінің орыны ерекше. Бұл – өмірлік мұраттарды образды бейнелеуімен, көркемділігімен ерекшеленетін, Ахаңның бостандық сүйгіш болмысын танытатын өзгеше өлең. Өлең қазақ әйелдерінен шыққан тұңғыш журналист, педагог-ғалым әрі жазушы, аудармашы Нәзипа Құлжановаға арналған.

А. Байтұрсыновтың Нәзипаға өлең арнауы, оның кітабына алғысөз жазуы – жас талантты бағалап, үлкен үміт артқандығының белгісі. «Н.Қ. ханымға» өлеңі тек Нәзипаға емес, жалпы үміт күткен кейінгі жас толқынға, ойы өзектес ізбасарларына, халық үшін туған ұл-қыздарға арналған. Ақын:

Рахатсыз өтсе де өмір жасым,
Бұл жөнімнен құдайым айырмасын.

Ұзақ жолдан ниет қып бір шыққан соң,
 Жарым жолдан қайтпасын, қарындасым.
 Су да болар, бұл жолда тау да болар,
 Жаудың оғы – жайған тор, ау да болар,
 Мынау пайда, мынасы зиян демек,
 Ол ерліктің ісі емес, сауда болар [164, 77 б.]?! –

деп, күрес жолынан таймайтындығын жастарға үлгі етеді. Тіпті «Мен өлсем де өлемін жөнімменен» деген қажырлы шешімін именбей айтып:

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
 Ойлайтындар мен емес бір күнгісін,
 Жұрт ұқпаса ұқпасын – жабықпаймын,
 Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін [164, 78 б.], –

деген зор сеніммен үлкен философиялық ой түйеді. Күрес жолындағы сансыз қиындықтар, жазықсыз жапа шегу мен қудалау, қиын тағдырмен арпалысу, азаматтықтың мәні мен мақсаты жайлы толғаулар ақынды осындай өмір мен өлім, бүгін мен болашақ туралы терең тұжырымға алып келеді. Өз ғұмырын арнаған игі істің жемісі мен жеңісін ертеңнен күтеді. Алға жетелеген ақ арман биігінде мерт болудан қаймықпай, тәні өлгенмен, рухы өлместігіне сеніп, бүгіннен келешектің жалғасын көреді. Осы арқылы адамның өмірі мен өлімі жайлы «мені» мен «менікінің» айырылғанын, «өлді деп ат қойыпты өңкей білмес» деп ұлы Абай түйген ойды өрістетте түсіп, ірі философиялық пайымдау деңгейіне көтеріледі.

«Н.Қ. ханымға» өлеңінен біз елінің ертеңі үшін, жарқын болашағы үшін бойындағы барын сарп етер, ештеңеден тайынбайтын қаһарман күрескер бейнесін танимыз.

Шаршайды деп ойлама шалдыққаннан,
 Ұзақсынып жатпаспын жалыққаннан,
 Жұрт қолымнан келмесе өкпелемес,
 Барым сақтап, мен аяп алып қалман [164, 78 б.].

Ақынның лирикалық кейіпкері өз тағдырын халық тағдырынан бөліп қарамайды. Сол себептен де өз ісінің ақтығына сен-

ген ақын үшін ең ауыр күрестің өзі – қайғы-қасірет емес, ләззат. Бұл қорытындыдан нағыз шынайы күрескердің оптимистік рухы сезіледі. Ақаңның осы өлеңінің Мұқағалидың Фаризаға арнаған өлеңімен үндесіп жатуы, ұлылар ұғымының желіlestілігін танытса керек.

Ахмет өлеңдеріне құрғақ ділмәрсу, мағынасыз ұраншыл айқай жат. Әр сөз өз орнын тауып, салмақтана түседі. Сонымен бірге ақын нақты адамды, оның сезім-күйін жырлай отыра, қазақ қоғамының ең бір ділгір, мәнді мәселелерін көтеріп, жалқыдан жалпыға бұрылады. Ол отаршылдарды нақты нұсқап, дәлме-дәл бейнелеп берді:

Ұйқышыл жұртты
Түксиген мұртты
Обыр обып, сорып тұр.
Түн етіп күнін,
Көрсетпей мінін,
Оятқызбай қорып тұр.
Обыр болса қамқорың,
Қайнағаны сол сорың [164, 30 б.]!

А. Байтұрсынов творчествосындағы ұлт-азатшылдық бағыт оның саяси бостандыққа жетуді аңсауынан, қазақ халқын орыс патшасы езгісінен азат етіп, отаршылдық бұғаудан құтқаруды, қазақ ұлтының өзін-өзі басқаруына қол жеткізуді аңсаған арманынан, соған бар даусымен үн қосуынан көрінеді.

Қазағым – елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып,
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзінді оянып [164, 30 б.].

Ахметтің осы «Жиған-терген» өлеңі түгел күйінде «Масаның» соңғы басылымында 1922 жылы жарияланды. Бернияз Күлеевтің айтуына қарағанда, төңкерістен бұрынғы «масаларда» соңғы шумақ цензура рұқсат етпегендіктен берілмей келген. Өйткені

мұнда халық басына төнген ең күшті қауіп анық та айқын көрсетілген. Ахмет өлеңдеріне көрініс беріп, халық қасіретінің символдық бейнелі белгісіне айналды.

Өз өмірін күреске арнаған ақын отаршылдықтың шынжыр-бұғауын тас-талқан етер күнді аңсап, тезірек жетуін асыға күтеді:

Қашан жанып шамшырақ,
Сәуле беріп жарқырап,
Болар жарық төрт тарап?!
Қашан маған іздеген,
Күліп жылы жүзбенен,
Болар серік бақ қарап [164, 45 б.].

Ақын үшін бақ ұғымы, бақыт ұғымы азаттық ұғымына парпар. Ақынның лирикалық кейіпкері – бақытты күнді аңсаушы ғана емес, сол күннің тезірек жетуіне себепкер болуға ұмтылушы да. Өйткені:

Ашу қысып, ойды алып,
Өт жайылып бойды алып,
Дерт жүрекке толған шақ [164, 33 б.].

«Қарқаралы қаласына» өлеңін Ахмет айдауға кетіп бара жатқанда жазады. «Бар қаймағын қуып біттің, кім қалады еліңде, доңыздармен сыйыспасын бірге тұрып бұл елде» дегенді айттып, ащы шындықты бетке басады. Мұхтар Әуезов «Аханның елу жылдық тойы» мақаласында: «1907 жылы Қарқаралы қаласында Аханды алты жолдасымен абақтыға салған. Қарқаралы тұтқынында аз уақыт отырған соң, жазалыларды Семейге айдаған. 12 жыл өмірін өткізіп, еңбегі жанбай айдалып жатқанда, Аханның қайғылы көңілінен шыққан ауыр сөздің бірі:

«Қош сау бол, Қарқаралы жуылмаған,
Айдай бер қалса адамың қуылмаған» [164, 4 б.], –

деп, өлеңнің шыққан уақытына, не себепті жазылғанына, не туралы екеніне анықтама берді.

Зерттеуші-ғалым Ж. Ысмағұлов осы өлеңдегі «Қош сау бол, Қарқаралы жуылмаған» деген жолдар Лермонтовтың «Прощай, немытая Россия» деген сөздерін еріксіз еске түсіреді. Осының өзі Ахаңның қай биіктен бой көрсеткені, кімді бағдар етіп, қандай ұғым-түсініктермен ой толғағанын аңғартады» [167, 69 б.], – деп, Ахаң ойының өршіл үнді ақындармен астасып жататынын ашып кетеді.

Ұлы Абайдан тәлім алып, өлең құдіреті арқылы халыққа ой салып, саналы іс-әрекетке, күреске үндеу – Ахмет поэзиясы әкелген жаңа арна. Сондықтан да қазақ поэзиясында Ахаң салған жаңа бағыт – ұлттық бірлік пен ұлттық азаттықты жырлау. Құр жырлау, құрғақ ойбай емес, бостандықтың биігіне алып шығар жолды көрсетіп, жөн сілтеу. Ахметке дейінгі ақындар өз халқының қайғы-қасіретін сезініп, жаны езіле зарлағанмен, құтқарудың жолын айта алмады. Ал Ахмет көрер көзге, сезер жүрекке мұны меңзеп қана қоймай, нысана етіп қоя білді. Ахмет поэзиясындағы ағартушылық – оянуға, ояну – қасіреттің сырын білуге, бас кінәліні сезінуге, сезіну – бостандыққа жол ашар бұлқынысқа жетеледі.

Ақын аз Байтұрсынов Ахметтей,
Сөзі алтын, мағынасы меруерттей.
Осыдан ғибрат алып жас жігіттер,
һәммесі өз халқына қызмет еткей [130, 76 б.] –

деп, Міржақып тегін айтпаған. Сұлтанмахмұттың сонау 1914 жылы «Өткірсің наркескеннің алмасындай» деп, өлең арнауы да осыдан болатын.

Бағаң жоқ көр соқырдың көз алдында,
Мұңыңды жылап шақшы өз алдымда:
Гауһар тұрсын айырып алтыныңды
Аузына керек тас деп бірі алды ма?

Өткірсің наркескеннің алмасындай,
Жүйріксің «полный ходтың» арбасындай.
Сен сұңқар, көңілі соқыр, сенімен қас,
Өзінің болмады деп қарғасындай [128, 88-89 бб.].

Қашанда жаңа ой, жаңа жолдың қалыптасып кетуі, көкейден дөп шыға қалуы қиын. Көреген де дарынды Сұлтанмахмұт осыны меңзеп отыр.

Ахаң тағдыры қиын екені белгілі. Оның жасандылық атаулыға жат, еркіндік үнін шырқау биікке көтерген сұңқар жыры қанатын кеңге жайған тұста 1916-17-нің дүниені опай-топай еткен алай-дүлей заманына килікті. Сендей соғылысқан заман өтіп, ел Ахмет жырының нәріне қайта ерін тигізе бастаған тұста, ақын тағдыры сталиндік зұлматтың тырнағына ілінді. Ақын – Ахмет, саясатшы – Ахметтің құрбанына айналып, өзіндік сенімі үшін жазаланған ақынның өзімен бірге тұйғын жыры да торға түсті. Жыр өрісіне Ахмет, Міржақып әкелген елдік, еркіндік атты көркемдік ойдың тұнығы лайланып, жасампаз жанды пікір тұмшаланды. Бірақ қазақ үшін «шам қылған жүрек майын» (Сұлтанмахмұт) Ахмет Байтұрсынов жырының алтын арқауы өз тұсында да, кейін де сақталды. Іле-шала қазақ әдебиетінің өрісті өлкесіне Мағжан, Сұлтанмахмұт сияқты идеялас шәкірттері келіп, Ахаң идеясын алға апарды. Кейінгі Сәкен, Ілияста да Ахаңның тұлпар жырының дүбірін сақтап, Ахаң бастаған азаттық тақырыбын тың ізденістермен байытып, жаңа рухани биіктерге көтерді.

Ахмет поэзиясының арналы бағыты, қазақ әдебиетінде алар орны жайлы кезінде Міржақып Дулатов былай деген еді: «Ол қарапайым да түсінікті қазақ тілінде азаттық туралы, ұлт туралы, езілген, артта қалған қазақ ұлты туралы жырлады; өнер-білімге, еңбекке, ғасырлық ұйқыдан оянуға үндей отыра, әрбір қазақтың азаматтық санасын оятуға ұмтылды. Ішкі сұлулығы мен мазмұны жағынан, жинақылығы мен желілігі жағынан А. Байтұрсынов жырлары қазақ әдебиетінде бірінші орын алады».

Қорыта келе айтарымыз, Ахмет Байтұрсынов шығармашылығы ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің даму тарихындағы биік белес болып қала бермек. Ол шын мәніндегі нағыз ұлт-азатшылдық поэзияның қазақ әдебиетіндегі негізін қалап, қазақ өлең өлкесіне азаттыққа ұмтылған азаматтық жыр үлгісін алып келді. Ендеше ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының «рухани көсемі» (М. Әуезов), өнер мен ғылымның сан-саласын меңгерген, елінің ұлттық санасының оянуы мен азаматтығы жолындағы күресте қатыгез тағдырға қайыспай қарсы тұрған ұлттың ұлы

ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылық мұрасын бүгінгі ой-сана биігінен осы тұрғыдан бағалауымыз керек.

3.2. Міржақып Дулатов – ұлт-азаттық идея жыршысы

XX ғасыр басындағы әдебиетте азаттық идеясын жырлауда біраз ақындар көзге түсті. Әрине, олардың ішіндегі орны бөлегі – М. Дулатов. Ол XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ даласындағы күрделі қоғамдық-әлеуметтік жағдайды өз шығармаларында айқын танытып, қажетті ойды ашып айта білді. Міржақып Дулатов тек әдеби-шығармашылықпен ғана айналысып қоймай, қоғамдық өмірдің қай саласында болмасын өшпес із қалдырған тұтас тұлға, ұлы санаткер, ірі қоғамдық-саяси қайраткер ретінде де танылды. Сан қырлы дарын иесінің мол мұрасының ішінде, әрине, әдеби шығармашылығының орны бөлек-ақ. Әдебиетке өзінің тұңғыш туындысымен «Оян, қазақ!» деп ұрандата келіп, қазақ поэзиясына өршіл сарын, тіліп түсер өткір сөз, ойлы пікір әкелді.

Халқының ой-арманының діттеген жерінен шыққан ақын өлеңдері талай ұрпақтың жүрегінде жатталып, көкірегінен орын тепкені анық. Ұзақ жылдар бойы тек қара күйе жағылып, аты ашық түрде аталмаса да, Міржақып есімі азаматтық пен күрескерліктің символындай еді. Кейбір әдеби зерттеу еңбектерге сыналай кіріп, сыналып жатса да, сол шағын үзінділерден-ақ Міржақыптың халық қасіретін жанымен түсініп, шығармашылығына алтын арқау еткен жан екені сезіліп-ақ тұратын. Бүкіл ғұмырын елінің бостандығы мен теңдігі жолында сарп еткен азаматтың шығармашылығымен кеңінен танысып жатқан бүгінгі шақта көп нәрсеге көзіміз жетіп, тума таланттың болмысын нақты танығандаймыз.

Ол – қандай бір тақырыпқа жазбасын және қай жанрға қалам сілтемесін өзі өмір сүрген тарихи кезеңдегі қазақ тағдырының шындығына бойлап, өзекті мәселелерді екшей талдап, өткір көтере білді. Ақын өз жанын жегідей жеген өткір сұрақтарды алдымен өзі терең түсініп алып барып, өлеңнен өрілген асыл ойлары арқылы оқырманға жеткізуге ұмтылады. Сондықтан да XX ғасырдың басында «Әдебиетті ардың ісі» деп түсінген қарымды қаламгеріміз-

дің көшбасшысының бірі Міржақып Дулатов екенінде дау болмаса керек.

Міржақыптың қазақ әдебиетіндегі орнын өз замандастары мейлінше жоғары бағалап, халық үшін еткен еңбегін танып та, танытып та кеткен. Мәселен Мағжанның «Жауға түскен жанға» (МД-ға хат) өлеңіндегі мына жолдар соның нақты айғағы:

«Оян! – дедің жұртыңа
Бас көтеріп, тірлік қыл!»
Ақыл айттың ұлтыңа,
«Таста, талас, бірлік қыл!»

Бір шешпедің белінді,
Жұрт үшін уайым-қайғы жеп.
Сақтамақ болып елінді:
Қара күн алда, бекін» – деп...

Келешек күнде қағазға,
Алтынмен жазар атыңды.
Құшақтап сүйер, қағазда,
Көрсен жазған хатыңды [133, 60-61 бб.].

М. Дулатовтың азаматтық тұлға ретінде әрі шығармашы-өнерпаз, көсемсөзші ретінде қалыптасуына «Қазақ» газетінде Ахмет Байтұрсыновпен тізе қоса еңбек еткен жылдар өте жемісті болды. Газет бетінде ол өзінің азатшыл сарындағы қазақ халқының әлеуметтік-саяси өміріне қатысты көптеген мақалаларын және туған халқы туралы толғамды ой-пікірлерін жариялап отырды. 1913 жылдың 2 ақпанынан басталған бұл шығармашылық бірлік ғұмыр бойғы жарасымдылыққа ұласып, олар адами тұрғыдан да, шығармашылық-идеялық тұрғыдан да араларына еш уақытта жік түсірмеді.

1917-1919 жылдар аралығындағы аласапыранда да қанаттаса жүріп, олар ел теңдігін аңсаған «Алашорданың» көрнекті жетекшілері болды. Кейін Кеңес өкіметі жағына шыққан соң, М.Дулатов ел игілігі жолында еңбек етуден еш аянған жоқ. Ол

қашанда халықпен біргемін деген нық шешімінен еш тайған емес.

Міржақып Дулатовтың шығармашылығының тырнақалдысы жоғарыда аталған «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағы болып табылады. Осы алғашқы жинағының өзінен-ақ автордың мақсаты мен беталысы айқын аңғарылады. Кітапқа эпиграф ретінде берілген төрт жол өлеңге қаншалықты мән-мағына сыйып кеткен десеңізші!.. Сол тұстағы қазақ халқын құрсап алған төрт қасірет түгел көз алдыңызға келіп, тұмшаланған сананы серпілтіп жіберердей.

Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,
Қазағым енді жату жарамас-ты [130, 19 б.].

Осы төрт жолдан ақынның бүкіл тыныс-тіршілігінің болмысы танылғандай. Елі әлгіндей күйде болғанда, ақын жүрегі қалай тебіренбей тұра алсын. Елін өлеңмен оятуға ұмтылған ақын негізгі түйінді мәселелерді нақты айқындап, назар салар тұсты дәл меңзейді. Осы төрт қасіреттен туындайтын зар-мұң бүкіл жинақтың өн бойына өзек болуы да сондықтан.

Кітаптағы «Сөз басында» М. Дулатов былай дейді: «Дүниеге қатынасып жүрген оқыған азаматтарымыз болмаса, біздің ғумуми қазақ халқы пайдалы нәрселерден бейхабар еді. Себебі: дария қасындағы тамшы секілді, оқығандарымыз аздығынан халқымыз шаһар ретінше емес, көшпелі әр жерде бытырап жүргендіктен, заман ахуалынан хабар білерлік оқуға өз тілімізде газет жоқтықтан, татар туғандарымыздың әдеби тіліменен жазылған газеттері оқу оқымаған халыққа түсініксіздігінен дүниеде болып жатқан ғажайып уағарайыптан пайдалана алмай, біздің халық дүние сарайының бір қараңғы түкпірінде ұйықтап, ұмыт қалған секілді болып тұр. Сөйтіп, заманымыз күн сайын түрленіп келеді, мұнан бұрын өткен он бес жылменен бүгінгі халқымызды салыстырсаңыз да аз уақытта көп таршылықта қалған секілдіміз. Әлі де болса бұрынғыдай қозғалмай, ғафілдікте жата берсек, енді аз заманда нешік болмақшымыз?»

Қой, бүйтпелік, әр халықтың күші һүнер болса, ол һүнерге... біз қазақтар да ортақ болсақ керек, соның үшін мұсылманша ғылымдар оқып... надандардың көзін қойып, көңілін ашып мұнымен ахиреттік пайдамызды табалық! Екінші – дүниемізде қажетті хақыларымызды алып, жерімізді, малымызды сақтау үшін, басқалардан қорлық көрмес үшін орысша оқып, һүнерлі болайық!

Орысша білмегендіктің зарарын, білу парыз дәрежесінде қажет екендігін міне, мұнан байқаңыз: Россия мемлекетінде жүз қырық миллионнан артық халық бар, һәммәсі жүз тоғыз тілмен сөйлейді, соның ішінде үстін тіл орыс тілі күллі хүкімет мекемелеріндегі жұмыстар орыс тілінде болады, закондар һәм солайша.

Һәркім өз қолында барынша жомарт болғаны секілді, мен де өз мағлұматымша бишара халқымызға пайда келтірмек мақсатымен үшбу рисәләні жаздым» [130, 19-20 бб.].

Міржақып «Оян, қазақты» жазғандағы мақсатын қарапайым қазақ оқырманына осылайша түсіндіріп, өз ойын алдына жайып салады. Абай мақсаты оның жүрегінен берік орын тепкенін осы «Сөз басынан» тап басып танимыз. Қос ақындағы ортақ мақсат – «Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ». Ұлы арманға ұмтылыс соған жетер жолды дұрыс тандауға тығыз байланысты емес пе?! Ендеше өзге озық елдерден өнер, ғылым үйреніп, өз тіліңмен қатар саясаты үстем жұрттың тілінде меңгеріп, безбен басын теңгергеннен ұлтың ұтпаса, ұтылмасы хаһ. Міне, ақынның өзекжарды «Сөз басы» осыны меңзейді, осыған жөн сілтейді.

Ақынның өзіне қояр талабы да зор. Отаршылдық торына шырмалған ұлтын ұлан жолға салу үшін, алдымен, өз бағанды бағалай білу қажет. Адасқан сорлы жұртты жарға итермей, жарыққа шығар сәулені көрсету үшін өз бойында нұрлы сәуленің шуағы мол болғаны жөн. Ақын осыны жақсы ұғынған, ұғынып ғана қоймай өзгеге жеткізе де білген. Сондықтан да оның әрбір өлең жолынан азатшыл рух, азаматтық сарын өзгеше леппен есіп отырады. Уақыттың талабына тән ұраншылдық басым болғанмен, ол – құрғақ айқай емес, жүрегін езген қасіреттің ашынған үні. Ақынның жалпақ жұрттан бұрын алдымен өзін-өзі қамшылауы осыдан туындап жатса керек-ті.

«Оян, қазақтың» беташар өлеңі «Қазақ халқының бұрынғы һәм бүкүнгі хәлі» деп аталады. Өлең былай басталады:

Міржақып неге отырсың қалам тартпай,
 Бәйге алмас болғанменен жүйрік шаппай.
 Шаманды қадәри хал көрсетсеңші,
 Байғұс-ау, оянсаңшы қарап жатпай.
 Тұманға кірді қалың біздің қазақ,
 Арты жар, алды тұйық бұл не ғажап.
 Адасқан ағайынға басшы болып,
 Ішінде жол көрсетер адам аз-ақ [130, 20-23 б.]...

Жоғарғы ойлардың түйінін де, дәлелін де осыдан тапқан-даймыз. Қазаққа «Жол көрсетер адам азда» ақын «Бой тежеп, жүрексінуді» өзіне мін көреді. Сөйтіп, «артықтан тағылым алып, кемге үйретуді» адамдық парыз деп біледі.

«Таршылық халымыз хақында аз мінажат» деген ұзақ өлеңінде бұратана халықтардың түрмесі болған патшалы Ресейдің тепкісінде тұншыққан ұлтының аянышты, ауыр халінің шынайы шындығын ашып, нанымды суреттеп, азаматтық армен жырлайды. Болашақ барар жолдың негізгі тірегі ел бірлігі екендігін баса айтып, ұлтының ұйымшылдығын қалайды:

Бірлік жоқ алты ауызды халықпыз ғой,
 Қатардан сол себепті қалыппыз ғой,

Ғылым мен мағрифатты керек қылмай,
 Надандық шәрбатына қаныппыз ғой [130, 21 б.]...

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының алдында шешімін күтіп тұрған басты мәселенің бірі жер мәселесі болғаны белгілі. Патша өкіметі ішкі Ресейден көшіп келген қара шекпенділерге қазақ даласындағы шұрайлы жерлерді бөліп, жергілікті халыққа тау мен тасты, шөлді аймақтарды қалдырды. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан елдің экономикалық жағдайына көп нұқсан келді.

Мың жеті жүз отыз бір сәнасында,
 Біз кірдік Руссияның фанасына.
 Һүнерсіз бостығымыз көрінген соң,
 Қызықпас кім қазақтың баласына?

Жылында мың сегіз жүз алпыс сегіз
Қазыналық, – деді жердің һәммәсін да,

Тарылып жылдан-жылға жер-суымыз,
Мұжықтың кетті бәрі қаласына [130, 129 б.]...

«Қазақ жерлері» өлеңінде осылайша жырлай келіп, ақын елдің сөзін ұстап, билік басында тұрған ақсақалдарға, ұлтының қамын ойлаған зиялы азаматтарға, бұл жағдайды көріп-біле тура қол қушырып отыру жөн емес деп, дер кезінде қимылдамасақ, болашақ алдында борыш өтелмей қаларын еске салады.

Қадірман халық билеген ақсақалдар,
Бұл іске фәһім назар саласың ба?

Темірді қызуында соқпай қалып,
Нәсіліңнің көз жасына қаласың ба [130, 30 б.]?

Ақын, ең алдымен, бұратана болудың негізіне ой жібере отырып, ел-жұртына оның кесір-кесапатын ұқтыруды мақсат тұтады. Қарапайым халыққа ғана емес, ел ағаларына ой түрткі етеді. Ұрпақ алдындағы борыш кімге болса да оңай тимесі белгілі. Ақын ой-өрісі құлқынын ойлаудан аспағандарды қатты сынға алады. Бұндай сәттердегі Міржақыптың отты сөздері мірдің оғындай тиеді.

Қызығып қызарғанға кеткендер көп,
Шен алып, дәрежеге жеткендей боп.
Ойлады өз пайдасын халықты сатып,
Қазақты еш керексіз еткендей боп [130, 23 б.].

Шен алып, шекпен кигеніне мәз болғандар туған халқын сатып, көгеріп жатқаны ақын жанын қалай өртемесін. Өз ішінен шыққан озбырлар елін езген сыртқы жаудан бетер екені бесенеден белгілі. Ақынның оларға қатты шүйлігуі де сондықтан.

Батыра айтып, көзге шұқу өз жұртын жек көруден туған сезім емес, ел қамын жеген ақынның осал жерді айтып, қатты сөзбен жамандықтан жирендіріп, жақсылыққа тез қадам бастыруды ойлаған қам-қаракеті.

Бұл жолда Міржақыптың басты сүйенер тірегі – өзі тектес, сөзі үндес зиялы қауым. Ол Әлихандай, Ахметтей ағаларының «Ақ жолына» сенім артып, үнемі оларды жоғары көтеріп отырады. Ақынның оларға деген ыстық ілтипаты мен сенімі «Өнерін халық пайдасына жұмсап жүрген оқығандарымызға» атты өлеңінен көрініс табады:

Жау жүрек, қыран көзді арыстаным,
Жан қиып, халқың үшін қарысқаның.
Қатардан қазақ сорды қалдырмасқа,
Бәйгеге ұлы дүбір жарысқаның [130, 36 б.].

Ел мүдесін өз мүддесінен жоғары қоя білген азаматтарды дәріптеудегі ақын мақсаты – үлгі алар ұландар арқылы халық тілегі орындаларына үміт арту. Үміт бір, тілек ортақ болғандықтан ақын олардың ұлы істердегі қадамына үнемі сәттілік пен жеңіс тілейді:

Шешен тіл, фарасаттың саясында,
Ететін талмай қызмет, данышпаным,
Атқан оқ, сермеген қол қата кетпей,
Түскейді табаныңа бар дұшпаның [130, 36 б.].

Міржақып Дулатовтың «Оян, қазағы» мен өзге жинақтарындағы өлеңдерінің құйылысы бір арнадан бастау алып, бір арнаға тоғысып жатады. Өйткені оның бүкіл шығармашылық болмысының өрісі азатшыл оймен, ұлт-азаттық қозғалыспен біте қайнасып кеткен. Оның өлеңдерінде саяси үн өзге мәселеден басымдау түсіп жатады. Бұған қарап ақын ағартушылық, демократтық ой-жүйеден алшақтап, тек саяси үгіт жетегінде кетіп қалды деуге мүлде болмайды. Оның шығармаларындағы өнер, білімге үндеу, әлеуметтік теңсіздікті жырлау саяси көзқараспен желілесе отырып шешімін тапқан. Ақын өнерпаздығының ерекшелігі де осында жатыр.

«Оян, қазаққа» орыс отаршыл чиновниктерінің аса қатты шүйлігуінің бар сыры – Міржақып өлеңдерінен отаршыл саясатты батыл сынаудың көрініс тауып, оған қарсы тұруға үндеген үгіттің ашық түрде айтылуында. Міржақып поэзия-

сындағы азаматтық сарын, ақындық шеберлікпен ұштаса келіп, оқырманды лезде ұйытар уытты сөзге айналып, көңіл түкпіріне құйылып түсіп жатады. Жинақтағы өлеңдері бір-бірімен сабақтаса келіп, бөлінбес біртұтас жұмыр дүниеге айналып сала береді. Бұл оның өлеңдеріндегі тақырып аясының бірлігін танытса керекті.

Кезінде Міржақып творчествосына қатысты ол ұлтшыл-байшыл болды, ұлт мәселесін көтере отыра, буржуазияның сойылын соқты, әлеуметтік теңсіздікті көре білмеді деген пікірлер көп айтылды. XX ғасыр басындағы ағартушы-демократтар бұл мәселені мейлінше мол жырлағаны мәлім. Өзіндік бағыт-бағдары, ұстанған әдеби қағидасы болғанмен, сол тұстағы әлеуметтік мәселелерден Міржақыптай ақынның тыс қалуы мүмкін емес еді. XX ғасыр басындағы ақындар әлеуметтік теңсіздікті көрсетудің басты шарты ретінде әйел теңсіздігін алғанын жоққа шығара алмаспыз. Қазақ ақын-жазушыларынан кезінде бұл мәселеге соқпай кеткені кемде-кем.

XX ғасырдың басында өмір сүрген көзі ашық, көңілі сара ақын қазақ қыздарының басындағы бұл қайғы-қасіретке жаны егілмей тұра алар ма?! Әйел теңсіздігі тақырыбына көлемді жанрдағы алғашқы қадам болып табылатын «Бақытсыз Жамал» романын былай қойғанда, ақын «Оян, қазақта» да бұл мәселеге қалам сілтемей қала алмады.

«Жесір даулары хақында» өлеңінде жесір дауы, қалың мал дәстүрі сынға алынады. Ақын әдетке айналған ескі дәстүрдің бүгінгі уақыт талабына ілесе алмайтынын ашық айтып, ескі салттың тамырына балта шабудың қажеттігін өмір өзі көрсетіп отырғанын дәлелдей алды.

Қазақ әйелінің көрген қорлық-зорлығы, қазақ балаларын жастай үйлендіретіні, көп қатын алу, әменгерлік сияқты мәселелерді Міржақып осы өлеңінде тілге тиек етіп, бұларды қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздіктің бір белгісі ретінде көрсетеді.

Адамның қызығады малына адам,
Адамдығын санайды тағы да адам.
Баланың қор болуын ойламайды,
Қылады өз басының қамын адам [130, 53 б.].

Міржақып бірақ жалпы қазақ қанына сіңген құдандалыққа, елдің сыйластығының белгісі ретіндегі «қалың малға» қарсы емес. Жастардың өз еркімен үйленіп, екі жақты келісім болғанын қалайды:

Он жеті, он сегізге жасы келсе,
 Ұл, қыз бірін-бірі жақсы көрсе.
 Өзінің сүйгеніне бармақ болып,
 Атасына сонан мал алсын десе [130, 55 б.].

Жалпы алғанда, ұлтының азаттығын аңсаған азамат ақынның «Оян, қазақ» атты жинағындағы өлеңдері, негізінен, саяси-әлеуметтік тақырыпқа жазылған. Өлеңдерінің басым көпшілігі – патша өкіметінің отаршылдық, озбырлық саясатын әшкерелеуге арналған саяси лирика.

«Оян, қазақ!» жинағындағы өлеңдерінің соңғысы «Сөз ақыры» деп аталады. Бұл өлеңі жинақтағы азды-көпті дүниесін жазудағы мақсатын қорытындылауға және өлең өлкесіне келуіне шығармашылығымен түрткі салып, үлгі болған ұстаз тұтар ақындар тобын таныстыруға бағытталған.

Орыста Пушкин, Гоголь һәм Лермонтов,
 Крылов, Тургеневтер кеткен өтіп.
 Қартайып бұл уақытта Толстой тұр,
 Өзіне мәслихаттан ерлерді ертіп.

Қазақта бұлар теңдес бар ғой шешен,
 Халықтан мойны озып болған көсем,
 Семейден шықты Абай Құнанбаев,
 Сөзінде қате бар ма сынап көрсен.
 Ақын аз Байтұрсынов Ахметтей,
 Сөзі алтын, мағынасы меруеттей.
 Оқыған ғибрат алып, жас жігіттер,
 Һәммәсі өз халқына қызмет еткей [130, 107 б.]...

Ендеше Міржақып – ұлтына еңбек етудің үлгісін танытқан, ұлт азаттығына бар саналы ғұмырын арнаған, осы бағытта талай тағдыр талқысына түсіп, соның бәрін туған елі үшін мойымай көтерген азамат ақын.

«Оян, қазақ!» қазақ халқы үшін қаншалықты бағалы болғандығын «Қазақ» газетіндегі Міржақып берген хабар дәл айқындайды. Патша жандармериясының тіміскілеуіне, 1916 жылғы маусымнан кейінгі жазалау мен аласапыран күйзеліске қарамастан бұл кітапты елдің көзі ашық азаматтары көзінің қарашығындай сақтаған. Әлгі хабарламада фельдшер Жұмағали Тлеулиннің үйінен «Оян, қазақ» кітабының 1 мың данасының сақталғаны, іздеушілерге сатып алуға болатындығы айтылған [168].

Әрине, «Оян, қазақ!» – Міржақыптың ақындықтағы алғашқы қадамы. Сондықтан онда ақындық шеберлік, тіл қолданысы төңірегіндегі кемшіліктер кездеседі. Кезінде бұл туралы С. Торайғыров кейінгі «Азаматты» қоса отыра «Айқапта» басылған «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» [169] атты сыни мақаласында пікір білдірген. Тіл кемшілігі болғанын Міржақып өзі де мойындайды. «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 112 санында жарияланған «Тіл құралы» атты мақаласында: «...Ноғай газеті, кітаптарында көп ұшырасатын араб, фарсыны шын әдеби тіл осы екен деп аңғардым.

1908 жылы (О.Қ.)-ды жазып жүргенімде әлгі «Әдеби тілдерді» неғұрлым көбірек кіргізу жағын ескерусіз қалдырмадым. Сол жылдарда Абай кітабы һәм «Қырық мысалды» көргенімде өзімнен өзім ұялдым. Өзімнің һәм өзім секілділердің адасып жүргенін сонда білдім» [170], – деп жазады.

Осындай тіл шұбарлығы болғанына қарамастан, «Оян, қазақ!» азаттықты өзек еткен мұрат-мақсұтымен ХХ ғасыр басындағы әдебиетте өз орнын ойып алар өрелі туынды болып табылады.

Міржақыптың екінші өлеңдер жинағы «Азамат» деген атпен 1913 жылы Орынборда басылып шығады. Бұл кітаптың сыртқы бетінде ақынның:

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі,
Пайдалан шаруаңа жараса, алаш [171, 3 б.], –

деген бір ауыз өлеңі басылған. Бұл – бүкіл ғұмырын туған елі-

нің азаттығына арнаған азамат ақынның жан сыры. Ақынның «Азамат» жинағындағы өлеңдері езілген елінің, еркіндік көксеген халқының мұңлы күйін суреттеп, ар-намысын оятуға, көңіл көзін ашуға арналған. Бұл жинақта ел мұңын жоқтаған өршіл өлеңдердің ғана орын тепкені шындық.

Көп құлағы мақтаменен тығулы,
 Қасқыр қуып, үріккен қойдай ығулы.
 Құбыжық бар десе қорыққан баладай,
 Су жүрек боп сорлы қазақ бұғулы.
 Жалыны ыстық жас ғұмырым шыдатпай,
 Теріс істі пәк ұжданым ұнатпай.
 Тоқтай алмай басым тасқа жеткенше,
 Қарсы шауып қайырылған өткір болаттай...
 Жаудың бетін қажып тұрмыз бұра алмай,
 Бұрмақ түгіл шыдап қарсы тұра алмай.
 Күннің көзін қара бұлыт жасырып,
 Күлімсіреп нұрын шашып шыға алмай [171, 14 б.].

Міржақып – тек халық қамын ойлаған, жеке бас мүддесін елінің мүддесінен жоғары қойып көрмеген, халқының азаттығы жолындағы күреске басын байлаған ақын.

Аяусыз жаным, мен құрбан лағың,
 Болса алуға, қаным себеп, мұрадың.
 Болайын сүйінші: жұлдызы жанып бақыттың,
 Сені көркейді деп естісе құлағым [171, 17 б.], –

дейді ол «Арманым» атты өлеңінде.

Ақынның үшінші жинағы «Терме» 1915 жылы Орынборда жарық көреді. Екі кітапта ортақ тақырыптық байланыс болғандықтан, қатар ала отырып қарастыруды жөн көрдік.

Бұл жинақтардан біз ақындық шеберлігі жетілген, өлең өнерін мейлінше меңгерген, ой айтудың астарлы сырын ұстанған ақынды танимыз. «Оян, қазақтағы» өршіл сарын сақталғанмен, ақынның нәзік жанын, сыршыл сезімін ашар лирикалық сипаттың бой көрсетуі көзге түседі. Кеше ғана «оян, халқым» деп, адуынды келетін «ащы айқай» ақыны жүректі тербер жыр жазып, өз

оқырманын лирикасының терең тұңғиығына жетелеп, көркемдік сырына қанықтыра түседі. Бұл жинақтардағы өлең өрнегінен тың теңеулерді, бейнелі образдарды, сыршыл суреткерлікті байқаймыз. Дегенмен Міржақып өзі ұстанған бағытына өте берік, қатты сынды қаймықпай, батыл айту, сөйтіп, азатшыл ойдың өрісін ашу – оның поэзиясының алтын қазығы.

Ақылын жанашырдың алмаушы едің,
Сөзіне сірә құлақ салмаушы едің.
Қымызға шекең қызып, етке тойсаң,
Пайдасыз құрғақ дауға талмаушы едің.
Жаз жимай қыс азығын жатушы едің,
Арзанға қымбатыңды сатушы едің.
Ермекпен табар пайдаң болмаған соң,
Борышқа шаш-етектен батушы едің [171, 53 б.].

Осы сияқты жинақтағы қатқыл үнді қатал сындар, өткір ойлар кейде сырлы да мұңлы, сезімге толы лирикалық өлеңдермен алмасып отырады.

«Азаматқа» біраз аударма өлеңдер енгізіп, Пушкин, Лермонтовтардан өнеге алған ақын сол жылдары орыс классиктерінің шығармашылығына қатты көңіл аударып, поэзияның соны сипатты үлгілерін қазақ жұртшылығына молырақ жеткізуді мақсат еткен секілді. Қазақ оқырманын орыс поэзиясының озық үлгілерімен таныстыру, олардың ой-санасына жаңа тәсіл, соны үрдіспен әсер ету арқылы ақын өзінің шығармашылық мүмкіндігінің жаңа қырын да байқатты. Бұның бір белгісін ұлы Пушкиннен аударған «Гүл» өлеңінен байқауға болады.

Кітаптың арасында ұмыт қалған,
Иіссіз кепкен гүлді көзім шалған, –

деп басталатын аударма қазақ ұғымына дәлме-дәл келіп, құйылып түскен. Пушкин «Гүлінің» мәні мен мағынасы, өлең формасы айнытпай беріліп, айтар ой ажары айшықты өрілген.

Қайда өстің, қай уақытта, қайсы жазда?
Кескен кім, көгердің сен. Көп пе, аз ба [171, 72 б.]?

Пушкиндегі сұрақтар дәл түпнұсқасындағыдай қуатпен келісім тауып, орайлас соғып жатса, ол ақын шеберлігін айқындары хақ.

Ақынның «Сұлу қызға» деген төл туындысы осындай аудармалардан үлгі алған өнегенің шарапаты екенін жоққа шығара алмаймыз. Әдемі төгіліп түскен сұлу лириканың куәсі болғандаймыз.

Сұлу қыз қалың елден сені таптым,
 Көрдім де тамашаңа белден баттым.
 Майысқан алтын айдар еркесі сен,
 Оянған ұйқысынан табиғаттың,
 Құмардан көргенменен шықпайды екен.
 Кілті қолға түспей махабаттың.
 Күн шалмас миуаңды алмас, адам бармас,
 Шағыңды күзеттім де қарап жаттым.
 Жалынын басатұғын жалғыз өзің,
 Сенбестей жүрегіме бір от жақтың [171, 81 б.]...

Жұртына «Оян, қазақ» деп ұран салған ақынның нәзік жаны, ішкі сезімін жеткізе білетін шеберлік қыры жарқ етіп бір көрінгендей. Жарқылдаған отты сөздердің жалт-жұлт ойнаған ішкі сырларды шертіп кететін кездері Міржақып поэзиясында аз кездеспейді.

«Термеге» жазған алғы сөзінде Міржақып: «Бұл өлеңдер мұнан алты-жеті жыл бұрын қазақта газет, қағаз журнал жоқ кезде жазылған еді. Сондықтан көбінесе оқып жүрген жастарға арналып, оларды ояту, білім-ғылымға үндеп, сол рухта жазылған. Бұрынғы күйінен артық өзгертпедім» [170, 10 б.], – дейді.

Өз шығармашылығын мақтауды ұнатпайтын, өзін «ойпаңға өскен аласаға» теңей беретін ақын алғашқы балаң жырларымен-ақ ел құрметіне бөлеген-ді, ендеше уақыт өте келе оларды кәдесіне жаратуды қалауы көңілге қонымды-ақ.

Ақылы кәміл жігіттер,
 Заманның көз сал халына.
 Халқының ойлап пайдасын,

Өзің үшін налыма.

Немесе

Жүгенсіз өскен бас асау,
Айтқанға қайтіп көнеді.
Көңіл батыр, тіл қорқақ,
Айтатын сөзім көп еді [171, 35 б.]...

деген жолдар кедір-бұдырсыз, мінсіз тізілген шұрайлы сөздер кестесі емес пе? Көкірегін жарып шыққан асыл сөздерін бір кезде жазылып еді деп, ақын қалай тығып ұстасын. «Азамат» пен «Термеге» енген өлеңдерінің кейбірі алғаш «Қазак» газетінде жариялағанын еске алсақ, Міржақыптың жоғарғы алғы сөзіндегі сөздері шындық. Ол уақытпен үндесе жазылған өлеңдеріне кейін түзету енгізбеген.

Міржақыптың «Қиял», «Шәкірт», «Сағыну», «Елім-ай», «Потанинге», «Алашқа», «Жаңа тілек», «Қайда едің» т.б. өлең-жырлары алғаш «Қазақта» жарияланып, қалың елге сол арқылы тарады. Әдебиет әлеміне Ахметке ілесе келген Міржақып туған халқының адал ұлы, өткір тілді ақыны болды. Сондықтан да оның шығармалары өзінің шыншыл шырайымен, өзекті тақырыптарды қозғаған өзіндік көзқарас, өрен жүйрік ойларымен елді жаңа қырларға бастады. Қос жинаққа енген Міржақып өлеңдерінің тақырып ауқымы кең. Жоғарыда айтқанымыздай «Қиял», «Сағыну» тәрізді өлеңдері ақынның ішкі сезіміне құрылса, «Жұт» қазақ жұртының ауыр тағдырын арқау етіп, өмір тұрмыс шындығын бейнелейді. Бұл өлеңде ақын доңыз жылғы қыстан «Сан байлар жүген ұстап» қалған қиындықты айта келіп, елді еңбекке, қам-қарекет қилуға шақырады. Сол ауыр жылғы жұтты құр ғана суреттеп қоймай, оның себеп-салдарына үніліп, сырын ашуға тырысады.

Жаз туса, бейқам едің қыс жетпестей,
Қызық түн бастан, сірә, һеш өтпестей,
«Жаратқан құдай артық халықпыз» деп,
Қолыңнан төрт түлік мал бір кетпестей [171, 112 б.], –

деп, жұт себебін табиғаттың дүлей күшімен бірге «Сақтанбай,

салақ өскен жалқау жұрттың» бейқамдығынан көреді. Сөйтіп, кәсіпсіз жұрттың күн көруінің қиын екенін ескертіп, оқырманға замана тұрқының өзгермелілігін аңғартады. Әрине, Міржақып жырларының өз кезінде насихаттық қызмет атқарғанын жоққа шығара алмаймыз. Ақын өмір сүрген дәуір қисыны осыны қажет етеді.

М. Дулатовтың «Елім-ай», «Алашқа» атты зар заманның мұңына толы өлеңдері – ұлтының тағдырын ойлап, теңселген ақынның азаматтық ащы зары.

«Елім-ай» бұрынғы «Елім-ай» сарыны емес, сыртқы жымысқы жау мен ішкі озбырлардың әрекетінен азып-тозған, ішкі ділінен айырылып, тоз-тоз болып боздаған елдің зары. Ащы да удай өткір сөздердің астарында зор үміт, мол сенім бар.

Қамқор ақын қамсыз-күйсіз ел үшін қанша күйінсе де, уытты сөзбен түйресе де, сол елдің ұланы өзіне, өзі секілді азаматтарға сенім артады.

Сондықтан да ақын халқының отаршылдық отына қарылып тұрған уақыттағы күйзелген күйіне қабырғасы қайыса отырып, ертеңгі күнге үмітпен қарап, болашаққа иек артады:

Сол күнің көрсем – менің арманым,
Жоқтамас ем, өзге тілек қалғанын.

Ақынның «Алашқа» атты өлеңі – сұрау-арнау үлгісімен жазылған ұзақ толғау. 1916 жылдың дүбірлеріне енді аяқ басқалы тұрған халықтың ішкі арпалысын, шарасынан асқан ашу-ызаның екпінін аңғарған ақын іштей толқып, сан тарау сұраққа жауап іздейді. «Көк майса, жерің қайдадан» басталатын көп сұраққа ақын былай деп жауап қайтарады:

Қой бағып, қасқыр қашан опа қылған?
Көре бер өз бетіңмен күніңді өлмес.
Қайраған қолдан келмес, іске әуре боп,
Қорлыққа, тілімді алсаң, болма кездес [171, 121 б.]?

Ақын бүгінде бұрынғы күнінен, өткен жолынан жаңылған жұртының қиын жағдайына жаны күйзеле отыра, оның арандап қалмауын тілейді. Ақынның бұл қаупі алдын болжаған көре-

гендікке ұласты. 1916 жылы жалаңданған «карательный отряд» аққарасын айырып жатпастан, халықты қылышымен турап, қазақты қанға бөктірді.

Міржақып өлеңдері замана түрленуіне орай, белгілі бір мақсат-мәнге ие болып отырады. Бұның бір мысалы – 1917 жылы ақ-қызыл боп айқасып, замана мың құбылған аумалы-төкпелі кезеңде, қазақ тізгінін кім ұстарын білмей дағдарған тұста, көк-тен түскендей көп көсем пайда болған уақытта жазылған «Қайда едің?». Кешегі елі үшін еңбек етіп, етегімен су кешкен ерлерді бұлаңдаған түлкі заман шетке қағып, жік-жікке бөлініп адасқан жұртты бір тозақтан екіншіге итермелеген ендігі «қамқорлардың» шын бет пердесін ашуға үміт қылған өлең еді бұл.

Кешегі қара күндерде,
Жұлдызсыз, айсыз түндерде,
Жол табылмай сенделіп,
Адасып алаш жүргенде,
Бұл күнгі көп көсемдер,
Сұраймын сонда қайда едің [171, 121 б.]?

Жеті шумақтан тұратын бұл өлеңінің шумақ соңынан қайталанып отыратын сұрақтардың мәні тереңде. Олардың жауабы қазақ тарихының белді-белді кезеңдерін камтиды. Ел басына күн туған кезде елінен екі елі ажырамай, көретінін бірге көріп, қапастан шығар жол іздеп шарқ ұрған өз тобы бүгінде жалалы болып, аласталып жатса, жазықсыз жаланы көре тұрып, ақында ашынбасқа шара бар ма?!

Енді бүгін кім жаман?
Данышпан емес, кім надан?
Қамқор емес, кім жауыз?
Жомарт емес, кім сараң?
Көсем емес, кім жалтаң?
Шешен емес жоқ адам,
Бәрі білгіш, бәрі де ер,
Жеткіздің алла тағалам [171, 122 б.]

Ақын өлеңі – адамдар арасындағы жай бақастық, өзара ай-

тысты арқау етпеген, саяси астары кең, әлеуметтік мағынасы терең дүние. Міржақып сөзін арнаған «Көсемдердің», «Шешендердің», «Данышпандардың» кімдер екенін оның кейінгі бір тұста жазылған мақаласынан тап басып танымыз. «Сарыарқа» газетінде «Мадияр» бүркеншік есімімен жарияланған «Кім қас, кім дос» атты мақалада: «Кешегі қаралы патша заманында бірі шоқынып миссионер болып, бірі сатылып жандарм мекемесіне тыңшы болып, бірі елді алдап, жол тосып, жолаушы тонап соғылғандар» (1918, № 31) деп оларды бір сәт бас-басына атап өтеді.

Жалпы алғанда, Міржақып Дулатов поэзиясы қазақ әдебиетіне алғашқылардың бірі болып азатшыл сарынды алып келуімен, өршіл үнді азаматтық пафосымен ерекшеленеді. Оның өлеңдері жадағай ақылгөйлік, мағынасыз үгіт, күнделікті тірлік күйбеңін жырлаудан таза. Әр өлеңі халқының бостандық пен теңдікке жетер бағытын айқындап, әр сөзі оқырман жүрегінен жол тауып жатуы – осының айғағы.

3.3. Мағжан Жұмабаев поэзиясы – ұлт-азаттық идеяны жырлаудың жаңашыл өрнегі

Қазақ поэзиясында лирикасының сыршылдығы мен ойшылдығы қат-қабат келіп жататын өлең өлкесінде өшпес мұра қалдырған ұлы ақын – Мағжан Жұмабаев. Мағжан поэзиясының көркі, Мағжан лирикасының сезімшілдігі мен сыршылдығы, суреткерлігі мен ойшылдығы оқырманын талай рет тамсандырып, небір дуалы ауыздардың ілтипатына ие болып, өзіне тәнті еткен. Атын атауға жасқанып, бұқпантайлаған заманда да тасты жарған тас бұлақтың суындай нәрлі поэзия жасырып оқыған талай жүректі өзіне баурап, өзгеше күйге бөлегені шындық. Мағжан поэзиясының осынау құдірет күшін өз замандастары толық мойындап, кейі ашық, кейі жұмбақтап болса да жазып та, айтып та кеткен. Мұндайда аузымызға алғаш ілінері – Мағжанды өнерпаздықпен түйсініп, жанымен түсінген Жүсіпбек Аймауытов пікірлері. Ғаббас Тоғжановтың сыни оймен айтқан «Мағжанның ақындығы, Жүсіпбектің сыны» деген (кітабының аты. – Ө.Ө.) сөзімен бұл күнде ақындық пен сыншылдықтың үлгісіндей қалыптасып кеткен, қанатты сөзге айналған Жүсіпбектің Мағжан туралы орнықты ойлары сонау 1925 жылы айтылған еді. Ташкент

студенттерімен болған мәжілісте жасаған баяндамасында Жүсіпбек Мағжан шығармашылығын кең көлемде талдап, Мағжанды солақай сыншылардың зорлығынан арашалауға бар күшін салып, оның ақындық құпиясын ашып берді. Ол Мағжанның ақындық өнері туралы: «Суретті, кестелі, көркем сөз Мағжаннан табылады, Мағжанды ақындық жағынан сөзсіз суретші деп айтуға болады. Суретшілік жағынан Мағжанды сөзсіз Пушкинге теңеуге ауыз барады» [172, 291 б.], – деп анық та ашық жар салды. Мағжанның ақындық табиғатын тап басып таныған ол Мағжанды «ұлт ақыны», яғни ұлтын сүйген ақын деп біледі. Оны Пушкинге теңеуінде де осы негіз жатса керек. Мұның өзі ұлылардың ең алдыменен ұлтына қызмет етерінің, ұлтына еткен еңбегі арқылы өзгелердің де жүрегіне жол табарын танытса керек. Ал Мағжанды ақындық шеберлігі мен суреткерлік шеберлігі жағынан Пушкинге теңеген тек Жүсіпбек Аймауытов ғана емес, Валерий Брюсов те оны «қазақтың Пушкині» деп атаған.

Мағжанның өнеріне бас иіп өткен, дүрбелең жылдарда да Мағжанға деген бір жақты пікірінен айнымағандардың бірі – М.Әуезов. Дарынды бағалай білетін ұлы жазушы Мағжан туралы: «Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қордалы ауылында туып, Европадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан Арқа қызын көріп сезінген боламын. Мағжан – культурасы зор ақын. Сыртқы кестесінен келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның шегінен асқандай. Сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай, бірақ түбінде әдебиет таратушылар газетпен қосақталып, күндегі өмірінің тереңін терген ақын болмайды, заманнан басып озып, ілгерілеп кеткен ақын болады. Әдебиет үшін деген таңба айқын болмай нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәрімізді күмәнді, өте сенімсіз деп білемін» [173, 14 б.], – деген көрегенді ой айтады.

М. Әуезовтің 1929 жылы топшылаған бұл пікірі күні бүгін тура келіп отырған жоқ па?! Ұлылардың ұлылығын айтқан сөздерінен, өнегелі істерінен танитын болсақ керек. Кезінде «со-

циалистік реализм» сынының отына қақталған Мағжан ақынның бүгінгі күні халқының жүрегіне сара жол табуы данышпан Әуезов таныған ақындық құдірет күшінің әсері болса керек.

Әдетте, көркем сөздің кереметі одан рухани азық алып, жан-дүниенді байытып, өмір құбылыстарына деген көзқарасынды кеңейтіп, қоршаған ортаның қыр-сырын түсінуге көмектестіңдігінде болса керек. Мағжан поэзиясы – міне, осы айтылған жағдайларды терең сезінуге негіз боларлық көркем дүние. Оның ақындық шабытынан туындаған кестелі өлең жолдарын құныға оқи отырып өмір болмысына, адами қасиеттерге, сезім құпиясына, айналаға, табиғатқа ақынша қарап, ақын жүрегімен ұғынуға ұмтыласың. Өйткені оқырманның жан-дүниесі ақын түсінігімен ұштасып, жалғасын таппаса, оның жыр әлеміндегі әуезді ұйқастармен ұштасқан тұнба тұнық сырға, мұңлы күйге толы поэзиясын түсіну де, түйсіну де қиын-ақ. Мағжан – сыршыл да өршіл маржан жырларының құдіреті арқылы өзінің бүкіл болмысы мен поэзиясының ерекшелігін танытып кеткен ұлы ақын. Мұның бір дәлелі «елу жылда ел жаңа» деген түсінік тұрғысынан алғанда, жарты ғасырдан кейін ұлтымен қайта қауышқан ақын жырларының көз көргендер мен атын естігендер ғана емес, жас буынның да жүрегіне жол табуында деп білеміз.

Ақын жырларының бұлай бірегей қабылдануының себебі ту баста Мағжанның ақындық өнердің тура жолын тап басып, таңдап алуында жатса керек-ті. Ақындық міндетті арына жүктеп, халыққа жеткізер ойдың ұшығын анық та айқын көре білген Мағжан өз бағытынан еш айныған емес. Құбылмалы өмір күйінен өз әуезін таба білген ақын қашанда тек ұлтының керегін іздеп қайғысын жеңілдетуге, мұңы мен зарын жоқтауға, қуанышын көркейтуге, жеңісін тойлауға, жаманын жасырмай, жақсысын асырмай жырлауға берік бекінген. «Мақсаты тіл ұзартып, өнер шашпақ» болған ұлы ұстазы Абайша бар мақсаты ұлтының азаттық пен бостандыққа қол жеткізуі болған.

Мағжанның алғаш жарық көрген өлеңінің өзінен-ақ ақынның кейінгі ұлы мақсаттары көзге шалынды. Мәселен, «Айқап» журналының 1911 жылғы 2-санында жарияланған «Жатыр» атты өлеңінің соңғы шумағында ақын былай дейді:

Кешегі шешек жарған қазақ гүлі
Сарғайып, бір су тимей солып жатыр.
Мінекей, қазақ солай бітіп жатыр,
Күн сайын артқа қарай кетіп жатыр.
Сезінбей өзгенікін, өзінікін
Аты өшкір оқығандар нетіп жатыр [133, 15 б.]?

Бұл өлең Мағжанның 17-18 жасында жазылған. Балаң ақынның осы алғашқы өлеңдерінің бірінен-ақ оның ақындық сенім-тұғырын айқын танимыз. Сонау бір сардаланы дүбірлеткен еркіндік кезі артта қалып, отаршылдықтың озбырлығында тұншығып, еріксіз надандықтың қамытын мойнына киген туған халқының қасіретті тағдыры Мағжанның ақындық жүрегін ғана емес, азаматтық ар-ұжданын да қозғайды. Сондықтан да халқының қамын ойлап, жас жүрегі қарс айырылған ақын қара түннің түндігін түрер күшті қазақ зиялыларынан көреді. Олардың азаматтық намысына қамшы салып, «Аты өшкір оқығандар нетіп жатыр?» деп, жан айқаймен ұран тастайды. Ел мүддесін қорғаудың даңғыл жолын әлі де болса айқын аңғарып көре алмай тұрған ақын алдыңғы толқын қазақ зиялыларын тұйықтан шығар жолды іздеуге шақырады. Осы оқығандар санатына жататын өзіне де ақын үлкен міндет артып отыр. Осы міндеттен ол ешқашан шет қалған емес. Және бүкіл поэзиясының темірқазығы да осы бір міндет аясынан орын тапқан. Ақын «алдыңғы толқынның» ізін басқан жастардың болашағына үмітпен қарайды. Ел тілегі, ел міндеті енді соларда. Сондықтан да Мағжанның сүйенері – Ахаң, Жақаң сынды қазақ бостандығының айнымас «ақ жолын» тапқан қазақ зиялылары, сенері – ағалар арманын алға жетелеген, ағалар үмітін ақтауға серттескен жастар.

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты.
Қырандай күшті қанатты,
Мен жастарға сенемін!
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!

Жас қырандар – балапан,
Жайып қанат ұмтылған.
Көздегені көк аспан.
Мен жастарға сенемін!
Жұмсақ мінез жібектер.
Сүттей таза жүректер
Қасиетті тілектер –
Мен жастарға сенемін!
Қажу бар ма тұлпарға,
Талу бар ма сұңқарға,
Иман күшті оларда,
Мен жастарға сенемін!
Алаш айбынды ұраны,
Қасиетті құраны,
Алаштың олар құрбаны,
Мен жастарға сенемін!
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда,
Мен жастарға сенемін [133, 25 б.]!

Мағжанның «Мен жастарға сенемін» атты өлеңін түгелдей келтіруіміздің себебі, ақынның ұлт болашағына деген үміті, тәуелсіздікке ұмтылған күресшіл рухы, ұлы тілекті жүзеге асырар көкөрім жастарға деген сенімі тұтаса келіп, оның поэзиясына тән азатшыл идеяны осы өлең айқындайды. Ақын қазақ болашағына бұлдыраған сағым елес, орындалмас қияли арман ретінде қарамай, ұлтының ояна бастаған сана болмысынан қарап, өзінің де, өзгенің де сенімін күшейте түседі. Біздің ұғуымызша жастар – ояна бастаған ұлт санасының символы.

Біз Мағжанды сыршыл ақын дегенімізде, көбіне оның махаббат, сүйіспеншілік тақырыбына жазылған өлеңдері төңірегінде ой қозғап келеміз. Мағжан өлеңдері көптеген тақырыптарды қамтығаны да, сыршылдық оның махаббат тақырыптарына жазған өлеңдерінде өзгеше көрінетіні де рас. Бұған еш талас жоқ. Бірақ ақын махаббаттың құлы емес. Жаны нәзік ақынның сезімі де нәзік. Адамзат баласының сезім жүйелері арқылы түйсікпен бірлесетін бұл сезім ақын жанын, әрине, тербеді. Бірақ азамат ақын бұл тақырыптағы өлеңдерінде де азаматтық жүкті алға қояды. Біршама осы

жүйедегі өлеңдерінде ол махаббат, сезіміне тән азығы емес, жан азығы ретінде қарайды. Ұлы күрестер жолында бойға бұла күш құяр қуат көзі деп біледі. Ұлы сезімнен жаны гүлденген ақын ұлты үшін күреске нық сеніммен қадам жасайды. «Жарыма» атты өлең, міне, осы тақілеттес сезімнен туған.

Жол алыс, жақын үшін жаннан кештім,
Бауырдың халін көріп бейнет құштым.
Құшақта, сүй, күл, жыла қайраттандыр,
Жан жарым, ұзақ, ауыр жолға түстім [173, 37 б.].

Көріп отырғанымыздай, ақынның қандай бір өлеңі болмасын, ол қай тақырыпқа арналмасын өлең өрнегінен күрескерлік рух, ұлтжандылық сарын есіп тұрады.

Қазақтың дәстүрлі поэзиясынан қанып ішіп, Абайдай ұлы рухани ұстаз тапқан Мағжан өз шығармашылығының алғашқы кезеңінде еліктеуімен бірге, өз үрдісін табуға тырысты. Үйрену мен ізденуді ұштастырған дарынды ақын өзіне деген сенімді шегелей түседі. Қазақ өлең өнерінің жарық жұлдызы «Алтын хакім Абайға» арнаған өлеңінде жасырын тұрған лирикалық қаһарманнан біз осындай сенімді байқаймыз.

Тыныш ұйықта қабірінде, уайым жеме!
«Қор болды қайран сезім босқа» деме,
Артында қазақтың жас балалары мен
Сөзіңді көсем қылып жүрер жеңге [133, 42 б.].

Мағжанның «Артында қазақтың жас балалары» сөздерінен Абай ізін басқан ұрпақтың атынан сөйлеген ақынның сертті үнін аңғарамыз. Ақындықты пайғамбарлық, хакімділік деп түсінген ақынның олар тудырған туындыларды «қасиетті сөз» деп білгенін, оның ермек үшін жазылмайтынын, жан мен ар тазалығынан жаралатынын, сондықтан да теңдессіз биік өнер екендігін әу бастан танығанын төменгі өлең жолдарынан байқаймыз.

Жанымның жаны,
Тәнімнің қаны,
Тіршілігім сенімен,

Ойландым, – тоймадым,
 Іздедім, – қоймадым,
 Кеңес біраз менімен,
 Естiсе сені жан ұйыр,
 Бағанды білмес көп сиыр [133, 58 б.]!

Ақынның «Өлең» атты шағын өлеңінен алынған бұл үзіндіден өлең өнеріне деген құштарлық пен оның құдіретіне деген шексіз сүйіспеншілік сезіліп тұрған жоқ па?!

Қашанда ұлы ақындардың өзгелерден оқ бойы озық тұруының себебі қоршаған ортаны көруінің айшықты, туған табиғатпен тілдесуінің тылсымды, дүниені тануының терең, сезім түйсігінің кемел болып келуінде. Осы тұрғыдан алғанда, Мағжанның өмір атты тұңғиық дүниенің сырына ақынға берілген ерекше сезіммен қанықтығына, адами болмыстың қилы психологиялық құбылысы мен мінез-құлықтың құбылмалығына, сұңғыла сыншылдығына, жан күйзелісін жарып шыққан сезімшілдігіне таң қалмасқа шараң жоқ. Ақынның өзі топырағынан жаратылып, күнінен нәр алған, суынан бал емген туған табиғатты көзімен емес көңілімен көре білуінде, тәнімен емес, жанымен сезіне білуінде қаншама мың иірімді нәзіктік жатыр десеңші. Бір қарағанда жеңіл ойнақылыққа құрылғандай, сөзді сан құбылтудан туа салғандай болып көрінетін «Жұмбақ» атты өлеңінде ой мен сана адам мен табиғаттың бірлігін танытатын астарлы ой, шешусіз жұмбақ жатыр. Мұнда ел тағдыры оянар сананың серпілісіне тәуелділікті танытады.

Сап-сары бел,
 Еседі жел,
 еседі,
 Еседі жел,
 Көшеді ел,
 көшеді
 Дала бұйық,
 Бала тұйық,
 екі үнсіз.
 Дала – жұмбақ,
 Бала – жұмбақ
 Шешусіз [133, 42 б.]

Сан тарихқа куә болған сары дала үнсіз, бұйық. Сары даланың тылсым сырын ұқпақ болған бала да тұйық. Ол сары даланың сырын сыбырлай жеткізген еспе желге құлақ түріп, жүрегінде түйін болған жұмбақтың шешімін табу үшін «Мың жылғы өткен ойға» беріледі. Өлең неге «Жұмбақ» аталған, шешуі не?... Мағжан мұнды дала табиғатын бейнелеп, үнсіз даланы – бұйық халықтың көңіл-күйімен астастырады. Осынау сары даланың сан ғасырлық тарихының тереңіне сүнгіген ойлы бала үнсіз, үнсіз бала әлі оянбаған тұйық сана, осыны сезінген ақын жүрегі туған табиғатымен тылсым сезім арқылы байланысып мұңаяды, ескен желдей сыр шашқысы келеді. Ақын ой мен сезімді бөліп алып жырламай, туған даласының сиқырлы суретімен әрлейді. Шымырлаған бұла сезім табиғат, таным, адам боп біте қайнасып, бірігіп кетеді. Бір сәт үнсіз тұйық бала болашақ қазақ поэзиясының биік аспанында жарқырап «Шолпан» жұлдыз ба деп те қаласың. Сан құбылысты, алуан әсерді астастырып жіберер Мағжанның суреткерлік шеберлігінің бар сыры – осында. Ол сыртқы құбылыстардан, құрғақ суреттен гөрі ішкі сезімге көбірек үңіледі, оны тап басып танытар әдемі айшықтармен бере біледі.

Мағжан поэзиясының тақырыбы әр алуан. Өзі өмір сүрген жаңа ғасыр басында Мағжан бармаған, ол жырламаған тақырып жоқ деуге болады. Оның сан түріне мысал келтіріп, түгелдей талдап беру мүмкін емес. Бірақ кейбірін атай кеткен орынды. Ол тақырыптарды, ең алдымен, Мағжанның ақындық қанаты қатайған және қатайтқан кезеңнен іздестіру керек. Ақындық өнерге енді ғана мойын бұра бастаған тұста, Мағжанның жан дүниесін кенейтіп, іздегені алдынан шам-шырақ боп жанған бір құбылысты айтпай кету мүмкін емес. 1909 жылы қазақ оқырмандарының қолына біріндегі ойды екіншісі жалғастырған, бірін екіншісі толықтырған, қазақ поэзиясының бүкіл болмыс-бітімінің бүтіндігін танытқан үш кітап тиді. Олар Абайдың «Өлеңдер жинағы», Ахметтің «Қырық мысалы», Міржақыптың «Оян, қазағы» еді. Бұл жинақтарда сол кездегі қазақ ұлтының әлеуметтік өміріне, тағдыр-талайына, күйініші мен сүйінішіне тән бар мәселе қамтылды десек, артық айтқандық емес.

Міне, осынау кітаптар ұлтын сүйген ұланның, өнерді күдірет түсінген ақынның айтар ойын, барар бағытын айқындап берді. Алдындағы толқынның асыл ойдан өрілген жыр шумақтарына

еліктей отыра, жас ақын өзіндік жолын іздестіруге ұмтылды. Оның тұңғыш жинағы «Шолпанға» (1912) енген өлеңдері, міне, осындай ізденістер нәтижесі еді.

Сондықтан да түгелдей ұлттың қамын ойлаған өлең өрімдері жастықтың уыз сезімдерін жырласын, табиғатты тылсым сырларын жырласын, ағартуды өзек етсін, қазақ әйелінің қиын тағдырын сөз етсін, отаршылдық озбырлығын әшкерелесін, тақырыптың сан алуандығына қарамай, ортақ желі біреу ғана болды, ол – елінің тағдырына ортақтастықты білдіру. «Ләззат қайда», «Жазғы таң», «Зарлы сұлу», «Туған жерім сасық көл», «Балалық шақ», «Қазағым» т.б. жас ақынның балғын жырларынан тұнба тұнық ойларды ұғып, бір сәтке де елін ұмытпайтын ақын жүрегінің тебіренісін сезінеміз. «Ләззат қайда» өлеңінің соңғы түйініне назар салайық:

Жұрттың қамын көп ойла,
Уайым қайғы жеп ойла!
Артта қалған сорлы жұрт
Алға бассын деп ойла [133, 115 б.].

Аты еліткіш болса да, заты терең өлеңнен биік өреге қанат қаққан бала қыранның шаңқылы естіліп тұрған жоқ па?! Бірте-бірте ақын үні ширыға түсіп, дауылпаз дабылына ұласты.

1922 жылы Бернияз Күлеев Қазан баспасынан шығарған «Мағжан Жұмабаев өлеңдері» атты кітабы мен 1923 жылы Сұлтанбек Қожанов басшылығымен Ташкент баспасын шыққан өлеңдер жинағына енген өлеңдері қазақ поэзиясына «ешкімге ұқсамайтын біртума... өзіне ғана тән үні, таңғажайып әуенді жыры бар...» [173] ақын келгенін паш етті. Өйткені ондағы өлеңдер ғасырлар тоғысында орын алған тарихи оқиғалардың, аласапыран күрделі кезеңдердің шындығы мен дауылды жылдардың тулаған толқынында арпалысқан ақынның жан жүрегін жарып шыққан жырлар еді.

Бұл кездегі ақын шығармашылығынан жан-жақты ізденіс көзге шалынады. Ол тек алдыңғы аталған ұстаздар шығармашылығынан үйреніп ғана қоймай, орыс, европа ақындық мектептерінен өзіне қажетті өлең жасам тәсілдерін бойына жұқтырып, қазақ поэзиясына жаңаша бір леп әкелуге ұмтылады. Және де

көп ұзамай бұл ізденіс өз жемісін берді де. Яғни әлемдік ақындық тәжірибеден берік орын тепкен бейнешілдік (символистік) әдістің әуезді үні Мағжан ақындығымен біте қайнасып, қазақ поэзиясындағы сырлы дүние ретінде Мағжанның өзіне ғана тән өлең өрнегін қалыптастырды. «Өзінің қайталанбайтын ерекшелігімен М. Жұмабаев поэзиясы А. Ахматова, Б. Пастернак, А. Блок творчествосын еске салады» [174], – депті башқұрттың халық ақыны Сәйфи Құдаш. Мағжан замандасының, оның шығармашылығымен жақсы таныс жанның бұл пікірінде түйінді шындық бар. Өйткені Мағжанның өмірі мен шығармашылығын ерекше құлшыныспен зерттеп жүрген ғалым Шерияздан Елеуқеновтің төмендегі ойларынан Сәйфи Құдаш пікірінің бар сыры ашыла түскендей: «Өткен ғасырдың аяқ шенінде орыс әдебиетінде декаденттік ағым күшейді. Оның көрнекті өкілдері К. Бальмонт, В. Брюсов, Д. Мережковский, Ф. Сологуб, жас А. Блок өз туындыларына символизм айдарын тақты. Символистер ақиқат ауылын реальды дүниеде іздеу адасқандық деп жар салды. Олардың пікірінше, көркем шығарма шындықтың құпия сырын ашуға тиісті. Ол үшін мистикалық о дүниені ой көзімен елестету керек. Жалт берген тылсым түйсіктерді ұстап, тілін тауып сөз кестесіне түсіре алсаң, міне, нағыз поэзия сол. Шындықты интуициямен, емеурінмен сезіп, белгілі символмен жеткізе алатын суреткер ғана нағыз ақын болмақ» [175, 58 б.]. Міне, Мағжан осы ақындарға еліктеді. Бірақ оның еліктеуі жалаң емес, жалпы символдық поэзия өнері атаулыға тән қасиеттерді ала отыра, оны ұлттық эстетикалық бейнелеу жүйесіндегі таза сипаттармен тығыз байланыста ұстайды. Сөйтіп, екі арнаның асыл қасиеттерін өз өлеңдерінің табиғатына терең үйлестіріп, өзіндік үнін таныта білді. Мағжан поэзиясының сыршылдығы мен сырлы әуезінің бар құпиясы осында жатыр.

Европа ақындарының бейнешілдік ағым-әдісінің ішкі әлемін, сыртқы түрін тез қабылдап, өзінің бағытын айқындайтын мектеп ретінде таныған ақын туған халқының тағдырымен ұштасып жатқан терең толғанысты, мұңлы сарындағы өлеңдерді көптеп жазды. Көп ретте ақынның өмірден түңілуі ретінде қабылданған бұл өлеңдер, шындығында, ұлтының басына түс-

кен сергелдең кезеңдердің ақын жүрегінде шемен болып қатып, поэзия арқылы зарлы саз болып төгілуі еді.

Мағжанның терең толғаныс, ішкі қайшылықтың толқынысынан туған торығу сипатты мұңлы сарындағы өлеңдеріне: «Мен сорлы», «Жар», «Жаралы жан», «Алыстағы бауырыма», «Батқан күн, атқан таңның жыры», «Бүгінгі күн өмір, өлім менікі», «Сарғайдым», «Өмір», «Қысқы жолда», «Жазғы жолда», «Жиегінде қара орман», «Алдамшы өмір», «Күзгі күні», «Мені де, өлім, әлдиле» және т.б. жатады. Осы өлеңдердің жазылу себептерін, ел басына замана әкелген ауыртпалықтарға тоқтала келіп, Ж. Аймауытов Мағжанның түңілу сарынындағы өлеңдерінің мәнісін: «Бейнеттен қашсаң дөңбекке» дегендей қайда барсақ та, кімді паналасақ та «Қорқыттың көрі дегендей» қалың бұқара әркім-ақ көй-көйді тартты. Қорқыттың қобызын қолына алып, «көй-көйді» Мағжан да тартты. Қазақ ашаршылық ауыртпалықты көтере алмай жоғалып, құрып кете ме деген қауіп туды. Табан тірейтін нәрсе қалмады. Жалғыз сенетіні – қызмет басындағы қазақ азаматтары болса, ақын олардың қызметтеріне де қанағаттана алмады» [172, 297 б.] – деп түсіндіреді. Шындық осы емес пе?! Ұлтым деп жаралы жүрегі зар жылаған ақынның басқа жолы қалды ма?...

Елінің мұң мен зары кенеуінен асып тұрған кезеңдерде жазылған «Қысқы жолда» деген өлеңінде жасырын тұрған символикалық меңзеу бар.

Қараңғы түн, сар дала,
Көрінбейді айнала.
Боран соғып тұр борап,
Жолды басқан құр сорап,
Астымдағы жануар
Құлағын қайшыландырып,
Зорға борт-борт желеді [173, 127 б.], –

деп, сол кездегі қазақ халқының басына түскен ұлы нәубеттен ұлтының аман шығарына Мағжан көңілі күдікпен қарайды. Лирикалық қаһарман мінген Қаракөк «Зорға борт-борт» желеді. Борт-борт желіп келе жатқан ақынның көңіл күйі, ақынның ғана емес, тарихтың айрық жолы тағдырын шешпек халық-

тың көңіл күйі. «Ашуы ашыған у, ойы кермек» болған ақын бұдан әрі:

Боранын тәңірі ашпады,
Жол білінбей бастады
Көрінген бір жарық жоқ,
Босаңсиды Қаракөк...
Сар далада адасып,
Суық кебін жамылып
Қаларын, кім біледі [173, 95 б.]? –

деп, қазақ халқының алған бағыты, бет бұрған күрес жолы дұрыс па деген сұрақ қояды. Ақын жаны жауап таба алмайды, күмәні көп. «Суық кебін жамылып, Қаларын кім біледі?» деген күдікті көңілде күңіренген күрсініс бар.

Мағжанның «сары уайымға салынған, өмірден түңілген өлеңдері» деп айдар тағылып, қазіргі кезеңде де біржақты қаралып келген өлеңдерінің түпкі мақсаты мен мән-мағынасы терең. Олай болары қазақ халқы тарих доңғалағының табанында тапталып, отаршылдық озбырлығының арқасында санасы сартап болып, қаншама адасып, жарық күнге ұмтылған үміттері қаншама кесілді. Бірақ Мағжандар жаққан шырақтар сәулесін ешкім де өшіре алмады.

Жүрегі сезімтал, ойы жүйрік ақын қазақ халқының алдында тұрған сан тарау жолдың қиындығын ерте сезгендей. «Жазғы жолда» деген өлеңіндегі:

Айнала – өлім, ешбір үн,
Жапан түзде жалғызбын.
Перісі неге келмейді.

немесе

Жол жыландай иіріліп,
Шаң ерініп үйірілген,
Ешбір леп жоқ, тып-тынық.
Аңсап есім жия алмай,
Көзімнің жасын тыя алмай,
Өлсем екен тұншығып [133, 95 б.], –

деген өлең жолдарынан ақынның нәзік жанымен астасып жатқан түйіткіл мұнды танимыз. Жаздың жадыраңқы суретінен де, қыстың қытымыр түрінен де ақын жаны тыншу таппайды. Табиғат суреті мен ел тағдырын салыстыра бейнелі де бедерлі сурет жасайды. «Қараңғылық қоюланып келеді» деген өлеңінде:

Пеш ішінде шоқ ақырын сөнеді,
Сөнген шоқты үріп бала күледі.
Ой басты ма? Әлде көзім талды ма?
Мөлт-мөлт етіп көзіме жас келеді [133, 216 б.], –

деп, қазақ халқы үшін қараңғылықтың бұрынғыдан бетер қоюланып келе жатқандығына, қазақ елін жарық таңға жеткізер сәулелі үміттің алыстығына налиды.

Осы өлеңде Мағжан сан рет айтып келгеніміздей «сары уайымға салынып зарлап» тұрған жоқ, ақын елінің ертеңіне ой жіберген адал перзент ретінде шынайы ақындық сезімін жырға қосып отыр. Ол – өз өмірін халқы үшін құрбан еткен, барлық саналы ғұмырын елінің келешегін ойлаумен өткізген арлы азамат. Бостандықтың бозала таңын түрмек болып жүргенде, шығармашылығы да, өзі де қайғылы қасіретке тап болған ақын. Мағжан поэзиясындағы өршілдік пен оттылық оның ақындық жанының нәзіктігімен тығыз байланысты. Қазақ поэзиясында сыршылдығы жөнінен Мағжан өлеңдері деңгейіндегі биікке көтерілген ақын кемде-кем. Кезінде С. Мұқановтың Мағжанды «ақынның ақыны» [176, 315 б.] деуінде осындай бір сыр жатса керек.

Біз Мағжан туралы, оның символистік (бейнешілдік) ағым-әдіс әсерінде жазған өлеңдерін «...батыс халқының әдебиетіндегі декаденттік ағымның ықпалы» [177] деп айтып та жазып жүрміз. Осы пікірдің негізгі болғанымен, тым жалпылама, біржақтылау көрінеді. Олай дейтініміз қазақ ауыз әдебиетіндегі, ежелгі әдебиет үлгілеріндегі «Асан қайғы» немесе «Қорқыт» туралы аңыз-әңгімелер мен қазақ жырауларының торығу, өмірден түңілу сарындағы өлең-жырларын неге естен шығарамыз. Осыған байланысты қазақ әдебиетіндегі түңілу, торығу сарында жазылған өлеңнің бой көрсетуі біздің әдебиетіміздегі тосын жайт

емес. Ежелгі әдебиетімізде бар, бірақ белгілі бір көркемдік әдіске айнала қоймаған құбылыс.

Жалпы Ж. Аймауытов айтқандай, «сыртқы түрі бейнешілдік, ішкі түрі күйректік, жылауықтық, (сентименталдық)» әдісте жазылған Мағжан өлеңдерін шартты түрде солай дегеннің өзінде екі топқа бөліп қарастыру қажет сияқты. Бірінші топқа Мағжанның жоғарыда талданған «Қысқы дала», «Жазғы дала», «Қараңғылық қоюланып келеді» т.б. өлеңдері жатады. Бұған басты себеп – бұл өлеңдердің тақырыптық, сарындық ұқсастығы, халқының мұңын жоқтау көрініс тапқандығы, оны бейнелеп де бедерлеп бергендігі. Бұларда жинақтық, жалпылық мұң басым. Екінші топқа Мағжанның өз басындағы қайғы-қасіретпен ұштасып жатқан өлеңдер жатады. Бұлар: «Мені де, өлім әлдиле», «Ой», «Күзді күні», «Алдамшы өмір», «Альбомына», «Жел», «Сағындым», «Сарғайдым», «Түс», «3-ға», «Бүгінгі күн өмір, өлім – менікі» т.б. жатады.

Мағжанның «Пәниден байыз таппай, бақидан бақыт күту» тәрізді күңгірт ұғымда жазылған өлеңдерінің бірі деп жүрген туындысы – «Мені де, өлім, әлдиле». Мағжан шығармаларын жинап, бастырушылар: «Бұл өлең сүйген жары Зейнеп, онан соң сүйікті ұлы Граждан мезгілсіз қайтыс болғаннан кейін жазылған болса керек, өйткені өлеңде періште күйінде о дүниеге аттанған жас нәресте, жасқа тұншығып өлген, «Бетінен алма қан тамған» жас сұлу образдары бар» [178], – деп, өлеңнің шығу тарихына түсінік береді. Осыған сүйене отырып, ақынның жеке басындағы қайғыдан туған десек те, әйгілі Бальмонттың «Әлдиле, өлім, әлдиле» деген өлеңінен бағыт алғандығын жоққа шығаруға болмайды:

Бетінен алма қан тамған,
Тілінен тәтті бал тамған,
Бұйра толқын шашы бар,
Күлкісі меруерт шашылған,
Өзі – гүл жаңа ашылған,
Дәл 15-те жасы бар.
Сұлу көп жас төгіпті,
Тұншығып жасқа өліпті...
Талпынған жаңа нәресте,
Ақ қанатты періште,

Балдырлаған бұлақтай
 Көрінген жанды күлдірген,
 Жаңа піскен бүлдірген,
 Балауса нәзік құрақтай,
 Қайтыпты қозы көз тиіп,
 Бетінен кейде жел сүйіп...
 Балқиды жаным бұл күйге
 Мені де, өлім, әлдиле...
 Әлдиле, өлім, әлдиле [133, 135 б.]!

Мағжанның бұл өлеңі – символизмнің (бейнешілдіктің) ең биік үлгісінде жазылған өлеңдерінің бірі. Өлеңде нәзік жанды ақынның жақын адамынан айырылған, қайғыдан күйзелген сәті бедерлі бейнеленген. Ақын Бальмонт өлеңінің сыртқы құрылысына ғана емес, ішкі мәніне терең бойлаған, сол арқылы өз басының қайғы-қасіретін терең ашып береді.

«Сағындым», «Сарғайдым», «Түс», «Анама», «3-ға» сияқты өлеңдері Мағжанның түрмеде жазған шығармалары.

«Сарғайдым» деген өлеңінде ақын:

Сарғайдым күннен-күнге қуат кеміп,
 Қалың ой – кара жылан жүректі еміп.
 Ақырын бітіп барам жанған шамдай,
 Көзіме ыстық жастар мөлт-мөлт келіп,
 Жасаған! Тез алатын ажал жоқ па?
 Қинама, тез өлейін, ұшыр оққа [133, 87 б.]! –

деп, түрмеде ауыр хал кешіп, темір торға қамалған ақын жанының арпалысын танытады. Ақынның тілегені – өлім емес, ерлік. Өлім түрмеден де табылады, ақын ондай өлімді місе тұтпайды, ерлік өлімді қалайды. Ол өзінің «Алдамшы өмір» деген өлеңінде осы рухтағы өршіл ойын нәзік сезімге көмкеріп береді:

Өмір, шіркін бықсып ақырын сөнеді,
 Үміт шіркін тотығады, өледі.
 Өлді үміт, мен де ұзамай өлемін,
 Сокқы жеген сорлы жүрек біледі.

Өмір, шіркін, көз алдымда сөнеді,
Қиял – алыс, келемеж ғып күледі.
Өмір сөнсе, үміт сөнсе, не қалды?
Мөлт-мөлт етіп көзіме жас келеді [133, 87 б.].

Ақынмен бірге езілесің, егілесің. Бірақ ақын үмітінің сөнбейтініне сенесің. Бостандықтағы ой-армандарының орындалмай қалғандығы ақынды уақытша налытады. Торыққан көңіл жанына саяны өлімнен іздейді. Сөнген үміттен, өлім артық.

Мағжанның түнілу, қайғыру сарынындағы өлеңдерін сары уайымға бой алдыру деп қараудың жөні жоқ. Керісінше, қазақ әдебиетін әлемдік әдебиетпен иық теңестіруінің бір мысалы ретінде бағалаған орынды. Бұған мынадай өзіндік дәлелдеріміз бар. Өз тұсындағы жазба әдебиеті биік деңгейдегі Европа әдебиетінен үлгі өрнек таба отырып, сол озық үлгіні, биік парасатты өлең өрнегін қазақтың қасиетті қара өлеңінің бойына жарастыра білді, бұл – бір; сөйтіп, өзін қазақ поэзиясында өзге ешкімге ұқсас өзіндік ақын ретінде қалыптастырды, бұл – екі; Мағжан өлеңдерінің ішкі мазмұны мен сыртқы пішіні «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, теп-тегіс жұмыр келсін айналасы» [1, 59 б.] деген Абай талабынан табылып, қазақ оқырманына тез жол тапты, бұл – үш.

Мағжан поэзиясының сыршылдығына тән құбылысты біз оның сүйікті әйел, ыстық махаббатты жырлаған отты өлеңдерінен нақтырақ табамыз. Бұл тақырыпқа арналған өлеңдерін шартты түрде: Әйел, оған деген адал сезімді ардақ тұту, өз тұсындағы әйел затының тағдырына араша түсіп, зарына үн қосып, жырымен жұбату деп бөлуге болады.

Мағжанның қазақ әйелінің теңсіздік тұрмысын көрсетіп, қасіретін жырлаған өлеңдері қатарына: «Домбыра», «Зарлы сұлу», «Жәмила», «Алданған сұлу», «Шын сорлы», «Тілегім» деген өлеңдерін жатқызуға болады. «Жәмила» деген өлеңінде:

Жәмила!
Мұнша неге жүдедің?
Бетінде тамшы қан жоқ қой,
Жаралы неге жүрегін?
Тегінде терең зар көп қой!
Сарғаймашы, бауырым [133, 117 б.]! –

деп, қаламаған жанға барып қорлық көрген қазақ қызының қайғысына ортақтасып, жан-жүрегі елжірейді. Оған құрғақ қайғырмай, мұнды қыздың естен кетпес суретін сөзбен салады. «Жас сұлуға» деген өлеңінде:

Жас періштем, сұлу қыз,
Сүймеші, сүйме, сұраймын!
Мен ақынмын тұрлаусыз,
Жырлаймын да жылаймын [133, 59 б.] –

деп, әйел жанының нәзіктігін, ақын жанымен салыстырып, әйел махаббатының тұрақтылығы мен беріктігін құрмет тұтады.

Мағжан ақын әйел затына сүйген жар, ардақты ана, асыл әже деп бәрімізге түсінікті ұғым тұрғысынан қарамай, оны табиғаттың өзгеше жаратылысы, тіршіліктің бастауы деп ұғынған. Оның санасындағы әйел бейнесі – періште. Әйел ана – тіршілік тұтқасы, сүйген жар – отты сезімнен жаралған өмірге құштарлықтың күдіреті, ару қыз – пәктік пен ақтықтан жаралған сұлулық әлемінің символы. Ақынның осынау жаратқанның өзі сұлулықтың ең озық үлгісі ретінде дүниеге келтірген әйелді ардақ тұтып, сол тақырыпқа жазған өлеңдерінің бірі – «Әйел». Осы өлеңінде Мағжан әйел ұлылығын алға тартады. Сондықтан да әйелдің мәдениеттілікке, сауаттылыққа деген құштарлығын ерекше көтеріп, ерлермен тең құқық беруге үндейді. Бір қарағанда басқа ақындардың әйел теңдігі тақырыбына жазған өлеңінен несі артық деп ойлайсың, ал шын мәнінде:

Кешегі әйел періште,
Адамды бастар ғарышқа,
Жүзі жарқын нұрлы айдан.
Еңіретіп күң ғып сататын,
Еріккенде ойнап жататын
Болды да қалды бір хайуан [133, 63 б.] –

деген өлең жолдары арқылы әйел-ананың періштедей күйінің бүгінгі күні тәлкекке түскеніне, түсіргенімізге өкінеді. Әйел жанын Мағжанша түсіну – кез келгеннің маңдайына жазыла бермес ерекше қасиет.

XX ғасырдың басында әдебиет әлемінде қатар қанат қаққан ақындардан Мағжан Жұмабаевтың басты ерекшелігі – өлең өрімінің өзгеше сұлулығы мен саздылығында, бұрынғыдан сақталған ырғақ пен әуезділік үрдісінің жаңа үйлесім табуында.

Мағжан туған табиғатты жырлап, кіршіксіз тазалықты, сезімнің тұнба тұнығын содан іздейді. Ақынның шерлі жүрегі содан ғана тағат тапқан. Ол туған табиғаттың сұлулығын паш етіп, адам мен табиғат бірлігінен нақтылық іздеді.

Оның лебінен жылылық ескен әдемі өлеңінің бірі – «Жел».

Мазасы жоқ жел ерке,
Оянып ап тым ерте,
Жорғалай басып кетеді.
Тыныш жатқан түс көріп,
Көлдің бетін кестелеп,
Оны әуре етеді [133, 58 б.], –

мұнда ақын желдің «ерке мінезін», ешкімге мойынсұнбас еркіндігін баса жырлайды. Өйткені ақын жаны да сол еркіндікті аңсайды. Осы тақырыптағы озық үлгідегі өлеңінің бірі – «Толқын».

Толқыннан толқын туады,
Толқынды толқын қуады,
Толқынмен толқын жарысад.
Күніренісіп кеңеспен,
Бітпейтін бір егеспен,
Жарысып жарға барысад...
Сылдыр, сылдыр сылдырлап,
Бірінің сырын бірі ұрлап,
Толқынды толқын қуады.
Жарына бал береді,
Береді де өледі,
Өледі толқын, тынады [133, 72 б.].

Ақын тілсіз де тылсым толқынға жан бітіріп, жансыздан жанды сурет жасайды. Мұнда толқынның да өмірі мәңгі емес деген пікір жоқ. Өлеңнің ішкі сырына үңілсек, толқын өлімі – мәңгілікке жалғасқан өлім, жарына бал беріп, рахат тапқан өлім, ол мың қайталанып, мәңгілікке ұласқан тынымсыз тіршілік.

Мағжан – қазақ поэзиясының саздылығын, әуезділігін арттырған, соған көңіл бөле отырып, арғысы француз, бергісі орыс символистерінің өлеңдерінен дәстүр тапқан ақын. Европа ақындарының шығармашылығындағы мөлдір бұлақтан сусындай отырып, оны қазақ поэзиясының сұлулығымен үндестіре білген ақын. Мағжанның жаңашылдығын осы тұрғыдан таныған жөн. Мағжан – қазақ поэзиясының жарық жұлдызы ұлы Абайға еліктей отырып, ұлы ұстаз жолын ұстанғанмен, өзінше жол табудан әсте жалықпай, көп ізденген жан. Өлеңдеріндегі табиғат суреттері, оның тылсым шақтары ақын көңіл күйімен, мұң-қайғысымен, қуаныш-шаттығымен қат-қабат келіп отырады. Осының бәрі тұтаса келіп, Мағжан суреттеп отырған дәуірдің бейнесін толық ашып береді. Сондықтан да бейнешілдікті ең шырқау биігінде көрсету үшін, ақын өз басындағы қайғы мен қасіретті, мұң-зарды халық басындағы ауыр күндермен атастыра жырлайды.

Қап-қара түн. Түн баласы күңіренед.
 Күңіренумен бір-біріне үн беред.
 Сөгінеді, сүрінеді, жығылад,
 Қара түнде көр көзімен не көред?!
 Қап-қара түн. Шегір көзді жындар жүр,
 Қап-қара түн. Қайғы мен қан ойнап тұр,
 Қайғы менен қара қанға тұншығып,
 Түн баласы ауыр ойлар ойлап тұр.

Қап-қара түн. Уақыт ауыр өтеді,
 Ой артынан ойлар келіп кетеді.
 Түн баласы көр көзінен жас төгіп,
 Күн шығыстан бір пайғамбар күтеді [133, 73 б.].

«Пайғамбар» өлеңіндегі осы жолдар, Мағжанды ұлтының ғана емес, бүкіл әлем жоқшысындай танытады. Батыс халықтарының басындағы қайғы-қасіретті түнге, жай түн емес қап-қара түнге ұқсатуынан осыны байқаймыз. Қап-қара түнді жанды бейнеге айналдырған ақын оған ауыр ой ойлатады, «көзінен жас төккізеді», сөйтіп, өлең мазмұнын тереңдетіп, қасірет сарынының күшеюіне күш салады. Әлемді құтқарушы – Шығыс деп, Күнді азаттық символына айналдырады.

Иә, Мағжан – қазақ поэзиясында өзіндік жаңашылдығы мен дәстүр қалыптастырған, соны ізденістері арқылы өзіндік өнерпаздығына ғана тән әдеби әдістер әкелген ақын. Ахмет Байтұрсынов XX ғасыр басындағы поэзияға азаттық сарынды арқау етсе, Мағжан қазақ лирикасына сынғырлаған нәзік әуез нәрін құйып, ұлттық рухты ұлттық сезімнен қуат алған өзгеше үнмен жырлады.

XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясында Мағжан дәстүрінде жырлап, сонымен қатар өзіндік жаңашыл үнімен келе білген ақынның бірі – Бернияз Күлеев.

Бернияз ақындық жолға түсісімен, сол кездегі қазақ зиялыларына бағыт-бағдар сілтеген, саяси көзқарастарын қалыптастыруда шамшырақ іспетті болған қазақ, татар тіліндегі басылымдар: «Қазақ», «Айқап», «Шора», «Уақыт», «Тәржіман» секілді газет-журналдармен танысып, олардан өзінің көп керегін табады. Орыс, қазақ, татар классиктерінің шығармаларын оқып, көңіліне көп нәрсе тоқиды. Сонымен бірге өзінің замандас ақын-жазушылары А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Торайғыров, М. Жұмабаев шығармашылығына мейлінше назар аударып, ой елегінен өткізе оқиды. Мұнда поэзиясының болашақ бағытына ерекше әсер еткен М. Жұмабаев шығармашылығы болғандығын атап өткен орынды.

Ресейдегі мұсылман қозғалысы, содан қуат алған қазақ зиялыларының саяси күрестегі іс-әрекеті, 1916-1917 жылдардағы оқиғалар мен өзгерістер, рухани сілкіністер ақынның ой санасына қозғау салғаны анық.

1920 жылы Қазақ АССР Халық ағарту комиссариаты Бернияз Күлеевті Қазан қаласына көркем әдебиет шығармалары мен оқу құралдарын бастырып шығарушы өкіл етіп жібереді. Сол жылдары Бернияз азатшыл әдебиет өкілдерінің шығармаларымен жете танысады. Оның тікелей басшылығымен ұлтымыздың мақтаны Абай, Ахмет Байтұрсынов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабаев шығармалары басылып шыққандығы осының нақты айғағы. Қазақ әдебиеті жаңаша даму жолына түскен осы бір тұста Бернияз Күлеев туған әдебиеті үшін аянбай еңбек етті, қазақ мәдениетінің дамуына үлкен еңбек сіңірді.

Бұл қызметті ақын өмірінің ақырына дейін, жауапкершілікпен атқарды. 1923 жылы 29 қаңтарда ақын өмірі күрт үзіледі.

Бұған жастық кездегі махаббат-сүйіспеншілікпен бірге, үміті алданған ақын трагедиясы себеп болған. Қазанда жиырмасыншы жылдары татар зиялылары ұйымдастырған «Шығыс клубы» деп аталатын жастардың пікір алысып отыратын үлкен мәдени орталығы болған. Бұл орталық ұйымдастырған кештерге өзгелермен бірге Қазан университетінің медицина факультетінің студенті Зейнеп Ахмерова үнемі қатысып жүрген. Бернияз бен Зейнеп осы кештерде танысады. Бірін-бірі сүйген екі жас тіл табысып, отау құрмақ болады. Бірақ Зейнептің ата-анасы жастар шешіміне қарсы шығады. Бұл қарсылық өмірден түңілген арманшыл ғашықтардың атылып өлуіне алып келеді [179].

Поэзиясынан өзінің отты жырларының ұшқынын танып, ақынды жанындай жақсы көрген Мағжан Жұмабаев Бернияз өліміне азалы өлең жазады. Онда:

Жаны жалын, жаны шерлі жеткіншек,
 Күлсін саған, сөксін мейлі көк есек.
 Мен сөкпеймін, сені сонау толқынмен,
 Қан майданға неге ғана кірдің деп.
 Мен күңіренем ұлы ойлар кеп басыма,
 Жырласаң ед шомылып көз жасыңа.
 Тұңғыық түбіндегі тамаша
 Өзі-ақ көшіп келмес пе еді қасыңа [180, 4 б.]... –

деп күйінеді жас ақын өліміне Мағжан.

Осылайша Бернияз Күлеев өз жырын тамсана оқыған қалың оқырманын, өзінен үлкен үміт күткен аға толқынды қайғыға батырып, бар болғаны 24 жыл ғұмыр кешіп, көк өрім кезінде көз жұмады.

Өмірден ерте кеткен ақынның өзіне соққан ескерткішіндей болып, оның артында мәңгілікке жалғасқан биік рухқа толы, сыршылдық пен сезім тоғысынан жаралған жалынды жырлары қалды.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіне тұнба тұнық жыр, көрікті де көркем поэзияны әкелген көрнекті ақынды тануға, танытуға біраз зерттеушілер өз үлестерін қосты. Олар – Бернияздың ақындығын әр қырынан зерттеп жан-жақты танытуға лайықты үлес қосқан көрнекті ғалымдар Ы. Дүй-

сенбаев [181], Б. Кенжебаев [182], Ә. Дербісалин [183], К. Шәменов [85] және жас ғалым С. Жәмбеков [184].

Б. Күлеев – шығармашылық жолын ағартушылық бағытта бастаған ақын. Бірақ сыршылдық, сыр мен сезім тоғысы – оның кез келген туындысына, жалпы өнерпаздық болмысына тән нәрсе. Бұл ақынның алғашқы дүниелері «Ойдағым», «Өзім» секілді өлеңдерінен-ақ көзге шалынады. Мұнда ақынмен бірге лирикалық кейіпкердің бүкіл жан дүниесін сезініп, қуаныш-күйінішін, қайғы-мұңын, асқақ арманын бірге бөлісіп, романтикалық кейіпкердің табиғатына дендей енесің.

«Өзім» – ерекше бір идеялық жүк көтеріп тұрған өлең. Оның өн бойынан лирикалық кейіпкердің өзіндік характері, болмыс-бітімі бірден танылады.

Өзім деймін, өзгелерді көрмеймін,
Өзімсіздік, «ай, бауырымға» көнбеймін.
Өзім – патша, өзім – төре, өзім – хан,
Өз ойымды сан сабазға бермеймін».

Өзім бітем, өзім қайта толамын,
Өзім ұшам, өзім жүрем, қонамын.
Өз алдыма өзім келе бергенде,
Өзіме-өзім таң-тамаша боламын [185, 16 б.].

Шағын үзіндінің өзінен лирикалық қаһарманның отты жүрегі, қайсар келбеті, жұмбақ жаны, бүтін болмысы айқын танылғандай. Бұл ақынның менмендігі емес. Өзіне өзі сенгендігі. Ақын талантына да, дарынына да сенеді. Ол – көптің бірі емес, көпті бастайтын көшбасшы. Ол – «Бізбен» бірге өзін-өзі жоғалтып алатын ойсыз-көзсіз көп тобырдың санатында емес, «мені» айқындалған тұлға. Аумалы-төкпелі кезеңде бұл ең бір керек идея еді. «Даналықты» ғана емес, даралықты да таныту дәуір сұранысы болатын.

Осы тектес «Мен» деп аталатын өлеңінде де ақын осы бір тұғыр-тіректі айқын ұстайды.

Жан жайнатқан жастықтың,
Қан қыздырған мастықтың,

Содыр-соқпақ тастықтың,
 Жолыменен барамын.
 Не кез келсе жолыма,
 Оңыма йә солыма,
 Қойныма һәм қолыма,
 Бәрін теріп аламын.
 Жасымаймын жаспын деп,
 Таспаймын да баспын деп.
 Тек тілеймін ассын деп,
 Таумен талас талабым [185, 23 б.].

Бұл – 1919 жылдың аумалы-төкпелі кезеңі тұсында асау жүрек, албырт ақынның шындықтың бетіне тура қарап жазған өлеңі. Екі өлеңнің тізгіні бір ұғымда. Жаңа өмірдің толқынына қайығын салған албырт жас – лирикалық қаһарман алғы күннен үміт күтіп, неден болса да тайсалмауға уәде береді. «Оң ба, сол ма, жүрер жолым белгісіз» деп өзі айтқандай, ақын тандау жолды тап басып айқындамаса да, үміттің алдамасына сенім білдіріп, тұғырға қонған бүркіттей қиырға көз салады. Аласапыран кезіндегі ой еркіндігі, сөз еркіндігі ақынға қанат бітіргендей. Ақынның «талапты ерге нұр жауар» тілекті өзіне-өзі тілеуі, осыны меңзесе керек. «Өзім», «Мен» – ақын еркіндігінің – символы.

Бернияз Күлеев – алғашқы өлеңдерінен-ақ бастап өзінің рухани жан дүниесіне терең үңіліп, жүрек түкпіріндегі құпия сырын ашып, өзіндік болмысын тануға ұмтылған сыршыл да өршіл ақын. Өршілдік сарын – Б. Күлеев лирикасының ерекше сипаты. Ақынның дүниетанымы, адам, табиғат, қоғам, өмірге қатысты ой-толғамдары поэзиядағы оның осы ерекшелігін танытатын тәрізді. Өйткені Б. Күлеев саяси-азаматтық тақырыпта жазылған өлеңдерінде көтерілген мәселені, айтылар ойды көңіл-күймен, сол сәттегі сезіммен астастырып отырады.

Бернияз Күлеев өлеңді негізінен 1913-1914 жылдары жаза бастағанмен, шығармашылығының ең бір жемісті кезеңі – 1918-1922 жылдар аралығы. Ақынның өндіріп жазған осы бес жылдық шығармашылық жолының алғашқысы – 40-қа жуық өлең жазған 1918 жыл. Көңіл-күй сырларын шертетін «Аңқыған гүлдің исінен», «Көңіліме», «Қиял сөзі», «Қайтер едің?», «Жас жүрегіме», «Жастық күнім» өлеңдерін ақын 1918 жылы жазған. Бұларда Бер-

нияз лирикалық қаһарманның сыршыл сезім күйін көркем бейнелеуге ұмтылады. Б. Күлеев шығармашылығы үшін жемісті болған 1919 жылы жиырмаға тарта өлең жазады. Лирикалық кейіпкердің көңіл-күй сезімдерін білдіретін «Жүрегің жанып», «Жырла да зарла көңілім», «Неге» өлеңдері ақын лирикасындағы сыршыл, күйшіл сарындардың көбейе түскенін байқатады. Бұл жыл – ақын жырларының сапалық тұрғыдан жетіле түскен жылы. Оның ерекше тоқталуға тұратын өлеңінің бірі – «Жырла да зарла көңілім».

Жырла да зарла көңілім,
Сел болып жасың төгілсін.
Естіген ойдан баз кешіп,
Қамығып шындап егілсін.
Жер – аспан бірден қозғалып,
Тау мен тастар жібісін.
Ойлаған ойлар толғанып,
Мұздаған жүрек жылысын [185, 23 б.].

Рухы биік ақын өлең сөздің эстетикалық күдірет-қуатын қатар ұстап адам жанының тек жүрекпен ұғынылар тұңғық тереңіне бойлап, әсерлі жырлайды. Ақынның жан сыры дүниенің барлық құбылысымен астасып, оның мұңы мен жырына әлем құлақ түргендей.

Ақын өмірі үзілер соңғы жылда (1922) өте бір шабыттана еңбек еткен. Секемді көңіл әлденеден шошынып, әлдеқайда асыққандай. Отызға тарта өлең жазыпты. Өлеңдегі сарынның да өзгеріске ұшырағаны сезіледі. Бұрынғы сыршыл сезімнің орнын енді мұңлы күйі басым шерлі өлеңдер баса бастағанын аңғару қиын емес. Бірақ шеберлігі ұштала түсіп, қанаты қатайып, шабытына шабыт қосқанын байқаймыз. Адамның көңіл-күйін, ішкі сырдың толғанысын терең ашуға ұмтылып, оны күйлі мұңмен тоғыстыратын өлеңдер көптеп кездеседі. Бұған мысал – «Қапы қалдым», «Не етер ем», «Қалау беру», «Жалғыз өзім жат жерде», «Жас теректің жапырағы», «Алшы, тәңірім, алшы, ал!», «Жүрегіме», «Ойла, ойла, ойға тойма», «Бүгін-ертең», «Қараңғы түн, алдымда тұр шам жанып» т.б. өлеңдері.

Ақын «Жас теректің жапырағы» деп басталатын лирикалық өлеңінде өзінің бір сәттік көңіл-күйін, жан толқынысын, жүрегін-

дегі сезімді үлбіреге жеткізген. Жас терек – жанды образ. Ақын оны адам болмысымен салыстыра көрсетіп, табиғат пен адам бірлігінен жақсылық-жамандық, биік арман, зар-нала, толқу-тебіреніс тәрізді сан құбылысты тауып, өз қалпының ішкі толғанысын бедерлі бейнелей алған. Соңғы бөлігінде ақын өзін сол жас теректің жапырағына теңеп, символикалық байланыс іздейді:

Мұның, зарың, білем бірге,
 Бірге екеуіміз жылайық,
 Қарық болсын жауыз дүние,
 Көз жасымен бұлайық.
 Бізді естіп келсін жел де,
 Зарын бізге естіртсін.
 Зарласын да ерсін бізге,
 Жердің жүзі естісін.

Ойла, мұндан, жырла, долдан,
 Қызғанбалық, өтсін күн.
 Сенсіз, менсіз, желсіз, жырсыз
 Бұл жалғанның көркі кім [185, 26 б.]?

«Жас теректің жапырағы» өлеңінен жаратылыспен жанын жанастырып тазартқысы келген ақынның пәк табиғатын танимыз. Осы өлеңнің әр жолы ақын жанының нәзіктігін, нұрлылығын танытады.

Ақынның азатшыл сарынды арқау еткен өлеңдерінде ой өлім мен өмір, ақын мен тағдыр арпалысын жырлау арқылы ашылған. Соның бірі «Алшы, тәңірім, алшы, ал!». Бұл өлеңде бір қарағанда жалғыз қалу, жүрекке қан толу, жұлдызы сөну, ерке көңілі мұң құшу, шабытты жыры – зарға айналу сияқты сынық көңілдің торығуы басым секілді. Алайда Мағжанның «Мені де, өлім, әлдиле» өлеңімен сарындас болып келетін мұндай өлеңдерінде ақын қайғы-мұңға батудан гөрі, биік рух күшін танытады. Мұнда болашаққа деген сенім бар. Сондықтан бұл өлеңнің бүкіл болмысында күйректіктің белгісі жоқ.

Берсең ертең жаңа жан,
 Жаралайын жаңадан,
 Жарқырайын жанайын...

Немесе:

Отты жүрек, жаңа жан
Бер, жасаған, жаңадан
Қайта тілге келейін.
Жел боп тынбай гуілдеп,
Ұшырағанға күбірлеп
Әділдік айтып көрейін [185, 26 б.].

«Ойла-ойла...» мен «Қараңғы түн, алдымда тұр шам жанып» деп басталатын өлеңдері де «Алшы, тәңірім, алшы, ал» өлеңімен сарындас.

«Бернияз өмір мен өлім мәселесін үнемі сөз етіп, олар жөнінде өз ойларын жасырмай тереңнен толғап отырумен бірге, кейде тура баспай жұмбақтап кететін мезеттері де ұшырасады» [186, 176 б.], – дейді ғалым Ы. Дүйсенбаев. Мұның себебі қандай, оның астарында не жатқаны қазір бізге белгілі. Өйткені Бернияз – заманың сырын ұққан, уақытпен үндесе білген ақын. Ол – өмірдің аумалы-төкпелі тұсын тап басқан жан.

Жиырмасыншы ғасыр басындағы әдебиетті бірнеше бағытқа бөліп, оларға белгілі бір ақын-жазушыларды жатқызып келеміз. Бір бағытты қазір діни-ағартушы бағыт, келесісін – ағартушы-демократтық, соңғысын ұлт-азатшыл бағыт деп бөліп жүрміз. Қалай болғанда да, бұл бағыттардың өзіндік ерекшелігі бар екені айқын. Соңғы бағыт өкілдері болып табылатын А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаевтардың ізін баса әдебиетке келіп, солардың әдебиеттегі бағытын нық ұстанған және одан айнымаған ақынның бірі – Бернияз Күлеев. Ол ел азаттығын өз шығармашылығына арқау етіп, сол жолдан бір сәт те тайған емес. Ол Мағжанша жырлап, елі үшін Мағжанша егілді. Нәзік те сыршыл сезімді жырлай отыра, оны отты да өршіл сезімге, ерлік күреске нәр етіп, қуат-күш ала білді. Сондықтан да Бернияз шығармашылығын ХХ ғасыр бас кезіндегі азаттықты аңсаған азатшыл поэзияның соңғы жыры еді десек, қателеспейміз.

Б. Күлеев қиын да күрделі кезеңде өмір сүрді. 1917 жылғы екі бірдей төңкеріс тек қана көп ұлтты Ресей империясын отқа шарпыған тарихи оқиғалар болып қойған жоқ, ол шын мәнінде дүние жүзін дүр сілкіндірген оқиғалар болды.

Оның алғашқысы жалпы демократиялық ұрандарды алға тартып, адамдардың құқын қорғайтын, әлеуметтік теңсіздікті жоятын жалпы адами заңдылықтарға негізделген қоғамдық өзгертулерді ұсынса, екіншісі оған қарама-қарсы бағытты ұстанып, таптық, диктатуралық билікті алға тартты. Жалпақ Ресей екіге бөлініп, атыспақ-шабыспақ басталып кетті.

Міне, ақын осы екі жақ боп шарпысқан әр түрлі ағымдар мен қозғалыстардың, түрлі дүниетанымдардың өліспей-беріспей-тін, ымыраға келмес қанды күресі ұлан байтақ қазақ даласын да шарпып, әлі де болашағы бұлдырлау, белгісіздік тұманы жапқан алмағайып заман басталған кезеңдерде ғұмыр кешті. Осы зор көлемдегі оқиғалар мен өзгерістер оның қақ ортасында жүрген озық ойлы, саналы ақынның поэзиясына әсер етпей қалуы мүлде мүмкін емес-тін. Осы тұстағы сан салалы ойлардан, көңілдің мұңды күйінен туған «Бостандық күнінде», «Бұлт», «1917 жылға» атты лирикалық туындылары бұрынғы өлеңдерден мүлде бөлек еді. Бұлардың барлығы бостандық тақырыбына арналған болатын. Осы тақырыпта жазылған «Бұлт» өлеңінде ақын бостандықтан бұрынғы жайттарды сөз етеді. Мұнда Бернияз іштегі қорқынышы мен күдігін білдіріп, болашақты бір үміт, бір қауіппен күткендей болады. Бұл өлеңнің бір ерекшелігі ақын қазақ халқының басындағы ауыр халін, бостандыққа, еркіндікке сусаған халықтың жағдайын тура ашық айтпай, оны пернелеп, астарлап бере білген. Себебі не? Себебі сол, ақын бұл өлеңінде бостандықтың алғашқы лебін жырына арқау еткен. Оның болашағы бұлдырлау, сенімсіздеу. Сондықтан да ақында пернелеу басым.

Б. Күлеевтің «Бостандық күнінде» өлеңіне Абай үлгісін, яғни «Сегіз аяқ» өлеңінің үлгісін алған. Өлеңде ақынның алғашқы бостандық күнінің тууына орай ақжарма қуанышы, асқақ көңілі мен толғанған тебіренісі көрініс тапқан. Өлеңнің асқақ рухы да осында. Ақын бостандық келіп, ел қуанған күнді ерекше бір шабытпен жырлайды:

Жарық күн туды,
Жер жүзін жуды,
Көктен нұрлар төгіліп.
Ежелгі, ескі,
Ортадан кетті

Етек-жеңі сөгіліп.
Міне, хақтың бергені –
Көздің жасын көргені.

Бостандық күні
Шығатын үні
Қалғандарың келіп тұр.
Бұлт бетін ашқан,
Көктен нұр шашқан
Күнді көзім көріп тұр.
Жүрек жұлқып шарқ ұрып,
Шыдатпайды талпынып [185, 76 б.].

Ақын жүрегі қуаныштан осылайша жалын болып шалқиды, құс боп ұшады. Өткен күнге қаны қайнап, жаны аши келіп, қалың жұрты қазағына «Хақтың бергені» құт болуына тілек білдіреді. Б.Күлеевтің бостандық тақырыбындағы өлеңдеріне қарап отырып, ақынның бостандық деп отырғаны таптық түсініктегі бостандық емес, жалпы халыққа, ұлтқа деген бостандықпен ұштасып жатқан түсінік екенін аңғару қиын емес. Өйткені ол – таптың тартып алғаны емес, хақтың бергені. Осындай күрделі де қиын, алмағайып кезеңде өмір сүрген, ұлтжанды азаматтардың тәрбиесін көрген, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов сынды ұлт қамын көксеген азаматтардың теңдікке, азатыққа шақырған шығармаларымен қанаттанған, ұлт қамын ту ғып көтерген ақыннан басқа түсінікті күту мүмкін емес еді. Алаш азаматтарының, «Қазақ» газетінің игі әсері арқылы таза ұлтжандылықты ардақтаған ақыннан тапшылдықты күте қою қиын. Сондықтан да ақын жырын «атам қазақ баласына» арнады:

Аттасаң алға:

«Ондасын Алла», –
Біз де соған деселік.
Жаялық құшақ,
Қолға алып пышақ,
Тұсауыңды кеселік.
Атам қазақ баласы,
Қаз-қаз тұрып қарашы [185, 158 б.]?!

«1917 жылға» деген өлеңінде де ақын осы түсінікті одан әрі өрбіте, тереңдете түседі. Өлең неге бұлай аталған десек, бұл жыл – қазақ үшін ерекше жыл. Қазақ жұрты ғасырдан астам уақыттан соң алғаш бостандықтың тәтті дәмін татты. Өзінің өзгелермен тең екенін сезінді. Ендеше ұлт үшін жан пида деп жүрген Бернияз үшін де бұл жыл ерекше. Сондықтан да:

Ардақты жыл, атақты жыл, қанды жыл,
 Ұмытылмас жыл, өмірі ұзақ мәңгі жыл.
 Теңдік, теңдік – тіршіліктің тұтқасы,
 Бірлік, ерік, бостандықпен атқан гүл [185, 196 б.], –

деп, ақын бұл жылдың қайшылықты да күрделі сипатын, буырқанған замана ағымын, дүлей дауылды құбылысын ашып, «ардақты жыл», «атақты жыл», «қанды жыл» деп мың құбылған бітім-болмысын тап басады, нақты ашады.

...Қара күштің жаман ойын тапқан жыл,
 Кем-кетікті, кеміс күнде баққан жыл.
 Баулы бұлбұл байлауынан босанып,
 Жаңа күннің жарық шамын жаққан жыл...

...Сенде рахат, сенде жеңіс, сенде гүл,
 Әлді-әлсіз айырусыз сенде бір.
 Тарих беті, жұрт аузында ұмытылмас,
 Жылдың жылы, жыл патшасы – сенсің гүл [185, 197 б.]!

Жас ақынның бұл жылдары үлкен ізденіс үстінде болғаны шындық. Орынбордағы оқытушылар семинариясында оқып жүріп, орыстың, батыстың классикалық поэзиясынан көп үйренген-ді. «Жас ақын ел өміріндегі – революцияны құшақ жая қабылдайтынын жасырмайды» [186, 192 б.], – дейді зерттеуші Ы. Дүйсенбаев ақын өмірінің осы кезеңі туралы. Дұрыс та шығар. Төңкерістің болашақ кесепатын дәл сол жылдары кім ұқты дейсің?! Жүректің қан жылайтыны кейінгі жылдар! Оған әлі уақыт бар еді.

Ақынның өнімді де белсенді еңбек еткен жылдарының бірі 1920 жыл екенін жоғарыда айттық. Бұл тұста ақын поэзиясының

көркемдік кестесі әрленіп, өлеңдегі ой өткірлігі, ішкі тебіреніс қуаты арта түскен. Осы жылғы өлеңдерге тән басты бір ерекшелік, ақынның азаматтық үні айқындала түскендей. Неге десеңіз, осы жылдан бастап Бернияздың көп нәрсеге көзі жетпегенімен, көңіл толқынысынан белгі бере бастаған-ды. Сондықтан болу керек өлеңдеріндегі азаматтық тақырып көбірек көзге шалынады. Ақынның «Алға», «Қуларға», «Заман-ай әніне», «Жаз», «Ел ерлеріне», «А, дариға-ай», «Күз», «Ер жігітке», «Кім бар?» лирикалары осы сипатымен құнды. «Ел ерлеріне» деген өлеңінде ақын қазақтың бұрынғы өткен халі, талайсыз тағдырына назар салады. Көңіліне күдік ұялағанда ақындар қашанда өткенге үңілері белгілі. Бұл өлең кезіндегі зерттеулерде тек таптық түсініктен ғана қаралып, талданылып келді. Шындығына келсек, өлең мазмұнына тап теңсіздігі емес, қазақ ұлтының теңсіздігі арқау болған. Отаршылардың халыққа әкелген кесір-кесепаты, жалпы отаршылдықтың ауыр зардаптары өлеңде нақты бейнеленген. Ақын өзі қайырылып отырған ел ерлерінің есіне отаршылдардың зобалаңы мен зұлымдығы, қаныпезер қаталдығы мен озбырлығы бас көтертпеген кезең тарихын салады.

Кім бүлдірді атамекен еліңді?
Кім тілдірді кіндік кескен жеріңді?
Малды адаммен, қанды жанмен төлетіп,
Кім жүндеді тірідей тонап теріңді?

Гүл жайнаған жасыл жібек далаңды,
Алтай, Арқа, Еділ, Жайық – алаңды,
Бір қауызға жинап бәрін қусырып,
Кім жанышты жүректегі жараңды?

Бернияз қазақ поэзиясындағы қалыптасқан дәстүрлі үлгімен сұрақ қоя отырып, өз сұрағына жауапты өзі береді:

Патша, зада, сұлтан, төре, хандардың,
Жан алушы генерал мен жандарм.
Тіске жұмсақ бұқараны жем қылып,
Айдаһардай азу біткен заңдарын...

Өлең соңында ақын отаршылдыққа қарсы күрес жолында жүріп, халқын бостандыққа жеткізер ел ерлеріне деген өз сенімін білдіреді.

Аз шыдасаң, елді жаудан ашарсың,
Жау жүрегін жасқанбастан басарсың.
Біріктіріп бес бөлегін жалғанның,
Мәңгі-бақи елмен еркін жасарсың [185, 91 б.].

Ақынның ауыз әдебиеті үлгілерін, жыраулар дәстүрін жаңғырта отырып жазған, елдікке шақырып, ерлікке үндейтін өлеңдері де бар. Ерлік тақырыбын жырлай отырып, ақын жалпы қазақ ұғымындағы ер жігіт қандай болуы керек, оған қойылар талаптар, ерлігіне сын болар өлшем, шарт қандай деген мәселелерді алға тартады. Бұл тақырыптағы шығармаларға ақынның «Ер жігітке», «Кім бар» өлеңдерін жатқызуға болады. «Ер жігітке» өлеңінде Бернияз поэзиясының жыраулық өнердің ежелгі ерлік дәстүрін мықты ұстанған Махамбет жырларымен үндестігі қатты байқалады. Әсіресе әйгілі «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңінің рухы осы өлеңнің өн бойына өзек болып тартылған. Ер деген ұғымға сай болу үшін ел қорғаны азамат қандай болуы керек. Бернияз түсінігінде бұл былай көрініс табады:

Ер қаруы – бес қаруды басқармай,
Тас төсеніп, темір қазық жастанбай,
Қанын ұрттап, жау жүрегін туралап,
Шаш ал десе, домалатып бас алмай.
Жел жетпесті жорыққа мініп еліртпей,
Көкірегінде қорғасын оқ ерітпей,
Қақпақ жауырын, бұдыр білек, тас жүрек,
Жалғыз сөзбен мың сан жолдас ерітпей.

Жапан түзде жауға жалғыз жолықпай,
Наркескеннен тамған қан жерге сорықпай,
Еркін дала, асқар тау, шалқар көлдерден
Қабат өтіп, жолбарыстай жорытпай [185, 205 б.]...

Өлең жолдарынан Махамбет поэзиясының рухын айқын аңғарып, тап басып танымыз. Әуез, екпін ырғақ өзге болғанымен, өлеңнің ішкі бұлқынысынан танылар асқақ рух көзге ұрып, жан толқытады. Ер ұғымына тән қасиеттерді санамалай келіп, ақын ер жігіттің мақсат-мүддесін, ел алдындағы парызын былайша түйіндейді:

Өшпес ерлік, көрсете алмай жалғанда,
Жан ұшырып қан ұрттамай майданда,
Қой үстіне ұялатпай бозторғай,
Ер жігіт, сен өлгенде де арманда.

Жалпы, осы өлеңнен биік рухтағы ақынның қазақ ұғымындағы ер жігіттің бүкіл болмыс-бітімін, оның азаматтық асқақ арманын, ел парызын ақтауды қалай ұғатынын танып білеміз. Ел ұғымындағы ер жігіттің басты сипаты осы өлеңде нақты берілген. Тек ақын сипаттауындағы осындай жігіт қана еліне азаттық әкеле алатындығына күмәнсіз сенесіз. Осы ой ағыны ақынның келесі өлеңі «Кім барда» да сақталған. Бұл өлеңнен де ақынның асқақ үнін, отты жігерін, өршіл ойын танымыз. Лирикалық қаһарманның әрбір сөзі отты да жігерлі. «Ер жігітке» өлеңіндегі ел қамын жеген ер бейнесі мұнда да елес беріп отырады. Өлеңде жалпы азаттық жырға тән көркемдік теңеулер молынан кездеседі. Ақын лирикалық қаһарманның аузына «арыстанбыз», «аш бөріміз» деген Мағжан теңеулерін салуы арқылы оған жанының жақын екендігін аңғартып қояды. Мұнда жаңа заман қаһарманының іс-әрекеті азатшыл жырға тән тәсілдер арқылы былайша көрініс табады:

Сырылдатып алысқа жақ тартқанда,
Қозы жауырын оқ жоғалар атқанда.
Өткір қылыш, түзу құрыш болаттан,
От жарқылдар жауға жалғыз шапқанда [185, 211 б.].

Жаңа заман ерлері арымыз да, иманымыз да азаттықтың жолында деп біледі. Ақын бұл ерлердің азаттық жолдағы күресін «төбесі қар», «бауыры жібек», «түбі тас» асқар тауларда, мың жасаған түрлі ағаш та, судың сылдыры, жердің гүлі, құстың жыры да, қысқасы, барша жаратылыс құптап, қоштайды деп сенді-

реді және оған өзі де сенеді. Өлең соңында ақын «Кім бар бізбен қан майданда алысар!» деген қайтпас қайсарлыққа, отты жігерге толы өткір сұрақ қояды. Бұл – елін сүйген, ұлтының азаттығы жолында күрескен ерлер үшін олардың жеңер күш жоқ деген сенім.

Ақынның 1921 жылғы өлеңдерінде азаматтық, азаттық сарын сәл босаңсып қалған десе болғандай. Ақын бұл жылы азаматтық тақырыптан аулақтап, жеке басқа қатысты мұңды сарынға мойын ұсынып, өзінің ішкі сезім күйлерін сыртқа шығаратын өмір құбылыстарына көбірек үңіліп, өткен өмірге өкінішпен қарап, болашаққа сенімсіздік танытып, сары уайымға бой алдырғандай болады. Кезінде ақын мұрасына азды-көпті баға бергендер ақынның осы жылдары жазған жырларының барлығы дерлік ой күйрек, сары уайымшыл деп бағалаған болатын. Бірақ олардың көбі ақын жырларының мұндай сипатта болып келуі өмір шындығынан туындайтынына назар аудармады. Бернияз бұл жылдары туған елден алыстап, Қазанға қазақ кітаптарын бастыру жөніндегі өкілі болып барған еді. Ол сол жылдары кеңестік идеологиямен қырғи қабақ ақындар А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың, М. Жұмабаевтың т.б. кітаптарын қайта бастырып шығарды. Бұндай үлкен азаматтық істің айтыс-тартыспен жүзеге асқаны белгілі. Елден жырақ кету де сезімшіл ақынға аз әсер етпесі тағы белгілі. Кешегі бостандыққа жеттік деген ақын сенімінің алдануы, дүниенің басқа арнаға бет бұруы, азамат соғысынан кейінгі елде жүріп жатқан әр түрлі әлеуметтік, қоғамдық-саяси шаралар ұлт қамын ойлаған азамат ақынның күйіне әсер еткені анық. Уақыт уытын аңғара бастаған ақын нық сеніммен бет алған бағдаршамын жоғалтқандай күй кешті. Өмір көшінде бағытсыз, бағдарсыз қалғандай болды. Сәулелі үміт сөнді, асқақ арман орындалмады. Сонымен бірге сол жылдары Қазанда танысқан Зейнеп Ахмеровамен арадағы махаббаттан туындаған драмалық жағдай да көп нәрсені шешіп кетіп еді. Міне, осының барлығы жаны нәзік, әсершіл, сезімтал ақын көңілі түбіндегі көп күдікті сыртқа шығарып, көңілінің күйін шертетін мұңлы жырлар туғызуға итермеледі.

Ақын өмірінің соңғы мерзімдерінде, яғни 1922 жылы және өмірінің соңғы айы 1923 жылдың қаңтарының ішінде он шақты өлең жазған. Өлеңдерінің көпшілігі өлім тақырыбына бағышталған. Ақын өмірінің соңғы сәттері жақындап қалғанын сезген болуы керек. Өйткені өз тағдыры өзіне белгілі

емес пе?! Ақынның бұл тақырыптағы өлеңдері: «Өмір – құрдым, өмір – өзен, жағалап», «Ал, жүрегім, өлейін», «Мен есіткен көп адам». Осының ішіндегі «Ал, жүрегім, өлейін» өлеңін ақын өмірмен қоштасар алдында жазған болуы керек. Ы. Дүйсенбаевтың айтуы бойынша өлеңінің жазылу мерзімін 1923 жылғы 21 қаңтар кешкі сағат 5 деп көрсетіпті. Арманда кеткен ақын ғұмырының қорытындысы іспетті бұл өлеңінде:

Ал, жүрегім, өлейін,
Дегеніңе көнейін.
Аз күн тұрған жалғанға,
Келіп едім демейін.
Өлер жерің, осы деп,
Дәл жүректің тұсы деп,
Қорғасын оқ өткізіп,
Өз қаныма өзімді,
Қарық қып мәңгі көмейін [185, 227 б.], –

деп ақтық сөзін айтыпты.

Бар болғаны 24 жас өмір сүріп, аққан жұлдыздай ағып өткен ақын қысқа ғана шығармашылық ғұмырында аз жасаса да саз жазып, соңына мәңгі өлмес, ұрпағына рухани азық болар мол мұра қалдырып, азаттық идеяны асқақтатып, ертеңгі келер тәуелсіздікті ұрпағына бағдаршам етіп кетті.

XX ғасырдың басындағы азатшыл әдебиет өкілдерінің сол кезеңдегі өзге ақын-жазушылардан басты айырмашылығы олардағы ұлт-азаттық идеяның шығарма болмысындағы айқындығы болып табылады. Олар көбіне өз ойларын ашық та еркін жеткізуге тырысты. Осы ұстанымның негізінде ғалым А. Шәріп тұжырымдағандай: «...жаңа сападағы қайраткер тұлғасы туып, танылды» [46, 191 б.]. Олар әдебиетті мүлде жаңа сапаға көтерді. Бұрынғы «құрғақ ойбайдың» орнын күреске ұмтылдыра жігерлі жыр басты. Өйткені Ахметтер: «Тірі көмбей бойынды, Жүрегіңнің жарасын, Көрсет жұртқа қарасын» [162, 24 б.] дегенді бұлталақтамай ашық айтты. Бұл арылу мен тазарудың басы болатын. Әдебиет ақ сөйлеуге көшті. Ұлт мұраты мен мүддесіне қиғаштың бәрінен алшақтап, ұлт-азаттығын алдыңғы қатарға шығарды. Ол әдебиетте бейнелі көрініс тапты.

ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ИДЕЯ – ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ КӨЛЕМДІ КӨРКЕМ ТУЫНДЫЛАР АРҚАУЫ

XIX ғасырдағы Дулат, Абай ізімен ХХ ғасырдың басында қазақ ұлтының болмысын көлемді көркем шығармалар арқылы суреттеуді мақсат тұтқан Шәкәрімнің, Міржақыптың, Сұлтанмахмұттың, Мағжанның т.б. ұмтылыстары өз нәтижесін бермей қалған жоқ. Қазақ әдебиеті қанатын кеңге жая бастады. Соның нақты куәсіндей роман жанры дүниеге келді. Поэзиядағы эпикалық жанр – поэма қилы тақырыптарға құлаш сермеді.

Қазақ қаламгерлері ұлтымыздың басындағы қасіретті жағдайларды шығармаларына басты тақырып етіп алып, оларды мейлінше терең ашып көрсетуге тырысты. Шағын өлеңнен гөрі көлемді шығармада сол тұстағы «дертті мәселелерді» кең тыныспен жазуға болатындығына сенім молайды. Қазақтың зиялы қауымын толғандырған білім, ғылым, өнер, өркениет мәселелері, отаршылдық еріксіз ермек еткізген партиягершілік, өз індетіміз әлеуметтік теңсіздік, өзге жұрттан кейін қалған қараңғылық жас әдебиетіміздің алғашқы көлемді көркем туындыларынан кеңінен көрініс тапты. Мұнда, әсіресе, сол бір тұстағы ең өзекті мәселе ретінде әлеуметтік теңсіздіктің нақты белгісіндей әйел теңсіздігін өзек еткен шығармалар көзге ерекше шалынады.

Әрине, ХХ ғасыр басындағы көлемді көркем шығармалар тек бір тақырыптың аймағында қалып қойған деп қарауға болмайды. Авторлар шығармаларында, жанрдың жүгіне сай қазақ қоғамының өздері суреттеп отырған кезеңдегі тыныс-тіршілігін, салт-дәстүрін, ұғым-танымын, жаңа заман көшіне ілесе алмай жатқан ескі әдет-ғұрыптың кесір-кесепатын кеңінен ашуға ұмтылды. Сөйтіп, өзі өмір сүрген дәуірдегі өмір шындығын реалистік түрде көркемдік шындықпен ұштастыра алды.

Әрине, XX ғасырдың басында жазылған шығармалардың көркемдік деңгейлері әрқелкі екені белгілі. Ақынның не жазушының білімі мен біліктілігіне, таным өрісіне, шығармашылық шеберлігіне сай түрлі деңгейде жазылуы заңды да. Өйткені ол кездегі әдебиетіміз әлі де болса үйрену, қалыптасу сатысында еді.

Жалпы алғанда, XX ғасыр басында әдеби ізденістердің бір көрінісі осы жанрлық тұрғыдан баю болып табылады. Әсіресе проза жанрының дамуы айрықша көзге шалынады. Алғашқы қадамдар, жаңа талпыныстар кейінгі ұлы үрдісті дамуға алып келді.

4.1. Алғашқы қазақ романдарындағы азаттыққа ұмтылған күрескер тұлғалардың бейнеленуі

XX ғасыр басындағы қазақ прозасында көлемді көркем шығармалардың уақыт тезіне өткен басты жетістігі – роман жанрының алғашқы қарлығаштары болуымен бірге, замана шындығын ашып көрсетуде ілкі қадам жасап, прогресшіл ой-пікірді дәл уақытында айта біліп, ұлттық сөз өнерінің қажетіне жарап, кейінгі өскелең прозамыздың дамуына игі әсерін тигізуінде.

Міржақып Дулатов жазған қазақ әдебиетіндегі алғашқы роман – «Бақытсыз Жамал» 1910 жылы дүниеге келді. Оған қанаттаса өздері роман деп атаған Т. Жомартбаевтың «Қыз көрелік» (1912), М. Кәшімовтің «Мұңлы Мәриям» атты ұзақ әңгімелері, С. Көбеевтің «Қалың мал» (1913), С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» (1914) романдары жарыққа шықты. Бұл XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі роман жанрының тууы мен ол жолдағы көркемдік ізденістер көрінісі еді. Бұлардың ішінде осы кезең прозасын жан-жақты зерттеген әдебиеттанушы ғалым З.Бисенғалидың тұжырымынша, «Бақытсыз Жамал», «Қалың мал», «Қамар сұлу» сияқты романдар – жас прозамыздың даму деңгейін белгілейтін, көркемдік деңгейі жанр талабына жауап беруге біршама жарарлық шығармалар» [187, 12 б.].

Бұл туындылардың басты кейіпкерлері: Жамал, Ғайша, Қамар бейнелері – сол тұстағы қазақ қыздарының іс-әрекетін, мінез-құлқын, толымды бейнесін тануға мүмкіндік беретін типтік образдар.

М. Дулатовтың сан қырлы саңлақ дарын екенін жоғарыда атап өттік. Ол – тек поэзияда ғана емес, шығармашылық еңбектің қай саласында болмасын өзіндік із қалдырған жан.

М. Дулатов шығармашылығының ең бір биік белесі – прозадағы шоқтығы биік жанр – роман жазуы. ХІХ ғасырдың екінші жартысында Ы. Алтынсарин қаламынан туған жазба әдебиеттегі алғашқы шағын прозалық туындылар ХХ ғасырдың басында қазақ әдебиетінде өркен жайып, дами бастады. Ал осы саладағы көлемді туынды алғаш Міржақыптың қарымды қаламынан қанат қақты. Ол 1910 жыл Қазанда басылып шыққан «Бақытсыз Жамал» романы еді. Өз кезегінде Міржақып замандастары-зиялылар, ақын-жазушылар, сыншылар А. Байтұрсынов, Ө. Бөкейханов, К. Кемеңгеров, С. Сәдуақасов романды әрқилы бағалағанымен, оның қазақ прозасындағы көлемді шығарма ретіндегі тұңғыштығына, ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасының табысы болып саналатындығына еш шек келтірмеген. Ендеше «Бақытсыз Жамал» – бүгінгі күнде қазақ әдебиетінде жетекші жанрға айналған роман жанрына тұңғыш түрен салған шығарма.

А. Байтұрсынов 1914 жылы «Арысұлы» деген бүркеншік есіммен жазған «Роман не нәрсе» деген мақаласында Міржақыптың «Бақытсыз Жамалы» туралы «Қазақта бұрын роман жоқ еді. Біздің арамызда қазақша бірінші роман жазып шығарған Міржақып Дулатов болды. Оның «Бақытсыз Жамал» деген романы 1910 жылы басылып жарыққа шықты...» [188] – десе, С. Сәдуақасов: «Қазақ тіліндегі бірінші роман 1909 жылы» Бақытсыз Жамал деген атпен шықты. Ол оқырмандар арасында үлкен табысқа ие болып, авторын зор даңққа бөледі» [189, 344 б.], – деп, романға замананың көкейкесті мәселесі арқау болып, өз кезеңіндегі ірі шығарманың бірі болғандығын атап өтеді.

Ал көрнекті сыншы Қошке Кемеңгеров романның жұртшылыққа кең тарағандығын айта келіп: «Міржақыптың «Бақытсыз Жамалы» «Бедная Лиза» сияқты болған» [190, 58 б.], – деген қорытынды жасайды. Кезінде қазақ оқығандары мен қарапайым оқырмандарының жылы қабылдауына ие болған туынды қазақ прозасының дамуындағы үлкен белес болып табылады. 1914 жылдары бұл шығарманың жанрын роман деп айқындаған Ахан, 1926 жылы шыққан «Әдебиет танытқышта» басқаша пікір айтқан. «Ұлы әңгіме түрде қазақ тілінде басылған шығарма әзірше жоқ. Міржақыптың «Бақытсыз Жамалына» роман, ұлы әңгіме деп ат қойылса да, өресі мен өрісі шағын болғандықтан, ол ұлы емес, ұзақ әңгімеге (повесть. – Ө.Ө.) жақын» [191, 93 б.], –

деп баға берді. Дегенмен М. Дулатовтың бұл шығармасы өзінің олқылығымен де, өзгелерден озық тұрған жетістігімен де қазақ прозасындағы алғашқы роман ретінде бағаланары сөзсіз.

Романның олеңмен жазылған сөз басында:

Жамалдың жайын жаздық бұл кітапта,
Бақытсыз бір қыз екен осы шақта.
Біреуге хас нәрсе емес хәм болған іс,
Жайылған бұл бір ғұрып хәр қазақта.
Айырсын оқушылар мағынасын,
Жай ғана хикая деп қарамасын.
Көрген кім шарифаттан деген сөзді:
«Қор етіп әйел халқын аямасын» [167, 65 б.] –

деген жолдардан автордың көздеген мақсаты аңғарылады.

Міржақып шығармашылығын зерттеуші ғалым М. Әбсеметовтің деректері бойынша, романға негізінен Көкшетау даласында болған оқиға өзек болған. «1908 жылы Міржақып ізіне түскен патша тыңшыларынан бой тасалау үшін, Торғайды тастап, Көкшетауға келеді. Көкшетауда Саумалкөл деген жерде ауыл мектебінде мұғалім болып істеп жүргенінде, ол Жамал атты қазақ қызының тауқыметті тағдырына куә болады. «Бақытсыз Жамал» романындағы сол аяулы бейне осылайша шындық өмірден алынған еді. Роман оқиғасы қазіргі Көкшетау облысындағы Айыртау ауданында орналасқан Саумалкөл – Сұлукөл төңірегінде өтеді. Бұл – табиғаты тамылжыған, алабын ақ қайың көмкерген, айнадай жарқыраған көлдері көз тұндырған қазақ даласының бір күйқалы да көрікті жері. Романның бас кейіпкері дәл осы маңайда дүниеге келген. Жамалдың руы – Атығай, Ғалидың руы – Керей. Ақмола уезі, Ақкөл болысында туып-өскен, Жұманның руы – Қарауыл, қазіргі Көкшетау облысы, Арықбұлақ ауданы, Ақанборлық деген жерден» [192, 215 б.].

1909 жылы М. Дулатов Қызылжарға келіп, Жұмағали Тілеулиннің үйіне паналайды. Кейіннен Сасықкөлде Мағжан Жұмабаевқа орыс тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Жазып жүрген «Бақытсыз Жамал» романының нүктесін сол жерде қояды. 1910 жылы Қазанда басылған роман шығысымен-ақ елге тез таралып кетеді [192, 218 б.].

М. Дулатов роман желісіне қазақ өміріндегі ең бір әлеуметтік мәні зор мәселе – әйел теңсіздігін арқау еткен. XX ғасыр басындағы қазақ қыздарының теңдікке ұмтылуының әдебиетіміздегі маңдай алды тақырып болып табылуы тек қана әйел тағдыры емес, рухани теңдікке, бостандыққа ұмтылған қазақ ұлтының күрескерлік болмысын танытумен тығыз байланысты.

Сондықтан да қазақтың алғашқы романында Жамал тағдыры жалаң алынбай, қазақ өмірінің сан қыры әлеуметтік мәселелерімен көмкеріле, сабақтастырыла суреттелген. Осыдан келіп романда өз тұсындағы реалистік өмір шындығы молынан көрініс тапқан.

Романның бас кейіпкері – Жамал. Оның айналасын қоршаған қосалқы кейіпкерлер әкесі – жуас Сәрсенбай, шешесі – нәзік жанды, ақылды Шолпан, айттырған күйеуі – «таз Жұман», дала шонжары – қатігез Байжан, сүйген жігіті – Ғали.

Романдағы Жамал мен Ғали – екеуі де елге сүйкімді, бір-бірін тең тұтып, сүйіп қосылмақ болған жандар. Жамалды алып қашқан Ғали қаладағы саудагер татар қайырымды Патухулланы паналайды. Сенгенінен сенімді тірек көре алмай Ғали Жамалмен алыстағы нағашысына кетеді, сонда кенеттен ауырып өледі. Ғашығын жоғалтқан, панасыз қалған Жамал айналып келіп, айттырған күйеуінің азабына түседі. Мың сан азап тартып, еріксіз қосылған күйеуінен тепкі көрген Жамал берік шешімге келіп, қыстың боранды күнінде қашып шығады. Езгіде өткен өмірден гөрі не еркіндікке жетуді, не өлімді жөн көреді. Қалың боранда адасып, қарлы далада үсіп өледі. Романға арқау болған оқиға сюжеті осындай.

Өмір-тағдыры романға арқау болған Жамал – көптің бірі емес, қазақ қыздарының басындағы қайғылы халін ұғына білген, өз тағдырына араша түсуге дайындығы мол, санасы жетілген қазақ қызы. XX ғасыр басында шанда болса да мұндай сауатты қыздардың ел ішінде болғандығы өмір шындығы. Әке-шешесінің көзінің ағы мен қарасындай жалғыз қыз жасынан еркіндіктің дәмін татып өскен. Оның кейінгі өз бостандығы жолында күреске ұмтылуының және оған батылының баруының бір сыры осында жатыр. Мәселе – кейіпкердің сауаттылығында ғана емес, автордың кейіпкер табиғатына еркіндік рухын тәрбие негізі арқылы құюында. Теңдікке деген жүректегі бұлқыныс қыз санасының

бірте-бірте өсуімен жетіле түседі. Автор бұл өзгеріс, өсулерді Жамалдың ішкі жан-дүниесін, мінез-құлқын ашатын психологиялық иірімдер арқылы емес, жанама мінездеулер арқылы беріп отырады. Жамалдың зейінділігі, тез хат тануы, оқымаған кітабы қалмауы, өлең жазуға талаптануы кейде автор арқылы, кейде сырт адамдардың сөздері арқылы айтылып та, аталып отырады. Яғни оқырман Жамалды үнемі өсу үстінде көреді.

XX ғасыр басындағы алғашқы роман болғандықтан мұндай жанама мінездеу арқылы кейіпкер портретін сомдау өзін-өзі ақтауға тиіс. Біздің бұдан кейінгі прозалық шығармаларымызда да бұл әдіс өз өрісін тапқан жоқ па?! Мәселен, Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі» ұзақ әңгімесі мен С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» романдарындағы портреттер осы тәсілдер арқылы жасалғаны белгілі. «Шұғаның белгісі» повесіндегі әңгімешінің ә, дегенде-ақ «...Ой, шіркін, өзі де Шұға десе Шұға еді-ау!» [193, 47 б.] деген бір ауыз сөзі оқырманды Шұғаға ынтықтырып-ақ қоймай ма?!

Романда Жамалдың ішкі жан-дүниесін, сезім толғаныстарын бейнелеуге деген автор ұмтылысы да байқалады. «Жамал қанша ішінен қапаланса да, басқа бір кісіге айтуының ебін таба алмай, – бір күні қолына қағаз бен қарындаш алып, «тым болмаса көңілімдегі қасіреттің оннан бір бөлігі шықпас па екен», – деп, өз басындағы халіне бір азырақ өлең жазып еді» [194, 138 б.].

Әрине, мұндай суреттеулер романда сирек кездеседі. Бірақ прозамыздың алғашқыларының бірі саналатын ілкі дүние үшін бұл қанша дегенмен кешірімді. Шығыстық туындылар мен қазақ ауыз әдебиетінің озық үлгілерінің дәстүрінде тәрбиеленген оқырман үшін осылай жазылуы сәтті де шығар. Автор көбіне бас кейіпкер жан дүниесін оның өлеңдерінде өрілген ой-сезімдер арқылы ашуға күш салған. Сондықтан да жалаң баяндаулар көбіне Жамалдың өлеңі арқылы көмкеріліп, тігісі білінбей кетеді. Бастапқы кезде роман құрылымына жуыспайтын әңгімелер мен оқиға өтер тұсқа дейінгі жағдайларды ұзақ сонар баяндауға ұрынған автор, уақиғаның шиеленісер тұсынан бастап ширап сала береді.

Жамал мен Ғали кездескен сәттен әрі қарай бастап шығарма оқырманды өзіне ерекше тартып алады. Кейіпкерлердің сырласу сәттерін, бір-біріне берік сенісіп, өздерінің бақыты үшін күреске

бел байлап жолға шыққан тұстарын автор жылы сезіммен тебіренге жазады.

Ғалидың кенеттен ауруынан бастап, ғашығынан айрыларын сезінген Жамалдың көңіл күйі мен ішкі жан-дүниесін ашуға жаралы жанның жүрегіндегі толқыныс пен тебіреністі суреттеу арқылы жеткізуге ұмтылады. «Жамалдың көзінен қанды жастар төгіліп, ас ішпей, кірпік қақпай зор қасіретке кірісті. Бір минут Ғалидың қасынан кетпей, жаман ауырды деген жерлерін сипап, мөлдіреген көздерін Ғалидан алмай қарап отыратын болды», – деп, қасіретті жанның естен кетпес портретін жасаса, Ғали қазасынан кейінгі Жамалдың алай-түлей ішкі сезімін, жан толқынысын қабір басындағы сөзі арқылы төгілтеді. «Қып-қызыл шоқтың ішіне тастап, алыс-алыс сапарға жөнелдің, өзің үшін қайырлы болсын! Мен сорлың кеудемде шыбын жаным барда ұмытпаспын. Дүниеде патшаның баласы болса да саған теңгермеспін. Қош, жаным! Ғали! Бір мен үшін мейірбан ата-ананды да көре алмай, қолдарынан топырақ салғыза алмай кеттің, кеш, жаным! Алла тағала ақиретте қосылуға несіп тілесін, сол уақытта ғана көрген қасіретім бір сағаттай болмай ұмытылар. Мен сорлың опасыз дүниеде қонақтай алмай адасып қалдым, қош, жаным...»

Тағдырдың тақсіретін тартқан Жамал мен дүлей боранды астастыра беруде қазақ прозасындағы ішкі сезім мен сыртқы табиғат құбылысын символдық бірлікте алып суреттеудің алғашқы ұшқыны байқалады. Бұдан кейінгі шығармалардағы қазақ қыздары тағдырына мойынсұнған немесе қатал заманның қысымына шыдай алмай мерт болған, болмаса өмір шындығына сай келмес ойдан жасалған жандар болса, алғашқы романдағы Жамалдың тағдырға қарсы жүзуі психологиялық тұрғыдан дәлелді. Қазақ қызына тән қайсарлықпен өз бақыты үшін күресе білген, бірақ бақытқа жете алмай мерт болған Жамал образы – шындықтан шындалған тұлға.

Жамал табиғатына тән қайсарлық пен күрескерлікті автор ұтымды детальдар арқылы сәтті тауып, орынды қолдана білген. Жамал қиындықтан қаймығатын, өлімнен қорқатын жан емес. Жазушы бұны алғашында оның сүйгені Ғалиға жазған бір хатынан байқатады. «Бір алла жалғыз өзі болсын айғақ // Тұралық уағданы бекем байлап // Сен үшін бір басымды еттім құрбан // Шынжырлап жіберсе де Сібірге айдап!»

Жұмандай таз күйеуінің тәлкегіне шыдамаған Жамал, боранды түнде қашып шығардың алдында Жұманға: «Мені өлтіретін болсаң біржола өлтір, әйтпесе өзі күйіп жүрген жанымды күйдірме», – деп, ашық айқасқа шақырады. Ызаға булыққан Жұман талдырып жыққан соң, есін жинай салысымен: «...Бүйтіп тіршілік қыла алмайды екенмін, мұнан да бұл иттің қолынан өлгенше, басқа жаққа кетіп өлейін» деген берік байламға келеді. Характер сомдаудағы Міржақып қолданған осындай сәтті штрихтар сөз жоқ жазушы табысына саналуға тиіс. Жалғыз бұл емес, жалпы, М. Дулатовтың қаламына тән қасиет – халық өмірін, қазақ әйелдерінің ауыр тұрмысын көркемдік шындықпен суреттеу. XX ғасырдың басында Міржақып Дулатов романының ізін ала, Міржақып көтерген тақырыпқа жазылған көлемді шығармалардың бірінен кейін бірінің шығуы, жазушының өз кезеңіндегі тамаша табысының куәсі болса керек.

Тағдырға қасқайып қарсы тұрған, қасқыр мінез адамдардың озбырлығына илікпеген Жамал тылсым табиғаттың дүлей күшінен де қаймықпайды. «Бара-бара боран әбден күшейіп, алдыартын орап алды. Қорқыныштың не екенін хәм жан-тән рақатын ұмытқан Жамалдың ойында Ғали ғана болып келе жатқан уақытта аты бір жерге келіп тұрып қалды».

Автор боран мен Жамал арпалысында символдық тәсілді қолданған. Жамалдың бостандыққа ұмтылған жолын қиып, адастырып өлімнің суық құшағына жетелеген ызғарлы боран – түнек заманның бүкіл кертартпа кесірлерінің жиынтығы. Ары таза, жаны таза, нәзік қыздың жан-жағынан қысқан алапат дүлей күштің қыспағында мерт болмауы мүмкін емес еді. Шығармада шымырлаған шындықтың барлығы да, авторлық шешімнің табиғилығы да осында жатса керек.

Міржақып алғаш қадам жасаған бұл тәсіл кейінгі қазақ прозасында биік көркемдік деңгейге көтерілді. М. Әуезовтің «Қорғансыздың күніндегі» Ғазиза тағдырының боранмен астауы, Ж. Аймауытовтың «Ақ білегіндегі» Ақбілектің түн қорқынышымен арпалысының бастау бұлағы осы «Бақытсыз Жамалдан» тартылады.

Шағын көлемді романда сол тұстағы қазақ өмірінің айнасы дерліктей мазмұн бар. Романды оқи отыра, қазақ даласындағы қоғамдық-әлеуметтік өмірмен, ұлтымыздың сол замандағы ты-

ныс-тіршілігімен жүздесіп, замана қойнауына еркін бойлаймыз. Дала саясатының тізгін ұстары, айлакер, қажет жерінде қатыгездік пен жауыздықтан бойын аулақ салмайтын Байжан мен осы даланың жауқазын нәзік өскіндері Ғали, Жамал арасындағы тартыс кімді болса да селт еткізбей қоймайды. Жауыздық пен адалдық, соқыр сенім мен өміртаным тартысы – қандай шығармаға болса да негізгі арқау. Ол қалай берілген – өмір шындығы мен көркемдік шындық шынайы шешімін тапқан ба? Міне, жазушы шеберлігі, ең алдымен, осы арқылы айқындалады. Бұл тұрғыдан Байжан болыс – ескінің етегінде шырмалып қалмаған, жаңаны бойына жұқтыра отырып, оны өзінің арам пиғылының мүлт кетпес қаруына айналдыра білетін, жаңа заманның озбырлық күшінің қазақ прозасындағы нанымды сомдалған соны образы. Тұңғыш романының өзінен Міржақып қазақ прозасында бұрын болмаған, соңын ала шыққан алғашқы романдардың көбінде жоқ тың бейнені тұлғаландырған. Айлалы дала көкжалының өктемдігіне қарсылық көрсетем деп бақытсыз атанған Жамал жаңа заманның жаңа лебінің қарлығашы, көрікті әрі білікті, ақылдығына ақындығы сай білімді қыз ретінде бейнеленген. Жазушы Жамал арқылы өмір көші өзгертпей тұрмас шындықты ашып, жаны оянуға құштар, санасы оянған қазақ қыздарының типтік бейнесін жасауға талпынған. Өйткені Міржақыптың романға жазған алғы сөзіндегі ойлары Жамал тағдыры қазақ қыздарының барлығына ортақ жағдайдың жиынтық көрінісі еді дегенді меңзейді.

Романдағы аз көрінсе де, есте ұзақ сақталатын Ғали – оянған қызға серік болар жігітті арман етіп, нағыз азаматты бейнелемек болған Міржақыптың тілегінен туған сүйкімді образ. Ғалидың өз бақыты жолындағы күресте биіктен көріне алмауы да жазушының оны сүйкімді ете отыра, сенім арта алмағандығында. Бұл да өмір шындығынан алыс емес! Өйткені жазушы прототипті өз ортасынан алды емес пе? Екі ғашықтың іс-әрекетіндегі шешуші қадамды жасап жүрген Ғали болса да, қайсарлық безбені көбіне Жамал жағына ауып отыруының себеп-салдары осында. Ғали әрекеті бас сауғалаудан ары аспайды, ал Жамал бойынан енді-енді пісіп, жетіліп келе жатқан күрескерлік нышандары көзге түседі. Махаббаты үшін не сұмдық көрсе де төзуге әзір, жанына нұрлы бақыттың ұшқынын сепкен Ғалиын ұмыта алмайтын Жамалдың қарлы боранда қашып шығып, белгісіздікке бет түзеуі де – осы-

ның белгісі. Қорлықтан азапты өлімді артық көрген әйел шешімі бас азаттығы үшін күрескерлікке шақырған өзгеше үн еді.

Жамалдың жансыз денесін тауып алған жолаушылар оның қалтасынан шыққан бір жапырақ қағаздағы мына жолдарды оқиды:

Арасында екі оттың,
Мені алла қор еттің.
Ғарыптың көңілін мұнайтып,
Дұшпанды шат, зор еттің.

Я өкініш! Өкінішті өмірдің лағынеті! Бірақ Жамалдың өз бақыты жолындағы күресте қаза табуы кейінгі оқырман сіңділерін ойландырмай қоймасына кім кепіл. Ендеше ол – ерлік рухын сеуіп кеткен шейіт жан. Сол себептен XX ғасыр басында қазақ әдебиетін алғаш зерттеуші Сәбит Мұқанов «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деп аталатын еңбегінде: «Бұл роман бірінші жақтан әйел бостандығын жырласа, екінші жақтан ескі дін, ескі салт, ескі әдетке қарсы шыққан роман. Бұл – қазақтың жаңа байларының жаңашылдық сойылын соғып шыққан роман.

Сондықтан роман қазақ арасында көп тарап, елдің жаңашылдардың аузында аяттай жатталып жүрді. Жамал болғысы келген, Жамалға ұқсағысы келген талай ауылдың қызын көзіміз көрді. Ғали ауыл жігітіне үлкен үлгі бола алған жоқ, Жамал ауыл қызына үлкен үлгі болды.

«Бақытсыз Жамалға» еліктеп «Мұңлы Мариям» (Сәлім Кәшімұлынікі) сияқты романдар шықты. «Бақытсыз Жамал» соңғы кезге дейін көп жазушының темасына үлгі болды» [102, 25 б.], – деп жазды. 1932 жылы жарық көрген бұл еңбекте дәуір талабына сай жазылып, артық-кем айтқан тұстары кездесетінін жоққа шығара алмаймыз. Дегенмен дәлелді пікірлерін пайдаланғанның еш айыбы болмаса керек-ті. Кеңестік дәуірдің алғашқы кезінде жазылған еңбектегі «Бұл – қазақтың жаңа байларының жаңашылдық сойылын соғып шыққан роман» деген жолдарды шам көрсек, алпысыншы жылдары жарық көрген еңбектердегі одан да сорақы пікірлерді қайда қоямыз. Зерттеуші ғалым Әнуэр Дербісәлин «Қазақтың октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті» атты еңбегінде (Алматы, 1966) екі шығармадағы («Қамар сұлу»,

«Бақытсыз Жамал»), басты кейіпкерлердің (Қамар мен Жамал) өліміндегі авторлық шешімдерге әр түрлі баға береді [195].

Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романының ең басты жетістігі Жамал бейнесінің толыққанды жасалуы дер едік. Оның рухани биіктігі, бойындағы ерлік рухының ұшқыны қазақтың дәстүрлі әдебиетіндегі қаһарман қыздарының бейнесінен нәр алған. Әрісі Ақжүніс, берісі Еңліктен өрілген өнеге жаңа заман кейіпкерінің бойына сіңісті түрде кіріктірілген. Сондықтан да жаңа заманның жаңа кейіпкерін оқырман жатсынбай қабылдады.

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде роман жанрына қалам сілтеген жазушылар шығармашылығына осы «Бақытсыз Жамалға» тән жетістіктер мен кемшіліктер ортақ. Бұл олардың авторларының көздеген мақсаттары, ұстанған бағыттары, стильдік әдіс-тәсілдерінің ұқсастығынан өріс алып жатады. Бір атап өтетін жайт, кейінгі шығармаларда кейбір көркемдік жетістіктерге қол жеткізілгенмен басты тұлғалардың бейнелері солғындау шығып, Жамалдай қайсарлық көзге түсе қоймайды. Кейбір шығармаларда («Қалың мал») өмір шындығынан алшақтық, екі жасты бақыт құшағына орау мақсатындағы дәлелсіз схематизм бой көрсетті.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан Сұлтанмахмұт Торайғыров – кемел өнерпаздық болмысымен қазақ әдебиетіндегі өзіндік орнын тек лирик ақын ретінде ғана емес, туған әдебиетін кең көлемді, күрделі жанрдағы туындылармен байыту арқылы да ала білген дарын иесі. Оның іргелі жанрдағы алғашқы туындысы – 1914 жылы жазылған «Қамар сұлу» романы. Жалпы, Сұлтанмахмұт шығармашылығының басты арқауы, үзілмес желісі әлеуметтік теңсіздік, әлеуметтік өмір шындығы дейтін болсақ, соның нақты көрінісі осы «Қамар сұлу» романы болып табылады.

«Қамар сұлу» – реалистік шығарма. Романда XX ғасырдың басындағы қазақ ұлтының әлеуметтік өмірі, тыныс-тіршілігі нақты көрініс тапқан. Өмірдегі қарама-қайшылық өмір ағысына тосқауыл болуға ұмтылған, өткен өмірдің кертартпа салт-санасын ұстанған ескілік пен ертеңінің өзгерісіне сенген жаңаның тартысы арқылы көрсетіледі. Шығарманың негізгі тақырыбы әйел теңсізді-

гі болғанымен, ол қоғамдағы жалпы әлеуметтік теңсіздік қайшылықтарын ашуға апарар жол ғана. Қайғылы халге ұшыраған екі жастың гүл ашпай жатып солған жауқазын махаббаты – қараңғылық пен надандыққа қарсы күрестің жаңа өскіні, жаңа күші. Бір-біріне қарама-қарсы екі топ, өмірге, қоғамға, адамға деген екі түрлі көзқарас арқылы айқындалады. Бірінші топ өкілдері романда Оспан, Қалтан, Нұрым, Әбділдә ишан арқылы бейнеленсе, екінші топ жас ұрпақ Ахмет, Қамар, Қасендер арқылы көрсетіледі. Алғашқы ұрпақ өкілдерінің негізгі ерекшелігін автор ескілікті салттың етегіне жабысып, соны негізгі құралы етіп, алдау, арбау, айла тәсілдері арқылы көрсететін тоғышарлық, қанаушылық мінез-құлқында деп таниды. Ал жаңа өскін ұрпақтың өкілдерінің бойынан жазушы өз заманының саналы да жаңаға жаны құмар жастарын көреді. Олардың жаңаша көзқарасы мен таным-түйсігін сезінеді. Сұлтанмахмұт бұл ұнамды кейіпкерлерінің әділдік жолындағы, махаббат бостандығы жолындағы күрестерін сүйсіне суреттейді.

Романның негізгі кейіпкері – Қамар. Осынау өзінің адамдық құқын, жасқа тән махаббат еркіндігін қорғауға ұмтылған қайсар қыздың төңірегіне заман туғызған ұнамды образдар жиынтығы топтасқан. Қазақ қоғамдық өмірін кеңінен суреттеуге тырысқан автор ізденісіне орай, бұларды қоғамдық ортадан ойып алынған типтік бейнелер деп айтуға әбден болады.

Қамар – романдағы бүкіл оқиғаның желісін ұстап тұрған негізгі тұлға. Ақын өз тұсында қазақ қоғамында орын алып отырған түрлі қайшылықтар мен алға дамуды тежеп отырған кертартпалықты осы кейіпкердің көзімен көріп, соның түсінік ұғымы арқылы білдіреді. Қамар – әрекетшіл бейне. Өз бақыты жолында ол әлсіздеу болса да өмірінің соңына дейін күресіп, қарсылық жасауға әрекеттенеді.

«Қамар сұлу» романының құрылымдық желісі де шымыр шыққан. Таңдаған тақырыбына орай автор шығарманың құрылымдық жүйесін оңтайлы да шебер құрып, тартымды өрбіте алған. Шығармадағы оқиға желісі бірінен-бірі туындап, бір-бірімен тығыз байланыста өріледі. Бұлардың оқырманды қызықтырып, тартып алып кетуі соншалықты оқиға өмірдің өзінен туғандай әсер береді. Роман Қамар мен Ахметтің хат жазысуынан

бастап дамып, Қамарды Нұрымның айттыруынан бастап шиеленіседі. Оқиға өз арын аяққа таптатқызғысы келмеген ару қыздың мерт болуымен аяқталады.

Автор шығарманың басында Қамарды еркін өскен, өмірдің ащы-тұщысын көрмеген балғын жас, жауқазынды жарып шыққан қызғалдақтай үлбіреген сұлу қыз күйінде суреттейді. Жазушының осынау балауса жанды тым елжірей, таңдай қағып, тамсана суреттеуінен жүрек секем алғандай...

Жіңішке сымға тартқан әні қандай,
 Балауыз балбыраған тәні қандай.
 Ақыл-ой, мінез-көрік түгел келіп,
 Толықсып толып тұрған сәні қандай!
 Еріткен іші-бауырыңды көзі қандай,
 Бал тамған майда бұлбұл сөзі қандай.
 Жұп-жұмсақ, бып-биязы ішке кіріп,
 Жаутаңдап жан күйдірген кезі қандай [196, 4 б.].

Қызыл гүлдей құлпырған, сұлулығымен сүйсінткен, ақылымен ынтықтырған Қамарды қатерлі әлдене күтіп тұрғандай.

Тұла бойы ізгілікке толы, жұртқа сыйлы, бозбаланың көз құрты болған Қамардың өз құрбыларынан озық өзге де қасиеттері жетерлік. Автор Қамар болмысын өзгелерден оқ бойы оздырып тұрған басты белгі оқығандығында деп біледі. Сондықтан да ол – өз заманының озық ойлы қызы.

Қамар қыз оқымаса нетер еді,
 Әуелі бұлтаң-сұлтан етер еді.
 Көзсіз болса, алды-артын болжау қайда,
 Әркімнің жетегінде кетер еді [195, 5 б.], –

деген сөздердің автор аузынан айтылуы Қамардың ақылды жан ретінде көрінуі – білімділік жемісі екендігінің Сұлтанмахмұт ұсынған бір дәлелі. Ақын Қамардың оқығандығын өз тағдырына өзі араша түсуге мүмкіндігінің молдығы ретінде көрсетеді. Оқымаған қазақ қыздары өз бостандықтары үшін күреспек түгіл, ол туралы ойлай да алмайды деген ойды меңзейді автор. Оқыған Қамар бейнесін оларға бағдаршам іспетті ұсынады. Бі-

лімді, парасатты қыз ғана теңдік жолында батыл қимылға бара алатынына сендіреді. Қамар образын сомдаудағы автор айтпак болған ой мен тәрбиелік мән, міне, осында жатыр.

Сұлтанмахмұт Қамардың еркіндікке қол созған саналылығын өзіндік түсінігі, өзгелермен қарым-қатынасы арқылы да нақтылай, аша түседі. Бұл – Қамар образының өзгеше сипатын айқын байқатумен қатар, жазушының өз дәуірінің өзекті мәселелерін көтеру тарапындағы ұстанған бағдары мен шеберлік тәсілдерін айыруға мүмкіндік береді.

Қамардың Ахметке жазған хаттарынан оның өмір, қоғам жайлы түсініктері айқын аңғарылады.

– Біреуге мал мен бақты үйіп беріп,
Ақылсыз екі аяқты мал қылғаның.
Біреуге Аплатондай білім беріп,
Мінер ат, ішер асқа зар қылғаның.
Қыздарын теңге бермей, малға беріп,
Қазақты қара көңіл аң қылғаның [196, 5 б.].

Қамардың осы сөздері арқылы сол тұстағы қазақ қоғамының надандық сыры, кертартпалық сипаты айқындалып, құқық теңсіздігі, бедел мен биліктің малға бағаланған қияпаты ашық айтылған. Ол өз кезіндегі шектен асқан әділетсіздікті, озбырлықты тап басып танып, жиіркенішпен қарайды. Қамардың бұл сөздерінде тек қоғамды танып қою ғана емес, оған деген күдік те, сескену де бар. Өйткені өз басына әлі туа қоймағанмен қазақ қызының басындағы халді ол жанымен сезінеді. Бұл сезік кейін шынға айналады. Қамар Ахметті өз теңі екенін біле тұра, «Сүйсем де сол сөзіне жарамаймын», «Сілтей бер маған жетер қолың болса, даңы жоқ даңғыл жатқан жолың болса», – дейді. Білім, парасат байлығы мол болғанымен, дүние байлығы жоқ Ахметтің өзіне қолы жетуінің қиындығын ескертіп, емексітпеуді жөн санайды. «Ашық жол, асулы қол болар еді-ау, бірақ жоқ, әттең, дүние соның болса», – деп, Ахметтей білімді жастың малы мен мал жал бітіретін құдірет жоғына күйзеле толғанып, малдыны адам етіп, малсызды кері кетіріп отырған заманға қынжыла лағынет айтады. Ол:

Ақыл-ой, сын-сымбатта маған теңсің,
Шыбыным, шын сүйгенім – жалғыз сенсің.
Ту бие, қара саба болмаған соң,
Ікемге менің елім қайдан көнсін [196, 21 б.], –

дей келіп, теңіне қосыла алмауының бас айыпкері қоғамдық өмірдегі ескірген ескі салт, әлеуметтік теңсіздік деп біледі. Бірақ оған тікелей қарсылық білдіруге шамасы келмейді, өзінің дәрменсіздігін сезінеді, таяныш боларлық берік сүйеніш, рухани қолдау таба алмайды. Жан-жағын қоршаған әлсіздік «Арманды арылтатын дәрменім жоқ», – деген түңілуге алып келеді.

Қамар ақылды қыз ретінде Ахмет екеуінің ара салмағын байыптай, өлшей келе, ақырында: «Бес-он күндік ойын үшін әрі өзімді, әрі оны қаралап, жұртыма, құдайға да ұятты болмайын, жанған жаным жана берсін; обалымыз қиюы жоқ, қисыны қашқан дүниеге, оңға баспай солға басқан қазақтың қара ғұрпына болсын», – деген тұжырымға тоқтайды. Оның жүрек қарсылығын үнсіз басып, өзін-өзі тоқтатқан осы бір сөзінің өзінен біраз нәрсені аңғарамыз. Көкірек көзі ояу Қамар Ахметке қосыла алмасын іштей мойындап, оған кінәлі ескі салт-сана үстемдік құрған заман деп біледі. Сондықтан да ол адамдық арын таза сақтауды өзінің басты борышы деп түсінеді, аз күндік алдамшы қызыққа елікпейді. Мұнда қазақ қызына тән инабаттылықпен бірге, Қамарға ғана тән адамгершілік, адалдық, пәктік көзге ұрып тұр.

Романның басында Қамар өмір сүрген ортасы туралы өзіндік пікірлер қалыптастырған, оған ақылы мен адамгершілігі, білімі мен парасаты арқылы қол жеткізген адал жастың бейнесінде көрінеді. Шығарманың орта тұсында «Даңқы жер жарған, шешендігі ел жарған, күліп кісі бетіне қарап көрмеген, ибалы, атақты, асыл Қамарымыз жоқ жерден жалаға ұшырап, бүлік шығып кеткеніне қайғыра-қайғыра сүзектен тұрған кісідей, құр шыбыны ғана бар», – адам бейнесінде елестейді. Бұл оның сол тұста қазақ тұрмысында үстемдік құрып тұрған қатал да қара ниет, дүлей күштің уысына алғаш түсуі еді.

Бұдан кейінгі көріністерде Қамардың жағдайы мүлде ауырлай түседі. Құлқынының құлдары оны Нұрымға зорлап қоспақ болады. Бұл қатыгездік қызды әділетсіздікке қарсы қал-

қадырынша күресуге итермелейді. Шығарманың соңына қарай Қамар үстемдік етуші билік иелері мен дінге телінген ескі салтты жақтаушы, сол арқылы озбырлықты өршітуші дүмше дін иелеріне қарсылық көрсетуге әрекеттенеді. Бірақ бұл – өте әлсіз, нәзік қарсылық еді.

Қамардың Нұрымға, молдаға айтқан сөздерінен көп шындықтың сыры ашылады. Замананың жас өскіні Қамар тамырын теңге жіберген ескілік тікенімен бетпе-бет келген жерде өзінің сезімін тежемей, еркіндік жайлы ойларын батыл айтып, кісіліктен кеткен азғын топтың бет пердесін сыпырады.

Сүю-сүю бола ма зорлауменен,
Көңілді ұстап тұру жоқ торлауменен.
Көңіл болса, қосылмай тоқтала ма?
Оқ атып, қылыш шауып, қорлауменен, –

дейді ол.

Қамардың молдамен сөз қағысы романда ескі мен жаңаның арасындағы тартыс ретінде берілген. Бәйтік молданың сенімсіз сөздеріне нақты тойтарыс беру, ұтымды жауап қайтару, негізсіз ойларын әшкерелеу, надандығын бетке басу арқылы Қамар шарифатты жамылғы еткен дүмше молданың білімсіз, дүмбілез күйін өлтіре сынайды.

Романдағы автор ұтымды қолданған тәсілдің бірі – хат жазысу. Хаттар ерекше маңызға ие, онда образдар болмысын ашар өзгеше қасиет бар. Қамар Ахметті жанымен сүйе отырып, лажсыздықтан үмітін үздіру үшін қатты жауап қайтарғанмен, оның жанын жараламайтын сөздер тауып, сырты қатқыл болғанмен, ішінің жылылығын білдіріп отырады. Оның жауап хаттарындағы өлең жолдарында Ахметке деген аяушылығы мен сүйіспеншілігі, ескі әдет-ғұрыпқа жиіркене қарауы айқын аңғарылады. Хаттар сөз жоқ, Қамар образын толықтыра түсіп, кейіпкердің ішкі жандүниесін ашуға септігін тигізген.

Шығарма Қамардың сананы надандық тұмшалаған замандағы ескі әдет-салттың құрбаны болуымен, оның ертеңгіге айтқан зарымен аяқталады. Ол өлім аузында жатса да адамдық арын биік қояды. «Ахметтен басқа жанды сүйгізбей ал!» деген соңғы тілек айтып, дүниеден адал, пәк боп өтуді армандайды. Жастардың ер-

кіндігін аяққа таптаған қоғамдық өмір заңына лағнет айтып, ер-теңгілердің еркіндікке жетуін тілейді.

Қамар бүкіл болмысымен, ақыл-ой, білімімен, заманадан озған түсінігімен ояну дәуіріндегі адамдық құқын қорғау жолындағы күреске талпынған, көкірек көзі ашық қазақ қыздарының типтік бейнесін танытады.

Қамар – кешегі кер заманда өзінің бас бостандығын қорғау, махаббат еркіндігін алу жолында құрбан болған қазақ қыздарының аянышты да қасіретті өмірін бейнелейтін, Сұлтанмахмұттай хас шебер қаламынан жаралған толымды тұлға.

Романдағы Қамардан кейінгі басты кейіпкер – Ахмет. Ақын оны «аузы асқа, ауы атқа тимеген» кедейдің баласы дей отыра, өз заманының озық ойлы азаматы ретінде суреттейді. Бұл – Сұлтанмахмұттай шыншыл суреткердің өмір шындығынан алыс кетпегенінің белгісі. ХХ ғасырдың бас кезіндегі оқығандардың әр текіден шығып, тіпті алғашқы кезде орыс оқуын кедей балаларының көптеп оқығандығы – ойдан шығарылған нәрсе емес. Бұған сол кездегі түрлі құбылыстар аз әсерін тигізбеген. Орыс оқуынан шошынған байлар байыбына бармай, өз балаларын алып қалып, кедей балаларын оқытқанына Әріп, Спандияр тағдырлары куә. Ахмет – солардың жиынтық бейнесі.

Сонымен бірге Ахмет – өз дәуірінің шындығы мен автордың өзі тәріздес ағартушылар тілегінен жаралған типтік образ. Сұлтанмахмұт осы ұнамды кейіпкерінің іс-әрекеттерін сүйсіне суреттеу барысында, оның өз кезінің шындығынан алыстатып алмауды айрықша қадағалайды, мүмкіндігінше, оны уақыт, заман шындығы негізінде бейнелеуді назарда ұстайды.

Көзі ашық, көкірегі сара Ахмет қоғамдық дамудың қайшылықтарын жіті аңғарады, бірақ қолдан келер қайран болмағандықтан, өкініштен басқа айла жоқ. Сол тұстағы қазақ даласында етек алған теңсіздік пен әділетсіздік Ахметтің тек жан дүниесінде реніш туғызып қана қоймай, оны тағдыр тәлкегіне салады.

Сүйгені Қамарға қолы жетпей, жазықсыз жалаға ұшыраған Ахмет елден безіп, оқуға кетеді. Өзін қолдар жанның, Қасен сияқты жөн білер азаматтың аздығы оны осындай дәрменсіздікке алып келеді.

Ал бұл дәрменсіздіктің өзіндік әлеуметтік себептері бар. Ол – зиялы қауымның әлі де болса бас біріктіріп, әлеуметтік ортада өзіндік күшке ие бола қоймауы.

Шығарманың соңында қиыншылықтың тезінен өткен, шындыққа көзі жеткен Ахметтің шектен асқан айуандыққа күшпен қарсы шығудан басқа амалы қалмайды. Қамармен қоштасарында: «Көрсеткен саған қорлық жауыздардан, кетермін тым құрғанда өшімді алып», – деген сөзін ол бұлжытпай орындап, бақсыға пышақ салады, Нұрымды жаралайды. Өзі де «бұл дүниенің залым тұрмысынан ақыреттің әділ тұрмысына» сапар шегеді. Шығарма оның осы бір оқыс қимылымен аяқталады. Автордың өзінің сүйікті кейіпкерін мұндай іс-әрекетке алып келуінің психологиялық дәлелі өзін-өзі ақтайды. Өзі тартқан тақсирет, сүйгенінің өлім аузындағы халі оны ашындырмауы мүмкін емес. Осы бір әділетсіздікке күш жұмсауға алып келген шешім – кенеттен туғанымен, надандық пен зорлыққа қарсы күрестің алғашқы белгісі. Ол Ахмет өлімімен бітіп қалмайды. Жалғасы ертеңде жатыр. Қараңғылық түнегін түрер уақыт та жақын қалған болатын. Ахмет бейнесі – ақпанның ақ таңы атар қарсаңдағы қазақ қоғамында енді-енді пайда бола бастаған жаңа тұлға.

Қамардың ағасы Қасен романда негізгі кейіпкердің бірі ретінде көрінбесе де, әділдікті, адамгершілікті жақтайтын жаңаның белгісі. Тіпті осы Қасен – Ахмет ісін келешекке жалғастырар, автор үміт артқан елдің ертеңі.

Романдағы ерекше назар аудартатын, әдебиетімізде бұрын көріне қоймаған образдардың бірі – Қамардың әкесі Омар. Омар – жаны таза, арына дақ түсірмеуге тырысатын адал әке. Өмірдегі бар тілегі – жанындай жақсы көретін қызының бақытты болуы. Омар Қамардың басына қауіп төнгенде, оны арашалап, қорғап қалу үшін бүкіл амал-әрекетін, қолдан келген күш-қайратын жұмсайды. Оның мұндай нағыз әкелік, биік адамгершілік қасиеттерге ие болуының негізгі себебін ақын Омардың «турашыл, сәулелі кісі», «қанша айтқанмен, оқыған» адам екендігінен іздейді. Сұлтанмахмұттың бұл суреттеуінен оның әділдік пен турашылдықты оқыған адамнан күткен ағартушылық идеясын тағы байқаймыз.

«Қамар сұлу» романындағы ендігі бір шыншылдықпен бейнеленген образдар саласы – ұнамсыз кейіпкерлер бейнесі. Жазу-

шы XX ғасыр басындағы қазақ ауылындағы керітартпа әдет-ғұрыптар мен надандық туғызған зорлық-зомбылық, әділетсіз шешімдерді қоғамдағы озбыр топтардың түрлі өкілдерінің типтік бейнелері арқылы шебер де ұтымды әшкерелейді. Дін иелерін Қалтан қажы, Бәйтк молда, Әбділда ишан, Көңілбай бақсы арқылы көрсетсе, билеуші таптың өкілдерін Оспан, Нұрым образдары арқылы шынайы бейнелейді.

Қалтан қажы мен Оспан бидің шығармада Қамардың жақын туыстары болып келуінің астарлы мәні бар. Жазушы оларды Қамарға туыстық тұрғыдан жақындастыру арқылы ол екеуінің өздерінің қара ниетті мақсаттары жолында інісінің қызы Қамарды құрбандыққа шалуға дейін баратын мейірімсіз, айуандық қасиеттерін айқындай ашуды көздеген.

Сұлтанмахмұт бейнелеуінде оларға бедел, мансап, байлықтан өзге жақын жоқ. Олар – жанында жылу, жүрегінде мейірім жоқ тоғышарлар. Қалтан мен Оспан – күні өткеніне қарамастан жорға Нұрымдардың беделін пайдаланып, шариғат жолымен де, ескі салт жолымен де елге билігін жүргізіп қалуды көздеген ескі ел билеушілерінің қалдығы.

Романдағы ең басты жағымсыз образ – жорға Нұрым болыс. Бірақ ол шығармада билік иесі емес, Қамардың басына қасірет бұлтын үйірген күйеу ретінде суреттеледі. Қалтан қажы мен Оспан би арқылы ел билеушілердің нашарға өктем, мықтыға тәуелді мүсәпір халін ашып көрсеткен жазушы, Нұрымды көбіне билік үстінде емес, Қамарға қатысы арқылы танытуға ұмтылған. Автор негізінен Нұрымның адамдық қасиетсіздігін, надандығы мен пасықтығын, топастығы мен дүлейлігін ашу арқылы өктем жанның естен кетпес типтік бейнесін жасаған.

Сондықтан да жазушы жорға Нұрымның портретімен мінез-құлқын барынша шыншыл көрсетуге ұмтылып, Қамар аузымен де, авторлық баяндаумен де жеріне жеткізе суреттейді. «Дүңкиген күйек сақал, сасық ауыз», «Малы көп, мал сияқты пасық, қақпас» тәрізді Қамар аузымен берілетін мінездеме Нұрымның шын болмысын, шынайы бейнесін аша түседі. Жазушы Нұрымның портретін былай береді: «...әліпті таяқ деп білмейтін надан, пішіні де жаман, аузы толған боқауыз бен былш-былш насыбай, ішпей мас, әрі лас, елу шамасында жасы бар, қой сақтардың басындай басы бар, жай форымының өзі сұп-суық, бүйі секілді түксиген,

күпсиген, бұқа мойын, өгіз құрсақ, алақан көз, жайын ауыз, добыра сақал, тоқпақ мұрын, бір түрлі нысаналы жануар еді». Міне, Қамар басына қара түнек боп орнаған дүлейдің кейпі осы. Одан Қамардың мерт болмай аман құтылуы мүмкін емес еді. Ахметтің соңғы арпалысында, оның жаралы болып құтылып кетуі де Нұрым тектестердің әлі талай алдан тосып, аяқтан шаларын меңзегендей.

Жалпы алғанда, бұл шығарма – Сұлтанмахмұттың ақын ретіндегі поэзияның күрделі жанрындағы мол мүмкіндігін танытқан аса көрнекті туындысы.

Романнан төңкерістен бұрынғы қазақ қоғамының қайшылықты жағдайын, ондағы адамдардың өмір қатынастары мен тұрмыс-тіршілігін танимыз. Шығармадағы кейіпкерлер ұтымды да нанымды бейнеленіп, туынды табиғатын ашуға еркін араласып, жазушы мақсатын айқындай алған. Мұның өзі С. Торайғыров шығармаларының озық үлгі болғанын танытса керек. М. Дулатов пен С. Торайғыров қазақ прозасын дамытуға аса зор үлес қосты. Бұл проза жанарындағы үлкен жетістік.

4.2. Азаттық идеясы – XX ғасыр басындағы қазақ поэмаларының басты ұстанымы

XX ғасыр басындағы азаттық идеяны арқау еткен көптеген қазақ поэмалары жазылды. Солардың алғашқыларының бірі – Мұхамеджан Сералиннің «Топ жарған» поэмасы. Поэмаға қазақ тарихының күреске толы кезеңінің бір үзік сәтіндегі оқиға арқау болған.

«Топ жарған» поэмасында Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілістің нақты шындығы көрініс табады. Поэманың басты кейіпкері Адай жігітінің бостандықты көкसेген ой-арманы Кенесары көтерілісімен желілес беріледі. Поэмада Кенесары-Наурызбай көтерілісін қалың бұқараның жақтауы жеке кейіпкерлер сөздері арқылы беріліп, шындықты ашудың жақсы тәсілі қолданыс тапқан. «Топ жарған» поэмасында Кенесары көтерілісінің қазақ бұқарасының мүддесін қорғаған көтеріліс екендігі қилы тағдырлар тоғысы арқылы көрініс табады. Адай жігіті бейнесі – көтерілісті жүрек қалауымен жақтаған ерлер бейнесінің жиынтық образы.

Поэманың композициялық құрылымының ерекшелігі – ақынның орыс классикасынан үйренуінің дәлелі. «Топ жарған» поэмасында тіл сонылығы бар. Тарихи шындықты, нақты өмірді тың теңеу, көркем суреттеулермен бере білген ақын поэмасының тарихи мәні өте зор.

XX ғасыр басындағы қазақ поэмаларының өркен жаюына аса зор үлес қосқан ақын – Шәкәрім Құдайбердиев. Оның «Қалқаман-Мамыр» мен «Еңлік-Кебек» поэмаларында өз дәуірлерінің тарихи болмысы ашылып, өмір шындығы көркемдік шындыққа айналып, көркемдік шешім тапқан. Осы поэмалар өзегінде азатшыл идеяның ұстыны жатыр.

Осыдан 113 жыл бұрын жазылып, 89 жыл бұрын жарық көрген «Қалқаман-Мамыр» – Шәкәрімнің іргелі шығармаларының бірі. Кезінде бұл шығарма туралы Әлихан Бөкейханов «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 121-санында сын жазып, поэманың жанрын тарихи жыр деп таныған [197]. Кейінгі зерттеушілер (М. Мағауин) бұл поэманы лиро-эпикалық дастан санайды [20, 45 б.]. 1912 жылы Семейдегі «Жәрдем» баспасынан жарық көрген поэмасын ақынның өзі «Қазақ тіліндегі тарихи хикая» деп атаған. «Мұтылған» деген бүркеншік есіммен жазған автордың кіріспе сөзі де осының бір дәлеліндей. Онда автор былай дейді: «Бұл әңгіме – 1722 жылы біздің Орта жүз қазағы Сырдария бойында жүргенде болған анық іс. Біздің қазақ қалмақтан жеңіліп, «актабан шұбырынды» болғаннан бір-ақ жыл бұрын Қалқаман-Мамырдың ісіне ескі қазақтар теріс көзімен қараса да, осы күнгі көңілінің көзі ашықтар жазықсыз екенін біліп, дұға қылса керек.

Өлгенді тірілтпесем де, өткенді жандырғандай болсын деп, биыл жүз тоқсан жыл, ұмытылған істі алдыңызға қойдым. Бұл әңгіме ақсақалдар аузынан қалып бара жатыр. Сол асықтардың өзі кетсе де, ізі жоғалмасын дедім. Біздің де ізіміз жоғалатынын ойлап» [135, 77 б.]. Кіріспеден көріп отырғанымыздай, ақын бұл шығармасын – тарихи дүние ретінде жазуды ойластырған. Дәл тарихи дастан болмағанмен, мақсат солай болған.

Екі ғашықтың махаббат трагедиясын арқау өткен бұл поэма – Қалқаман мен Мамыр атты екі жастың ғашықтық сырын шертеді. Шығармада екі ғашықтың махаббаты романтикалық сарын да бейнеленген. Мәселен, мұны Мамырдың Көкенай батыр қолынан

қаза табар сәттегі сөзінен айқын аңғаруға болады:

Тілегім келді орнына арманым жоқ,
Артында Қалқаманның қалғаным жоқ,
Мені сен өлтіргенмен жасармайсың,
Сүйткенмен жас жанымды алғаның жоқ [135, 56 б.].

Тағдырдың сүйгенінің алдында алып, махаббатының пәктігі сақталғанын жұбаныш еткен Мамыр рухының биіктігі осы жолдардан анық сезіледі. Ақын екі жас жағында, ол екі жастың трагедиясы арқылы олар өмір сүрген тұстағы қоғамның қатыгездігіне өз үкімін шығарады. Тақырып желісі махаббат болғанмен де, ақын сол тұстағы қазақ өмірінің, салт-дәстүрінің, ой-сана, көзқарастар қайшылығының бүкіл қыр-сырын ашуға ұмтылған.

Поэмада баяндалған оқиғаның қысқаша мазмұны мынадай: ағайындас екі жас Қалқаман мен Мамыр бір-біріне ғашық болып қалады. Шын сүйген жүрек өз дегеніне жетіп, олар қосылады. Бұған Мамырдың немерелес ағасы Көкенай батыр қарсы болып, ақыры ол Мамырды садақпен атып өлтіреді. Қалқаманның жақыны, тобықтының әулиесі іспетті Әнет бабадан Қалқаманды ұстап беруді сұрайды. Әнет баба үкімді қанша жұмсартқысы келгенімен, одан ештеңе шықпайды. Ақыры жүйрік атпен шауып өтетін Қалқаманды Көкенайдың садақпен атуына шешім шығарады. Көкенай батырдың атқан оғы Қалқаманның қара санынан тиіп, ердің қасын жарып өтеді. Тірі қалған Қалқаман еліне өкпелеп, Ұлы жүздегі нағашы жұртына жол тартады. Осы кезде қалмақ-қазақ соғысы басталып кетіп, бұл оқиға ұмытылып, аяқсыз қалады. Кейін ел есін жиған тұста Қалқаманды іздестіру мүмкін болмай қалады.

Шәкәрім сюжеттік желіге осынау тарихи оқиғаларды негіз ете отырып, қазақтың бұрынғы тұрмысын, әдет-ғұрпын кеңінен көрсететін махаббат драмасына құрылған дастан жазып шыққан. Поэмадағы махаббат мәселесі Шәкәрімнің жалпы адамгершілік, азаматтық көзқарасының негізі ретінде көрініп, оның бостандық сүйгіш бағытын айқындайды.

Поэмадағы басты кейіпкер екеу. Олар – Қалқаман мен Мамыр. Ақын осы екі кейіпкерін сырттай ғана бейнелеп қоймай, ішкі сезімдеріне терең бойлап, олардың өздеріне ғана тән табиғи болмыстарын аша алған. Ақын оқиғаны екі жастың балғын кезінен

бастап дамытады. «Әрі сұлу, әрі есті, еркек-шора» бай қызы Мамыр бозбалаша киініп жүрсе де, жігіттердің көз құрты болады. Оған ғашық Қалқаман өз сырын жылқы бағып жүргенде білдіреді. Жұмбақ күйінде айтылғанмен, жігіт ойында не бар екенін сезген ақылды қыз өзіне туыс болып келетін жігітке басу айтады. Бірақ өзінің ғашықтығын қайта-қайта еске салған жігітке ақыры кездеседі, бір шешімге келеді.

Қыз алған жоқ жақыннан Тобықты әзір,
Өлтірем деп жүрмесін бізді қазір,
Өзімді аяп тұрғам жоқ, сізді аяймын,
Сен сау болсаң болар ем мен-ақ нәзір [135, 63 б.].

Шәкәрім Мамырдың осы алғашқы кездесудегі сөзінен-ақ оның ішкі әлемінің рухы қаншалықты биік екенін танытып өтеді. Бұл – олардың бір-бірімен тілдесіп, сырласып, белгілі бір уағдаға келгеннен кейінгі кездесуі сәтіндегі Мамыр сөзі. Сол алғашқы кездесуден-ақ, біз Мамыр бойындағы нық сенімді, нақты байламды байқаймыз.

Шындығында, поэмадағы әрбір қимылдың, оқыс оқиғаның бастау көзінде Мамыр тұрады. Ол – өжет те өр қыз. Мұны Шәкәрім Мамырдың әрбір сөзінен, іс-әрекетінен байқатып, үнемі оқырманға ой тастап отырады. Қалқаманмен кездесіп, бірге кетуге бел байлаған Мамыр шешіміне назар аударайық:

Мамыр айтты: Мен сенсіз тірі тұрман,
Үш қайырдым сөзіңді мен антұрған,
Бір құдайға сиын да, ал да жөнел,
Жолыңда өлсем разымын, жаным құрбан [135, 72 б.].

Бұдан тағы бір түйеріміз, поэмада Шәкәрім көбіне Мамырдың сырт тұлғасына, сыртқы сұлулығына сұқтанбай, оның ішкі жан дүниесін ашуға ұмтылған. Мамыр, ең алдымен, ішкі рухы күшті, бір шешімді өжет қыз ретінде көрінеді. Оны поэманың басында еркекшора қыз ретінде көрсетуі де осы ерге тән өжеттіктің өзегі қайда жатқанына жөн сілтеу еді.

Мамырдың жан сұлулығы, ішкі сезім нәзіктігі жоғарыдағы Қалқаманмен кездесу сәтінде айқын білінеді.

Алдына кешу сұрап келіп тұрмын,
 Көзге тірі болсам да өліп тұрмын,
 Қалқаман, осы саған қоштасқаным,
 Денемді емес, жанымды беріп тұрмын [135, 37 б.].

Қыз жанының нәзіктігі, сезімталдығы, оның ішкі рухы осы сөздердің өн бойынан төгіліп тұрған жоқ па? Яғни Шәкәрім кейіпкерлердің сөз қатысын олардың бітім-болмысын ашуға оңтайлы пайдаланып, сол арқылы кейіпкерлерінің жан-дүниесіне терең бойлаған. Сүйгеніне деген адалдыққа, махаббат атты ұлы сезімге деген пәктікке Мамыр өмірінің соңына дейін берік болады. Ағасы Көкенайдың қолынан қаза табар сәтте қайсарлығын, өжеттігін сақтап қалуы оның бейнесін биіктете түседі. Ол өзінің ажал алдында тұрғанына өкінбейді, тілегі – тек Қалқаманның амандығы.

– Көкенай, қорғамаймын, сөзіме бақ,
 Ісім жөн, бір құдайға көңілім хаһ.
 Мойныңа менің қаным халал болсын,
 Болма енді Қалқаманның қанына ортақ.

Кешікпей мен өлемін, сен тірісің,
 Іс емес құдай кешер қылған ісің.
 Өлтіртпе, тілегім сол, Қалқаманды,
 Барасың тәңір алдына, білемісің [135, 80 б.]?

Мамырдың осы соңғы сөзінде өз ісіне өкіну жоқ. Тек тағдырға мойынсұну бар. Ол өзінің адалдығына сенімді, махаббат атты ұлы күштің құдіретіне шырмалып, құрбанға шалынғанын жақсы түйсінеді. Осы қасіретті оқиғаның құрбаны жалғыз өзі ғана болуын қалайды. Сондықтан да оның аузынан шыққан соңғы сөз «Қалқаман, аман бол!».

Поэмадағы Қалқаман – шыншыл бейне. Оның өзгелерден артылып, көзге ұрып тұрған ерекшелігі жоқ. Ол – шыншылдығымен, қарапайым жан ретіндегі іс-әрекетімен сүйсіндіретін кейіпкер. Қалқаман – Мамырға шын ғашық жан. Өз тілегіне орай, қыз келісімін алған жігіт, алдағы қиын-қыстау күндердің, тартысталастардың боларын біле тұра, күрт шешім қабылдап, берік

байламға келеді. Сөйтіп, Мамырды алып қашады. Бұл – Қалқаман бейнесінің ірі қимылға барар азаматтық тұлға екенін байқататын бір көрініс.

Қалқаманның Мамырдай аруға тең, Мамыр махаббатына сай тұлға екендігін танытатын екінші бір көріністі Шәкәрім поэма соңында береді. Мәмлеге келмеген Көкенай ақырында садақпен атып, қара санынан жаралағанда, «Мамырдан қалған жанның керегі не» деп, басын оққа байлаған Қалқаманның аман қалғанын көріп, «А, құдайлап» шауып келген құрбы-құрдасына ол былай дейді:

Токта құрбыларым,
Жоққа есеп осы күнде менің барым,
Аямай елім оққа байлаған соң,
Кетер ме өлгенімше іштен зарым.

Ел кылып Тобықтыны тұра алмаймын,
Ешкіммен ойнап-күліп жүре алмаймын.
Өлерде аямады қайда аяйды,
Сендерге енді мойын бұра алмаймын [135, 94 б.].

Кезінде Әлихан Бөкейханов Қалқаманның соңғы монологі туралы: «Бұл өлең соны, сұлу болса да, ішінен ақаулығы көрінеді. Қоштасқан зарлы адам көңілге жалынушы еді. Мұнда ақыл жығып тұр. «Деймісің қалмақ сені тентіретпесті» айтуға ол жерде Қалқаманның әлі не келе қойсын» («Қазақ», 1915, № 121), – деп, кейіпкер характерін ашудағы сезім мен іс-әрекеттің байланысы оншалықты қиыспай жатқандығын сынаған болатын.

Әлиханның оқиғаны тікелей қабылдап, оның өмір шындығына сай болуын жақтауын кінәлауға болмайды. Дегенмен көркемдік шешім Шәкәрім жағында екені еш талассыз. Ақынның Қалқаманның елден кету себебін тәптіштей айтып, оны жан-жақты суреттеуінде екі түрлі себеп бар. Және осында ұтымды қолданылған суреткерлік шешім бар. Біріншіден, «Белгілі Мамырдан соң көп жүрмесім» деп өзіне-өзі үкім шығарып қойған Қалқаманның «Ешкіммен ойнап-күліп жүре алмаймынында» шындық жатыр. Ол – тән ашуы емес, жан ашуы. Сүйгенінен айырылған жаны жаралы жанның соңғы шешімі. Оның «Ажалға кө-

пе-көрінеу бел байлауының себебі де осында, оған «Мамырдан қалған жанның керегі жоқ». Кейбір зерттеушілер айтқандай, Қалқаман бейнесі Мамырдан солғын шығып жатқан жоқ. Керісінше, ақын Қалқаманның бүкіл болмысын ашуды соңына дейін құпия ұстаған. Дастанның соңында ғана ол бар болмысымен жарқ етіп бірақ көрінеді және оқырман көзі алдында өшпестей болып қала береді.

Екіншіден, Қалқаман – ерен тұлға, ерекше жан емес, қарапайым көптің бірі. Бірақ ол – ішкі тіні берік адам. Шәкәрім Қалқаман мен Мамырдай басты кейіпкерлерін адам сенгісіз күйде емес, өмірдегі нанымды жандар ретінде бейнелеуге тырысқан. Олардың бар күдіреті, артықшылығы – ішкі сезімде. Бұларда ішкі бұлқыныс, ішкі ерік-жігер күшті. Мамырын өлтіріп, өзін оққа байлаған елден безуге ерік-жігерінің жетуі Қалқаманды оқырманның көз алдында биіктете түседі. Жаны жасық, жүрегінің оты жоқ жан болса, «а, құдайлап» келген құрбыларымен құшақтаса көрісіп, құдайдың тірі қалдырғанына құлшылық етіп, қоңырқай тұрмыс-тіршілігін жасап жүре берер еді. Қалқаман ондай жан емес. Ол – жанын арының садағасы санаған, асқақ реалистік шыншыл бейне. Шәкәрім оны солай сомдағысы келген, солай сомдаған да! Қалқаманның елден безуі – тағдырдан, ажалдан қашуы емес, ол өлімнен емес, әділетсіздік жайлаған жұрттан безді. Бұл – «рахымсыз, бауырсыз еліне» көрсеткен қарсылықтың, күрестің саналы әрекеті еді.

Поэмадағы қайшылықты кейіпкер – Көкенай. Ол – өз заманының, өз дәуірінің ұлы. Сан ғасырдан бері қалыптасқан қазақ елінің әдеп-ғұрып, салт-дәстүрінің сақшысындай тұлға. Ол – қатал да қатыгез көзсіз ер, намысшыл батыр. Ел бірлігі, ел іргесі бұзылмауы жолында ол ештеңеден де тайсалмайды. Өз руының намысы тапталды деген ұғымдағы сенімі оны небір қатыгездікке барудан тартынтпайды.

Ата жолын бұзып, өз руластарына қара күйе жакқан немере қарындасына оқ атқанда, Көкенайдың қолы қалтырамауы – оның өз сеніміне беріктігінің белгісі. Шәкәрім Көкенай батырды оқырманға таныстырғанда, өзінің оған деген жылылығын жасырмайды.

Көкенай – Мәмбетейдің бастаушысы,
Өзі батыр, мінезі қатты кісі,
Сол кісінің алдынан тараушы еді,
Бабаңнан соң бұл елдің көп жұмысы [135, 73 б.].

Ол – тобықтының Әнет бабадан кейінгі бетке ұстар адамы, ел тұтқасы – батыры. Сондықтан өз түсінігіндегі әділет жолындағы күресте Көкенай еш нәрседен тайынбайды. Тереңнен ойлайтын абыз Бабаның екі жас тағдырына араша түспек әрекетін оның түсінгісі келмейді. Баба әрекетін солқылдақтық деп біледі. Егер екі жас жазасын алмаса, елді бөліп әкетпек. Көкенай Қалқаман мен Мамыр дер кезінде жазаланбаса, өзіне кешірілмес күнә санайды. Оны толғандыратын мәселе – кейінгі ұрпағын жат үлгіден сақтандыру. Көкенайға тән мінезіндегі қаттылық, қала берді қатігездік осынау жат әдеттің салтқа айналып кетпеуін көздеуден туғандықтан да өзін-өзі ақтайды. Шәкәрім ақын Көкенай батыр табиғатын жақсы танып, оны жанымен түсініп, мінезінің қаттылығын – қанішерлік, кешірімсіздігін – зұлымдық етіп көрсетпей, ел ағасы, ата-ғұрыпты бұзған адам туысы болса да, аямайтын ел намысының қорғаны ретінде сомдаған. Көкенай – соған лайық қаһарман. «Ол – өз заманының перзенті, рулық, патрихалдық мораль сақшысы» [198, 50 б.].

Шәкәрім Құдайбердиевтің «Қалқаман-Мамыр» поэмасы – Қалқаман мен Мамыр арасындағы махаббатты бейнелей отырып, сол дәуірдегі адам санасын, қоғамдық-әлеуметтік өмірді, ондағы қайшылықты құбылыстарды кең көлемде көрсетуге бағышталған туынды.

Шәкәрімнің «Еңлік-Кебек» поэмасының жазылғанына ғалым Қайым Мұхамедхановтың айтуы бойынша, 109 жыл болыпты. Бұл поэма 1912 жылы Семейдегі «Жәрдем» баспасынан жарық көрген. Шәкәрім «Еңлік-Кебекті» тікелей Абайдың тапсыруымен жазған. Поэманың жанрын – әлеуметтік дастан деп қарастырған орынды. Көп ғалымдар осы пікірге тоқтап жүр (М. Мағауин, Б.Әбдіғазиев т.б.). Өйткені ақын ғашықтар трагедиясын сыртқы арқау ретінде ала отырып, негізінен сол кезеңдегі әлеуметтік мәселелерді басты назарда ұстаған. Поэмаға өзек болған оқиға желісі туралы Шәкәрім шағын кіріспеде былай дейді: «Бұл әңгіме – 1780 жылы шамасында, осы Шыңғыс тауында Матай мен

Тобықты арасында болған іс. Шарифатта әкесінің атастырғаны жас қызға неке есепті десе де, өзге дүниелік пайдасын ойламай, жалғыз ғана қызының пайдасын ойлап берер дегені. Әйтпесе, жас баланы сатып, пайдаланып, кем-кетікке беріп обалына қал демейді. Мен соны ойлап, Еңлік-Кебекті соншалықты жазалы демеймін» [135, 97 б.]. Кіріспеден көріп отырғанымыздай, ақынның Еңлік-Кебек тағдырына деген көзқарасы айқын, ол – олардың жақтаушысы. Ендеше дастан осы бір көзқарас ыңғайында жазылып, екі жастың іс-әрекетін ақтаушылыққа бейімділік байқалады.

Автор ел ішінде аңызға айналған, болған оқиғаның ізімен жаза отырып, поэмадағы екі жастың махаббат трагедиясын жеке адамның қасіреті ретінде бағаламай, сол тұстағы қазақ қоғамының қасаң қағидаларын ескілікті сананың қасіреті ретінде бейнелеуге ұмтылады.

Поэмадағы оқиға сюжеті қысқаша былай болып келеді. Матай мен Тобықты арасындағы жерге байланысты тартыс-талас толастаған бір сәтте Тобықтының жас батыры Кебек Еңлік сұлуға кездеседі. Екеуі бір-біріне ғашық болып, ақыры тағдырын қосып, елден жырақ тұрып жатады. Осы тұста Матай елі қалыңын төлеп, айттырып қойған қызды қайтарып, Кебекті жазалауды сұрап, Тобықты еліне кісі салады. Ел арасы тағы бұзылатын болады. Осыны сезген Тобықты басшысы Кеңгірбай Матайларға қашқындарды өздері ұстап алып, жаза қолдануға рұқсат береді. Олар Кебек пен Еңлікті жасырынып жатқан жерінен қолға түсіріп, өлім жазасына кеседі. Сөйтіп екі жас қайғылы қазаға ұшырайды.

Поэмада махаббат мәселесі өте қысқа сөз болады. Еңлік пен Кебектің кездесуі, қашып кетуі, Шыңғыстауда жасырынып жатуы. Ал оқиға дамуының бүкіл тұтқасы Матай мен Тобықты арасындағы айтыс-тартыста, екі жастың тағдырын шешудегі әлеуметтік астарда жатыр. Бұнда ел мен елдің тартысы, ру мен рудың бәсекесі алдыңғы қатарға шыққан. Екі елде өз намысын жібермеуге тырысады. Түптің түбінде ескі салттың қатаң қағидасы бойынша шындық салмағы Матай жағына ауа бастайды, Тобықты жағы шарасыз. Осы бір замана сипаты еріксіз туғызған жалған шындықтың құрығына Еңлік пен Кебек ілігеді.

Поэманың басты кейіпкерлері – Еңлік пен Кебек. Бірі – ел мақтан тұтқан батыр, екіншісі – ардақ тұтар ару. Кебек «Қалқаман-Мамырдағы» Қалқаман секілді қарапайым жан емес. Ол – елге енді

танылып келе жатқан жас батыр. Ертеңгі ел қорғаны болуға ұмтылып, көзге түсіп, елдің үміт отын жаққан жігіт. Шәкәрім Кебектің жорықтарын, батырлық соғысын көрсетпегенмен, алғашқы таныстырудағы бітім-болмысын ерекшелеп береді. Соның өзінен-ақ Кебектің қандай жан екені айқын танылады. Өзгелерден тым ерекшелініп кетпесе де, болайын деп тұрған ұл екені елес бергендей.

Он бесінде Кебектің аты шықты,
Атты жаяу бәріне бірдей мықты.
Көзі өткір, қараторы жігіт екен,
Орта бойлы, тапалдау кең иықты.

Ел қамы үшін өлуге жанын салып,
Соғыс десе тұрмайды қойса байлап,
Жауға батыл, жақынға және әдепті,
Кішіні іні, үлкенді ағатайлап [135, 102 б.].

Еңліктің де кездеспестен көп бұрын Кебектің атына қанық болуы – «Ел мақтаған жігітті қыз жақтағанның» шындығы.

Кебек батыр табиғатына тән аңғалдықтан ада жан емес. Ол көп істің артын болжай бермейді. Нысан абызға бал аштырған батырдың оның сәуегейлікпен айтқан тағдыр болжауына мән бермеуі, тіптен естен шығарып алуы осыны танытады. Кебек – Шәкәрім сомдауында терең ақыл, кемеңгер ой иесі емес, албырт та аңғал батыр. Тоқтамыстай ел ағасы батырдың соңынан еріп, «Жас бала болса да, жаны отты» деген мақтау естіп, өз ортасынан артық шығып жүрген батырдың өз қызығы өзінде еді. Шәкәрімнің өз кейіпкерін осылай суреттеуінде өмір шындығынан алшақтық жоқ.

Кебектің нағыз ер ретінде танылар тұсы Еңлікпен кездесуден басталады. Алдында кездесуге аса мән бермеген Кебек, Еңлік арудың жан-дүниесін терең түсінген соң, өзі сүйген «биік қабақ, ақ сұр» қыздың тағдырына араша түсуге бел буады. «Сен өлген жерде мен де өлемін» деген уәдені Кебектің бірден бермеуінде үлкен мән бар. Кебек – елдің ертеңіне ие боламын деп жүрген арманшыл азамат. Сондықтан да ел жайы, ондағы айтыс-тартыс, оның бұлардың тағдырына қатысы болашақты ойлаған жас батырды бей-жай қалдыра алмайды. Ғашықтықтың от сезіміне бірден жанып кетпей, ол Еңлікті ақылға, сабырлыққа шақырады.

– Ей Еңлік! Айтқан сөзің – сөздің шыны,
Сөйтсе де бір сөзім бар, тыңда мұны.
Соғысқа сылтау таппай отырғанда
Бүлдірмелік Матай мен Тобықтыны [135, 115 б.].

Кебектің Еңлік үшін ештеңеден тайынбай, қатал тағдырға мойын ұсынуына сүйгені Еңліктің жүрегін жарып шыққан, ақыл мен сезімнің тоғысынан туған бір ауыз сөзі әсер етеді.

Сен мені бүгін алып кет демеймін,
Осы екі елдің түбіне жет демеймін.
Шын ішің сүймей, сыртың сүйген болса,
Әуре боп саған уағда ет демеймін [135, 117 б.].

Осы бір ауыз сөздің түйер түйіні – «Шын сүймесең сүйдім деп айтпа маған». Ажарына ақылы сай арудың жүрек сыры жас батырды тебіrentпей тұра алмайды. Ол Еңлік үшін өлімге болса да басын тігеді. Және осы серттен еш айныған емес. Еңлікпен елсіз тауда өмір сүруге бел бууы, Матайлар қоршаған сәтте аттан түсіп қалған Еңлікті тастай қашпай, соғыс салуы – ер жігітке тән мінез белгісі. Кейбір зерттеушілер осы Матайлар қоршаған сәттегі Кебекті Шәкәрім әлсіздеу көрсеткен, оның батырлығы көрінбейді деген пікір айтады. Шәкәрімнің Кебекті шыншылдықпен бейнелеуі де осында жатыр. Кебек Алпамыс, Қобыланды емес, жаудың «бір шетінен кіріп, бір шетінен шығатын». Ол – реалистік бейне. Шәкәрімнің «Көпке топырақ шашсын ба?» деген сөзінде үлкен мән бар. Кебек те «ет пен сүйектен жаралған Адам». Көппен жалғыз алыса алмасы белгілі. Арпалысып, біразын жаралап, ақыры қолға түседі. «Өлсе бірге өлмекші» сертіне ол берік. Осының өзі батырлық емес, ғашықтық дастандағы Кебек бейнесін айқындай түседі. Ол – Еңлікке деген адал сезімнің құрбаны. Шәкәрімше айтқанда, «Не күшті, ойласаңыз, тағдыр күшті». Қырын келген тағдырға шара бар ма?..

Шәкәрім Кебектің батырлығын сыртқы түр-тұлғасы, іс-әрекетінен емес, ішкі рухының күштілігі арқылы көрсетуге ұмтылған. Кебек – жанын арының жолында құрбандыққа шалар, «ерге бір-ақ өлім» қағидасын ұстанған жан. Сондықтан ол – ер жігітке тән бар қасиетті бойына жинақтаған романтикалық қаһарман, тұтас тұлға.

Поэмадағы Еңлік – қазақ әдебиетіне соны жаңалық болып қосылған көркем бейне. Жалпы бұған дейін қазақ әдебиетінде Еңліктей ару бейнесі сомдалған емес. Бұрынғы батырлар жыры мен лиро-эпостық жырларымыздағы арулар батырдың ерге серік адал жары, өздерінің ажар-көркімен, ақылдылығымен олардың сүйіспеншілігіне бөленген жандар болса, жазба әдебиеттегі Гүл-кәшима т.б. тағдырына мойынсұнған қыздар. Ал Еңлік – сұлулықты да, батылдықты да, күрескерлікте тал бойына жинақтаған тың бейне, соны образ.

Поэмадағы сюжеттік байланыс, даму, шиеленіс, шешімнің бүкіл желісі осы Еңлік іс-әрекетіне тізгінделген. Әрбір істің бастауында Еңлік тұрады. Ақын Еңлікті өмір шындығынан алып, көркемдік шындыққа сай бейне етіп сомдаған. Ол – өзгеден артылып жатқан, қиялдағы адам нанғысыз бейне емес, сұлулығы да, бітім-болмысы да, мінез-құлқы да реалистік шындыққа тән белгілермен көркемделген заманына сай тұлға. Шәкәрім Еңлікті алғаш Нысан абыз арқылы таныстырады:

Ажалың биік қабақ сұрлау қыздан
Батырым, ондай жанға көңіл берме [135, 102 б.].

Осы бір ғана штрихта тылсым сыр жатқандай, «биік қабақ, сұрлау қыз» өзіне ынтықтырып, үнемі тартып тұрады. Еңліктің портреті оқиғаның өрбуіне орай, біртіндеп айқындала түседі. Оның сыртқы тұлғасы, бітімі ауыз әдебиеті жырлары үлгісіндегі әсірелеулерден аулақ. Ақын оның сырт-сымбатын тәптіштеп суреттеуге де бармайды. Өйткені ақын ұғымынша, Еңлік Кебекті сыртқы сұлулығымен емес, ақыл-ойының кемелдігімен, ерге тән батылдығымен, өз құрбыларынан өзгеше болмыс-бітімімен сүйіндіреді.

Танысқанның ертесінде-ақ Кебек өз тағдырын Еңлік жолына арнауға берік байлам жасайды. Бұл – тереңнен толғап шешкен батыл шешім. Кебектің өжеттігінің, қайсарлығының, батырлығының алғашқы танылар тұсы да осы. Шәкәрім оны қайта-қайта тәптіштеп, сан қайталап айтып жатпайды, Кебектің бірауыз сөзбен берілер шешімімен бекітіп тастайды.

Біржолата кім тұрар бұл дүниеде,
 Өлім көрмей тұра ма туған пенде,
 Қарап жүріп, қаңғырып басқа өлгенше,
 Еңлік үшін өлгеннің қапысы не [135, 121 б.]!...

Кебек сынды Еңлік те оқырманды өзіне сыртқы пішінімен емес, ішкі жан дүниесімен тартады. Оның бар істің бастауында тұруы, батыл іс-әрекеті, бір шешімді жан екендігі осы ішкі жан дүниені ашу арқылы дәлелденеді.

Шәкәрім «Еңлік-Кебек» арқылы қазақ поэзиясындағы психологиялық поэманың негізін қалады. Бұл әсіресе Еңлік бейнесі арқылы өз иірімін тауып жатады.

Өз тағдырының таңдауын таба алмай жүрген Еңлік Кебекпен кездескен сәтте-ақ берік байлам жасап, нақты шешімге келеді. Ақылды қыз өз бақыты да, қасіреті де құдай айдап кез келтірген осы батыр жігіттің қолында екенін көкірек көзімен көріп, жүрек пернесімен сезінеді. Сондықтан да тағдыр тартқан сыйдан айырылмауға ұмтылады. Қазақ салтында жоқ әрекетке барып, жігітке өзі сөз салады. Бұл батыл әрекет Кебекті жеңіл ойға жетелегенмен, Еңлік өз шешімінің шын астарын жайып салғанда, аңқау батырдың асау сезімін нокталап тастайды. Еңліктің алғашқыда өрескел көрінер қадамының психологиялық дәлелдеулері өте нанымды.

– Ей, батыр, сен жатырсын ұйқың қанбай,
 Мен жүрген бір сорлымын бағым жанбай.
 Көрінгенге көз сүзген көрсеқызар,
 Әдепсіз қыз дейсің ғой әлдеқандай.
 Өз әлімше сынадым мен де сені,
 Сен қалай деп ойладың, айтшы мені?
 Қыздан сорлы бола ма бұл жалғанда,
 Кез болмаса өзінің сүйер теңі [135, 107 б.]?

Еңлікті әлгіндей әрекетке итермелеген «көрсеқызарлық» емес, өзінің бостандығын, азаттығын, адами еркіндігін қорғау жолында қандай қиындық болса да, қарсы тұру ниетінен туған түпкілікті тұжырым. Себебі:

Рас, құдай жазбаса бітпес жұмыс,
 Сүйтсе де бізге міндет – талап пен іс.
 Әрекетсіз отырмақ дұрыс болса,
 Неге берген аяқ-қол, тіл менен тіс?
 ...Талап қылмай бола ма құтылуға,
 Оттан қашып, кірсем де терең суға.
 Пәледен машайық та қашқан жоқ па,
 Қайтіп разы болайын берген уға [135, 118 б.]?

Міне, Еңлік бойындағы күресшілдік рухтың психологиялық дәлелі осында жатыр. Еңлік – тағдырдың ағысына қарсы жүзген жан. Ол – Кебек батырдың алғашқы сәттегі шолақ ойдан туған арзан ойынының құлы емес, керісінше, кеудесіне нан піскен, кердең жігіттің өмірді өзгеше түсініп, сезімнің ұлы күшін мойындатуға бет бұруына жөн сілтеуші. Яғни ақылына жолбасшы, сезіміне көшбасшы. Осы түннен екі жастың тағдыры өзгеше бір арнаға бет бұрады. Бұл поэмадағы Еңлік жасар ерліктің алғашқысы еді. Бойындағы қыз балаға тән ұяндықты еркіндігі үшін жеңдіріп, батыл қадам жасаған Еңлік енді ештеңеден жасқанбасы анық. Міне, осыдан бастап рет-ретімен Еңлік табиғаты ашыла береді. Оқиға өрбуінің әрбір жаңа өріске бет бұруы Еңлік бейнесін толықтырып, жаңа қырларын ашып отырады. Екі ғашықтың елсіз тауға қашуы да осы Еңліктің бастауымен іске асады. Бұл Еңлік бойындағы қайсарлықтың екінші көрінісі еді.

Түнеугі айтқан уағда қайда,
 Кел кетелік, кідірмей осындайда.
 Азық-түлік, киерлік киімдерім,
 Дайындап әкеп қойдым, мына сайда [135, 123 б.].

Шәкәрім сомдаған Еңлік бейнесіне тән күрескерлік қасиеттің көрініс табар үшінші бір тұсы – қолға түскен сәттегі жауларынан саспай, өлімді қаймықпай, қасқайып қарсы алуы. Тағдырдың салғанына көнбей, бас азаттығы жолындағы күреске бет қойған Еңлік езбен өткізген өмірден, сүйгенімен қатар жатар өлімді артық санайды. Сондықтан да қорку, жауына жалбарынып, жалыну секілді сезімдер Еңлік бойынан табылмайды. Ол «өлдерегі ті-

лек бар еді еді ғой, құдай үшін, берсендер мен сұрайын» деп, өзін өлімге қиған қаныпезерлер үкімін жасқанбай да жасымай қабыл алады. Осы соңғы эпизод Еңлік бейнесін сомдауда Шәкәрімдей ақынның кейіпкерінің ішкі бітімін ашу арқылы тұтас тұлғасын жасауға ұмтылатындығының бір көрінісі.

Кебекпен мені азғана араздастыр,
 Өлген соң бірге қосып таспен бастыр.
 Мына бала – Тобықты баласы ғой,
 Мұны өлтірме, Кеңгірбай биге тапсыр [135, 201 б.].

Осынау үш тілекте Еңлік бейнесіне тән бүкіл болмыс көрініс тапқан. Діні қатты надан жұрттың алдында сүйгенімен қоштасуға рұқсат сұрау – ғашықтар қасіретінің қоғамдағы қасіретпен ұштастығын, істеліп жатқан істің әділетсіздігін, ерлік пен сезімді серік еткен екі жастың биік махаббатын көре алмайтын қоғамдық көрсөкырлықты танытады. Ақын үшін «Қоштасу» аяныш сезімін туғызу әрекеті емес, кейіпкерлері бойындағы ұлы сезімнің тобырдың тоң боп қатқан топастығынан жоғары екендігін дәлелдеу. Таразының бір басында түсініксіз жұрт, екіншісінде өз бақыты жолындағы күрес өлімге әкелген қос мұңлық. Көз алдыңызға бейне бір тастан қашап салғандай қасіретке толы сурет келеді. Екінші тілек – Еңлік айтқан таспен бастыру өздеріне өздері ескерткіш қоюдың белгісі еді. Мұны да Шәкәрім Еңлік аузымен айтқызады. Сол таспен бастырудың арқасында «Еңлік-Кебек моласы бүгінде бар, Таймақ пен Ералының арасында». Егер Еңлік айтпаса надан жұрт қос ғашықтың белгісін қалдырар ма еді, жоқ па, кім білген?!

Үшінші тілек – Еңліктің аналық борышты терең түсінген, өзінің емес, ұрпақ қамын ойлайтын ұлы тілектің адамы екенінің белгісі. Ғашығымен бірге өлуге мақұл болса да, ізінің жоғалмауын, ұрпағының аман болуын, өмірінің жалғасы үзіліп қалмауын тілеген Еңліктің аналық сезімі асқақ та биік. Махаббат еркіндігін аңсап, қайғылы халге ұшыраған ғашықтар трагедиясын арқау етіп поэма жазған Шәкәрімнің ой түйер түйіні де осы үш тілектен өріс тауып жатады. Поэманы тұтастырып тұрған үш таған – өз бақыты жолында күрескен жастардың ерлігін жырлау, кіршіксіз таза махаббат иелерін ел есінде мәңгі қалдыру, ертеңгі ұрпақтың қамын ойлау.

Бір сөзбен айтқанда, «Еңлік-Кебек» поэмасы өткен тарихи оқиғаға өзіндік көзқарасымен, кейіпкерлерін жаңаша сомдауымен, көркем тілімен қазақ поэзиясын жаңа биіктерге көтеріп, поэма жанрын дамытудағы Шәкәрім ақынның ең үлкен табысының бірі болып табылады. Ондағы еркіндікке ұмтылған өжет ару тұлғасы, кейінгі көп шығармаға үлгі бола алды.

Қазақ поэзиясына өршіл рух пен күресшіл кейіпкерді алып келген поэмалар легі Сұлтанмахмұт Торайғыровка тиесілі болып келеді.

Ақынның іргелі жанрдағы кең құлашты қуатын танытатын көрнекті поэмасы – «Адасқан өмір» (1918). «Адасқан өмірдің» жанрын зерттеушілер лирикалық-философиялық, сюжетсіз поэмаға жатқызып жүр (А. Еспенбетов). Поэманың басты тақырыбы – қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік.

Поэма «Мен – бала», «Мен – жігіт», «Мен тоқтадым», «Мен – кәрі», «Мен – өлік» атты бес бөлімнен тұрады. Мұнда жалғыз ғана кейіпкер бар, ол – лирикалық қаһарман – «Мен». Оқиға осы «Мен» арқылы баяндалып, соның өмірге, қоғамға деген көзқарасы арқылы сараланады. Бір ғұмырдың өмірге келгеннен бастап, өмірден өткенге дейінгі пәнидегі тірлігі, түйсігі, ой-танымы терең толғаммен жырланып, реалистік шындықпен суреттеледі.

«Мен – бала» бөлімінде өмірге келген сәбидің пәктігі, тазалығы, өмірге құштарлығы жырланады. Ол өзімен қоғам арасындағы алшақтықты, ертеңгі өмір қайшылықтарын әлі сезінбейді. Сондықтан да жаны таза, сезімі пәк.

Мен ұжмақ періштесі, көңілім таза,
Қандай нәрсе, білмеймін: бәле қаза.
Еркімнің ұйғарғанын істеуіме,
Ұғынбаймын ешкімнен бар деп жаза [196, 65 б.].

Осы жолдардан Сұлтанмахмұттың еркіндік сүйгіш рухы елес бергендей. Ақын пайымдауынша, өмірге келу – адам үшін зор бақыт. Алда не күтіп тұрғанына қарамастан, өмірге келудің өзі ұжмақ екенін ол ішкі түйсікпен сезінеді. Ол үшін бәрі таңсық, бәрі қызық, өмір – тек шаттық пен қуаныштан тұратын қызылды-жасылды дүние. Айналасындағы жан түршігерлік құбылыстар оның әлі санасына сіңе қоймаған. Адамның жүрегіне дақ түспе-

ген, көңілін кір шалмаған тұс бұл. Яғни поэманың осы бөлігінде нәрестеге тән сезімнің ұғымдық шындығы бейнеленген. Және де осы бөлімде алда айтар ойларының, кейінгі тараулардың арқауы болар мәселелердің желісі тартылғандай.

Кім біледі қоярсың еркімді алып,
Кім біледі, жоярсың көркімді алып,
Кім біледі бұл ерік, бұл көріктің –
Жоғалғанын білмеспін қайда қалып [196, 69 б.].

«Мен – жігіт» бөлімінде лирикалық қаһарманның арманы, үміті артып, алдындағы мың сан таңдауға жігерлі қадам басқанын көреміз. Ол өз бақытына жету жолында кім болуға керек? Міне, «...он бес – отыз арасындағы» жігітті толғандыратын – осы нәрсе. Қиялы шартарапқа самғаған балаң жігіт ақыры нені таңдау керек деген сұрақтың жауабын табады.

Бай болу, хакім болу, алғыс, атақ –
Ойланылды бәрі де бірі қалмай [196, 76 б.], –

дей келе, ақын кейіпкері әділдік жолына жүгінуге тоқталады. Яғни «әділдік» – лирикалық кейіпкердің бүкіл өмірлік болмысын айқындайтын ұлы идеяға айналады. Ол өзі таңдаған бұл жолды өзгелерге де ұсынады. Ұлы құдірет – әділетке шақырады. Ақынның «дүниеден тапқан ашылмаған сыры», құпиясы осы – әділдік.

Ендеше мен жабыссам негізгі іске,
Әділдікте бар негіз, бақ та, күш те,
Қарғаймын әділдіктен басқа жолды,
Өңім түгіл кірмесін түнде түске [196, 98 б.].

Поэманың көтерер ауыр салмағы осы бөлімде жатыр. Адам өмірінің бар мәні мен мағынасы туралы толғамды ойларын ақын осы бөлімге жинақтаған. Арысы адамзат баласына, берісі ұлтына жақсылық жасап, бақ әкеліп, бақыт орнатпақ болған лирикалық кейіпкер толғанысының түйіні – ең алдымен, әділеттілік орнату. Сонда ғана байлық та, бақ та, бақыт та қоғамға келіп қонады. Әділетсіздіктің себебін тауып, оны әділдікке жеңдірмей, жер бетінде жұмақ орнауы мүмкін емес.

«Мен тоқтадым», «Мен – кәрі», «Мен – өлік» бөлімдерінде ақын озат ойлы, азатшыл кейіпкердің биік арманы қайшылығы мол қоғамнан өз өрісін таппай, қалыптасқан ортадан қара үзіп шыға алмағанын сипаттайды. «Мен – жігіт» бөліміндегі асқақ романтикаға бой ұрған жалын жігер жас жігіт орнын енді тағдыр талқысына мойын ұсынған, өмір өз еркіне бағындырған, санасы мен болмысы қайшылықты тұлға басады.

Менде де өз шамамша бар ғой зейін,
Кімде зейін кем болса, соны жейін.
Дүние алдау екен алдасуда,
Өз обалым өзіме, қалсам кейін
...Әділ болып байқадым, не өндірдім?
Бұл басым залым болып бір байқасын [196, 94 б.]!..

Адам өмірі туралы қай кезде де болмасын жырланған. Сонау жыраулардан бастап, бүгінге дейін ақындар жырына арқау болып келе жатқан бұл тақырып өз мәнін жоймақ емес. Сұлтанмахмұттың ұлылығы – осынау күрделі тақырыпқа кең құлашты дүние жазып, оны бір деммен, асқақ шабытпен жырлап шығуы. Сәбиліктен кәрілікке дейін өмір кезеңдерін жырлай отыра, олардан терең мәнге ие ой толғамдар мен философиялық түйіндер жасайды. Кәрілік – өткенге қорытынды шығарар тұс. Сонда лирикалық кейіпкердің түйгені не нәрсе?.. Оны өкіндіретін ең басты жайт «тым болмаса қалмады-ау ешбір ісім, мені айтып, жұрт сағынып шөлдегендей». Бұл жолдарда үлкен мән бар. Ақын ұғымынша, өмір мәні – еңбек. Еңбек арқылы артына із тастаудан артық бақыт жоқ. Ақын осы бір ұлы мақсатқа үндейді, оқырманды соған жетелейді. Тән өлгенмен, жанның мәңгілігін ойлау – адамзатқа шарт. Жанның, рухтың мәңгілігі, «адам өлместің» амалы – арта қалған ұрпақ кәдесіне жарап, бақиға кеткен сенің пәнидегі белгің болып қалар ісің.

Поэма жанрындағы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың келесі бір күрделі шығармасы – «Кедей» (1919). Бұл – лирикалық поэма. «Адасқан өмір» мен «Кедей» – бір-бірімен үндес, мазмұны мен идеясы тұрғысынан бірін-бірі толықтырып тұрған шығармалар. Құрылымы жағынан да олар бір-бірімен өте ұқсас. Бұл поэмада тарауларға бөлінген және бар жайт лирикалық кейіпкер арқылы

баяндалып, соның өмірге, қоғамға деген көзқарасы арқылы өрбіп, дамып отырады.

Ақын бұл поэмасына жеке адамның, қоғамдық өмірдің төменгі сатысында тұрған кедейдің өмірін арқау ете отырып, салыстырмалы тәсіл қолданған. Бай мен кедейдің тұрмыс-тіршілігін қатар ала отырып, өмірдің нақты шындығын ашады.

Сұлтанмахмұт лирикалық кейіпкеріне өзгеше бір жылылықпен қарайды. Оның бойынан азаматқа тән қадір-қасиет таба біледі.

Ойлаңыз, менде жүрек, менде жан бар,
Жүрегімде өмір бар, ыстық қан бар.
Бәрі де байдікіндей байқасандар,
Үміт бар, махаббат бар, жек көру бар [196, 84 б.].

Байлықтан басы айналып, өз буына өзі піскен байдың бойынан табылмаған ізгіліктің, биік рухтың кедей бойынан табылуынан ақынның кедейдің адамдық бағасын, оның еңбекшіл рухын танытуға баса көңіл аударғанын аңғарамыз. Керісінше, кедей кейіпкердің Жақып құрдасы өзгенің еңбегін пайдаланудан басқа қоғамға берер пайдасы жоқ, бойынан іліп алар қасиет табылмас – тірі өлексе. Одан қоғамға да, адамға да еш пайда жоқ.

Ақын лирикалық кейіпкерінің бойындағы отты жігерді, қайсар мінезді көрсете отырып, оның алдан күткен үмітті болашағына сенеді. Өйткені лирикалық қаһарман поэма соңында берік байламға келіп, жаңа жолға – бақыт жолына нық қадам жасайды.

Жол қайсы құдай салған, шайтан салған,
Білмеймін осы жері маған арман.
Мейлі Құдай берсін, шайтан берсін,
Мақсатым – оқу оқу көңіліме алған.
...Жүрегімді белгісіз нәрсе қысып,
Шақырып тұр, мінеки кеттім сонда [196, 117 б.].

Даладан да, қаладан да бақыт таппаған кедей бағыт бағдарын енді айқындайды. Санасындағы сәуле оны өзге әлемге жетелейді. Сұлтанмахмұт сомдаған лирикалық кейіпкердің өмірі тамұқ

болғанымен, мақсаты анық. Бұл кемел суреткер жасаған шынайы көркемдік шешім еді.

Азаттық идея айқын танылар поэмалар тобы Бернияз Күлеев шығармашылығында да кездеседі. Ақын бұл жанрда да табысты әрі қызығарлықтай еңбек еткен. Ақынның бізге жеткен төрт поэмасы бар. Олар: «Жорық», «Жердің жүзі жаз еді», «Қайда екен?», «Гүл» («Жындымын ғой, кейде қаным таситын»). Соңғы туынды аяқталмай қалған.

Бұл поэмалар – Бернияздың ойы жүйрік, қаламы жүрдек арналы өзен іспетті құлашын кеңге жайған эпик ақын екендігінің дәлелі іспетті. Оларды ақынның толқынды ішкі сезім-күйдің сан құбылысын кеңінен ашқан, оны лирикалық тебіреніспен толғаған шынайы лирикалық толғаулар десе де болғандай.

Сол себептен де бұл туындылар өзінше бір көркемдік ізденістен жаралған өзгеше дүниелер болып шыққан. Бұл – Бернияз ақындығының ішкі даралық сипатына тән өзіндік құбылыс. Сондықтан да Бернияз поэмалары – оның өзіне ғана тән ақындық кең құлашын, қалам қуатының ерекшелігі мен даралығын айғақтайтын шығармалар.

Ақынның ұлт-азаттық идеяны жаңашыл сипатпен көркем дүниесі – «Жорық» поэмасы. Бұл поэма – ақынның ақындық тегеурінін, ішкі иірімге терең бойлайтын сезімшілдігін, көркем дүние туғызар суреткерлік табиғатын танытатын бірегей туынды.

«Жорық» – Бернияздың туған халқының өткен тарихына шолу іспетті шығармасы. Ақын – қашанда халық ұлы. Сондықтан да ол ұлтының ұлы арманы бостандықты жырламай, сол бостандыққа қол жеткізер ер бейнесін сомдамай тұра алмақ емес. Бұл – ұлы арманнан туған поэма. Ұлтының азаттығын аңсау – ақынды осындай романтикалық шабытқа толы, халық поэзиясының, жыраулар толғауының құнарынан нәр алған рухы биік от-жалын жыр тудыруға алып келген.

Ұлы мұратты айқын жырлау үшін ақын өзгеше тәсілге барып, ежелгі аңыз-ертегі, эпостық шығармалар үлгісіне бой ұрған. Қырық күн ұйықтайтын батыр, белгісіз жау – мұның бәрі негізгі ойды жеткізу жолындағы шартты нәрселер. Сондықтан да поэма:

Ер ұйқысы қырық күн,
Қыз қылығы қырық түн,
Ояна кетсем жоқ түк үн [185, 191 б.]... –

деп басталып, өз бойына дәстүрлі эпикалық жырлардың ең бір озық үлгідегі көркемдік тәсілдері мен құралдарын жинақтаған. Бұл арада «қырық» санының орнын тауып, қиыса қолданылуы ерекше назар аударарлық. 7, 9, 40 т.б. қасиетті сандар қазақтың дәстүрлі поэзиясында, жалпы ауыз әдебиетінде, ұлтымыздың ұғымында, наным-сенімінде өзіндік орын алады. Және әрқайсысының қазақ ой-танымында мәні мен маңызы бар. Мысалы, қырық күн ұйқы батырлар жырында көбінесе батырдың алыптығын білдіру үшін қолданылып, алып күш иесінің ұйқысы ұзақ болуы керек деген ұғымды қалыптастырған. Поэмада ақын батырлар жырының осы тәсілін қолданып, ел азаттығы жолындағы күрескерді қырық күн ұйықтатып, сонан-соң жорыққа шығарады.

Поэмадағы лирикалық кейіпкердің (батыр) жан серігі – батырлық жырлардағыдай семсері мен тұлпары, қанжары.

«Семсерім мен тұлпарым,
Жанымда қанды қанжарым,
Қан болған елім, мал-жаным
Таңырқап тұрдым боп аң-таң» [185, 201 б.].

Оның сенері де, сүйенері де – осылар. Туған елі мен жұртын, «Шала-жансар ғып салған» жауына да, қасиетті жері мен суына да батырлар көзімен қарайды, аңдаусызда жау шапқыншылыққа ұшыраған елін батырлық жүрекпен сүйеді. Азат ерін құл етпек болған жауына қарсы жорыққа аттанады.

Ақынның поэмасындағы өткен заман жырларымен біте қайнасқан үндестік ата-баба ерлік рухының жалғастығының куәсіндей. Ақын бүгінге өткеннің қайтпас қайсарлығын тілей отыра, оны бүгінмен жанастырады. Осыдан келіп ерлік туралы жыр өріледі.

«Балығы тайдай тулаған,
Бақасы койдай шулаған»,
Жағаға елім сыймаған,
Өзен, көлі суалған.
... «Балдырғаны білектей,
Баттауығы жүректей»,
Жоңышқасы жібектей.
Ой-қырымды қан жуған [185, 208 б.], –

деп атамекенін ақын жыраулар үлгісінде жырлайды. Бұл жырға өзгеше сипат береді. Ғасырлар үндестігі көзге ұрып тұрғандай, еш жаттығы жоқ.

Жоғарғы тармақтар мен шумақтардың кіммен үндесіп жатқанына бір сәт назар аударайықшы. Құлаққа атойлаған Қазтуғанның, елім деп еңіреген Мұраттың үні келмей ме? Бұл солар суреттеген, сұлулығына тамсанған Еділ емес пе?

Кейіпкерінің жауын суреттегенде де ақын жырдың суреттеу тәсілін қатаң ұстанады және ол орнын тапқан тәсіл болып шыққан. Мәселен, ежелгі жырдың қайсысында да мол орын алатын бір тәсіл – жау әскерін сұсты етіп көрсету. Бұл – батыр соғысар жаудың осал еместігін көрсетуге, оны жеңіп шыққан батырдың айбынын асырып, ерлігіне ерекше сипат беру тәсілі. Ақын осы дәстүрді сақтай отыра, поэманы жыр рухына мейлінше жақындастыра түседі.

Ұзындығы ұшы жоқ,
Көлденеңі көлдей боп,
Айналасы жалын шоқ.
Қатері жоқ қиырдан.
Болаттан сауыт, сайманы,
Көкпеңбек қылыш, найзалы,

Алпыс екі айлалы,
Жан-жаққа күзет қойылған.
Шаңырағымды жағып күл қылып,
Ерлерді байлап құл қылып,
Аруды зорлап күң қылып
Жатыр екен жандары [185, 219 б.].

Ақын кейіпкерінің жауға шапқан кезінде, сол кездегі көріністерді суреттегенде де жыр үлгісін ұстанады. Ақын сипаттауындағы батырдың әрбір қимылынан-ақ халық аңсаған ежелгі ерлер рухы, олардың халық санасында қатталып қалған қаһармандық тұлғасы елес беріп тұрады.

Жалғыздың жары «өзі» деп,
Құйысқанды қысқарттым.

Екі айылды берік тарттым,
Қалыңға қарай жол тарттым,
Қыруға шеттен бөрі боп.

Мен жазғызбын, дұшпан мың,
Мен жараумын, дұшпан тың,
Шаба алмасам маған сын.
Ақырын келіп тиістім...

Албастыдай еліріп,
Жалмауыздай емініп...
Күннің көзін басты шаң,
Жердің жүзін басты қан [185, 223 б.]...

Жауына жалғыз шабу, аттанар алдында аллаға сиыну, жауына албастыдай еліріп, жалмауыздай емініп тиісу, осындай айқастың нәтижесінде күннің көзін шаң, жердің жүзін қан басты деп көрсету – қазақ батырларының ерлігін жырлаудағы ежелден қалыптасқан көркемдік шарттар. Ендеше Бернияз ұлт азаттығын, оның күрескерлерін жырлаудың қиын кезеңінде өзінің іштен тынған ойларын ауыз әдебиетінің үлгісімен пернелей отырып жеткізуге тырысқан. Және ол тұста әлі де болса бұл тәсіл халыққа өте жақын еді. Соны тәсілдерді игеру әлі қалыптаса қоймағанды. Ерлік жырлар елдің ұғымына сай болуы тиіс еді. Сондықтан да сол тұстағы ақындар осы әдісті ұтымды деп тапты. Б. Күлеев те – солардың бірі. Бернияз үшін ертегінің елесіндей батырдың сыртқы тұлғасы, қиялға негізделген қимыл-әрекеті емес, оның ұлы арманы, биік рухы қымбат еді. Ақын оқырманын лирикалық кейіпкердің ішкі болмысына бойлатады. Жаңа ізденіске ұмтылыс әлі алда болатын. Мағжан, Сәкен ізденістерінің жемісі Берниязға да тән еді, амал нешік.

Өзін ұлтының ұланы сезініп, халық атынан сөйлейтін ақын яки оның лирикалық кейіпкері заманалар соқпағының сан түрлі қияпатынан өткен елінің тәуелсіздікке қол жеткізер болашағына сенеді. Сондықтан да ол ұлтының рухымен ұштасып жатқан лирикалық кейіпкердің қаһармандық қуатының белгісі мен бейнесін былай береді:

Жас жолбарыс ер ұлан,
Еріңді көр жау қуған,
Ерік үшін жан қиған,
Жүретін болсаң, келіндер!

Семсерімді шешпеймін,
Тұлпарымнан түспеймін,
Кегімді жауға кешпеймін,
Жорықшы бол да, еріңдер! [185, 226 б.].

Туған халқының азаттық алуға, ерікті ел болуға деген құштарлығы ақынға асқақ романтикалық шабыт, таусылмас күш-жігер құяды.

Жалпы алғанда, «Жорық» поэмасы жаңа өлең үлгісінде өріліп, өршіл рухта жазылған көркем де мазмұнды туынды болып табылады.

Бернияз Күлеевтің ақындық таланты – Құдай берген талант. Сондықтан мейлі лирикалық шығарма болсын, мейлі көлемді поэма болсын, ол тек жазбауға болмайтын болған соң ғана жазған. Олар мерзімі жеткен кезінде жүйрік те жүрдек қаламынан туындап, төгіліп жатқан. Бұған бір дәлел К. Шәменовтің мына бір пікірі: «Б. Күлеев қиыстырып, келістіріп жазатын шабытты, төкпе ақын болған. Ол 1922 жылы үш поэмасын («Гүл», «Жорық», «Қайда екен?») бір айдың ішінде жазған. Солардың көлемдісі де, көркемі де – «Гүл» [135, 414 б.]. Негізінде, бұл поэма аяқталмай қалған.

Поэмада ақын айналадағы надандыққа, тоңмойындық пен бейқамдыққа лирикалық кейіпкер атынан ой тастайды.

Жердің жүзі тебінгідей көрініп,
Қысылып жан көкке тартар желігіп.
Ойлай-ойлай, жырлай-жырлай жыласам,
Жеңлейем жүрек уы төгіліп.
Әрі жастық, әрі жынды сотқарға,
Қайда жүрсе, қайда тұрса – сот бар ма?!
Жұрттың бәрі ісін әбес көрсе де,
Өз дегенін етпей езгі тоқтар ма [185, 236 б.]?

Айналасынан баянды тірлік, бәтуалы іс көрмеген лирикалық кейіпкер өскен ортадан шошынып, әу бастағы тұнба тазалығын сақтаған табиғатпен тілдеседі, соған мәжбүр болады:

Улы жүрек жаннан сырын жасырып,
Отыр бүгін табиғатқа ашынып,
Айтып-айтып, төгіп-төгіп мейлінше,
Болды азырақ жай тапқандай басылып [185, 238 б.].

Осы сәтте лирикалық кейіпкерге қайыққа мінген «хордың қызы» кездеседі, ол бірден жалғыздықтан торыққан сезімшіл жанның еркін билеп алады. Жігіт елжіреп, егіліп, жүрегiнiң сырын, көңiлдегi мұңын ақтара бастайды:

Секунд сайын у жайылған жан өлмек,
Секунд сайын у жауға жан келмек.
Ертеңгі өлік бүгін құрбан іздейді,
Біреу өлмей, бар ма біреу күн көрмек?
...Аспан алыс, жердің түбі терең ғой,
Амалсыздан ыза боп жас төгем ғой.
Өмір – бүгін, бүгін соны білмесем,
Ертеңгі күн арманда боп өлем ғой.
...Әлденеден күдерімді үзбеймін,
Неменеден, неге екенін білмеймін.
Адам білсе, біледі де сөгеді,
Ыза болып оңаша жер іздеймін [185, 242 б.].

«Хордың қызы» жігіт жанын түсініп, өзімен бақытты боларына сенім білдірген емеурін танытады. Сөзіне сенген жігітке өз шартын қояды:

Мен не десем, тіл қайырмай көнесің,
Тек мені біл, басқалардан безесің.
Кем, қор жаннан маған жанды жуытпай,
Жанасқанды тұншықтырып езесің.
Тәсек деп біл сондайлардың денесін,
Қорегіңе қанын сорып емесің,
«Әділдік» пен «қуаныш» деп қарамай,
Адал, арам – талғамай жей бересің [185, 248 б.].

Әрине, лирикалық кейіпкер бұл шартты қабылдамайды.

Жауынгер боп жердің жүзін қан қылып,
 Бай, патша боп, өзім дейді зар қылып,
 Сырынды айт деп табиғатты бүлдірсем,
 Не ғылайын атақ алып ғалым боп?!
 Ол өмірден қызық көріп не етейін.
 Ол қызықпен қай арманға жетейін?!
 Тіліңді алып, дегеніңе көнгенше,
 Өмірімше жар сүймей-ақ өтейін [185, 265 б.].

Қызық! Бір қарағанда түс, қиял сияқты бірдеңе. Көп зерттеушілер, шынында да солай қабылдады. Мысалы: К. Шаменов шығарманы баллада дей отырып, былай деп бағалайды: «Бұл балладаның негізгі идеялық арқауы – ғылымды меңгеріп, дүниенің сырын білуге ұмтылған, шын бақыт осында деп ұққан жас талапкердің іс-әрекеті арқылы күшпен бақытты болып жүргендерді, соның төңірегіндегілерді әшкерелеу. Бұрынғы заманның бақыты – зорлық-зомбылықтың салдары, оны қостаушылар – жын-шайтан дейді автор. Сөйтіп, ол езілген еңбекшілерге пайдасы жоқ жалған бақтан безеді де, жалпыхалықтық бақытты аңсайды. Бұл – үлкен суреткердің ежелден суреттеп келе жатқан гуманистік идеясы еді. Б. Күлеев оны өзінше жаңа лебізбен жырлап бере алған» [135, 441 б.].

Алдымен, шығарманың жанрлық ерекшелігіне келсек, ол сюжет желісі жағынан лирикалық поэмаға ұқсас, бірақ оқиға дамуы мен суреттеу нақысына, автордың лиро-психологиялық шегіністеріне қарағанда, балладаға жақындау екені рас. Бірақ көркемдік белгілері оны неғұрлым поэмаға жақындата түседі. Бірақ зерттеушілер бір нәрсеге назар аудармаған секілді. Ол – поэманың жазылу жылы. 1922 жылы Бернияз үш поэманы бір айдың ішінде жазып тастайды. Неткен асығыстық. Неге асықты?.. Ақынды асықтырған ішкі жан толқынысы еді. Тіптен оны өлімге жетелеген махаббат емес, осы ішкі жан толқыныс па деген ойға қаласың. Өйткені ол өз өмірінің мақсаты санаған, арман еткен ұлттық бостандыққа, ел еркіндігіне қол жеткізе алмады. Күткен бағы «Хор қызы» сорға айналды. «Қызыл тілі кісендеулі» Мағжанның күйін жанымен ұқты, жүрегімен сезінді.

«Гүл» деп санағаны «күл» болып шыққан ақын жанының шарқ ұруы – нанымды нәрсе. Қызылдың әкелген кесапатының сырын ұққан Бернияз ашық айта алмасын біліп, қиял мен пернелеуді араластыра отырып, шын сырын жайды. Ащы зарын төкті. Ахмет, Міржақып, Мағжандай талай сыннан, талай тағдыр талқысынан өтпеген, өзегін өкініш өртеген өрім жас суарылмаған шар болаттай шарт сынды. Бірақ айтарын айтып кетті, алдамшы өмірге налып кетті.

Б. Күлеев поэмалары – сюжетсіз лирикалық толғаныс. Мұнда ақынның шағын жанрға сыйдыруға келмейтін ағыл-тегіл сезімі, биік те өршіл рухы біте қайнасып жатыр. Шындықты көркемдікпен өрнектеу, дүниені санамен түйсіну арқылы ақын символдық бейнелеу мен нәзік лиризмді ұштастыра отырып, кесек сипаттағы, күрделі туындылар жасаған.

Ендеше Бернияз Күлеев поэмалары – сыршылдық пен ойшылдық қат-қабат келетін, көркемдік қуаты келісті, қазақ поэзиясындағы эпикалық туындылар ортасынан орнын ойып алатын құнды дүниелер.

Бернияз Күлеев – шын мәнінде халықтық әдебиеттің алтын қазынасын аршып алып, ұлттық дәстүрдің озығын өлеңіне өзек еткен ақын. «Абай – ақылдың ақыны, Мағжан – ақынның ақыны» деген Сәбит Мұқановтың қанатты сөзі Берниязға да дәл келеді. Иә, Бернияз – ақынның ақыны. Оның поэзиясында сыр да жетерлік, сезім де жетерлік. Ол – осы екеуін тоғыстыра отырып, адамның жан құбылысын ашып, көзге көрінбес көңілмен сезер, көкірекпен көрер сурет жасай алған суреткер.

4.3. М. Жұмабаев, С. Торайғыров поэмаларындағы ұлт-азаттық идеяның көркемдік болмысы

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде өзінің көлемді көркем туындыларымен қазақ поэзиясының дамуына өлшеусіз үлес қосқан ақын Мағжан Жұмабаев. Оның эпикалық жанрдағы туындылары өзіндегі озық ой мен көркем көркімен көз тартады. Мағжан поэмалары, ең алдымен, шығарма табиғатындағы азатшыл ойды арқау еткен күресшілдік рухымен қуатты. Ақын жазған әр поэманың ішкі мәнінен ұлтым деген ұлтжандылық «мен

мұндалап» тұрады. Олардың қай-қайсысына да ұлт-азатшыл идея нәр бергенін аңғару қиын емес.

Мағжанның «Қорқыт» (1922), «Ертегі» (1922), «Оқжетпестің қиясында» (1923), «Қойлыбайдың қобызы» (1923), «Батыр Баян» (1923), «Жүсіп хан» (1924) тәрізді бірнеше поэмалары бар. Бұлардың тақырыптары әр түрлі, көркемдік деңгейлері әрқелкі болғанымен, қазақ поэзиясында өзіндік орны бар дүниелер. Мұның ішіндегі көркемдігі келіскен терең мағыналы шығармаларының бірі – «Қорқыт».

«Қорқыт» поэмасы – қазақ ауыз әдебиетіндегі белгілі аңыздық кейіпкер – Қорқыт турасындағы туынды. Бұл поэмада әлемдік әдебиеттегі қаһармандық ұлы тұлғалардың бірі, ұлы мақсат аркалап, адамзатты өлімнен арашалауға ұмтылған, өлімнен қашып, ажалмен күрескен Қорқыт бейнесін сомдай отыра, ақын Қорқыт образын өз рухымен ұштастыра береді. Поэманың соңындағы мына жолдар осының айғағы.

Енді менің жолдасым – жалғыз қобыз,
Сарна қобыз, мұң-зарлы шығар лебіз,
Сен жыласаң, жылармын мен де бірге,
Жан жыласа жыламай қалама көз?!
Өмірде арманым жоқ – Қорқытқа ерсем,
Қорқыттай жанды жаспен жуа білсем.
Жас төгіп, сұм өмірде зарлап-сорлап,
Құшақтап қобызымды көрге кірсем [173, 230 б.]!...

Мағжанның бұл сөздерін өмір мәнін, ондағы тартысты күрес сырын толғаудан туған шешім деп қабылдау керек. Бұл – ақынның сол тұстағы өз өмірінде тап болған қиындықтардың әсірінен жазылған поэма. Өлімнен қашып, ажалмен күрескен «Қорқыт – Мағжан үшін мәңгілікке символ болар қаһармандық бейне, өлмес рух» [46, 35 б.]. Оны жырлау – өмір үшін күресті жырлау. Тағдырдың тақсиретін көп тартқанмен ақын о дүниені аңсайды деген ой тұмауы керек, ол – өмірін күреспен өткізіп, «Қорқыттай қобызыммен көрге кірсем» деген ұлы арман иесі. Ол өлмес рухтың күйін шерткен Қорқыт қобызын ажалға қарсы күрес қаруы көреді. Ал Мағжанның жан қобызы – оның поэзиясы, мәңгі жас, өміршең өлеңдері. Мағжанның сыршыл лирикаларынан бастау алған

бұл сарын, яғни өмірді бейнешілдік арқылы суреттеу, өмір мұң-зары туралы ой толғау оның «Қорқыт» поэмасында жинақталып, ең шырқау биігіне көтерілген.

Мағжанның поэманы «Қорқыт» деп атауында үлкен мән-мағына, терең сыр жатыр. Ақынның өз поэмасына арқау етіп, аңыздағы ажалмен алысқан Қорқыт бейнесін алу себебі, біріншіден, туған әдебиеттегі озық бейнелердің болмысын жанымен түсініп, соны өзінше жырлауды мақсат тұтқан ойдан туса; екіншіден, жалпы түрік елінің өткенінен өзінің тынымсыз ойына тиянақ тауып, бабалар рухына бас июді мақсат тұтқан ұрпақ парызының көрінісі.

Мәңгілік өмір үшін күрескен Қорқыт Мағжан поэмасында аңыздық бейне күйінде қалып қоймайды. Қазақ санасына ой мәйегі тұнып қалған дана ойшылының, өнерлі рух ұстазына айналған күй атасының романтикалық құлшыныстан туып, көркемдік шындықтан жаралған көркем образы жасалады. Ақынның ол туралы:

Өткен күн ертегі ғой тамаша таң,
Ойласаң өткен күнді жұбанар жан.
Байқасаң адамзатта болған ба ақын,
Қорқыттай атасынан бата алған [173, 232 б.], –

деуі осыны танытса керек. Қорқыт – жанды бейне. Рухы күшті ұлық ұстаз ажалмен күреске саналы түрде барады. Мағжан «Қорқыты» белгісіздігі басым аңыздың ішінен шығып, өмірлік болмыстан туған ақиқатты тұлғаға айналады. Ол ажалмен сенімсіз, тылсым күштер арқылы емес, ұлы өнер күшінің құдіреті, күңіренген күйдің сазы арқылы кездеседі. Мұны ақын Қорқыттың ішкі әлемімен астастыра бейнелеп, биік романтикалық рухтың табиғатын ашып, нанымды суреттейді.

Мағжанды Қорқыт тақырыбы рух үндестігімен қызықтырған. Өйткені Қорқыттың ажалмен күресі – ақынның бостандық сүйгіш, азатшыл рухымен үндес. Мәңгілік өмір идеясы – мәңгілік еркіндік идеясының әу бастағы шамшырағы іспетті. Қайда барса, алдынан «көр» шыққан Қорқыт тәрізді тәуелсіз өмірді аңсаған Мағжан әлемі де үнемі қайшылыққа ұрынудан көз жазбайды. «Қолмен ұстап, көзбен көріп» сендім дегені сағымға айналып

шыға келсе амал бар ма?! Аз уақыт ішінде тәуелсіздікке қол жетті деп, екі рет алданған шерлі жүрек қалайша күңіренбесін?! Ақын жаны қалай алас ұрмасын?!

Ес білдім, алас ұрдым сағым қуып,
 Жете алмай бетті талай жаспен жуып.
 Артымда – ор, алдымда – көр, өтеді өмір...
 Дариға бесігімнен көрім жуық.
 Көп заман жетеледі жынды жүрек,
 Ойладым: «Жүрек жетер, ой не керек?!»
 Тәтті у еді, сол удан неге айныдым?
 Дариға үміт өлмек, жүрек сөнбек [173, 321 б.].

«Қорқыт» поэмасындағы автор ұсынған идея – мәңгілік күрес идеясы. Бұл – Мағжан поэзиясындағы азатшыл сарынның негізгі желі екендігінің тағы бір дәлелі.

«Мағжанның бір-біріне жалғас туған, алған тақырыбы да, айтар ойы да ортақ екі поэмасы бар. Алғашқысы – «Оқжетпестің қиясында», соңғысы – «Ертегі» [199, 7 б.]. Алдыңғысы Кенесары жайлы болса, кейінгісі оның батыр ұлы Сыздық туралы. Екеуі де азаттық атты ұлы идеяны арқау еткен, соған бағытталған. Мағжан мейлі аңыз араластырсын, не қиял қоссын – соның бәрі бір ғана нәрсені жырлаудың ұтымды тәсілі болып шығады. Ол – бостандыққа ұмтылған халықтың күресшіл рухын ештеңе баса алмайтындығы, оның ғасырдан-ғасырға жалғасын тауып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып кете беретіндігін меңзеген азатшыл идея. Соның бір куәсі – Әлихан, Ахан, Жақандармен тізе қосқан ақынның өзі. Олар – кешегі Кенесары, Сыздық рухының ұшқыны. Олардың бұл ісінде Кенесары ұрпақтарының қатар жүруі – алтын арқаудың үзілмесінің белгісі. «Оқжетпестің қиясында» поэмасы арынды шабытпен басталады:

Арқада Бурабайға жер жетпейді
 Басқа жер ойды ондай тербетпейді,
 Бурабай көліменен Көкшетауды
 Көрмесең көкіректен шер кетпейді.
 Қиясы мен бұлт құшқан Оқжетпестей,

Басқа тау ойды аспанға өрлетпейді.
 Арқада Бурабайға жер жетпесе,
 Алашта Кенекеме ер жетпейді
 Көкшеде күңіренген Кене қайда?!
 Дариға жүрегімді дерт өртейді [173, 236 б.].

Мағжан поэмаларының бір ерекшелігі ақын қай шығармасында болмасын алғашқы түйдекті шумағынан жазар тақырыбының мәнін, айтар ойын айқындап тастайды. Әрі бастау – әрі түйін. Алғашқы жолдардан-ақ оқырман жүрегіне жол тауып, көкейіне ұялап, көңіл қылын шерте жөнеледі.

Мағжан жаны Кенені неге іздейді?! Міне, бар түйін осында. Поэманың жазылу мерзімі – 20-22 жылдар. Сана серпіліп, рух көтеріліп, ел деп атқа мінген күндер артқа қалған, жүрекке қайғы салған жылдар бұл. Сондықтан да өткенге қайырылады, содан жанына тыншу табады. Ақын жаңа Кенесарыны көре алмай, жалған арман, сөнген үміт зарын жырлағандай әсерде болады. Қиялы көк пен жердің арасын кезіп, өткен мен бүгін, бүгін мен ертеңнің арасын айырып, жалғасын тауып, ой түбіне жетпек болған Мағжан мен «Оқжетпестің қиясындағы» Кенесары ойы үндес. Сондықтан да ол:

Құдай-ау, мәңгілікке қарғамасақ,
 Кенедей енді неге ер тумайды?!
 Кене жоқ, ізін басар іні де жоқ,
 Дариға, жүрегімді дерт улайды [173, 236 б.], –

деп күңіренеді. Поэмадағы лирикалық сезіммен ұштастырылған асқақ романтика осы күңіреністен нәр алады. Өйткені дәл Мағжандай ойы оңға бөлініп, қалың күдіктен босар жол таба алмай санасы сансырап «ой теңізін құлаштаған» Кенесарыны ұлы күреске жетелеген ата-баба «аруағы» емес пе?! «Ата – пір, қасиетті қарт баба» – елдің сағы сынбас, мәңгілік ұлтпен жасар ұлы рухы. Кенесарыны туғызған сол ұлы рух тағы сондай ұл берері ақиқат.

Мерт болсаң мақсұтыңа жетпей егер,
 Сол сағат мен осы жерде тасқа айналам.

Алашта тағы сендей ер тууын,
Төбеде тас боп шөгіп күтіп қалам [173, 239 б.].

Қара тасқа айналған, мәңгілік қалғымас рух ескерткіш – күресшіл ел қайсарлығының киелі белгісі. Атар таңға, шығар күнге деген сенім күші. Кенесарыны ел тәуелсіздігі жорығына бастаған «аруақтың», бүгін болмаса да бір заманда қайта ораларына сенеді ақын. Аңыздан шындыққа тұғыр болар арқауды осылай табады. Мағжан үміті үзілмейді, оған поэманың мына жолдары куә:

Содан бері бірталай заман өтті,
Алашты улай-улай жаман өтті.
Тұлпар-тулақ, ел арып, аруақ боп,
Сарыарқа сайран жердің сәні кетті.
Жолбарыстар жортатын сар далада,
Қорсылдаған доңыздар мекен етті.
Жалғыз-ақ Оқжетпестің қиясында,
Шөккен қарт күн шығысқа түзеп бетті,
Көп заман талмай-тозбай тау басында,
Алаштан Кенекемдей бір ер күтті [173, 240 б.].

Ел арысы Кенесарының Оқжетпес қиясында ойға беріліп, аруақпен сырласып нық шешімге келгені жайлы шындығынан аңызы басым бір сәттік оқиғадан ақын биікті шарлаған іргелі ой туғызады. Ұрпақ жүрегіне от жағып, санаға сәуле құяды.

«Ертегі» поэмасында ақын өзіне тән тәсілі – өз жайынан белгі беруден бастайды. Тағы қайталап айтарымыз, Мағжан қаламынан жаралған әр туынды оның жанымен жарасып, жүрегімен үндесіп кететіндігі. Бұл – Кенесары жырына дайындық іспетті поэма. Ақынның поэма жанрындағы алғашқы талпынысы ғана емес, «тіл кісендеулі» заманда қиял, аңыз, ертегі т.б. астастыру арқылы, түсінер жанның түйсігіне жетер терең ойды сыналап беріп, санаға ендіру тәсілін игерудегі алғашқы қадам. Айтарын ашып айта алмаған ақын тордағы арыстандай аласұрады. Көкейдегі кермек ой қалайда сыртқа шығуға тиіс. Ол жырға айналуы, жыр болғанда өксік емес, өзегінде шоқ жатқан, үп етсе отқа оранар отты жыр болуы тиіс. Көкіректің гөй-гөйін шертер күй-дастанның құлақ күйін қалай келтірмек?! Кенет, міне, табылды. Ол – ес-

те қалған, ертегінің елесі, сананың аялаған аңызы. Ақынның ашынған жаны содан байыз табады, қиыннан қиыстырған «қызығына» жұбанады. Шым-шытырық дүниеге шым-шымдап шындық енгізеді.

Бүгін жаным өртке оранған жанға ұқсап,
 Бүгін жаным тым аңсады от құшақ.
 Жынды жүрек тығылады аузыма,
 Тілім-тілім тілсе келіп у пышақ...
 Аласұрад, жынданады жас жүрек,
 Қарақ керек, Арақ керек! Не керек!
 Бәрі де жоқ, жалғыз жолдас – қиялым,
 Жұбатады айтып маған тәтті ертеқ [173, 249 б.].

Ертегінің бас қаһарманы – Кенесарының Көкжал ұрпағы Сыздық. Бірақ бұл – Абылайдың арыстан заманы, Кененің қабылан заманы өтіп, ел азып, ер арыған заман. Ел рухын көтере алмай, көкжал Сыздықтың түзде жортқан заманы.

Алты алаштан алты адам ермеген...
 Алаш сорлы келешегін көрмеген.
 Орыс алды, қимылдаған қазақ жоқ,
 Қайран Сыздық құса болды шерменен.

Қайран Сыздық елден үміт үзеді,
 Жап-жас Сыздық елден, үйден безеді.
 Жатып өлмей, жортып жүріп өлем деп,
 Түркістанның бетпақ шөлін кезеді [173, 251 б.].

Мағжан поэманы неге «Ертегі» деп атады десек, онда үлкен мән бар. Айналасын өрт шалып, санасы түтінге тұмшаланған ақынды құтқарушы – қиял сәулесі. Ол ертегіден ем іздейді. Жапанда жалғыз жортқан Сыздық – еркіндік символы. «Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін» деген Ахаң ойымен астасатын бір сыр бар мұнда. Сыздық – өз еркі өзінде жоқ, торға түсіп тыпырламаған, қараңғы түнді қақ жарып, түн жамылған «жәдігөй жауын» жеңіп, өзіне деген сенімін жоғалтпаған жолбарыс жүрек. Осы сенім оның кеудесіне үміт отын жағып, жүрегінде запыран ұды жаяды.

Осы ойлармен Сыздық атын ерттеген,
Тап сол кезде ер жүрегі өрт екен...
Заман озды, адам тозды, ерлер жоқ...
Заман озды, ер заманы ерте кен [173, 267 б.].

Сыздықтың жалғыздығы – еркіндігі, еркіндігі ел үшін жасалар ерлікке жетелейді. Ертегі – ермек емес, айтар ой сыртқа шықпай тұншыққан заманда «ой түбінде жатқан сөзді» шығарар көркемдік тәсіл.

Бітті ертегі. Аласұрад жас жүрек,
Қарақ па әлде? Арақ па әлде? Не керек?
Арағы да, қарағы да құрысын!
Қиялтайым айтшы тағы, тағы ертегі [173, 269 б.]!..

Мағжанның жанына жұбаныш, жалғыз алданыш осы – «ертегі». Ол үшін «ертек» шындықтан да қымбат. Шындық шырмалған, сана уланған заманда одан басқа не жұбаныш болмақ. Ақын тағы «ертек» тудырады, ол – «Оқжетпес қиясында». Ондағы «жынды қиял» – тіпті шарықтап кетеді.

Мағжанның шағын поэмасының бірі – «Қойлыбайдың қобызы». Мұнда ақын «Қорқыттағыдай» өнер құдіретін, рух құдіретін жырлайды. Бұл поэмада Қойлыбай бақсының ат бәйгесіне қобыз қосқаны жайлы аңыз арқау болған. Мұнда әлеуметтік астар басым. Өнерпаздың ел алдындағы мерейі, халық құрметі бар мұнда. Өнерпаздың өнері келелі, аузы дуалы, сөзі жұғымды, ойы ұғымды болған, елі ардақтап, қадір тұтқан заманды аңсау меңзеледі.

Найманның арыстаны – батыр Барақ,
Өмірінде жан ба Барақ жаудан тайған.
Жарасқан бай мен биі, батыр, бақсы,
Алыста елестейсің заман қайран!
...Құдай-ау, албастының ойнағындай,
Мынау сұм заманға кез қылдың қайдан?
Шіркін-ай, кер заманды күл қылар ем,
Бата алсам Бағаналы Қойлыбайдан [173, 201 б.].

«Батыр Баян» – қазақ тарихының белгілі кезеңіне арналған көркемдік деңгейі жоғары поэма. «Қазақтың өткендегі өмірі мінсіз, кірсіз, идеальный өмір көрінеді, оған бұрынғы өткен қарттар да, батырлар да, ақындар да, жақсылар да бұ заманда болмайтын жат адам болып көрінеді. Нағыз өмір, нағыз дәурен соларда болған «адам» деп, «ер» деп ауыз толтырып айтуға солар жарайды. Бүгінгілер немене? Адамгершілік ар-ұяты жоқ, қыбырлаған қоныздар, қорсылдаған доңыздар»... сықылды көрінеді.

Қазақ әдебиетінде романтизм дәуірі аяқталуға Мағжан көмек көрсетті деуге болады. Бұрын Мағжан өлеңдерінде орыстың түрлі ақындарына еліктегені көрініп тұрса, қазақтың ақындарымен танысқаннан кейін Ақан сері, Шәңгерейлерді жинағаннан былай, Мағжан өлеңінің бетін ескілікке қарай бұрады. Енді қазақтың ескі ақындарын дәріптейді. Қазақтың ескі заманын жырлайды.

Ертегі, Қорқыт, Баян – Мағжанның романтизмі күшейгендігіне дәлел» [171, 219 б.], – дейді Ж. Аймауытов. Ақынды бүкіл болмысымен түсінген қаламгердің бұл ойлары «Қорқыт» пен «Батыр Баян» поэмалары тек қана романтизммен шектеліп қалмай, бойында реализмге тән белгі, әдіс-тәсілдер түгелдей бой көтеріп, бір-бірімен тоғысып, толығудан, түйісуден туған дүние деп қарауға жол ашады.

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,
Сұм өмір абақты ғой саналыға.
Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,
Сондықтан жаным күйіп жанады да [173, 280 б.], –

деп, «қолы емес, тілінің кісендеулі» болуынан бұл тіршіліктен безінген ақын «Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң, толғанып қарауым сол баяғыға» деп өз сырын тағы ашып береді. Одан әрі ақынның романтикалық биік өресінің қиясына бірге самғап, іштей онымен сырласып кетесіз. Өткен замандағы өз ұлтыңның ұлан-ғайыр даланы қорғаудағы ұмытылмас ерлік күресінің куәсі боласыз. Ұлтының айбары болған Абылайды, махаббат сезімінің құрбандары Ноян мен қалмақ қызын, елін жаудан қорғаған Батыр Баянды танысыз. Оның өкініш өзегін өртеген сәттегі жан-дүниесіндегі ала құйын сезімдер мен көзсіз ерліктерінің сырына қанығасыз. Ақын бірде мөлдір сезімді,

бірде қайғының қасіретін алма-кезек жырлай отырып, оқушының сезімін үйіріп, ақындық құдіретіне табындырып, өлең сөздің тылсым тереңіне тартады.

Ақынның «Батыр Баяны» – тілі, сюжеттік құрылымы, композициялық құрылысы жағынан ең озық үлгідегі, Мағжандай ақынның шеберлігін, талантының сан қырын ашып, кемел дарынын тап басып танытатын туындының бірі.

Поэманың ең басты жетістігі – Баян батырдың шындықтан сомдалған соны тұлғасының жасалуы. Ол – шынайы көркем образ. Сыздықтай, Кенесарыдай, Қорқыттай, Қойлыбайдай аңызбен астасып, ертегімен етене байланысып кеткен бейне емес, өмірдің реалды шындығынан жаралған толыққанды тұлға. Ол оқырманға бірте-бірте ашылғанмен, ә дегенде-ақ өзіне ерекше тартып, өзгеше қызықтырады. Баянды алғаш ел тұтқасы хан Абылай сипаттауынан танимыз.

«Қанайым, ойың ұдай, тілің шаян,
Амал не, келген жоқ қой батыр Баян.
Көп жаудың албастысы, ел еркесі,
Баянның батырлығы алашқа аян.
Баянның аруақты құр атынан
Көп қалмақ болмаушы ма еді қорқақ қоян?
Наркескен, өрттей ескен, қайтпас болат,
Баянсыз қанатымды қалай жаям?!
Би Қанай! Аттанбайды хан Абылай,
Келмесе кандыбалақ батыр Баян [173, 281 б.]!»

Хан Абылайдың жорыққа аттанар қолын тоқтатып тұрған Баянның орны осылай айқындалады. Бұл – оқырманды дайындау шарты. Бұның артын ширыққан шиеленісте күтіп тұрғаны кәміл. Осыған орай, авторлық баяндау шегініс жасап себептің мәнін ашады.

Бір жорықтың нәтижесі, қолға түскен қалмақ қызының тағдыры, Баян інісі Ноянның қызға ғашық болып қалып, уәделескен қызбен қалмақ еліне қашуы, Батыр Баянның ашу үстінде екеуін де өлтіруі.

Мағжан шеберлігінің бір қыры – тарихи шындық пен көркемдік шындықты жымдастырып жіберуі. Ел аңызы мен ақын қиялы

бірін-бірі толықтырар бірлік тауып, шығарманың шыншылдығын бекіте түседі.

Баян – артына аңыз да, тарихи дерек те қалдырған тарихи тұлға. Ол туралы деректің қайнар көзі – Шоқан жазбалары. Поэманың басталуы мен аяқталуындағы оқиғалар өрісі осы Шоқан деректерінен желі тартады [200]. Ал батыр Баянның інісін өлтіруі ел аңызымен байланыста өріледі. Ол аңыздардың бірі Баян қалмақ қызымен қашқан інісін өз қолымен өлтірді дегенді растаса, екіншісі жоққа шығарады [201, 61 б.]. Қалай дегенде де, Мағжан алғашқысына тоқталған. Өйткені Баянның ел қорғаны батыр ретіндегі бейнесін сомдауда, оның тұлғасын көркемдік тұрғыдан толықтыруда аңыздық алғашқы желісі ұтымды. Сонымен бірге отаншылдық атты ұлы идеяны биікке көтеруде алғашқысы ойға дөп.

Ноян бейнесі – шығармаға негіз болған ұлы идеяны өрлетудің алтын арқауы. Тарихи шындығы күмәнді осы бейненің көркемдік шындығы өте сенімді. Әңгіме – Ноянның өмірде болған, болмағандығында емес, осы көркем образ арқылы Мағжанның драмалық тартысты дамытып, Баян тұлғасын даралауда оған өзгеше жүк артуында. Баянның психологиялық портреті, ішкі мінездемесі осы Ноянға қатысы арқылы терең ашыла түседі.

Ақша маңдай, толқын шаш қалмақ қызына Нояннан бұрын ғашық Баян жауапсыз қалған сырлы сезімді ішке бүккен-ді. «Болмасын жас сұлудың білгеннен соң // Ер Баян қарындас қып ерік берген» деген жолдар – осының айғағы. Баянның да, өзінің де сорына орай «сұм сұлуға» Ноян да ғашық болады. Он бес жасар Ноянның хас сұлуға ес-түссіз ғашық болмауы тіпті мүмкін емес. Мұны Мағжан сөзбен кестелеген қыз келбетінің өзі-ақ айқындап тұр:

Сол сұлу сұлу екен атқан тандай,
Бір соған бар сұлулық жиылғандай.
Торғын ет, шақпақтай бет, тісі меруерт,
Сөздері су сылдырлап құйылғандай.

Бір улап көзқарасы, бір айнытқан,
Жұлдыздай еркелеген сөнбей-жанбай.
Лебізі – жібек лебі, жұмақ желі
Кәусардай татқан адам қалар қанбай [173, 292 б.].

«Бар ақылы білегінде» жүрген, ғашықтықтан естен танған жас Ноянның көзсіз көбелектей сұлу қыздың «сиқыр» сөзіне елітіп, елінен безіп соңынан еруі, қай жағынан болса да нанымды. Шындықтан еш алыс емес. «Сұм сұлудың» осы бейнесі Ноян түгіл Баянның жүрегіне шоқ түсіріп, ақылын ашуға жеңдіртеді.

Баянның қашқындар хабарын естіген сәттегі сезім күйі былайша сипатталады:

Боз үйде жалғыз қалып Баян енді,
 Жаралы жолбарыстай күніренді.
 Қорғасын миын, ойын төмен басып,
 Ақылға алғыр құстай ашу төнді.
 Бір көк сұр түс енгізіп бар денеге,
 Сұм жүрек қанды өзіне жинай берді.
 Ақырда ашу ерді билеп кетіп,
 Жалп етіп сөнген шамдай ақыл өлді.
 Өлді ақыл. Атып тұрып батыр Баян,
 Боз үйден оқ жыландай шыға келді [173, 301 б.].

Бұл – қызғаныш пен намыс, ашу мен ақыл шарпысқан күйзеліс сәті. Мұнда намысты қызғаныш, ақылды ашу жеңгенінің психологиялық дәлелі басым. Адамды – ханды да қараны, батырды да, бағланды да долы сезім билеген тұста ақыл мен сабырға пұрсат жоқ. Өзгеге тұсау салған қорқау сезім жаннан тәнді айырып өзіне ғана билетеді. Қос мұңлықты қуып жеткенге дейінгі аралықта Баян батыр осы алапат сезімнің жетегіне ереді. Жетті... Бітті... Іс тынды... Ашу қысқан Баян бойын қорқыныш билеген інінің еркелеген ессіз күлкісіне де, «көкелеген» жалынышты үніне де қарамайды, қыздың «ағалаған» ақтық тілегіне де тоқтамайды. «Өлген ақыл», өшкен сана ештеңені тыңдатпайды. Ақылы білегіне, ашуы садағына көшкен, екі көзіне қан толған жүрегі жаралы батыр ажал оғын екі рет тартады.

Екі жас аттарынан ұшып түсті,
 Түскенде бірін-бірі құшып түсті [173, 307 б.].

Ашу мен ыза уысына қармалып, «қызғаныштың қызыл итіне» жем болғанын кеш түсінген Баян санасындағы өкініш, күйініш,

өлшеусіз қайғы психологиялық тереңдікпен ашылады. Жанарына кінәсін мойындап, жүзіне еріксіз күлкі үйірген «бөбек пішін» Ноянның «ерке түсі» тұнып қалған, жүрегіне жан бауырдан айырылғанын кеш сезінген қасірет қаны ұйып қалған Баян «Жолды өзекті» жаңғыртып өзекті өртеген өкініштің «гөй-гөйіне» басады.

Күй, жүрек! Көл бол, жасым! Өртен, ішім!
 Алдымда айнама жатыр бөбек пішін.
 Сұм садақ кетсе де үзіп жас жүрегін,
 Жойған жоқ құлыншағым ерке түсін.
 Сорлы ағаң атып жығып, өз інісін,
 Иіскейді енді зарлап аппақ төсін.
 Тартқанда сынбадың-ау, сұм садағым!
 Қайтейін, арымадың, арда күшім [173, 309 б.]!

Жүрегінің тереңіне бойлап кеткен қайғының қара жері жас боп ағытылған жан күйзелісінің бір сәтінде ақын қаһарманына «неге» деген қияпатсыз сұраққа жауап іздетеді. Соларқылы көкіректегі қос сезім тайталасын қаралау мен ақтаудан тұратын санадағы қайшылық тартысын сұңғыла суреткер тұңғыық терең сырға тұнған монологтің мың құбылма иірімі арқылы береді. Бұл туралы Мағжан шығармашылығындағы психологизмді жете қарастырған ғалым Б. Майтанов былай деп ой түйеді: «Монолог мазмұны оқиғалық негізде өрбиді. Болған эпизодтар Баян санасынан қайталап өтуде. Бірақ бұл – ой, қиял араласқан айқын эмоционалды көріністер. Салқын эпикалық сурет қайнаған лирикалық драматизмге ауысқандай. Ерекше экспрессивті сөздер легі, эпитет, теңеу, ауыстыру мысалдарының ғаламат өрнегі, зарлы интонация, тыныстық үзілістер, дауыс регистрлері, кейіпкердің теңдессіз күйінген сырын жеріне жеткізе бейнелейді» [202, 40 б.].

Күңіреніп жатқан Баян батырдың санасында кенет жарқ етіп жасын ойнап, селт етіп серпіліс келгендей. Ағарып атқан таңмен жарыса ашу мен ызаның қара бұлтынан арылған санадағы ой ағысы енді өзге арнаға лықсиды:

Жоқ, әлде, жоқ, жоқ... Әлде... Өлтірдім бе,
 Үнімді алты алаштың намысы үшін?!
 Арқамдай жер жүзімде жер бола ма?

Айбынды алашымдай ел бола ма?
 Алашта ерте өткен екі арыстан:
 Ер Көкше, Ер Қосайдай ер бола ма?
 Солардың нәсілінен Сары, Баян,
 Барыстай ойын салған сар далада.
 Інісі Ер Баянның, жасық Ноян,
 Атадан озып туған дер бола ма?
 Құл болса бір қыз үшін балдырғаны
 Алашқа бұдан ауыр шер бола ма [173, 311 б.]?!

Санадағы сан тарау тартыс шешімін тауып, намыс деген ұлы ұғымды алға шығарады. Өзін-өзі қаралаудан ақтау басым келіп, ар алдындағы арылу басталады. Сөйтіп, Мағжан психологизмі басқа қисынға бет бұрады.

Ел беті енді маған болсын арам,
 Алашым, аттанамын, жауыңда өлем [173, 315 б.]!

Поэмадағы Мағжан түйген идея түйіні – осы. Ұлт намысы – сатқынға тартылған сұр жебе.

Поэма болмысында өзгеше орны бар қалмақ сұлуы – Ақшамандай – қосалқы міндет атқарса да айтар ойға желі тартар, көркемдік шындықтың шымырлығы үшін қажет бейне. Тарихи шындығы көмескілеу, болған болмаған белгісіздеу бұл кейіпкерді Мағжан жүрегін емген арда сезімнен жаратқан. Өзі сұлу, сөзі сиқыр сайтан қыз Ноянды махабаттың шылбырына матап, сезімнің құлына айналдырады.

Махаббат отына күйіп-жанған екі жас: бірі – ессіз сезімнен естен танып, Отанын оттан ыстық махаббатқа айырбастайды, екіншісі – мөлдір сезім, киелі махаббатты отанына оралудың қаруы етеді. Баяндағы қызғаныш уытының улы шығуының себебі ол ұлттың намысына суарылған. Ноян мен Ақшамандайдағы ортақ сезім, екі ұдай жан құбылысы Баянның қаһарына кезіктіреді. Жұбын тапқан қос ынтық жерұйықты өзге жұрттан іздемесе, батыр Баян қос жүректің үмітін тажал оқпен үзер ме еді, қос козысын ажалға қияр ма еді?!... Әрине, жоқ! Сондықтан да поэмадағы шырқыраған шындық, мерейлі мақсат ұлттық намыс, отаншылдық рухтан өріс тапқан.

Ұлт ұйытқысы хан Абылай – шығармада тәуелсіздік айбары. Ол – кеменгерлігін халқы мойындаған, айбынды елге арқалы тұтқа ұлы тұлға. Жанама мінездеулер арқылы жұрттың оны мойындауын, мақтан тұтуын, дәріптеуін былай қойғанда, ер шыдамас тағдыр талқысына түскен Баян батырдың жан дүниесі алай-дүлей сәтте оны еске алуы – Абылай тұлғасын асқақтата түсудің бір тәсілі.

Жейтұғын өз күшігін болдым бөрі,
Ісімді мынау ағат немен жабам.
Қарабет болдым алаш баласына,
Ер дер ме енді мені Абылай данам [173, 313 б.].

Баянның кейінгі қалмақ қолы туралы хан шешімімен келіспеуі мойындамау емес, жан жарасына ем іздеу. Оған соғыс, қанды қанмен жуу қажет, ішкі әлеміндегі арпалысты алапат айқаспен басу қажет. Яғни өзі жазалауды аңсайды батыр Баян. Өзі айтқандай: «Қан көрсе, қас қыранда шер тұра ма?!» Оның Абылай қолы шегінер кездегі жүз жігітпен ажалға сескенбей қарсы баруы, қан майданда ерлікпен қаза табуы – өзіне шығарған үкім. Поэманың романтикалық сарыны осы тұста айрықша көзге шалынады. Баян – ажалдан қаймықпаған, «күнәсін» қанмен жуған – романтикалық қаһарман. Сан тарау сезімге серік болған махаббат трагедиясы осындай романтикалық ірі пафосқа алып келеді. Соңғы сәт! Соңғы дем! Ақын тағы да кейіпкердің ішкі әлеміне үңіледі:

Тағы ашты жұмған көзін, тағы көрді,
Алдында тұрған жас пен толқын шашты.
Екеуі құшақтасып жап-жақын тұр,
Басымен ишара етіп амандасты [173, 325 б.].

Бұл кешірім бе?.. Жоқ! Үзілер сәттегі шарқ ұрған сезімнің алдамшы көрінісі. Жанның санадағы құбылысы арқылы ішінде кеткен ақынның ішкі әлемнің мың толқын иірімін ашуға ұмтылысы. Оны толықтыра түсу үшін ақын тағы да монологке жүгінеді.

«Көзімнен неге ақпайды қан боп жасым,
 Жан беріп, жазғаным ғой жан жарасын.
 Кетсе де жаннан жара, қан кетпек пе?
 Дариға, жазамнан да күнәм басым!
 Күнәмді тәңірім кешпес, кешер бірақ,
 Жауында жан берген соң алты алашым [173, 327 б.]!»

Ел намысы үшін қос ғашықтың жас жанын қиған күнәсін алты алашы кешіретіне сенімі бар Баян «қос қарағынан» кешірім сұрап, дүниеден озады.

Мағжан тарихи шындықтан өзі екшеп алып, қиялына қанат бітіріп, жүрегін жарып тудырған туындысына көркемдік шындықты шырақ еткен. Тарихтағы Баян дәл мұндай болмаса да, дәл осылай ерлікпен қаза таппаса да, алғашқы ғашықтық желісін ел намысына жеңдіру арқылы өз арын арашалаған ұлттық ұлы айбары – Батыр Баянның мәңгілік идеал көркем бейнесін дәуір шындығымен астастыра отырып сомдаған. Шығармада өткен өмірдің реалистік шындығы «мен мұндалап тұр».

«Мағжан... тарихи адамдарды ала ма, ертегі айта ма, ұран сала ма – бәріне де ақынның ойлағаны, сезгені, жүрегінің қайғыруы, жанының күйзелуі, көңілінің кірбіңі көрініп тұрады» [172, 221 б.], – дейді Жүсіпбек. Рас. Бұған қосарымыз, ұлтжандылығы, тіпті, мейлі, «ұлтшылдығы» танылып тұрады.

«Батыр Баянда» ашу қысқан соқыр сезім мен махаббат атты мөлдір сезімнің арпалысын суреттей отырып, ақын оқырманды небір қиырға салдырған ойға Батыр Баян кім?! Ардақ тұтар тұлға ма?.. Жоқ, әлде інісін өлімге қиған қанішер ме?.. Жо-Жоқ! Батыр Баян елі үшін жаралған – ұлт ұланы. Өйткені

Алаштың ардагері Батыр Баян,
 Бір қырда қала берді топырақ қауып.
 Жаудан да мейірімді боп жылады жел,
 Күңіреніп, ер денесін құммен жауып [173, 325 б.], –

деп, ақын батыр Баянның ашумен істеген ісі үшін өзін-өзі жазалауын түсінуді кейінгі ұрпақ үлесіне қалдырады. Ақын оның ел есінде мәңгілікке қаларына сенеді.

Ерлерді ұмытса да ел, бел ұмытпас,
 Ел үшін төккен ерлер қанын жұтқан,
 Ерлерді ұмытса да ел, жер ұмытпас.
 Арқаның селі, желі, шөлі, белі,
 Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас [173, 329 б.]!

«Батыр Баян» – әрі романтикалық, әрі реалистік шығарма. Мағжан поэмасының реализмі кейіпкерлерінің тарихи нақты тұлғалар екендігімен емес, оқиғаны суреттеуінің көркемдік шешімі мен өмір шындығының сай келіп жатуымен дәлелденсе керек.

Жалпы алғанда, Мағжан шығармашылығы – қазақ поэзиясына өзгеше леп әкелген соны шығармашылық ізденіс жемісі. Қазақ оқырманы Мағжан поэзиясын енді ғана тұшына оқып, «мың қайталап», жанына ләззат тауып жатуының сыры – осында. Ол мәңгі өлмес азатшыл рухтың жыр ескерткішін соғып кетті.

Тәуелсіздікті ту көтеріп, еліміз егемендік алғалы өткен тарихқа, рухани қазынаға қайта қарап, «ақтандаққа» айналған асыл мұраларды мұрағаттарда шаң басып жатқан жерінен аршып алып, ел игілігіне айналдырып келеміз. Кезінде әдеби айналымға еніп, оқылып та, айтылып та жүрген әдебиетіміздің көптеген алыптарын бір жақты бағалаудан да арылып, олардың «жабулы қазан – жабулы» күйінде қалған шығармаларын уақыт талабына сай қайта қарап, жарқырап жарыққа шыққандарынан өзіндік бір жаңашыл ой арнасын тапқандаймыз. Бұл бағыттағы ізденістер әлі де жалғаса бермек.

Шығармалары ел санасын оятуға теңдессіз үлес қосқан ұлтымыздың ұлы ақындарының бірі, қазақ поэзиясының ірі тұлғасы – Сұлтанмахмұт Торайғыров. Ақынның ұрпаққа өсиет етіп қалдырған ой толғамдары – ұлтын өрге сүйреуді мақсат тұтқан, елінің ертеңін ойлаған ұлы мұраттардан жаралған мәңгілік өшпес мұра. Кешегі социалистік заман тұсында ақынның кейбір шығармалары кеңестік идеологияның қырына ілініп, тіпті аты атаусыз, жабық күйінде қалды. Сұлтанмахмұттың назардан тыс қалған сондай шығармаларының қатарында «Таныстыру» мен «Айтыс» поэмаларын да атауға болады.

Жалпы алғанда, бүгінге дейінгі аралықта С. Торайғыров шығармашылығын тереңдей зерттеуге екі нәрсе кедергі болып

келді. Бірі – ақынның идеялық көзқарасына сай сан түрлі құбылтуға ұшырауы. Екіншісі – көп шығармаларының өңі айналдырыла қарастырылып, әрбір өлең жолынан, әр шығармасынан әлеуметтік, таптық жікшілдіктің белгісін тауып, жігін ажырату. Бұлар – сұлтанмахмұттануға көп кесірін тигізіп келген жағдайлар. Сондықтан да біз ақынның ұзақ жылдар бойы қалың оқырманның көзінен таса қалып, анық-қанығы айтылмаған екі поэмасы – «Таныстыру» мен «Айтыс» жайлы сөз қозғап, ондағы тарихи бейнелерді сомдау мен ұлттық рухты жырлаудағы суреткер ізденісінің жетістіктерін бағамдасақ деген ойға бекіндік.

Бұл мақсатты ұстануымыздың ең басты себебі жалпы бұған дейінгі аралықта ақынның көлемді поэзиялық туындыларына көбіне социалистік идеология тұрғысынан қарап, Сұлтанмахмұтты тек кедей табының жыршысы етіп көрсетуге тырысушылық белең алып келгендігі. Соңғы жазылған А. Еспенбетовтің «Сұлтанмахмұт Торайғыров» атты еңбегі де егемендік алғанымызбен, социализм «сырқатынан» жазыла қоймаған кезде жарық көрген зертеу. Сондықтан онда да коммунизм көсемдеріне «көз салу» аракідік болсада кездесіп қалады.

С. Торайғыров ақындығын бір тақырып аясына сыйдырып, бір таптың қанжығасына байлап беру обал-ақ. Шынына келсек, Сұлтанмахмұт Торайғыров – кемел суреткер ретінде қоғам мен адам қатынасын шынайылықпен ашып, қоршаған ортамен бірлікте өрістейтін адамның рухани болмысын мейлінше терең танытуды мақсат тұтқан ақын. Оның поэзиялық көлемді шығармалары – адамның ішкі жан дүниесіне бойлау арқылы өмір құбылысының шындығын көркемдік тұрғыдан игерудің нақты көрінісі. Ендеше, біз ақынның қос поэмасын осы тұрғыдан қарастыруды жөн көрдік.

С. Торайғыров – белгілі бір таптың немесе топтың ғана жоқтаушысы емес, ол бүкіл ұлтқа ортақ ой қозғап, халқының бірлігі мен тұтастығын аңсап, соны өз шығармашылығына басты нысана ете білген ақын. Ғұлама ғалым Бейсембай Кенжебаевтың мына пікірі осы ойымыздың нақты дәлеліндей: «Сұлтанмахмұт шығармаларының жалпы жиыны тек әдебиет дамуының сүрлеуін, кезеңін көрсетіп қана қоймайды, сонымен бірге ол Қазақстанның сол замандағы қоғамдық ой дамуының да тамаша зор белгісі болып табылады» [203, 40 б.].

Қазіргі уақытта С. Торайғыровтың мұрасына жаңаша көзқарас биігінен қарау мүмкіндігі туып отыр. Ардақты ақынға кезінде «байшыл-ұлтшыл», «алашордашыл» жазушы, «ұсақ-байшыл толқудағы» ақын деген түрлі айыптар тағылып келуі ақын мұрасын бір жақты қарастыруға мәжбүр етіп, толыққанды зерттеуге мүмкіндік бермей, кейбір туындыларын еріксіз елемеге әкеп соқты. Бұл туралы академик С. Қирабаев: «Оның өмір сүрген ортасының күрделілігі мен қайшылықты сипаттары тудырған біраз туындылары жабық күйінде қалып келді. Бүгін көне мұраларымызды түгендеп, қайта қарап жатқан заманда, Сұлтанмахмұтты қайта оқу қажеттігі де осымен байланысты» [204, 3 б.], – дейді.

Соңғы ізденістер авторы – ғалым А. Еспенбетов Сұлтанмахмұт Торайғыровтың алғашқы көлемді поэзиялық туындысы ретінде «Таныстыру» атты шығармасын атайды [205, 149 б.]. Поэма 1917 жылдың аяғы мен 1918 жылдың басында жазылып біткен. Еске алар болсақ, бұл тарихтың өліара кезеңі болатын. Ақпан төңкерісі әлі жеміс бермей, Қазан толқынысы енді басталып, ел қайда бет бұрарын білмей ақтарылып қалған кез еді. Орынборда қазақ зиялылары құрылтай съезін өткізіп, бостандықтың жылымық сәтін қалай тиімді пайдалануды ойласып жатқан тұс болатын. Ел көшін кім бастайды, кімге сенім артамыз деген сұраққа жауап іздеген уақыт еді. Ақын соған жауап табуға тырысады, уақыттың сұранысына үн қосады. Сондықтан да Сұлтанмахмұттың бұл туындыны жазудағы мақсаты – қазақ ұлтының күрескер ұлдары мен аяулы қыздарын еліне таныстыру. Мұнда кеңестік кезеңде тарихтан аты өшіріліп, «қара тақтаға» жазылған халқының тұлғалы азаматтарының аты аталып, елге еткен еңбектері жоғары бағаланады. Бұл поэма туралы соңғы кезде ғана сөз бола бастауының басты себебі де осында. Поэма алғаш 1993 жылы ақынның 100 жылдығына орай шыққан 2 томдық шығармалар жинағының 1-томына енді.

Ақын поэмаға қара қазақ пен оқыған қазақ арасындағы сұрақ-жауапты өзек еткен. Бірақ осынау сұрақ пен жауап тақпа-тұқ сөз сайысқа емес, келелі әңгіме, кең пікір алмасуға құрылған. Бұл Сұлтанмахмұттың көлемді көркем жанрдағы тұңғыш туындысына тақырыпқа сай түр іздеу тұрғысындағы ізденіс жемісі. Қарапайым халық өкілі мен зиялы адам арасындағы сауалдан өрбіп, жауаптан өрілетін өмірмен өзектес өрелі ойлар арқылы

ел басына күн туған қытымыр кезеңнің көркемдікпен әдіптелген шымырлаған шындығы ашылады. Поэма Қара қазақ сауалынан басталады:

Туғанда құдай иіп мұндай заман,
Сұрайтын бір сөзім бар сенен, балам.
Тап біздің осы Семей облысының,
Көш басшы адамдарын айтшы маған.
Біз дағы жоспарлайық өзімізше,
Десе де түк білмейтін қазақ надан [128, 146 б.].

Бұл – көшелі ойларға есік ашар кілт іспетті тармақтар. Замана дамудың өзгеше бір құбылысына бет алып, қазақ деген халықтың алдына сан тарау сұрақ тартып, енді не боладыға жауап таппай, кімге сенерін, кімге ерерін білмей ел теңселіп тұрған уақытта, Сұлтанмахмұт өзін де, елді де толғандырған мәселені өлең-сөзге айналдыруда әңгіме құмар қазақтың болмысына тән тәсілді өте ұтымды қолданады. Әрі қарапайым, әрі өте ұғынықты. «От ауызды, орақ тілді» қара қазақтың өткір сұрақтары мен сыпайы Оқығанның сипай қайтарған жауабынан қым-қуыт уақыттың қиындығы ғана емес, елім-жерім деп «түн қатқан» көптеген қазақ азаматтарының толыққанды тұлғасын да тани аламыз. Біздіңше, бұл тыңнан табылған жол. Қазақ жазба поэзиясында бұрын мұндай тәсіл қолданылмаған. Сұлтанмахмұт ақындығы жайлы жаза келіп, Б. Кенжебаев: «Сұлтанмахмұт поэмалары – өз тұсындағы қазақ әдебиетінде мазмұн, идея жағынан болсын, түр, жанр жағынан болсын зор жаңалық» [139, 128 б.], – деген екен. Соның нақты бір көрінісі – осы поэма.

Әлгі Қара қазақ сауалына жауап берер сөз кезегі тигенде Оқыған бірден ел сенер азамат ретінде Әлихан Бөкейхановты ауызға алады:

Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі,
Демейді қандай қазақ оны оң көзі.
Семей тұрсын, жеті облыс бар қазақтан,
Талассыз жеке дара тұр ғой өзі.

Елі үшін құрбандыққа жанын берген,
 Бит, бүрге, қандалаға қанын берген.
 Ұрыдай сасық ауа, темірлі үйде,
 Зарығып алаш үшін бейнет көрген.

Түймеге жарқылдаған алданбаған,
 Басқадай бір бас үшін жалданбаған.
 Көркейер қайткенде алаш деген ойдан,
 Басқа ойды өмірінде малданбаған.

Заманда басқан аяқ кері кеткен,
 Жасымай алашына қызмететкен.
 Болса да қалың тұман, қараңғы түн,
 Туатын бақ жұлдызына көзі жеткен [128, 146 б.].

Бұл күнде Әлиханның кім екенін оқырманға ұғындырып жатудың қажеті шамалы. Оны «Еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін біледі» десек өтірік айтқандық емес. Міне, поэмада қазақ ұлты көсемдерінің бірі, аса көрнекті тарихи тұлға Әлихан Бөкейхановтың қайсар қайраткерлік бейнесі осылай сомдалады. Оқыған мен Қара қазақтың Әлихан жөніндегі пікір ортақтығынан оның бар қазақтың жанына жақын азамат екені айқын сезіледі. Поэмадағы өлең сөзбен ажарланған әдеби кейіпкер бейнесінен тарихи тұлғаның бүтін болмысымен танысқандай әсерге бөленесіз.

Поэмадағы сюжетті ширатып отырар екі кейіпкер арасындағы пікір алмасу барысында сол тұстағы жұрт сенімін ақтар, ел тізгінін ұстар қазақ қайреткерлеріне жеке-жеке сипаттама берілген. Сипаттама жадағай баяндау түрінде емес, онда әр кейіпкердің, оның ішкі әлемімен үндескен мінез-құлқы ашылып, көркем бейнесі сомдалған. Сұлтанмахмұт өз туындысында Шәкәрім, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Әлімхан Ермеков, Халел Ғаббасов, Нәзипа Құлжанова, Нұрғали Құлжанов т.б. қазақ халқының бір туар ұл-қыздарының тарихтағы орнын айқындап, олардың атына жылы лебіздер білдіріп, елге белгілі ерлердің естен кетпес тұлғасын жасайды. Ақын мақсаты – құр мақтан, құрғақ мақтау емес, керісінше жұрт қамын жеген арыстардың еңбегін бағалап, елге таныту, солар жайлы өз

білетінін ортаға салу, олардың ісін кейінгі ұрпаққа өнеге ету. Ақын ардақтап атын «хатқа» түсірген алаш азаматтарының еліне сіңірген еңбегін, ұлтына еткен қызметін сол тұстағы зиялылар ғана емес, қарапайым халық та біледі. Мұны біз Қара қазақтың Әлиханға қатыстыра айтатын мына сөздерінен аңғарамыз:

Басында ол қарағым тұр ғой дайын,
Тек ұзақ өмір берсін бір құдайым.
Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов,
Білемін бұл үш ердің айтпай жайын.
Кешегі қара күнде болмап па еді,
Бірі күн, бірі шолпан, бірі айым.
Солардан басқа кеше кім бар еді,
Қазақ үшін шам қылған жүрек майын [128, 147 б.].

Ақын міндеті – қазақтың ұлтын сүйген ұландары туралы кейінгіге сөз қалдыру. Мұны көрегендік десе де болғандай. Кейін ұзақ жылдар бойы сол ұлылардың аты аталмай, шығармалары оқылмай, тарихымыздың «ақтаңдағына» айналарын Сұлтанмахмұттың сезімтал жүрегі сезінген болуы керек. Басқасын былай қойғанда, ақынның осы поэмасы – алаш азаматтарының тарихтан алар орнын айқындап беруімен бағалы.

Сұлтанмахмұт поэмасында қазақ зиялыларының екі жас буын өкіліне айрықша көңіл бөлінеді. Оның бірі – Әлімхан Ермеков, екіншісі – Халел Ғаббасұлы. Әлімхан Ермеков Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында туған. Қазақтан шыққан алғашқы математик ғалым. Томскінің технологиялық институтын бітірген [206, 454 б.]. Төңкеріс тұсында ұлттық қозғалыс ісіне белсене араласып, қазақ ұлты көсемдерінің қасына еріп ғана қоймай, солардың сенімді серігіне айналып, халқын теңдік пен бостандықтың жарық жолына бастаған азаматтың бірі. Кеңестік өкіметтің Ленин, Сталин сынды көсемдерімен қазақ елі атынан келіссөздер жүргізіп, өзін іс жүзінде таныта алған қайраткер. Алаш қайраткерлерінің басына қара бұлт үйірілген тұста, алғашқылардың бірі болып ұсталып, тотаритарлық жүйе тырнағынан әрең құтылған. Одан кейін саяси жұмыстан кетіп, өмірінің соңына дейін ұстаздық қызметпен айналысқан. Енді осы тарихи тұлға бейнесі поэмада қалай көрініс тапқанына назар аударайық.

Сөйлеп кетсе қозғалар бойда жаның,
Тас болса да ерітер жүрек қанын.
Шындығы, тереңдігі, әділдігі,
Тусаң ту осылай дегізер жанның бәрін.

Ақ жүрегі, ақтығы, адалдығына,
Бір ауыз қарсы айта алмай құриды әлің.
Халел мен Әлімханның алда екені,
Биыл Семей съезінде-ақ болды мәлім [128, 148 б.], –

деп, ақын Әлімхан Ермековтің азаматтық қасиеттерін баса көрсетіп, елі десе жүрегі елжіреген, ұлт мақсатын жүзеге асыру үшін жүрген жас азаматтың жарқын бейнесін жасайды. Ақын тапқан әдістің өтімді жері – ой шалымы бір-бірінен алшақтау тұрған екі халық өкілінің пікір танымы арқылы азаматтық тұлға туралы тұтастығы тоғысар ортақ пікір қалыптастыру. Сол арқылы ел сенімін арқалар асыл азаматтың толымды да жағымды бейнесін жасау. Әрине мұндай сәтте көбіне-көп пікір салмағы қара қазаққа қарай ауып жатады. Мұның себебі ол – ақын ұғымында қарапайым халық өкілі. Ендеше белгілі бір тұлға туралы соңғы сөз, тоқ етер шешімді сол халық өкілі айтуға тиіс. Бұл, әрине, елдің ертеңінің үміті Әлімханға да қатысты. Енді Әлімханға Қара қазақ бағамымен қарап көрелік:

Меніңше Ермеков деген бала,
Ұқсайды ұшқыр қыран қаршығаға.
Сөз білімін сынайтын жер ілгері,
Әзіргісі адал ғой жеке дара.

Ол әлі жап-жас бала кірленбеген,
Шынды айтуда танбайтын еш пендеден.
Түбінде көңілім түзу әзірге деп,
Алдап, арбап жүретін түрге енбеген [128, 149 б.].

Әлімханның болашағынан үміт күттірер жас қайраткер екендігін оқыған қазақ оның білімдарлығы мен ілім тереңдігі, әділдігі арқылы таныса, қарапайым қазақ шаруасын оның шыншылдығы мен адалдығы қызықтырады. Қос пікірдің түйісер тұсы жас

азаматтың болмысынан бодандық бұғауынан жаңа құтылған елді болашаққа бастар жас өркеннің жайқалып өсіп келе жатқандығына деген сенім отының жануы. Ақынға ой түрткі болғанда осы. Сөйтіп ол көңіліне алғанына қол жеткізген, көкейдегісін орындап шыққан.

Оқырманның келесі танысатыны – Халел Ғаббасұлы. Өмір дерек бойынша ол Москва университетін тәмамдаған. Семейде «Алаш» партиясы құрылғанда, ұйымдастырушылық, іскерлік қабілетімен халық жүрегін жаулап алған адам [205, 151 б.]. Ғаббас та поэмада өте білімді, алғыр да білгір, қай нәрсенің де шешімін тез табатын, бастаған ісін аяғына жеткізбей қоймайтын, ой мен істің адамы ретінде көрінеді. Халелді оқыған қазақ былайша таныстырады:

Жас жігіт университеттен оқып шыққан,
Халыққа қызмет парыз деп миына ұққан.
Алданбас, алыс болжар, алдан көрер,
Болса да оған мәлім жерге тыққан...

Сөзден де көбінесе іске құмар,
Тез болмайтын істерден тайқып шығар,
Мың сөзден құйқылжытқан оның көзіне,
Істеген бір азғантай ісің ұнар [128, 149-150 бб.].

Оқыған қазақ сипаттамасы арқылы Х. Ғаббасұлының қайраткерлік тұлғасын айқындаған ақын, қазақ зиялыларының ықыласы осындай жаста, бас болуға жарарлық азаматтар жағында екенін білдіреді. Ел болашағының берік тірегі деп білетін бұндай тұлғаны Сұлтанмахмұттың қатты бағалайтыны поэмадағы осынау кейіпкерге қатысты шуақты шумақтардан сезіліп-ақ тұрады. Мәселен қара қазақ сөзінде де оған деген сүйіспеншілік айқын байқалады.

Шырағым, әрине, рас мұныңдағы,
Ел бағы ондай жігіт табылғаны,
Съезде жер жайынан сөйлегенде,
Көрінді тереңдігі бізге-дағы...

Меніңше, Халел деген сынсыз жүйрік,
 Не түрлі ұзақ салсаң шабар шүйгіп,
 Арбайып қол-аяғы алдан келер,
 Алашты қақпайсың ба, сонда сүйсініп [128, 150-151 бб.].

Жалпы ақынның Әлихан мен Ахметтерден кейін бірден осы жастарға көңіл аударуының себебі көп-ақ. Оның бірі – Сұлтанмахмұттың өз замандастарының деңгейі мен қарым-қабілетін өте жақсы білетіндігі. Ел басына өліара қалыпты әкелген кезеңде, ең алдымен, білігінің тұғыры берік, ертеңге деген сенімі нық осындай ұлт ісінің жүгінің ауырын көтеруге даяр жастарға үміт арту қажеттігін алға тарту. Сонымен бірге осы тұста ұлт зиялыларының алдыңғы буынының кейбірін ел қамынан бұрын көп жылғы еңбегінің өтеуі көбірек қызықтыра бастағаны, ақын көңіліне күдік ұялата бастағандай. Оны поэманың кейінгі тұстарынан анық байқаймыз. Ең бастысы Сұлтанмахмұт – ақ айтып, адал сөйлегеннен еш танбаған ақын. Ол өз поэмасында елге еңбегі сіңген қазақтың елеулісін бағалай біліп, қадірлісін қастерлей алған. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тассын» деген тағлымды даналық Сұлтанмахмұттың басты ұстанымы.

Қазақ зиялылары қадірлеген қазақтың абыз ақсақалдарының бірі ұлы Абайдың шәкірт інісі, ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы екені белгілі. «Таныстыруда» Шәкәрімге Сұлтанмахмұт айрықша көңіл бөлген. Мұның себебі де жоқ емес, Алаштың ақсақалы атанған дана қария осынау ел тығырыққа тірелген тұста, көшелі көзқарасымен жұрт көшінің түзелер жөнін сілтеп, ұлт тіршілігінің ісіне еркін араласып, ел жақсыларының алдында жүрген-ді. Сондықтан да поэмада ақынның ел ардағына айналған асыл бейнесі жылы жүрекпен жырланады. Ақын ардагер арыстың абыздық тұлғасын бір мысқал кемітпестен жеткізе алған. Сұлтанмахмұттың қаламынан туған тарихи тұлғаның көркем бейнесі шыншылдығымен шырайлы.

Ерте оянған кісінің біреуі осы,
 Бұл жұрттың түзеймін деп антұрғанын.
 Бір жолмен Байтұрсынов, Бөкейханға
 Ақсақал бола алғандай осы кәрің.

Байыпты, философтың табиғаты бар,
Көрсен де ол тұқымның ең жаманын.
Бұл қазақтан мақсұты биік алыс,
Таппаса да сөзіне құлақ салыс.
Қазақ деп жекелеме, адамзат де,
Ол кісінің пікірімен болсаң таныс [128, 160 б.].

Шәкәрімдей кемеңгер ақын поэмада бұрынғы өткен жыраулардың көзіндегі көрініп, қазақ хандығы құрылар тұстағы Асанқайғы жыраудың бүгінгі замана төріне шыққан елесіндей белгі беріп, ақылы дария айдынды жыраудың алқалы топта толғаулы сөз қозғаған айбыны мен айбары көзге шалынғандай болады. Ақынның оны «Байтұрсынов, Бөкейханға ақсақал бола алғандай осы кәрің» деуінде үлкен символикалық мән бар. Ел ардақтаған екі арысқа «ақсақал болу» барша жұртты аузына қаратқан, бар қазақтың бірлігін ойлаған бүгінгі Шәкәрімді кешегі Асан атадай қамқоршы бейнесінде танытпай ма?! Мұнда ел тілегін тұғыр еткен ізгілікті ой бар. Мұндай ел құрметіне бөленген данағөйдің қадірін қарапайым ел де жақсы біледі. Олар алдымен өз қадірін соларға білдіріп, ел тілегін ақтай алған дана ретінде танылған. Мұны Сұлтанмахмұт әсте естен шығармайды. Қарапайым халықтың сөзін айтар, әрине, Қара қазақ. Ал оның Шәкәрім турасындағы бағамы өте жоғары.

Семейдің съезінде байқадық қой,
Екенін қарт кемеңгер әм терең ой.
Оқығандар болмаса жай қазақтан,
Онан басқа кім шықты көрсетіп бой [128, 161 б.].

«Таныстыру» поэмасында ақын қаламына іліккен әйел затты жалғыз тарихи тұлға бар. Ол – Нәзипа Құлжанкеліні. Ерлі-зайыпты Нұрғали мен Нәзипа Құлжановтардың қазақ халқының мәдени тарихында ізгілікті із қалдырғаны бүгінде көпке аян. Бұл Ахаңның өзі – Ахмет Байтұрсынов «Н.Қ. ханымға» деп өлең арнаған ардақты Нәзипа ғой. Нәзипа Сегізбайқызы (1887-1833) – Қостанай облысы, Торғайда дүниеге келген. Педагог, мәдени қайраткер, журналист, аудармашы. Қостанай қаласындағы орыс-қазақ гимназиясын бітірген [206, 456 б.]. Халық ағарту саласында

қазақ қыздарынан шыққан алғашқы қарлығаштардың бірі – Нәзипа бейнесін ақынның қалай сомдап, қалай жеткізе алғанына көз салайық:

Ардақты бар Нәзипа деген ханым,
Газет, журнал жүзінде жұртқа мәлім.
Оқыса сондай әйел шығар ед деп,
Оқығандар бағалар сөздің дәмін.

Неше күн қыдырсаң да таба алмассың,
Семейдің одан өтер адал жанын.
Ақ көңіл, мінезі оңды, жүзі жарқын,
Ынтасы жеткізбекке әйел халқын.

Аяныш жұмсақ жүрек мейірбанды,
Ренжіткісі келмейтін тірі жанды.
Қайткенмен он облыс бар қазақта,
Әзір шыққан әйел жоқ сонан мәнді [128, 157 б].

Ал осы Нәзипаның өмірлік серігі, алаштың аяулы азаматтарының бірі Нұрғалиды Оқыған былайша сипаттайды:

Бірге айтайын Нұрғали Құлжанұлын,
Жаңылмасақ бұлайша мұның сынын.
Қайратты, кең ойлайтын сабырлы адам,
Жасымайтын, бермейтін жанға сырын.

Дүниеге қызықпайтын таза кісі,
Ондай кірлі нәрсемен жоқ жұмысы.
Салақтық не болмаса аңқаулық жоқ,
Тағы да әм ретті қылған ісі [128, 158 б.].

Сұлтанмахмұт Нәзипа мен Нұрғалиды жақын білген, кейбір деректерге қарағанда, олар ақынға Семей қаласындағы семинарияға түсуге кеңес берген [205, 152 б.]. Бұл ерлі-зайыпты қазақ зиялылары – ұлт мәдениетін көтеруге зор үлес қосқан ардақты жандар. Нұрғали Құлжанов 1919 жылы қайғылы қазаға ұшырап, өмірден ерте озған да, Сұлтанмахмұт осыған байланыс-

ты «Нұрекеңе» деген қазанама өлеңде жазған. Онда: «Жақын үшін жан құрбан қылатұғын, Сендей ұл туа бермес алашыңа» деген жолдар бар.

Нұрғали мен Нәзипаның Абайдың қайтыс болғандығының он жылдығына орай өткізген кештері туралы кезінде «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті мәнді мақалалар жариялаған. Әсіресе Нәзипа Құлжанова жасаған Абай туралы баяндаманы аса жоғары бағалап, Нәзипаны Абайды орысшаға аударудағы алғашқы тәржімашылардың бірі екенін атап өткен («Қазақ», 1914, №51).

Жалпы поэмадағы жағымды кейіпкерлер тиянақты бейнеленген. С. Торайғыровтың ақындық ерекшелігі туралы айтқан көрнекті әдебиетші ғалым Ә. Қоңыратбаевтың мына бір пікірі осының дәлеліндей: «...лирика арқылы өмірдің жеке көріністерін, өзінің ой-сезімін жырласа, ... поэма-романдары арқылы эпикалық стильде өмірдің мол суретін қамтып, әдебиетте объективтік өмірден алынған типтік адам бейнелерін жасаған суреткер» [207, 252 б.].

Әрине, жоғарыда атап өткеніміздей, ақын мақсаты – қазақтың ұлтын сүйген ұландары туралы кейінгіге сөз қалдыру. Дегенмен, Сұлтанмахмұт Торайғыров орынсыз мадаққа, артық мақтауға сөз шығын етпеген. Жоғарыда біз ескі интеллигенцияның кейбірін осы бір тұста бұрынғы еңбегінің бағалануы көбірек толғандырды деген пікір айқан едік. Соған дәлел поэмадағы Мұқыш Поштайұлы, Жақып Ақбаев, Райымжан Мәрсеков т. б. бейнелері сомдалатын тұстар. Бұл туралы Сұлтанмахмұт шығармашылығын кейінгі тұста біршама зерттеген ғалым Дандай Ысқақұлы: «Таныстыруда» қазақ азаматтары шетінен мақтала бермейді. Сол кездегі елге танымал кейбір кісілердің атқарып жүрген істерінің өз мүмкіндіктерінен көп төмен екендігін, оларға халықтың көңілі тола бермейтіндігін де аттарын атап тұрып ашық айтып салады» [208, 115 б.] десе, сұлтанмахмұттанушы ғалым Арап Еспенбетов: «С. Торайғыров жалаң мақтап, орынсыз мадақтауға бармаған. Қашан да сыншыл, шыншыл, сыршыл суреткер шындықтың бетіне тура қарап, табиғат сыйлаған тума қасиетімен ақты – ақ, қараны кара деуден қашпаған» деп, Сұлтанмахмұт поэмасындағы тарихи шындық пен көркемдік шешімнің арақатынасын ақынның азаматтық ұстанымының тазалығынан іздейді. Мүмкін, дұрыс та шығар. Жалпы шығармалық болмыс пен азаматтық ұстанымның

арасы тым алшақ емес. Тарихи шындық негізі сәл басқашалау болғанымен, біз көркем дүниеде ақынның шығармашылық шабыты мен шығарма табиғатынан туындар қиял-қисынның орынын тапқан танымына жүгінуге тиіспіз.

Осы тұрғыдан алғанда, «Таныстыруда» шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі ақтайтын біраз еркіндікке бой алдырған шешімдер бар. Мәселен, ел ішінде мақтаулы азаматтың бірі болып саналатын Мұқыш Поштайұлы Оқыған қазақ аузынан үміт күте сипатталса, Қара қазақ оның ісіне соншама сүйсіне қоймайды:

Білмеймін Мұқышында оқу қанша,
Миллион оқу бітірсін маған салса,
Ыңыранып, көп жұтынып, баптаймын деп,
Бір түйе боталайды сөз айтқанша.

... Бәйгіден ондай жабы келе алмайды,
Болса да дорбаң жібек, меруерттен жем.
Атлас кілем жапсаң да бәйге әперер,
Деп айтпассың басыңда ми болса сен [128, 152-153 бб.].

Мұның өзі ақынның ел азаматын ел бағалайды деген ұғымды ұқтырғысы келгенін танытса керек.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Таныстыру» поэмасы, ең алдымен, көркем шығарма, сондықтан оның әр жолынан деректік көз іздеп, әр кейіпкердің бейнесінен тарихи тұлғаның дәл көшірмесін көрудің қажеті жоқ. Рас, ақын уақыт талабынан туындаған замана сұранысына орай публицистикалық орамы орнықты поэма жазып шыққан. Бірақ публицистикалық сарынның басымдылығына қарамай, шығарма – көркемдік талаптарға толық жауап бере алатын, жанр табиғатына сай жазылған дүние. Сондықтанда поэмада көрініс тапқан кейбір тарихи тұлғалардың бейнеленуінің біздің бүгінгі күні қалыптасқан көзқарасымыздан өзгелешеу шығып жатқандығына салқындау қараудың қажеті жоқ.

Ақын өзі таңдап алған тарихи бейнелерді қалауынша сомдауға ерік беретін бірнеше себептер бар. Біріншіден, Сұлтанмахмұт деректі дүние жазып отырған жоқ. Екіншіден, творчестволық тұлға ретінде ақын кейбір еркіндікке баруға толық құқылы. Үшіншіден, ақын сол заманға жақын тұрғандықтан да оған көп нәрсе

бізден гөрі айқындау және оның өзіндік қабылдауы барлығын ұмытпаған жөн.

Осы поэманы сөз еткен зерттеушілердің тіл ұшына орала бермейтін бір бейне – Жақып Ақбаев сынды тарихи тұлға. Поэмада осынау азамат туралы жұмсартып айтқанда, аса жылы сөздер қозғала қоймайды. Жақып Ақбаевтың қазақтың айтулы азаматтарының бірі екендігін де дау жоқ. Ол 1876 жылы туған. Петербург университетінің заң факультетін бітірген. 1905 жылдан бастап саяси күрестегі қазақ зиялыларының алдыңғы қатарында болған адам. 1908, 1915, 1917 жылдары бірнеше рет патша жандармеясының қудалануына ұшырап, қамауда, айдалуда жүрген. 1917 жылы Алаш партиясының жұмысына араласып, алашорда үкіметін құруға қатысқан. 1918 жылдардан бастап губерниялық деңгейдегі кеңестік заң орындарында түрлі қызметтер атқарған. 1930 жылы енді оны кеңес өкіметі қудалауға ұшыратып, қамауға алады да, 1932 жылы 5 жылға Воронеж облысына жер аударады. 1934 жылы денсаулығының нашарлауына байланысты Алматыға келуіне рұқсат алып, көп ұзамай қайтыс болады [209, 32 б.]. Елім деп еңіреп өткен азамат еліне еткен еңбегінің зейнетін көре алмай, қорлық пен зорлықта өмір өткізіп, мына баянсыз дүниемен осылай қоштасады. Өкінішті-ақ!.. Бірақ тағдырға шара бар ма?! Бүгінде Жақып Ақбаев есімі қайта жаңғырып, біршама зерттеулерге арқау болып жатыр. Мұхтар Құл-Мұхамед айтулы азамат туралы біраз зерттеулер жүргізіп, ер есімін елге танытуға біршама еңбек сіңірді.

Ал енді осындай азаматтың Сұлтанмахмұт шығармасында біржақтылау көрінуіне не себеп, бұған дәлел-дәйек бар ма дегенге келер болсақ, оның бір жақты жауабы болуы мүмкін емес. Бұл жерде «тырнақ астынан кір іздеудің» қажеті жоқ. Шығармада Сұлтанмахмұттың талғамынан өткен уақыттың көркемдік көрінісі белгі берген. Аласапыран уақыттағы ерге сын кезеңде ақын Семейдегі қазақ зиялыларымен ел тағдырының ауыр жүгін жұмыла көтеріскен. Қызмет барысындағы қилы тартысты тұстардағы пікір қайшылықтары, идеялық ұстанымдардың бірлік танытпауы шығармашылық ізденіске өз әсерін тигізуі әбден мүмкін. Оны жоққа шығара алмаймыз. Оның үстіне Сұлтанмахмұт – ұстанған бағытынан таймайтын, анау-мынауға иліге қоймайтын адам. Сонау «Айқапта» жүрген уақытында, тіптен, оның Әлихан

бастаған «Қазақ» төңірегіндегі зиялылар тобымен айтысқа түскен тұсы да бар. Кейіннен өз пікірінен қайтып, «Сарыарқа» газетінде Әлихан Бөкейхановқа арнау өлең жазып, мақала жариялаған. Сондықтан да біз «Таныстыру» поэмасында көрініс тапқан кейбір жайттарды ақынның кезеңдік көзқарасының көркем шығармадағы көрінісі ретінде қабылдауымыз керек.

Поэмадағы Оқығанның Жақыпқа деген көзқарасы мына сипатта:

Белгілі Жақып мырза Ақбайұлы,
Қызмет қылар кісінің бұ да бірі.
Азды-көпті атағын былай қойып,
Тексергенде мынау ғой оның сыны.

Тап берме, құр даурықпа, жеңіл ақыл,
Көрмегенсіп жүретін жұртты мақұл.
Болмаса ақкөңілсіп жылайтыны,
Тіпті ғылым, таланттан бойы тақыр [128, 153 б.].

Ал енді мұның дәлелдемесі қайсы десек, ол оқыған пікірін құптаған Қара қазақтың көзі көрген Жақыптар бастаған топтың 1917 жылдың құрылтайындағы іс-әрекеті.

Рас, осы Жақыптың анық түсі,
Кешегі съезден-ақ шықты мысы.
Алыстан әулиедей көрінсе де,
Үш күннен соң жоламас әлі кісі.

Жақыптан биік мақсат үмітті едік,
Түкте жоқ партия ғой бар жұмысы.
Райымжан екеуі бірге жүріп,
Съезде салған жоқ па жұртқа бүлік [128, 154 б.].

Мұнан әрі Қара қазақ ол топтың ел бірлігі аса қажет тұста қарақан бастың қамын көбірек ойлап кеткендігін термелей айтып шығады. Дәлелі татымды, дерегі сенімді, шындығы шүбәсіз бұл оқиғалардың куәгері лирикалық қаһарман ретіндегі автордың өзі екендігі тағы да күмәнсіз. Енді осы оқиғалар поэмада қалай көрі-

ніс тапқан соған келейік. Мінеки, Қара қазақтың көз көріп, көңіл сендіргені мынау:

Ақсақал, бізді сайла олар жас деп,
Жүрді ғой пәтер сайын қаңғып кіріп,
Екеуінің толқытқан әлегінен,
Екі күн съезд тұрды қаңтарылып,
Бұрынғы болыстардан айрықсызын,
Көңіліміз суыды ғой сонда біліп.

Қосылды екеуіне Мұқыш тағы,
Қайда барса баяғы бастың қамы.
Сайла деп бір кісімен сөйлесті ме,
Әлімхан, Халел, Нәзипа – жастар жағы.
Сайландар кім лайық болса соны,
Деп тұрды білінбей ме нанынбағы
Биік мақсат, идея, шын сүйгіштік,
Өм және мінсіз таза көңіл ағы [128, 154 б.].

Қос кейіпкер арасындағы әңгімеден ұғылар нәрсе Жақып пен Райымжанның өзгелерден бөліне өзінше бір топ құрып әрекет еткендігі. Ал осы тарихи оқиғаның басы-қасында болған автор беделге емес, шындыққа жүгінген. Сондықтан да көркем дүниедегі әдеби кейіпкер тарихи тұлғаға сай емес, дәл келмейді деп ақынға кінә тағуға болмайды.

Поэмада Сұлтанмахмұттың қырына ілінген қазақ зиялысының бірі – Райымжан Марсеков. Ол туралы «Таныстыруда» мынадай жолдар бар:

Айтпақшы Марсекеңнің баласы бар,
Адвокат, қырма сақал Райымжан шал.
Ұмытқан оқуларын былай қойсақ,
Саяз жүрек, ұсақ ой, тынысы тар.

Сөз қоспай құр дауыстап тығылып қап,
Болады топ алдында аяныш жан.
Сонда да басты бұлғап, аузын созып,
Келтірем деп ойлайды сөзіне дәм.

Планы жоқ тоқтаудан және ұялып,
Талай жерде қызартып ұят қылған.
Сөйлегенде «затем» деп тұрып алып,
«Затемге» бір сөз қоспай мысы құрған [128, 161-162 бб.].

Біз түрлі жазбалар, естеліктер мен зерттеулер арқылы танып-білген Райымжан Мәрсеков, әрине, басқашалау. Райымжан Мәрсеков 1878 жылы Өскемен уезінің Айыртау болысында дүниеге келген. 1902 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітірген. Студенттік кезінен бастап саяси күреске араласып, түрлі қудалауларға ұшыраған. 1910-1914 жылдар аралығында жалпы қазақ съезін өткізуге талап етушілер жағында болған. Бірақ кейбір қазақ зиялыларынан қолдау таппауына орай бұл талап нәтижесіз аяқталады. 1917 жылы Семей қаласынан Ә. Бөкейханов, Х. Ғаббасов, т.б. адамдармен бірге Алашорда комитетінің мүшесі болып сайланады.

1918 жылдан бастап кеңестік қызметке біраз араласады. 1920 жылы А. Байтұрсынов, М. Дулатовтармен бірге қытайдағы қазақтарға барып, Р. Марсеков сонда қалып қояды. Қытайда жүргенде 1927 жыл тұтқындалып, жұмбақ күйде қайтыс болады [210, 151 б.]. Райымжанды қытайлар кеңес НКВД-сына өткізген, сонда азаптанып қаза тапты деген де сөздер бар. Жалпы ұлт үшін құрбан болған азаматтың қазасы туралы бір-біріне кереғар дерек көздері жетерлік. Олар әлі нақтылана қоймағандықтан келтіріп жатуды жөн санамадық.

Жалпы Сұлтанмахмұт туындысында сынға алынған кейбір тұлғалардың қазақ тарихының қиын кезеңінде ел үшін аянбай еңбек еткені белгілі. Бірақ ақынның көркем шығармада оларды өзіндік көзқарас тұрғысынан суреттеп, көркем образ жасағандығына кінә тағуға да болмайды. Мәселен Р. Марсековпен Семейдегі қазақ комитетінде бірге істегендіктен [205, 154 б.], Сұлтанмахмұт оның іскерлігі мен адамдық болмысына тән жақсы-жаманды қасиеттерін бір адамдай білген. Бірақ әңгіме онда емес, әңгіме тарихи шындық пен оның көркемдік дәлдігінде. Бұл тұрғыдан алғанда, поэмада Сұлтанмахмұт құрғақ сөз қуып кетпей, тарихи оқиғалардың жымдасқан желісінен шындықты оқиға өріп, тарихи дерек пен шығармашылық қиялдың бірлігінен көркемдік

шындығы нанымды дүние жасай білген. Жақып пен Райымжанға қатысты Қара қазақ аузынан айтылар мына дерек көздерінің:

Жақаң, Мәрсек ол уақыт елге шапты,
Түн бойы әр пәтерде қақпа қақты.
Көрсетіп партияға ұста екенін,
Жұртқа айтуға мынадай амал тапты.

«Мені сайла, әйтпесе қор болғаның,
Деп Райымжан көтерді найман жақты.
Қасеннің Жақып жығылып аяғына,
Ұмыт деді бұрынғы өткен шақты.
Сонымен Қарқаралы түгенделіп,
Екі уйез Найманменен қылар шартты.
Өскемен, Зайсан жағы айтты сонда,
Үш уйездің кісісі тұр ғой қолда.
Өткізейік Жақыпты бірінші ғып,
Екіншіге Марсекті сендер қолда.

Еңбек кып бірге жүр ғой үшіншіге,
Мұқыштың тілегінде сыйғыз жолға.
Ешкімге жалынбайтын мырзалар ғой,
Халел мен Әлімханың тұрсын сонда [128, 154 б.].

шындықты негізі бар екендігінде талас болмаса керек. Саясат деген қытымыр дүние ғой, ұңғыл-шұңғылы да көп, адамның қателікке бой алдыруы оңай-ақ. Оның үстіне онда қулық-сұмдықсыз істе бітпейді. Сұлтанмахмұттың өз кейіпкерлерінің осындай бір іс-әрекеттерінен хабардар екені және оның ел-жұрт білетін ерсі дүние болғаны болуға керек. Әйтпесе ақын өзінің көркем дүниесінде кесіп-пішіп шешім қабылдамаған болар еді.

Тағы бір көзге түсер нәрсе поэмада қазақ жұрты тығырыққа тірелген осы бір тұста көп қазақ оқығандарының қазақшылық қу мінезден арыла алмай, ұлтының емес руының жыртысын жыртқан кепіетсіз қалпының сүреңсіз суреті қылаң беріп қалатын тұстар баршылық. Бернияз ақын «қанды жыл» деп атаған, екі бірдей төңкерістің куәгері болған атақты «1917»-нің кезеңіндегі қазақ даласындағы саяси күрес сипатын тарихшыларымыз

қанша жаздық, аштық дегенмен, әлі де болса құпиясының кілті ашылмаған жайлар баршылық. Съезд қарсаңындағы қарбалас кезінде де, съездің өзінде де, одан кейін де үйренген әдеттің жетегінде кетіп, қазақтың «Бір жағадан бас шығарып, бір жеңнен қол шығарып», біріге алмай қалғаны рас. Әйтпесе, Түркістан өңірі мен қазақ даласының Құдай өзі беріп тұрғанда мәселені кейінге ысырып, қосыла алмай қалуын немен түсіндіруге болады. Оған тарихшыларымыз шама-шарқынша жауап беруге тырысып-ақ жатыр. Бірақ мәселенің түп негізі әлі ашыла қойған жоқ. Аңдап оқығанға С. Торайғыровтың «Таныстыруында» тарих түнегіне сәуле түсірер меңзеулер мол, індетіп қараса талай бағыт сілтеп, бағдар көрсетіп тұрғандай. Осы күнде зерттеуші ғалымдарымыздың тарихшысы болсын, әдебиетшісі болсын кімді зерттесе соны аспандата көтеріп, оған шаң жуытпай, істеген де, істемеген де істерді соған теліп, күн де, көсем де сол өзі зерттеген кісі қып шығаратын әдет тапты. Оу, адам болған соң, пенде болған соң қателесуі, мүлт кетуі мүмкін емес пе?! ... Оның үстіне XX ғасырдың басы күйіп тұрған саясат, зиялы біткен саясатшы, осыған бір сәт назар аудармас па?.. Ал саясат деген «итін» жоғарыда айтқандай жата берісі мен жалт бермесі көп, құйтырқы да, құбылмалы «қудың өзі». Сондықтан да кімде кімнің де тарихтағы орнын анықтарда абай болған жөн, ағайын. Сүйіктімізді сүйкімді етем деп, сүмірейтіп алып жүрмейік.

Ал енді өз әңгімеміздің арнасына оралсақ, Сұлтанмахмұт поэмасының басты жетістігі аталмыш кейіпкерлердің көркемдік бейнесін сомдаудағы ақын ұсынған образдық қалыптың танымдық тағылымында жатыр. Біз поэмадағы бейнелерге осы талап деңгейінен келуіміз керек. Тарихи тұлғаны көркем образға айландыруда ақын дәстүрлі жағымды – жағымсыздық үрдіс жетегінде кетпей, шындықтан туған шынайы образдар галереясын жасауға ұмтылған. Өз ойын жүзеге асыра да алған. Жоғарыдағы талдаулар нәтижесінде оны дәлелдеуге қол жеткіздік деп білем.

«Таныстыру» поэмасы туралы ойымызды қорытындылай келе айтарымыз ақын өз мақсатына толық қол жеткізген. Ал мақсат – жұртына қызмет еткен ұлт азаматтарының абыройын асқақтату, кемел тұлғаны әдеби көркем бейнесі арқылы елге үлгі, жастарға өнеге ету. Сұлтанмахмұт ақын ретінде қазақ зиялыларының атын тарихта қалдыруды көздей отыра, олардың ел үшін еткен

еңбегін бағалай отыра, өмір ағысының толқулы да толқымалы тұстарындағы қиындықтарда қия басқан сәттерінде жыр желісіне енгізіп, өмір шындығы көркемдіктің көрігіне суарған. Ел тарихының қиын кезеңін жырлауда дәуір ұғымына ыңғайлы поэзиялық түрді таңдай алып, жалынды жырдың отты қызуы арқылы ұлт рухын көтеруді, елдің саяси санасын оятуды алға ұстаған. Публицистикалық стиль, сипат айқын болғанымен, көркемдік қуат кемшін соғып жатқан жайы жоқ. Мұнда құдіретті сөз өнерінің сәуле-лі шуағы мен көркемдік қуаты айқын басымдылық танытады.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірінің соңына қарай жазған, аяқталмай қалған шығармасының бірі – «Айтыс» поэмасы. Ақынның өткір пікірлері кеңестік тұстағы идеологияға сай келе бермегені анық. Өйткені поэма ақын қаламынан 1919-1920 жылдары туып, 1922 жылғы «Адасқан өмір» мен 1933 жылғы «Толық жинақта» жарияланса, одан кейін ұзақ жылдар бойы баспа бетін көрген жоқ. Тек сексенінші жылдардың жылымығының арқасында 1989 жылы ғана барып Арап Еспенбетовтің ұсынуымен «Жұлдыз» журналында, одан соң 1993 жылғы екі томдықта жарияланды.

Қарап отырсақ, «Айтыс» жазылған жылдар да қазақ тарихының бір алмағайып тұсы. Азамат соғысының құқайын көріп, ақпен қызыл салған соғыс өртінің ортасында қалған қазақ жұрты енді-енді есін жиып, кеңестік өкіметті мойындап, социалистік өмір салтына қадам басқан шақ. Ескіден қол үзе алмай, жаңаға бет түзей алмай қиналған сәт. Ертеңге көш түзеген ел керуені өткеннен не алмақ, ата-бабадан қалған асыл мұрадан нені өнеге тұтпақ, келешекке не апармақ?.. Неге қарап бой түземек?! Міне, ақынға қалам алдырған осы ойлар болуға керек. Замана қалыбына шошына қараған ақын денсаулығының нашарлығына карамай, қалың қазаққа ортақ ой тастар сөз қозғайды.

Қашанда жаңалыққа жаны құмар, өз шеберлігін сынақтан өткізуден тайсалмайтын, үнемі ізденіс үстінде жүретін Сұлтанмахмұт «Айтыс» поэмасын жазуға өзгеше тәсіл іздеген тәрізді. Көкейдегі көрікті ой көкірекке қону үшін ел әдебиетінде ежелден келе жатқан сан ғасырлық дәстүрі бар айтыс үлгісінен өрнек тартқан. Сөйтіп дала ақыны мен қала ақынының айтысы арқылы өз ұлтының болмысындағы жақсылықты дәріптеп, жамандықты сынап, елді ертеңге жеткізер жақсы дәстүрді, озық үлгіні өнеге тұтуға шақырады.

Поэмада көрініс тапқан екі ақынның да көздеген мақсаты айқын. Ол – ел қамы, ұлт қамы, қазақ қамы. Оған әрқайсысы өз көзқарасы тұрғысынан келеді. Біздіңше, Сұлтанмахмұттың автор ретіндегі көзқарасы дала ақынына жақын сияқты. А. Еспенбетов Сұлтанмахмұтты Елжас Бекеновтің пікірін алға тартып қала ақынына жақындатқысы келгенмен, ол орынсыздау [205, 169 б.]. Өйткені дала ақынының сөздерінен Сұлтанмахмұттай дала ұланының қаны да, жаны да сезіліп тұр. Сардалаға деген сағынышы басылмай өткен ақиық ақынның жүректегі шері мен көкейдегі мұңы, азаттықты аңсаған арманы мен ұлтжандылық сезімі осы поэманың өнбойында өріліп жатыр және ол көбіне-көп дала ақынының толғанысында бүршік ашып, гүл жарады. Олай болса дала ақынынан Сұлтанмахмұтты, Сұлтанмахмұттан дала ақынын бөліп қарауға болмайды.

Поэма аяқталмай қалған. Сондықтан бұл шығарма жайлы тереңнен тартып, түптей пікір айту өте қиын. А. Еспенбетов: «Өзек жарған өрелі дүниесі – «Айтысты» бітіре алмағандығын ақын өкініш етіпті» [205, 168 б.] деген пікір айтады. Бірақ қай дерекке сүйеніп айтқаны белгісіз.

Жоғарыда атап өткеніміздей, поэмада дала ақынының сөзі өтімділеу, ұлтжандылық рухы биіктеу болып келеді. Ол халқын, туған жердің тамылжыған табиғатын, ұлтының рухани қазынасын, қазағының бай тілін мақтан тұтып, оны кестелі көркем тілмен жібектей тізіп жеткізіп, шалқыған жыр төгеді. Бейнелі сурет көркемдігімен көз тартып, әр сөз өз орнын тауып, жүрек пен көңілді қатар баурап, сананы шайдай ашады.

Мен қазақ, қазақпын деп мақтанамын,
 Ұранға алаш деген атты аламын.
 Сүйгенім қазақ өмірі, өзім қазақ,
 Мен неге қазақтықтан сақтанамын.

Ерікті ен даланың құсынша ұшып,
 Ер жеттім кеңшіліктің сүтін ішіп.
 Сен құсап сармасадай ілбиткен жоқ,
 Қаланың көшесінде жоқтық қысып.

Алтай, Ертіс, Сырдария, Есіл, Жайық,
 Арасын қоныс қылдым ірге жайып.
 Елім, жерім, қорғайтын ерім болып,
 Ер жеттім ең далада лықа байып [128, 210].

Қала ақыны өз еліне сын көзімен қарап, неғұрлым оның бойындағы кемшілікті қаза көрсетуге құмарлау көрінеді. Қала ақыны жалпы оң-солын таныған, түйгені мол, көргені көп жан секілді боп көрінгенмен, өскен еліне, туған жеріне, өз ұлтына, оның тұрмыс-тіршілігіне, дәстүрлі өмір салтына, тәлім-тәрбиесі мен өнеге-өсиетіне тым биіктен қарайтындай. Кей сөз саптасына қарап оны – шыққан ортаны төмен санап, өзге елдің өркениетін жоғары қоюға әдеттенген, өзі озық санайтын мәдениеттің сойылын соғуға дағдыланған көзі ашық, көкірегі «ұйқыдағы» көп оқығанның бірі ме деп қалғандайсың. Ө, дегеннен-ақ қала ақыны сөзін екпінді бастап, мінез адуындылығын танытады.

Сен кімсің семіз, толық тән жағынан?
 Өгіздей бар шығарсың әл жағынан.
 Көрінген, көрнегіңнен, жүрісіңнен,
 Топастығың білінген әр жағыңнан [128, 210 б.], –

деп сөзін дала ақынының жеке басына тиісуден бастаған ол қарсыласының ұлан даланы мекен еткен аруақты елдің ұлымын, гүл жайнаған даланың, өркен жайған ұлттың ұланымын деген жауабын місе тұтпай, сөз кезегі тиген бір сәтте маң далада мәңгіп жүрген қазақта қазақпын деп мақтанатындай қандай қасиет бар деген күйдіргі сұрақ қояды:

Қазақта не бар еді сүйетіндей?
 Кетуіне қайғырып күйетіндей.
 Сөйлеші, қане маған не бар еді,
 Соншама жүрек сүйіп иетіндей [128, 211 б.]?

«Көрмес – түйені де көрмес» деген осы емес пе?! Міне дала ақынының ашылар да шалқыр тұсы осы. Саф таза ауасын жұтып, мөлдір суын ішіп, төсінде ойнап, төскейінде өскен, жанына

нәр, тәніне әл берген жазира жерін, тәлімін алып, тәрбиесін көрген туған елін ақынның таныстыруы шынайы сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімнің тоғысынан жаралған. Он үш бөліктен тұратын ақын монологында қазақ деген халық болмысы бар қырынан ашылып, елдік асыл қасиеттері шалқар ой, шабытты жыр болып төгіледі:

Сүйдіріп жүрегімді тартқан менің,
Сарыарқа, Сарыдала туған жерім.
Көк күмбездің астында көк масаты,
Сәулемен алтынданған сары белім.

Кең дала, шаңсыз ауа, таза қоныс,
Исі аңқып, бетім сүйген самал желім.
Кіндік болып мал менен жанды өсірген,
Жаз жайлау, күзгі күзек, қысқы тебін.

Маңайы малға толып, бие байлап,
Жағалай өзендерді қонған елім.
Ас берген, жерошақ қазған жағасына,
Еске алып опат еткен кемеңгерін.

Таулары, төбелері тау көтерген,
Ту алып, тұлпар мінген ерін.
Құда түсер тойлары, қыз ойнағы,
Көңілдің тарқататын қайғы, шерін [128, 211 б.].

Міне, бұл – дала ақынын тебіrentкен сайын дала мен сол даланың бұзылмаған бұла қызығының тәтті дәмін алған қазақ деген еркін халықтың елдік салты. «С. Торайғыров дала ақынының кесек-кесек ой қозғап, салмақты түйін жасауына, тіпті, кейде тұлғаланып, биіктеп кетуіне жол ашқан» [205, 173 б.] деген А.Еспенбетовтің пікірінің жаны бар. Өйткені Сұлтанмахмұт дала ақынының жыры шалқымалы, сөздері нәрлі шығуына көп күш салған. Тіпті ақынның ақындық жасампаздығы өз кейіпкерімен астасып кеткен десе болғандай.

Дала ақынының ұлтының абыройын асырар асыл қасиет деп білетіні не? Ең алдымен, ол – халықтың өзіне ғана тән дәстүр-

салты. Дала ақыны қазақтың қанына сіңген адамды жатсынбас, бар жұртты өз бауырындай көріп, келген құдайы қонағының көңіліне кірбің ұялатпай, «жатып жастық, жайылып төсек» болып күтетін, сайын даланың дархандығынан жұққан кең мінезін артық бағалайды. Сұлтанмахмұттың ақындық пайымында кісілік келбет – рух биіктігінің кепілі.

Ақ орда, ақ бәйбіше, қара саба,
 Алдында кымыз толып тұрған шара.
 Ертеден кешке дейін мейман күткен,
 Алмастан бір тиын да тамаша ма.
 Өз үйіне келгендей болатұғын,
 Келгендер де дәм айдап қиыр шеттен.
 Күнде қонақ келуден тиылмаған,
 Дастарханы бір мезгіл жиылмаған [128, 212 б.].

Келесісі – дала халқының тұрмыс-тіршілігі, өмір сүру салты. Мұндағы ақынды қызықтыратыны ел бірлігінің негізіне саналатын татулық пен береке көрінісі. Ұлы Ахаң – Ахмет Байтұрсынов 1919 жыл жазған «Қазақтар және революция» деген мақаласында қазақтарда социалистік революция алға тартқан әлеуметтік теңдік өмір салтынан бұрыннан-ақ орын алғанын атап айтқан болатын [122]. Қазақ зиялыларының көбі осы пікір жағында екені даусыз. Өз поэмасында Сұлтанмахмұт осы бір ойды өлең сөздің өзегіне айландырады. Ауылы қатар, қотан бір, қойы қоралас, қазаны ортақ, «Төскейде малы, төсекте жаны» дегендейін ең даланы еркін жайлаған қазақтың туыстық бірлік-берекесінің, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған» ағайынгершілігінің қадыр-қасиетін, байларының жарлысына септескен, жарлысының бай ағайынға қол көмек көрсеткен ынтымақты жарастығын ақын келісті жырдың көркемдік кеніне айландыра алған.

Қазақ өмірі ғұрпымен бір еншілес,
 Екені байқағанға айдан анық.
 Нашарда қолғабысын аямайды,
 Құр масыл боп жүдетпес ана байды...

Нашарлар бай малына малын қосып,
 Баққызады елде бар сондай жосық.
 Ұйытқы боп отырар талай байлар,
 Құдайдан бергенінің қайырын тосып...

Болады қазақ малын ортақ деуге,
 Бізде жоқ жамбасына жатып жеуде.
 Кедейдің еңбегін жеп миллионер боп,
 «Мен сенің құдайың» деп қағып кеуде [128, 212-213 бб.].

Біздіңше, ақын қазақ халқы арасындағы әлеуметтік қатынастың шынайы сырын аша алған. Қазан төңкерісінен кейінгі «бай мен молданы бір шыбықпен айдайық» деген ұранның уытына елітіп, қазақты тек бірін-бірі езу үшін жаралған халық көргеніміз өтірік емес. Әрине, ел ішінде ала да, құла да болады, бірақ байын тұқым-тұқиянымен түгел қиянатшылға санап, кедей біткенді әділетшіл көруіміздің ақылға сиымсыз екендігін уақыт дәлелдеп отыр емес пе?! Бүгінгі ұрпақ – мына біздер оның байыбына енді-енді ғана бара бастасақ, Сұлтанмахмұттар көзбен көрген, жан-жақты зерттеп, жете білген. Ендеше поэмадағы дала ақынының ұқтыраны бай – ел құты, шаруа – мал құты.

Сұлтанмахмұттың осынау беймарал тірліктен қаупі де жоқ емес. Сондықтан ол дала ақынының аузына күмәні мол сөздер салады. Оның сезігінің негізі дала жақтан емес, қала жақтан. Бейқам далаға біртіндеп еніп, өңмендеп келе жатқан қала салтының өлермендігінен қорқады ақын.

Қылсам да мұны көріп шүкіршілік,
 Жүрегім сескенеді нені біліп.
 Қорқамын бұл заманы кетер ме деп,
 Қаладан қазағымна мінез жұғып [128, 213 бб.].

Дала ақынының келер кезектегі ауызға алары – ел билігін ұстаған хан мен бек. Сұлтанмахмұт ел егесі халық қалауы бойынша таққа отыратын сонау заманның мамыражай кезеңін еске алып, атасы Бұқардың Абылай ханға қарата айтқан сөздерінен мысал алып, кейіпкерінің қарсыласына қарсы қояр ойларына өзек етеді. Сонау бір замандағы ел егесі хандардың халқына «Қайғы-

сыз ұйқы ұйықтатқан» күндерін еске салады. Елді даналықпен басқарып, қиын жерден жол тауып, анталаған жауды бірде айбынымен, бірде айласымен жуасытып, халқының күнін жатқа қаратпаған ханды қара жақтаған қайран да қайран заманды мақтанышпен жырлап, хан даналығы жұрт сенімінің кепілі екендігін алға тартады:

Даналық ақылына халық тойған,
«Халық ұйғарса о дағы түйе сойған».
Қой асығы демеген қолайына,
Жағып кетсе ел дағы сақа қойған [128, 213 б.].

Айтар ойдың асыл түйіні хан мен бек – ел иесі, ел-жер киесі. Ханда қырық кісінің ақылы болса, елін өркендетіп, жерін гүлдендіреді. Қазақ деген ұлттың өркен жаюына олардың сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Ақын меңзеуі осыны аңғартады.

Дала ақынының келесі кезектегі мақтан тұтып ауызға алары ел сөзін ұстаған, қара қылды қақ жарған әділ би-шешендер. Сұлтанмахмұт кейіпкері жүйелі сөздің киесін тауып, «екі ауыз сөзбен» ел тағдырын шешкен би-шешендер мен сөз қасиетін қастерлеп, бір ауыз сөздің құдіретіне бас ұрған халқының асыл дәстүрін алға шығарады. Осынау қадір-қасиет аяқ асты болып бара жатқан мына заманда оған бас кінәлі қаладан тарап жатқан ала қағазға алақан жайған тәртіп деп біледі. Дала мен қаланың билік айту заңдарын салыстыра отырып, паракорлық шығандап, ар-ұяттан азғындап тұрған қала соттарының сұркия тірліктерінің түп негізін қазады. Бұдан ұлттың қашанда болса әділ биді ардақтаған, әділетті жақтаған рухани болмысы көрініс тапқандай. Бұл расында да ұлтын сүйген ұлы жүректің шын мақтанышы еді.

Сағынам билерімді кең ақылды,
Арамға жегізбейтін-ақ мақұлды.
Құдай өзін туғызған іштен би ғып,
Білмейтін төре айтқанда жат-жақынды.

Ердің құны екі ауыз сөзбен бітіп,
Кім оның жарлығынан мойын бұрған.

Тапқыштық, шешендікпен кім алса атақ,
Халық соны кетіпті «би» деп атап.

Шарменен, не үлкеннен бұйрық алып,
Би болатын жоқ онда біздің шатақ.
Қаланың соты құрсын шүлдірлеген,
Түсіне алмай құлағым дүңгірлеген.

Ақ, қарамды тексеріп білмек тұрсын,
Қазақша жалғыз ауыз тіл білмеген.
Қарғы сап, түймелері жарқылдаған,
Тік қарап жан алғыштай алқымдаған.

...Кәпірдің сақта, құдай қаламынан,
Дала жайын білмейтін наданынан:
Қазақ ісі қалаңа қараған соң,
Өзірейілдің адал ісі арамынан [128, 214 б.].

Бұдан әрі дала ақыны елінің ерлерін тілге тиек етіп, «Ту алып, тұлпар мінген», «Алаштап» ұран шықса, қаны қайнап», «Сескенуді жүрегі бір білмеген, Не көрсем де елім үшін көрдім деген» ел қорғаны батырлардың ерлік өнегесін дәріптейді. Дала ақынының пайымынша дұшпанының құтын қашырған қаһармандар бойындағы ұрпаққа үлгі асыл қасиет мыналар:

Солардай батырлардың арқасында,
Бұл күнгідей бірі қор саналмаған.
Батырлар ант бұзбаған сертте тұрған,
Күндеу жоқ, жолдасы үшін басы құрбан.

Сондықтан қорқып емес, сенгендіктен,
Ел ұстап етегінен басшы қылған.
Ел үшін қартайғанша аттан түспей,
Бір күні бел шешініп тамақ ішпей [128, 216 б.].

Сұлтанмахмұт кейіпкерінің басты тілегі – ел басына күн туған күндерде тәуелсіздік үшін аянбай алысқан жау жүрек бабалар жолы ұрпақтан ұрпаққа жалғасын табуы, бүгінгі ұрпаққа мирас болып қалуы. Ақын өзі өмір сүрген кезеңнен ке-

йінгіге мирас болар сол ерлік пен ерен күрестің белгісін таба алмай қиналады.

Ел қылған ерлерінен жетім қалып,
Халыққа болды ол дәурен көрген түстей [128, 216 б.].

Осынау жолдардан бір сәт өзек толған өксік сезілгендей. Әйтсе де, Дала ақыны жыр шумақтарынан көбіне жалын жастың жігерін жанырдай намыс пен ардан жаралған азатшыл мұраттың рухы атой беріп тұрады.

Поэмада Сұлтанмахмұтқа ұзақ жылдар бойы «жаптым жала, жақтым күйе» түрінде желімдей жабысып қалмай келе жатқан дінге, діншілдікке қарсы ақын деген пікірдің сыдырылып түсер тұсы бар. «Айтыста» ақынды таза атеист етіп шығарған тұжырымдардың дәрменсіздігінің дәлеліне айналар ой-идеялар көрініс табады. Бұған алтыншы бөлімдегі мына жолдар нақты мысал бола алады:

Пірді сағынам үйреткен құдай жолын,
Надандарға танытқан оң мен солын,
Байдан алса, нашарға тарататын,
Сағынбасқа бола ма ел қамқорын [128, 216 б.].

Дала ақынының аузынан шыққан осынау лебізде Сұлтанмахмұттың дін иелеріне деген шын құрметі жатыр. Кезінде «Дін», «Намаз» т. б. діншілдікті сынайтын өлеңдері ретінде ауызға жиі алынып жүрген шағын шығармаларында оның сенімге деген қарсылығы емес, сол сенімді аяқ асты еткен «ақ қойдың кәлласы, қара қойдың кәлласы» деп, мүлгіп отырған надан да таяз ақыл шала моллаларды сынға алғанын сезсек те сезбеген, білсек те білмеген болдық.

Сұлтанмахмұттың дін жолын тазалықпен ұстанған пірадарларды ардақтап, қасиет тұтқанын дала ақынының оларға деген жылы көңіл, ыстық ықыласынан байқаймыз.

Ешкімнен ешбір нәрсе сұрамаған,
Жұрт өзі әкеп берген ықыласына.
Даламның қандай еді абыздары,
Диуана, ишан, қожа, ғазиздары...

Өз жолын жұртқа жайған таратпаққа,
 Мешіт сап, мешіт ашқан әрбір елден.
 Білген ғылымын үйреткен құдай үшін,
 Ақы алмаған өмірде еш біреуден [128, 217 б.].

Міне, дала ақыны мақтан тұтар ғазиз жандар – «Құдайды бір, пайғамбарды хақ!» деп біліп, тек Аллаға деген ақ тілек пен таза дін жолында жүрген «Нағыз – ақ пайғамбарға мирасқорлар». Сұлтанмахмұттың дін туралы таным-білігінің құнарлы қайнары он бірінші бөлікте одан әрі жетіле түскен. Дала ақынының аузынан ислам дінінің қадір-қасиеті туралы сан ғасырлар бойы санадан берік орын алған арналы наным-сенімнің қуатты күші сезіледі. Мұнда діни уағыз да, діни насихат та жоқ. Онда тек Құдай жолын тура көрген жанның имани сенімі көрініс тапқан.

Ислам деп қазағымның айтсам дінін,
 Дос тұрсын дұшпан таппас оның мінін.
 Негізгі ақылменен сонша үйлесер,
 Мін іздеп қозғай алмас ешкім тілін.
 Мақсаты: адам ұлын бақты қылмақ,
 Дінімнің байқасаңыз ішкі сырын:
 Бұйырған пенделерге әділ бол деп,
 Әділдік бақыт үшін жалғыз жол деп [128, 220 б.].

Бұл – адал сезім мен шынайы берілгендік белгісі. Тілек пен тілектің, жүрек пен жүректің бірлігі. Ақын қарапайым қазақтың шын көңілден шыққан сөздері арқылы ұлттың «түксиген обыр» қараңғы еткен діни нанымының түндігін түріп, жарық нұрын төгеді. Мұсылман дінін надандықтың, санасыз берілгендіктің белгісі танып келген кері кеткен кесірлі насихаттың қалың өртіне қарсы шығады.

Дала ақынының ерекше мақтан тұтар халқының қастерлі қасиетінің бірі – өнерпаздық өресі. Ұлтының жасампаздық болмысын жырлар тұста Сұлтанмахмұт тіптен шабыттанып кетеді. Әсіресе ақындық өнердің құпиясын ашар сәтте поэзияны ұлы құдірет деп білетін автор сөз ажарын аша түседі. Ол ақындықты ұлттық рухтың қозғаушы күші деп ұғады. Өйткені ақынның әр

сөзі мың батпандық жүк арқалаған жан тербер жалынды жыры
– ел санасын оятар ең қуатты құрал.

Даламның ақындарын айтсам сізге,
Үлгіге сөз патшасын сонан ізде.
Миға тамақ, жүрекке сусын беріп,
Даңқы кеткен ақын көп бұл үш жүзде.

Қазақтың өміріне айна болған,
Өмірге илһәм құйылар жайда болған.
Қалың топта домбыра қолына алса,
Жаратқыштық бір қуат пайда болған.

Айқай сап домбыраны қағып-қағып,
Сонан соң көзді жұмып кеткен ағып.
Сол кезінде көрінер кеткендігі,
Еріксіз бір қуаттың билеп алып.

Сыйқырлар, тыңдаушының еркін алар,
Ақынның жүрегіне түскен жарық.
Қан жылып, жан сүйсініп, жүрек иген,
Бір халде тыңдаушылар болады анық [128, 218 б.].

Дала ақынының түсінігінде өлең сөзді өнер еткен адам жай ғана сөз сауған, содан күнкөрісін тауып, жан баққан, ермек еткен жан емес. Ол ең алдымен туған ел туының үнемі жоғарыдан желбіреуін қалайтын мақсаты биік азамат, бүгіннің кемшілігін көріп, ертеңнің өрісін байқар ел қамқоршысы. Оның сөзінде тылсым күш, жырында ерекше қуат бар. Сондықтан да Сұлтанмахмұт:

«Ер Тарғын», «Қобыландыны» оқып байқа,
Абайды оқы, таңырқап, басың шайқа.
Ақындықтың қуаты есінді алып,
Бас алмастан оқырсың қайта-қайта.

Кешегі Бұқар жырау, Жанак ақын,
Шөже, Орынбай халыққа жайған даңқын.
Ахмет пенен Міржақып әм Мағжан,
Алты алаштың баласы біледі атын [128, 222-223 бб.].

Қазақтағы рухты сөздің иегерлерін бас-басына атап, олардың мәңгілікке жол тартқан өнегелі сөздерінің құдіретіне бас иеді.

«Айтыс» поэмасында көтерілген күретамыр тақырыптың бірі – тіл тағдыры. Жалпы тіл мәселесі – Сұлтанмахмұттың азаматтық мұрат-мақсатының негізгі ұстанымы. Ол туған тіл тағдырына өте қатты мән берумен бірге, оның өз өнер туындыларындағы қолданысына аса кірпияздықпен қараған. Бұл туралы көрнекті ғалым Ысқақ Дүйсенбаев былай деп жазады: «С. Торайғыров тілі, тұжырып айтқанда, жалпыға бірдей түсінікті, таза әрі қарапайым, жазық әрі бейнелі, көркем әрі уытты, өткір, әрі жалынды шешен» (8, 412). Ақын ана тілін сүйе де білген, ол үшін күйе де білген. Дала ақынының аузымен айтылған мына сөздер соның нақты куәсі:

Сүйемін туған тілді – анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутімнен,
Құлағымға сіңірген таныс үнім.

Сол тілмен шешем мені әлдилеген,
Еркелетіп: «құлыным, жаным» деген.
Сол тілмен бірінші білгізілген,
«Апа» деген сүйгендік сөз әм менен.

...Сол тілменен білгіздім тілегімді,
Бірінші сүйген жарға жүрегімді;
Маған қарай тығылып: «Жаным» деген,
Мойнына апарғанда білегімді ...[128, 221 б.]

Шындығына келсек, XX ғасырдың басында да қазақ тілі аса бір шаттанарлық жайда емес еді. Өйткені ол екі бірдей бағыттан қыспаққа алынған-ды. Оның бірі орыстандыру саясаты арқылы өмір арнасынан ығыстырыла бастауы болса, екіншісі түріктік бірлікті бетке ұстап, татар зиялыларының өз тілін бүкіл түрік тектес ұлттарға ортақ тіл ретінде айналысқа енгізуге ұмтылысы болатын. Егер Ахметтер дер кезінде айқасқа шықпаса, бүгінгі күндегі жағдайдың қандай боларын бір Құдайым білсін. Сұлтанмахмұт алдыңғы толқын ағалардың көздеген мақсатын

дәл ұғынып, осы жолда өзінің ақындық қажыр-қайратын мүмкіндігінше жұмсай білген ұлттың ұлы азаматы. Бұған дәлел – осы поэма. Мұнда қазақ тіліне деген жанашырлық пен құрмет қана көрініс тауып қоймай, мол мүмкіндікке ие құнарлы тілдің көркі ажарланған. Поэманың ой әлемі жүйесінде даналықтың асылын бойына жиған толғамдардың тоғысып жатуы, өн бойына қара сөздің қаймағы мақал мен мәтелдің небір оралымы орайын таба кірігуі, қазақ тілінің табиғи тұнба тұнық тазалығының сақталуы шығарманы өз-өзінен-ақ туған тілдің ту ұстаушысына айландырған. Қазақ сөз орамының қысқалықты нұсқалық ете білген түйіп айтар қасиеті де назардан тыс қалмай, сөз орайы келгенде еркін қолданыс тапқан. Осыдан шығарып ақын қазақтың кемеңгерлігін кестелеген шешендік өнерінен данышпандық белгісін таниды.

Байқасаң, қазақтықтың өзінде бар,
Дүниенің генийлігі, пайғамбары [128, 222 б.].

Енді бір сәт Сұлтанмахмұттың сүйікті кейіпкері – дала ақыны ұлтының сан ғасырдан қастер тұтып, небір нәубетті тұстарда жоғалтып алмай, ұрпаққа аманат еткен өмір салты мен әдет-ғұрпының, тұрмыс-тіршілігінің қыр-сырына үңіліп, оның кешеден бүгінге жеткен, елмен бірге ертеңге жол тартар өміршеңдігіне назар аударады. Бұл поэманың үш бөліміне желі болып тартылып, ақынның суреткерлік шабытының аршынын аша түседі. XI тарауда ел-жұртының ұлы байлығы, адами қасиеттерінің ең зор белгісі ар алдындағы тазалық екендігін, адамдық мінез-құлқында иненің жасуындай арамдық пиғылдың жоқтығын тебірене жеткізеді. Бұны ұлт қалыптасуындағы таңғаларлық жетістік деп біледі. Оған өзі де сенеді, өзгені де сендіре алады. Жасандылыққа жаны қас ұлтының зайыр мінезіне шын сүйсінген ақын өзі де жасандылықтан ада. Оның сөздері ақындық шабыттан асып-таса төгіліп, көтеріңкі көңіл жетегінде желпіне айтылғанмен, астарында шынайы шындықтың табы бар. Мұны ақын дала мен қала адамын салыстыра отырып ашады:

Даламда бар ұят, құдай деген,
Қалаңдай намысы жоқ, жолсыз емес.

«Әділдердің көтеретін сыйлары бар,
Жауыздарға бір жаза бар» деп сенем.

Қалаңдай «Жүгенсіз» деп адам мақұлық,
«Закон» демес әлсіздік күшті жеген».
Қалаңдай «нәпсі жаудың тілегенін»,
Орындауды еш уақыт бақыт демен.
Қалаңдай жек көрмейді жарлы байды,
Тұрмыс екеуіне бірдей жайлы.
Қалаңдай он кісінің бай болуы
Он мыңына сор болып табылмайды.

Жүз кісі ғалым болып шығу үшін,
Жүз мың кісі сорлайтын білем жайды.
Байлығың қалаңдағы капиталдай,
Нашарды қолдана алмас басы байлы [128, 225-226 б.].

XII–XIII бөлімдерде кең далада еркіндікті жанға серік еткен халық тыныс-тіршілігінің тамаша көріністерін суреттей отырып таңдай қақтырар таңғажайып суретін салады.

Кең дала, шаңсыз ауа, таза қоныс,
Бәрі тоқ, бәрі де шат, жүзі жарық...
...Әр үйде жайған өре, қайнатқан құрт,
Бай, кедей, қатын-қалаш тегіс қарық.

Алтыбақан жібіндей ай жарықта
Сұлулар ән шырқаған іші жанып...
...Мың «Париж», жүз «Мәскеудің» керегі жоқ,
Басымда тұрар болса осы қалып.

Даламның кеңшілігін, бейқамдығын,
Жаным іздеп, жүрегім сүйеді анық...
...Ақ ауыл, ауыр қотан, ақтылы қой,
Іздеген салтанатым осы менің [128, 226- 227 бб.].

Ақын мынау қызылды-жасылды жарқын әлемге оқырманын тамсандыра таңдандырып қана қоймай, еріксіз елітеді, еліктіре тартады.

Дала тұрмысының мамыражай күйін шабыттана жырлаған ақын осынау өмір өзгеріске түсе ме деп секемденеді. Қала жақтан жайлап жылжып келіп, ел тіршілігіне мысық табандап ене бастаған қала салтының белгілері көңіліне дық алдырады. Елдің еркіндік салтанатын егіле жырлаған ақын келесі бір сәтте, кілт тоқтай қалып, әлгі күдігін көлденең тарта жөнеледі:

Жұқтырдың көп күйенді қала маған,
Бізді де қойған жоқсың есен-аман.
Құрт аурудай күн сайын ақырындап,
Қылмақсың даланың да халін жаман.

Мені өз еркімде қой, қалпымда қой,
Айтатын бар тілегім қала саған.
Өз сүйген қалпымда қалмақ үшін,
Өз жолыммен ілгері бармақ үшін [128, 231 б.].

Ол түптің түбінде жұрт көңілі жеңіл-желпең тірлікке ойысып кетіп, сахара сайын далада еркіндеп қалған елінің «ұзын арқан, кең тұсау өміріне нұқсан келе ме деген ойын да жасыра алмайды. Бірақ еркіндік жолында бас тігуге баруға дайын екендігін нақты білдіріп, азаматтық бағыт-бағдарын да айқындап алады. Ол бағдар – еркіндікті ел ұранына айналдыру. Азатшыл рухты ел жүрегіне егу.

Елді, жерді бір майлы жем қылмауға.
Қалаңның салған жауыз қармағы үшін.
Еркімді, елдігімді жұттырмасқа,
Алашқа автономия алмақ үшін.

Азаматым аямас орны келсе,
Жан қиып, сарп қылуға қуат-күшін [128, 231 б.].

Міне, Сұлтанмахмұттың дала ақынына шалқар шабыт беріп, төгілте жырлатып, есіле сөйлетуінің мәні осында жатыр. Әлгіндей қадір-қасиетке ие халық біреуге бодандық күй кешпей, еркіндік өмір сүруге толық құқылы. Ол үшін бабалар мирас еткен күрес жолын мұрат тұту қажет. Күдігі мол күпірлі кезең кермесін алға

тартқан құйтырқы уақытта бостандықтың бозалаң таңы көрінген алтын арайдың сәулелі жарығынан айырылып қалмау керек. Дала ақынымен ойы үндес Сұлтанмахмұттың да дiттегенi осы. Кеңестiк заманда жазылған еңбектердегi «Айтыс» туралы: «Ақынның мақтан ететiнi, сағынатыны өткендегi қазақ ауылы, оның бегi мен ханы, байы мен биi, пiр тұтқан қожа мен ишандары, тәуiптeрi мен дiн иелерi, шашақты найзалы батырлары, үкiлi домбыралы ақындары, әдет-ғұрпы, мекен еткен кең даласы, мал баққан кәсiбi – демек қаймағы бұзылмаған қазақтың ескi тұрмысы. Бұларға ұлтшылдық пен пантюркизмдiк сарындарды қоссақ, дала ақынының кiмнiң атынан сөйлеп тұрғанын аңғару онша қиын емес» [135, 379 б.] деген сықылды жадағай топшылаулардың астарлы сырының мәнi осында болса керек.

Бiр-бiрiне қарама-қарсы ортаны жақтаған, өнеге-тәлiмi екi бөлек ақындарды айтыстыра отырып, олардың ой-пiкiр тартысын салыстырмалы түрде оқырман назарына ұсынған Сұлтанмахмұт өз ұлты бойындағы мақтан тұтар жетiстiктермен бiрге ел табиғатымен тамырлас мiнез-құлық кемшiлiгiн, өркендi жұрттың ертеңiнде еншiсi болмауға тиiс, келешекке кесiрi тиер қасиетсiздiктен арылуға ұран тастайды. Бұл орайдағы екi ақынның да сөз саптасы, ой ағыны бiр-бiрiнен қалыспастай. Даланың дархан мiнез ұланы – дала ақынына аңқылдаған ақ жүрек, туған жер мен туған елге деген ыстық сезiм, ой кеңдiгi тән болса, қала ақыны көбiнесе көз алдындағы көргенiне табынған, көңiлi қалғанды ашындыра айтуға құмарлық танытатын бiрбеткейлiкке бейiмдеу. Дала ақынына автордың «бүйрек бұрары» барын жоғарыда айтып өткен едiк. Оның айтар ойы көбiне жанды да мәндi шығады.

Дегенмен «Айтыстағы» қала ақыны да қамшы салдырмас қасқа жүйрiктiң өзi. Қарсыласының қапысын табар сәттi ол да қалт жiбере қоймайды. Ебiн тауып, етпетiнен түсiрер сөз тәсiлiн қолданып-ақ бағады.

Қала ақыны көбiне-көп нақтылыққа, өмiрдiң өзiнен алынған мысалдарға жүгiнедi. Өз кезеңiнiң реалды шындығына жүгiнiп, өткен замандағы өмiр салтының жетiстiгiне малдана берудiң жарға жығарын алға тартып, «замана түлкi болса тазы болып шалу» керектiгiн ескертiп отырады. Өткеннiң көп дүниесiнiң бүгiнгiнiң жолдасы бола алмайтындығын айтып, оған өз әлiнше бұлтартпас дәлелдер келтiредi. Заманаға қарай сананы өзгерту, құ-

былмалы дүниенің құйтырқы тіршілігіне сай болу уақыт талабы екенін де жеріне жеткізе жырлайды. Оның біршама көзқарастары астарында ұлтынан жерінгендік емес, жүрдек заманның көші-не ілесе алмай қала ма деген қауіптен туған қорқыныш сарыны жатыр.

Сендей ме ел болатын елдің түрі?
Айтасың өтіп кеткен бұрынғыны.
«Ел едім, ел боламын» дей алатын,
Бейшара-ау, не жайың бар осы күні

Ел болып, ерік алады қандай елдер?
Ол басқа, тіпті басқа емес сендер
Сен сияқты «шалшықты көл қылам» деп,
Бейнеттенген ерлерің босқа терлер.

Бірінші ел болуға намыс керек,
Мал-жанды намыс үшін салыс керек.
«Қорланып өмір сүрген тіршіліктен
Өлгенім артық» деген намыс керек.

Жоқ сенде мұндай намыс көптен өлген,
Бабанды тұрғызбасаң қайта көрден.
Қорласа, дүрелесе, басқа тепсе,
«Тақсырдан» басқа сөз жоқ, қазақ көнген [128, 231-232 бб.].

Андап қарасақ, қала ақынының ой өзегінде ұлт көсемдері сөз өрнегінің үлгісі жүр. Жоғарыдағы «шалшықты көл қылам» деп» деген тіркес Ахаңның («Тілек батам») өлеңінен алынған. Мұның толық шумағы мынадай болып келеді:

Мұны көріп көзіміз,
Бірігер деп сөзіміз,
Кен болар деп балшықты,
Көл болар деп шалшықты,
Біз үмітпен қазып ек [162, 35 б.]

Ел қамы деп өткен Ахаңның айналасында жүріп жау болып шыққандарға налығанда шығарған өлеңі еді бұл. Қала ақыны осы

өлеңдегі сырды өз ойына арқау еткен. Кезінде Сұлтанмахмұттың «Тұтқындағы Байтұрсынның «Масасына» деген өлең жазып, онда ұлттың рухани ұстазына айналған тұлғаны надан жұрттың түсінгісі келмейтінін:

Өткірсің наркескеннің алмасындай,
Жүйріксің полный ходтың арбасындай,
Сен сұңқар, көңілі соқыр, сенімен қас,
Өзінің болмады деп қарғасындай [128, 89 б.], –

деп өкінішпен жазып еді. Поэмасына да Ахаңның өлең жолдарын кіріктіріп, сөзі үндес, ойы ортақ екендігін тағы бір байқатып өтеді.

Иә, бүгінде баяғы бірлігіне сызат түскен, орыстың эзәзіл саясатының салқынынан арасын алауыздық пен араздық жайлай бастаған елдің ертеңіне күмәнмен қарауға көзі ашық, көкірегі ояу қала ақынының еркі бар. Ол өткенге малданудан келешекке қол созу келе қалмайтындығын нақты сезінеді.

...Намыссыз, өлі сүйек, сен қорқақ құл,
Ел болам деп еліріп айтасың құр.
Елдік деп аузыңды созатындай,
Байқашы, далам, сенде не сиық тұр?

Қайнаған намыс үшін жүрек бар ма?
Бұрқ еткен бір ауыздан тілек бар ма?
Ел болып еркін жасап кетпек үшін,
Ынтымақ, бірлік деген тірек бар ма [128, 232 б.]?

Мұны жұртын сүйген ақынның кемшілікті көре біліп, соны жоюды мақсат еткен талабы деп ұққан жөн. Қала ақыны да елдің ертеңгі болашағына алаңдайды. Оны да жұрттың жай-күйі толғандырады. Ел болған соң, әрқилы қисық-қыңыр, кертартпа мінез-қылықтың кездесуі мүмкін екендігі белгілі. Және ондай мінез кемісі отарлаушы елден қолдау тауып, одан әрі жетілдіре түскендігі тағы бар. Өйткені отаршылдарға қармағындағы елдің бір-бірімен қырғи-қабақтығы басқаруға оңтайлы жағдай тудыратындықтан олар бұратана елді үнемі өздеріне тиімді

жағдайға икемдеп отырды. Міне, осының бәрі үйлесе келіп, ел арасына іріткі салып, ел бірлігіне нұқсан келтірді. Әсіресе отар елден келген сайлау, партиягершілік сынды тартысты жарыс ХХ ғасыр басында қазақ жұртын әбден бұзып біткен-ді. Осының бәрін жіті аңғарған қала ақыны дала ақынын ұстайтын тұсты осы бағыттан іздейді. Сөйтіп ащылау болса да, нақты өмір шындығын алға тартады.

Қазақты жарытпайды қазақ билеп,
Есіттім талай қазақ айтты сүй деп.
Билесе; бәрі жабыла билемекші,
Болмаса қалғанының іші күймек [128, 233 б.].

Қала ақынын қатты алаңдататын үш «керек». Олар: бірінші «ел болуға намыс керектігі», екінші «бірлік қып, бір ауызға қарау керектігі», үшінші «елдікті елге алып берер өнер-білім керектігі». Осыдан келіп ол ел боламын десе де, «керекті керек» деп білмеген жұрттың қажетін табады деген оқығандардың ұлт қамын ойламастан, қарақан бастың күйін күйіттеп жүрген, зиялы деген атқа сын мінез-құлқын тілге тиек етіп, берекесіз тірлігін сынға алады.

Тіпті аз ғана қаламнан оқығаның,
«Білед» деуге болмайды оның бәрін.
Тік бақай, көбі ел жегіш бұзылғандар,
Болмаса бірен-саран, бірлі-жарым.

Шашты қайырып, шүлдірлеп, төресініп,
Мақтануға оқыған, бізге мәлім.
«Читаю, писаюды» білгендердің,
Қазаққа көріп жүрмін не қылғанын.

Қазаққа көбі соның жаттан жаман,
Қырдағы тоң мойыннан олар надан.
Қырдағы мойнына алар білмейтінін,
Оларша жоқ өзіндей білгіш адам [128, 235 б.].

Ежелгі ерлік салтынан айырылған елді қу құлқынның құлына айналған осындай оқығандар қалай оята алмақ?.. Өздерін же-

тістіре алмай жүргенде, етегі жасқа толған жұрт көңіліне сенім ұялатып, кек оятар намысты жанып, елдікке жеткізе ала ма?! Міне, қала ақынына көңіліне сезік ұялатар жайлардың бастысы осылар. Сондықтан да ел түзетер адам алдымен өзін түзетуі керек. Әуелі әркім өзінен бастаса, сонан соң елге үлгі шашса, сонда ғана бастаған іс баянды болмақ. Ал адамдықты асқақтатқан азаматтық тұлғаға айналу үшін туған елдің туын көкке көтеруді өмірдің мұратына айналдырған ұлы мақсаткерлік керек. Өңгесі бос әңгіме. Қала ақыны тірек етер ой-тұғыр осы.

...Әркім өзін түземей ел оңбайды,
Біреудің теріс деумен қылған ісін.
Ел оңсын десең, әуелі өзіңді оңда,
Өзіңді біл, өзіңе әбден түсін [128, 233 б.].

Шығарма қала ақыны дала ақыны мақтанышына арқау еткен әрбір жайға өзіндік қарсылығын білдіре бастаған тұстан кілт үзіліп, аяқталмай қалған. Өкінішті!.. Әйтсе де, поэманың бізге жеткен бөлігіндегі екі ақынның жан беріп, жан алысқан айтысы, екі кейіпкердің іштей де, сырттай да тартысы шығарма болмысын айқындай түсетіндігінде сөз жоқ.

«Айтыс» жанрының табиғаты қарсыластан кемшілік тауып, бірін-бірі сынауды қалайды. Және ол дәлелді де әділ болуы керек. Міне, Сұлтанмахмұт поэманың өн бойына осы бір айтыс табиғатына тән қарама-қайшылықты көзқарастар қақтығысын желі етіп тартқан. Осы арқылы өз ұлты туралы шырылдаған шындықты айтудың оңтайлы тәсілін тапқан. Ел-жұрт туралы екі ақынның аузынан айтылар уәж санаға ой салып, жүрекке қозғау салары анық. Бұл, біздіңше, ұлттық рухты оятудың тура да ең тиімді жолы. Бұл жай айтыс емес, ұлт тағдыры мен талайы жайлы толғаныс, халықтың өткен тарихы мен рухани өрісі туралы толғам, елдің бүгінгіне шолу, ертеңіне болжам. Сондықтанда «Айтыс» – дәл осы күйінде де қазақ деген ұлт барда, мәңгі бірге жасар асыл мұра боп қала бермек.

«Таныстыру», «Айтыс» поэмалары – ғылыми айналымға енді-енді түсіп, әдеби ортада жаңа ғана сөз бола бастаған туындылар. Сұлтанмахмұтқа арналған XX ғасырдың 90-жылдарына дейінгі еңбектерде бұл екі поэма тіпті аталмайды десек те болады. Тек

Арап Еспенбетовтің Сұлтанмахмұт туралы 1992 жылы жарық көрген еңбегінен кейін ғылыми ортада аз-кем сөз бола бастады. «Айтысты» бөлектеп алып, ондағы ұлт-азаттық идеяны қарастыруымызға ой түрткі болған осы ғалымның: «Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуге жол ашылып, соны мүмкіндіктер туған сәтте «Айтыс» поэмасының тарихтағы орнын белгілеуіміз шарт» [205, 169 б.], – деген орынды пікірі. Біз осы сөздерді негізге ала отырып поэма туралы өзіндік ой айтуға тырыстық.

Қос поэманы бір-біріне жақындатып тұрған екі сипат айқын. Біріншісі – олардың түр тұрғысынан (формалық) ұқсастығы. Екіншісі – мазмұн бірлігі. Түрлік жағынан алғанда поэмаларда екі адамның қатысы арқылы өткен тарих, қоғам өзгерісі, уақыт, уақыт пен кеңістік межесіндегі адам жайлы арналы ойлар қозғалып, өзара пікір алмасулар, көзқарас қақтығысы нәтижесінде шындықты сыр шертіледі. Бұл жаңашыл жанрлық тәсіл сюжетсіз поэмалардағы тартымдылықтың қуатын артырып, оқырман қызығушылығын тудыруға нәр беріп тұрғаны анық. Осы туындылардағы тартыстың болмысы да осы тәсілде жатыр. Тартыс тарихи шындықтың көркемдік шындыққа айналуының негізін қалаған.

Екінші мәселе – мазмұн бірлігі. Поэмаларда тақырып өзге болғанмен, ой – ортақ, мақсат – бір. Мәселен «Таныстыруда» тарихи тұлғалардың күрескерлік, азаматтық болмысын көрсету арқылы ұлт рухын көтеру негізге алынса, «Айтыста» екі ақынның сөз сайысы арқылы ұлт бойындағы жақсы мен жаманның парқы ажыратылып, ұрпақ тәрбиесінің асыл тегі көрсетілген. Ал тәрбиенің қайнар көзі – ұлттық рух. Ақынның асыл мұраты – ұрпақ бойындағы ұлтын сүйген ізгіліктің бұла күшін ояту. Сол арқылы азаттық атты ұлы арманның шындыққа айналуына көз жеткізу.

«Айтыста» ақын ұлтын мақтауды емес, ұлтымен мақтануды мақсат тұтқан. Сол үшін ол бір ақынның аузымен жұртының жарқын қасиеттерін айрықша мадақтап, екінші ақын арқылы жаманның ащы сынады. Екеуіндегі ортақ келісім – ұлтына деген жанашырлықта жатыр. Егер поэма аяқталған болса, біз ақынның түпкі мақсатын тап басып таныр едік. Өкініштісі сол, бізге поэманың қалай аяқталғаны белгісіз. Өттең!!!.. деп, тіл тістегеннен басқа не айта аларсың?!... Ақынның қорытынды түйіні әр-

кімді де қызықтырары анық. Амал қанша, «жоққа жүйрік жетпейді» деген осы да!

Әйтсе де, Сұлтанмахмұттың автор ретіндегі көзқарасы біздіңше сәл де болса дала ақынына жақын сияқты. Бұл шығарманың ұстанған шындығын да айқындайды. Ол – ұлт рухының биіктігі, кіршіксіз тазалығы.

Біздіңше, ұлы ақын өзінің осы қос поэмасы арқылы өзі өмір сүрген дәуірдің көкейкесті мәселелерін көтеріп, замана, қоғам, адам жайлы толғанысты түйіндер жасап, ұлт-азаттық идеяны қозғайтын терең ойлы, жаңа мазмұнды шығармаларды дүниеге әкелді. Оның поэмалары азаттық ойды оятып, ұлттық идеяны биікке көтерген, замана сұранысына сай ұлттық болмысты асқақтатар тың тынысты поэма жазудың үлгісін танытты. С. Торайғыровтың осынау егіз поэмасы XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті көркемдік деңгейінің биік белесі боп қала бермек.

XX ғасыр басындағы әдебиеттегі М. Жұмабаев пен С. Торайғыров поэмалары ең рухы жоғары поэмалар болып табылады. Ондағы көркемдіктің орны тіптен бөлек. Сондықтан біз олардың шығармашылығын ғасыр басынағы әдебиеттің ең биік көрсеткіші деп білеміз.

ҚОРЫТЫНДЫ

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті өзіне дейінгі ұлттық әдебиетіміздің бар асылын, үлгілі дәстүрін ала отыра, дәуірге сай жаңа көркемдік мүмкіндіктерді ашты. Әсіресе, мұндағы жыраулар әдебиеті мен зар заман әдебиетінің, асқарлы Абай өнегесінің құнарлы болғанын атап айтқан абзал. Жаңа ғасыр табалдырығын шығармашылық талаппен аттаған жас ақын-жазушылардың қай-қайсысы да Абайды өзіне пір тұтты, шама-шарқынша «бас ақын» межелеген биіктен көрінуге тырысып, түрлі ізденістерге бой ұрды. Дәстүрді жалғастыру мен жаңашылдыққа ден қою ой-сана тұтастығына, идеялық-көркемдік бірлікке алып келді.

Әрине, XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиетте түрлі бағыттар қалыптасып, әр бағыттағы ақын-жазушылар шығармашылығындағы өмір шындығын суреттеу сан алуан реңктер тапқаны рас. Бірақ әдебиет атты ұлы айдынға бет алып, сылдыр қаққан тұма бұлақтар бір арнаға құйып, бір түйінге бекіді. Бәрін біріктірген ортақ ұлы мақсат ұлттық сананы оятып, азаттыққа қол жеткізу болатын.

Белгілі бір дәуірде өмір сүрген суреткерлер шығармаларында болжалды идея үнемі бірыңғай күйде көрініс таппай, сан-салалы көркемдік шешімдер арқылы бой көрсететіні ақиқат. Сондай-ақ, әдеби шығармада көрініс табатын қоғамдық өмір шындығы мен әрқилы адам тағдырын дайын қисын-қағидаларға бағындыру арқылы бағамдау жөн болмас еді. Әдебиеттің қалыптасу, даму, жетілу, өсу жолдарын дайын қалыпқа салып бағалау, жадағайлыққа ұрындырары хақ. Әрбір әдеби бағыттың, көркемдік әдістің өз шеңбер шегі, шектеулі мүмкіндіктері бар. Әрбір үлкен суреткердің айқындалған бағыты бар, ол сол өзі ұстанған бағыт жолында еңбек етеді. Бұл бағыттарды біз жұмыста діни-ағартушы, ағартушы-демократтық, ұлт-азатшыл деп бөлдік.

XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиет өмір шындығын, ұлт мүддесін, замананың өркениетті көріністерін алға тарта отырып, өз кезіндегі озық ой-санадан өріс тапты, соны жетекші идеяға айналдырды. Мәселен, XIX ғасырдың екінші жартысындағы ағартушылық идеяның XX ғасыр бас кезінде азатшылдық идеяға ұласуы.

Біз осы зерттеуімізде мынандай нәрселерге басты назар аударып, қорытындылар жасадық:

1. Ежелгі әдебиеттен келе жатқан азатшыл ұранды жыр мен оның кейінгіге өнеге шашқан дәстүрлік негізіне бойлап, кейінгі дәуірлердегі көрініс табуын терең зерделедік. Бұл мақсатқа «Күлтегін» жәдігеріндегі жырларды, Хандық дәуір әдебиеті кезіндегі жыраулардың жауынгерлік және ой-танымдық толғауларын кеңінен пайдаландық. Оларды кеңінен талдай отырып, дәстүрлік поэзиядағы орнын анықтадық.

2. Зар заман әдебиетінің «құрғақ ойбай, құр айқай» емес екеніне оның тарихи-әлеуметтік мәнін аша отырып көз жеткізуге тырыстық. Және ұлт-азатшыл идеяның бастауы солардың өлең-толғауларында жатқандығын әдеби-ғылыми талдаулардың негізінде тұжырымдай алдық.

3. XIX ғасыр әдебиетінің кейінгі әдебиетке игі әсерін Абай поэзиясы арқылы айқындауға ұмтылдық. Абайға ілесе шыққан ізбасарлардың Абай рухына жақындарының шығармашылық тұлғасын айқындауға баса көңіл бөлдік. Оның тек өз айналасы ғана емес, бүкіл XX ғасыр бас кезіндегі әдебиетке ортақ әсері зор болғандығын Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Сұлтанмахмұт шығармашылығынан белгі беретін дәстүрлік көріністері арқылы дәлелдеуге тырыстық. Олардың әрқайсысы қай бағытты жанына жақын тұтты, сол арқылы әдебиетке қандай өзіндік жаңалық әкелді, міне, осы тұрғыдан бағдарлауға, осы тұрғыдан танытуға тырыстық.

4. XX ғасыр басындағы әдебиеттегі ұлт-азаттық идеяның табиғатын тану үшін әуелі тарихи кезеңге көз салу керек. Зерттеу жұмысының қамтитын тұсы XX ғасырдың алғашқы ширегі болғандықтан да заманаға, уақытқа өз үрдісінен үңілуді, бүгінгі көзқарас биігінен қарауды қажетсінеді. Сондықтан да жұмыста біз кезең тарихына қатысты қоғамдық-саяси, тарихи-әлеуметтік мәселелерді жүйелей отыра, олардың әдебиет пен жалпы руханиятқа әсерін сараптаудан өткіздік.

5. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиетіндегі идеялық-тақырыптық ізденістерге, сонан соң оның биік деңгейде көрініс табуына зор әсер берген әдеби-көркемдік ізденістерге жан-жақты талдау жасай отыра, азатшыл идеяның кезең әдебиетіндегі басты идея болғандығын ғылыми тұрғыдан тиянақты тұжырымдадық.

6. Ұлт-азатшыл идеяның XX ғасыр әдебиетіндегі бар ағым-бағыттарда ортақ көрініс тапқандығын түйіндеу барысында жан-жақты ізденістердің белгілері ретіндегі дәстүр мен жаңашылдық, жанрлық тұрғыдан өркендеу назардан тыс қалмады.

7. Ұлт-азатшыл идеяның көлемді көркем шығармаларда көрініс табуын ғылыми байыптау үшін жанр табиғатына бойлап, белгілі бір жанрдың өркен жаюының себеп-салдарын ашу қажет болды. Қажетіне қарай бұл мәселені жан-жақты сараптаудан өткіздік. Сондықтан да ежелгі әдебиеттен XX ғасыр бас кезіндегі әдебиеттегі азаттық идеяның жырлануы толыққанды қаралды деп білеміз.

Әдебиет қашанда болса өз дәуіріндегі қоғамдық өмірмен, оның жаңа өзгерістерге бейім жағдайымен тығыз байланысты болып келеді. Әдебиет қоғамдық даму бағытына орай өзгеріп отыратындықтан сөз болып отырған әдебиет кезеңіндегі тарихи-әлеуметтік жағдайды, оның басты-басты сипаттарын айқындап алмай, өз тұсындағы қоғамдық өмірдің бар құбылысын, айнадай жарқыратып көрсететін әдебиет жайлы сөз қозғау мүмкін емес.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті өз дәуіріндегі мәні зор үлкен мәселелермен қоян-қолтық араласып, олардың түйткілін шешуге, сырын ашуға ұмтылды. Бұлар қандай мәселелер дегенде, алдымен, ауызға ілігері – ағартушылық. Осы мәселе өткен ғасыр бас кезіндегі әдебиеттегі қай бағыт өкілінің шығармашылығында болмасын бедерлі белгі беріп отырады. Бірақ еске тұтар бір жайт – бұл ағартушылықтың XIX ғасырдың екінші жартысындағы ағартушылықтан сәл де болса өзгешелігі барлығы. Ұлы ақын Сұлтанмахмұт айтпақшы, XX ғасырдың бас кезінде «Болғанымен оқу анық, мақсат танық» болатын. Яғни оқу жайы (мұсылманша, орыс-қазақша) біршама шешімін тапқан-ды. Бірақ оқудағы мақсат айқын емес-ті. XX ғасырдың басындағы әдебиетке, міне, осы мақсат айқындығы, яғни оқу-білімге шақыру ғана емес, оның ұлттық сананы оятудағы қуаты өзек болып тартылды.

Екінші, аталмыш кезеңдегі әдебиетте күні озған әдет-ғұрыптар мен отаршылдық озбырлық әкелген жұғымсыз кесәпаттарға қарсы күрес нақты көрініс тапты.

Үшіншіден, әдебиет ұлттық сананы ояту арқылы ұлт бірлігіне, жер иелігіне, ел тәуелсіздігіне үндеудің жаршысына айналды. Оны көркемдік әдіс-тәсілдер арқылы оқырман санасына сыналай да, ашық та сіңіруге тырысты. Мұны түрлі бағыт өкілдері өз шығармашылықтарының өн бойына өзек етіп, әр қилы көркемдік шешімдер жасай білді.

Мәселен, діни-ағартушылар оқу-білімге, негізінен, мұсылмандық оқу, оның қадір-қасиеті арқылы үндеп, адамдық негізді дін арқылы қалыптастыруды көздеп, азаттыққа қол жеткізу жолы Ресейдегі мұсылман дүниесінің бірлігінде деп білді. Біз зерттеу жұмысымызда мұны осы бағыттың басты өкілдерінің шығармашылығына шолу жасау және Мақыш Қалтаев, Нұржан Наушабаев және Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармашылықтарына жеке-дара тоқталу арқылы байыптадық. Олардың мақсат-мұраты, ұстанған бағдары Мәшһүр Жүсіптің:

Құдайдың шын нансаңдар бірлігіне,
Ерлердің күш қосыңдар ерлігіне.
Сарт демей, ноғай демей, қазақ демей,
Тілек қыл дін-мұсылман бірлігіне [127, 67 б.], –

деген өлең шумағында жатыр. Бұл ақындар түсінігінше, барлық жақсылық, нұрлы өмір осы дінге деген сенімнен басталады. Өзге бағыттардан наным, таным бөлек болғанымен мақсат ортақ. Ол – азаттық, соған жеткізер дін-мұсылман бірлігі. Сан ғасырлық қазақ әдебиетінің тұнба-тұнық қайнарының көзін ашып, Шығыс әдебиетінің кәусар бұлағынан нәр алған діни-ағартушылық бағыттың шұрайлы тіл, көркемдік үлгі негіздерінің түп тамыры тереңде.

Ағартушы-демократтық бағыттағы ақын-жазушылар, алдымен, Абай, Ыбырай ашқан өнегелі өрісті жалғап, оған орыс, батыс әдебиетіндегі өзгеше өрнекті ұштастырып, қазақ әдебиетін ізденімпаз жаңашылдықпен байытты. Абай, Ыбырайдың ағартушылық арнасын замана алға тартқан тың демократтық көзқарастармен толықтыра түсті.

Қоғамның дамуына, қазақ халқының өркениет елдерге бой түзеуіне ең қажетті нәрсе қоғамдағы әлеуметтік қатынастардың белгілі бір демократиялық заңдылықтарға бағындырылған жүйеге түсуі деп білді. Адам құқын қорғау арқылы жеке адамның еркіндігіне қол жеткізіп, демократиялық қоғамның қалыптасуына негіз салуға ұмтылды. Олар өз тұсындағы әлеуметтік теңсіздікті, адам құқының табанға тапталуын көзбен көріп, ішпен сезіп өскендер еді.

Бұл бағыттағы ақын-жазушылар шығармашылығының негізгі өзегі – әлеуметтік теңсіздік, оның қасіреті мен кесепатын ашып көрсету болып табылады. «Олар ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамындағы әйел теңсіздігі тақырыбына қалам сілтеу арқылы жалпы әлеуметтік теңсіздік ұғымының сан қатпарлы сипатын ашып, теңдік сақталмауының сырларын көпке ұғындырудан үміттенді» [211, 23 б.]. Сөйтіп, жеке бас теңсіздігінен жалпыұлттық теңсіздіктің себеп-салдарын көре алды.

Бұдан ағартушы-демократтар шығармашылығына тек әлеуметтік теңсіздік мәселесі арқау болған деген тұжырым тумаса керек. Әрбір шығармашылық тұлғаға тән рухани жан-дүние, ішкі сезім, адами мінез-құлық құбылысы, қоршаған орта табиғаты оларды да толғандты, тебіrentті. Бірақ қаламы жүрдек тақырыбы – әлеуметтік теңсіздік болғаны шындық. Жұмыста біз мұны ағартушы-демократтық бағыт өкілдерінің шығармашылығына жалпы шолу жасай отырып та, Шәкәрім Құдайбердиев, Сұлтанмахмұт Торайғыров сынды ұлы тұлғаларға жеке-жеке тоқталу арқылы да танытуға тырыстық.

ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетіндегі үшінші бағытты біз ұлт-азатшыл бағыт деп тануымыздың себеп-салдарын, ғылыми дәлелдемесін қажетті деңгейде нақтылай отырып, осы бағыттың ұлт-азаттық идеяны жырлаудағы зор мүмкіндіктерін аштық.

Өткен ғасырдың бас кезінде отаршылдық езгінің қыспағында қалған қазақ халқы ауыр қоғамдық дағдарысқа ұшырады. Міне, осы тұста қазақ зиялыларының өзгеше бір тобы отаршылдық құрсауынан ұлтын босатар жол іздеп, жүйеге түскен бағдарламалық іс-әрекетке көшті. Бұл қазақ халқының ғасырдан астам азапты тарихындағы нұрлы сәулеге бет бұрған кезеңі еді. Яғни азаттық кезеңді жақындата түскен саяси күрес жылдары болатын.

Осы саяси қозғалыстың басында Ахмет, Әлихан, Міржақыптар тұрса, олардың шығармашылығынан тәуелсіздік идеясының, азаттық сарынның көрініс таппауы мүмкін бе?!

Ұлт-азаттық бағыттағы ақын-жазушылардың алға қойған басты мақсаттары: өз шығармаларында бостандық үшін күресу, еркін ел болып, тәуелсіз мемлекет құру идеясын көтеру. Осы бір азатшыл санамен ұштасқан ойды қалың қазаққа жеткізу. Өйткені оқу-білім дамып, әлеуметтік теңсіздік жойылып, дін еркіндігі етек жайғанымен әрбір ұлт өзін-өзі билеуге қол жеткізбей, өркениет жолына түсу мүмкін емес (Кеңес тұсында мұның дәмін таттық та...). Олар бүкіл мұсылмандық бірлікке де, түркілік бірлікке де қарсылық білдірді. Себебі бұлардың қай-қайсысы да қазақ деген ұлттың жойылуына алып келеді деп түсінді. Басты мәселе өз ұлтының бірлігінде деп білді. Бұған мысал Ахметтің «Бол десең де, болмаймын маған татар, Қасындамын жүр десең бірге қатар», – деген жолдары куә.

Осы бағыттың көш басында тұрған Ахмет Байтұрсынов биік пафостағы азатшылдық рухты қазақ әдебиетіне алғаш болып алып келді. Ол салған азаматтық сарынды ізінен ерген, ұстазына сенген, азаттықты көксеген жалын жүрек інілері ту көтеріп алып кетті. Арман болған азаттық көркемдік шындыққа айналды. Азатшыл бағыт өкілдерінің қай шығармасында болмасын осы бір асқақ рухтан қуат алған өзекті ой алға шықты.

Поэзияда Ахаң айтқан «Аш көзінді оянып», Міржақып қоштаған «Оян, қазақ!» осының – жемісі. Мағжанның сезімнің қылын шерткен сыршыл өлеңдерінен де ұлы күреске деген ынтықтық сезіліп тұрады. Ол сомдаған Батыр Баян бейнесі – ел қорғаны ердің, ұлт азаттығы жолындағы күрескердің көркем сөзден соғылған құрыш тұлғасы. Прозадағы Міржақыптың Жамалы – өз еркіндігі үшін күресе білген, сол жолда мерт болған, теңдікке ұмтылған қазақ қыздарының типтік бейнесі іспетті, үлкен жанрда тұңғыш сомдалған тұғырлы тұлға.

Ұлт-азатшыл бағыттағы ақын-жазушылар дәуір шындығынан тудырған бір ақиқат жеке бас бостандығын жырлаудан жалпы-ұлттық бостандыққа үндеуге жол ашты. Соған негіз қалады. Азаматтық биік рухты арқау еткен бұл әдебиет – халқым, елім, жерім деген ұлы ұғымдардан жалын жыр жаратқан нағыз

ұлтжанды әдебиет болды. Өмірдегі күйкі тірліктен «Алашым» деген жалпы ұлттық сана басым келді.

Жалпы әдебиеттегі бағыттарды «Бұлай бөлуге ақын-жазушылардың дүниетанымдық принципі негіз болған» [212], – дейді ғалым Б. Әбілқасымов осы кезеңді мейлінше терең зерттеген Б. Кенжебаевтың XX ғасыр басындағы әдебиеттегі бағыттардың бөлінісін саралай келе. Біз де бағыттар бөлінісінде осыны құп санадық.

Қорыта айтқанда, XX ғасырдың бас кезі – қазақ халқы үшін ұлттық сана оянуының дәуірі, әдебиет үшін рухани жаңару мен түлеудің, сол кездегі ақын-жазушылар үшін азатшыл ойды асқақтату дәуірі болды. Қазақ қоғамының жаңа тарихи кезеңге қадам басқан сәтіндегі өмір шындығын кемел көркемдікпен суреттеп, шынайы шындықпен бейнелей білген әдебиет күрделі де қызықты болғаны даусыз. Ол азаттық күрес арқылы тәуелсіздік атты ұлы арманға жетудің алтын көпіріне айналды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1977. – 1 т. – 454 б.
- 2 Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер / Құраст. Ә. Шәріпов, С. Дәуітов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
- 3 Байтұрсынов А. Хұрметлу оқушылар! // Қазақ. – 1913. – 2 ақпан.
- 4 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
- 5 Суханбердина Ү., Сейфуллина Д. Қазақ кітаптарының шежіресі. 1807-1917. – Алматы: Рауан, 1996. – 287 б.
- 6 Ахмедов Ғ. Алаш «Алаш» болғанда. – Алматы: Жалын, 1996. – 244 б.
- 7 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.
- 8 Кәкішев Т. Кер заманның кереғар ойлары. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1995. – 168 б.
- 9 Күмісбаев Ө. Қиссалар және кітаби ақындар // XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1994. – 312 б.
- 10 Мырзалиев Қ. Күлтегін // Жұлдыз. – 1970. – №3. – 148-153 бб.
- 11 Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1990. – 348 б.
- 12 Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы: Көркем әдебиет баспасы, 1959. – 244 б.
- 13 Әуезов М. Шығармалары: 12 томдық. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: «Жазушы» 1969. – 11 т. – 479 б.
- 14 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар / Құраст.: Р. Бердібаев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 417 б.
- 15 Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. – Астана: Фолиант, 2004. – 460 б.
- 16 Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиет. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 140 б.
- 17 Алдаспан / Құраст.: М. Мағауин. – Алматы: Жазушы, 1971. – 278 б.
- 18 Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 176 б.
- 19 Тілепов Ж. Тарих және әдебиет. – Алматы: Мектеп, 1967. – 430 б.
- 20 Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: Жазушы, 1991. – 432 б.
- 21 Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1997. – 928 б.
- 22 Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Қазақстан, 1974. – 236 б.
- 23 Бес ғасыр жырлайды / Құраст.: М. Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – 1 т. – 384 б.
- 24 Жұмалиев Қ. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1967. – 434 б.
- 25 Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы: Ғылым, 1966. – 217 б.
- 26 Сейфуллин С. Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары. – Алматы, 1931. – 220 б.

- 27 Мұқанов С. Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. – Алматы: ҚМББ, 1942. – 1-бөлім. – 248 б.
- 28 Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 1-к. – 467 б.
- 29 Дулати М.Х. Тарих-и-Рашиди. – Алматы: М.Х. Дулати қоғамдық қоры, 2003. – 616 б.
- 30 Әбдікәкімұлы Ә. Қазақстан тарихы (ерте дәуірден бүгінге дейін). – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1997. – 402 б.
- 31 Созақбаев С. Тәуке хан // Қазақ хандарының ғұмырнамасы. – Алматы: Білім, 2001. – 316 б.
- 32 Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылыми баспа орталығы, 2001. – 448 б.
- 33 Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы. – Алматы: Білім, 2000. – 368 б.
- 34 Кадиркулова Г.К. История Казахстана. – Алматы: Қазақпарат, 2003. – 320 с.
- 35 Олкотт Марта. Қазақтар. Стенфорд, 1987 / Есмағамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994. – 240 б.
- 36 Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 176 б.
- 37 Сүйіншіәлиев Х. XIX ғасыр әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 360 б.
- 38 Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1947 жылғы 21 қаңтардағы «Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институтының жұмыстарындағы саяси өрескел қателер туралы» қаулысы // Социалистік Қазақстан. – 1947. – 1 ақпан.
- 39 Кәкішев Т. Санадағы жаралар. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 264 б.
- 40 Мәдібай Қ. Зар – заман. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 160 б.
- 41 Қойгелдиев М. «Оян, қазақ» және тарих шындығы // Ана тілі. – 1990. – 9 тамыз.
- 42 Бабабайұлы Д. Замана сазы: Өлеңдер мен дастандар / Құраст., баспаға әзірлеген Қ. Өмірәлиев. – Алматы: Жазушы, 1991. – 160 б.
- 43 Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. – Алматы: Ғылым, 1991. – 200 б.
- 44 Әуезов М. Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі // Әлем. Альманах: Өлеңдер, очерктер, әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1991. – 496 б.
- 45 Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры. – Алматы: Жазушы, 1970. – 192 б.
- 46 Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы: Білім, 2000. – 336 б.
- 47 Омарұлы Б. Бұғауға бағынбаған жырлар. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 112 б.
- 48 Өмірәлиев Қ. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1970. – 320 б.
- 49 Қойгелдиев М. Саяси элита және ұлт мүддесі // Егемен Қазақстан. – 1999. – 26 ақпан.

- 50 Пергаева Э.Қ. Дулат Бабатайұлының ақындығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 113 б.
- 51 Шортанбай: Толғаулар, айтыстар, дастан / Құраст.: Қ. Мәдібаева, К. Жүністегі. – Алматы: Айқап, 1993. – 79 б.
- 52 Қанайұлы Шортанбай. Қайран, халқым. Заман-ай / Құраст.: К. Жүністегі. – Алматы: Раритет, 2002. – 216 б.
- 53 Никольский Н.М. История русской церкви. – М., 1930. – 317 с.
- 54 Голушубин И. Справочная книга Омской епархии. – Омск, 1914. – 1250 с.
- 55 Аристов А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – М., 1897. – С. 162-170.
- 56 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1975. – 15 т. – 240 б.
- 57 Кәкішев Т. Алақандай бет қағаз, табынарсың мандатқа... // Қанайұлы Шортанбай. Қайран, халқым. – Алматы: Раритет, 2002. – 3-15 бб.
- 58 Тебегенов Т. Шортанбай // Ана тілі. – 1993. – 12 мамыр.
- 59 Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
- 60 Омарұлы Б. Мұрат Мөңкеұлы. – Алматы: Крамдс Пресс, 1993. – 105 б.
- 61 Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін): Бес томдық. – Алматы: Атамұра, 2000. – 3 т. - 768 б.
- 62 Жабаев Жамбыл. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1982. – 1 т. – 336 б.
- 63 Мұрат / Құраст.: Б. Қорқытов. – Алматы: Арыс, 2001. – 232 б.
- 64 Құлкенов М., Отарбаев Р. Жәңгір хан // Қазақ хандарының ғұмырнамасы. – Алматы: Білім, 2001. – 316 б.
- 65 Қазақ ССР тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін): Бес томдық. – Алматы: Ғылым, 1982. – 3 т. – 560 б.
- 66 Қабдолов З. Ерлік пен елдіктің өшпес рухы // Махамбет поэзиясындағы ерлік пен елдіктің рухы және қазіргі дәуір: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 126-139 бб.
- 67 Жұмалиев Қ.Ж. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы: ҚМКӘБ, 1952. – 402 б.
- 68 Махамбет. Ереулі атқа ер салмай. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 2003. – 259 б.
- 69 Сыздықова Р. Абайдың сөз өнері: Монография. – Алматы: Санат, 1995. – 225 б.
- 70 Шапаев Т. Ой түбінде жатқан сөз: Әдеби-сын мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 140 б.
- 71 Дербісалин Ә. Дауылпаз ақын // Махамбет поэзиясындағы ерлік пен елдіктің рухы және қазіргі дәуір: Халықаралық ғылыми-теориялық

- конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 57-61 бб.
- 72 Жүсіп Қ. Арыстан еді-ау Исатай... // Махамбет поэзиясындағы ерлік пен елдіктің рухы және қазіргі дәуір: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 319-322 бб.
- 73 Әбілқайып Мұхтар. Сөз өнері. – Үрімші: Ұлттар баспасы, 2002. – 392 б.
- 74 Әуезов М. Әдебиет хрестоматиясы. – Алматы, 1937. – 92 б.
- 75 Ақатаев С. Отбасар орны отаудай // Жұлдыз. – 1983. – № 7. – 126-134 бб.
- 76 Қабдолов З. Арна. – Алматы: Жазушы, 1988. – 256 б.
- 77 Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 340 б.
- 78 Чуланов Г. Промышленность дореволюционного Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1960. – 160 с.
- 79 Галузо П.Г. Колониальная система Российского империализма в канун Октября. – Алма-Ата: Наука, 1968. – 347 с.
- 80 Төлебаев Т.Ә. XIX ғ. II жартысы мен XX ғ. басындағы Қазақстанға капитализмнің енуінің тарихнамасы. – Алматы: ТОО «Айдана», 2002. – 278 б.
- 81 Букейханов А. Киргизы // Казахи о русских до 1917 года. – Оксфорд, 1985. – С. 18-46.
- 82 Турсынбаев А.Б. Из истории крестьянского переселения в Казахстане. Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1950. – 149 с.
- 83 Бейсенбиев К. Идеино-политические течения в Казахстане конца XIX начала XX века. – Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1961. – 249 с.
- 84 Асфендияров С. История Казахстана (С древнейших времен). – Алма-Ата – М., 1935. – Т.1. – 217 с.
- 85 Гейер И.И. Туркестан. – Изд. 2-ое, исп. и доп. – Ташкент, 1909. – 152 с.
- 86 ҚР ОМА. 127-қор; 1-тізбе, 41-іс.
- 87 Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1998. – 268 б.
- 88 Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. – Л.: Изд. АН СССР, 1927. – 254 с.
- 89 Сапарғалиев Г. Карательная политика царизма в Казахстане (1905-1917 гг.). – Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1966. – 375 с.
- 90 Шілдебай С.Қ. Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс. – Алматы: Ғылым, 2002. – 214 б.
- 91 Қойгелдиев М. Оянған сана үні // Ана тілі. – 1990. – 12 сәуір.
- 92 Әуезов М. Ахаңның елу жылдық тойы // Ақ жол. – 1923. – 4 ақпан.
- 93 Рысқұлов Т. Избранные труды. – Алма-Ата: Қазақстан, 1984. – 260 с.

- 94 Хасен Оралтай. Алаш – Түркістан түркілерінің ұлт-азаттық ұраны. – Стамбул, 1973 // Азат. – 1991. – 12 қыркүйек.
- 95 Брайнин С., Шафино Ш. Очерки по истории Алашорды / Под ред. Н.К. Ванаг. – Алма-Ата – Москва, 1935. – 232 с.
- 96 Қарқаралы петициясының аудармасы // Ана тілі. – 1990. – 12 сәуір.
- 97 Айталы А. Ұлттану. – Алматы: Арыс, 2003. – 226 б.
- 98 Каримуллин Н.Г. Татарская книга по реформенной России. – Казань: Татарское книжное издательство, 1983. – 320 с.
- 99 Письма Н.И. Ильминского к обер-прокурору святейшего синода К.П. Победоносцеву. – Казань, 1895. – 432 с
- 100 Беккожин Қ. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. – Алматы: Қазақстан, 1964. – 263 б.
- 101 Камзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. – Астана: Фолиант, 2002. – 474 б.
- 102 Мұқанұлы С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Қызыл-Орда, 1932. – 360 б.
- 103 Мартыненко Н. Алаш – Орда: Сб. документов. – Кызыл-Орда, 1929. – 170 с.
- 104 Тогжанов Г. О Байтурсынове и байтурсыновщине. – Алма-Ата-Москва, 1932. – 93 с.
- 105 Ахметов З. О своеобразии казахского литературного процесса в начале XX века // Известия АН КазССР. Серия филологическая. – 1990. – № 2. – С. 21-30.
- 106 Қозыбаев М. Аласұрған XX ғасыр // Қазақстан в начале XX века: методология, историяграфия, источниковедение: Сборник статей. – Алматы: Ғылым, 1993. – С. 3-16.
- 107 Восстания 1916 года в Казахстане (Документы и материалы). – Алма-Ата, 1947. – 213 с.
- 108 Сармурзин А., Григорьев В. Бөкейханов және тарих шындығы // Қазақ әдебиеті. – 1989. – 7 июль.
- 109 Дулатов М. Июнь жарлығы // Енбекші қазақ. – 1926. – 8 июль.
- 110 7 август кенесінің қаулысы // Қазақ. – 1916. – 11 август.
- 111 Зиманов С., Идирисов К. Общественно-политические взгляды М. Сералина. – Алма-Ата: Наука, 1989. – С. 57.
- 112 Байтурсынов А. Деректер // ҚР ОМА. 44-қор; 164-тізбе, 24-іс. – 80 б.
- 113 Сейфуллин С. 5 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1988. – 4 т. – 488 б.
- 114 Зор өзгеріс // Қазақ. – 1917. – 17 март.
- 115 Мадияр. Қазақ сиезі // Қазақ. – 1917. – 31 июль.
- 116 Алаш програмасының жобасы // Қазақ. – 1917. – 21 қараша.
- 117 Жалпы қазақ сиезі // Қазақ. – 1917. – 23 декабрь.
- 118 Нұрпейісов К. Алаш пен Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
- 119 Победа Великой Октябрьской революции в Казахстане и образование

- Казахской АССР: Сб. документальных материалов. – Алма-Ата, 1947. – С. 25.
- 120 Жангелдин Ә. Документтер мен материалдар. – Алматы: Қазақстан, 1985. – 263 б.
- 121 Байтұрсынов А. Асығу керек // Абай. – 1918. – № 17. – 6-10 бб.
- 122 Байтұрсынов А. Киргизы и революция // Жизнь национальностей. – 1919. – 2 августа.
- 123 Литературно-энциклопедический словарь / Под ред. Г.Л. Тимофеева. – М., 1987. – 332 с.
- 124 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 1992. – 416 б.
- 125 Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 246 б.
- 126 Пospelов Г.Н. Теория литературы. – М.: Высшая школа, 1978. – 221 с.
- 127 Көпеев М. Ж. Таңдамалы // 2 томдық. – Алматы: Ғылым, 1990. – 1 т. – 273 б.
- 128 Торайғыров С. Өлеңдер мен аудармалар // Шығармаларының екі томдық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 1 т. – 3-18 бб.
- 129 Байтұрсынов А. Қырық мысал. – 3-ші басылуы. – Қазан: Татарстан матбұғаты, 1922. – 97 б.
- 130 Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 327 б.
- 131 Наушабайұлы Н. Алаш. – Қостанай: ЖШС, 1997. – 198 б.
- 132 Кәкішев Т. Санадағы жаралар. – Алматы: Санат, 1993. – 343 б.
- 133 Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
- 134 Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1965. – 2 т., 2-к. – 252 б.
- 135 Құдайбердиев Шәкәрім. Шығармалары (өлеңдер, дастандар, қара сөздер). – Алматы: Жазушы, 1988. – 334 б.
- 136 Ғұмар Қараш. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002. – 224 б.
- 137 Кенжебаев Б. Мақыш Қалтаев // Әдебиет және искусство. – 1950. – № 2. – 121-127 бб.
- 138 Кенжебаев Б. Қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы демократ жазушылары. – Алматы: ҚМКӘБ, 1958. – 307 б.
- 139 Қалтайұлы М. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, мақалалар. – Семей, 1998. – 137 б.
- 140 Кенжебаев Б. ХХ ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы: Білім, 1993. – 248 б.
- 141 Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: ҚМКӘБ, 1960. – 407 б.
- 142 Дәуітов С. Мәшһүр Жүсіп Көпеев // Көпеев М.Ж. Таңдамалы. Екі томдық. – Алматы: Ғылым, 1990. – 1 т. – 3-22.
- 143 Әуезов М. Абай Құнанбаев: Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1967. – 305 б.
- 144 Мұқаметханов Қ. Шәкәрім Құдайбердіұлы // Семей таңы. – 1988. – 15-16 апрель.

- 145 Әбдіғазиев Б. Асыл арна. – Алматы: Білім, 1992. – 142 б.
- 146 Нұртазин Т. Шеберлік туралы ойлар. – Алматы: ҚМКӘБ, 1968. – 267 б.
- 147 Дулатов М. Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынұлы // Труды общества изучения Киргизского края. – Оренбург, 1922. – Вып. III. – С. 52-64.
- 148 Белинский В.Г. Иван Андреевич Крылов // Собрание сочинений: в 3 т. – М., 1948. – Т. 2. – С. 705-732.
- 149 Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: ҚМКӘБ, 1959. – 235 б.
- 150 Крылов И.А. Стихотворения. – Л.: Советский писатель, 1988. – 263 с.
- 151 Степанов Н. Басни Крылова. – М., 1969. – 167 с.
- 152 Кожакеев Т. Сатиралық жанрлар. – Алматы: Ғылым, 1982. – 216 б.
- 153 Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1977. – 2 т. – 312 б.
- 154 Выготский А.С. Психология искусства. – М., 1968. – 576 с.
- 155 Әуезов М. Жырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 16 т. – 312 б.
- 156 Әбдірахманов Т. Жаңа ғасыр көгінде. – Алматы: Мектеп, 1969. – 180 б.
- 157 Лихачев Д.С. Развитие русской литературы X-XIII веков // Избранные работы: в 3т. – Л., 1987. – Т.1. – 656 с.
- 158 Степанов Н. И.А. Крылов // Крылов И.А. Соч.: в 2-х т. – М., 1969. – Т. 1. – С. 3-27
- 159 Белинский В.Г. Басни Крылова // ПСС. – М.: Изд-во АН СССР, 1955. – Т. 4. – С. 705-732.
- 160 Литературная критика 1800-1820-х годов. – М., 1980. – 297 с.
- 161 Пушкин А.С. О предисловии г-на Лемонте к переводу басен И.А. Крылова // ПСС. – М.: Правда, 1954. – Т.5. – С. 16-20.
- 162 Могилянский А. И.А. Крылов // Крылов И.А. Стихотворения. – Л., 1954. – С. 214-216.
- 163 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры: Зерттеу. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.
- 164 Байтұрсынұлы А. Маса. – Қазан, 1922. – 79 б.
- 165 Мамыткеліні А. Көркем әдебиет туралы // Қызыл Қазақстан. – 1927. – № 5-7. – 49-66 бб.
- 166 Сейфуллин С. Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды // Еңбекші қазақ. – 1923. – 31 қаңтар.
- 167 Ысмағұлов Ж. Азатшыл жырдың алыбы // Жұлдыз. – 1991. – № 7. – 66-76 бб.
- 168 Тілеулин Ж. Оян, қазақ // Қазақ. – 1917. – 28 октябрь.
- 169 Торайғыров С. Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан // Айқап. – 1913. – № 19. – 22-29 бб.
- 170 Дулатов М. Тіл құралы // Қазақ. – 1915. – 15 март.
- 171 Дулатов М. Шығармаларының 5 томдық жинағы. – Алматы: Мектеп, 2005. – 2 т. – 310 б.

- 172 Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы // Бес арыс (жинақ). – Алматы: Жазушы, 1992. – 264-294 бб.
- 173 Жұмбабаев М. Шығармалар. – Алматы: Білім, 2003. – 2 т. – 512 б.
- 174 Құдаш С. Мағжан – қазақтың ұлы ақыны // Қазақ әдебиеті. – 1989. – 25 сәуір.
- 175 Елеукенов Ш. Мағжан. – Алматы: Санат, 1995. – 347 б.
- 176 Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1932. – 416 б.
- 177 Мырзалиев Қ. Мағжан ақындығы // Қазақ әдебиеті. – 1989. – 27 наурыз.
- 178 Дәрiмбетов Б. Мағжанның оралуы // Ақиқат. – 1989. – № 5. – 62-69 бб.
- 179 Кенжебаев Б. Бернияз өмірінен деректер // Жұлдыз. – 1963. – № 3. – 67-72 бб.
- 180 Күлеев Бернияз. Өлеңдері мен поэмалары // Шығармалары. – Алматы: Санат, 2002. – 314 б.
- 181 Дүйсенбаев Ы. Бернияз Күлеев. – Алматы: Ғылым, 1975. – 189 б.
- 182 Кенжебаев Б., Ерназаров О. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1982. – 299 б.
- 183 Дербісалин Ә. Дәстүр мен жалғастық. – Алматы: Ғылым, 1977. – 197 б.
- 184 Жәмбеков С. Бернияз Күлеевтің ақындық мұрасы: Филол. ғыл. канд. дис. автореф.: 10.01.02 – Алматы, 1997. – 23 б.
- 185 Күлеев Б. Айтшы, ақ қайың. – Алматы: ҚМКӨБ, 1969. – 218 б.
- 186 Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры. – Алматы: Ғылым, 1970. – 212 б.
- 187 Бисенғали З.Қ. XX ғасыр басындағы қазақ романы: Зерттеу. – Алматы: Өлке, 1997. – 268 б.
- 188 Байтұрсынов А. (Арысұлы) Роман не нәрсе? // Қазақ. – 1914. – 23 июнь.
- 189 Садуақасұлы С. Предисловие к сборнику рассказов «Молодой Казахстан // Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Алаш», 2003. – 1 т. – 352 б.
- 190 Кемеңгеров Қ. Шығармалар. – Алматы: Атамұра, 1999. – 317 б.
- 191 Байтұрсынұлы А. Шығармаларының бес томдық жинағы. – Алматы: Алаш, 2004. – 3 т. – 259 б.
- 192 Әбсеметов М. Міржақып Дулатовтың әдеби мұрасы: Филол. ғыл. канд. дис. автореф.: 10. 01.02 – Алматы, 1992. – 27 б.
- 193 Майлин Б. Шығармаларының 6 томдық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 1 т. – 317 б.
- 194 Дулатов М. Шығармаларының бес томдық жинағы. – Алматы: Мектеп, 2005. – 3 т. – 410 б.
- 195 Дербісалин Ә. Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1966. – 386 б.
- 196 Торайғыров Сұлтанмахмұт. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 2 т. – 276 б.
- 197 Бөкейханов Ә. (Қыр баласы). Қалқаман-Мамыр // Қазақ. – 1915. – 22 апрель.

- 198 Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім шығармашылығының дәстүрлік және көркемдік негіздері. – Алматы: Кенже-Пресс, 2000. – 216 б.
- 199 Балтоғаева Ж.Е. М. Жұмабаев поэмаларының жанрлық-көркемдік ерекшеліктері: Филол. ғыл. канд. дис. автореф.: 10.01.02 – Алматы, 2003. – 27 б.
- 200 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Ғылым, 1978. – 449 б.
- 201 Асқаров Е. Батыр Баян: аңыз бен шындық // Жұлдыз. – 1990. – № 2. – 59-65 бб.
- 202 Майтанов Б. Мағжан Жұмабаевтың поэтикасы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 52 б.
- 203 Кенжебаев Б. Сұлтанмахмұт Торайғыров. – Алматы: ҚМКӘБ, 1957 – 120 б.
- 204 Қирабаев С. Ақын тағдыры // Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 1 т. – 3-18 бб.
- 205 Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров. – Алматы: Ғылым, 1992. – 200 б.
- 206 «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.
- 207 Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқу құралы / Құраст. Т. Қоңыратбаев. – Алматы: Санат, 1994. – 312 б.
- 208 Ысқақұлы Д. Әдебиет алыптары. – Астана: «Фолиант», 2004. – 304 б.
- 209 Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері. Ж. Ақбаевтың саяси-құқылық көзқарастары. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 224 б.
- 210 Өзбекұлы С. Арыстары алаштың: тарихи очерктер. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 192 б.
- 211 Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы: Оқу құралы / Жалпы редакциясын басқарған Т. Кәкішұлы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 2-к. – 455 б.
- 212 Әбілқасымов Б. Уақыт. Әдебиет. Әдіс // Қазақ әдебиеті. – 1974. – 15 ақпан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ИДЕЯНЫ ЖЫРЛАУДЫҢ ДӘСТҮРЛІК АРНАЛАРЫ	17
1.1. Ежелгі әдебиеттегі азатшыл жыр сарындары.....	17
1.2. Зар заман әдебиетіндегі азаттық идеясының көрінісі	39
1.3. Махамбет поэзиясы – азатшыл жырдың алтын тұғыры.....	92
2. XX ҒАСЫР БАС КЕЗІНДЕГІ ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІҢ ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ОЯТУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ	122
2.1. Қазақ зиялыларының ұлт санасын ояту жолындағы бағыт- бағдары мен күрес жолы.....	122
2.2. Ұлт-азаттық идеяның XX ғасыр бас кезіндегі әдеби бағыттардың басты ұстанымына айналу сипаты	167
2.3. Ағартушы акындар поэзиясындағы отаршылдыққа қарсы күрес идеясының көрініс табуы	192
3. ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ИДЕЯНЫҢ ҰЛТ-АЗАТШЫЛ ӘДЕБИЕТТЕГІ ЖАҒАШЫЛ СИПАТЫ	235
3.1. Ахмет Байтұрсынов – XX ғасыр әдебиетіндегі ұлт-азатшыл бағыттың көшбасшысы.....	236
3.2. Міржақып Дулатов – ұлт-азаттық идея жыршысы	268
3.3. Мағжан Жұмабаев поэзиясы – ұлт-азаттық идеяны жырлаудың жаңашыл өрнегі.....	284

4. ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ИДЕЯ – ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ КӨЛЕМДІ КӨРКЕМ ТУЫНДЫЛАР АРҚАУЫ	318
4.1. Алғашқы қазақ романдарындағы азаттыққа ұмтылған күрескер тұлғалардың бейнеленуі.....	319
4.2. Азаттық идеясы – ХХ ғасыр басындағы қазақ поэмаларының басты ұстанымы	337
4.3. М. Жұмабаев, С. Торайғыров поэмаларындағы ұлт-азаттық идеяның көркемдік болмысы.....	363
ҚОРЫТЫНДЫ	420
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	427

Ғылыми басылым

Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ

АЛАШТЫҢ АЗАТШЫЛ ӘДЕБИЕТІ

Монография

Редакторы *А. Хасанқызы*
Компьютерде беттеген *Г. Шаккзова*
Мұқабасын безендірген *А. Қалиева*

ИБ №12821

Басуға 04.07.2019 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 27,4 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №5024.

Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.